

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы  
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты

**МҰРАТ ЛАУМУЛИН**

# **ӘЛЕМДІК ОРИЕНТАЛИСТИКАДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН**

Шетелдік шығыстанудағы қазақтардың  
тарихын, мәдениетін және  
этнографиясын зерттеу

**Нұр-Сұлтан 2019**

**ӘОК 574**  
**КБК 63,3 (5 Қаз)**  
**Л 23**

*Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы  
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының  
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған*

**Автор:**

**Лаумулин Мұрат Тұрарұлы**, саяси ғылымдар докторы, профессор

**Рецензенттер:**

Төлеубаева С.А., филология ғылымдарының докторы, профессор

Әбусейітова М.Қ., тарих ғылымдарының докторы, профессор

Байзақова Қ.И., тарих ғылымдарының докторы, профессор

Л 23 Лаумулин М.Т. Әлемдік ориенталистикадағы Қазақстан: Шетелдік шығыстанудағы қазақтардың тарихын, мәдениетін және этнографиясын зерттеу. – Нұр-Сұлтан: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2019. — 472 б.

**ISBN 978-601-7972-16-5**

«Әлемдік ориенталистикадағы Қазақстан тарихы және Орталық Азия» деп аталатын (Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған) бұл ғылыми жұмыс – IV томдық монографияның кеңірек қамтылып, толықтырылып, қайта басылған, Қазақстанның тарихын, мәдениетін, этнографиясын және тіл білімін «батыс шығыстануындағы қазақтардың тарихы мен этнографиясын зерттеу» мақсатында жазылған өзектілігі жоғары еңбек.

Кітапта Орталық Азия және Ішкі Еуразияны зерттеу контексіндегі шығыстану мектептерінің қалыптасу мәселелері мен дамуы қарастырылады. Сонымен қатар, Орталық Азия тарихы бойынша ежелгі және ортағасырлық дереккөздер талданған, олар – Орталық Азия халықтары туралы ежелгі авторлардың деректері, автохтонды, ортағасырлық дереккөздер, мұсылмандық тарихнама, сонымен қатар, маңызды қытай дереккөздері. Еңбекте аймақтағы ортағасырлық тарихтың негізгі бағыттары айқындалып, номадизмнің тұжырымдамасы мен көшпенділердің мәдениеттануы, түркітану, алтайтану және аймақтағы көне, әрі ортағасырлық тарихтың тіл білімі, ең бірінші кезекте қыпшақтану (куманология) сияқты бағыттарды қосады.

Әсіресе батыстық шығыстанудағы қазақтардың тарихы мен этнографиясын зерделеуге ерекше назар аударылады. Мұнда кеңінен қарастырылған мәселелер: көне замандағы дереккөздер мен Жаңа дәуірдің қазақтары туралы деректер; еуропалық жиһанкездердің және ғалымдардың қазақтар мен Қазақстан туралы жазбалары мен аймақта ғылыми жұмыс жүргізгендегі бақылау мәліметтері. Монография қазақ номадизмінің феноменін географиялық фактор және табиғи орта, әлеуметтік құрылым, саяси жүйе және қазақтардың көшпелі мәдениеті сияқты ғылыми мәселелер контексінде қарастырады.

Еңбекте Орталық Азияны зерттеу контексіндегі шығыстану мен саясаттанудың өзара байланысы мен сабақтастығы ұтымды көрсетіліп, Шығыс және Батыс елдерінде тарихи отанынан жырақта жүрген қазақтар туралы әдебиеттер ұсынылған.

Кітап тарих, тарихнама және шығыстану, халықаралық қатынастар, қауіпсіздік, геосаясат, саясаттану сынды бірқатар мамандықтарға арналған. Сондай-ақ, бұл монография шығыстану, тарих, саясаттану, халықаралық қатынастар факультеттері мен кафедраларына оқу құралы ретінде пайдалануға да ұсынылады.

**ISBN 978-601-7972-16-5**

**ӘОК 574**  
**КБК 63,3 (5 Қаз)**

© ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2019  
© Лаумулин М.Т., 2019

## Мазмұны

<b>Кіріспе</b> .....	5
<b>I тарау. Көне дереккөздер және Жаңа заман қазақтары туралы мәліметтер</b> .....	19
§ 1. Орталық Азиядағы қазақтардың ата-бабаларының тарихы туралы ежелгі және ортағасырлық дереккөздер .....	19
§ 2. Қыпшақтану/куманология. ....	51
§ 3. Дала империялары Қазақ хандығының ізашары ретінде .....	65
§ 4. Ең басты дереккөз – «Тарих-и Рашиди» .....	97
§ 5. Шетелдік жиһанкездер мен зерттеушілер Орталық Азия мен Қазақстан туралы .....	117
<b>II тарау. Қазақ хандығы</b> .....	198
§ 1. Темір әулетінен кейінгі Орта Азия .....	201
§ 2. Қазақ хандығының құрылуы мен шарықтау кезеңі .....	207
§ 3. Қазақ хандығының құлдырауы .....	218
§ 4. Кіші жүздің Ресейге қосылуы .....	222
§ 5. Кіші жүз үшін күрес .....	228
§ 6. Орта жүзді жаулап алу .....	238
§ 7. Даладағы тойтарыс .....	245
§ 8. Ұлы жүзді бағындыруы және Орта Азияны жаулау .....	251
<b>III тарау. Қазақ номадизмі</b> .....	255
§ 1. Номадизм тұжырымдамасы және көшпенділік мәдениеттануы .....	255
§ 2. Географиялық фактор және табиғи орта .....	276
§ 3. Әлеуметтік құрылым .....	286
§ 4. Саяси жүйе.....	293
§ 5. Қазақтардың көшпелі мәдениеті .....	302
<b>IV тарау. Дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамының модернизациясы</b> .....	316
§ 1. Орыстардың ықпалы .....	316
§ 2. Мәдени өзгерістер: еуропаландыру және орыстандыру .....	323
§ 3. Әлеуметтік-экономикалық модернизация .....	330
<b>V тарау. Шетелдегі қазақтар</b> .....	334
§ 1. Қытайдағы қазақтар .....	335
§ 2. Түркиядағы қазақтар .....	348
§ 3. Моңғолиядағы қазақтар.....	351

<b>VI тарау. Заманауи саясаттанудағы Қазақстанның тарихы және оның орны</b> .....	361
§ 1. Ориенталистика мен саясаттану назарындағы Орталық Азия.....	361
§ 2. Заманауи саясаттану мен ориенталистикадағы Қазақстан тарихы және оның орны.....	371
<b>Қорытынды</b> .....	425
<b>Орталық Еуразия тарихы бойынша ежелгі және ортағасырлық дереккөздер тізімі</b> .....	433
<b>Қазақстанның тарихы, тарихнамасы және деректануы бойынша дереккөз және әдебиет тізімі</b> .....	444
<b>ҚСЗИ туралы ақпарат</b> .....	466
<b>Информация о КИСИ</b> .....	468
<b>Information about the KazISS</b> .....	470

## Кіріспе

***Habent sua fata libelli.***  
**Әр кітаптың өз тағдыры бар.**

Бұл кітаптың ұзақ тарихы бар. Оны жазу туралы ой 1980-ші жылдардың соңында келген. Алайда оны аяқтау отыз жылға жуық уақытты қажет етті. Дегенмен, осы басылымдағы материалдар мақала болып, басқа да монографиялардың бөлімі және рецензия ретінде жарық көрді.

Кітап қазақтардың тарихы мен этнографиясын зерттеуге арналған (негізінен батыстық шығыстану бойынша). Мұнда мынадай кең көлемді мәселелер қарастырылған: жаңа заманның қазақтары туралы көне дереккөздер мен деректер; еуропалық жиһанкездердің және зерттеушілердің қазақтар мен Қазақстан туралы жазбалары мен байқағандары. Шетелдік зерттеушілердің (негізінен заманауи) еңбегінің негізінде тарихи контексте Темір әулетінен кейінгі Орта Азия, Қазақ хандығының құрылуы мен шарықтау кезеңі, хандықтың құлауы, Кіші жүздің Ресейге қосылуы, Орта жүзді жаулап алу, даладағы тойтарыс, Ұлы жүздің бағынуы және Орта Азияны жаулау сияқты сюжеттер негізінде Қазақ хандығының тарихы баяндалды.

Жеке тарауда қазақ номадизмінің феномені географиялық фактор және табиғи орта, әлеуметтік құрылым, саяси жүйе және қазақтың көшпелі мәдениеті сияқты ғылыми проблемалар контекстінде қарастырылады. Күні бүгінге дейін өзектілігі мен маңызын жоймаған көшпелі дәстүрлі қазақ қоғамының модернизациясы сияқты мәселе де назардан тыс қалмаған. Осыған орай мына мәселелерге қатысты батыстық көзқарас та баяндалған, олар: орыстардың ықпалы, мәдени өзгерістер, еуропаландыру және орыстандыру, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық модернизация. Осы бөлімді шетелдегі қазақтарды, негізінен Қытай, Түркия, Моңғолияда зерттеу жүргізген батыс зерттеушілерінің экскурсы тәмамдайды.

Кітаптың соңғы тарауы Орталық Азияны зерттеу контекстіндегі шығыстану мен саясаттанудың сабақтастығы мен өзара байланысын көрсетеді. Бұл бөлім төңкеріске дейінгі аймақтың тарихын шетелдік

зерттеушілер еңбегі негізінде баяндаумен басталады. Негізінен Орталық Азияны және оның тарихын заманауи саясаттануда зерттеуге ерекше назар аударылған. Бұл аймақ және Орталық Азиядағы жекелеген мемлекеттер туралы көптеген жарияланымдардың тарихи экскурсына байланысты. Ғылыми көзқарас тұрғысынан алып қарағанда (сирек жағдайды қоспағанда) олардың ешқандай ғылыми маңызы жоқ. Дегенмен, толық сипаттама беру үшін барынша тұжырымдамалық басылымдар материалдың мазмұнына енгізілді.

Қазақ пен Қазақстанның тарихы және кең ауқымда қарастыратын болсақ – Орталық Азия мен Еуразия, сонымен қатар номадизм тарихы мен оның көшпелі халық өміріндегі ролі әлемдік деңгейдегі зерттеушілер үшін әлі күнге дейін жауабы табылмаған көптеген сұрақтарды туындатты. Белгілі болғандай, қазақтар сыртқы әлем үшін беймәлім еді, халық атауының өзі еуропалықтардың құлағына XVIII ғасырда ғана жетті, шыны керек, оның өзі дұрыс дыбысталмай, «казак» немесе «козак» деген украин нұсқасымен танылды. Әңгіме Еуразияның кең жазығын мекендеген даланың көкбөрісі туралы болатын. Кейін «казактар» Ресей империясына қызметке қабылданды, сол жерден барып қана олар Батысқа таныла бастады. Олар орыс тілінің диалектісінде сөйледі және христиан дінін ұстанды. Шығысеуропалық «казактар» біз айтқалы отырған қазақтардың атауын иеленіп, олардан көптеген салтты, әскерді ұйымдастыру тәртібін және лексикасын, атқа шабуды және жауласуды үйренді, яғни «кәдімгі қазақтар» тіптен басқа халық болған еді.

Қазақтар жаратылысынан «даланың еркесі» болды. Жазық дала мен көшпелі өмір салты олардың болмысы, тілі, салты, тіпті болмысына өшпес із қалдырды.

Археология деректері неолит заманындағы 200-ге жуық елді мекен қалдықтарының Қазақстанның барлық аумағынан табылғанын растайды. Біздің заманымызға дейінгі екінші мыңжылдықтың ортасында осында мыс пен қола өндіру және өңдеу дамыған. Осы кезде аймақ тұрғындары егін және мал шаруашылығымен айналысатындар болып екіге бөлінді. Біздің заманымызға дейінгі алғашқы мыңжылдықта көшпелі тайпалар тарих сахнасына шықты. Біздің заманымызға дейінгі үшінші жүзжылдықта аймаққа жаңа, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын протүркілер тобы келді де жергілікті халықтың ирандық субстратын (тілдердің тоғысуына тән құбылыс) өзгертті.

Бірқатар зерттеушілердің пікірінше, кемі екі-үш мыңжылдықта, қазір Қазақстан иелік ететін кеңістікте, кейін заманауи әлемнің келбетін айқындаған оқиғалар болды.

Олар нақты осы жерде алғаш рет жылқыны қолға үйретіп және оны ерттеп мінді деген болжам жасайды. Осында алғаш рет көшпенділердің ата-бабалары өздерінің ауыл шаруашылығымен айналысатын тайпаластарынан бөлініп, көшпелі өмір салтына көшті. Осы жерде Қытайдан Римге дейін қоныстанған халықтың зәресін ұшырып, алғаш рет темір мен болатты балқытып қару өндірді. Нақты осы жерде ерлердің шалбары тігіліп, аттың үзеңгісі жасалып шығарылды.

Дәл осы жерде көшпелі тайпа жауынгерлерінің орасан зор ордаларының негізі қаланып, олар ұлы Қытай қорғанын, Византия, Рим, Бағдат және Дамаск қамалдарына шабуыл жасау үшін күштерін сынады. Сақтар, ғұндар, түркілер, қыпшақтар, оғыздар, татарлар, моңғолдар, ноғайлар және т.б. – осылардың барлығын антропологиялық тұрғыда қазіргі қазақтардың арғы ата-бабасы деп санауға болады. Мынадай бір жорамал бар, қазақтардың және Орталық Еуразиядағы басқа да малшы халықтардың арғы ата-бабалары шығыс-парсы тобына жататын тілдерде сөйлеген. Күні бүгінге дейін қазақ тіліндегі сөздердің түбірі үндіеуропалық халықтар – иран, герман және славяндардың сөз қолданысымен ұқсас екенін аңғаруға болады. Қазақтардың арғы ата-бабаларының түр келбеті көптеген археологиялық қазбаларға қарағанда, моңғолоидтардан гөрі еуропалықтарға келіңкірейді. Дегенмен, уақыт өте келе алтай және Сібір түркі тайпаларының экспансиясы күшейген кезде, жергілікті тайпалардың тілі, сыртқы келбеті, дәстүрі мен мәдениеті түбегейлі өзгерді. Тіл түркі<sup>1</sup>, сыртқы келбет – моңғолоид, яғни барынша азиаттарға ұқсас, ал дәстүр ынтымақтастық пен ұйымшылдыққа қарай өзгеріске ұшырады.

Жаңа этникалық топ – түркілер – Еуразияның орталығында V - XV ғасыр аралығында ұлы дала конфедерациясы мен империясының көптеген мемлекеттерінің негізін қалады. Олар түрлі атауға ие болған көптеген қағанаттар, хандықтар мен ордалар, бірақ олардың түп тамыры қазақ даласының орталығы болды. Еуразиядағы ең ұлы дүмпу Тынық мұхитынан Қара және Жерорта теңізі, Кореядан Триестке, Сібірден Месопотамияға дейін ұласқан Моңғол империясының құрылуы болды. Моңғол дәуіріне дейінгі жылнаманы жазушыларға кейін қазақ ұлтының құрамына кірген барлық тайпалардың атауы

<sup>1</sup> Оны алтай, яғни түркі-моңғол тілі деп те атаған.

жақсы таныс. Олардың бірқатар бөлігі моңғолдарға қарсы тұрды, басқалары олардың жауынгерлерінің сапына енді. Еуропаға шабуыл жасау кезінде Шыңғыс хан әскерінің 95%-ы қазіргі Қазақстан мен Сібірде көшіп-қонған тайпа өкілдері болды.

Тарихи межемен алып қарағанда, түркі тайпаларының моңғолдардың қарамағынан шығуы салыстырмалы түрде өте тез жүзеге асқанмен, сол уақыттың өзінде қайталанбас өзгерістер болды: Шыңғыс хан мен моңғолдардан олар саяси ұйымдастыруды, басқарушы әулет дәстүрін, сонымен қатар экономикалық, саяси басқару принциптерін үйренді. Қазақ хандығының негізі осылайша қаланды.

XV ғасыр басындағы толассыз соғыстар, қақтығыстар, басқыншылық пен трансформация жергілікті тайпалардың Өзбек ордасынан бөлініп шығып, Жетісуда, қазіргі Алматы облысы аймағында кейін Қазақ аталып кеткен өз хандығын құруына, ал оның құрамына кірген тайпалардың өзін қазақ<sup>2</sup> деп асқақтата аталуына негіз болды. Содан кейін олар жылдамдатып Жетісу өлкесінен тыс қоныстанған ондаған тайпалар мен руларды қатарына қосып, ортақ халық ретінде «қазақ» атауын иеленді, дегенмен өз руларының ерекшеліктерін сақтап қалды.

Осылайша, XV ғасырдың ортасында Трансоксиания мен Балқаш көлінің арасындағы Моғолстанның аумағында бірнеше тайпалық топтардың негізінде, кейін Қазақ хандығы деген атаумен танылған елдің іргесі қаланды. Классикалық қазақ қоғамы (XVI ғасырдан бастап XIX ғасырға дейін) көшпелі өмір салты, әдет-ғұрпы және ислам заңдылығына (шариғат) негізделген.

Басты тірлігі мал шаруашылығы болды. Қазақ хандығы үш ірі бөлікке бөлінді: Ұлы, Орта және Кіші жүз. Дәстүрлі қазақ қоғамы тайпалық және рулық ұйымдардан құралған, ақсүйек, қауым мүшесі және қожа-молдалар сияқты құрылымдық иерархиямен сипатталды.

Қазақтарды «Күллі әлемді дүр сілкіндірген» Шыңғыс ханның тұқымынан тараған хан және сұлтандар биледі. Бір қызығы, қазақтардың көршісі болып табылатын Орта Азия және Орта Шығыстағы Үндістанды билеген Ұлы Моғолдар (Бабырдың ұрпақтары) және Шығыс Еуропаны билеген хандардың ұрпақтарынан (Ресей жаулаған) басқасы осы династиялық сабақтастықты жоғалтты. Таң қаларлық дүние, оны моңғолдардың өзі де жалғай алмады. Олар ламалық формадағы буддизмге көшкен соң, Шыңғыс хан дәуіріндегі бұрынғы жауынгер моңғол сипатынан айырылды. Сондықтан да әмірлік, сұлтанат және

<sup>2</sup> Қазақтар өз этнониміне (көне мағынада «кезбе, саяқ») жаңа мағынада – «еркін, тәуелсіз» деген түсінік берді.



хандықта тақ босаған кезде қазақ хандары айрықша сұранысқа ие болды (кейде олардың билікке келуін қаламағандар да табылды). Сол себепті Шыңғыс хан ұрпақтарынан тараған қазақтың ата-бабалары Қырымнан Қашқарға дейінгі аймақтарды биледі.

XVI және XVII ғасырларда қазақтар моңғол империясын бастапқы қалпында қайта құрғысы келген бәсекелестерімен қақтығысты. Олар батыс-моңғол тайпаларынан шыққан, буддизмді ұстанатын, мұсылман қазақтардың тау-тасын, қалалары мен жайылымдарын басып алмақ болған ойраттар немесе жоңғарлар<sup>3</sup> еді. Белгілі бір уақыт кезеңінде, тарихи дәстүр және барлық оқулықтарда көрсеткендей, қазақ халқының басына ұлт ретінде жер бетінен жойылып кету қаупі төнді. Мүмкін бұл тарихтағы ең алғашқы «өркениеттер қақтығысы» болар.

Бірақ тарихтан белгілісі, қазақтар жоңғарларды қазіргі Шыңжаң өлкесіндегі тауларға дейін ығыстырып, олар жаппай дерлік қырылып қалды. Қалғанының ажалы Қытайдың жаңа қожайыны болған мәнжүрлердің қылышынан және сол жақта кеңінен таралған жұқпалы аурудан болды. Ал қазақтар болса, рухтарын жанып, экономикамен айналысуға кірісті. Олар мал сатып пайда тапқанның, отырықшы халықты басып алып, барымталағаннан тиімді екенін түсінді. Қазақтар негізгі нарық болып табылатын Ресеймен көрші ретінде араласып, сол елге малын, оның терісі мен жүнін сатуға тез бейімделді.

Бар болғаны бір ғасырдың ішінде жауынгер көшпенділер бейбіт бақташыға айналып шыға келді, XIX ғасырдағы бірнеше қанды көтерілісте жеңіске жеткен Ресей қазақ даласын өз құрамына қосып алды. Петербург жаулап алу үшін сыныққа сылтау табу мақсатында мына деректі пайдаланды, ешкімге бағынбайтын және ерекше жауынгер рухын сақтаған Батыс Қазақстандағы тайпалар ғана шапқыншылықпен күн көруді жалғастырды және Ресей империясының тұтқынға түскен азаматтарын Хиуа, Бұқара, Тегеран, Стамбул және Каирдегі құл базарына апарып сатуды жалғастырды.

Ресей қазақ даласын Орта Азияға шабуыл жасайтын база ретінде пайдаланды, кейін оны ағылшындар атап кеткендей Түркістан деп сипаттауға көшті. Ізін ала бере орыс әскері Ауғанстандағы британдар және Шыңжаңдағы қытайлармен қақтығысты. Сұрапыл геосаяси күрес басталды, оған америкалық журналист Юджин Скайлер Үлкен Ойын деген атау берді (The Great Game).<sup>4</sup> Қазақтар сол кезде орыстар оларды

<sup>3</sup> Қазақтар оларды қалмақтар деп атады. Олар Ресей мен Еуропада осы атпен таныс.

<sup>4</sup> Кейбір саясаттанушылар, мәселен Збигнев Бжезинский Үлкен Ойын Кеңес одағы ыдыраған соң жаңғырды деп санайды.

ауқымды геосаяси бәсекелестікке араластырып жібергенін аңғарған да жоқ. Нәтижесінде олар 1991 жылы қуаты жағынан әлемде үшінші орынды иеленетін ядролық қару арсеналының қожайыны болды.

Тағдырдың тәлкегі болар, қазақтар көршілерімен салыстырғанда мұсылмандыққа берік болған жоқ. Қазақтар Арабияда пұтқа табынушылық деп мансұқталатын, мыңдаған жыл бұрын өмір сүрген ата-бабалары сияқты аруақтарға, қасиетті мазарлар, Күн және Көк Тәңіріне табынып келді.

Төңкеріс қарсаңында қазақ даласындағы тірлік қайнап жатты. Қазақтар сол заманда Түркия, Ресей және Еуропадан келген саяси қозғалыстардан қалыс қалған жоқ. Олардың бірі реформаланған, зайырлы ислам дінін қолдады, басқалары таза либерализмді жақтаса, үшіншісі Карл Марксты оқып, бүкіләлемдік төңкеріс туралы айта бастады. Соңғылары өз доктриналарын жүзеге асырып, оны қолданысқа енгізіп үлгерді. Қалған қазақтардың тәжірибесі сәтсіз аяқталды. Соңынан Кеңестік Қазақстан дәуірі басталды.

Қазақтарда кеңес қоғамындағы басқа ұлттар сияқты иерархия ең алдымен кәсіби және корпоративтік ынтымақтастық негізінде қалыптасты. Бұрынғы әлеуметтік-экономикалық жүйе мен нарықтық қатынастарды енгізудің соңы мынадай екі нәтижеге алып келді: біріншіден, ол бұрынғы кеңес элитасының артықшылықтары мен әлеуметтік дәрежесіне ауыр соққы болып тиді. Бірақ дәстүр тұрақтылығы мен элитаның қалыптасу заңдылықтары жалпы алғанда сақталды деуге болады. Тұтас алғанда, қазақ элитасы жаңа жағдайға бейімделіп, кеңес заманындағы жоспарлы экономика қойған міндеттердің негізінде өз ресурстарын бақылауды сақтап қалуы керек еді және ол оны сақтай алды да.

Кеңес заманында қазақ элитасы Мәскеуге бағынуға мәжбүр болды және осы фактор оның экономикалық ресурстарды басқару мүмкіндіктерін шектеді. Алайда батыстық әлеуметтану экономикалық капиталдан бөлек, «мәдени капитал» және «символикалық» капитал бар екенін, солардың негізінде білім игеру, арнайы машықты қалыптастыру, абырой жинау мен сыйластықтың пайда болатынын нақтылайды. Мәскеуден бақылау жойылған соң қазақ элитасы өзіндік мәдени және символикалық капиталын толық пайдаланды.

Ғылым үшін номадизммен байланысты тағы бір аса маңызды мәселе бар. Мыңжылдықтар бойы көшпенділердің шабуылы отырықшы халықтың үрей үстінде ұстады. Қытай, Орта Азия, Иран, Шығыс

Еуропа, Таяу Шығыс Ұлы Дала тарапынан кезекті соққы қашан болар екен деп үрей үстінде өмір сүрді. Бірақ кейін номадизмнің соңына дейін шешілмеген жұмбағын ғылымға қалдыра отырып, барлық ұлы дала империялары ыдырап, жойылды. Номадтар адамзаттың даму тарихына қандай үлес қосты, олар аяусыз шабуылшы ғана болды ма немесе түрлі, бір-бірінен қашық орналасқан әлемнің әр бөлігінің мәдени, технологиялық және саяси ықпалдасуына мүмкіндік жасап, Орталық Азияның қатал шарттарына бейімделген, ерекше экологиялық өркениеттің негізін қалады ма?

Қазақстан үшін бұл мәселе өте өзекті, өйткені оның тарихының негізгі бөлігі көшпелі қоғамның тарихынан тұрады. Бұл мәселенің ауыр саналатыны сонша, XX ғасырдағы жүзжылдықта көшпелі қоғам тарих сахнасынан кетті, бірақ олардың жасаған бүліктері өздерімен бірге геноцид, күштеп қоныстандыру, аккультуризация, ассимиляция, этникалық өзіндік болмыс пен сәйкестікті жоғалту сияқты ауыр үрдістерді алып келді. Осының барлығы қазақстандық тарихта да толыққанды көрініс тапты. Дегенмен, номадизм тарихын екі үзеңгілес мәселе алып жүреді: біріншісі оның экологиялық аспектісіне қатысты, яғни көшпелі жүйенің табиғатпен өзара қатынасы және көшпелі шаруашылық базасында адамдар, жан-жануар және жабайы табиғат арасындағы жоғары деңгейдегі экологиялық-экономикалық қарым-қатынас жүйесін құру. Екінші мәселе көшпелі және отырықшы халық арасындағы өзара қарым-қатынастың сипатына байланысты. Тарихтың осы аспектісі екі өркениет үшін де тең дәрежеде оңай соқпайды.

Жалпы алғанда, өркениеттің ерекше тарихи типі ретінде көшпенділікті зерделеу номадизмді зерттеу аясынан шығып кетеді де, өте ауқымды пәндер болып табылатын - этнография, археология, түркітану, салыстырмалы тіл білімі және т.б., яғни Орталық Азияның барлық тарихының кеңейтілген кешенінің нақты фрагменті болып табылады. Бір қызығы, ұзақ жылдар бойы көшпенділік арнайы зерттелген жоқ, түрлі пәндер арасында бөліске түсті. Кеңестік кезең үшін мұндай жағдай айтпаса да түсінікті болды: тарихты зерттеу үшін ресми «марксистік-лениндік» доктринаны негізге алу керек болды. Ал бұл доктрина көшпелі шаруашылық типін догматикалық теория аясынан басқа деңгейде зерттеуге мүмкіндік берген жоқ. Қазақ номадизмін зерттеу жекелеген энтузиастардың күшімен ілгері дамыды, олар оны тар аспектіде ғана қарастырды, сонымен қатар Батыста ол параллелді дәстүр ретінде жалғасын тапты.

Батыстағы кейбір ғалымдар өз тұжырымдамасының негізі ретінде көшпенділер туралы мынадай тезис жасады. Біріншіден, мамандандыру деген тым қатты тәуелділікті білдіреді. Бұл тезис былай түсіндіріледі: көшпелі малшылар мейлінше маманданған сайын, олар сыртқы әлемге тәуелді болады. Екіншіден, номадизм өндірістік экономиканың ерекше түрін ұсынады. Дей тұрғанмен, қазақстандық дала ғаламшардың аз ғана аймақтарында көрініс тапқан таза көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындардың бірі ғана болды. Үшіншіден, көшпелі мал шаруашылығының табиғи-географиялық ортаға бейімделуі толыққанды емес: номадтар сыртқы әлемге де бейімделуге мәжбүр. Және соңғысы, көшпелі шаруашылық егін шаруашылығы және қала әлемі ресурстарын қажет етті; осылайша, жаулап алу логикалық жағынан соңына дейін ойластырылған бағыну және қажетті өнімді алудың бір құралы болды.

Ұлы даланың тарихындағы ең шиеленіскен мәселе – көшпенділердің жаппай көшуі және егін шаруашылығы өркениетіне қарсы жорыққа шығуына итермелеген жағдай. Заманауи тарихнамада әлем тарихындағы осы феноменді түсіндіруге тырысатын бірқатар тұжырымдамалар немесе теориялар бар. Жалпы алғанда оларды мынадай тезистерге сыйдыруға болады: түрлі жаһандық климат өзгерістері (мысалы, құрғақшылық немесе керісінше – шамадан тыс ылғал); көшпенділердің жауынгер және ашкөз табиғаты (бұл көзқарас қытай тарихнамаларында бар); далада халықтың тығыз қоныстануы; өндіріс күшінің өсуі және таптық күрес, феодалдық бытыраңқылықтан кейінгі жер иеленумен айналысатын қоғамның әлсіреуі (классикалық марксистік тұжырым); экстенсивті мал шаруашылығы экономикасын (сапасын емес, санын көбейтуге бағытталған) жортуыл жасау арқылы барынша тұрақты жер иеленушілер қоғамымен толықтыру; отырықшы экономика орталықтары тарапының номадтармен сауда қарым-қатынасын орнатуды қаламауы; дала қоғамы көшбасшыларының жеке қасиеттері; этноықпалдастық импульс (пассионарлық).

Әр тұжырымдаманың өзіне сай рационалды өзегі бар екенін ескеру керек. Бірақ олардың барлығы қандай да бір деңгейде өз факторын асыра көрсетуден зардап шегеді. Заманауи палеографиялық деректер жаһандық құрғақшылық кезеңінің немесе ылғалданудың көшпелі империяның шарықтауы немесе құлдырауына тікелей қатысы бар екенін растамайды. Көшпелі қоғамдағы таптық күрес туралы марксистік тезис те жарамайды. Демографиялық фактор дереккөздер жеткіліксіз

болғандықтан, онша түсінікті емес. Ал көшпенділердің жауынгерлік табиғатына келетін болсақ, отырықшылардың өркениеті түптеп келгенде отырықшы халықтың барынша тиімді әскери технология мен инфрақұрылымды жасағанын көрсетеді.

Номадтардың көшпелі империя формасындағы мемлекеттілігі және басқа да саяси құрылымдары олар тұрақты және белсенді саяси және экономикалық қарым-қатынас орнатқан, барынша жақсы ұйымдасқан егін егумен айналысқандар және әсіресе қалалық қоғаммен етене араласуы барысында дамыған. Осы тезис келесі дихотомияда көрініс табады: скифтер мен ежелгі мемлекеттер; ғұндар мен Рим империясы; түркілер мен Қытай, түркілер мен ежелгі Русь; түркілер мен Хорезм; арабтар, түркілер мен Византия және т.б.

Дала империясының екі түрлі сипатқа ие табиғаты болды: сырт қарағанда олар даладан тыс жерде қосымша өнім алу қызметін атқаратын Шығыстың классикалық жауыз патшалары сияқты, бірақ олар тұрақты салық жүйесі жоқ бау-бақша салатындарды пайдаланып, тайпалық байланыс қоғамына және классикалық феодал иерархиясына негізделген болып қалды.

Дала әміршісінің абыройы қарапайым құқыққа негізделді, ол әскери жорықтарды ұйымдастыра алуы және саудадан түскен табысты және көрші елдерге шапқыншылық жасаған кезде олжалаған дүниені үлестіре алуы керек болды. Бұл жалпы алғанда негізінен моңғол дәуіріне дейін қолданыста болған сызбаның нобайы.

Көшпенділер отырықшылардың аумағында қарым-қатынас жасағанда бірнеше стратегияны пайдаланған болып саналады, олар: жортуыл және тонау стратегиясы (сяньби, түркілер мен моңғолдардың Қытайға қарсы жасағаны, Қырым хандығының Украина, Польша және Мәскеу мемлекеті және т.б.); егін шаруашылығымен айналысатын қоғамға бағыну және одан салық алу (скиф пен сколоттар, хазар мен славяндар, Алтын Орда және Русь), сонымен қатар сауда жолдарын бақылау (түркілер және Ұлы Жібек жолы, қазақтар және Орта Азия, Қытай, Иран, Кавказ және Сібір аралығындағы сауда жолдары); отырықшы мемлекетті басып алу, көшпенділердің шоғырлануы, жаңа династия құру, жаңа басқару классы және соңынан номадтарды ассимиляцияға ұшырататын жаңа мемлекет құру (Қытайдағы мәнжүрлер; Хорезм және Ирандағы моңғолдар; Бұқарадағы қазақтар және т.б.); шабуылдың кезегін жасау тәсілі және салық жинау; оны негізінен ерте кезеңде, Қытайдағы хундардан бастап орта ғасыр

соңындағы түркі және моңғолдармен аяқтап - ірі көшпелі қауымды жаулап алудан бұрын немесе кейін пайдаланған.

Америкалық ғалым Т.Барфилд 1992 жылы айналымға көшпенділер мен егін егушілер арасындағы қарым-қатынасты түсіндіру үшін «қашықтықтан қанау» деп аталатын ұтымды терминді енгізді. Археологиялық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда, көшпенділікті соңғы палеолитте пайда болған деп жорамалдауға болады. Көшпенділік егін және мал шаруашылығымен етене таныс ежелгі адамдардың климаттық жағдай өзгерісіне орай жасаған белсенді әрекеті болды. Бұл негізінен Орталық Азияға қатысты. Зерттеу жүргізген топ номадизм мәселесін оның тарихындағы аттың және оның жайылымының ролі тұрғысынан қарастырды. Кейбір ғалымдар номадизм феноменін мәдениеттану тұрғысынан ашу үшін Орталық Азиядағы көшпелі халықтың ежелгі өнерін сараптау қажет деп есептейді.

Ғалымдардың тағы бір бөлігі Ішкі Азияның ауқымды кеңістігінің тарихы (Орталық Азия, Сібір, Моңғолия, Қытай, Тибет, Орта Шығыс), Кавказ және Шығыс Еуропаның барлық тарихи кезеңі көшпелі халықтың әлемдік тарих сахнасының алдыңғы жағына шыққан сәттен бастап ортақ контексте оқытылуы керек деп есептейді. Орталық Азияның бірегей мәдениеттанушылық үлгісі шаруашылықтың ұқсас түріне негізделді және одан туындайтын әлеуметтік-иерархиялық құрылымда болды. Заманауи номадистикаға қатысты теориялар мен тұжырымдардың көп болғанына қарамастан, әлі жауабы табылмаған ашық сұрақтар сансыз. Көшпенділерді тану бойынша ең басты сұрақ сол бұрынғыдай, көшпелі және отырықшы өркениет арасындағы қарым-қатынас: олар бәсекелес болды ма, әлде адамзат дамуы тарихында бір-бірін өзара толықтырып отырды ма?

Басқа кең қарастыратын ғылыми сауалдардың тобы моңғол мұрасын зерттеу мен түсіндіруге қатысты. Еуразия тарихындағы Шыңғыс хан мемлекетінің феноменін зерттемейінше, Қазақ хандығының тарихын түсіну мүмкін емес. Осы мәселе аудитория алдында саяси мұра және қазіргі Қазақстан қоғамының саяси дамуы деген мәселені алға тартады.

Негізгі сұрақтарды анықтап алайық, оның біразына бірқатар авторлар жауап беруге тырысты: қазақ және жалпы алғанда Еуразия көшпенділері тарихы контекстіндегі «моңғол мәселесі» деген не, Ұлы дала көшпенділерінің әрі қарай эволюциялық дамуындағы моңғол мұрасының тарихи және саяси ықпалы қандай, қазақ жүздерінің пайда болу себебі неде және тағы да басқа көптеген мәселелер. Осы жерде

тарихи ағым және идеялогиялық құбылыс ретінде еуразияшылдыққа біраз орын беруге болады.

Қарастырып отырған мәселе бізден алыс тарих емес; керісінше Қазақстанда ұлттық мемлекетті қалыптастыру жағдайындағы тарихи идеологияға тікелей қатысы бар. Яғни, тарихи идеологияға тікелей саяси қажеттілік бар. Қазақ мемлекеттілігінің түп тамырын зерттей келе, кез келген ғалым «моңғол мәселесімен» бетпе-бет келеді. Сонымен қатар, зерттеу барысында кез келген автор ғылым үшін аса маңызды номадизм феноменіне тоқталады.

Шыңғыс хан құрған мемлекет күллі Еуразияның тарихына саяси, әрі этникалық тұрғыдан айтарлықтай ықпал еткені күмән тудырмайды. Еуразияның көптеген халықтарының тарихы, оның ішінде қазақтарды қоса алғанда олардың моңғолдың басқару дәстүрін мұра етіп алғанын ескеру қажет. Қалыптасқан дәстүрлер мен стереотиптерді бұза отырып, Еуразия тарихының басты мәселелері көшпелі және отырықшы қоғамның өзара қарым-қатынасымен тығыз байланысты деп санауға болады. Ориенталистер мен этнологтардың басым көпшілігі үшін жақсы таныс осы ақиқат, кейде ең алдымен «өркениетті» жүйені зерттеуге мән беретін дәстүрлі тарихшылар тарапынан наразылық тудырады. Марксистік тарихи ғылым осы ой тұрғысынан алып қарағанда ешқандай ерекшелікке ие болған жоқ, яғни ол да шын мәнінде еуроорталықтандырылған болып шықты.

Кейбір авторлар Моңғол империясының түп тамырын Қытай тарихынан іздеу керек деп санайды. Яғни, нақты Қытайда болған оқиғалар моңғол мемлекеттілігінің генезисіне түрткі болып және оны арандатты деген пікірде. Зерттеушілер Қытайдың мемлекеттік жүйесінің эволюциясы империялық көшпелі мемлекеттіліктің (Аспан асты еліндегі мықты мемлекеттік режимнің пайда болуына әсер етті) қалыптасу үрдісінің басты катализаторы болды деген болжам жасайды.

«Моңғол» терминінің этимологиясын қарастыра келе, яғни көне моңғол ұлтының қалыптасуы контекстінде, мынадай қорытынды жасауға болады, термин жасанды сипатқа ие және Шыңғыс хан тарапынан өз билігін және өздері құратын жаңа мемлекетті легитимизация жасау мақсатында жүзеге асырылған және саналы саяси шешімнің жемісі болды. Яғни, мәселе жаңа ықпалдастықты құру туралы болып отыр. Шыңғыс хан реформасының мәні (кеңірек алғанда – барлық моңғол мәселесінің мәні) дәстүрлі тайпалық құрылымның әскери ұйымының үстінен салтанат құру болды. Сондықтан да Моңғол империясын

Еуразия даласының тарихында осыған дейін де, кейін де болмаған бірегей жоба деп санауға толық негіз бар. Моңғол империясы өзінің айналысына жинақтаған барлық көшпелі қоғамдастықтағы ішкі байланыстардың сипатын, өз кезегінде орталық Еуразиядағы этникалық тарихты өзгертті.

Бұрынғы Дешті-Қыпшақ тайпаларының (яғни, қазіргі заманауи Қазақстан аумағындағы) моңғолдардан кейінгі этнонимика механизмі құрылымын ашу, мағынасы жағынан жаңашыл, егер осы нұсқаны қабылдап, оны ғылыми айналымға енгізсе, онда қазақ даласына моңғол тайпаларының қоныс аудармағанын ескеретін болсақ, (бұрынғы салмақты, тәжірибелі шығыстанушылардың қалыптасқан көзқарасына қайшы келеді); моңғол атауларының көптеп енуіне не себеп болды деген сұрақ туындайды, егер Шыңғыс хан жүзеге асырған реформалар аясында бұрынғы тайпалардың орнын басқан қайта құрылған «мыңдықтың» тайпа көшбасшысының тегін оның барлық әскерилері иеленді. Ал болашақта моңғол әскерилері дами келе негізінен моңғол атауын иеленген тайпалық топқа айналды.

Моңғол ұлыстары феноменін мемлекеттік империя құрылысының негізгі элементі ретінде қарастырып, оған ерекше назар аудару керек. Себебі, әрі қарай осы ұлыстар құлдыраған империядан мемлекет функциясын алып қалады. Ұлыстардың аясында Шыңғыс хан құрған әскери-саяси ұйымдар негізінде жаңа этностар қалыптасады. Кітапта моңғол империясы құрылысының міндеттеріне жауап беретін Жошы ұлысының тарихына үлкен орын берілген. Орыс мәселесі де жеке сюжет ретінде енгізілді. Осы жерде Моңғол империясының соңғы сынығы, ұйымдастыруы мен идеологиясы жағынан оның тікелей мұрагері болып саналатын Қазақ хандығының пайда болу тарихына логикалық тұрғыдан ауысуға болады.

Сонымен, «қазақ тарихының ең үлкен жұмбағына» көшейік, оған қазақ жүздерінің пайда болу мәселесі жатады. Осыған қатысты көптеген тарихи концепция бар. Ұсынылған интерпретация бағытында Шыңғыс хан төңкерісінен кейін моңғол тарихының және мемлекеттілігінің дамуын қазақ жүздері территориясының бірігуінен емес (осыған дейінгі тұжырымдамалардың негізгі постулаты), кәдімгі моңғол ұлыстарынан көруге болады, яғни көшпелілердің саяси негізде бас қосуы. XVII ғасыр тарихындағы түрлі деректерді және үрдістерді қарастыру нәтижесінде мынадай қорытынды жасауға болады, осы жүз жылдықтың соңында жүзеге асқан қазақ жүздерінің пайда болуы бір жағынан қазақтар



арасында, екінші жағынан ноғайлар мен моңғолдар арасында күрделі мәміле болды. Аталған үш топты да біріктіретін ортақ тіл, дін және шаруашылықты жүргізу тәсілі болды. Қосымша фактор ретінде дұшпандық ниеттегі ойраттардың қаумалауы және қазақтардың шыңғыстықтардың мемлекеттілік дәстүрін сақтап қалуы болды.<sup>5</sup>

Зерттеушілер үшін күрделі болып саналатын келесі сұрақ мынадай: жүздердің Ұлы, Орта және Кіші болып бөлінуі қалай болған? Оған мынадай түсініктеме беріледі, моңғолдардың басқару дәстүрі теориясы тұрғысынан қарастырғанда: «Ұлы» жүз термині Шағатай ұлысын мекендеген тайпалардан қалған, өйткені Шағатай - Ясы деп аталатын негізгі басқару құжатының сақтаушысы. Яғни, Шағатай ұлысы ұрпақтарының артықшылықтары, басымдықтары Жошының ұрпақтарының қасында жоғары болған (бірақ ол үлкен ұл болып саналған). «Орта» жүз деген атау оның Ұлы мен Кіші арасындағы орналасуын анықтау мақсатында пайда болған. Соңғысының атауы оның бағыну жағдайына қатысты емес, Кіші жүздің тайпалары (негізінен ноғайлардан тараған) ұзақ уақыт бойы шыңғыстықтардың басқаруында болмаған.

Бірақ осы бөлініс шартты және дәстүрге беріктік ретіндегі сипатқа ие, ал шын мәнінде хандықты басқару Жошыдан тараған ұрпақтардың иелігінде болды. Олар Едігенің ұрпақтарын ығыстырып, өз билігін Кіші жүздің тайпаларына да жүргізді. Осылайша, қазақ жүздерінің жүйесін қазақ тайпаларын бөлініске салған деп емес, керісінше олардың бастарын біріктірген форма ретінде қарастырған дұрыс.

Еуразия даласындағы шым-шытырыққа толы саяси тарихта кездейсоқтық факторы (ол болып жатқан объективті үрдістердің мағынасын өзгерте алмады) негізінен экономикалық қатынастарға байланысты үлкен роль ойнады. Зерттеушілердің пікірінше, кездейсоқтық факторы тарихи үрдіске егер ол түрлі қоғамдардың ұйымдастыру жүйесін қозғаса ғана ықпал ете алады деп есептейді.

Қазіргі кезде бұл – Қазақ хандығының көне тарихын жаңа көзқарас тұрғысынан, қазақ жүздерінің пайда болуының себебін қанағаттанарлық деңгейде түсіндіріп бере алған бірден-бір түсініктеме. Айта кету керек, ертеде тарихшылардың көне және ортағасырлық дереккөздерге сүйенуге қатысты қалыптасқан дәстүрі, баяндау логикасын анықтау жағынан алып қарағанда Еуразияның саяси тарихын тануды күрделендіріп жіберді.

<sup>5</sup> Осы көзқарасты негізінен мына автор ұстанады: Акимбеков С.М. История степей: феномен государства Чингисхана в истории Евразии. – Алматы: Центр Азии, 2011. – 640 с.

Қорытындылай келе атап өткіміз келетіні, оқырман қандай да бір этноним және топоним атауларына, оның дыбысталу ерекшелігіне орай түрлі сипатта жазылуын көріп таңданып, түсініспеушілік танытпаса екен дейміз. Мысалы, ол қыпшақ, қырғыз, Яссауи және тағы да басқа атауларға қатысты. Ол бірнеше факторларға: жазылудың түрлі дәстүрлеріне, түрлі дереккөздердегі оқылу ерекшелігі және қандай да бір автордың өзіндік стиліне қатысты. Осыған байланысты біз автордың жазу стилін сақтауға тырыстық. Шығыс аттарына қатысты транскрипция (әсіресе араб және парсы) әртүрлі болып келеді (Хасан-Гасан, Гуссейн-Хуссейн, Мохаммед-Мұхаммед және т.б.). Сонымен қатар, шығыс атауларын латын және кирилл қарпімен жазғанда да біраз өзгешеліктер көрініс табады. Кейде адамның аты-жөнін жазуда екі түрлі дәстүр сақталды, еуропалық (Махмуд Кашгарский) және шығыстық (Махмұд Қашқари).

Библиографиялық сілтеме жасау жүйесі де түрлі сипатқа ие. Дәстүрлі (жолма-жол) сілтемеден бөлек, әр бөлім (немесе тарау) өз дереккөзі және әдебиеті тізімімен қамтылған. Монографияның соңында жалпы әдебиет тізімі берілген, онда негізінен біздің тақырып бойынша тарихнамалық еңбектер берілді. Сондықтан осы күрделі жүйеге оқырмандарымыз түсіністікпен қарап, жалығып кетпесе екен деп үміттенеміз.


Әрине, осы басылым Қазақстан және Орталық Азия тарихы бойынша барлық тарихтану және тарихнамалық әдебиет корпусын қамтыды деуге келмейді. Иә, ол мүмкін де емес. Жыл сайын жаңа дереккөздер табылып, жаңа тұжырымдамалар, түсіндірмелер мен теориялар үнемі ұсынылып жатады. Бұл жағдай академиялық ғылымды құрмет тұтатындарды қуантпай қоймайды. Бастысы, «тарих толқынында» ширек ғасыр бойы өз бетімен, бақылаусыз (әрі қолдаусыз) дамып келе жатқан отандық ғылым әлемдік ғылымның көшіне ілесіп, оның дамуынан қалыс қалған жоқ. Дегенмен, біз осы тақырыпқа басылымның соңында оралатын боламыз.

## I тарау. Көне дереккөздер және Жаңа заман қазақтары туралы мәліметтер

*Historia vero testis temporum, lux veritatis, vita memoriae.  
Тарих – өткен шақтың куәгері, шындықтың шырағы,  
жанды естелік*

### § 1. Орталық Азиядағы қазақтардың ата-бабаларының тарихы туралы ежелгі және ортағасырлық дереккөздер

Деректанудың қазіргі кезеңінде мынадай бағыттарды атап өтуге болады: дереккөзді іздеу (эвристика), жазба ескерткіштердің сызбасын зерттеу (палеография), формулярды зерттеу (дипломатика), мәтінді және оның жазу тарихын (текстология) анықтау, жазу ескерткішіндегі ақпараттың дұрыстығын анықтау (тарихи сын), дереккөзді жариялау және т.б.<sup>6</sup>



Орталық Еуразия халықтары туралы ең алғашқы ақпараттық дереккөздерді батыстық тарихнама дәстүрі көрсетеді (Синор бойынша) Гомердің «Одиссеясында» «тұнжыраған киммерийлер» туралы айтылады. Осылайша, Еуразия даласындағы мәдениетті және өркениетті көшпенділердің арғы ата-бабасы туралы ең алғашқы деректі батыстық авторлар біздің дәуірімізге дейінгі 1200 жылдардан табады. Д. Синор скифтер тарих сахнасына б.з.д. 750-700 жылдары шыққанын айтады. Б.з.д. VIII ғасырда скифтер Ассириямен байланыс орнатты, олардың ізі жазба дереккөздерде қалды; VI-V ғасырларда скифтердің есімі ахеменид

<sup>6</sup> Толығырақ мына әдебиеттен қарау керек: История Казахстана и Центральной Азии в мировой ориенталистике (к 550-летию Казахского ханства). Часть II. Древняя и средневековая история Центральной Евразии в трудах зарубежных востоковедов. – Астана: КИСИ, 2015. – 592 с.

қабырғаларындағы жазудан табылды (**Sinor, 1969, 79-83 беттер**). Өз аттарына қатысты «скифтер» Геродотқа қарыздар, ол б.з.д. 516-513 жылдары Қара теңіздің солтүстік маңына саяхат жасап, еуропалық ғылымда бірінші болып, осы халықтар туралы дерек қалдырды. Парсы дереккөздерінде олар «сақтар» деп жазылады. Бірқатар ғалымдар, олардың арасында ежелгі парсылардың білгірі Р.Фрай да бар, ол сақтар өздерінің отырықшы көршілерінің негізінен өмір сүру салты (көшпелі) арқылы ерекшеленетін еді, сөйте тұра олар өздерінің этникалық және лингвистикалық жақындығын сақтап қалды (**Frye, 1962, 43-ші бет**) деп санайды. Синордың пікірінше, бірқатар парсы дереккөздерінде, Дарий жауынгерлерін және олардың ізін жалғаған сақтар мен массагеттерді сипаттағанда, тарихта алғаш рет көшпелі халықтың отырықшы халықтан басты айырмашылығын олар «бейбіт» жер иеленушілерге қарағанда жауынгер болды деп жазылады. Кейін осы дәстүр Фирдоусидің даналыққа толы эпосы «Шахнамада» Иран-Тұран арасындағы мәңгілік озбыр қатынас арқылы көрініс тапты. Скифтердің жерлеу рәсімін сипаттаған Геродоттың жазбаларын салыстыра келе, Д.Синор қытай жылнамаларында жазылған түркілер мен моңғолдардың жерлеу рәсімімен ортақ сипатқа ие екенін нақты деректер арқылы табады, бұл өз кезегінде көшпелі қоғамда мәдени сабақтастықтың болғанын тағы бір мәрте дәлелдей түседі.<sup>7</sup> Скиф өркениетінің ең озық символы, өз кезегінде оның бет-бейнесін айқындайтын төлқұжаты іспеттес болған дүние ретінде Синор бейнелеу өнеріндегі аң стилін атайды. Оның жазуынша, «осы стиль Батыс Еуропадан бастап Қытайға дейінгі барлық кеңістікте кеңінен таралып, өз ықпалын жүргізген». (**Sinor, 1969, 83-ші бет**). Осы автордың пікірінше, мыңжылдықтар бойы Еуразияның кең дала жазығында скифтердің орнын алмастырған біраз халық сонымен технологиялық және мәдени деңгейде салыстыру жасауға қол жеткізе алды.

Ежелгі авторлардың ең алғашқыларының бірі Страбон өзінің «Географиясында» көшпелі скиф-сақтардың әскери стратегиясын егін шаруашылығымен айналысатындар және қала өркениетімен салыстыра сипаттайды: «Осы халықтар көшпелілерге салық төлеуге келісім берді, кейде олар сол елдерге шабуыл жасап, олжаларын алып кетіп отырды, бірақ олар келісім шартты өрескел бұзған кезде, соғыс

---

<sup>7</sup> Сақтардың түркі көшпенділерімен мәдени және өркениет тұрғысынан алғанда қазақтарға қатысты туыстығы бар екені туралы осы ой А. Ақышевтің монографиясында өте жақсы нақтыланып жазылған; қараңыз: Акишев А.К. Искусство и мифология саков. – Алма-Ата: Наука, 1983.

басталды, кейін қайта татуласты, соңынан қайта соғысып жататын. Басқа да көшпелілердің өмірі де осындай болды; олар өздерінің көршілеріне үнемі басқыншылық жасап, кейін олармен қайта татуласады».<sup>8</sup>

Д.Синор, Страбон және басқа да грек дереккөздеріне сүйене отырып, Бактриямен байланыс орнатқан кейбір тайпаларды, мүмкін бір заманда олар соның құрамына кірген де болар, сақтар ретінде тануға болады немесе *тохарлар*, кейін олар хун империясының құрамынан табылды. Мәселе Жетісудің оңтүстігін мекендеген және Птолемейде *тохар* деген атпен белгілі болғандарға қатысты, үнді дереккөздерінде *тухара*, ал қытайлар оларды *юй-джи* деп атаған. Халықаралық қатынастар контекстінде б.з.д. II ғасырдың екінші жартысында тохарлар Бактрияға Тохаристан деген атау берді, Орта Азиядағы эллинистік мемлекетті жойып, солтүстік Үндістанды сақтар жаулады дейді Синор (**Sinor, 1969, 91-ші бет**). Б.з.д. 139 жылы қытай императоры Ву-ти хундарға қарсы тохарлармен одақ құруға кірісті. Бірақ бұл қадам сәтсіз аяқталды, дегенмен белгілі болғаны Қытайды осы император ұзақ жылдар бойы билеп тұрған кезде ол Синор Ферғана деп сипаттайтын Та-юань елдімекеніне әскери жорық жасады.

Прокопий Кесарийский жазған тарихи хроникада парсы және вандал жауынгерлері туралы, нақтырақ баяндасақ, Византия Аттила ғұндарына жылына 700 пұт алтын төлегені туралы ақпарат жарияланған. Бұл Константинополь үшін шекарада сансыз әскер ұстағаннан әлдеқайда тиімді болған еді.<sup>9</sup>

Тағы бір византиялық автор Константин Багрянородный печенегтерді «ашкөз әрі сыйлыққа келгенде сараң» деп сипаттайды. Оның «Империяны басқару» атты еңбегінде көшпенділер егін шаруашылығымен айналысатындарға қатысты сәтті ұстанған өзара қарым-қатынас сызбасы көрініс тапқан.<sup>10</sup>


Латын тіліндегі дереккөздерде, нақтырақ айтсақ, рим дәуіріндегі құжаттарда Орталық Еуразия туралы деректер өте аз. Синор «Германияны» Тацита деп атайды, онда оралдық топтың халқы туралы жеке сюжет бар. Өз алдына жеке топ ретінде Синор христиандық авторлардың құжаттарынан: ғұндарды зерттеуге қатысты маңызды ақпарат ретінде Иорданның «Гетикасын» (шамамен 550 ж.) және ғұндар туралы қысқаша үзінді ақпарат жазылған Кассиодор мен Присктің

<sup>8</sup> Страбон. География. – М., 1994.

<sup>9</sup> Прокопий Кесарийский. Война с персами. Война с вандалами. – М., 1993. – С.36, 48, 113, 188, 341, 352.

<sup>10</sup> Константин Багрянородный. Об управлении империей. – М., 1989. – С.43, 55.

еңбектерін атайды; Түрск епископы Грегорийдің «Франктардың тарихы» (538-594) ғұндар туралы көп ақпарат жазылған еңбектерін де атап өтуге болады.



Кейбір ғалымдар, әсіресе Д.Синор, Ішкі Азияның ұлан-ғайыр кеңістігінің (Орталық Азия, Сібір, Моңғолия, Қытай, Тибет, Орта Шығыс) Кавказ және Шығыс Еуропа тарихы көшпелі халықтар әлем тарихы сахнасының алдыңғы жағына шыққан сәттен бастап барлық тарихи кезеңде бір контексте оқылуы керек деп санайды. Осы ареал тарихының біртұтас екенін басымырақ көрсету үшін «Орталық Еуразия» деген термин ұсынылады (**Sinor, 1969, 1-5 беттер; Sinor, 1970**). Синордың пікірінше, оның қолданысқа енгізген термині көп жағдайда осы супераймақтың географиялық

бірлігінен гөрі мәдениеттануға қатысты мәселесін сипаттауға арналған. Алайда, өзінің «Ішкі Азия» атты кітабында Синор Орталық Азияның ортақ мәдениеттанушылық типі, шаруашылығы ұқсас және одан тарайтын әлеуметтік-иерархиялық құрылымын негізге ала отырып, өз ой-пайымдарында Орталық Еуразияның кеңістігінде барлық тарихи кезеңде өзінің қолданыстағы дереккөздеріне сүйене отырып, географиялық детерменизм идеясына айналып соғады. Синордың пікірінше, мәдени-шаруашылық феноменінің пайда болуына себеп болған дүние – қатал континенталды климат, ол оны Орталық Еуразия деген термин арқылы түсіндіреді (**Sinor, 1969, 8-бет**).

Алайда, бұл терминнің де өзінің бір аспектісі бар, ол – лингвистикалық. Жоғарыда аталып өткендей, Д.Синор – алтай теориясының сенімді жақтаушыларының бірі. Осы тұжырымдаманың негізінде ол мәдени және географиялықтан басқа тағы бір ортақ дүние тапқысы келеді және оны табады. Синордың пайымынша, Орталық Еуразияны мекендеген халық негізінен алтай тілі тобына кіретін тілдерде және оның оралдық нұсқасына жақын сөйлейді.

Д.Синор америкалық тарихнаманың негізін салғандардың бірі ретінде Орталық/Ішкі Еуразияның ерте тарихына тарихнамалық шолу жасады. Аймақ халықтары тарихының эпизоды және күллі Еуразияны дүр сілкіндірген басты оқиғалар негізінен қытай, парсы, түрік, латын, грек, орыс, моңғол және кейінірек – түркі тілдерінде жазылды.

Тарихшы ретінде Синор келтірген деректерге сүйенсек, біздің заманға дейін жеткен дереккөздердің түпнұсқасы аз; олардың дені құжаттардың көшірмесі және басым бөлігі алғашқы көшірмесі емес. Көп жағдайда ол қытай дереккөздеріне қатысты, өйткені қытайлар тарихты тасқа басуды VIII ғасырда бастап кеткен. Синор содан кейін ежелгі және ортағасырлық дереккөздермен жұмыс істегенде қазіргі зерттеушілер үшін сыни талдаудың аса маңызды екенін атап өтеді. Бізге дейін жеткен дереккөздерге қатысты тағы бір мәселе: ерекше, бірегей дереккөздердің басым бөлігі жоғалған, бізге белгілісі оның қосымшалары ғана, оның өзі әркез нақты бола бермейді. Ол ғұн, гот, Еділ бойын жайлаған бұлғарлардың тарихына қатысы бар дереккөздерге байланысты. Ежелгі дереккөздерді қайта көшіріп жазу, бір-біріне бере тұру, плагиат, сілтеме жасау, ауыз әдебиеті сияқты әңгімелеп жеткізу көптеген тарихи, географиялық атаулардың біздің заманымызға дұрыс жетпеуіне, тіпті кейде хронологиялық деректердің өзгеріп, бұрмалануына алып келді.

Дереккөздерді оқудың осы сыни аспектісіне орай, топонимикалық және ономастикалық мәселелер бойынша бірқатар мәселелер орын алады. Зерттеушілер тіпті халықтың өзіндік атауының өзі сәйкес келмейтін жағдайларды көреді, мәселен кейбір халықтардың атауы оларды кезінде көршілері атаған атаумен сәйкес келмей жатады. Оның үстіне әртүрлі дәуірде әр халықтың атауы өзгеріске ұшырады немесе бір халықтың атауын басқа бір халық иеленіп жатты. Еуропада осындай жағдай немістер мен венгрлер арасында болса, Азияда татар, қазақ, қыпшақтар, мүмкін ғұн, жуань-жуаньдар, қытайлар және т.б. ұлттар арасында да осындай жағдай болды.

Алайда Синор Орталық Еуразия тарихына қатысты дереккөздерге байланысты тағы бір ерекшелікке тоқталады, ол – ауыздан-ауызға таралып, қағаз бетіне түспеген деректер. Осы автор сондықтан да археологиялық дереккөздердің ғылым үшін қаншалықты маңызды екеніне тоқталады, дегенмен батыс шығыстанушылары үшін археология аса маңызды роль атқармайды, себебі материалдық дереккөздерге қол жеткізу олар үшін оңай емес, кеңес заманының

тарихшылары үшін керісінше, олар археологияға ерекше мән береді **(Sinor, 1969, 51-56 беттер)**.

Д.Синор Орталық Еуразия тарихы бойынша жазба дереккөздерді олардың пайда болуына қарай жіктейді: жергілікті немесе сол жерде пайда болған өзіндік дереккөздер, батыстық, қиыршығыстық және исламдық. Бірінші категорияға шығыстанушы аса маңызды деп баға берген VIII және IX ғасырларда ежелгі түркі және ұйғыр тілдерінде тасқа қашалып, руна жазуымен жазылған дереккөздер жатады. Географиялық жағынан ежелгі түркі дереккөздері екі топқа бөлінеді. Біріншісіне орхон-енисей мәдениетінің руна ескерткіштері жатады, орналасқан жері – Моңғолия мен Алтай; екіншісі – Шығыс Түркістандағы (Қытай) діни, әкімшілік және коммерциялық құжаттардың жалпы тобы. Алайда бұл құжаттар лингвистикалық жағынан бірдей емес; олардың бір бөлігі иран және иран-соғды тілінде жазылған.

Синор ең маңызды дереккөз ретінде «Моңғолдардың құпия шежіресін» мысалға келтіреді, XIII ғасырдың ортасында жазылған авторы белгісіз жалпы көлемі 120-150 бет болатын құжат заманауи форматтағы жылнама іспеттес. Синор, өкінішке орай осы құжаттың түпнұсқасы жоғалғанын жазады, ал XIV ғасырда жасалған құжаттың көшірмесі мағынасы жағынан транслитерация жасаған кезде қытайландырылған. Оның түпнұсқасы Шыңғыс ханның дәуірінде және бірінші шыңғыстықтардың қолымен ұйғыр қарпімен моңғолша жазылған деген жорамал бар. «Моңғолдардың құпия шежіресі» – Шыңғыс ханның дүниеге келгені және моңғол империясының құрылғаны туралы ақпарат жазылған ең басты дереккөз. Онда моңғолдардың әскери шабуылына аз көңіл бөлінген, негізінен басымдық берілген тақырып – моңғол мемлекетінің ішкі саяси өмірі, оның осы ерекшелігі дереккөздің құндылығын арттыра түседі. «Моңғолдардың құпия шежіресі» – бірегей құжат, моңғол дәуірі туралы жазылған басқа дереккөздер мүлдем сақталмаған.

XIV ғасырдан бастап, дереккөздер кешенінде құжаттарды екі тілде жазу басталған, негізінен Юань династиясы дәуірінің тарихын, яғни моңғолдардың үстемдік құрған кезеңі туралы деректер қытай-моңғол тілдерінде сипатталған. Басқа да маңызды дереккөз ретінде Д.Синор түркілердің шағатай тілінде жазылған «Бабырнамасын» және оған мағынасы жағынан ұқсас «Түркімендердің шежіресін» және Абылғазы Бахадүрхан жазған «Түркілердің шежіресін» атайды. «Бабырнама» - Бабыр шах жетекшілік еткен (1483-1530) Моғолстан



түркілерінің тарихы туралы басты дереккөз, онда олардың Үндістанды жаулап алғаны; Хиуаны билеген Бахадүр ханның (1603-?-1663) еңбектері жазылған, ол – шайбанилердің тарихы туралы негізгі дереккөз. Еуропада жазылған Орталық Еуразия тарихы туралы дереккөздердің пайда болу тарихына сараптама жасаған Синор олардың шығыс дереккөздері сияқты гетерогенді емес екенін айтады. Еуропалық деректердің әртүрлі тілде жазылғаны өз алдына, олардың мәдени дәстүрі де түрлі сипатқа ие. Синор оларды үш топқа бөліп жіктейді: грек, латын және басқа да батысеуропалық тілдерінде жазылған дереккөздер. Грек дереккөздері де екі топқа бөлінеді: алғашқысы Геродоттан басталады, ежелгі заманды қамтиды, онда Селевкид, Парфилер, Бактрия мен Орта Азия және Шығыс Түркістанның эллинизациясы туралы деректер бар. Эллинистік дәуірдің дереккөздері Қытайдағы құжаттармен сәйкес келеді. Дереккөздердің екінші тобы византия дәуірінде жазылған. Олар грек тілінде жазылғанына қарамастан, Синордың пікірінше, мәдениеттану тұрғысынан қарастыратын болсақ, олар басқа өркениетке жатады.

Хронологиялық жағынан олар V-XVI ғасыр аралығын қамтиды. Осы кезең аралығында Византия орталық-еуразиялық кеңістіктегі мемлекеттер және олардың халқымен тығыз қарым-қатынас орнатты және соңында олар византиялықтардың түбіне жетті. Тарихнамалық дәстүр бойынша Византияда антика, шығыс-христиандық және рим мәдениеті дәстүрі бір-бірімен сабақтасып жатты. Осы дәуірде қазіргі мағынадағы «тарих» термині бекітілді. Византиялық тарихнаманың ерекше маңызды сипаты тарихты дербестеу және тарихи кейіпкерлерді жеке дара етіп көрсету болды. Синордың византиялық кеңістікті – Шығыс Еуропаны Орталық Еуразияның батыс бөлігіне жатқызғаны қызық, ол оның IX-X ғасырлардағы саяси және өркениетті-мәдени өмірін де осылай қарастырады (**Sinor, 1969, 73-ші бет**).

VI-X ғасырлардағы еуропалық хроникада венгрлер мен аварлар туралы деректі кездестіруге болады. Крест жорығы дәуіріндегі хроникада (XII-XIV ғ.) селжүктер туралы кең қамтылған ақпарат бар. XIII ғасырдағы ақпараттар ерекше маңызға ие, олар Мэтью Перистің «Ауқымды хроникасы» (1259) және француздық доминикан Венсан де Бовенің «Спекулум историале» (1190-1264) еңбектері, онда Еуропаға шабуыл жасаған моңғолдар туралы жазылады. Еуропалық моңғолтанудағы орталықтандырылған еңбектер болып табылатын

Плано Карпини және Вильгельм Рубрук жазған деректер өзінің ерекшелігімен, дереккөздердің өз алдына бөлек тобын құрайды. Орталық Еуразия туралы Ренессанс дәуіріндегі дереккөздер латын тілінде жазылған – ол бірінші кезекте Мәскеу Русінің сипаттамалары: ол Зигмунд фон Герберштейннің «Мәскеу істеріне түсініктеме» (1549), Матвей Миховтың «Сармат өлкесі туралы трактат» (1517), Синордың пікірінше, онда Мәскеу мемлекетінің құрамына кіретін орал және алтай халықтары туралы деректер ұқыпсыздықпен жазылған.

Синордың жазуына қарағанда, орыс дереккөздері соңғы болып саналады. Оның мысал етіп отырғаны орыс тарихнамасы дәстүрінің бастамасы болған Нестор жазған «Летопись» және жазылуы мен мерзіміне қатысты көп күмән тудыратын ескерткіштің бірі – «Слово о полку Игореве». Дегенмен, жалпы Синор орыс дереккөздерін барынша құнды, бірақ XII ғасырдан бүгінге дейінгі Орталық Азияның солтүстігіндегі халықтардың тарихы бойынша дерек беретін ақпараттық ресурс ретінде ерекше дүние деп қарастырмайды. Орыс дереккөздерінің құндылығы Ресей шығысты жаулауды бастаған кезден бастап артты. Синор ресейлік мұрағаттарда батыстық моңғолдар-қалмақтар мен ойраттар тарихы, сонымен қатар Түркістанның жаңа тарихы туралы құнды деректер бар деп санайды.

Зерттеушілердің қолында Моңғол империясының феноменін сипаттайтын мәтіндердің бірнеше категориясы бар. Осы мәтіндерді қарай отырып, қажет болса, көшбасшы, клан немесе мемлекетаралық, әлеуметтік, әскери-саяси сипаттағы өзара қарым-қатынас туралы ақпарат алуға болады.

Моңғол империясының пайда болу тарихы туралы дереккөздерді шартты түрде екі топқа бөліп қарастыруға болады («ішкі» – «сыртқы» критерий бойынша).

Моңғол империясының латын немесе ежелгі русь дереккөздерінде жазылған сипаты XIII-XIV ғасыр басында ресми парсы дереккөздерінде жарияланған Моңғолдың бүкіләлемдік мемлекеті тұжырымдамасынан мағыналық жағынан өзгеше болатыны айтпаса да түсінікті. Бүгінгі күнге дейін моңғолдардың Шығыс және Батыс Еуропаға басып енуінің салдарына берілген баға XIII ғасырдың ортасындағы ортағасырлық интеллектуалдардың көзқарасы негізінде жеткен. Мұндай баға күмәнді әрі ешқандай негізі жоқ.

Тарих және тарихнамада францискан Иоанн де Плано Карпинидің есімі жақсы таныс. Оның Шыңғыс хан империясының аумағында саяхат

жасай жүріп жазған атақты дипломатиялық еңбегі бүгінде әлемнің жиырма тіліне аударылған. Бұл – Еуразиядағы моңғол дәуірінің үстемдік еткен кезеңі туралы ең маңызды құжат. Осы құжаттың пайда болу тарихы туралы ақпарат мынадай.<sup>11</sup>

1245 жылдың 5 наурызында Лион қаласында папа Иннокентий IV «татар халқының патшасына» арналған актке қол қойды. Папаның жолдауын дiттеген жерiне жеткiзу францискан Иоанн де Плано Карпиниге тапсырылды. Ол өзiне артылған осы миссияны орындау арқылы үлкен құзыретке ие болды. Иоанн де Плано Карпини өзiнiң жеткiзген құжатын *Liber Tartarorum* («Тартарлар туралы кiтап») деп атады. Оны XIV ғасырда қайта жазып шыққан ғалымдардың бiрi бұл атауды нақтылап, оның «Бiз тартар деп атап кеткен моңғолдардың тарихы» деп тәржiмалады. (*Historia Mongalorum quos nos Tartaros appellamus*). 1247 жылы Бенедикт Поляктың жеткiзгенiн қайта жазып шыққан Ц. де Бридиа, осы еңбекке «Тартар тарихы» (*Historia Tartarorum*) деген атау бердi.

Заманауи зерттеушiлердiң пiкiрiнше, Папа жiберген елшiлердiң бiр жарым жылдық саяхатының басты мақсаты көшпелi ордалардың өмiр салты, наным-сенiмi, шығу тегi, сонымен қатар оның әмiршiлерiнiң пiғылы туралы шынайы деректердi жинау болды.

Францискандықтардың Моңғол империясының құрамына кiрген тайпалар туралы есебi мол мағлұматқа толы болды. Олардың дерегiне қарап отырсақ, наймандар қоныстанған жер туралы ақпараты дұрыс, бұл өз кезегiнде сол заманда Орталық Азияға сапар шеккен саяхатшылардың дерегi дұрыс болғанын аңғартады.

Францискандықтар империяны оның батыстағы замандастары сенгендей, астаң-кестеңi шыққан емес, әлеуметтiк әлемi жоғары деңгейде ұйымдастырылған қоғам ретiнде сипаттайды. Осы дереккөзде жазылған қызықты мәлiмет, моңғолдардың иелiгiнде болған жердi францискандықтар Комания деп атаған, олар – кейiн осы аумаққа иелiк еткен командар (қыпшақтар).

Осылайша, 1245 жылғы францискан миссиясы жеткiзген ақпарат әдеби шығарма негiзiнде жарық көрiп, Батыс әлемiн мазалаған бiраз сауалға жауап берiлген. Оған қажеттi материалды сол өңiрге саяхаттап барғандар империя аумағындағы мәселенi өте жақсы бiлетiн тұлғалардан алған, iшiнара францискандықтардың жеке көзқарасы тұрғысынан, батыс әлемi үшiн беймәлiм, жеке бақылауына iлiккенiн

11 Қараңыз: Христианский мир и «Великая Монгольская империя». Материалы францисканской миссии 1245 года. – СПб: Евразия, 2002. – 478 с.

баяндаған жерлері де бар. Мәселен, олар империядағы басқару әскери-әкімшілік жүйеге негізделгенін жазады. Жалпы алғанда миссия есебі сол замандағы империялық мәдениетінің боямасыз тірлігінің айнасы іспеттес болды.

Плано Карпини моңғолдардың Ұлы ханының ордасы орналасқан өңірге аса қашық, ұзақ жол жүріп, күрделі саяхаттан қайтып келген соң бірнеше жыл өткеннен кейін, Еуропадан Орталық Азияға құрамында монах орденінің мүшелері бар тағы бір миссия сапарға аттанды. Бірақ оларға қойылған міндет алғашқысынан өзгеше сипатта болды. Олар моңғолдар арасында христиан дінін тарату мүмкіндіктерін қарастыра отырып, Кіші Азия аумағында ұзаққа созылған соғыста басымдыққа ие болу үшін Ұлы ханмен исламға қарсы күрес жүргізу үшін одақ құру туралы ымыраласқысы келді.

Осы жоспарды жүзеге асыру үшін IX Людовик Моңғолияға ерекше дипломатиялық миссия жіберді, оны алтыншы крест жорығының қатысушысы, оған жақсы таныс белгілі монах-минорит, белсенді, ақылды әрі жан-жақты білім алған Гильом Рубрук бастап барды. 1253-1255 жылдары Моңғолияға саяхатын қағаз бетіне түсірген ол, шығармасында тек қана моңғол тарихы үшін емес, географиялық білім тарихы үшін де маңызды деректерді жазды. Рубрук саяхаты өз заманы үшін саяхаттаған елдері, XIII ғасырда өмір сүрген моңғолдардың өмір салты туралы оның байқампаздығының арқасында аса құнды, әрі маңызды көп дерек берген еңбек болып саналады. Рубрук шығармасы орта ғасыр соңында батысеуропалық әдебиет арасында Шығыс тарихы туралы салмақты дерегі бар еңбек ретінде өз бағасын алған.

Саяхатқа аттанбас бұрын Рубрук өмірінің бірнеше жылын Таяу Шығыста өткізген. Рубрук – Қарақорым туралы алғаш рет толыққанды дерек ұсынған еуропалық. Дегенмен ол жерге оған дейін Еуропаның бірнеше мемлекетінің азаматтары келген. Алайда олардың ешқайсысы моңғол астанасы туралы толымды дерек жазып қалдырған жоқ.

Гильом Рубрук шығармасы бірнеше мәрте басылып шықты. Оның қолжазбасының бүгінге күнге дейін сақталғаны санаулы. Солардың бірі Рубрук саяхатының тек 1600 жылы барынша ерте жариялаған Хэклепто еңбегінің негізін қалады. Ширек ғасырдан кейін қолжазбаның барынша толық нұсқасының негізінде жазылған тағы бір басылым пайда болды, ол Кембриджде табылған – Рубрук саяхаты жазбалары Перкистің «His Pilgrims» деп аталатын

атақты саяхат жинағына енді. Жиһанкез жазбасының француз тіліне аударылған нұсқасын Бержерон XVII ғасырда жариялады. Содан бері Рубрук еңбегі бірнеше мәрте еуропа тілдеріне аударылып, жарық көрді.<sup>12</sup>

Марко Полоның «Әлемнің әртүрлілігі туралы кітабы» – әлемдегі географиялық жаңалықтар тарихы бойынша ең ірі беделді тұлға, неміс ғалымы Рихард Хеннингтің пікірінше, «барлық ортағасырлық саяхаттар арасындағы ең тамаша» және «шын мәніндегі керемет жаңалық». Марко Поло Қытайға барған тек бір саяхаты емес, екеуі туралы жазған. Алғашқысына ол әкесі мен ағасы – Никколо және Маффео Поломен бірге 1254-1269 жылдары барса, екіншісіне де 1271-1295 жылдары осы үш адам барып қайтқан.<sup>13</sup>

Марко Полоның «Кітабы» – аса сирек кездесетін ортағасырлық шығарма, күні бүгінге дейін оқырманын жоғалтпаған, бір жағы әдеби, өз заманының тарихи еңбегі деп айтсақ та болады. Ол – әлем әдебиетінің «алтын қорына» кірген еңбек. Кітап Еуропаның барлық және тағы да басқа әлемнің бірқатар тілдеріне аударылып, басылған. Ол күні бүгінге дейін әлемнің бірқатар елдерінде бірнеше мәрте қайта басылып жарық көруде. Оның басты ерекшелігі – «Кітап» 1298 жылы жарық көрген кезден бастап, қаншама уақыт өтсе де, оған географ, тарихшы, этнограф және филологтар тарапынан ғана емес, жалпы оқырмандар тарапынан да қызығушылық толастаған емес.

Марко Полоның «Кітабы» кейінгі құрғақ компиляциялардан (біреудің зерттеулерінен құрастырып жазған) қатты ерекшеленеді. Алтын Орданың ханы Берке мен Уектің (Уек) уақытша қоныстары болған Еділ өзенінің орта тұсынан саяхаттарын бастаған ағайынды Пололар оңтүстік-шығысқа қарай Алтын Орда жері арқылы Каспий маңындағы даланы басып өтіп, әрі қарай Үстірт арқылы Үргенішке жетті. Ағайындылар елшімен бірге «солтүстікке және солтүстік шығысқа» бір жыл бойы жол жүрді, солтүстікке қарай бағытталған жолды таңдап алуларының себебі, ол бағыт Орта және Орталық Азия көшпенділері үшін жақсы таныс болатын.

<sup>12</sup> London: Printed for the Hakluyt society, 1900; Beazley C. R. The texts and versions of John de Piano Carpini and William de Rubruquis, as printed for the first time by Hakluyt in 1598 together with some shorter pieces. – London, 1903; Herbst H. Der Bericht des Franziskaners Wilhelm de Rubruk über seine Reise in das innere Asiens in den Jahren 1253-1255. – Leipzig, 1925; Schmidt Fr. M. Über Rubruk's Reise von 1253-1255 // Zeitschrift .der Gesellschaft für Erdkunde zu Berlin, 1885. T. XX. G. 217-255; Olschki Leonardo. Guillome Boucher. A French Artist at the court of the Khans. – Baltimore, 1946.

<sup>13</sup> Қараңыз: Книга Марко Поло. Серия: Путешествия. Открытия. Приключения. – Алма-Ата: Наука, 1990. – 352 с.

Марко ұзаққа созылған осы саяхат туралы өмірінің соңғы 25 жылында бірнеше мәрте әңгіме айтып, оның барлығы қағазға түсіріліп, әлемнің бірнеше тіліне аударылды. Біздің заманымызға дейін соның 80 тізімі жетті. Әрине, мәтіндерінде сәйкессіздік, бірқатар ауытқулар бар, кейбір тараулар көп қолжазбаларда сақталмаған, бірақ бәрінде де сол материалдың мазмұны, өзіне тән стилі сақталған. Марко Поло ақпаратына қатысты замандастарының пікірі біржақты болған жоқ.

Ғалымдар оның қолжазбаларының үш негізгі редакциясының басқа нұсқаларға қарағанда ерекше маңызы бар екенін айтады: 1298 жылы француз тілінде жарық көрген шығарма (Марко Поло әңгімелерінің ең алғашқы нұсқасы, Генуя түрмесінде оның камераласы, пизандық Рустичано жазып қалдырған еңбек); Марко Полоның өзі 1307 жылы француз рыцарына бергені, яғни ол да ежелгі француз тілінде жазылғаны; сонымен қатар Марко Поло өмірінің соңғы жылдары 1320 жылы ескі итальян тілінен латыншаға аударылып жазылып, бүгінге дейін жеткені де бар.

«Кітаптың» алғашқы басылған нұсқасы Марко Поло өмірден өткен соң, жарық көрді. Осылайша, 1477 жылы Нюрнбергде оның неміс тіліне аударылған нұсқасы шықты. Марко Поло «Кітабының» Шемякин орысшаға аударған нұсқасы 1861-1862 жылдары «Мәскеу университеті жанындағы тарих және ежелгі ресей қоғамындағы оқуларда» басылып және бір жылдан соң жеке басылым ретінде жарық көрді. «Кітаптың» алғашқы, шын мәніндегі ғылыми аудармасын орыс тілінде 1880-ші жылдары профессор И.П. Минаев жасады.

Академик В.В. Бартольд Марко Поло шығармаларының орыс тіліндегі И.П. Минаев жасаған және 1902 жылы Орыс географиялық қоғамында «Марко Поло саяхаты» деген атаумен жарық көрген ең мықты аударманың редакторы әрі комментаторы болған, ол «Марко Поло еңбектері - орта ғасыр саяхатшылары мен географтары арасында ерекше орны бар жұмыс» деп жазған. Д.Синордың пікірінше, түркі және моңғол дереккөздері Орталық Азия тарихы бойынша ерекше және аса маңызды топқа жатады. Осы топқа автор түркі руна немесе орхон жазуларын жатқызады. Олар VIII ғасырдағы түркі мемлекетінің қалыптасу тарихын көрсетеді. Д. Синор орхон жазбалары мағынасы жағынан саяси-дидактикалық эссеге жатуы мүмкін; ал формасы жағынан бұл жазбалар осы дәуір және сол кездегі жағдай үшін тым жоғары өркениетті әдеби деңгейдің болғанын аңғартады деді.

Алайда кейін түркі мәдени дәстүрінің үнсіз қалуына оның

сабақтастығының болмауы салдарынан біртіндеп жойылып кетуі себеп болды. Түркі жазба әдебиетінің дамуы «Құтты білік» деп аталатын, шамамен 1070 жылы жарық көрген дидактикалық поэманың жарыққа шығуымен байланысты. Ол Орта Азиядағы ортағасырлық диалектімен жазылғанына қарамастан, жергілікті түркі әдебиетіне жатады, ал мәдени жағынан поэмаға ислам образдарының қатты ықпал еткенін байқауға болады. Ежелгі түркі руна жазуының шығу мәселесін осындай атауды иеленген мақаласында шығыстанушы Дж.Клосон көтерді. Оның пікірінше, түркілердің руна әліппиі бұрын қолданыста болған немесе бірнеше әліппидің негізінде жасалған. Клосонның пікірінше, ежелгі түркілер соншалықты дінге берік болған жоқ. Олардың біразы түрлі кезеңде христиан, манихейлік немесе ислам дінін ұстанды. Сондықтан олардың дінге қатысты ортақ жазбаға деген сұранысы болған жоқ. Осыны ескере келе автор әліппидің діни ролі болмағанын айтады. Сонымен қатар ежелгі түркілер ешқашан саудаға жақын халық болған емес. Түркілер өмір сүрген өңірде сауда жасаған соғдылар мен қытайлардың өз әліппиі болды. Осыны ескере келе Клосон түркі әліппиі түркі әміршілерінің бірінің нұсқауымен басқару қажеттілігі үшін арнайы бұйрықпен, кеңінен хабар тарату үшін емес, коммуникациялық мақсатта жасалғанын айтады.

Белгілі болғандай, Хакасия мен Тувада табылған жазбаларды қайта анықтағаннан кейін олардың V-VI ғасырда пайда болғаны расталды. Алайда кейінгі археологиялық мәліметтер (1960 ж.) олар кейінгі кезеңде пайда болғанын дәлелдеді. Клосон түркі руна жазуындағы ең көне жазба ретінде, VII ғасырдың жиырмамыншы жылдары жарық көрген Тоныкөк жазбасын атайды. Ал Күлтегін мен Білге қағанның ескерткіштерін 830-шы жылдарға жатқызуға болады. Осыны ескере келе, Клосон түркі әліппиінің қалыптасу тарихы VI ғасырдың ортасы мен VIII ғасырдың басында болғанын айтады. Жаңа әліппи түркі тайпаларының арасында тез таралып кетті. Осы әліппидің негізінде тек екінші Түркі қағанаты жетекшілерінің ғана емес, бірінші Ұйғыр қағанаты әміршілерінің бейіті басына орнатылған көктасқа жазу жазылды. Ал осы әліппиді жасаған адамның кім болуы мүмкін деген сауалға жауап беретін болсақ, ол жоғары білімді, фонетикалық қабілеті озық, яғни дыбысты әріп арқылы бере алатын қабілетке ие адам болғанын аңғаруға болады. Бірақ оның түркі болғанына күмәнмен қарайды. Егер ол жоғары білімді түркі болса, ол сол заманда Қытайда ғана білім ала алар еді. Алайда ол әліппиде Қытайға қатысты ештеңенің белгісі жоқ.

Қалай болғанда да түркілердің әліппіінің авторы бірнеше тілде оқып, жаза алатын, өз білімінің негізінде қолдануға қиындық тудырмайтын әліппі жасауға қабілетті адам болғаны анық.

Әрі қарай Дж.Клосон: Орталық Азияда VII ғасырда қолданысты болған әліппілердің ешқайсысы түркілердің қолданысына сай келмегенін айтады, себебі дипломаттар жазылған хатты басқа біреулер оқып қоймас үшін оның құпия ретінде, күрделі сипатта жасалғанын қалаған. Дегенмен ағылшын шығыстанушысы түркі әліппіінің қолданыстағы әліппі негізінде жасалғанын дәлелдегісі келеді. Онда иран (бастапқысының, арамей) әліппіінің элементтері бар. Бастапқы кезде ол әліппі жасаушы үшін еш қиындық тудырмаған. Себебі түркі тілі құрылымы мен заманауи ортапарсы, хорезм және соғды диалектері арасындағы айырмашылық көп емес. Бірақ иран жазбасындағы семит (арамей) қаріптердің тым аз болуы түркі тіліндегі сөздердің дыбыстарын белгілеуге аздық етті.

Ежелгі түркі тайпаларының санына қатысты мәселені өз зерттеуінде венгр түркітанушысы К.Цегледи көтерген. Ол салыстырмалы кешенді зерттеу жүргізу негізінде орхон, қытай, тибет, ұйғыр және араб дереккөздерін салыстырып, «шығыс-түркі тайпаларының саны туралы сенімді дерек жоқ» (**Czegledi, 1972, 276-шы бет**) деген пікірді жоққа шығарды. Осы саладағы бірінші деректі Қапған қағанның қызына 691 жылы орнатылған көктастан табуға болады, ол сол кезде шығыс түркілердің қағаны болып сайланған. Дереккөзде ол «отыз тайпаның қағаны» деп сипатталады. Қапғанның қарамағына қарайтын тайпалардың конфедерациясы орхон жазбаларына сәйкес 9 оғыздан және 12 түркі тайпасынан құралған. Қытай дереккөздерінде кездесетін «тоғыз тайпа» термині мен «тоғыз-оғыздар» термині бірдей мағынаға ие, Цегледидің пікірінше, шын мәнінде ол 18 оғыз тайпасынан тұрған. Ал ұйғыр және басқа да дереккөздер осы конфедерация 9 ұйғыр, 8 оғыз және 1 оғызға жатпайтын тайпадан құралғанын айтады.

Осылайша, Цегледи «он-ұйғыр» және «тоғыз-оғыз» деген түсінік ғұндардан моңғолдарға дейінгі өмір сүрген жүйенің 10 тайпа және оның екі қанаты болып бөлінгенін көрсетеді деген тұжырым жасайды. Осы ежелгі тоғыз-оғыз атты рулық ұйым IX-X ғасырға дейін болған. Осылайша, шығыс түркілерінің жалпы саны 557 жылдан кейін он екіге жетті. Ал батыс түркілерде бастапқы 10 тайпа қалған (ол туралы орхон жазбаларында он оқ деп жазылған).

Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі ортағасырлық



түркі-мұсылман тарихнамасының дәстүрін жалғастырады. Синордың пікірінше, күні бүгінге дейін жеткен түркі тілінің сөздігі түркілер мен арабтардың өзара қарым-қатынас жасауын жеңілдеткен бірқатар лингвистикалық еңбектердің жалғасы немесе жалпыланған түрі десек болады. Махмұд Қашқаридың еңбегін Синор XIV ғасырға дейін қолданыста болған және XVII-XVIII ғасырлар аралығында «Диуани лұғат ат-түрік» негізінде мәнжүрлер құрастырған түрлі сөздіктер (мәнжүр, моңғол, тибет, түркі, қытай тілдері) алтай халықтары әдебиеті тұтастай бір бағытының бастау бұлағы деп санайды. Бұл лексикалық бірліктер алфавит ретімен емес, мағыналық категориясы бойынша орналасқанын білдіреді, олар: қоғамдық қызметтер, әкімшілік, адам, отбасы, әскери іс және т.б. **(Sinor, 1969, 246-247 беттер)**.

Осы дереккөздің 1072-74 жылдар аралығында құрастырылған ерте кезеңдегі түркі диалектологиясының жалғыз ескерткіші ретіндегі ерекше сипаттағы мәніне қарамастан, ежелгі түркілердің діні мен діни танымы туралы жүйелі зерттелген әдебиет ұзақ уақыт бойы жазылмады.

Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі ежелгі түркі тілі бойынша баға жетпес дереккөз бола тұра, түркітілді халықтар мен тайпалардың тарихы, географиясы мен этнографиясы туралы сирек деректерді береді. Сондай дереккөздің бірі – М. Қашқаридың сөздігіндегі ежелгі географиялық карта. Картаның толыққанды сипаттамасында сол замандағы қалалар, ауылдар, өзендер мен көлдер және мемлекеттердің шекарасы көрсетіліп, атаулары жазылған. Зерттеушілер көптеген түркі халықтары (түркімендер, әзербайжандар, өзбектер, ұйғырлар) қазір де сол XI ғасырда жазылған М. Қашқари еңбегінде көрсетілген картадағы аймақтарды мекендейді деген қорытындыға келеді. Осыны қарай отырып, XIII ғасырдағы моңғол шапқыншылығы түркілердің территориялық тұтастығын бұзбағанын, ал картадағы этнопонимика қазақ әдеби тілінің сөздік қорын толықтыра түскенін түсінуге болады.

М. Қашқари түркі тайпаларының сипаттамасын олар құрған қуатты империя көк түркілердің тарихынан бастайды. Түркі топтарының одақ немесе конфедерация ретінде бірлесуі Моңғолияда «түрк» сөзінің көптеген тайпалардың этникалық негізін құрауға ықпал еткен түркі қоғамы деген мағынаны білдіреді. М.Сабир ортағасырларда Орталық Азияда өмір сүрген олардың тарихи ролі мен бірқатарының

сипаттамасына толығырақ тоқталады.<sup>14</sup> Түркі халықтары тілдеріне сараптама жасаған М.Сабир, Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі түркі сөздері, терминдері, мақалдары, грамматикалық ережелерге толы екенін айтады. Ол зерттеушілердің назарын Қашқари өз еңбегін жазу кезінде қолданылмаса да, сөздердің айтылуында нақты роль ойнайтын жеті әріптің алынып тасталғанына аударады.

М. Қашқари өз еңбегінде түркі халықтары тілдерінің түрлі сипатқа ие екенін әрі олардың бірнеше диалектісі бар екеніне назар аударған. Қырғыз, қыпшақ, тухси, ягма, чигил сияқты түркі тілі ана тілі болып саналатын тайпалардың тілдерін қарастыра отырып, солардың ішіндегі ең оңайы оғыз тілі болғанын, ал сауаттылығы жағынан тухси мен ягма ерекшеленетінін айтады. Кейбір диалектілердің бірнеше нұсқасы болған және олардың түрлері өзгерген. Қашқаридың кітабында түркі тайпаларының саны, құрамы мен олардың географиялық орналасуы туралы бөлімі барынша кеңінен сарапталып жазылған. Ұсынылған картада түркілерден бөлек олармен қоныстас орналасқан басқа да мемлекеттердің атауы жазылған. Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегін қайта көшіріп жазған адамның сауатсыздығы мен шалағайлығы салдарынан жасалған қателер, тастап кеткен әріптерге қарамастан, автор осы картаның түркі тайпаларының қоныстануына қатысты географиялық зерттеулер үшін маңызы зор екенін атап өтеді. Қорыта келе «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегі түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті туралы сенімді құжат және түркітану бойынша құнды дереккөз деп жазылған.

Синор біртума түркі әдебиеті дамуының жаңа кезеңі ретінде XIV ғасырдың екінші жартысында жарық көрген Әлішер Науаидың шығармашылығын қарастырады. Орталық Азияда жазба дәстүрмен бірге ауыз әдебиеті де жақсы дамыды. Оған мысал ретінде Синор XIII немесе XIV ғасырларда жарық көрген «Оғыз қаған туралы аңыз» шығармасын келтіреді. Барлық ауыз әдебиетіндегі эпостық шығармаларда жаңа және архаикалық элементтер үйлесім тапқан, бұл өз кезегінде шығарманың тарихи және танымдық құндылығын арттыра түседі. Қырғыздың ұлы «Манас» эпосы да дәл осындай сипатқа ие.

Француздың түркітанушысы Ж.П.Ру XIV-XV ғасырлардағы әйгілі түркі қолжазбасы «Китаби Деде Коркүд» («Менің атам Қорқыттың кітабы») кітабын зерттеген, онда ежелгі түркілердің ислам діні таралғанға дейінгі наным-сенімдері мен Орталық Азиядағы шамандардың ғұрыптары

<sup>14</sup> Sabir M. Turk races, their language // Ceritral Asia. – Peshawar, 1983. N 12. – P.91-120.


көрініс тапқан. Ру екі негізгі сұраққа назар аударады, оның пікірінше оларалтай қауымдастығының діни мәселелерінің негізі болып табылды. Біріншісі, табиғаттың тылсым күштері мен таулардың, ағаштар мен судың пірі бар деп санайтын ежелгі түркілердің ұрпақтары. Олардың полетеизмінің ізі «Менің атам Қорқыттың кітабындағы» дұғалар мен поэмада сақталған. Ру эпостың жекелеген бөлімдеріне жан-жақты талдау жасаған, нәтижесінде онда тек поэтика ғана емес, дүниеге келу, саяхаттау, қайта оралу деген сияқты адам өмірінің маңызды кезеңдері суреттеледі деген қорытындыға келеді. Ғалым ежелгі түркілер тағдыры тікелей табиғатқа тәуелді болғандықтан, табиғатпен үндесіп өмір сүрген деген қорытынды жасайды. Осы арқылы ол адам ұрпағы табиғат күші алдында бас иеді деген поэма мазмұнының негізгі өзегін түсіндіреді. Екіншіден, эпоста жануарларға табыну ерекше орынға ие. Ежелгі түріктер жануарға табынуды олардың адамзаттан күшінің артық және мүмкіндігі шексіз болғандығымен түсіндірген. Эпоста негізінен жылқы, түйе мен қой көбірек мысалға келтіріледі, бұл олардың көшпенділердің экономикалық өмірінде шешуші роль атқарғанын аңғартады. Ру осы наным-сенім кейін орталықазиялық исламда бірқатар дүниелерге табынуға арналған бағыттардың пайда болуына ықпал еткенін айтады. **(Roux, 1976).**

Мұсылман тарихнамасының ортағасырлық тарихи ескерткіштері XV ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттеу нысанына алына бастады, алайда олар эпизодтық сипатқа ие болды. Тек ғылыми айналымға классикалық араб географиялық және тарихи шығармалары енген кезден бастап, XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында Орта Азиядағы түркі халықтарының өміріне қатысты сапалы жаңа зерттеулерге негіз болатын дүниелер пайда болды.

Араб халифаты пайда болған соң және оның айналасына түрлі халықтардың тарих, мәдениет, тіл, дәстүр және салтына қатысты дүниелер тартыла бастаған кезде мұсылмандардың синкреттік мәдениетінің негізі құралды. Сауда және ислам дінінің өкілдері оны Солтүстік-шығыс Еуропаның, Орталық Азия және Қиыр Шығысының ең түкпіріне дейін жеткізді. Арабтардың Орта Азиядағы жаулап алған жерлерді бекітуге деген қажеттілігі мен жауынгер көшпелі тайпалардан сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз етуі оларды ортағасырлық тарихи деректер негізінде зерттеуді қажет етті. Осылайша сол заманның шығармаларында көрініс тапқан халықтар мен тайпалар, сонымен қатар қыпшақтар туралы ақпараттар жиналды.

Орта ғасырлардағы шығыс авторларының көпшілігі өздерінің шығармаларында көне дереккөздерге сілтеме жасаған, ал оны пайдаланбағандары компиляция әдісін кеңінен пайдалану арқылы өз еңбектерінде анахронизм және жекелеген деректерді жеткізуде өрескел қателіктерге жол берген. Осылайша, осындай хабарламалардың авторы немесе оны жеткізушілері кім екенін біле тұра, қыпшақ халқының тарихи дамуына қатысты картинаны бергендердің ақпаратты жеткізудегі шығарма жазылған кездегі дәуір, саяси және әлеуметтік жағдайдың, олардың бір-біріне тәуелділік деңгейін анықтап, қайсысының сенім тудыруға лайық, қайсысының күмәнді, зерттелген дерек пен көшірілгеннің қайсы екенін айыруға болады. Былайша айтқанда, ортағасырлық мәліметтердің дереккөздері қазіргі зерттеушілерден жан-жақты әрі қыруар еңбек етуді талап етеді

Мұсылман дереккөздері тобына араб, парсы, түрік және түркі тілдерінде жазылған тарихи шығармалар кіреді. Синордың пікірінше, Орталық Азия бойынша мұсылман тарихнамасы араб тілінде жазылған Табари (X ғасыр) және парсы тілінде жазылған Гардизидің (XI ғасыр) тарихнамалық еңбектерінен бастау алады. Оның шынайылығы жағынан Синор Бартольдтың ізімен парсытілді тарихшылар арасында



ең бірінші болып ақпаратты алу мүмкіндігі болған жалғыз ғалым Джувейнидің тарихи еңбектерін жоғары бағалайды. Осы автордан бөлек Синор «Әлемнің бөлшектері» (Худуд аль-алам), атты оныншы ғасырда парсы тілінде жазылғанмен, авторы белгісіз шығарманы, сонымен қатар Марвази мен Ибн Фадлан еңбектерімен танысуды ұсынады (**Sinor, 1969, 67-69 беттер**).

Арабтардың Орта Азияны жаулау тарихы негізінен араб, арақідік парсы дереккөздері бойынша белгілі. Мұсылман дереккөзінің осы блогына тән негізгі сипаттама – ислам апологетикасы және Трансоксианиядағы арабтардың

жиады. Орта Азия және Шығыс-тағы барша мұсылмандардың мұсылмандыққа дейінгі және ежелгі ислам тарихын зерт-теуде Наршакидың «Бұқараның тарихы» еңбегінің маңызы зор. Ол парсы тілінен аударылып, 1954 жылы америкалық ирантанушы Р. Фрайдың жетекшілігімен басылып шықты (Frye, 1954).

Ежелгі түркі тарихындағы ең сүбелі дереккөздердің бірі – парсы тарихшысы Гардизи жазған «Зайн әл-Ахбар». Еуропада оның кембридждік (1523-24 жылдар аралығы) және оксфордтық (1781 жыл) көшірмелері танымал. 1968 жылы ирандық зерттеуші Хабиби Гардизидің шығармаларының толық басылымын оған көптеген қосымшалар мен барлық белгілі қолжазбаларын қосып, басып шығарды. Шығарманың барынша маңызды бөлігі – кітаптың үшінші тарауы, онда түркі тайпаларының генеалогиясы, этиологиясы мен қоныстануы туралы деректер бар. Гардизи оғыз, қарлұқ, қимақ, ягма, қырғыз, басрхан, қытай, хазар, еділ бұлғарлары, мәнжүр, алан, сонымен қатар саклаб, русь және сарирлар туралы деректер беріп, олардың аттарын қолданады. Гардизи шығармасының осы бөлігі Орталық Азия, Тибет, Қытайдағы дала халықтарымен араласқан парсы және араб көпестерінің аузынан жазып алған әңгіменің негізінде жазылған. Гардизи кітабының бірінші тарауының бөлімі «дала халқы» оғыздарға арналған, онда түркілердің пайда болуы туралы аңыз жазылған. Осы тарауда түркі тайпаларының жалпы сипаттамасы туралы ерекше кіріспе бар. Гардизи түркілердің арасында көк көзді және сары шашты адамдар кездеседі деген этиологиялық аңызды мысал етеді. Гардизи батыс түркілер (тоғыз-оғыздар, қарлұқтар, қимақтар, ягмалар) басқа түркі тайпалары арасында жетекші рольге ие болды деген ұстанымда. Парсы авторы соңғы үшеуіне ерекше назар аударған. Қазіргі заман сыншы Гардизи Цегледі айтқандай, «Зайн әл-Ахбар» болмаса, ежелгі түркілер тарихын жаңғырту мүмкін болмас еді» (Czegledy, 1973).

X ғасыр – араб географиялық әдебиетінің гүлденген дәуірі. Осы кезеңнің ең танымал зерттеушісі – Орталық Ираннан шыққан араб географы әрі жиһанкез әл-Истахри (X ғасырдың бірінші жартысы). Оның «Мемлекет жолының кітабы» деп аталатын еңбегі (Китаб масалик ал-мамалик) – біздің заманымызға дейін жетпеген әл-Балхидің географиялық еңбегінің көне, өңделген және толықтырылған нұсқасы. Кітапта Шығыс Еуропа туралы қызық деректер бар, онда рус, хазар, булгар, буртастардың өмірі сипатталады. Бірақ маңызды ақпарат

қимақтар турасында, қазіргі Қазақстан аумағын мекендеген оғыздар, қарлұқтар туралы да мәлімет бар.

Әл-Истахри және Ибн Хаукал еңбегінің маңызды бөлігі – «Жердің келбеті» (Сурат ал-ард) деп аталатын географиялық карта. Онда түркі тайпаларының өмір сүрген жерлері көрсетілген.<sup>15</sup> X ғасырда Қазақстанның болашақ аумағы арқылы Абу Дулаф атты араб жиһанкезі жүріп өткен. 942 жылы Абу Дулаф Қытай мен Үндістанға сапар шегіп, өз замандастары арасында жиһанкез ретінде танымал болды. Саяхаты туралы естелік айтқан Абу Дулафтың көрген-білгені кейін «Жазбалар» (Рисала) деген атаумен жарық көреді. Онда қимақ, оғыз, қарлұқ, чигип және т.б шаруашылығы, діні, тұрмыс салты туралы ақпарат бар. Онда жиһанкездің өз көзімен көргенінен бөлек, жергілікті халықтан естігендері де жазылған.<sup>16</sup>

Аса құнды тарихи құжат ретінде Бағдат қаласында туған араб географы және тарихшысы әл-Масудидің (X ғасыр) шығармасын атап өтуге болады. Оның негізгі дереккөзі - Үндістаннан бастап Атлант мұхиты, Қызыл теңізден бастап Каспийге дейін жасаған саяхаты кезінде түрлі халық өкілдерімен бетпе-бет сұхбаттаса жүріп жинаған ақпараты.

Оның «Алтын жуатын жер және асыл тастардың кеніші» (Мурудж аз-захаб ва-маадин ал-джавахир), «Өсиет және қайта қарау кітабы» (Китаб ат-танбих ва-л-ишраф) сияқты тарихи және географиялық шығармалары - қимақтар, оғыздар, қарлұқтар, барсхандар, хазарлар, тоғыз-оғыздар туралы және Қазақстанның ерте ортағасырлық тарихи географиясы бойынша құнды мәліметтер жинағы.

Әл-Мұқаддасидің (947-1000) жеке бақылауларына іліккен дүниелерге негізделген тарихи-географиялық мәліметтер оның шығармаларында маңызды орынға ие. Араб географы және саяхаттаушысы, Иерусалимнің тумасы, әл-Мұқаддаси Шығыстағы мұсылман елдерінің барлығын дерлік аралаған. Оның 985 жылы құрастырылған «Климатты тануға арналған ерекше бөлім» (Ахсан ат-такасим фи марифат ал-акалим) атты кітабы Орта Азия және Қазақстан

<sup>15</sup> Ал-Истахри. Ал-Масалик, ва-л-мамалик. – Каир, 1961. – С. 18; Материалы по истории киргизов и Киргизии. – М., 1973. Вып. 1. – С.16, 25; Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов. С.74-79. Ibn Haukal. Opus Geographicum. Liber imaginis terrae. – Lugduni Batavorum, 1938-1939 (BGA). T.I-II; Ахмад Суса. Ал-Ирак фи-л-хаварит ал-кадима. – Багдад, 1958. Карты № 15-19; Кумеков Б.Е. Государство кимаков. – С.62-64.

<sup>16</sup> Пантусов Н.Н. Сведения арабских географов о Средней Азии // Известия общества археологии, истории и этнографии при императорском Казанском университете. – Казань, 1909. Т.XXV, вып. 5. – С.1 25-131; Rohr Sauer A. Des Abu Dulaf Bericht über seine Reise nach Turkestan. China und Indien. – Stuttgart, 1939; Кумеков Б.Е. Государство кимаков. – С.17, 67

халқы тайпаларының құрамы, қалалар мен елдімекендер, сауда жолдары және сауданың түрлері, шаруашылық және діннің таралуы, тіл және дәстүр туралы толыққанды құнды деректер және олардың сипаттамасын береді. Онда мұсылман облыстары болған қалалар Түркістан, Сауран және Шағылжанның қимақтар, яғни қыпшақтар қоныстанған елдімекенмен шекаралас болғаны жазылады.<sup>17</sup>

Азия көшпелі халқы тарихы, нақтырақ айтсақ, қыпшақтар туралы жазылған ерекше шығарма ретінде – 1182-1184 жылдары Текеш хорезмшахы билік құрған кезде жарық көрген құжаттар жинағын айтуға болады. Осы құжат авторы хорезмшах кеңсесінің басшысы әл-Бағдади кітабын «Іскер қатынастарға қол жеткізу» (Китаб ат-тавассул ила-т-тарассул) деп атаған. Кейбір құжаттарда Текеш пен қыпшақтардың қарым-қатынасы туралы қызықты деректер келтіріледі<sup>18</sup>, қыпшақ руы мен хорезмшах арасындағы құдалық байланыс туралы маңызды материал бар, қыпшақ сарбаздарының хорезмшах тобына қызметке алынуы және олардың исламды қабылдауы, дала билігі үшін қыпшақ хандары арасындағы өзара күрес, Құдайға сенбейтін қыпшақ хандарына қарсы хорезмшах пен қыпшақ әскерінің бірлесіп шабуыл жасауы, қыпшақтарда жазу мәдениетінің болғаны туралы деректер бар.

XII ғасырдағы селжүк сарайы тарихнамасының көне нұсқасы ретінде әл-Хусейнидің «Селжүк мемлекеті туралы хабарлама» (Ахбар ад-даулат ас-салджукия) кітабын атауға болады, онда сол заманда билікте болған селжүк династиясының тарихы жазылған. Көп жері көшіріліп жазылғанына қарамастан, әл-Хусейни шығармаларында селжүктермен қоныстас өмір сүрген династия (Қарахан, Хорезмшах) және қыпшақ халқы тарихы туралы бірқатар ерекше деректер бар.<sup>19</sup>

Парсы ақыны Низамидың «Ескендір туралы кітап» (1140-1202) поэмасында (Искандер-наме) қыпшақтардың діни дәстүрімен байланысты қызықты деректер бар, солардың бірі – тас мүсіндерге табыну.<sup>20</sup>

<sup>17</sup> Al-Mokaddasi. Descriptio imperii moslemici. – Lugduni Batavorum, 1877 (BGA, III) P.274; МИТТ. Т.І. С.185; Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов... – С.74; Кумеков Б.Е. Государство кимаков...С.67-68.

<sup>18</sup> Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Тексты. – СПб., 1898. Ч.1. – С.23-47; Багдади. Китаб ат-тавассул ила-т-тарассул. – Тегеран, 1315 х. (1936); Бартольд В.В. Соч. Т.1. – С.403-407.

<sup>19</sup> Садр ад-дин Али ал-Хусейни. Ахбар ад-даулат ас-селджукиййа (зубдат ат-таварих фи ахбар ал-умара ва-л-мулук ас-селджукиййа) («Сообщения о сельджукском государстве», «Сливки летописей, сообщающих о сельджукских эмирах и государствах»). – М., 1980.

<sup>20</sup> Низами. Искандер-наме. – Баку, 1940. – С.315-318. (ср. изд. Баку. 1983); Бартольд В.В. Соч. – М., 1966. Т.ІV. – С.39.

Моңғол шапқыншылығының алдында шығармашылықпен айналысқан Мүбәрак-шах Марверрудидің (1206 жылы қайтыс болған), Ауғанстан және Солтүстік Үндістанды басқарған гурид сарайында өмір сүрген. Ол «Шежіре туралы кітапты» жазған (Китаб ал-ансаб), онда түркі тайпалары, олардың тілі, жазуы, болмысы, мәдениеті және кейбір этнографиялық деректері туралы қызықты әрі маңызды деректер бар. Әсіресе, қыпшақтар туралы жазылған, түркілердің тайпалары туралы толық тізімі маңызды. Осы тізім ғылыми айналымға 1920 жылы енгізілгенмен, оған жан-жақты этно-тарихи сараптама жасалған жоқ. Марверрудидің айтуы бойынша, түркі тайпаларының құрамына «түрік, қимақ, киркиз, қарлұқ, чикиль, анмур (аймур), харлұх, киник, йаги, салук, халадж, үгүз, хита, гай, ұрус, кай, уран, нұхси (гүхси), гигаг, кара гибат, саклай (саклаб), кимджи, кнмак, хазар, кара хазар, кифджак, алтай, куджаг, биджинак, үгул, сатик, сугук, татар, кара гагар, канклы, баргу, гүэ, кара гур, гогүзгүэ, ягма және агма, аракун (аракир), каик, салгир, йаэгиз (йазгир), рукур, байандур, алайандулук, үгур, гүгрлк, байаг, гүтурга, дуджиран, суййк, йабагу, афшар, бекдиз, бандали, икба, аткук, луузгара, урул (урал), ларталак, басмил, ильбарсхан» кірген.<sup>21</sup>

Сирияның әйгілі энциклопедист-ғалымы алдымен Сирияда, кейін Бағдатта тұрған Якут (1179-1229) өмірінің денін саяхат жасаумен өткізген. Оның «Елдер тізімі» (Муджам ал-булдан) деп аталатын еңбегінде Шығыс және Батыс халықтарының географиясы, тарихы, этнологиясы, лингвистикасы және сипаттама географиясы, фольклоры және әдебиеті, рухани және материалды мәдениеті туралы мол мағлұмат қамтылған.

XIII ғасырдың басына дейінгі Түркістан мен Еділ бойында көшіп-қонып өмір сүрген халықтардың өмірі туралы толыққанды, қызықты мәліметтер жетеді, олардың арасында қыпшақтардың өмір салтына кеңірек тоқталған. Якуттың жазбаларының арқасында тұңғыш рет Дербент пен Батыс Дешті Қыпшақ арқылы өткен моңғол жауынгерлерінің шабуылы туралы деректер жеткен. Олар алан, бұлғар, Саксин, Қырымға дейін ен жайлаған қыпшақтардың жерін тартып алған.<sup>22</sup>

<sup>21</sup> Tarikh-i Fakhr ud-Din Mubarakshn being the historical introduction to the Book Genealogies of Farhud-Din Mubarashan Marvarrudi completed in A.D. 1206. – London, 1927. - P.XII-XV, 47; Умняков И.И. «История» Фахреддина Мубарякшаха // ВДИ. 1938. Т.1 (2); Ахмедов Б.А. Значение письменных памятников в изучении истории узбеков // Материалы к этнической истории населения Средней Азии. – Ташкент, 1986. – С.25.

<sup>22</sup> Yacuts s geographisches Wörterbuch. – Leipzig, 1886-1873. В. I-VI; Бартольд В.В. Соч. Т.1.



Орта Азиядағы Шағатай дәуірінде жазылып (XIII ғасырдың ортасы - XIV ғасырдың басы) бүгінге дейін жеткен жалғыз тарихи шығарма – Шығыс Түркістандағы Алмалық қаласының тумасы, белгілі филолог, тарихшы және жиһанкез Жамал әл-Каршидің «Ас-Сурах сөздігіне қосымша» (Мулхакат ас-Сурах). Бұл еңбек моңғол шапқыншылығына дейінгі және кейінгі Мәуреннахр мен Түркістан тарихының негізгі дереккөздерінің бірі болып саналады. Онда Сырдария бассейні маңындағы қалалардың мәдениеті, қыпшақтар мен басқа да түркі тайпалары мекендеген жердегі моңғол басқыншылығына дейінгі және кейінгі жағдай туралы аса маңызды деректер бар.<sup>23</sup>

«Құрлық пен теңіздегі жабайы тірлік туралы уақыт таңдауы» (Нухбат ад-дахр фи аджаиб ал-бар ва-л-бахр) атты үлкен космографиялық еңбегінде суфизмге ерекше ықылас танытатын сириялық ад-Димашки (1301-1349), IX-XI ғасырлардағы дәстүрлі бағыттағы араб авторларының еңбегіне сүйене отырып, түркі халықтары мен олардың қоныстануы туралы құнды тарихи-этнографиялық мәліметтерді береді. Қыпшақтардың дінге бет бұруы, этнографиясы және олардың этникалық құрамы туралы деректер ерекше қызығушылық тудырады. Ад-Димашки қыпшақ тайпалары құрамын: барлу, түксоба, ийтаба, барат, аларис, бурджуглу, манкуруглу, иймак және ұсақ тайпалар: таг, башқұрт, куманлу, бузанки, баджана, карабурклу, аз, джарган және т.б деп таратады.<sup>24</sup> Текстологиялық талдау көрсеткендей, берілген тізімге шығыстан Еділ өзеніне дейінгі аралықты мекендеген қыпшақтар бірлестігіне енген тайпалар кірген.

Ибн Халдун (1332-1406) «Бастау жинағындағы өсиет кітабы» (Китаб ал-ибар ва диван ал-мубтада...) атты тарихи кітап жазған.<sup>25</sup> Ол Тунисте өмірге келген, 1382 жылы Мысырға қоныс аударған. Шығармада қыпшақтар туралы қызықты деректер бар, қыпшақтар және басқа да түркі тайпалары арасындағы әулетаралық араздық, жанжал, Орта Азияның солтүстік және батыс аймақтарындағы олардың әлеуметтік құрылымы, шаруашылығы туралы мәліметтер беріледі. Автордың пікірінше, қыпшақтар жылқы тұқымын жақсартумен айналысқан. Моңғолдардың Дешті Қыпшақтың батыстағы жеріне шабуыл жасауына байланысты Ибн Халдун токсоба және дурут атты қыпшақ тайпалары

<sup>23</sup> Джамал Карши, Мулхакат ас-сурах. Рук. ИВ АН СССР (В-514. 430а); Бартольд В.В. Туркестан в эпоху монгольского нашествия. Тексты. Ч.1. С.128-152.

<sup>24</sup> Mehren A.F. Cosmographic de Chems-ed-din Abou Abdallah Mohammed ed. Dimichqui. Texte arabe. – SPb., 1866.

<sup>25</sup> Ибн Халдун. Китаб ал-ибар ва диван ал-мубтада ва-л-хабар фи аям ал-араб ва-л-аджам ва-л-барбар. – Булак, 1867-1868. Т.1-7.; Ibn Khaldun. The Muqad-dimad. An Introduction to History. – New York, 1958.V.1-3.

арасындағы ескі дүрдараздық туралы әңгімені мысал етеді. Ондағы сюжет қыпшақ қоғамындағы ішкі жанжалдардың қандай сипатқа ие болғанынан хабар береді. Әулетаралық келіспеушіліктер мен кикілжіңдер сырттан төнген қауіп кезінде тоқтамай, өрши түскен.

Ибн Халдун өз еңбегінде түркі тайпаларына қатысты тізім ұсынады, оның ішінде қыпшақтарға қатысты дерек келтірілген. Оның айтқаны: «Біз оларды кітап басында (түркі) деп анықтадық, олар токуз-огуздар, татарлар, итаи, Тамгаш жерінде болған қарлұқтар, гуздар, халадждар, гурлар, хазарлар, қыпшақтар, хифшах, иймек, аллак, ширшеш (түргеш) және азкиш».


Айта кету керек, берілген тайпалардың тізіміне қатысты қандай да бір сыни дереккөздер жоқ. Ибн Халдунның этникалық хабарының аз болғаны байқалады. Ар-рус, аллан, хитай, татарларды түркі ретінде атрибуциялау – ортағасырлық тарихи-географиялық әдебиетке тән қате. Автор сонымен қатар қыпшақ тайпаларының ан-Нувайридiкiмен бiрдей тiзiм ұсынады, өз кезегiнде Ибн Халдун редакциясында Ибн Думактың (1407 жылы қайтыс болған) тарихи шығармаларында көрсетiлген тайпалардың тiзiмi жарияланған.

Моңғолдар 1258 жылы Араб халифатының астанасы Бағдатты жаулағаннан кейiн және оны Иранның Хулагу ұлысының құрамына қосқалы моңғол қызметiне көптеген парсы шенеунiктерi алынған, олардың арасында мемлекеттi басқару және салық жинау мақсатында қызмет еткен тәжiрибелi қаржыгерлер болған. Олардың арасында шығыс Иранның Джувейн елдiмекенiнен келген Шамс ад-Дин және Ала ад-Дин есiмдi ағайындылар да бар. Ала ад-Дин Джувейни Бағдат билеушiсiнiң өкiлi болған (оның ағасы сахиб-диван, яғни қаржы министрi қызметiн атқарған); оның қолынан қираған қаланы қалыпқа келтiру келген. Джувейни атқарған қызметi аясында моңғолдар басып алған аймақтарда көп саяхаттаған, олардың жорықтарына қатысқан куәгерлермен көп әңгiмелескен. Осының негiзiнде ол Шыңғыс ханның билiгi және оның мұрагерлерiнiң жорықтары туралы ерекше материал жинақтаған. Осы деректердi Джувейни «Тарих-и джихангушай» (Жаһанды бағындырушының тарихы) атты кiтап етiп басады, онда XIII ғасырдың бiрiншi жартысында Венгриядан Кореяға дейiнгi оқиғалардың желiсi рет-ретiмен баяндалады. Осы дәуiрде болған оқиғалардың анық-қанығы, нақты деректер Ала ад-Дин Джувейни жазған еңбектiң арқасында бүгiнге дейiн жеттi.

Шыңғыс хан дәуiрiн зерттейтiн тарихшылар үшiн Джувейни жазған

еңбектегі ең құнды дүние – олар құрған мемлекет сипаты туралы дерекке толы материалдардың болуы. Мәселен, атақты Яса – моңғол империясы заңдарының жинағы, онда моңғол әскерінің өнері және олардың әскерінің құрылымы туралы жазылған. Джувейни шығармаларында моңғол жауынгерлерінің сипаты жеке сюжет ретінде берілген. Алғаш рет онда моңғол әскерінің құрылымы ондық жүйесі бойынша түсіндіріледі. Алайда Джувейни әскер басшылары жүйесі туралы айтқанда өзіне жақын «әмір» (түмен әмірі, ондық әмірі және т.б.) сөзін қолданады. Жалпы алғанда Джувейни шығармалары моңғол дәуіріндегі ең маңызды дереккөздердің бірі болып саналады.

Түркі тарихы, сонымен қатар Орта Шығыс және Оңтүстік Азия бойынша маңызды дереккөз – Ұлы Моғол империясының негізін қалаушы Захируддин Мұхаммад Бабырдың (1483-1530) «Бабырнама» атты еңбегі. Осы еңбек 1520-30 жылдар аралығында жазылған деген дерек бар, бастапқыда ол «Оқиға» деген атаумен (Ваки-ат-и Бабури) белгілі болған. Бабырдың туған жері – Әндіжан; оның әкесі Умар Шейх Мырза Темір әулетінен тараған Әбу Саид Мырза сұлтанның кіші ұлы, ол Ферғана даласын Әндіжандағы орталығымен бірге апанаж ретінде ұстаған. Онымен қатарлас дереккөз ретінде «Акбар-намені» айтуға болады. Ол – XVI ғасырда өмір сүрген Үндістанның тарихшысы, әрі саяси қайраткері Абу-л Фазл Алламидің ескерткіш ретінде қалдырған еңбегі. Оның еңбегі – Ұлы Моғол империясының негізін қалаған Акбар патшаның өмірі мен оның дәуірі туралы толғау. Тарихта «Акбарнаме»



сияқты мағынасы мен жазылуы жағынан ерекшеленетін шығарма аз. Өйткені тарихта Акбар сияқты мемлекеттің негізін қалаған тұлғалар санаулы болған. Бұл дереккөз бізді ең алдымен моңғол және Темір әулеті билік құрған дәуірмен байланысы бар оқиғаларды сипаттағандықтан қызықтырды (**Абу-л Фазл Аллами, 2003. 4-14-ші беттер**).

Ең үздік биобиблиографиялық жинақ – парсы және түркітілді жазба шығармалардың басын қосқан (барлығы 34), XIII-XVIII ғасырлардағы Қазақстан мен Орталық Азия (Орта

Азия және Шығыс Түркістан) тарихы мен мәдениеті бойынша шолу формасы негізінде материалдары бар, авторлар туралы ақпарат қамтылған, оның шығу уақыты көрсетілген, сол замандағы әлеуметтік-саяси жағдайға сай, мазмұны мен ерекше ақпараты, сонымен қатар әр шығарманың ғылыми маңызы туралы жазылған М.Қ.Әбусейітова, Ю.Г.Баранова сияқты қазақстандық шығыстанушылар бірлесіп жазған еңбек.<sup>26</sup>

Синор қиыр шығыстық деп атайтын, Орталық Еуразия тарихының тарихнамасы жүз пайыз қытайдықы. Алғашқы қытай анналы, яғни тарихи оқиғалардың жылға бөлініп жазылуын, осы сюжетке қатыстысын Синор біздің заманымызға дейінгі 100-ші жылға жатқызады. Ол танымал дереккөз – «Ши-чи», оны сонымен қатар «Көктем мен күздің сипаттамасы» (Ch'un-ch'iu) деп те атайды. Синор қытай тарихнамасының мынадай өзіне ғана тән ерекшеліктеріне тоқталады: ұзақ тарихи дәстүр, консерватизм, инновация мен әдістемелік жаңартуға келмейтіні, бюрократтық сипат, клишенің басым болуы (топой), конфуциандық дәстүр, шын мәнінде болған оқиғаны жазу емес, болуы тиіс дүниені «актерлер өзгереді, ал уақыт тоқтаусыз жүре береді» деген принциппен жазған. Шын мәнінде бір оқиға қайталанып жазыла берген, тек адамдардың аттары ғана өзгерген. Сондықтан да Синор қытай дереккөздерін пайдаланғанда сақтық танытқан жөн деп ескерту жасайды.

Синор қытай дереккөздерінен көшпенділер туралы жазылған үзіндіні мысал ретінде келтіреді: «бұл жабайылар тек жайылым мен суды іздеу мақсатында қозғалады; олар меншік және құқық деген түсінікті мүлде білмейді, оларды тек өздерінің ішіп-жейтіні ғана қызықтырады» және т.б. Сонымен, Синор мынадай қорытынды жасайды, қытайдың дәстүрлі жылнамасындағы көшпенділер конфуциандық моральға қарсы; заманауи тілмен айтқанда олар «басбұзарлардың» ролін ойнайды **(Sinor, 1969, 63-64-ші беттер)**. Алайда, Синор қытай анналдарындағы мынадай бір артықшылықты атап өтпесе болмайтынын айтады. Ол – тарихи әдістеме негіздерін «Стандарттық тарих» стилінде жасау (чен-ши), олардың жалпы саны жиырма төрт. Бұл жағдай көптеген тарихи сілкіністер болғанына қарамастан, «мемлекет талқандалса да, оның тарихы сақталады» дейтін ұстаным бойынша, қытай тарихнамасындағы сабақтастықты сақтап қалуға көмектесті.

<sup>26</sup> Абусейітова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии XIII-XVIII вв. (библиографические обзоры). – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 426 с.

Қытай тарихнамасы бойынша маманданған Г.Франкенің пікірінше, алғашқы мыңжылдықтың соңы мен он төртінші ғасырдың ортасына дейінгі, яғни Аспан асты еліндегі моңғолдардың үстемдік еткен заманы артта қалғанға дейінгі аралықтағы қытай анналы тарихшылар үшін ерекше қызығушылық тудырады. Сонымен қатар, Қытайдың тарихи дәстүрі Қытай тарихындағы көшпенділердің ролі туралы жатжерлік династия жазбаларының арқасында көпшілікке таралуына мүмкіндік береді. Синордың пікірінше, кем дегенде бес алтай династиясы, яғни түркі-моңғол тегінен тарағандар Аспан асты елін кемі 950 жыл бойы билеген.

Ғұн дәуірі қытай дереккөздерінің арқасында белгілі. Бұл - ежелгі қытай «Ши Цзи» династикалық хроникасының тарауы (Сыма Цяньның тарихи жазбалары, «Хань Шу» (Хань династиясының тарихы) – Бань Гу, «Хоу Хань шу» (Хань династиясының кейінгі тарихы) – Фань Е, «Шицзин» (Әндер кітабы). Осы мәтіндер 1958 жылы жарық көрген «Лидай гэцзу чжуаньцзи хуйбянь» (Түрлі тарихи дәуірдегі халықтар туралы деректер жинағы, 1-том. Бейжің) жинағында басылған.<sup>27</sup> Сыма Цянь – әйгілі «Тарихи жазбалардың» авторы, ол бірінші болып ғұн мысалында Қытайға қарсы күрескен кездегі көшпенділердің стратегиясын сипаттаған.

Сақтар мен скифтер әлемдік аренаға Орталық Еуразиядағы халықаралық қатынастардың Орта және Таяу Шығыс, Жерорта теңізі маңындағы мемлекеттерге серпін беретін ықпалды компоненті ретінде шыққан кезде, басқа халық Орталық Еуразияның шығысында дәл осындай роль атқарды. Д.Синордың пікірінше, скифтер Батыста қандай роль ойнаса, қытайлар үшін ғұндар да дәл сондай болды. Қытай хроникасынан алынған үзінділерге сәйкес, ғұндар біздің заманымызға дейінгі IV ғасырдың аяғында қытай ойкуменаны батысқа қарай белсенді түрде ығыстыра бастады. Сондықтан да ғұндарға қарсы қытай императоры Чень Ши Хуандзи 221-210 жылдар аралығында Ұлы Қытай қорғанын соқтыртты.

Екі жүз жыл бойы қытай хроникалары ғұндар мен қытайлар арасында толассыз соғыстар, шабуылдар, бейбіт келіссөздердің болғаны туралы жазады. Қытай императоры біздің заманымызға дейінгі 162 жылы деп белгіленген құжатта ғұндардың шаньюйіне (жетекшісіне) тең дәрежеде қатынасады; басқа да шаруашылық сипаттағы құжатта ханьдықтар өздерінің көшпелі көршілеріне салық төлеп тұрғаны

<sup>27</sup> Қараңыз: Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Т.1. – М.-Л., 1950.

туралы ақпарат бар. Венгр ғалымы Х.Эцеди қытай хроникаларын зерттей отырып, Түркі қағанатындағы саяси құрылымның құрылымдық және тарихи ерекшеліктерін зерттеу мүмкіндігіне ие болды. 552-744 жылдар кезеңінде Түркі қағанатының гүлденген тұсын Эцеди «Чжоу-шу» (Чжоу династиясының тарихы), «Суй-шу» (Суй династиясының тарихы), «Бей-ши» (Солтүстік династиясының тарихы), «Синь Таншу» (Тан династиясының жаңа тарихы), «Тан-гуй-яо» (Тан династиясының тарихына шолу) негізінде зерттейді. Осы дереккөздердің барлығы ежелгі түркілердің әлеуметтік құрылымын қайта қалпына келтіруге қажетті материал болып табылады.

Қытай тарихшыларының VI ғасырдың орта тұсына жататын, олар туралы алғашқы қысқа жазбаларында, түркі тайпаларының ядросы қытайдың әлеуметтік терминімен жазылған. Осылайша Эцеди, қытайдың дереккөздеріндегі қысқа деректер ежелгі түркілердің әлеуметтік құрылымының дамуындағы мынадай картинаны беретінін айтады: патрилиниялық (лат. *pater* «әке» + *linea* «линия») (қуатты кезең) – матрилиниялық (уақытша, әлсіз кезең) – қайтадан патрилиниялық (әлсіздікті еңсергеннен соңғы және қайта өрлеу кезеңі).

Тайпаларды анықтайтын белгілерге қатысты Эцеди түрлі себептерге байланысты олардың өз атауы да (ол тайпалардың алғашқы өмір сүру кезеңіне тән, ал экспансиядан кейін ол барлық көшпелі империяға таралып, оның этнонимі болып кетеді) алып жатқан аумағы да (ол тұрақты фактор болған жоқ), туысқандық қатынастары да (тайпалар туысқандық топтарға негізделгенмен) қандай да бір дін не культқа қатысты ұстанымы да (олар ешқашан да тайпа конгломераты немесе көшпелі империя діні немесе культына айналған емес) анықтауыш себеп бола алмайтынын түсіндіреді. Осы факторлардың әрқайсысы тайпалардың даму кезеңдерінде тек белгілі бір уақытта ғана маңызды роль атқарған, алайда қағанат заманында осы белгілер негізінде көшпелі қоғамды анықтау қиынға соғады. Түркі қағанатының тарихы өзінің жері мен жетекшісінен айырылған тайпаның өз бетімен өмір сүре алмайтынын көрсетеді. Бұл тайпаның тайпа екенін анықтайтын негізгі фактор тек қолдағы мал емес, сонымен қатар тайпаның экономикалық негізі болып саналатын оның қоныстанған жері мен шабуылға шыға алатын ер азаматтарының бар болуы екенін көрсетеді. Басқа да тайпалармен қақтығысқанда тайпа мекендейтін жерді, оның иелігіндегі малды қорғау жауапкершілігін нақты солар ғана иеленді. Қытай дереккөздеріне сүйенсек, сол кезеңде мал жекелеген

адамдардың емес, жалпы тайпаның иелігіндегі меншік болды, сол себепті ең алдымен жылқы малына бірдей ен салынды.


Қытай дереккөздерінен ғұндар біздің заманымызға дейінгі бірінші ғасырда өзара ішкі тартыс кезеңін бастан кешкенін білуге болады, оған хань билігіндегілер белсенді түрде араласқан. Шамамен 400 жылдары жаңа жуань-жуань көшпелі империясының пайда болуы тек қытай дереккөздері арқылы ғана белгілі, бірақ жуань-жуань туралы ақпараттың көпшілігі оның дұрыс қабылданбауына негіз болады (**Sinor, 1969, 98-ші бет**). Қытай дереккөздері жуань-жуаньдардың пайда болуына қатысты екі түрлі нұсқа айтады: біріншісіне сәйкес олар ғұндардан тарайды, тағы бірі оларды тун-ху, яғни шығыстық жабайылардың ұрпағы деп санайды.

Қытай дереккөздеріне талдау жасау Эцедиге малшы-көшпенділер тайпасының негізгі сипатын анықтауға мүмкіндік берді: а) жалпы территория; б) бірлескен (жалпы) қарулы жасақ; в) жалпыға ортақ мал. Бұл белгілер белгілі бір деңгейде көшпелі тайпалар арасындағы бірліктің берік болғанын аңғартады, әрине оның төтенше кезеңде қол жеткізілгенін және уақытша болғанын да ескеру керек. Сондықтан да Эцеди Түркі қағанатының көшпелі тайпалары ең алдымен экономикалық бірліктері үшін күресті, өйткені олардың өмірінің экономикалық тұсы мен оның мәні көшпелі экономиканың нақты шарттарына тікелей тәуелді болды. Жабық топты құрудан бұрын, олар тайпа құрамына кірем деуші басқа да тайпаларды осы экономикалық және мәдени салаға тартып, ашық жүйе құрды (**Escedy, 1972, 269-шы бет**). Қытай дереккөздерінен көшпелі тайпалардың сандық құрамы туралы ештеңе таба алмайсыз, бірақ тайпаның көлемі оның тағдырына тікелей әсер етті: тайпадағы адам санының шектен тыс көп болуы оны экспансияға алып келді, ал қалыптасқан деңгейден аз болуы оның жойылуына ықпал етті.

Австралиялық қытайтанушы Колин Макеррас 1968 жылы ұйғырлар туралы жазылған қытай дереккөздері негізінде «Цзю Таншу» (Тан әулетінің ескі хроникасы) және «Синь Таншу» (Тан әулетінің жаңа хроникасы) деп аталатын 744-840 жылдары жарық көрген еңбектерден аударған тарауларға бірқатар ескертпелер жазған. Макеррас «Тан династиясының хроникасы бойынша ұйғыр империясы» атты өз басылымының кіріспесінде ғасырлар бойы Қытай сыртқы саясатының ең маңызды міндеті Орталық және Шығыс Азиядағы жауынгер көшпелі халықты тежеу және ұрымтал тұста оларды өз қажеттілігіне қарай пайдалану болғанын жазады.

VII-IX ғасырларда осындай халық Тан династиясының тағдырында маңызды роль ойнаған ұйғырлар болды.

Макеррас қытай дереккөздерінің ерекшелігін атап өтеді: олар Қытай тарихы үшін аса маңызды басқа да халықтар туралы деректерді қамтиды, бірақ кейде осы халықтардың тарихы үшін екінші деңгейлі деректерді де қамтиды. Мысалы, династиялық хроникада ұйғыр халқы тарихы үшін аса маңызды емес болып табылатын ұйғыр халқының Ань Лушань көтерілісін басуға қатысуы туралы ерекше назар аударып жазса, олардың тарихындағы аса маңызды оқиға манихейлікті қабылдау туралы бірде бір сөз жазбаған. Қытай дереккөздерінің осындай кемшіліктері ондағы деректерді толықтырып және нақтылап бергенімен олқылықтың орнын толтырады. Басқа да дереккөздердің мардымсыз болғанына байланысты олар қағанат кезеңіндегі ұйғырлардың тарихын зерттеуге арналған негізгі дереккөз ретінде қарастырылады.



Макеррас қосымша ретінде 744-840 жылдарға дейінгі кезеңдегі ұйғыр қағандарының тізімін олардың Қытай императорларынан алған лауазымдарын көрсете отырып, Қытай ресми терминдерінің сөздігіне, түркіден таралған ұйғыр титулдарының тізімі, 1911 жылға дейінгі мәселелер бойынша қытай дереккөздері,

жапон дереккөздері, сонымен қатар үлкен ғылыми-анықтамалық материалдарға қосқан **(Mackerras, 1968)**.

Ұйғырлардың тарихы 840 жылы Ұйғыр қағанатының күйреуімен аяқталған жоқ, оны неміс зерттеушісі Э. Пинкстің «Ганьчжоу ұйғырлары Сун дәуірінің ерте кезеңінде (960-1028)» деп аталатын монографиясында нақты дәлелдеген. Ұйғырлар көшпелі және отырықшы халықтар арасындағы аралық дәрежеге ие болғаны туралы дерек ерекше қызығушылық тудырады. Өйткені ол көптеген дүниені, мысалы моңғол кезеңіне жататын бірқатар оқиғалар, атап айтқанда көшпелі империялардағы ауыл шаруашылығы элементтерінің даму тарихы, көшпелі және отырықшы халықтар арасын байланыстыратын



қарым-қатынастың түрлі формаларын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді. Э.Пинкске өте көп еңбекті талап ететін жұмысты атқаруға тура келді, өйткені қытай дереккөздерінде ұйғырлар туралы хабарламалар олардың әскери және саяси басымдыққа ие болған жылдарымен тұспа-тұс келеді. Пинкс жұмысы қытай дереккөздері бойынша дайындалған, 960-1028 жылдарды қамтитын аса маңызды анықтама болды. Пинкс кітабының анағұрлым құнды бөлігі оның екінші тарауы, онда «Сун хуай-яо као»-дан алынған ұйғырлар туралы жазылған аударма және «Сун мо цзи вэнь»-нен алынған ұйғырларды сипаттайтын аударма жазылған. «Юань-ши» (Юань династиясының тарихы) еңбегінің маңыздылығын жоғарыда атап өттік, ол – Мин династиясының негізін салушы Тайцзу императорының жарлығы бойынша құрастырылған династияның ресми тарихы. «Юань-ши» 210 цзюаны бар, төрт үлкен бөліктен тұратын шығарма, олар: «Бэньцзи» (негізгі хронология, 1-47 тараулар), «Чжи» (48-104 тараулардың сипаттамасы), «Бяо» (Генеалогиялық кесте, 106-113-ші тараулар) және «Лечжуань» (Өмірбаяндар мен 114-210-шы тараулардың сипаттамасы). Түркі тарихына қатысты ең ауқымды материалдар «Лечжуань» тарауында жазылған,<sup>28</sup> онда Орталық Азия және Қазақстаннан шыққан көптеген түркі шенеуніктерінің, әскер басқарған қолбасшылардың, мәдениет қайраткерлерінің өмірі сипатталған. Осы замандағы қытай мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан түркі қайраткерлерінің қатарында «Юань-ши» он шақты ұйғыр, қарлұқ, қыпшақ, қаңлы, оңғұт, арғын, найман және керейттердің есімі аталады. Қытайға моңғол басқыншыларымен бірге келген алғашқы түркілер қатарында қытай мәдениетінің ықпалына түспеген мемлекеттік және әскери қайраткерлер көп болды, бірақ Қытайдың басқару мәселелерімен бетпе-бет келген олардың балаларына мемлекеттік билік жүйесімен жүзеге асырылған егін шаруашылығының жоғары мәдениеті сияқты қытай өркениетінің жетістіктерін белсенді түрде меңгеруіне тура келді. «Юань-ши» мәліметтерінен түркілердің қытай мәдениетіне жақындай бастауының басты себебі олардың қытай ғылымына бас июінен емес, бір бөлігі түркілерден құралған Моңғол империясы басқару класының күнделікті қажеттіліктерінен туғанын байқаймыз. Себебі олардың басты мақсаты езгіге түскен Қытайды өз мақсатында тиімді пайдалану болған еді. Дегенмен, қытай өркениетінің ықпалына түскен түркілер сол замандағы қытай және моңғол мәдениетінің дамуына да өз үлесін қосты.

<sup>28</sup> «Юань-ши» (История династии Юань). Серия Соинь, бонабэнь, эр-ши-сы-ши (24 династийные истории). – Шанхай; – Пекин, 1958.

«Юань-ши» моңғол басқыншыларының саясатындағы Қытайдың отырықшы тұрғындарына, Қазақстанның оңтүстігі және басқа да елдерге қатысты, сонымен қатар моңғол қызметіндегі түркі аристократтарының осы мәселеге қатысты ұстанымына байланысты екі үрдісті көрсетеді.

Билікте қызмет еткен түркілердің басым бөлігі жоғарыда отырған моңғол билеушілерінің отырықшы өмірге қарсы саясат ұстанғандарын құптамады, оған қарсы шықты, олар болса отырықшы халыққа тұтқиылдан шабуыл жасап, оларды бей берекет, басып-жаншуды жалғастырып, егін шаруашылығы, қала тірлігі дегенге жауыға қарады. Моңғол билеушілерінің айналасындағы түркілердің саясаты хандық билігі мықты, жаулап алынған Қытайдағы үстем тап сияқты қала өмірі мен саудаға қамқорлық жасап, егін егумен айналысатындар және билікке бағынатын шаруалар мен қала халқын қайта қалпына келтіру, моңғолдар тарапынан сепаратизмді ауыздықтап, орталықтандырылған мемлекет құруға талпынуымен сипатталады. Солай бола тұра моңғол билеушілерінің маңайында болған түркілер оларды Қытай тарихынан сабақ алып, негізін қытайдан шыққандар емес, көшпелі халық өкілдері қалаған, династияны басқару тәжірибесін меңгеруге шақырды.<sup>29</sup>

Моңғолдың Юань династиясы кезеңіндегі Қытайдың саяси және рухани аристократтары этникалық жағынан ала-құла болды деп жазады батысгермандық қытайтанушы Г.Франке. Олардың арасында ханьдықтарға жатпайтындардан моңғолдармен бірге түркі халықтары да болды, олар империя саяси өмірінің түрлі салаларында маңызды роль атқарды.<sup>30</sup> Моңғолдарға Шығыс және Орталық Азияда қызмет еткен түркілер арасында буддистер мен ұйғырлардың саны басым болды, бірақ араларында түркі халықтарының өкілдері де кездесті, олардың басым бөлігі қарлұқтар болатын.

Қорытындылай келе, қытай дереккөздерінің бірқатар ерекшелігіне тоқталып кеткен жөн. «Юань-ши», «Синь Юань-ши», «Мэнүэр-шицзи» және басқа да дереккөздердегі түркілерге арналған материалдардың негізгі ерекшелігі, қытайлардан Қытайдың моңғол билеушілерінен мұраға қалған көзқарасымен байланысты тарихқа мемлекетті басқару ғылымы ретінде қарайды. Сондықтан да нақты осы мүддеге байланысты қытай дереккөздеріндегі негізгі назар саяси және

<sup>29</sup> Ogel B. Sino-Turcica, Taipei, 1964.

<sup>30</sup> Franke H. Eine Qarluq-Türkische familie; im Dienste der mongolischen Grosskhane // Scholia. Beiträge zur Türkologie und Zentralasienkunde. – Wiesbaden, 1981. –S. 64-79.

әскери оқиғалар туралы жазылған, сол себепті түркі халықтарының өмірі туралы деректер өте аз кездеседі. Қытай дереккөздерінде Шыңғыс ханның құдіретті империясы бір бөлігі Қазақстанның даласы болып табылатын Орталық Азиядағы түркі халықтарының негізінде құрылғанына куә болатын көптеген деректер бар.

## § 2. Қыпшақтану/куманология

Қыпшақтар туралы ақпарат жазылған, бізге жеткен алғашқы шығармалардың бірі парсы өкілі Ибн Хордадбехтің «Жолдар мен мемлекеттер кітабы» (Китаб ал-масалик ва-л-мамалик) (820-912). Ол сауда жолдарының бағытын сипаттап, қазіргі Оңтүстік Қазақстан және Жетісу аумағы болып саналатын Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар мен түрлі елдімекен арасындағы қашықтықтарды көрсеткен. Шамамен VIII ғасырға жататын түркілер туралы хабарламалар, оның ішіндегі түркі тайпалары қыпшақтар мен оғыздар, қарлұқтар, қимақтар, азки-шамдар, түргештер және т.б. туралы жиі сілтеме жасалатын тізім де бар<sup>31</sup> (қыпшақтар туралы дереккөздерді I тараудың § 4 бөлігінен қараңыз).

Ибн Хордадбех шығармасының жанрына жақын шығарма – тарихшы және географ әл-Якубидің (IX ғасыр) еңбегі. Қазіргі Қазақстан жерін мекендеген түркі тайпалары туралы кең қамтылған тарихи-этнографиялық материал «Елдердің кітабы» (Китаб ал-бұлдан) атты географиялық шығармада көрініс тапқан. Әл-Якуби өз хабарламаларын жазғанда оны салыстыру және хабардар болу жағынан жоғары сапалы зерттеу жасауымен ерекшеленеді, оның шығармасында қимақтар және басқа да түркітілді халықтардың мемлекеттері туралы: «Түркістан мен түркілер бірнеше халыққа бөлінеді (мамалық), оның ішінде қарлұқтар, тоғыз-оғыздар, қимақтар, оғыздар да бар. Әр түркі тайпасының өзінің мемлекеті бар және олардың біреуі басқасымен жауласады», деп жазылған.<sup>32</sup>

Қарастырылатын дереккөздер кешені арасында араб географы Ибн әл-Факихтың «Елдер туралы әңгіме кітабын» (Китаб ахбар ал-бұлдан) (IX ғасырдың соңы – X ғасырдың басы) атауға болады. Ерекше

<sup>31</sup> Ibn Khordadbeh. Kitab al-masalik wa-l-mamalik. – Lugduni. Batavorum, 1889 (BGA, VI). P.101; МИТТ. Т.1. С.144-145; Ибн Хордадбех. Книга путей и стран. – Баку, 1986. – С.66.

<sup>32</sup> Al-Jakubi. Kitab al-boldan. – Lugduni Batavorum, 1892 (BGA, VII). – P.295; МИТТ. Т.1. – С.149; Агаджанов – С.Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX-XIII вв. – Ашхабад, 1969. – С.132. Күмеков Б.Е. Государство кимаков IX-XI вв. по арабским источникам. – Алма-Ата: Наука, 1972. – С.116.

қызығушылық тудыратын тарауы түркілер туралы, оның ішінде қыпшақ, қимақ, қарлұқ, оғыз және басқалары туралы, олардың елдері, қалалары, сауда жолдары, елдімекендері, шаруашылық және мәдени жұмыстары туралы құнды деректер бар.

Араб географы, әрі филолог Кудамма ибн Джафар (X ғ.) «Харадж және хатшы өнері туралы кітап» деп аталатын (Китаб ал-харадж ва синаат ал-китаба) географиялық-әкімшілік кітап жазған. Ол арамей болған, Басрада өмір сүрген. Ол осы шығарманы жазу барысында ресми құжаттарды кеңінен пайдаланған. Оның еңбегінде мұсылман елдерімен көршілес орналасқан елдердің жерлері туралы маңызды деректер бар, онда қазіргі Оңтүстік Қазақстан және Жетісу аумағы болып саналатын аймақты мекендеген түркі тайпалары қимақтар, қарлұқтар, оғыздар туралы, олардың сауда жолдары, қалалары, елдімекендері олардың арақашықтығы туралы жазылған.<sup>33</sup>

X ғасырдың соңғы жиырма бес жылында бізге белгілі болған география туралы парсы шығармасы, құпия болған еңбек – «Шығыстан Батысқа дейінгі шексіз әлем» (Худуд ал-алам мин ал-машрик ила-л-магриб), шамамен 982 жылдары солтүстік-шығыс Ауғанстанда жазылған. Ерте ортағасырлық авторлардың деректерімен қатар, саманид везирі әл-Джайханидің (X ғасырдың бірінші жартысы) «Худуд» еңбегінде ерекше сипаттағы мәліметтер бар. Ондағы аса маңызды хабарлама қыпшақтардың қимақ елдерінде болған бейтарап топтары туралы. Бұл жерде мәселе Арал маңындағы жазық даланың солтүстік және солтүстік батыс маңын мекендеген қимақтардың солтүстік-батыс көшіндегі қыпшақтардың кейбір бөлігіне қатысты.<sup>34</sup>

X ғасырдағы қыпшақтар мен қимақтар және басқа да түркі тайпалары туралы аса маңызды құнды дерек ұсынған аз авторлар қатарында парсы тілінде еңбек жазған газневид тарихшысы Гардизи де бар. Гардизидің «Хабарды көркемдеу» (Зайн ал-ахбар) атты 1050 жылдары жазылған еңбегінде бірінші кезекте қыпшақтар қимақтардың жеті тайпалараның бірі ретінде сипатталады, олар – ими (эймур), имак, татар,

<sup>33</sup> Kodama Ibn Djafar. Kitab al-Kharadj. – Lugduni Batavorum, 1889 (BGA, VI). Бартольд В.В. Соч. М, 1963. Т.II, ч.1. – С.242; М.; Л., 1964. Ч.2. – С. 124; Волин С. Сведения арабских источников IX-XVI вв. о долине реки Талас и смежных районах // Труды ИИАЭ АН КазССР. 1960. Т.8. – С.76-77.

<sup>34</sup> Туманский А.Г. Новоткрытый персидский географ X столетия и известия о славянах и руссах. ЗВОРАО. 1897. Вып. X (1896); Бартольд В.В. Худуд ал-алам. Рукопись Туманского. – Л., 1930; Худуд ал-алам мин ал-машрик ила-л-магриб. – Тегеран, 1340 х.; Minorsky V. Hudud al-Alam. «The Region of the World». A. Persian Geography 372, A.H.-982. A.D. – London, 1937. (GMS,XI) В.Минорский предполагает, что автором «Худуд ал-алам» был Ибн Фаригун, известный как автор небольшой энциклопедии «Джавами ал-улум» (Minorsley V.Ibn Parighun and the Hudud al-alam // A Locusts Leg Studies in Honour of S.H.Tagizadeh); МИКК. Вып.1. – С.35-45.

байандур, қыпшак, ланиказ, аджлад. Қимақтардың татарлардан пайда болған қыпшақтар туралы генеалогиялық аңыздарда олар татарлардың туысқандары болып саналады. Осы мәліметтерге сүйене отырып, И.Маркварт қыпшақтарды моңғол-мәнжүрлерден таратып, қате пікір ұстанады. Ол қыпшақтардың татарлардан бөлінуін хронологиялық жағынан VII ғасырға жатқызады. Гардизиде қыпшақтардың одан да ерте кезеңде татарлармен этномәдени байланыс орнатқаны туралы мәліметтердің болғаны сөзсіз. Қимақ тайпаларына қатысты қимақтар мен қарлұқтарға батыс бағыттан келген тағы бір жол, Гардизидің пікірінше, Енисей қырғыздары елінен болғанын еске салады.<sup>35</sup>

XI ғасырдың басында қимақ тайпаларының негізгі қоныстану аумағындағы әскери-саяси гегемония қыпшақ хандарының қолына өтеді. Осы кезден бастап қыпшақ тайпалары үлкен топтарының шығыстан батысқа, солтүстіктен оңтүстікке қарай қозғалысы басталады, осының нәтижесінде олар Орта Азия және Русь халықтарымен тікелей қарым-қатынас орната бастайды. Гардизи шығармалары жарыққа шыққан уақытпен қатар Орта Азияда белгілі Насир-и Хусраудың саяхаттары мен саяси диваны сипаттамасы (1003-1088) жарияланады. Қыпшақтардың солтүстіктен оңтүстікке қарай көшуі және олардың Арал және Сырдария маңын қоныстанған оғыз тайпаларын ығыстыруы нәтижесінде Насир-и Хусраудың «Диване», «Оғыз даласы» орнына (Мафазаг ал-гузз) «Қыпшақтардың даласы» (Дешти Қыпшак) деген еңбек жарыққа шығады.<sup>36</sup>

Хорасандағы Байхак округының тумасы Абу-л-Фазл Байхакидің (шамамен 996-1077) «Байхаки тарихы» (Тарих-и Байхаки) атты тарихи шығармасы белгілі бір қызығушылық тудырады. Осы кітапта қыпшақтар туралы екі рет қана айтылған, бірақ оның өзі Орталық Азия мен Түркістанда болған саяси оқиғаларды, селжүктер мен қараханидтер, Хорезм шахтары мен қыпшақ ұлыстары арасындағы қарым-қатынасты жан-жақты сипаттағанымен құнды. Байхаки орта ғасыр тарихшылары арасында ең алғаш рет Хорезмдегі қыпшақтар туралы хабарлама қалдырғандардың бірі.<sup>37</sup>

XI ғасырда өмір сүрген испан-араб географы әл-Бакридің (1094 жылы қайтыс болған) «Жолдар және мемлекеттер» (Ал-масалик

<sup>35</sup> Гардизи. Зайн ал-ахбар. – Терепан, 1333 х. (1954). Бартольд В.В. Соч. Т.VШ. - С.27, 43; Czegledy K. Gardizi on the History, of Central Asia (750-780 A.D.) // Acta Orientalia Hungaricae. 1972. B.XXVII. - P.257-267.

<sup>36</sup> Browne E.G. A Literary History of Persia. – Cambridge, 1902. Vol.1, p.277; Бартольд В.В. Соч. Т.V. – С.550.

<sup>37</sup> Абу-л-Фазл Байхаки. История Масуда, 1030-1041. – Ташкент, 1962.

ва-л-мамалик) атты шығармасында қыпшақтардың печенегтерден солтүстікке қарай IX ғасыр, яғни ерте дәуірге жататын басқа да Каспий маңын қоныстанған түркі халықтарының қоныстанған жерлері туралы дерек бар. Маркварттың қыпшақтардың қоныстануы туралы жалпы көпшілік мақұлдаған пікірі осы кезеңде Жайықтың оңтүстігіндегі облыстар болған. Әл-Бакри еңбегі мәтінінің толық сыни тұрғыдан жазылған басылымы әзірге жоқ.<sup>38</sup>

XI ғасыр және одан ерте дәуірдегі қыпшақтар туралы ең мықты дереккөз – шығу тегі жағынан түркі болып саналатын ливист, бірнеше тілді меңгерген, өз заманында түркі халықтары қоныстанған Орталық Азия облыстарының барлығын аралап, саяхаттаған Махмұд әл-Қашқаридың «Түркі тілдерінің жинағы» (Диуани лұғат ат-түрк). Бағдатта жазылып, 1083 жылдары қайта өңделген туындыда X-XI ғасырлардағы қыпшақ тайпаларының тарихы, филологиясы, этнографиясы және географиясы туралы құнды деректер бар.<sup>39</sup> Біз үшін әл-Қашқаридың қыпшақ тілі, оның имақ (қимақ) тілімен жақындығы туралы жазбасы және түркі тайпалары мен халықтарының шаруашылық түрлері, атап айтқанда көшпелі мал шаруашылығының жартылай көшпелі және жартылай отырықшы шаруашылыққа қарағанда басым болғаны туралы жазған деректері маңызды.

Қыпшақтар мен олардың көршілері туралы келесі бір қызықты дереккөз – селжүк сарайының дәрігері болған әл-Марвазидің «Жануарлардың табиғаты» (Табаи ал-хайаван) атты шамамен 1120 жылы жазылған еңбегі. Бұл дереккөз ғылыми айналымға В.Минорский оның Қытай, түркілер және Үндістан туралы ағылшынша аударма және нақты түсіндірмелері арқылы жазған соң ғана енді.<sup>40</sup>

Жазба дереккөздердің көптігіне қарамастан, оның ішінде әл-Джайхани де бар, «Жануарлардың табиғаты» түркі халықтары туралы ерекше этнографиялық деректері болғандықтан тарихи құндылыққа ие. Қыпшақтардың, қимақ, оғыз тайпаларының XI

<sup>38</sup> Известия ал-Бебри и других авторов о Руси и славянах // Статьи и разыскания А. Куника и барона В.Розена). – СПб., 1878 (Приложение к XXXII т.). ЗИАН, № 2, С.42-43 (текст), 59 (перевод); Fragments de Geographes et d'Historiens arabes et persans inedits, relatifs aux anciens peuples du Caucase et de la Russie meridionale // Journal Asiatique. Paris, 1849, N 10. P. 8-9, 14-15; Marquart J. Über das Volkstum der Komänen. S.138; Заходер Б.Н, Каспийский свод. Кн. II. С.72.

<sup>39</sup> Махмуд ибн Хусейн ал-Кашгари, Диван лугат ат-турк. – Стамбул, 1915-1917. Т.I-III; Divanü Lûgat-It-Türk tercümesi. – Ankara, 1940. – С. I-III; Махмуд Кашгари. Диван лугат ат-турк, Факсимиле. – Анкара, 1941; Кошгарий Махмуд. Девону лугогит турк. – Ташкент, 1960-1963. Т.I-III; Ибрагимов С.К., Храковский В.С. М.Кашгарский о расселении племен на территории Казахстана в X веке // Вестник АН КазССР. 1958. № 1.

<sup>40</sup> Minorsky V. Sharaf al-Zaman Tahir Marvazi on China, the Turks and India. Arabic text (circa A.D. 1120) with an English translation and commentary. – London, 1942 (J.G-Forlong Fund).V. XXII; Храковский В. Шараф ал-Заман Тахир Марвази // ТCB АН КазССР, 1959. Т1. – С.208-218.

ғасырдың басында қалай орналасқаны туралы деректер ерекше маңызға ие. Осы тайпалардың көші-қоны туралы деректер көптеген ортағасырлық, араб-парсы, орыс, армян, венгр, византиялық, сириялық дереккөздерде берілген.

XII ғасырдың ортасында араб географы әл-Идриси (1100-1165) жазған араб ортағасырлық шығармалары ішіндегі ең ірі шығарма – «Облыстар бойынша саяхат жасап қажығанның ойын-сауығы» (Нузхат ал-муштак фи-хтирак ал-афак) атты еңбек. Онда қыпшақтар, құмандар, қимақтар, оғыздар, қарлұқтар, түргештер, азкиштар сияқты ортағасыр заманында қазіргі Қазақстан аумағында өмір сүрген тайпалар туралы, олардың өмір сүрген аумағы, олардың қоныстануы, шаруашылығы, қалалары, сауда жолдары, өнері, көшпелі және отырықшы өмір салттарын қалай үйлестіргені туралы маңызды ақпараттар бар.<sup>41</sup>

Әл-Идриси мәліметтерінің ерекше болуы оның бізге дейін жеткен жазба дереккөздерге сүйенгенінде. Мысалы, ол қимақ елін сипаттағанда қазіргі шығыс-қазақстандық далада туған, қимақ хаканның ұлы Джанах ибн Хакан әл-Кимаки (X немесе XI ғасыр) жазған кітапты пайдаланған. Күні бүгінге дейін әл-Идрисидің қыпшақтар туралы жазған деректерге лайықты назар аударылып, интерпретация жасалған жоқ. Материалдың мәтіні мен ондағы картографиялық материалды қарай отырып, қыпшақтардың елі (Билад хифшах) екі түрлі жерде орналасқанмен, бір-бірімен шектесетін 6 не 7 климатта (жердің белдеуі) болды дегенді аңғаруға болады.

Әл-Идриси хабарламаларының негізінде нақтырақ ақпараттан параллелді орындарды тарту арқылы Ибн Саид (XIII ғ.) және Абу-л-Фида (XIV ғ.), туындыларында әлі күнге дейін ғылыми еңбектерде көрініс таппаған құмандардың Еділ өзенінің шығысынан қазіргі Батыс Қазақстан облысына дейінгі жер аумағын мекендеді деген дерек бар.<sup>42</sup>

Испанияның тумасы Абу Хамид әл-Гарнати (1080-1169) жиынкөз ретінде танымал. 1131 жылы ол Каспий көлі арқылы Еділ өзенінің

<sup>41</sup> Италияда әл-Идриси шығармалары мәтінінің оның он шақты қолжазбасына жасалған, сыни басылымы жарыққа шықты: Al-Idrisi, Opus Geographicum sive «Liber ad eorum delectationem qui terras peregrare studeant». Neapoli-Romal. 1970-1980. F.1-9; Geographie d'Irasi traduite de l'arabe en francais». – Paris, 1636-1840. T.I-II; Караев О. Арабские и персидские памятники IX-XII веков о киргизах и Киргизии. - Фрунзе, 1968. – С.55-61; Караев О. Извлечения из географии ал-Идриси «Китаб нузхат ал-муштак фи-хтирак ал-афак» (Развлечение истомленного в странствии по областям) и некоторых тюркских племенах //Арабо-персидские источники о тюркских народах. - Фрунзе, 1973. – С.49-59. Кумеков Б.Е. Государство кимаков. – С.21-29; 66-85. Кумеков Б.Е. Сообщение ал-Идриси (XII в.) о странах кимаков и карлуков // Казахстан в эпоху феодализма. –Алма-Ата, 1981. – С.12-19. Агаджанов С.Г. Очерки истории огузов. – С.49-83.

<sup>42</sup> Рыбаков Б.А. Русские земли на карте Идриси 1154 г.// Краткие сведения о докладах и полевых исследованиях Института истории материальной культуры. – М.,1952. Вып.

сағасына келген. Соңынан 4 жыл бойына 3 рет Хорезмде болған. Саяхатында көрген-білгенен «Ақылға сыйлық және таңғажайыптар таңдауы» (Тухфат ал-албаб ва нухбат ал-аджаб) атты кітап етіп шығарған. Онда Батыс Қазақстанда өмір сүрген қыпшақтардың тарихи географиясы туралы мәліметтер қамтылған. Әл-Гарнатидің пікірінше, Дешті Қыпшақты көптеген тайпалар құраған.<sup>43</sup>

ыАуфидің замандасы болған арабтілді тарихшы ан-Насави (өмір сүрген жылдары белгісіз), Хорасан тумасы, соңғы Хорезм шахы Джалал ад-диннің (1220-1231) соңғы биографы және сарай хатшысы болған ол «Сұлтан Джалал ад-дин Манкуберттің өмірінің сипаттамасы» (Сират ас-султан Джалал ад-дин Манкуберти) атты шығармасында Хорезм шах мемлекетіндегі моңғол экспансиясы және оған дейінгі кезеңдегі оқиғалар туралы жазған. Онда сол заманда қыпшақтар және басқа да түркі тайпаларымен тұрақты тығыз қарым-қатынас орнатқан Хорезмнің ішкі және сыртқы істері туралы құнды деректер бар. Сонымен қатар, Хорезм мен қазақ даласын қоныстанған қыпшақтар арасында болған бейбіт байланыс туралы деректер немесе әскери қақтығыстар, сондай-ақ қыпшақ қоғамының ішкі құрылымы, олардың тұрмысы, шаруашылығы туралы баяндалған.<sup>44</sup>

XIII ғасыр басындағы қыпшақтар туралы деректер толыққанды болмаса да, газневидтер мен гуридтер тарихы туралы парсы тілінде «Насир тобы» (Табакат-и Насири) атты әл-Джузджанидің (1193-1260) шығармасында көрініс тапқан. Көпшілігі сақталмай қалған, көне дереккөздер негізінде құрастырылған осы еңбек XII ғасырда ортаазиялық аймақта қоныстанған түркі халықтарының тайпаларға бөлінуі және тілінің құрылымы туралы жазылған очерктерімен құнды. Онда қара қытайлар мен моңғолдардың тарихына аса жоғары мән берілген, арасында олармен байланыста болған қыпшақтар, қаңлылар сияқты бірқатар басқа да түркі халықтарының атауы беріледі.<sup>45</sup>

XIII ғасырдан бастап түрлі экзотика мен ғажайыптарды қызықтайтын космографиялық әдебиет дами бастайды. Әл-Идрисидің ізін жалғағандар қатарында араб географы Ибн Саид да бар (1214-1274

<sup>43</sup> Le Tuhfat al-albab de Abu Hamid al-Andalusi al-Garnati // JA.1925.V.CCVII; Большаков О.Г., Монгайт А.Л. Путешествие Абу Хаида ал-Гарнати в Восточную и Центральную Европу (1131-1153гг.). – М. 1971.

<sup>44</sup> Шихаб ад-дин Мухаммед ан-Насави. Жизнеописание султана Джалал ад-дина Манкуберти. – Баку, 1973.

<sup>45</sup> Tabakat-i Nasiri: A General History of the Muhammadan Dynasties of Asia, including Hindustan, from A.H. 194 (810 A.D.), to A.H. 658 (1260, A.D.). – London, 1881. V. I-II; Index. – Calcutta, 1897; The Tabaqat-i Nasiri of Aboo Omar Minhaj al-din Othman, ibn Siraj al-din al-Jawzjani. – Calcutta, 1864.



немесе 1286). Оның «Жеті климаттың географиясы туралы кітабы» (Китаб джаграфия фи-л-акалим ас-саба) және «Жердің ұзындығы мен еніне таралған кітап» (Китаб баст ал-ард фи-т-тул ва-л-ард) атты еңбектері Қазақстан тарихи географиясы, Еділ өзені маңы мен Орта Азияның XIII ғасырдың ортасына дейін қоныстанған қыпшақтар мен олармен туыстас тайпалар қазіргі Батыс Қазақстан аумағын мекендеген құмандар туралы деректер бар.<sup>46</sup> Ибн Саид Аскасия (Орал) тауларының бөктерін құмандар мекендегенін айтады. Аскасияның оңтүстік-шығысына қарайғы бөлігінде солтүстіктен оңтүстікке қарай меридиандық бағытта созылып жатқан Тагура таулары бар (әл-Хорезми).

Ибн Саид шығармаларының мәтініне қарағанда Тагура (Мұғалжар) тауы құмандар мекендеген негізгі аймақ болып саналады. Көрсетілген еңбекте жазылғандай, құмандар Оңтүстік Орал мен Арал теңізі маңындағы даланың солтүстік аймағындағы кеңістікті мекендеген. Олардың оңтүстік жағында оғыздар, батысында печенектер, солтүстік-батысында бұлғарлар, ал солтүстік шығысында қыпшақтар қоныстанды. Материалдарға жасалған мәтіндік және картографиялық талдау құмандар туралы жазылған деректер IX-X ғасырларға тиесілі екенін көрсетеді.

Моңғол шапқыншылығы кезеңіндегі Азия жазығындағы көшпелі тайпалардың тарихы туралы дереккөздер тобында ерекше орын алатын іргелі тарихи еңбек – 1310 жылы Иранның моңғол басшылары сарайында жарық көрген «Жылнама жинағы» (Джами ат-таварих). Ұжымдық еңбектің негізгі авторы – Рашид ад-дин (1247-1318), Хамаданда туған, тегі еврей мұсылман дәрігер, ғалым болған, өмірінің соңғы 20 жылында Газан-Махмуд және Олд-жайту (жоғары қараңыз) билік құрған заманда бірінші везир қызметін атқарған Рашид ад-дин өзінің шығармасына қажетті оқиғаларды жазғанда дереккөздерді қытай, үнді, ұйғыр және қыпшақ кітаптарынан алған. Бірақ ол сол кітаптардың не атауын, не авторын көрсетпеген. Рашид ад-диннің қыпшақтар туралы деректері негізінен моңғол шапқыншылығы тарихымен байланысты.

Абу-л-Фида (1273-1331) есімді Сирияның тарихшысы әрі географы – «Елдерді реттеу» (Таквим ал-булдан) деп аталатын географиялық шығарманың авторы. Әл-Истахри, әл-Идриси, Ибн Саид есімді авторлармен бірлесіп жинақ шығарған ол қыпшақтар мен құмандар тұрған аймақтардың тарихи-географиялық жағдайын зерттеуге назар

<sup>46</sup> Ибн Саид ал-Магриби. Джуграфия. Рук. ИВ АН СССР (С.591); Ибн Саид. Китаб баст ал-ард фи-т-тул ва-л-ард. – Тегеран, 1958. Бартольд В.В. География Ибн Саида. Соч. Т.VIII.

аударған. Абу-л-Фида құмандардың Арал маңындағы даланың солтүстік аймағына қоныстануын XI ғасырдың ортасында қыпшақтың батыстың қиырындағы тармағы болып табылатын тайпалар бірлестігінің Азов және Қара теңізі маңындағы далаға қоныстанғанға дейінгі кезеңге жатқызады. Құмандардың ғарышты, дінді тану туралы деректері қызық: «Құмандар астрологиямен айналысады, жұлдызнамаға сенеді және оған табынады».<sup>47</sup>

Парсы тарихнамасының ильхан заманындағы өкілі Хамдаллах Казвини (1280-1350) болған, қаржы шенеуніктері әулетінен шыққан ол Рашид ал-дин уәзірінің қамқорлығын пайдаланып, «Жүрекке жылы тиетіндер» (Нузхат ал-кулуб) атты дәстүрлі космографиялық бағыттағы, классикалық кезеңдегі араб және парсы географтарының еңбектеріне негізделген шығарма жазады; «Таңдаулы тарих» (Тарих-и гузида) – 1329 жылға дейінгі әлемнің қалыптасуы туралы еңбек.<sup>48</sup> Казвинидің тарихи еңбектерінің өзіне тән ерекшеліктері бар, ішінде көп болмаса да моңғол шапқыншылығы дәуіріндегі қыпшақтардың этникалық құрамының өзгергені туралы құнды деректер бар.

Моңғол шапқыншылығын қыпшақтардың өз мемлекеттілігін дамыту аясындағы саяси өсімі тоқтатқанын айта кету керек және ол феодалдық дәуір халқын қалыптастыруға себеп болған этникалық үрдісті тоқтатты. Моңғолдардың ірі жасақтарының шапқыншылығына ұшыраған қыпшақ тайпалары бытырай қашып, көрші елдерде бас сауғалауға мәжбүр болды. XII ғасырдың 60-шы жылдары Мысыр мен Сириядағы Мәмлүк мемлекетінің басқарушы әулетінің құрамында негізінен оңтүстік русь және қазіргі қазақ даласынан келген қыпшақтар болды. Мәмлүк дәуірі сол заманның этникалық, әлеуметтік және мәдени өміріндегі түрлі деректерді жазған жылнамашылар, биографтар, тарихшылар, филологтарды тарих сахнасына шығарды. Алтын Ордамен дипломатиялық, сауда және тарихи-саяси қарым-қатынас орнату мәмлүктер мен Дешті-Қыпшақ арасындағы өзара ықпалды одан әрі күшейтті, нәтижесінде Мысырға олар жаулап алған моңғол мемлекеттерінен құлдар тұрақты түрде жер аударылып отырды. Әрине отанынан жырақ жүрген, шетелдің тілі мен шетелдің этникалық ортасын жатсынған қыпшақтар өздерінің үйреншікті дәстүрлері мен салтын, ұлт ретіндегі ерекшелігін сақтап қалуға тырысты, оған біздің заманымызға дейін жеткен жазба дереккөздер дәлел.

<sup>47</sup> Reinaud M., de Slane M. Geographie d'Aboulfedea. Texte arabe. – Paris, 1840. – P.205.

<sup>48</sup> The geographical part of the Nuzhat-al-Qulub composed by Hamd-Allah Mustawfi of Qazwin in 740 (1340). – Leyden-L., 1915, 1919; Казвини. Тарих-и гузиде. – Терепан. 1339 x. (1960).

XIII ғасырдың 75-ші жылдарының өзінде Мысырда қыпшақ династиясының тарихы туралы еңбектер жарық көре бастайды. Солардың бірі – қыпшақтан шыққан сұлтан Бейбарыс әл-Бундукдари (1260-1277) өмірбаяны, оны сұлтанның хатшысы Абд аз-Захир жазған (1293 жылы қайтыс болды). Сарайдағы жоғары лауазымды иеленген Абд аз-Захирдың барлық қажетті құжаттар мен материалдарды пайдалану мүмкіндігі болған. Абд аз-Захир жазған «Әл-Малик аз-Захир жазған өмір сипаттамасындағы көзге көрінетін бақ» атты өмірбаяндық шығармада (Ар-Рауд аз-Захир фи сират ал-Малик аз-Захир) мәмлүктер мен Алтын Орданың өзара қарым-қатынасы туралы деректер келтірілген. Онда Қырымнан Итильға дейінгі қысқаша жол берілген, Қырымдағы халықтың тайпалық құрамы туралы этнографиялық мәліметтер бар, онда сол заманда Дешті-Қыпшақтан шыққандар көп қоныстанған, сонымен қатар Алтын Ордадағы діни және идеологиялық жағдай туралы ақпарат берілген.<sup>49</sup>

Мәмлүк сұлтанының ең жақын адамдарының бірі әл-Бейбарыс әл-Мансұри (1325 жылы қайтыс болған) ислам тарихы туралы ауқымды еңбектің авторы болды, «Хиджра тарихы бойынша ойдың мәйегі» (Зубдат ал-фикра фи тарих ал-хиджра) атты 622-1324 жылдар аралығындағы оқиғалар сипатталған еңбегінде автор қыпшақтардың құрамы және олардың тарихи этнографиясы туралы құнды деректер жазады.

Әл-Мансури Бейбарыстың замандасы ан-Нувайри болды (1279-1332), ірі энциклопедиялық жинақ құрастырған ол оны «Адаб тәртібіне қатысты ықыластың шегі» (Нихаят ал-араб фи фунун ал-адаб) деп атап, гуманитарлық сипаттағы деректерді жинақтауды көздейді. Ан-Нувайри еңбегінің тарихи-географиялық бөлігі – негізінен бірнеше автордың жазған еңбегінің жинағы. Тек соңғы жылдардың хроникасы ғана өзіндік сипатқа ие. Онда қыпшақтардың елдері туралы қысқаша сипаттама, жекелеген қыпшақ рулары арасындағы алауыздық туралы хабарлама айрықша қызығушылық тудырады. Әсіресе, қыпшақ тайпалары тізімі аса маңызды, оның ад-Димашки ұсынғаннан айырмашылығы бар. Қыпшақтардың этникалық құрылымы ан-Нувайридың пікірінше, мынадай болған: тугсоба, ийта, бурджугли, ал-барли, кангаругли, анджагали, дурут, кулабаугли, джартан, карабуркли, кутан. Ан-Нувайри еңбегінде этникалық жағдай қыпшақ бірлестігінің батыс бөлігіне сай келетіні анық көрсетілген. Заманауи зерттеушілер

<sup>49</sup> Тизенгаузен В.Г. Сб. материалов. Т1. – С.46-64.

өз еңбектерінде Қазақстан және Орта Азия аймағын мекендеген қыпшақтардың этникалық бейнесі туралы сипаттама үшін ан-Нувайри ұсынған деректерді пайдаланып, қате жібереді. Сонымен қатар моңғол шапқыншылығынан кейінгі қыпшақтардың рухани мәдениеті туралы аз-кем ақпарат бар.<sup>50</sup>

Ан-Нувайридің көп томдық энциклопедиялық еңбегімен мазмұны және көлемі жағынан бәсекелесе алатын тағы бір туынды – «Қаланы иелену бойынша көзқарас жолдары» атты (Масалик ал-абсар фи мамалик ал-амсар), Дамаск тумасы әл-Умари (1301-1349) жазған еңбек. Оның тарихи бөлімдерінде моңғол шапқыншылығының салдары сипатталады, соның негізінде Орта Азия, Еділ өзені маңы мен Кавказды қоныстанған халықтардың өмірі туралы мәліметтер, түркілердің қалалары мен сауда жолдары, онда қыпшақтардың орналасу реті мен этнографиялық ерекшеліктері туралы деректер бар. Әл-Умари констатациясы қыпшақ ортасындағы татар-моңғолдардың ассимиляция үрдісі туралы жазғанымен де құнды. Осы жағынан алып қарағанда әл-Умаридің Шығыс Дешті-Қыпшақ халқы туралы: «Ежелгі заманда ол қыпшақтардың елі болған мемлекет еді, бірақ оны татарлар билеген кезде қыпшақтар олардың қоластында болды. Кейін олар өзара араласып, бір-біріне сіңісіп кетті, олар бірлесіп өмір сүрген жер табиғи нәсілдік ерекшелікті жойып жіберіп, олардың барлығы (татарлар) бір рудан шыққан сияқты, қыпшақ болып кетті, моңғолдар қыпшақ жеріне қоныстанған кезде солармен некелесіп, солардың жерінде (қыпшақтардың) өмір сүрді.<sup>51</sup> Осы тарихы дерек, XIII ғасырдың соңы мен XIV ғасырдың басында қалыптасқан қыпшақ этносы қоғамы моңғол дәстүрінен үстем болып, қайта жаңғырғанын көрсетеді. Дегенмен, кейін моңғол кезеңіне дейінгі кезбен салыстырғанда қыпшақ қоғамындағы тарихи даму үрдісі өзіндік этникалық рәсімдеумен жүзеге асқан жоқ, бірнеше тармаққа таралып, жаңа түркітілді этникалық қоғамның және мемлекеттердің пайда болуына жол ашып берді.

Басқа да түпнұсқаға барабар дереккөздер – лингвистикалық еңбектер, онда арабша түсіндірілген немесе тікелей аударма арқылы көптеген қыпшақ терминдері мен лексикасы, яғни сол замандағы қыпшақтардың жалпы түркілер ортасындағы шаруашылық, әлеуметтік, этникалық және мәдени-тұрмыстық қолданыста болған сөздері келтірілген. Осы айналымдағы шығармалар ішінен 1245

<sup>50</sup> Ан-Нувайри. Нихаят ал-араб фи фунун ал-адаб. – Каир, 1923-1926. Т. I-XII; Тизенгаузен В.Г. Сб. материалов. Т. I. – С.128-171.

<sup>51</sup> Тизенгаузен В.Г. Сб. материалов. Т. I. С.540-542.

жылы Мысырда құрастырылған «Түркі, араб емес, моңғол және парсы сөздерінің түсіндірме жинағының кітабын» (Китаб маджму тарджуман тюрки ва аджами ва мугули ва фариси) атауға болады. Оның негізі қыпшақ тілінде жазылған, сонымен қатар онда түркімен тілінің лексикалық материалдары да кездеседі.<sup>52</sup>

XIV ғасырда Мысырда қос тілді, араб-түркі (қыпшақ) сөздіктері пайда болды. Олардың арасында Абу Хаянның (1256-1345) «Түркі тілдерін ұғуға арналған кітап» (Китаб ал-идрак ли-лисан ал-атрак) атты 1313 жылы құрастырылған еңбегін және Джамал ад-дин ат-Туркидің «Түркі және қыпшақ тілдерін меңгергісі келетіндерге арналған кітап» (Булгат ал-муштак фи лугат ат-турк ва-л-кыфчак) шығармасын атап өтуге болады. Екі автордың да негізгі дереккөзі – «Жарқын нұр» (Ала-дин Байлик ал-Кыфчакидың «Ал-Анвар ал-мудия» еңбегі). Нисбе Байлик деген тегіне қарағанда ол қыпшақ болған.<sup>53</sup>

Мәмлүк мемлекетінің этникалық құрылымының сипаттамасы туралы маңызды дерек, оның ішінде қыпшақтар да бар, антропонимия мәліметі бойынша, мәмлүк дәуірінің арабтілді авторларының бірқатары жазған, олар: Ибн әл-Фувати (1323 жылы қайтыс болған), ас-Сукаи (1264-1324), ад-Давадари (1325 жылы қайтыс болған), Мугұлтай (1371 жылы қайтыс болған), Ибн Касир (1299-1373), Ибн Сасри (1397 жылы қайтыс болған). Мәмлүк мемлекеті сұлтанының Алтын Орда ханымен байланысы туралы нақты дерегі бар маңызды материал, Дешті-Қыпшақ көшпенділері туралы дерек, олардың этникалық, саяси және рухани мәдениеті туралы Ибн әл-Фураттың (1334-1405), әл-Калкашанди (1355-1418), әл-Макризидің (1364-1442), Ибн Тагрибердидің (1411-1465), Ибн Ияс (1448-1524) және басқаларының еңбектерінен көруге болады.

Қыпшақ тарихы туралы ең маңызды дереккөздің бірі – әйгілі жиһанкез, марибтік Ибн Баттута (1304-1377) шығармасы, ол күллі мұсылман әлемін аралап келген – Еділ өзені маңындағы Бұлғариядан бастап Индонезияға дейінгі аралық, тіптен Қытайға да барған. Ибн Баттута саяхатының жазбасы «Таңғажайып қала мен керемет саяхат туралы білгісі келетіндерге сыйлық» (Тухфат ан-нуззар фи гараиб ал-амсар ва аджаиб ал-асфар) атты кітап болып жарық көрген. Былай қарағанда ол оның таза шығармасы емес, айтқан әңгімелерінің негізінде Әл-Калби әдеби өңдеп, 1356 жылы

<sup>52</sup> Ein Türkisch-arabisch glossar. – Leiden: Brill, 1894; Курышжанов А.К. Исследование по лексике старо-кыпчакского письменного памятника XIII в. «Тюркско-арабского словаря». - Алма-Ата: Наука, 1970.

<sup>53</sup> Abu Hayyan. Kitab al-idrak li-lisan al-at-rak. - Istanbul, 1931; Zajaczkowski A. Vocabulaire arabe-kiptchak de l'epoque de l'Etat Mamelouk, Bulgat al-mustaq fi lugat at-turk wa-l-qifzaq. - Warszawa, 1945.

жарық көрген. «Тухфат» шығармасында Ибн Баттутаның Ресейдің оңтүстігі, Еділ өзені маңындағы Бұлғария және Қырым арқылы Алтын Орда, ол жақтан Хиуа, Бұқара және Ауғанстанға барған сапары туралы дереккөздің де қыпшақтардың тарихын зерттеудегі орны айрықша. Әсіресе, Алтын Ордадағы күнделікті тұрмыс тіршілік, әлеуметтік құрылым, қыпшақтардың шаруашылығы, олардың этникалық сипаттамасы, даладағы елдімекендер мен қалалардың сипаттамасы және басқа да түркі халықтарының тарихына қатысты дүниелер.<sup>54</sup>

Мәуереннаһр және Орта Шығыс тарихы мен географиясы бойынша жазылған шығарма авторы – Темір билеушілері сарайы жанындағы Шахрух пен Ұлықбектің, Хафиз-и Абри (1430 жылы қайтыс болған). Хафиз-и Абри жұмыстарында қыпшақтардың саяси тарихы мен олардың қоныстануы туралы деректер бар.<sup>55</sup> XV-XVI ғасырдың екінші жартысындағы дереккөздерде герат тарихшылары Мирхонд мен Хондемирдің еңбектеріне деген қызығушылық бар. Басты тарихи деректерге жүгінсек, негізінен Рашид ад-дин шығармаларында автор жаңа деректер келтіреді, ол қыпшақтардың моңғол шапқыншылығына дейін және одан кейінгі уақытта халықтың қоныстануына байланысты. Сонымен қатар осы шығармадағы арнайы бөлім қыпшақ хандарына арналған.<sup>56</sup>

Орталық Азиядағы түркі халықтары тарихының түрлі мәселелерін зерттеуге арналған баға жетпес дереккөз – Хиуа ханы Абылғазының шығармасы (1603-1665), «Түркілердің генеалогиясы» деп аталатын еңбек (Шаджара-и түрк) және «Түркімен генеалогиясы» (Шаджара-и таракима). Абылғазы араб, парсы, моңғол тілдерін жақсы меңгерген, барынша білімді азамат болған. Абылғазының генеалогиялық еңбектерінде моңғол шапқыншылығына дейінгі және кейінгі қыпшақ қоныстары туралы және олардың этнографиясы, әлеуметтік тарихы туралы өте сирек кездесетін деректер беріледі. Түркі қоғамындағы қыпшақ-көшпенділер дәуірінің әлеуметтік-саяси құрылымын түсіндіре отырып, дәстүрлі сипатқа ие әскери ұйымдар туралы деректер қызығушылық тудырады.<sup>57</sup>

Түркі тектес тағы бір автор қыпшақ даласындағы моңғол

<sup>54</sup> Voyages d'Ibn Batoutah. Texte arabe. – Paris, 1853-1858. T.I-IV; Тизенгаузен В.Г. Сб. материалов. Т.I. С.278. The Travels of Ibn Battuta A.D.1325-1354. – Cambridge, 1958, 1961 (HS, 2d series. CX). V.I-II.

<sup>55</sup> Хафиз-и Абри (Географические сочинения). Рук. ГПБ Dorn 290; Хафиз-и Абри. Зубдат ат-таварих. Рук. ГПБ (ПНС-57).

<sup>56</sup> Мирхонд. Тарих раудат ас-сафа. – Тегеран, 1339 (x) . (1960). Т. 1-7.

<sup>57</sup> Histoire des Mogols et des Tatares par Aboul-Ghazi Behadur Khan. T.1. Text. – St.Pbg, 1871; T.II. Trad. St.-Pbg, 1874; Кононов А.Н. Родословная туркмен. Сочинение Абу-л-Гази хана хивинского. – М.-Л., 1958.

шапқыншылығынан кейінгі оқиғалар туралы жазған, ол – Қадыр Әли Жалаири есімді тарихшы (1530-1605). Жалаири бірнеше тіл білетін білімді адам болған, ұзақ уақыт бойы шыңғыс сұлтандарының тәрбиешісі міндетін атқарған. Оның «Тарих жинағы» (Джами ат-таварих) атты еңбегінің негізгі дереккөзі – дәл осындай атпен жарық көрген Рашид ад-динның жинағы.<sup>58</sup> Алайда аса маңызды мәнге ие, ерте моңғол кезеңіне де, қыпшақтардың, жалпы дала аймағы тарихына да қатысы бар кейбір мәліметтер біз үшін беймәлім болып келген дереккөздерден алынған. Дегенмен, Ақ Орда мен Көк Орданың иелері мен олардың шекаралары туралы деректі Жалаиридің әңгімелерінен кездестіруге болады, XIV ғасырда қыпшақтар мен ноғайлардың Өзбек хан тұсындағы қарым-қатынасы және басқа да нақты мәліметтері барынша тәуелсіз болып көрінеді. Жалаири жазып кеткен қыпшақ тайпаларының қоныстануы туралы дерек Шыңғыс хан бастаған шабуыл кезеңі мен Алтын Орданың құлдырауы аралығындағы кезеңдегі Орталық және Батыс Қазақстан этникалық картасы туралы түсінік береді.

Қыпшақтанудағы (куманология) құнды дереккөз – қазақ әдеби тілінің лексикографиялық дереккөзі «Кодекс Куманикус».<sup>59</sup> Бірқатар зерттеулерде XIII-XIX ғасырларда жазылған қолжазбаның қысқаша сипаттамасы беріледі. Осы еңбектің толық мәтінін 1890 жылы Будапештте Г. Кун кіріспе, ескерту, қосымша және түзету енгізіп жариялады. Мазмұны жағынан графикалық және тілдік ерекшелігіне қарай қолжазба дәстүр бойынша екі бөлімге бөлінеді – италияндық және неміс, олар әр уақытта және әр жерде жазылған.

«Кодекстің» бірінші бөлімі басқа ұлт өкілімен тілдесу, келіссөз жүргізуді үйретуге арналған. Мәтінді талдау, оны орналастыру, материалды беру, түзету формасы, редакторлау және материалды толықтыру ерекшеліктері зерттеушілерді «Кодекс» қолжазбасы 4 бөліктен құралған деген тұжырым жасауға негіз болды, олар: 1) үш тілді сөздік (1-ші бөлім), 2) діни мәтіндер (2-ші бөлім), 3) түрлі сөздердің сөзтізбесі, жекелеген сөздердің тізімі, жекелеген сөздер мен сөз тіркестерінің жинағы (2-ші бөлімде), 4) құман тілінің очерктері мен грамматика ерекшелігінің үлгілері.

XVI-XVII ғасырларда қазіргі Украина, Молдавия және Румыния аумағында армян отары өкілдері құрастырған ескерткіштер армян-

<sup>58</sup> Қадыр Али Джалаири. Джамии ат-таварих. Рук. научной библиотеки Казанского гос. университета (Т.40, 5028); Сборник летописей. Текст, Библиотека восточных историков. – Казань, 1854. Т.2, ч.1.

<sup>59</sup> Ligeti L. Prolegomena to the Codex Cumanicus. – Acta Orientalia Hungaricae. Budapest. 1981. Т. 35, Fasc. I, – P. 1-54.

қыпшақ деген атауға ие болды. Ал оның өкілдері болса, саны жағынан көп армян-қыпшақфон этнографтық тобын құрады. Негізінен бұл ескерткіштер Каменец-Подольск және Львовта құрастырылды. Бізге XVI ғасырдың 20-шы жылдары мен XVII ғасырдың соңында жазылған еңбектер жетті. Жанры мен стилі жағынан ғалымдар оларды 5 топқа бөліп қарастырады: тарихи хроника (жыл сайын шығатын), сот және әкімшілік-құқықтық құжаттар, филологиялық түсінік, түрлі діни трактаттар және көркем шығармалар.

Талдау жүргізілген ескерткіш лексикасының негізінде заманауи түркі тілдері арасында қыпшақ тобына жататын, оның ішінде қазақ тілінің сөздері бар. Түпкілікті түркі тілінен бөлек, моңғол, армян және славян тілі, сонымен қатар араб-иран тілінен енген сөздер де жеткілікті. Соңғылары орта ғасырда Алтын Орда мен Мысыр аумағында жарық көрген кейінгі қыпшақ жазба ескерткіштерінің барлығында дерлік орын алған.

«Кодекс Куманикустың» қайда жазылғанына қатысты бірнеше көзқарас бар. Кейбір ғалымдар бірінші бөлімі Қырымда құрастырылған десе, енді бірі оны нақтылап, Солхатта жазылды дейді, үшіншілері Генуяда құрастырылды деген уәж айтады. Ал екінші германиялық бөлімнің қайда жазылғаны белгісіз. А.Габеннің жорамалы бойынша, оны Оңтүстік Ресейдегі францискандық монастырь монахтары жазған.

«Кодекс Куманикустың» екі бөлімін де талдай отырып, Лигети «КодексКуманикустың» жазылуыналатын тілін білетін, клерикалдық және германдық ақсүйектер дәстүрінен хабардар италиялық колонистер, францискан монахтары атсалысқан деген қорытынды жасайды. Кеңес және қазақстандық тарихнама еңбектерін жинақтаған ірі жұмыстың бірі – С.А.Плетнева мен С.М.Ақынжановтың еңбегі. «Половцы» деген шығармада негізінен Шығыс Еуропадағы қыпшақтарды/половецтерді зерттеуге назар аударылған. С.А.Плетневаның зерттеулері негізінен орысша жылнамалар негізінде жазылған.<sup>60</sup>

Ал біздің отандасымыз әрі әріптесіміз С.Ақынжанов (1939-1991) өзінің «Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы қыпшақтар» (алғашқы басылым 1989 ж.) атты іргелі, әрі тарихи, дерекнамалық, тарихнамалық еңбегінде жазба дереккөздердің көлемділерін жалпылай қарастырып, археологиялық мәліметтерді пайдаланған (негізгі мамандығы бойынша Сержан Мұсатайұлы археолог болған, кейін медиевист ретінде танылды). Бүгінгі кезге дейін біздің көзқарас бойынша бұл

<sup>60</sup> См.: Плетнева С.А. Половцы. – М.: Наука, 1990. – 208 с.



тек қана отандық тарихнамада ғана емес, сонымен қатар әлемдік шығыстануда осы мәселе бойынша жазылған толыққанды еңбек.<sup>61</sup>

### § 3. Дала империялары Қазақ хандығының ізашары ретінде

«Дала империялары» мәселесін алғаш рет әлемдік ғылымда академиялық деңгейде бірінші болып көтерген әйгілі француз зерттеушісі Рене Груссе. Ғалым «ұлы тағылық кенеттен дамыған тарихи өркениетке баса-көктеп кіріп және бірнеше айлар бойы рим, иран немесе қытай әлемін үйіндіге айналдырды» деген дәлелдеусіз қабылданатын олардың негізгі пікірінен бастап, тағылық мәселесін нақты қарастырды. Классикалық әлем көптеген жабайылықпен бетпестелді, оларды отырықшы көршілері осылай бағалады.

Мал шаруашылығымен және аң аулаумен айналысатын қоғамның отырықшы, ауыл шаруашылығымен айналысатындармен қатар өмір сүруі немесе керісінше елестетсек, дамыған ауыл шаруашылығы қоғамының әлі мал бағумен күн көретін деңгейде қалған және құрғақшылық кезеңіндегі дала өміріне тән, үнемі жетпей, таршылық көріп жүретін, тек қана экономикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік контраст, табиғат заңына сәйкес көшпенділер жерді иеленіп, содан пайда көріп отырғандарға кей кезде қатыгез шабуылдар жасауы да осындай жағдайлар негізінде түсіндірілді. Осы жерде түркілер мен моңғолдар ақылды, жан-жақты, іскер бола тұра, қатыгез шынайы өмірдің талабына сәйкес басқару үшін жаралғандар қатарынан болды. Отырықшы, үнемі жеңіліс табатын қоғамға басқыншылық жасаған олар, қалаларға шабуыл жасау кезінде алғашқы сағаттарда дереу жеңіске жетіп, еш қиындықсыз қиратып тастап, тақтан тайдырған басқарушылардың орнын иеленді.

Дала мен қала арасындағы тұрақты татуластықтың соңғы нәтижесі болуы мүмкін бе еді? Жоқ, ешқашан. Адамзат географиясының аяусыз, бағынбайтын заңы өз әрекетін жалғастыра берді». <sup>62</sup>Груссенің тұжырымынша, даланың ішкі тарихының мәні мынадай, түркі-моңғол ордалары бір-бірімен ең жақсы жайылым, бір жайылымнан екінші жайылымға тұрақты түрде көшу кезінде ең бастысы ұстайтын малдарының қажеттілігі үшін қақтығысып тұрды. Адамзат тарихындағы бірінші дәрежелі фактор – қысым, яғни номадтар оңтүстіктегі

<sup>61</sup> Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1999. – 296 с.

<sup>62</sup> Цит. по: Груссе Р. Империя степей. История Центральной Азии (с древности до тринадцатого века). Учебное пособие. – Алматы: Санат, 2003. – С. 7-10.

өркениетті империяларға тұрақты түрде қысым көрсете отырып, кейін оларды жаулап алды. Осылайша номадтардың пайда болуы олардың туған даласында басымдыққа ие болған шарттардың негізінде жүзеге асырылды.

Р.Груссе көшпелі империя феномені жұмбағын шешу үшін табиғи-климаттық факторды негіз етіп алады. Дегенмен, оның жұмысын жақсылап оқыған оқырман оның тым қарапайым тәсіл болғанын аңғарады.

Ғұндарды сөзсіз «дала империясының» негізін қалағандар деп сипаттауға болады. Олардың тарихтағы орны аса маңызды. Олар жасаған үрдістер әлемдегі ең алғашқы Орталық Еуразия аумағындағы алып империяның құрылуына ғана ықпал еткен жоқ, сонымен қатар



сипаттамасы жағынан ұзақмерзімді емес болса да, бастысы Тынық мұхитынан Атлант мұхитына дейінгі аралықты қоныстанған халықтың жаппай көшіп-қону механизмін жүзеге асыра отырып, ескі мемлекеттерді жойып, жаңа мемлекеттердің пайда болуына ықпал етті.

Ғұндардың тарих сахнасына шығуы Орталық Еуразияда ғана емес, Батыс Еуропада да өркениеттердің ауысуына және жаңа тарихи кезеңнің пайда болуына әсер етті. Түрлі бағалау бойынша (Гумилев бойынша) номадтар Қытайдан солтүстікке қарай өмір сүрген халықтың көп дегенде 1,5 миллионын құрады, ал Хань империясындағы халық саны 60

миллионға жуық болды. Алайда үш ғасырға жуық уақыт аралығында ғұндар Аспан асты еліне қарсы тұра алды және Қытайды қанады.

Ғұндардың тарихы бойынша дереккөздер негізінен неміс ғалымы Ф.Альтхаймның «Ғұндардың тарихы» деп аталатын бес томдық еңбегінде жүйеленіп, топтастырылған. Ғұндар туралы өте ауқымды еңбегін жаза отырып, Альтхайм барлық дереккөздерді пайдаланды, ең алдымен – жазба дереккөздер (рим, византиялық, таяушығыстық және т.б.), сонымен қатар археологиялық қазбадан табылған заттар

да еңбекті толықтырған дерек болды. Осы еңбекте салыстырмалы тіл білімі материалдарына ерекше орын берілген. Орталық Азия тарихы үшін Альтхайм зерттеулері оның ғұндар мен түркілер арасында параллель жүргізгендіктен қызықты болды. Осы автор өз еңбегінде аң стилі мен ғұндар мен түркілердің шаманизмі, сонымен қатар ғұндар мен ежелгі түркі руна жазбаларындағы гомогендік туыстықты тауып, арасындағы байланысты көрсетеді. Альтхайм пікірінше, ғұн өркениетінің заңды мұрагері – хазар қағанаты. Альтхайм еңбегінің бірінші томын қорытындылай келе жасайтын негізгі тұжырым ғұндардың Азияға келуі олардың орталық және солтүстік азиялық көшпенділердің материалды, рухани және лингвистикалық ізашары болғандарын нақтылайды (**Altheim, 1959-62, 360-371 беттер**).

Д.Синор «Ішкі Азия» деп аталатын кітабында скифтер заманынан бері ғұндар еуропалықтардың зәре-құтын қашырған орталық-азиялық халықтар арасында көш бастағанын айтады. Ғұндар кейін «Халықтың ұлы көші» аталған үрдістің бет-бейнесі болды (Völkerwanderung).

Француз тарихшысы Люсьен Мюссе Орталық Еуразия халқының тарихын «Еуропаға жабайылардың шабуыл жасауы: екінші толқын» атты өзінің аса ауқымды кітабында жазды (**Musset, 1956**).<sup>63</sup>Л. Мюссе өзінің кітабын Еуропа үшін аса маңызды әлеуметтік және экономикалық өзгерістер алып келген оқиғаларға арнайды, нәтижесінде оның саяси картасы мүлдем басқа сипатқа ие болды.

Мәселе VIII-X ғасыр аралығында Еуропаға түрлі халықтардың – викинг, сарацин, славяндардың басып еніп, жаңа мемлекеттердің пайда болуына байланысты, осының нәтижесінде сол уақыттың өзінде Батыс Еуропада қалыптасып үлгерген жабайы корольдікті олар тығыз қаумалай түсті. Негізінен зорлық-зомбылық, қирату арқылы жүзеге асқан осы үрдістің барысында, Батыстың экономикалық, саяси, мәдени өмірі күрт өзгеріске ұшырады. Ескі институттар жер бетінен жойылып, жаулап алушылар өздерінің құрбандарымен бірлесе отырып, өмір сүрудің жаңа үрдістерін қалыптастырды. Әр жерде жаулап алушылар мен Батыс Еуропадағы жергілікті халық арасындағы қарым-қатынас

<sup>63</sup> Л.Мюссе шығыстанушы болмағанын айта кету керек. 1943 жылдан бастап оқытушы болған ол, 1954 жылы Канн университетіне түсіп, 1972 жылы профессор атағын алады. Бірақ осы уақытқа дейін ол 1951 жылы өзінің алғашқы кітабы – «Орта ғасырлардағы Скандинавия халқы» атты еңбегін жарыққа шығарады. 1965 жылы оның «Руналогияға кіріспе» атты еңбегі жарық көреді, осы еңбегінде автор өзін жан-жақты сараптама жасап, терең ойлана алатын зерттеуші ретінде көрсетеді. Осы еңбектерінен кейін оның көптеген кітаптары мен мақалалары жарық көрді (олардың жалпы саны 298-ге жуық), олардың арасында «Байдан келген кілем», «Нормандтар, Гастингс және скандинав әлемі», «Рим Нормандиясы», Вильгельм жаулаушылары әктілерінің басылымы және т.б атап өтуге болады. Бірақ олардың барлығы да автордың негізгі зерттеу пәні – Скандинавия және Нормандия туралы.

әртүрлі сипатқа ие болды. Л. Мюссе атап көрсеткендей, сырттан басып-жаншудың соңы үнемі жағымсыз сипатқа ие болды деп айту қиын.<sup>64</sup>

Мадиярлар үшін ғұндар сияқты болу мәртебе саналды: XII және XIII ғасырларда олар өздерінің ұлттық тарихын сол заманда жетіспей қалған ежелгі өткенімен толықтыру үшін пайдаланды. Венгрлер тойтарыс берген жоқ. Ол үшін тұра солардықы сияқты атты әскер керек болды, ал каролинг жүйесінің жүгі ауыр әрі баяу болды. Соңғы, екінші толқыннан кейінгі үшінші соққы, яғни еуразиялық дала халқының шабуылын Мюссе печенегтер мен құмандар бастады деп санайды (ғалым оларды қыпшақтармен байланыстырмайды).

Осы монографияда берілген Л.Мюссе теориясы еуропалық тарихи үрдістерді түсіндіру үшін аса ыңғайлы болып саналады. Дегенмен оның Орталық Еуразияда болып жатқан үрдістерді түсіндіруде еш пайдасы жоқ. Былайша айтқанда, Мюссе еуропалық медиевист бола тұра алдына ондай мақсат қойған да жоқ.

Әлемдік тарихнамада көшпелі өркениет тарихындағы моңғол кезеңі барынша зерттелген болып саналады және ол Еуразия номадтары тарихындағы олардың өмір сүрген кезеңіне дейін мүлде болмаған, көлемі жағынан аса ауқымды, адамзат тарихындағы ең ықпалды империяның құрылған, ең жарқын дәуір ретінде сипатталады. Күні бүгінге дейін Моңғол империясы феноменін зерттеуге деген қызығушылықтың толастамағаны осының айғағы, ол Еуразия аумағында (Ресей империясы және КСРО, соңғысы өзінің социалистік лагері одақтастары мен тәуелділері саны жағынан гүлденген дәуірі кезінде Моңғол державасының географиялық конфигурациясын қайталады) пайда болған басқа да ірі географиялық бейнелердің ізашары болды. Қазақстанның тарихы да осы кезеңмен тығыз байланысты екені айтпаса да түсінікті.

Шығыс пен Батыс арасындағы дәстүрлі сауда байланыстарының үзілуі, моңғолдардың жеңіліс таппауы еуропалық элитаның зәре-құтын қашырып, мазасын алды. Онымен күресу үшін Еуропаның алғашқы дипломатиялық елшіліктері моңғолдардың ұлы ханына елшілерін жіберді. Адамзат тарихында алғаш рет Еуразиялық континент осы тұста біртұтас, бірегей болған кезде Батыс үшін Шығыстағы қалыптасқан шынайы жағдайды танып білу үлкен қажеттілік болды.

«Даланың қожайындары» кітабының авторлары Б.Брентьес пен Л.Альбаум орталықтандырылған моңғол мемлекетін құрудағы

<sup>64</sup> Мюссе Л. Варварские нашествия на Западную Европу. Вторая волна. Пер. с франц. Саниной А. П. – СПб.: Евразия, 2001. – 352 с.


басты себеп даладағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың ушығуы болғанын айтады: моңғол тайпалары XII ғасырдың екінші жартысында жайылым, мал және географиялық коммуникацияларды басқару үшін өзара ашық шабуылға шықты (**Brentjes, Albaum, 1986, 67-ші бет**).

Д.Синор өзінің «Ішкі Азиясында» өз кезегінде батыс шығыстану тұжырымдамасында қабылданған классикалық дереккөздерге сүйене отырып, Шыңғыс ханның пайда болу тарихын жан-жақты баяндайды. Синор, Шыңғыс хан 1167 жылы моңғол өзені Ононның жағалауында дүниеге келген деп жазады.<sup>65</sup> Н.Н. Крадин тарихнамада Шыңғыс хан билігінің образы біржақты көзқарас тұрғысынан қарастырылып келгенін айтады. Сол себепті біресе прагматикалық (марксистік интерпретация, жеке басының озбыр және зұлым болуы және т.б.) немесе метафизикалық (кемеңгер болмысы) баға беріледі.<sup>66</sup> Зерттеушінің пікірінше, Шыңғыс хан билік басында болған тұстағы Моңғол империясы билігін ұйымдастыру сипаты антропологиялық бағыт береді. Н.Н. Крадин, ежелгі мемлекеттерді басқарған көсемдер мен басқарушылардың билігінің ең маңызды компоненттеріне тоқталады, олар: «басқарушылық және таратып беруге негізделген міндеттер», «продуктивті ресурстарды бақылау», сауда, ұста өндірісімен алмасу, сонымен қатар идеология, әскери функциялар және т.б. (264-ші бет).

Шыңғыс хан өзінің соңғы қысын 1222-23 жылдары Самарқандта өткізді, оған сол кезде басқа да ғалымдармен қатар қытайдың монах-ойшылы Чан-чунь да келіп, өз заманының ұлы жаулаушысы және Орта Азияны дүр сілкіндерген адамның көркем суретін қалдырды. (**Waley, 1931**). Оның өлімінен кейін таққа оның үшінші ұлы Үгедей отырды (1229-1241). Үгедей билік басында болған кезде батысқа жасалған жорықтар бұрынғылармен салыстырғанда жоғары дәрежеде ұйымдастырылған болды және оның соңы 1236-37 жылдары Русьті жаулап алумен аяқталды және 1240 жылы Киевті басып алу, Синордың пікірінше, сол дәуірде ерекше орын алатын, тарихи маңызы бар оқиға

<sup>65</sup> Жаңа зерттеулерге сәйкес, Шыңғыс ханның туған жері Амур өзенінің жағалауы (Ононның оң жағалауы), қазір Читинск облысының құрамына кіреді. XII ғасырда бұл территория (Делюн-Булдак) моңғол-тайджунит деп аталатын көшпелі моңғол тайпасы одағының қарамағында болды, Шыңғыс ханның тайпасы болып саналатын қияттар осы жерді мекендеді. Моңғолияда Шыңғыс ханның отаны елдің шығысындағы Хэнтэй облысы деген тұжырым бар, сондықтан да сол жердің орталығына ұлы қағанның ескерткіші орнатылған. Шыңғыс ханның туған күніне қатысты да нақтылық жоқ, оны біреулер 1155 жылы туды десе, енді бірі 1162 жылға дейін туған деп белгілейді.

<sup>66</sup> Шыңғыс ханға арналған апологетикалық әдебиеттің үлгісі және оның құрған империясына арналған еңбек, авторы – Эренжен Хара-Даван (алғаш рет Белградта 1929 жылы жарияланған), Ресей эмиграциясы алғашқы толқынының өкілі. Осы еңбекті Л.Гумилев жоғары бағалаған. Қараңыз: Хара-Даван Э. Чингис-хан как полководец. Культурно-исторический очерк Монгольской империи XII-XIV веков. – Алма-Ата: КРАМДС-Ахмед Ясаяу, 1992. – 272 с.



болды. Киевпен бірге Византияға қарап бой түзеген өркениеттің де соңы келді; Мәскеу Русінің дамуы жаңа «моңғолдандырылған» өркениеттің қалыптасу үрдісі болды. Венгрияны жаулап алуға арналған кампания стратегиялық жағынан өте шебер дайындалған кампания болып саналады. Моңғол әскерінің оң қапталы Киевті жаулап алғаннан кейін Польшаға қарай және солтүстік батысында Венгрияға қарай бағыт түзеді; екі легі бар сол қаптал шығыс және оңтүстік-шығыс жақтан Трансильванияға шабуыл жасады. Бату хан басқарған орталық әскер Венгрияға солтүстік-шығыстағы

Верецк асуы арқылы шықты. Оны 350 жыл бұрын мадиярлар Еуропаға шабуыл жасау кезінде пайдаланған болатын. Қолбасшысы Бату хан болған әскер құрамында Котян қыпшақтарының өкілдері болған венгер әскерінің тас-талқанын шығарып, Венгрия үйінді астында қалды; Еуропа моңғолдардың Атлантикаға келетін сәтін зәре-құты қашып күтіп отырды; IV папа Иннокентий «татарларға» қарсы крест жорықшыларын ұйымдастыруға тапсырма берді. Синордың жазуынша, осы кезде 1242 жылы моңғолдар аяқастынан және қандай себеп болғаны белгісіз Еуропадан жалма-жан кетіп қалып, Шығысқа қарай бет түзеді (**Sinor, 1969, 172-ші бет**).

Е.И.Кычанов (Санкт-Петербург) моңғолдардың батысқа жасаған жорығының негізгі себебі мен уәжіне қатысты өз интерпретациясын ұсынды. Негізгі себеп – моңғол-қыпшақ антагонизмі (қарама-қайшылығы). Батысқа жорық жасау арқылы моңғолдар түркітілді халықтармен байланысқан. Осы байланыстардың шынайы табиғаты белгісіз; бірақ олардың барлығы бейбіт сипатта болмағаны белгілі. Егер Темучжинның жас болған кезіндегі дәуірге назар аударсақ, XII ғасырдың екінші жартысында, татардан басқа Халха-Моңғолия ірі этностары – керейттер мен наймандар түркітілділер немесе моңғолтілділер болды деп нақты айтуға келмейді. Күмән тудыруға келмейтін жалғыз нәрсе, моңғолдар түрлі түркітілді этностармен

жауласып, қақтығысқан (моңғол-татар шабуылы туралы жақсы белгілі). Бұл шабуылдар белгілі болғандай, моңғолдар мен түркілердің бір-бірімен жақсы қарым-қатынас ұстануынан емес, Шыңғыс ханның половецтерге қарсы ашық өштесуінен болды.

Шыңғыс үлкен ұлы Жошыға енші ретінде моңғол аттыларының ізі жеткен жерге дейінгі батыс жерін бөліп берді. Бірақ Орталық Азиядан асып, батысқа жорық жасау туралы шешім Шыңғыс хан өлімінен соң 1227 жылы қабылданды. «Юань ши» мәтініне назар аударсақ, бұл жағдай билікте Үгедей болған кезде 1234 және 1235 жылғы құрылтайларда қабылданған шешім, сол кезде Цзиньдардың чжурчжэнь мемлекеті жойылып бітті, сол кезде моңғолдардың бірқатары күші босап, жаңадан тыл пайда болды. 1234 жылы Үгедей берген бұйрық негізінде Бату (Батый) мен Субудай-банадүр батысқа жорыққа аттанады. Бату Жошының ұлы ретінде Жошы ұлысының мұрагері болды. 1234 жылы Шыңғыстың екі ұлы тірі болды, Үгедей мен Шағатай. Осы кезде Шыңғыс хан империясының билігі үшін күреске оның немерелері Бату, Гукж, Мункэ, Бури және т.б. таласа бастады. Қытайлардың жазуынша, осы сәтті тиімді пайдаланған Үгедей олардың барлығын батыс жорығына жіберді. Осы кезде Бату мен Мөңке Гуюк пен Бөрімен ашық жауласты. Осылайша, батысқа бағытталған жорық моңғол сарайындағы кейбір ішкі мәселелерді де шешті.

Осы жолы моңғол әскерінің ханзадалары мен Субутай ең бірінші рет қыпшақтармен соқтығысты. Мөңке билік еткен кездегі хроника қыпшақ топтарындағы қолбасшылардың бірі болған Бачимань туралы барынша толыққанды жазады. Моңғолдар ізіне түскен соң Бачимань хорезмшах Мұхаммед сияқты Каспий теңізіндегі аралға қашып кетеді. Дегенмен, кейін қыпшақтардың бір бөлігі моңғолдармен бірге половецтер мен орыстарға қарсы шабуыл жасайды. Осылайша, Шыңғыс ханның жаугершілік жорықтарында көптеген тайпалар мен халықтар атсалысады. Осы деректі ортағасырда батыс елдерін басып алған бақылаушылар мен қолбасшылар растайды.

Еділ бойындағы Бұлғария мен Рязань княздігіне қарапайым моңғол әскері емес, құрамында моңғол, қытай, қидан, тангут, қыпшақ, қаңлы және басқа да халық өкілдері бар қуатты әскер аттанды. «Юань ши» материалдарынан байқап отырғанымыздай, Шыңғыс хан билік еткен кездегі Моңғолия бірлестігінің әскерінде шабуылға шығатын жорық сапында аса белсенді болғандар түрлі халық өкілдері болатын. Батысқа аттанған жорық туралы айта келе, моңғолдардың ерікті және

ерікті емес одақтастары арасында әскерді бастағандардың саны нақты қанша болғаны белгісіз. Қалай болғанда да ол тәртіпке бағынатын, көп тілді шығыстан батысқа қарай ағылған қар көшкіні іспеттес болды. Моңғол әскерінің көпұлтты болуының бір себебі бағынғандарды тағы басқаларды бағындыру үшін жұмсады, осылайша салыстырмалы түрде алғанда қысқа уақыт ішінде олар өздері үшін белгілі болған әлемнің тең жартысын жаулап алды. Бір жағы бұл артықшылық болып көрінгенмен, дәл осы жағдай олардың ең басты кемшілігі болған еді. Моңғол жасағы мен оның көшбасшылары бейтаныс жерлерді жаулай отырып, өзге халық өмір сүретін ортада, өз дінін, тілін, тіпті дәстүрін жоғалтып, жергілікті халықпен сіңісіп, біте қайтасып кетті. Ал Моңғолия болса, шағын ғана халқы бар мемлекет ретінде, олар қалай Қытайды, Орталық Азияны, Таяу Шығыстың бір бөлігін және Шығыс Еуропаны жаулаған деген сұрақпен тарихшылардың таңданысын тудырып қала берді.<sup>67</sup>

XIII ғасырдың екінші жартысында Еуразия кеңістігіндегі геосаясат жаңа фактормен анықтала бастады – моңғол державасы құлап, оның компоненттері арасында бәсеке қызды. Бірінші кезекте ол ильхандар билеген Иран мен Алтын Орда арасында болды. 1243 жылдан бастап, моңғолдар Анатолияда селжүктердің үстінен өз сюзеренитетін құрды. Константинополь болса франктар мен түркілер, түркілер мен моңғолдардың, Алтын Орда мен Иран арасындағы саяси мүдделер мен стратегиялық бәсекелестік тоғысында қалды. 1277 жылы Мысыр мәмлүктерінің сұлтаны Бейбарыс моңғол ильханы Абагтың әскерін тоқтатқаннан кейін, моңғолдардың барлық азимут бойынша күрес жүргізе алмайтыны белгілі болды. Берке Мөңке-Темірдің мұрагері болған кезде (1267-80) Алтын Орда Иранмен ашық қақтығысып, мысырлық мәмлүктерге көмек көрсетті. Синор Алтын Орданы мекендеген түркі халықтары Еуразияның түркі әлемінің орталығы болып қалыптасқан осы мемлекеттің анtimoңғол және антииран бағдарын шешуге ықпал етті деп санайды.

Осы жерде түркілердің моңғол дәуіріндегі дереккөздерде алатын орны туралы айта кету керек. Моңғолдар билікте болған жылдары (XIII-XIV ғасыр) Шыңғыс хан империясының құрамына кірген елдер және оның ізін жалғағандар (Қытай, Иран, Орта Азия және Шығыс Еуропа), арасында моңғолдардың ұсынысымен елді басқаруға тартылған

<sup>67</sup> Кычанов Е.И. О некоторых обстоятельствах похода монголов на запад (по материалам «Юань ши») // Тюркологический сборник-2001: Золотая Орда и ее наследие - Т. 98. Редкол: С.Г. Кляшторный (пред.) и др. – М.: Вост. лит., 2002. – С. 75-83.



түркілер үлкен роль ойнады. Өз кезегінде барлығын үстінен басқарып отырған моңғолдар өздерінің мемлекеттік басқару мен идеологиясына сай келетін, жаулап алған елдерінің көпұлтты құрамын басқару мен қанаудың өзіндік механизмін қалыптастырды. Шыңғысхандықтар моңғолдармен бірге жергілікті халық үшін жат болып саналатын басқа да шетелдіктерге билікті сеніп тапсырды, олардың ішінде түркілердің де қатары көп болды.

Түркі көшпенділері Қытай, Иран, Орта Азия мен Русь тарихында айтарлықтай рольге ие болды. Бірнеше тілде жарияланған, алдымен парсы-араб<sup>68</sup> және қытай<sup>69</sup> дереккөздері көрсетіп отырғандай, қазіргі Қазақстанның ауқымды территориясын XIII ғасырдың басында моңғол шапқыншылығы қарсаңында қыпшақ, қаңлы, қарлұқ, наймандар мекендеді. Олар қоныстанған аудандар басқа да аумақтарды қамтыды, қыпшақтар оңтүстік орыс даласын және Солтүстік Кавказды, олардың тағы біразы қаңлылармен бірге Хорезмге дейінгі аралықты мекендеді. Қарлұқтар негізінен Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның бөлігін қоныстанса, сонымен қатар Орта Азия және Шығыс Түркістан өлкесін де жайлады. Наймандар Шығыс Қазақстаннан бөлек, Таулы Алтай, Солтүстік-Батыс Моңғолия, Селенгінің жоғары жағы мен Орхоннан Тарбағатайға дейінгі аралықты қоныстанды. Керейлер Солтүстік Моңғолия, Толы өзенінің бассейні және Орхон өзені ағысының орта тұсын мекендеді.

Моңғолдардың ең алғаш жаулап алған жерлері өздері қоныстанған Моңғолиядан шеткері аймақта, түркі халықтарын қатарына зорлықпен қосып алуы Оңтүстік және Батыс Сібір, Қазақстан, Шығыс Түркістан, «киіз үйді мекендеген дала халқы» деген ұранды пайдалану арқасында, Орталық Азиядағы барлық көшпенділердің бірлігі деген үгіт-насихат астарында бүркемелі сипатта болды.

Шыңғыс хан сыртқы саяси кампанияларға, жорықтарға және келісім-шарттарға көшпелі халықтарды бір империя қарамағына топтастыру деген дәстүрлі консолидация көрінісін жасауға талпынды. «Бірлесу» деп аталатын дипломатиялық құралдар негізінде жүзеге асырылған осы саясат мақсаты – түркілерді моңғолдардың қарамағына өткізу, оның соңы Ұйғыр Турфан княздігі, қарлұқтардың Жетісу мен Ферғана

<sup>68</sup> Тизенгаузен В.Г. Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. СПб., 1884. Т.1. Извлечения из сочинений арабских; М.; Л., 1941. Т.2. Извлечения из персидских сочинений, собранные В.Г.Тизенгаузеном и обработанные А.А. Ромаскевичем и С.А.Волиным.

<sup>69</sup> Шаоминь Кэ. Синь Юань-ши (Новая история династии Юань) //Цуншу-цэичен, эрши-уши. Шанхай, 1938. Т.8.; Юань-ши (История монгольской династии Юань) // Соинь-бонабэнь, эрши-сыши. – Пекин-Шанхай, 1958.

княздігі 1211 жылы онгут ұлысы мен Алтай және Шығыс Қазақстанда орналасқан қыпшақ пен каяглы сияқты бірқатар тайпалармен «одақтық қатынастар» (династиялық некеге ұласқан) орнатуға алып келді.<sup>70</sup>

Ең қатты соққы Оңтүстік және Батыс Қазақстанды, Хорезм, оңтүстік-орыс және Солтүстік Кавказ даласын мекендеген наймандар мен керейлерге, сонымен қатар қыпшақ, қаңлыларға тиді, олар Хорезм, Русь, астармен, Солтүстік Кавказ тұрғындарымен одақ құрып, моңғол шапқыншыларына қарсы төтеп бергенмен, жеңіліс тапты.<sup>71</sup> Бұл туралы парсы-араб, қытай, моңғол, орыс, батыс еуропалық дереккөздер бір-біріне сілтеме жасамастан тәуелсіз сипатта хабарлайды.

Моңғолдар жеңісінде түркі-моңғол бірлігі оларға қарсы күштерді әлсіретуде өз ролін ойнады. Түркі хандарына «қосылу» қатынасы формасы – олардың соғыс кезінде моңғолдар тарапына тікелей қатысуы. Ұйғырлар, куплуктар, онгуттар және Шыңғыс ханға қарсылықсыз бағынған қыпшақ, қаңлы, найман және керейлер моңғолдармен бірге басқа халықтарға шабуыл жасау кезінде де қаншама шығынға ұшырады. Сол себепті де қаншама түркі Қытай мен Иранда қалып қойды, олар сондағы моңғол өктемдігі дәуірінің тарихы пен мәдениетінде өз ізін қалдыруға мәжбүр болды.

Жаңа «түркі-моңғол қағанатының» құрылуы Моңғол империясының жаулап алу идеологиясы және тарихи негізі Шыңғыс ханның өзінің және жаулап алған халықтарына үстемдік етуі үшін жүзеге асырылды. Моңғол империясындағы жоғарғы билік доктринасы негізінен ежелгі түркі тұжырымдамасы негізінде қалыптасты.

Біріншіден, түркілердің «қаған» лауазымы және билеушінің Аспанмен (Тәңірі) қасиетті байланысын көрсететін қаған титулатурасының толық формуласы қайта қалпына келтірілді. Лауазымның толық конструкциясы, сонымен қатар қаған харизмасының Аспаннан Жер-ана арқылы таңдаулыға қарай қозғалысы туралы, монархтың ерікті орындаушы және құдыретті күшті жеткізуші әрекеті VI-IX ғасырлардағы Түркі қағанатындағы басшылардың көзқарасымен сәйкес келеді. Екіншіден, қағанның мемлекет пен әлемдегі ролі, орны мен қызметі туралы моңғолдардың түсінігі, олардың ізашарлары Түркі империясының негізін қалағандардың

<sup>70</sup> Трепавлов В.В. Южносибирские территории в составе государства монгольских феодалов XIII в. (Политико-правовой статус населения Тувы и Алтая. Вопросы истории Горного Алтая). – Горно-Алтайск, 1987.

<sup>71</sup> Ахинжанов С.М. Об этническом составе кипчаков средневекового Казахстана // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. – Алма-Ата, 1976; Кадырбаев А.Ш. Асы в Китае при правлении монгольской династии Юань // Письменные памятники и проблемы истории культуры народов Востока: XX годичная научная сессия ЛОИВ АН СССР. – М.; 1984.

түсінігімен бірдей болды. Үшіншіден, осы идеологиялық дәстүрлер маңызды сарай рәсімдерін орындау тәртібімен толықтырылды, ол да ежелгі түркілердікімен ұқсас болды.<sup>72</sup> Сонымен қатар моңғол мемлекеттілігінің Шыңғыс хан империясының қалыптасу кезеңіндегі ерте жетілмеген кезі көшпенді көршілердің тәжірибесін үйренуді, шетелдік кеңес берушілерді, бірінші кезекте осындай тәжірибесі бар түркілерді тартуды талап етті.

Түркілердің XIII-XIV ғасырлардағы моңғол мемлекетіндегі ролі оларға ежелгі түркі және әкімшілік жоспары жағынан тура солар сияқты VI-IX ғасырлардағы Ұйғыр қағанаты формасының мемлекетті дамыту ісіне ықпал етуіне жол ашты.

1259 жылы Моңғол империясының құлдырау үрдісі басталғаннан кейін Хулағу-хан (1256-1265) өз бетімен жаңа моңғол мемлекетін құрды. Дәл осы кезде моңғолдар мемлекетті басқаруға Иранның, арасында түркілердің, (мысалы, ұйғырлар) отырықшы мемлекет дәстүрі бар шетелдіктердің басқару элементтерін белсенді түрде қолдана бастады. Ильхандар (әсіресе бірінші – Хулағу, Абага, Аргун) негізінен мұсылман еместерге басымдық берді, олар – христиан, буддист, шамандар, олардың арасында негізінен түркілер – ұйғырлар, керейлер, онгуттар болды.

Түркілердің Шағатай ұлысы мен Алтын Ордадағы ролі салмақты болды, себебі онда моңғолдар аз болды және олар таңдап алған көшпелі сала да шектеулі болған еді. Алтын Орда мен Шағатай ұлысының құрамына кіретін, алып империяның батысын қоныстанған моңғолдар жергілікті түркі халықтарымен араласып кетіп, негізінен қыпшақтардың дәстүрін ұстанып, солардың тілінде сөйлейтін болды. Осы жерде моңғолдар өз тілі мен дәстүрін сақтап қалатындай, тығыз орналасып, өмір сүрген жоқ. Сол себепті де Шығыс Еуропа, Қазақстан мен Орта Азияның кең ауқымды аймағын қоныстанған Шыңғыс хан билеген империяның мүшелері және олардың қарамағындағылар, көптеген моңғол ақсүйектері өздерінің ұлттық келбетін жылдап жойып алды. Ол туралы XIV ғасырда араб авторы әл-Омари жазып кеткен. Дегенмен, ең жоғары аристократия, хан үйі, империяны билеген әулеттің мүшелері, ірі көшпелі феодалдар өздерінің белгілі бір деңгейде түркіленгеніне қарамастан, моңғол екенін ұмытқан жоқ және оны мақтан тұтатын еді. Олар Алтын Орда және Шағатай ұлысы халқының аз ғана бөлігін құрады.

<sup>72</sup> Трепавлов В.В., Овчинников Б.Б. К вопросу о древнетюркском наследии в Монгольской империи XIII века: Тезисы конференции аспирантов и молодых научных сотрудников. – М., 1983. Т.2.

Ағылшын ғалымы Ю.Филлипс (II тараудың § 2 қараңыз) «Хан Ордасы: даланың көшпелі халқы» атты кітабында, әсіресе «Моңғолдар» монографиясында моңғол шапқыншылығы тарихының тұжырымдамасын жасады (Phillips, 1965; Phillips, 1969).<sup>73</sup> Моңғол империясының тарихын Филлипс төрт кезеңге бөліп қарастырады, оның әрқайсына кітабының әр бөлімі арналған. Бірінші бөлімде автор моңғолдарды және моңғол қоғамын XII ғасырдың басындағы кезеңдегі көшпелі дала дәстүрінің иесі ретінде қарастырады. Оның кітабының екінші бөлімінде Шыңғыс хан заманындағы жаулап алу тарихы, оның мансабы және бірегей моңғол мемлекетін құру кезеңі қамтылған. Үшінші бөлімде Филлипс моңғол мемлекетіндегі жағдайды Шыңғыс ханның ізін жалғаушы Үгедей, Гүюке мен Мөңке заманымен байланыстырады. Ал соңғы бөлімі Моңғол империясынан кейін пайда болған мемлекеттердің дамуына арналған, олар – Юань заманындағы Қытай, ильхандар кезіндегі Иран, шағатай ұлысы билеген Орта Азия мен Алтын Орда.

Ю.Филлипс осы тарихи феноменнің керемет сипатын айрықша атап өтеді: «Сипатталуы тиіс әрекеттердің театры – орасан, өйткені XIII және XIV ғасырларда моңғол әскері әлемнің бірнеше түкпірінде Мәнжүриядан Палестинаға дейін, Явадан Шығыс Германияға дейін жорыққа аттанып, соғысып жатты. Солай бола тұра тек Азия жағалауындағы Тынық мұхитын есепке алмағанда, олар кемеңгі пайдаланған жоқ. Олардың үстемдігі артқан XIII ғасырда бір елдегі өзгерістер әлемнің басқа бір түкпіріне оп-оңай жетіп жатты, ол кезеңде заманауи байланыс құралдарының болмағанын ескерсек, олардың коммуникация жүйесін ерекше жетістік деп бағалауға болады. Олардың әскеріне де ерекше назар аудару қажет, олардың тәртібі, стратегиясы мен тактикасы, жауынгерлерді қару-жарақпен қамтамасыз етуі, жалпы моңғолдар соғысты жүргізу саласында үлкен жетістіктерге жетті, бастапқыда моңғол шапқыншылығы деген жойқын апат сияқты болып көрінгенмен, олардың жаулап алған отырықшы халыққа деген ықпалы керемет болған жоқ. Дегенмен жалпы әлемдік деңгейде қарастыратын болсақ, олардың қысымы айтарлықтай сезілді. Моңғолдар өркениетті елдерді жаулап алғысы келген көшпенділердің алғашқысы, соңғысы да емес, бірақ солар ғана барлық халыққа өзінің билігін жүргізе алатын дәрежеге жетті. Олардың біраз сәтсіздіктерінен кейін, көшпенді болу отырықшы өмір

<sup>73</sup> Филлипс Э.Д. Монголы. Основатели империи Великих ханов. Пер. с англ. О.И. Перфильева. – М.: ЗАО Центрполиграф: ООО «Внешторгпресс», 2003. – 174 с.

салтына салмақты балама болудан қалды, ол тек басқарушыларға ғана емес, күллі халыққа да қатысты болды».

Ағылшын тарихшысы С.Уокердің пікірінше, Шыңғыс хан – Азия тарихындағы ұлы тұлға. Оның осы көзқарасы «Шыңғыс хан» атты кітабында жазылған (1939, алдын-ала 1932-33 жылдар), жаһанды жаулаушының өмір тарихы мен моңғол шапқыншылығының маңызы оның шығармасында әскери өнерді дамыту тұрғысынан қарастырылады (**Walker, 1939**). Уокердің пікірінше, моңғолдардың әскери жетістігінің негізінде моңғол жауынгерінің симбиозы болды, олар күй талғамайтын, көнбіс, шыдамды және кез-келген жерде бағытынан жаңылмайтын, моңғол аттарымен жол жүруді және қару-жарақты пайдалануды әбден меңгергендер болды.

Уокердің жазуынша, Орта Азияға шабуыл жасаған моңғолдардың кезекті жорығының тарихының терең маңызы бар, ол Мервке жақын жазираны ғасырлар бойы мекендеген шағын түркі тайпасының Мазандаран мен Орталық Әзербайжан арқылы қашып, Арменияда тығылуы болды. Сегіз жылдан соң моңғолдар осы елді де жоқ қылған кезде, бұл тайпа одан әрі батысқа қарай қашып, бой тасалады. Оның көсемі болған Эригрул белгісіз жағдайда қайтыс болған, ал оның ұлы Осман кейін жеке мемлекет құрып, оның халқы османдар деп аталды. Біраз ғасыр өткен соң, осы мемлекет, яғни Түрік империясы Шығыс пен Батыстың зәре-құтын ұшырған күшке айналды.<sup>74</sup>

Шыңғыс ханның моңғол халқы үшін тарихи маңызына тоқталған Уокер, XVI ғасырлар бойы Моңғолияны билеген ұлы билеушісінің түбіне буддизмнің жеткенін жазады. Себебі кезіндегі айбарлы көшпенділер буддизм руханиятының құлақкесті құлына айналды. Буддизм моңғолдардың тарихи санасынан олардың өткен тарихындағы ұлы кезеңді ұмыттыру үшін барлығын жасады.

Шыңғыс ханның әскери қолбасшы ретіндегі кемеңгерлігін айтқан Уокер оны өткен замандағы қолбасшылардың барлығынан жоғары қояды. Тек Темір, «Ақсақ Темір» ғана «Жаһанды дүрліктіргенмен» қатар тұра алатын еді, дегенмен тағдыр тәлкегімен оған Моңғол империясының соңғы қалдықтарын қирату деген тарихи міндет жүктелді. Шыңғыс ханның ұрпағы оның сарайында көнтерілі ойыншық және арамтамақ сияқты болып жүрді. Шыңғыс ханға мықты командирлердің сансыз легі қызмет етті, олардың деңгейі Наполеонның маршалдарынан кем болған жоқ. Олар: Мухули, Жебе,

<sup>74</sup> Уолкер С.С. Чингиз-хан. Пер.А.И.Глебова-Богомолова. – Ростов-на-Дону: Феникс, 1998. – С.191.

Бала-ноян, оның ұлдары – Тұлу, Жошы, Үгедей, Шағатай және олардың ішіндегі ең ұлысы – Субудай. Кейбір зерттеушілер осы қолбасшылардың арқасында Шыңғыс хан әскері жеңіске жеткенін айтады. Бірақ Уокер Шыңғыс ханның өзі және оның әскери кемеңгерлігінің арқасында моңғолдар жеңіске жетті деген көзқарасты ұстанады. Себебі барлық қабылданған шешім үшін жауапкершілікті алған сол Шыңғыс хан, бұйрық беріп, стратегиялық міндеттерді қойған да ұлы қаған.

Кітабының қорытындысында С.Уокер моңғолдардың әскери кампания тәжірибесінен аса маңызды болып табылатын дүниелерді атап өтеді. 1211-1214 жылдары болған Солтүстік Қытайға қарсы кампания барысында екі фактор жұмыс істеді: қытай жауынгерлерінің моңғолдарға жау тылына шығып кетуіне жол беретіндей әлсіз болуы. Екінші фактор – коммуникацияның болмауы, бұл әскер тарихындағы ерекше жағдай; осылай бола тұра моңғолдар әскерінің жауынгерлік қабілетін сақтап қалды. Сонымен қатар моңғолдардың шапшаңдығы да өз нәтижесін берді. 1220 жылы болған Хорезмге қарсы кампания кезінде шапшаңдық принципі тағы да өз нәтижесін берді. Осы жолы моңғолдардың қарсыласы қытайлар емес, жауынгер түркілердің болғаны да маңызды.

Уокер егер Мұхаммед басшылық еткен түркілер Бұқарада оларға шешуші тойтарыс берсе, онда моңғолдардың батысқа жорығы болмас еді, нәтижесінде Персия, Таяу Шығыс, Русь және Батыс Еуропадағы өркениет орталықтары үйінді болудан аман қалған болар еді деп санайды. Бірақ Орта Азия, яғни Хорезм бәрібір моңғол әскерілерінің құрбанына айналды. Уокердің пікірінше, олардың алдына тарих қойған міндетті Мұхаммед жүзеге асыра алмағанмен, Темір жүзеге асыра алды. Осылайша ол алдына шыққан көшпенділердің барлығына қарсы шығып, тоқтатып, ауқымы жағынан моңғол катаклизмімен барабар апаттың алдын алды.

Д.М.Тимохин Хорезмшах-Ануштегинидтер мемлекетінің құрамына кіретін көшпенділер мен отырықшы халықтың өзара қарым-қатынасын моңғол шапқыншылығы кезіндегі араб-парсы дереккөздерінің негізінде зерттеді. Көшпелі және отырықшы халықтар арасындағы өзара келіспеушіліктерді зерттеу авторға моңғол жаулап алушыларының не себепті отырықшы халыққа шабуыл жасағанын түсіндіруге мүмкіндік берді. Даму барысында мемлекет тұрғындары арасында ірі қалалардағы отырықшы халық пен оның маңайындағы көшпелі түркі тайпалары арасындағы бөлініс күшейіп кетті. Әрине

хорезмдік мемлекет аясында көшпенділердің саны жағынан көп болуы, сонымен қатар олардың отырықшы, иран тілінде сөйлейтін халыққа қарсы шығуы шиеленістердің пайда болуына алып келді.

Түркі тайпаларын тек хорезмшахтар ғана емес, Орта Азиядағы басқа да билік өкілдері белсенді түрде пайдаланды. Олар түркі тайпаларына қаржы беру арқылы оларды қандай да бір шиеленісті шешуге арналған жорықтарына жалдады. Осы жағдай Хорезмшах-Ануштегинидтер мемлекетінің ғимаратына жарылғыш зат тастағандай әсер етті. Өйткені түркілерді жергілікті халық бөтен және жау санады. Тиісінше, оларға қарсы шыққан күш бостандыққа шығарушылар ретінде қабылданды. Бұл жағдай парсы авторлары жазған дереккөздерде анық көрсетілген.<sup>75</sup>

Моңғол империясының жойылған мерзімін Б.Брентъес пен Л.Альбаум 1368 жыл деп белгілейді, ол Қытайдағы моңғол билігінің жеңіліс тауып, олардың орнына Мин династиясы келген кезі еді (**Brentjes, Albaum, 1986, 73-ші бет**).

XIV ғасырдың екінші жартысында Алтын Орда Шығыс Еуропадағы үстемдігін жоя бастайды. Мәскеу қысымына қарсы шыққан Алтын Орда Литвамен одақтас болуға мәжбүр болады. Алайда Дмитрий Донской есімді ұлы князь Куликов шайқасында, 1380 жылдың 8 қыркүйегінде олардың Ягайломен қосылғанына дейін Мамайдың әскерінің тас-талқанын шығарады. Бірақ Алтын Орда Тоқтамыс ханның кезінде өзінің үстемдігін қайта қалпына келтіре бастайды, бірақ соңғы шайқастың жойқын болғаны сонша, (**Sinor, 1969, 179-шы бет**) осы автор Тоқтамыс Алтын Орданың ұлы билеушісі бола алатын еді деген пікір білдіреді. Оның саяси көкжиегі Балтық теңізінен Мысыр мен Иранға дейін ұласып жатты. Ол Польша мен Литвамен достық қарым-қатынас орнатып, Мысыр мәмлүктерімен одақ құруға тырысты және Темірдің билігіне өткен Түркістан (Самарқанд) және Ираннан Алтын Ордаға келетін стратегиялық қауіптің алдын алғысы келді. Осы бағыттағы алғашқы қадам Сырдарияның төменгі сағасындағы халықтың Ақ Ордаға бағынуы болды. 1382 жылы ол Мәскеуді бағындырды. Бірақ оның стратегиялық қатесі кезінде Кавказ үшін қақтығысқан Темірланды немесе Темірді қолдауы болды. 1395 жылы ол соңғылардың бірі болып талқандалды және орданы бақылаудан айырылды, ал билік оның бұрынғы билеушісі Темір сияқты, Шыңғыс хан тұқымынан тарамған Едігеге берілді. Бұрынғы моңғол державасының батыс

<sup>75</sup> Тимохин Д.М. Кочевые и оседлые народы государства Хорезмшахов в период монгольского нашествия // Восток. Афро-азиатские общества: история и современность (ИВ РАН). 2008. № 2. – С. 11-17.


ұлысын басқарған осы билеушінің 1419 жылы болған өлімі Алтын Орда құлдырауының бастамасы болды. Бату хан құрған мемлекет негізінде Қырым, Қазан және Астрахань хандықтары пайда болды.

Оқшауланған Қырым хандығының және Гиреев династиясының негізін салушы, 1783 жылға дейін Қырымды билеген – Хаджи Гирей (шамамен 1441-1466). Осы мемлекет пен Гиреев династиясының барлық тарихы Осман империясы мен Ресей арасындағы тарихты реттеуші ретінде Қырым өз кезегінде дәнекердің ролін ойнады. Қазан хандығы Алтын орданың ішкі өзара алауыздығы нәтижесінде XV ғасырдың ортасында пайда болды. Қазанның институционализациясының ресми мерзімі 1445 жыл деп санауға болады. Қазан хандығы түркілерден басқа, финугор халықтары (черемі және мордва) тұрған көп ұлтты мемлекет болды, осы кезеңде моңғолдық элементтер түркі ортасына сіңісіп кеткен еді. Қазан хандығы 1445 жылдан 1487 жылға дейін Қырым хандығы және Түркиямен достық қарым-қатынаста болды. Алайда Синор олар неліктен Қазан хандығын орыстардың ықпалына түсуіне мүмкіндік бергені түсініксіз болды деп ой толғайды, кейін оны орыстар жаулап алды.

Астрахань Еділдегі маңызды транзиттік пункт ретінде үлкен экономикалық маңызға ие болды. Синордың пікірінше, Алтын Орданың мұрагері болып саналатын осы мемлекеттердің өмірінің ұзақ болуы күмәнді еді. Дервиш Али Астраханьның соңғы билеушісі

болды, бірақ ол «орыс патшаларының айтқанын істейтін ойыншық іспеттес болды» (Sinor, 1969, 186-шы бет).

Филиппстің пікірінше, Шағатай ұлысының үлесінде басқа моңғол империяларына қарағанда көбірек қиыншылықтар мен жағымсыз жағдайлар болғанын айтады. Ол оның айналасында онымен салыстырғанда әлдеқайда қуатты әрі ықпалды бәсекелестер болғаннан емес, батысындағы отырықшы мұсылмандар мен өзге аудандарда көшпелі халықтың қоныстанғанымен байланысты болды. Оған кедергі келтірген мәселе тұрақсыздық болды, дәл





осындай жағдай оған дейін хорезмшах пен каракидан мемлекеттері арасында да болған еді. Батыста, шөлде, Әмудария мен Сырдария өзендерінің бассейні болды, дегенмен оның төменгі ағысы Жошы ұлысына тиесілі еді. Осылайша моңғол дәуірі белгілі ғалым, Йельск университетінің профессоры Г.Вернадскийдің еуразиялық теорияны жүзеге асыруының іргетасы болды. Осы тұжырым оның «Ресей тарихы» атты еңбегінің (1953) үшінші томында жарияланды, ол татар-моңғол (XIII-XV) кезеңіне арналған еңбек болатын. Орыстың революцияға дейінгі, кеңес және батыс әдебиеттерінің дереккөздері қамтылған осы іргелі зерттеуде моңғолдардың немесе моңғол-түркілердің Ресей мемлекетінің қалыптасуына қалай ықпал еткені жан-жақты ашылып жазылады. Вернадский тұжырымдамасының мәні моңғолдардың еуразиялық тарихи қоғамды құрудағы басымдығын мойындауда жатыр. Орда әлсірегеннен кейін, орыс жерлерінің басым бөлігі жекешелене бастады, дегенмен орыс князьдары өздері үшін моңғолдардың басқару жүйесін жөн көрді. Сондықтан да оны өзгеріссіз қалдырды. Моңғол принциптерінің негізінде XIV ғасыр басында - XV ғасырларда салық төлеу және әскерді ұйымдастырудың ұлы князь жүйесі жасалды (**Vernadsky, 1953**).

Дженкинс 1175-1260 жылдар аралығында Моңғолия жағдайында метеорологиялық мәліметтердің графикалық кестесін жасады. Осы мәліметтерді талдай отырып, Дженкинс екі негізгі қорытынды жасайды: 1. Моңғолия аумағында XII-XIII ғасыр аралығында соңы суық пен құрғақшылыққа ұласқан, аяқ астынан климаттың өзгерісі болды. 2. Ауа райының өзгеруі моңғол тайпалары арасындағы өзара алауыздық пен кек қайтарудың тоқтатылып, олардың Шыңғыс хан билігінің астына бірлесіп, топтасу үрдісін жылдамдатты. Дженкинс осы кезеңді жазғанда, мақаласында оның тұжырымдамасы моңғол шапқыншылығы тарихын түсіндірудегі жалғыз әрі дұрыс түсініктеме емес екенін де атап өткен. Климаттық факторды ол басқа да дәлелдермен тең қарастыруды ұсынады (**Jenkins, 1974, 226-шы бет**).

Алтын Орда тарихы бойынша ең негізгі дереккөздердің бірі – әл-Қалқашандидің энциклопедиялық еңбегі. Ортағасырлық мысыр ғалымы, мәмлүк дәуірінің соңғы үлкен энциклопедиясының авторы Шихаб ад-Дин Абу-л-Аббас Ахмад ибн Али әл-Калқашанди (1355-1418) – мұсылман әлемі үшін жүздеген жылдар бойы аса танымал болған азамат. Еуропалық ғалымдар оның өмірінің ең негізгі әдеби еңбегімен XIX ғасырда жақын танысты. 1879 жылы оның энциклопедиясының

мазмұнын неміс арабтанушысы Г.Ф.Вюстенфельд толық жариялады. 1884 жылы әл-Калкашанди энциклопедиясынан алынған Алтын Ордаға қатысы бар үзінді, араб тілінде жарияланды және оның орыс тіліне аударылған нұсқасы кейін шығыстанушы В.Г.Тизенгаузен еңбегінде жарияланды (**Тизенгаузен, 395-416 беттер**).<sup>76</sup>

Әл-Калкашанди сипаттамасының жалпы атауы: «Тұран екінші мемлекетіндегі бөлім туралы – Хорезм және Қыпшақ». Басқаша айтқанда, автор Алтын Орданы қос атаумен – Хорезм және Қыпшақ деп атаған. Бұл атау мағынасы жағынан энциклопедия құрастырушы түсіндірген нұсқадан да барынша терең. Өйткені Алтын Ордада да тура XIII ғасырдағы Моңғол империясындағыдай мемлекеттік әкімшілік бөлініс моңғолдардың әскерін орта және екі қанат деп дәстүрлі түрде бөлгенін қайталады (**Трепавлов, 96-102 беттер**). Ортасын Шыңғыс хан ұрпағынан тараған хан басқарды, ал қанаттарды беделді, Шыңғыс хан ұрпағынан тарамаған князьдар басқарды.

Хандыққа қатысты айтатын болсақ, орталықта үкімет болды, онда төрт Шыңғыс хан ұрпағынан тарамаған князь болды, оны ордада карачей деп атады, оның екеуі оң және сол қанаттарды басқарды. Алтын Орда қанаттарының шекаралық бөлінісі әрі оның орталығының ролін Еділ өзені атқарды, оның жағалауында XIV ғасыр ортасында хан ордалары орналасты. Олар Сарай және Жаңа Сарай деген атауға ие болды. Оң қанатты мекендеген тайпалардың орналасуы моңғолдардыкі сияқты оңтүстікке қарай бағыт алды, яғни Еділдің батыс жағынан басталса, оның экономикалық орталығы және оң қанатты басқарған қала Қырым болды (Ескі Қырым).

Парсы ақыны әрі жиһанкезі Насир-и Хусрау (1003-1088) өзінің «Сафар-наме» («Саяхат кітабы») атты еңбегінде қыпшақтар Алтайдан Еділ өзеніне дейінгі аралықты мекендеген шексіз даланы тарихта бірінші болып «Дешті Қыпшақ» деген терминмен атады, мағынасы «Қыпшақ даласы» дегенді білдіреді. XI ғасырдың ортасында осылай болған еді. Жарты ғасырдан кейін қыпшақтар батысқа қарай Еділ өзенінен әрі қоныс аударды. Орыстың жазба дереккөздерінде қыпшақтар половецтер деген атаумен таныс. Осылайша Қара теңіз маңындағы дала орыс жылнамаларында половецтер даласы аталып кетті. XIV ғасырдың басында парсы тарихшысы әрі географ Хамдаллах Казвини (1281-1349) күллі әлемге Еділ-Дон жазығындағы дала, бұрын Хазар даласы болған жер Дешті Қыпшақ болғанын әйгіледі

<sup>76</sup> Қараңыз: Григорьев А.П., Фролова О.Б. Географическое описание Золотой Орды в энциклопедии ал-Калкашанди // Тюркологический сборник. – М.: Наука, 1986. – С. 261-280.



(Кляшторный, Султанов, 130-132-ші беттер). Половецтерді XIII ғасырда моңғол көшпенділер жаулап алған еді, кейін олардың дала тайпаларын өз қанаттарының астына алып, бөлді. XIV ғасырда түркі даласына қоныс аударған моңғолдардың тілі ассимиляцияға ұшырады. Қыпшақ даласы осылайша өз атауын бірнеше ғасырларға дейін сақтап қалды.

Орда тайпаларының сол қанатқа қарайтын жерлері Еділ өзенінен бастап батысқа дейін ұласып жатты. Олардың экономикалық орталығы, әрі сол қанаттың бас қаласы Хорезмдегі Үргеніш (Куныя-Ургенч) болды. Осылайша Жошының екі құрамды мем-

лекетінің үйі шығыс дереккөздерінде Хорезм және Қыпшақ деген атауды иеленді.

Ю.Филлиппс өзінің кітабының арнайы бір тарауын Алтын Ордаға арнайды. Әкесі Жошының орнына қыпшақ ханы болып сайланған Бату Аралдан Шығыс Еуропаға дейінгі аралықты өз иелігіне алды. Оның өмірінің соңында барлық әскери жорықтардың нәтижесінде батыс шекара Дунай арқылы солтүстікке қарай Карпат таулары арқылы Холмға (заманауи Польшадағы Хелм) және Люблинге дейін, содан кейін солтүстік-шығысқа қарай Фин шығанағынан Ладога көліне дейінгі аралыққа созылды.

Осылайша, Бату ұлысы даланың ең шұрайлы жерлерінің көшпенділер үшін арман болып саналатын үлкен бөлігін иелігіне өткізді, бірақ Хорезм мен орыс княздігі сияқты онда үлкен қалалар мен өңделетін жер болған жоқ. Осы жағынан алып қарағанда ол Шағатай ұлысына ұқсады, бірақ Юань империясы мен ильхандардан осынысымен ерекшеленді. Көшпенділер арасында моңғолдарға қарағанда түркілердің саны басым болды және тиесінше олар түркі тілінде сөйлесті, дегенмен моңғол тілі ресми мақсатта пайдаланылды, мысалы хандардың қолданысында болды. Нәтижесінде орыстар көшпенділердің барлығын «татар» деп атай бастады, сол себепті Ресейдегі моңғолдарды көптеген авторлар әлі «татар» деп атайды. Батудың және оның ізбасарларының көшпелі

ордасы Еділ өзенінің төменгі сағасында орналасты. Бірақ тұрақты астанасы Еділ бойындағы Ескі Сарай қаласы болды немесе оны Сарай-Бату деп те атады, оның орнын кейін Жаңа Сарай немесе Сарай-Берке басты. Осы қалаларды татарлар салды, оны басқарған да сол татарлар болды, қаладағы барлық тірлік тек соларға тәуелді болған еді.

Кеңес тарихшылары арасында академик Б.Д.Греков (1882-1953) пен А.Ю. Якубовскийдің (1886-1953) «Алтын Орда және оның құлауы» (1950) атты еңбек классикалық шығарма ретінде саналды. Кітап алғаш рет 1950 жылы жарық көргеніне қарамастан, сол замандағы идеологиялық шектеулерге іліккенін былай қойғанда, күні бүгінге дейін ондағы ережелер өзекті болып саналады.<sup>77</sup>

Зерттеушілер моңғолдардың Дешті-Қыпшақтың ауқымды территориясына және онымен қоныстас орналасқан елдерге жасаған жорықтарының нәтижесінде шығыс дереккөздерінде Жошы ұлысы деп көрсетілетін немесе Көк Орда деп аталатын үлкен мемлекеттің пайда болғанын айтады. Орыс дереккөздерінде оны Алтын Орда деп атаған. Дегенмен күні бүгінге дейін неге және неліктен, қалай осындай атау берілгені белгісіз. Орыс тарихи әдебиетінде «Алтын Орда» термині қалыптасқан, ол барлық жылнама және басқа да орыс дереккөздерінде осындай атауға ие. Осы термин Шығыс Еуропадағы татар державасы туралы мол дерек ұсынатын араб дереккөздерінде жоқ. Парсы дереккөздерінде «Алтын Орда» термині өте сирек кездеседі. Мұсылман дереккөздерінде (араб, парсы, түркі) осыған қатысты үш термин бар – «Жошы Ұлысы», «Көк Орда» және «Ақ Орда» – олардың әрқайсысы Алтын Орда сөзімен сәйкес келеді, яғни оның орнын алмастырады немесе соның бір құрамдас бөлігі болып саналады.

Авторлардың пікірінше, Алтын Орда хандары Батудан бастап, жаңа моңғол мемлекетінің негізін қалағандарға дейін жаңа мемлекет құрмақ болып Еуропаның оңтүстік-шығысына қарай шабуыл жасаған кезде онымен экономикалық қарым-қатынас орнату жағының қандай боларын білді. Бату хан жауланған аймақтарда моңғол шапқыншылығынан кейін үзіліп қалған бұрынғы сауда байланыстарын қайта қалпына келтіру үшін барын салды. Осы көзқарас тұрғысынан алып қарағанда Бату алысты барлай алатын қабілетке ие еді және оны қатаң талап қоя отырып орындата алды. Бату билікте болған кезде Алтын Орда мен орталық моңғол империясының қарым-қатынасы дұрыс жолға қойылған болды. Үгедей билікке келген кезден бастап

<sup>77</sup> Греков Б.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение. – М.: Богородский печатник, 1998. – 368 с.

(1229-1241) күллі Моңғол империясында жалпыимпериялық пошта қызметі жүзеге асырылды.

Авторлар атап өткендей, соғыс, шапқыншылық, тонау, салық жинау – Алтын Ордалық мемлекеттер өміріндегі аса маңызды тараптар. Жоғарғы қоғам үшін ол пайда тауып, қазынаны көбейтудің жеңіл жолдарының бірі. Сол заманда алтынордалық хан әскерінің шабуылдардан соң олжалаған дүниелерінің қомақты сома болғаны белгілі. Алтын Орда басқа да моңғол ұлыстары сияқты өзінің орталық және облыстық билігін моңғол дәстүрі және жауланған елдің әкімшілік тәжірибесі негізінде құрды.

Алтын Орданың әскери әлеуетінің қуатты болған кезеңі Өзбекхан (1312-1342) билікте болған кез. Оның билігі қарамағына қарайтын барлық жерлерде жоғары беделге ие болды. Алғашқы сәтсіздіктер Жәнібек ханның тұсында болды (1342-1357). Әскери көзқарас тұрғысынан Жошы ұлысының сол қанаты болып саналатын Ақ Орда, орыстілді дереккөздерде Көк Орда деп сипатталады. Ақ Орданың шекарасын нақты анықтау қиынға соқты. Дешті-Қыпшақта, сонымен қатар Ақ Орда даласында негізінен қыпшақ тайпасының өкілдері тұрды. Моңғолдар қыпшақтардың этникалық құрамына түбегейлі өзгеріс енгізе алған жоқ. Керісінше, моңғолдар солармен араласу арқылы түркіленіп кетті, мысалға моңғолдың екі ірі тайпасын алсақ, кунграт және маңғыт уақыт өте келе олар ноғай атанып кетті.

Алтын Орданың құлдырауын ғалымдар Темірдің жорықтарымен байланыстырады. XIV ғасырдың соңы мен XV ғасырдың бірінші жартысындағы араб және парсы тарихшыларының пікірінше, Темір Қырым мен Кафаны талқандаған. Темір Сарайды өртке орау арқылы, Алтын Орданың ақырын жақындатты. Еділ маңындағы Увек және Астрахань (Хаджи Тархан) қалалары да тура осындай шабуыл құрбаны болды. Егер осының барлығына ортағасырдағы Шығыстағы ең озық қалалардың бірі болған, Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның арасын Қытаймен жалғап, Алтын Ордадағы сауда керуені өтетін жер ретінде тарихта ерекше орны болған қала Хорезм астанасы Үргеніштің 1388 жылы аяусыз талқандалғанын қоссақ, сол кезеңдегі жағдайлардың сипаты түсінікті болады. Темір Еуропа мен Қытай арасындағы Қырым, Еділ өзенінің төменгі сағасы және Хорезм арқылы өтетін сауда керуенін бұзуға барын салды. Тоқтамыстың билігі құлаған соң осы ұлан-ғайыр даладағы ауқатты өлкенің нарығы бірден құлдырап, қолөнер өндірісі де құрдымға кетті.

Ағылшынның ортағасырды зерттеген тарихшысы Чарльз И. Гальпериннің «Русь және Алтын Орда: моңғолдардың ортағасырлық орыс тарихына қосқан үлесі» (1987) деп аталатын кітабы өз заманында ортағасырлық тарихты зерттеушілер мен өткенге бей-жай қарамайтын қарапайым оқырмандар ортасында түрлі пікір тудыруға себеп болды. Қызығушылық мәселеге ерекше көзқараспен қарағандықтан туды, онда Еуразия кеңістігінде моңғолдардың мемлекеттік басқару үлгісі басымдыққа ие болып тұрған үш жүз жылдықта ескі қалыптасқан көзқарастар түбегейлі жойылды. Автор ұзақмерзімді кезеңдегі империялық басып алудың себептері, сонымен қатар оның алдағы дамуына қатысты көзқарастарға орай ортодоксальды мағына беруден бас тартты. Ортағасыр жылнамашылары қолданған компаративтік салыстыру әдісін қолдану арқылы, сонымен қатар лингвистикалық талдау жасау Гальперинге «идеологиялық үнсіздіктің» функционалдық мүмкіндіктерінің түпкілікті сипатын береді (**Halperin, 1967**).

Өз концепциясының логикасын жалғастыра отырып, британ ғалымы Ресейдің өткені мен оның Алтын Ордаға қатысты ерекше дәрежесі орыстардың неліктен жаулап алуды мойындамағаны және оны көңіл толмаушылықтың шекті дәрежесі ретінде не себепті басқа да христиандар сияқты түсіндірмегеніне түсініктеме береді. Ресей ұлыстың тікелей бөлігі болған емес және татарлар орыс князьдарына тақта қалуға жол берді. Себебі моңғолдардың өзі половецтер сияқты көшпенді-малшы болды, олардың ізбасарлары да сол далада тұрып, көптеген шаруа салалары бойынша орыстармен байланысып тұрды. Русьтың Алтын Орда құрамындағы ерекше дәрежесі, моңғол әскерлерінің тұрақты түрде келу режимінің болмауы, сонымен қатар дала көшпенділерімен байланыс орнатудың киев кезеңінен бері қалыптасуы, осының барлығы орыстардың Русь пен моңғол арасындағы өзара қарым-қатынасқа терең мән беруден қашуына жол ашты. Е.Кычанов Алтын Орда мұрасына баға бере отырып, Батый негізін салған Алтын Орда мемлекеті көп ұлтты болғанын жазады. Алайда уақыт өте келе қыпшақ-половец этносының ролі мен ықпалы күшейіп, оның әсерінен оған дейін моңғолдар ізін кескен басқа да түркілер саны жағынан басым болған соң күш алып, дәл солар сияқты олар да көшпелі шаруашылықты жүргізе отырып, кейін моңғолдардың өзін ассимиляцияға ұшыратып жіберді. Фин-угорлардың – мордва, марий-черемис, вотяк-удмурттардың түркілену үрдісі тек Қазан хандығының тұсында ғана емес, одан кейін

олар Мәскеу мемлекеті құрамында болған кезде де жалғасын тапты. Осылайша саны жағынан көп және аса белсенді татар этносының негізі қаланды, олардың Моңғолияның оңтүстік-шығысындағы алыс түкпірдегі ежелгі татарлармен атаудан басқа ортақтастыратын еш жақындығы жоқ.<sup>78</sup>

Алтын Орданың этникалық тарихының мәселесімен айналысқан М.Усманов (Қазан) Жошы ұлысында немесе Алтын Ордада державаны Жошының атымен XVI ғасырдан бастап атай бастағалы бері моңғолдардың түркі ортасына сіңісу үрдісі ерекше жылдам қарқынмен жүзеге асқанын жазады. 1236-1243 жылдары батыс кампаниясы аяқталған соң, моңғол әскерінің басым бөлігі Гуюк пен Мөңкенің бастауымен Орталық Азияға қарай аяңдады. Ал Шығыс Еуропаның даласында қалған Бату ханның әскері Дешті-Қыпшақ даласындағы түркітілді елдер арасына сіңісіп, ассимиляцияға ұшырады. Осы жағдайды заманауи зерттеушілер де ескереді. Егер әл-Умаридың жазбаларына сенетін болсақ, моңғолдардың қыпшақ ортасына сіңіп кету үрдісінің аяқталуы XIV ғасырдың ортасында аяқталды.

Еуразия даласын мекендеген түркі халықтарының Жошы мен Бату хан әскерінің құрамына кіру «механизмі» көшпелі қауымдастықтың бағыну жүйесінің ерекшелігіне қарай жүзеге асты. Кез келген қоғамда оның әлеуметтік құрылымынан бұрын, түрлі, кейде тек қана соларға тән, түрлі топ өкілдері арасында өзара тәуелділік формасы болады, солардың бірі ру-тайпаның көсемдері барлық тайпа өкілдерімен «қаны бір туыс» іспеттес болды. Осының барлығы жалпы алғанда барлық тайпа өкілдерінің көсемге, ақсүйектерге деген құрметін арттырып, бірлік идеясын нығайта түсті. Сондықтан да тайпа көсемнің соңынан ерді. Көшпенділерде ру-тайпа көсемі басқа бір одан да ықпалды көсеммен салыстырғанда үстем болмаса, оның иелігінен кетіп, барлық тайпа жаңа көсемнің соңынан еретін ерекшелік бар және ол бұқаралық сипатқа ие.

Осы өзіндік «механизм» қыпшақ даласы түркілерінің Жошы және Бату хан бастаған әскер құрамына жеңіл әрі жылдам еніп кетуіне мүмкіндік берді. Дәл осы қуатты күш батыстағы моңғолдардың олардың ұлы империясына салыстырмалы түрде алғанда жылдам еніп кетуінің негізгі және шешуші себебі болды. Сонымен қыпшақтардағы бағынудың өзіндік жүйесі Еуразиядағы көшпелі империяның тез құрылуы мен тез құлдырауының себебі болды. Осы кезеңде моңғолдар

<sup>78</sup> Кычанов Е.И. О некоторых обстоятельствах похода монголов на запад (по материалам «Юань ши») // Тюркологический сборник-2001: Золотая Орда и ее наследие-Т. 98. Редкол.: С.Г. Кляшторный (пред.) и др. – М.: Вост. лит., 2002. – С. 82.

мен Дешті-Қыпшақ түркілерінің өмір сүру деңгейі, тұрмыстық жағдайы, әлеуметтік дамуы бір деңгейде болды. Оның үстіне империяны басқару саласында біршама тәжірибе жинап үлгерген моңғолдар қыпшақ даласында шашырай қоныстанған түркілермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары деңгейде болды. Автор егер Берке хан және оның айналасындағылар үшін түркі тілі барынша түсінікті болса, одан кейінгі Жошы әулетін жалғастырғандар үшін ол одан да жақын, ана тілі сияқты болды деп қорытынды жасайды. Ол құжат бойынша да дәлелденген.<sup>79</sup>

Алтын Орда мұрагері болған елдер қатарына Астрахань хандығын да жатқызуға болады. И.В.Зайцев (Мәскеу) Еділ өзенінің төменгі сағасында жарты ғасырға жуық өмір сүрген Астрахань хандығының Алтын Орда құрамында болған, бөлініп шыққан (Қазан, Қырым, Сібір хандығы, Ноғай ордасы) басқа да мемлекеттермен ұқсас, ортақ құндылықтары болды. Ортақ болғаны мемлекеттің құрылымы және басқару, дін мен мәдениет, себебі осы мемлекеттер бір-біріне этникалық және тілдік қарым-қатынас жағынан жақын болды. Қазан, Қырым және Астрахань хандықтарын бір рудың өкілдері басқарды – олар Жошы әулетінің өкілдері, Шыңғыс ханның ұлы Жошының ұрпақтары. Алайда аталған әр мемлекеттің өзіне тән сипаты болды. Ол шаруашылықты жүргізу ерекшелігі, өмір сүру салты мен халқының құрамына қатысты болды.<sup>80</sup>

1502 жылдан ерте емес уақытта Астрахань талқандалған Үлкен Орданың саяси мұрагері болды. Бірақ династия ауысқан жоқ, мемлекеттің ішкі құрылымында да өзгеріс болмады: Үлкен Орданың ескі астанасы Астрахань хандығы болды. Жалғыз өзгеріс шекаралық бөлініске қатысты болды. Жер көлемі жағынан Астрахань хандығының аумағы шағын болды.

Алтын Орда мұрагерлерінің бірі – Қазан, Астрахань және Қырым хандықтарымен қатар Ноғай Ордасы болды. Ресей/Кеңес зерттеушісі В.Трепавлов<sup>81</sup> жазғандай, Еуразия халықтары тарихының біразында ноғай кезеңі болды. Ғылыми термин ретінде ол башқұрт және қарақалпақ тарихнамасында қолданылады; қазақтар мен қырғыздардың фольклорлық ескерткіштері де «батыр ғасырды» ноғайлар (ноғайлы) билікте болған дәуірмен байланыстырады. Осы терминологиялық құбылыс XV-XVII ғасырлардағы оқиғалардың

<sup>79</sup> Усманов М.А. Об особенностях раннего этапа этнической истории улуса Джучи // Тюркологический сборник – 2001: Золотая Орда и ее наследие. – М.: Вост. лит., 2002. – С. 101-109.

<sup>80</sup> Зайцев И.В. Образование Астраханского ханства // Тюркологический сборник-2001: Золотая Орда и ее наследие-Т. 98. Редкол.: С.Г. Кляшторный (пред.) и др. – М.: Вост. лит., 2002. – С. 32-62.

<sup>81</sup> Қараңыз: Трепавлов В.В. История Ногайской Орды. – М.: Восточная литература, 2001. – 752 с.



жаңғырығы іспеттес, осы кезде ортағасырлық ноғай халқы және оның саяси құрылымы Ноғай Ордасы Шығыс Еуропа мен Қазақстанның аралығындағы даланы мекендеді. Ноғай Ордасымен және одан шыққан халықтармен қазіргі қазақтардың, қырғыздардың, Қазан татарлары мен Қырым, Сібір, Астрахань, башқұрт, қарақалпақ, түркімен, қалмық, Дон және Орал казактары, сонымен қатар Солтүстік Кавказдағы көптеген халықтардың арғы ата-бабалары араласып, ассимиляцияланды. Ноғайлардың көршілеріне ықпал етуін үш аспектіде қарастыруға болады – саяси, этникалық және мәдени.

Ноғай державасы XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың бірінші жартысында Шығыс Еуразиядағы көшбасшы ретінде басымдыққа ие болды, бірақ ол салыстырмалы түрде алғанда ұзаққа бармады. Алайда оның көрші елдерге саяси ықпалы осы көрсетілген мерзімнен бұрын басталып, осы кезеңнен кейін де жалғасын тапты. Оның ықпалы алдымен Ноғай Ордасы сияқты татар хандықтарында сезілді, сонымен қатар Алтын Орданың мұрагері болып саналатын ұсақ мемлекеттерде де болды.

Жераумағы жақын, көршілес қоныстас болғандықтан ноғайлар Қазан, Астрахань және Сібірдегі ішкі билікке ықпал етіп, ондағы таққа өздерінен шыққандарды қоюға ұмтылды. Кейбір дереккөздер бойынша, аталған мемлекеттер Ноғай Ордасының билігінде отырғандарға белгілі бір деңгейде салық сияқты төлем жасап тұрды. Оңтүстіктегі көшпенділердің тікелей және қарқынды ықпалына башқұрт тайпалары да ұшырады, олар маңғыт билерінің қоластында болды.

Ноғай Ордасының шығыстағы көршілері Қазақ хандығы және Орта Азия хандықтары болды. Ноғайлар мен қазақ династиясының қарым-қатынасы да күрделі сипатқа ие болды, олардың арасында да сұрапыл соғыстар болды. XVI ғасырдың алғашқы ширегінде Қасым хан Еділ маңайындағы барлық даланы жаулап алды, бірақ осы ғасырдың екінші жартысына дейін ноғай «реконкистасы» болды, осылайша Қазақ хандығы ноғайларға бағынышты болды. Өзбек мемлекеті ноғай державасынан қашқан босқындардың баспанасы іспеттес болды, ол жерді өз елінен қудаланған, өзара алауыздық кезінде болған күресте жеңіліс тапқан ноғайлардың мырзалары мен билері мекендеді. XVI-XVII ғасырларда болған драматикалық оқиғалар нәтижесінде Ноғай Ордасының тұрғындары өздерінің дала державасы аумағынан шығып, көрші халықтармен белсенді түрде араласып, сол өңірлерде де қоныстана бастады.

XVI ғасырда қайта қоныстандыру науқанының екі рет болғанына байланысты қазақ этносы құрамында да ноғай элементтері сақталып қалды. Ол әсіресе Қазақстанның батыс аймағында айрықша көрініс тапты. Онда XX ғасырға дейін ноғай және маңғытай топтары сақталды. Ассимиляцияға негіз болған тағы бір жағдай қазақтың Кіші жүзі толығымен бұрынғы Ноғай Ордасының аумағында өмір сүрді. Сонымен қатар «ноғай» атауымен таралған топтар әсіресе оңтүстік-шығыстағы башқұрттар арасында көбірек кездеседі. Сібірдегі юртта да ноғайлар өмір сүреді деген деректер де бар.

Ноғайлардың инфильтрациясы ноғайларды сырт келбеті жағынан монголоидтерге көбірек келетінін көрсетті, тілінде қыпшақ элементтері көп болды, мәдениетінде көшпелі елдің дәстүрі болды. Осылайша «ноғай» этнонимі оның айналасындағы барлық халықтардың құрамына енді. Көршілері ноғайларды полиэтникалық қоғам деп жайдан-жай бағалаған жоқ, дегенмен осы этнониммен түрлі этностың өкілдері аталды. Қырым татарларының түбектен тыс даланы мекендеген солтүстік тобын да ноғай деп атады, ал қазақтар үшін ноғай – башқұрттар мен Еділ бойын жайлаған татарлар, башқұрт пен қазақтар үшін бұрынғы ноғайлар – Сібір татарлары. Ноғайлар көрші елдердің материалдық және рухани мәдениетіне айтарлықтай әсер етті. XVI ғасырдың өзінде Ноғай Ордасының халқы егін шаруашылығымен айналысатын халық үшін дала көшпенділерінің, малшылар мен атқа мінген жауынгерлердің эталоны іспеттес болды. Дәл осы жерден Ресей атты әскерінің негізгі қорын алды. Жыл сайын оңтүстік-шығыстан Мәскеу мен Қазанға табын-табын жылқы айдалатын. XVI-XVII ғасырларда орыстың дворян кавалериясы ноғай аттарының негізінде құралды. Тиісінше, ат әбзелдері мен жауынгерге керек-жарақ дүние де (ертоқым, үзеңгі, арқан, садақ, қамшы, пышақ) сол жақтан алынды.

Ноғайлар тек қана жылқыны үйретіп қойған жоқ, олар басқа да малдарды қолға үйретіп, оларды көбейтудің амалын білді. Көшіп-қонып жүрген ноғайлар рухани мәдениетке де өз үлестерін қосты. Дешті-Қыпшақ түркілерінің әдеби тілін османдар ноғайдықы деп қабылдады; қалмақтар араб тілін пайдаланды («ноғай тілі» Елшілік бұйрығында көрсетілгендей) Мәскеумен хабарласу үшін пайдаланылды.

Еуразияның түркі халықтарында (ноғайлар, татарлар, башқұрттар, қазақтар, қарақалпақтар және т.б.) Едіге және оның ұрпақтары туралы батырлар жырының ноғай циклі бар. Маңғыт билерінің басшысы

болған Едіге қазақ және қарақалпақтар үшін атбегілердің жебеушісі ретінде құрметтелді.

Ноғайлардың Еуразия халқына түрлі формада ықпал етуінің ең бастапқысы саяси сипатта болғанын аңғартады. Оның шарықтау шегі XV-XVI ғасырларда Ноғай Ордасы кезінде болды. Сол кезде маңызы жағынан екінші орында мәдени ықпал болды. XVII ғасырдың бас кезінде Ноғай державасы құлаған соң, ноғайлар бастапқы Маңғыт юртынан түрлі бағыттарға қарай бытырап кеткендіктен, олардың саяси ролі бірден төмендеп кетті. Бірақ олардың осылай бытырай қоныс аударуы ноғайлардың ұлт ретінде оның көршілеріне ноғай мәдениетін таратуға жол ашты. Тарихи және этнографиялық материалдар соңғы 5 ғасырда ноғайлар Еуразияның өркениеті мен тарихының дамуына айтарлықтай үлес қосқанына күә (**Трепавлов, 2001. 648-652-ші беттер**).

Ноғайлардың этносаяси қоғамы XV ғасырдың екінші жартысында Дешті-Қыпшақтағы исламданған түркі халықтарының айналысында, Орта Азиядағы және Еділ бойындағы көршілес орналасқан мұсылмандармен біресе татуласып, біресе жауласу негізінде қалыптасты. Ноғайлардың державасы Хорезмдегі өзбек хандығы мен Мәуереннаһрмен (Әмудария мен Сырдария өзендерінің аралығы), қазақтармен, Қырым, Қазан, Түркиямен белсенді түрде байланыс орнатты.

Осылайша, Моңғолдардың Орталық Азия мен Қазақстанға шабуыл жасауы, басқа да елдердегі сияқты көшпелі халықтың жаппай қырылуына алып келді, олардың арасында жойқын соққыға төтеп берген наймандар, керейлер, қыпшақ, қаңлылар бар. Қарлұқтар, оңғыттар, ұйғырлар және моңғолдарға еш қарсылықсыз бағынған қыпшақ, қаңлы, найман мен керейттер, жаулап алу қаупі кезінде көп шығынға ұшырады, олардың адами және экономикалық ресурстары моңғол билеушілерінің иелігінде кетті. Олар Шыңғыс хан және оның ұрпақтарының әскерінің құрамында бірқатар ұрыстарға белсене атсалысты. Қыпшақтар, қаңлылар, қарлұқтар, ұйғырлар, наймандар, керейлер, оңғыттар моңғол шапқыншылығына қатыса отырып, олар жаулап алған елдерде моңғол басқарушылары ретінде, әскери және қауіпсіздік күші есебінде қызмет атқарды, соңынан туған өлкелеріне қайтпай, жергілікті тұрғындармен араласып кетіп, сіңісіп, ассимиляцияланды.

Алтын Орда мен Шағатай ұлысына келер болсақ, моңғол билеушілерінің аз ғана тобы шаруашылық жағынан жақын орналасқан

түркі көшпенділерінің ықпалымен біртіндеп түркілене бастады. Осылайша, моңғол жаулап алушылары барлық жерде басқарудың полиэтникалық аппаратын құрды. Жаулап алынған халыққа жаулап алушылар қысым көрсетіп, оларды қанады. Арасында тек қана моңғолдар ғана емес, моңғол қызметінде болған басқа да этностың өкілдері болды, олардың арасында түркілердің ролі айқын байқалды. Оған моңғолдың мемлекетті басқару дәстүрінің негізінде ежелгі түркі тұжырымдамасының болғаны да өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Алайда олардың ролі моңғолдардың кезінде әр елде әртүрлі сипатқа ие болды. Алтын Ордада моңғолдар жергілікті түркі халқымен ассимиляцияланып кетті, ал Батудың державасы Алтын Орда құлаған соң Ноғай Ордасы, Қазан, Астрахань, Қазақ және Қырым хандықтары сияқты түркі мемлекеттерінің құрылуына себеп болды.

Осыған қарамастан, тарих күә болғандай, түркілер моңғолдардың билік еткен дәуірінде Қытай, Орта Азия және Шығыс Еуропаның саяси және мәдени өмірінде айтарлықтай роль ойнады.


Ю.Филлипс өзінің кітабында Темірдің тарихи ролін былай сипаттайды: «Темір мен оның тікелей орынбасарлары моңғолдардан тарағанмен және Шыңғыс хан дәстүрін есте сақтағанмен, олар мүлдем басқа әлемге тиесілі болды. Темір өзінің мемлекетін негізінен Шыңғыс хан құрған мемлекеттердің қалдығының негізінде, Орта Азия үшін Шағатай ханмен және Тоқтамыспен Жошы ұлысы үшін соғысып, құрды. Ол сол замандағы көп моңғолдар сияқты Моңғолияның аумағынан тыс жерде тұрғандықтан түркі тілінде сөйледі, Орта Азияда өмір сүрді және өз елінің астанасы ретінде Самарқандты таңдады. Ол Моңғолиядан емес, нақты осы жерден әлемді жаулауға кірісті, бірақ ол исламға қарсы болған жоқ, мұсылман ретінде өз сенімін кез келген жолмен таратуға қарсы болды».

1335 жылға қарай Ирандағы ильхан династиясы жойылды. Биліктің орнын түрлі эпигон, эфемер династиялары басқысы келіп, Хулагу ұлысының түрлі бөліктерін бақылауына алуды қалады. Иранның әлсіреуі Тұранның күшейген кезімен тұспа-тұс келді. Иран поэзиясында жазылғандай, осы кезде Орта Азия түркілердің иелігінде болды, яғни оған Шағатай ұлысы билік етті. Синор Темірдің әскері негізінен түркілерден құралғанын айтады, бірақ онда моңғол және мұсылман жауынгерлерінің дәстүрі сақталды. Темір шапқыншылығын Хорасан мен Шығыс Персияны жаулап алудан бастады. Содан кейін 1391 жылы Темір Қыпшақ даласына қарай жорық жасады, 1385 жылы бұрын өзінің

қамқорлығында болған Тоқтамыспен соғысты. Осы жорықтардың Темірдің Үндістан және Түркияға жасаған шабуылдары сияқты айтарлықтай геостратегиялық салдары болған жоқ. 1398 жылдың тамызында жасы 62-ге келген Темір Кабулды артқа тастап, туглук династиясы билейтін Үнді Сұлтанатын жаулауға аттанды. 1399 жылдың басында Темір Делиді жаулап алды, наурыз айында Үндістанды кесіп өтті, оның жорығынан кейін Солтүстік Үндістандағы туглуктардың билігі құлады. 1400 жылы Темір өз жасағын батысқа қарай бұрды да, дәл сол жылы Алеппо мен Дамаскті жаулап алды, бір жылдан соң Бағдат та иелігіне өтті.

Еуропалықтар жазған естелікке сүйенсек, Темір ауру әрі кәрі адам болған. Бірақ оның Қытайды жаулап алсам деген идеясы болған. Осылайша Темір шын мәнінде бұрынғы Моңғол империясының шекарасын қалыпқа келтіріп, өзін «Жаһанды жаулаған ұлы қолбасшының» ізбасары ретінде көргісі келді. Бірақ Қытайға жорығы барысында Темір Отырарға жақын маңда 1405 жылдың 19 қаңтарында қайтыс болды. Синордың жазуына қарағанда, тарихта Темірдің есімі тас-талқан қылып жою және аяусыз қатігездік синонимі іспеттес болып қалды. Дегенмен, Темір өзінің сүйікті қаласы Самарқандты әлемдегі ең ұлы қала ретінде көргісі келді. Синор Темірді қаралауға, не ақтауға тырыспау керек деп санайды, Темір ең алдымен өз заманының ұрпағы және Орталық Азия тарихындағы жаңа кезеңнің негізін салушы болып саналады.

Б.Брентъес пен Л.Альбаум өздерінің «Дала қожайыны» кітабында Самарқандты Орта Азияның метрополиясы деп атайды, шын мәнінде ол Темір дәуірінде солай болған еді. «Ақсақ Темір» есімін ғасырлар бойы болған дала халықтары жорығында қол бастаған Мао-Тунь, Аттила және Шыңғыс хан сияқты әйгілі, көрнекі қолбасшылармен қатар қояды. Олардың барлығының да есімі әлем тарихында ұлы жаулап алушы ретінде қалса, Темірдің басты айырмашылығы ол қатыгез, аяусыз талқандаушы ретінде сипатталады (**Brentjes, Albaum, 1986, 81-ші бет**). Осы авторлар Темір дәуірінің шарықтау дәуірін, XIV ғасырдың ортасында Шағатай ұлысында болған саяси жағдаймен байланыстырады. Шын мәнінде ол құлдыраған соң, екі хандыққа бөлініп кетті. Оның бірі орталығы Ыстық көлде болған шаманистік сипаттағы, екіншісі – барынша исламданған Трансоксиания. Темір Орталық Азиядағы моңғолдардың саяси мұрасына нүкте қойды. Дәл осы оқиға Қытайда да моңғол билігінің құлдыраған кезімен тұспа-тұс келді. Моңғол ханшайымына үйлену арқылы ол өзінің билігін барынша



өкілетті ете отырып, солтүстік-шығыс бағытындағы моңғолдардан бастап, Қара Ертіске дейінгі аралықта орналасқан елдерге қарсы жорық жасады.

Темірдің өлімінен кейін ірі көшпелі империялар құрылып, құлдыраған принцип қайта қолданысқа ене бастады. Д.Синор жазғандай, «олар билеушінің жекеменшігі болды, ол оны өзінің қалауына қарай мұрагерлеріне бөлуге немесе үлкендерінің құқын елеместен, өзінің бүйрегі бұрған ұрпағына енші ретінде беруге құзырлы болды» (**Sinor, 1969, 193-ші бет**). Оның ұлы, әйгілі ғалым Ұлықбек ұзақ жылдар бойы әкесінің атынан Трансоксианияны

(1409-1446) биледі, бірақ оның барлық империяны билеген уақыты тым аз болды, (1447-1449). Ұлықбек өзінің ұлының қолынан қаза тапты, ал империя бірнеше бөлікке ыдырап, тарап кетті. Ұлықбектің заманында Самарқанд тек қана аймақтық емес, әлемдік деңгейдегі ғылым мен өнердің орталығына айналды. Сөйтіп тарихта мұсылман өркениетінің ұлы орталығы ретінде қалды. Ұлықбектің ел билеушісі ретіндегі фигурасы өз заманындағы әкесінікі сияқты күллі Орталық Еуразия үшін билеуші әрі ғалым ретінде ерекше сипатқа ие болды. Осылайша, Синор Иран мен Тұран тағы да ажырап кетті деп қорытынды жасайды. Б.Шпулер оны барынша жаһандық үрдістің бір бөлігі ретінде санайды: Осман империясы, сефевидтік Иран және Ұлы Моңғолдар империясы тарихи ролі қалыптасқан Орталық Еуразия көшпенділеріне қарсы тиімді кедергіге айналды (**Spuler, 1960**). Осы тарихи қарсылыққа кейін Ресей де қосылды және XVI ғасырдан бастап, көшпенділер оларға шапқыншылық жасаған, көшпенділермен салыстырғанда технологиялы даму деңгейі жоғары, отпен атылатын қару-жарақпен қаруланған отырықшы өркениеттен қорғануға кіріседі.

Темір дәуірінің әлемдік өркениет тарихына қосқан үлесі бірнеше мәрте халықаралық конференцияларда зерттелді. Олардың арасында

ең маңыздысы – «Темір заманындағы Орта Азиядағы өнер бойынша халықаралық симпозиум» (1969), сонымен қатар ЮНЕСКО-ның бастамасымен ұйымдастырылған «Әмір Темір және оның әлем тарихындағы орны» атты халықаралық конференция (1996). Алғашқы мәселе бойынша америкалық шығыстанушы Р.Нельсон «Темір әскери стратег және геосаясаткер» атты негізгі баяндама жасады. Автор онда Темірдің тарихи фигурасы интерпретациясына заманауи реңк беруге тырысқанын айтады.

Р.Нельсон Темірдің тарихи фигурасының маңыздылығына тоқтала келе, қызық қорытынды жасайды, ол көшпенділердің табиғи жабайы батылдығын исламға деген сеніммен байланыстыра алған ең бірінші ұлы жаулаушы болды. Осылайша, оны заманауи «өркениеттер қақтығысының» бастамашысы деп сипаттауға болады. Азиядағы күш балансының өзгергенін есепке алсақ, Темір ортағасырлық Алтын Орда, Персия, Дели сұлтанатындағы, Түрік империясы сияқты державаларды тізе бүктіріп, жаулап алды және моңғолдар тарапынан Қытайдан келетін қауіпті сейілтті. Ол Московия үшін де дәл осындай жағдай жасады, Алтын Орданы талқандай отырып, оның аяққа тұрып кетуіне мүмкіндік берді. Нельсон, Темір әлем тарихында болмаған және болуы да күмәнді, ауқымды аумақты қамти алатын өте сирек тұлғалардың бірі болды деп қорытынды жасайды (**Amir Temur, 1996, 21-26-беттер**).

Түрік зерттеушісі И.Тоган Темір мемлекетінің пайда болу тарихын XIV-XV ғасырлар аралығында Еуразияның ислам және түркі әлемін қамтыған бір жалпы үрдістің контексінде қарастырады. Ол түрлі рулар мен тайпалардың аймақта басымдыққа ие болу мақсатында жасаған бақталастығы. Осы үрдіс Орта Азияға Барлас руынан Темірлан бастаған топ және Алдыңғы Азияда Османдар билік басына келгелі нығая түсті. Осы оқиғалар түркі әлемінің мәдени-тарихи дәстүрінде Шағатай және Осман мәдениеті деп аталатын айрықша із қалдырды (**Amir Temur, 1996, 14-15-ші беттер**). Ф.А.Дуррани есімді пәкістандық ғалым Темірді бір жағынан Шыңғыс хан ісін жалғастырушы тұлға, екінші жағынан ұлы ислам империясын құрушы, ұлы мұсылман қолбасшысы ретінде таниды (**Amir Temur, 1996, 34-36-шы беттер**).

Темір дәуірін зерттеген америкалық ғалым Б.Ф.Манс өз баяндамасын «ұлы Ақсақ Темірдің» Қазақстан тарихына қатысты қызықты тұстарын ашып көрсетуге арнайды, ол – Темір мен Алтын Орда қақтығысы. Б.Манс осы күресті «моңғол империясын қайта қалыпқа келтіруге арналған дуэль» деп сипаттайды. Зерттеуші мәселені Темір тарихына

қатысты тарихи дереккөздерге салыстырмалы сюжеттік талдау жасау арқылы көрсетеді. Негізінен еуропалық тарихшыларға жақсы таныс парсы тілінде жазылған дереккөздерде Самарқанд әміршісінің дала кампанияларына аз назар аударылған. Алайда түпнұсқаға барабар ортаазиялық дереккөздерге назар аударсақ, мәселен Темір тарихының қысқаша нұсқасын оның немересі Искандер Сұлтан басқаша мағынада сипаттайды, мысалы оның жорықтарының тарихы Темір жасаған күрестің мақсаты моңғол державасын қайта қалпына келтіруді көздеген болатын. Тоқтамыс пен Темір шыңғысхандық легитимділік аясында бірегей моңғол державасын құруды аңсаумен өмір сүрді деп жазылады. (**Amir Temur, 1996, 56-62-ші беттер; Manz, 1989**). Америкалық зерттеуші өз идеяларын басқа да еңбектерінде дамыта түседі («Темірланның өрлеуі мен басқаруы», 1989).

Шетелдік зерттеулерде Темір және оның дәуірі туралы көрсетілетін тағы бір маңызды мәселе – ол бірнеше түрлі елді біріктіру нәтижесінде құрған мемлекеттің ішкі саясаты пен құрылымы. Темір кеңсесін басқару механизмін қарастыра отыра, Фрагнер Темір билікте болған кездегі бюрократиялық жүйе мен басқару идеологиясына моңғол және ислам дәстүрінің де ықпал тең дәрежеде болған деген қорытындыға келеді. Басқару ислам дәстүріне сай бұйрықтардың көмегімен жүзеге асырылды, олар: фирмандар (фармандар), маншурлар мен тауфиктар (таукиктар). Темір мемлекетіндегі бұйрықтардың тілі моңғол, парсы және түркі болды, яғни империяның негізгі ұлыстары – моңғол-қытай, ильхан және Алтын Орданың тілі қолданылды. Фрагнер Анадолыдан Үндістанға және Қашқарға дейін ұласқан ұлан-ғайыр кеңістік үшін *император үлгісін* ұсынады, онда ислам және моңғолдардың «идеалды басқарушы» туралы идеясы біріктіріліп, Темір империясының саяси қызметінде сәтті пайдаланылады. Осылайша, Темір империясының қалдықтарында XV-XIX ғасыр аралықтарында идеалды билеуші үлгісі жүзеге асырылады (**Amir Temur, 1996, 11-13-ші беттер**).

Шығыстану мен түркітанудың патриархы О.Прицак Шағатай ұлысынан шыққан Темір империясы түркі-моңғол заманындағы ұлы еуразиялық дала империясының соңы болды деп санайды. Алғашқы Түркі империялары сияқты (550-840) ол өзіне тек көшпелі емес, сонымен қатар отырықшылар қоныстанған аймақтарды да қосып алды. Бірақ олармен салыстырғанда Темір мемлекеті отырықшы өркениетке тән аса бір маңызды идеологиялық детальға, дінге (ислам) бейімделген



болып шықты. Әмірдің титулы ақсақ Темірдің мықты ислам өкілеттілігін көрсетті. Әмір ретінде оның шыңғысхандықтар Суюргатмыштың атынан билеуі (1370-1388) және оның ұлы Сұлтан Махмұд-хан (1388-1402) және Шыңғыс ханның Яса молына сәйкес, оның басқаруына моңғол дәстүрі тарапынан өкілеттілік берді. Дегенмен Темір сонымен қатар шарифатқа сүйенетінін және өзін мұсылман руханиятының, әсіресе дәруіштердің қорғаушысы санайтынын жариялады.

Темір билікте болған кездегі басқару механизмі екі параллелді құрылымның өмір сүрген кезінде қызмет етті, ол бір жағынан империяның Шағатай бөлігіндегі түркі-моңғол диваны мен әскери министрлік – диван-и бузург; екінші жағынан иран шенеуніктері жасақтаған, өз қызметін парсы тілінде жүргізетін параллелді диван. Парсытілді кеңсенің негізгі мақсаты – империяның отырықшы халқынан салық жинау. Темірдің мемлекеттік жүйесінің орталығында әскер болды. Ол моңғол және ислам заңдарын басымдыққа ала отырып қызмет етті. Прицактың пікірінше, Темір моңғол ярасын қиын және қарама-қайшы жағдайда ғана пайдаланды, бірақ оның елдің астанасы ретінде отырықшы халық өмір сүретін Самарқандты таңдауы оның империясының отырықшы ислам өркениеті эволюциясын таңдағанын көрсетеді, осы бағыт кейін оның мұрагерлері билік басына келгенде де жалғасын тапты (**Amir Temur, 1996, 15-17-ші бет**).

#### § 4. Ең басты дереккөз – «Тарих-и Рашиди»

Жоғарыда аталып өткендей, орта ғасырдағы әйгілі тарихшы, Шығыстың саяси қайраткері Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидың (Дуглата) «Тарих-и Рашиди» шығармасы «қазақтар» туралы дерек келтірілген алғашқы тарихи дереккөз болып саналады. Ол Орталық Азия халқының тарихын зерттеген шығыстанушылар, деректанушылар және тарихнамашылар арасында кеңінен танымал және өте жиі пайдаланылады. Шығарма XVI-XVIII ғасыр аралығында оның замандастары Амин Ахмад Рази, Махмуд ибн Вали, Шах Махмуд Чурас сияқты өз шығармаларының тұтас бір бөлімдерін «Тарих-и Рашидидің» негізінде жазған авторлардың арасында да лайықты бағасын алған<sup>82</sup>.

<sup>82</sup> Өз заманында М.М.Дулати Хайдардың шығармалары үзінді ретінде және тұтас жарық көрген: Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков. (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – Алма-Ата: Наука. 1969. Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-и Рашиди. – Ташкент: Фан, 1996. Дулати Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди (Рашидова история): Перевод с персидского языка, 2-е изд. Дополненное. Алматы: Санат, 1999. – 656 с.

Өзінің зерттеу пәні жағынан (Моголистан немесе Моғолстан тарихы) және шығу тарихы тарапынан, генеалогиялық шежіре бойынша (түркілердің дулат тайпасының әмірі) Мырза Мұхаммед Хайдар бірнеше туыстас халықтарға жатады, оның ішінде тарихы Моғолстан мемлекетімен байланысты болашақ қазақтар, қырғыздар, ұйғырлар, арасында ортағасырлық өзбектер де бар. Моғолстан – (XIV ғасырдың ортасы мен XVI ғасыр басында) бір жарым ғасырлық уақыт аралығында үш түркі халқының, қазақ, қырғыз, ұйғырдың басын қосқан саяси мемлекеттік құрылым.

Қазақтар Моғолстан кезеңінде Ұлы жүз, Орта жүзбен бірге Ақ Орда мен Әбілқайыр хандығы шекаралары, Кіші жүз Ноғай ордасында оқшауланды. Орта Азиядағы XV-XVI ғасырлар тоғысындағы осы оқиғалар ұзақ уақытқа созылған Темір династиясы бастаған соғыстан соң, Шайбанилер билігіне ұласты, оны басқарған Мұхаммад Шайбани – Шығыс Дешті-Қыпшақтағы көшпелі өзбек ханы Әбілқайырдың ұрпағы, ол туралы «Тарих-и Рашидиде» кеңірек қамтылған.

«Тарих-и Рашидиде» Орталық Азиядағы басқа да халықтар туралы тарихи деректер бар, олар – қалмақтар, (ойрат), тибеттіктер, кашмирліктер, хезарлықтар және т.б. Бірақ өзара туыстас болып келетін түркінің халқы, нақтырақ айтсақ, қазақтар, қырғыздар, ұйғырлар және өзбектер туралы «Тарих-и Рашиди» барынша кең қамтып жазған. Олардың әрқайсысы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатиді өзінің отандық тарихшысы деп санай алады.

Қолжазба авторы Ташкентте туған, жас кезінде Орта Азияның бірнеше қаласында тұрған ол жоғарыда аталған күрес кезінде XVI ғасырдың алғашқы он жылдығының ширек уақытын Қашқарияда өткізеді. Мұхаммед Хайдардың ата бабалары ұлысбектер – дуглаттар үш ғасыр бойы сол жердегі қалалар мен жер аумақтарын иемденеді, «Тарих-и Рашиди» еңбегінің авторы сол жерде жиырма жылдан астам уақытын өткізеді және Сұлтан Саид-хан оған өзінің «барлық әскери және мемлекеттік» істерін сеніп тапсырады (л. 173а). Ол денсаулығы жарамаған соң, Сұлтан Саид-ханның Моғолстанның Шуына жасаған сапарына бара алмағанына өкінеді, осы кезде ол қазақ билеушісі Қасым ханмен кездескен еді (л. 176а — рук. «Тарих-и Рашиди» ИВ АН РУЗ № 1430); ол Моғолстанның оңтүстігінен басқа шекаралық аймақтарын көрмегенін айтады (л. 236а), онда Моғолстанмен шекаралас орналасқан Ферғана, Қашқар, Ақсу, Чалыш пен Турфан орналасқан.<sup>83</sup>

<sup>83</sup> Пайдаланылған аударма негізіне ташкенттік тізім қосымша ретінде тіркелген (Ресейдегі ҒА Шығыстану институты, инв. № 1430), XVII ғасырдағы палеографиялық мәліметтермен белгіленген

Оның еңбегінің негізгі мақсаты – оның пікірінше, моңғол (моғол) хандарының Моғолстанның олардың ислам дінін қабылдағаннан бергі тарихын жазу, яғни Шағатай Туглук Темір-ханның заманынан бергі. Оған дейін Шыңғыс ханнан бастап, Моңғолияны мұсылмандар билеген жоқ және олардың тарихы бірнеше еңбекте жарық көрді, мысалы Джувейни, Рашид ад-Дин және т.б. деп атап өтті Мұхаммед Хайдар. Шын мәнінде ол соңына 200 жылдан астам кезеңді қамтитын, ауқымды территориясы бар аймақтың саяси, этномәдени, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның тарихи тағдыры туралы ерекше еңбекті тарихи дереккөз, мұра ретінде қалдырып кетті.

Орта Азия мен Шығыс Түркістанның тарихын зерттей отырып, еуропалық тарихи ғылым XIX ғасырдың ортасында Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегіне сүйенеді. Дегенмен, ең алғаш рет осы еңбектен қазақтар мен Қазақстан туралы деректер әйгілі орыс шығыстанушысы.

В.В. Вельяминов-Зерновтың назарына ілігеді. Өзінің «Қасымның хандары және ханзадалары туралы зерттеуі» атты төрт томдық тарихи еңбегінде ол Қазақ хандығының тарихын, шығыс тілдерінде жазылған дереккөздерге сүйене отырып қайта құрылымдайды. В.В.Вельяминов-Зернов «Тарих-и Рашидиде» қазақтар туралы жазылған деректерді анықтап, аударып, жүйелеп, ондағы деректерді басқа да мынадай дереккөздермен салыстырады, олар Қадырғали Жалаиридің «Джами ат-таварих», Хафиз Таныштың «Абдулла-наме», Хондемирдің «Хабиб ас-сийар» және т.б. еңбектері. Ол Мұхаммед Хайдар жазған Қазақ хандығының саяси тарихы бойынша деректерді баяндайды және оны осы мемлекеттің құрылуын Дешті-Қыпшақтан келген Керей мен Жәнібектің Жетісуда хандық құрғанымен байланыстырады, олардың не себепті «қазақ» деп аталғаны және олардың сыртқы саяси байланыстары мен қазақ хандарының моғұл, өзбек, ноғай билеушілерімен қарым-қатынасын баяндайды.

В.В.Вельяминов-Зернов қазақтар туралы «Тарих-и Рашиди» еңбегінде көрсеткен деректерді жарияламастан бұрын, осы дереккөздегі материалдарға қазақтың белгілі шығыстанушы ғалымы және этнограф Ш.Ш.Уәлиханов ерекше қызығушылық танытады. Ол тарихшы-деректанушы ретінде өте ауқымды зерттеу жұмысын жүргізеді: ол «Тарих-и Рашиди» бойынша Мырза Хайдар ұсынған генеалогиялық кесте материалы негізінде үзінді көшірме

және жұмыс барысында қолданылған басқа да қолжазбалармен салыстырғанда барынша толыққанды, осы жерде және әрі қарай мәтінге сілтеме жасалады.

жасап, Қадырғали Жалаири және басқа да дереккөздер бойынша Моғолстанның схемалық картасын дайындайды, Ш.Ш.Уәлихановтың «Тарих-и Рашиди» бойынша дайындаған материалдары тек он шақты жыл өткен соң ғана жарық көреді.

В.В.Вельяминов-Зернов қазақтар және Қазақстан туралы деректерді жариялағаннан бастап, XV ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстанның кейінгі ортағасыр тарихының бастапқы кезеңі – XVI ғасырдың алғашқы төрт жылдығы туралы жазған бірде-бір тарихшы бастапқы дереккөз болып табылатын осы материалды, Мұхаммед Хайдардың қазақтардың хандық құруы және оның алғашқы он жылдығы кезіндегі тарихи кезеңдері туралы жазылған деректерді назардан тыс қалдырған емес.

В.В.Вельяминов-Зерновтың осы бастапқы дереккөздерден алып жариялаған қазақ және қазақ хандығының құрылуы туралы мәліметтердің үзіндісін «Қазақстанның өткені дереккөздер мен материалдарда» деп аталатын 1935 жылы жарық көрген жинақта Д.Асфендияров пен П.А.Кунте сияқты профессорлар қайта басып жариялады.<sup>84</sup>

Мырза Хайдар «Тарих-и Рашиди» еңбегін Кашмирде бірнеше жыл бойы жазды. Шығарма екі «дафтардан» (кітап) – бөлімнен тұрады. Біріншісінде, Моғолстан мен Қашқарияның Шағатай ұрпағынан тараған, Түглук Темірден бастап (таққа отырған мерзімі 748/1347-1348 жылдар) Абдаррашид ханға дейін (940/1533 таққа отырған уақыты), хандарының тарихы жүйелі түрде баяндалады, ол 952/1546 жылдары (л. 856), екіншісінен кейін жазылған. Екінші «дафтар» 948/1541—1542 жылдары аяқталған (л. 92а), көлемі жағынан біріншісінен төрт есе көп, ол негізінен автордың мемуары, тұра Захираддин Мухаммед Бабурдың (888/1483 жылы туған, 937/1530 жылы қайтыс болған) «Бабырнамасы» сияқты, ол да өзбек тілінде жазылған, XVI ғасырда парсы тілінде жарық көрген мемуарлардың үлгісі ретінде сипатталады. Осы екі автор да бір ортаның адамдары, тіптен екеуі немере ағайын болған.

«Тарих-и Рашидидің» мемуарлық және тарихи бөлігі біртұтас және оларды бір-бірінен бөлек алып қарастыруға келмейді. Моғол хандарының тарихы Йунус ханнан басталады (биліккен келген 866/1462 жылы), екінші кітапта ол біріншіге қарағанда толық мәліметтер арқылы

<sup>84</sup> Осы жерде және әрі қарай академик М.Қ.Қозыбаев пен К.А.Пищулинаның кіріспе мақаласы мен түсініктемесі пайдаланылған: Дулати Мухаммед Хайдар. Тарих-и Рашиди (Рашидова история): Перевод с персидского языка, 2-е изд. дополненное. – Алматы: Санат, 1999. – С. 3-12.

сипатталады және Мырза Хайдар «осы оқиға екінші «дафтарда» толығырақ жазылады» деп сілтеме жасайды.

Тибет, Үндістанға аттанған әскери экспедицияны басқара отырып, Мырза Хайдар өте құнды тарихи, этнографиялық, географиялық және т.б. мәліметтер қалдырған. Одан бөлек «Тарих-и Рашиди» өз заманының мәдениет тарихы туралы да мол мәлімет ұсынады, жекелеп айтсақ онда Мырза Хайдар герат мәдени ортасына, яғни Әлішер Науаи заманындағы адамдарға баса мән береді.

Мұхаммед Хайдардың қазақтар туралы дерегі ауқымды және әртүрлі. Онда қазақтардың өмірінің атап айтқанда саяси, этникалық, мәдени сияқты барлық қыры қамтылған. Бірақ бұл мәліметтер тек қана қазақ халқының және оның мемлекетінің және соларға қатысы бар оқиғалардың тарихымен шектеліп қалмайды, соларға қатысы бар басқа да мәселелер қамтылады. Қазақ халқының тарихы мен оның мемлекетіне қатысты Мұхаммед Хайдардың басқа да материалдары бар. Біріншіден, ол Моғолстан мемлекетінің және оның билеушілерінің тарихы – оның құрылымдық бөлігі Оңтүстік-Шығыс Қазақстан болды (Жетісу). Екіншіден, Моғолстан мемлекеті тарихын құрайтын бөлік ретінде XIV-XVI ғасырлардағы дуглаттар тарихы, осы тайпадағы Ұлысбек әмірлерінің тарихы қамтылды.

Осы мәліметтер оның еңбегінің ең негізгісі, ол туралы автор да бірнеше мәрте өз шығармасының беттерінде жазып кеткен. Моғолстан мәселесінің Қазақстан мен Қырғызстан тарихындағы маңыздылығын ең алғаш рет өз шығармаларында Ресейдің ірі шығыстанушысы В.В.Бартольд атап өтеді. Ол – кейінгі ортағасырлық түркілердің тарихы бойынша көптеген еңбектердің авторы, соның ішінде Жетісу және Тянь-Шань маңындағы тарихты зерттеген. «Тарих-и Рашидидегі» Моғолстан бойынша жазылған материалдардың бір бөлігі алғаш рет, қазақтар туралы жазылған материалдармен бірге оның ғылыми айналымына енгізілген (1864 жылы және 1935 жылы), 1960-шы жылдардың соңында жарияланған жинақта оның парсы және ортағасырлық түркі шығармаларынан аударылған үзінділерге қатысты түсініктемесі жарияланған.

Олар «Тарих-и Рашидидің» бірінші бөлімінен қазақ тарихының ажырамас бөлігі болып табылатын Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның және Түркістан ауданы оқиғалары туралы (Оңтүстік Қазақстандағы) ерекше материалдар ұсынады. «Тарих-и Рашидиде» жазылған Моғолстан туралы тарихи деректер, сонымен қатар Шараф ад-Дин Али

Йазди, Хафиз-и Абру, Абд ар-Раззак Самарканди, Камал ад-Дин Бинаи, Фазлаллах ибн Рузбихан Исфохани, Махмуд ибн Вали, Шах-Махмуд Чурас сияқты басқа да авторлардың зерттеулері ғалымдар үшін осы мемлекеттік құрылым, қоғамдық қатынастар, ішкі саяси тарих, көрші халықтармен қарым-қатынас аясында мемлекеттік құрылым, шаруашылық жағдайы, этникалық үрдістер туралы Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан тарихы бойынша жазылған монографиялар мен жалпы еңбектер үшін бірқатар мәселелерді қарастыруға мүмкіндік берді.

Мемлекеттік және тарихи-географиялық термин болып табылатын Моғолстан (Моғолыстан) моғол (моғұл) этнонимінен пайда болған. Орта Азияда үнемі осылай жазып, айтқан, жалпы мұсылмандар тұрған Шығыста «моңғол» халқының атауын XVI ғасырда Мырза Мұхаммед Хайдар да оның алдындағы XIV-XV ғасырдағы ғалымдар Низам ад-Дин Шами, Хафиз-и Абру, Муин ад-Дин Натанзи, Абд ар-Раззак Самарканди және басқа да авторлар сияқты «моғолдардың елі» (моңғолдар), Моғолстан (Моғолыстан) деп атаған, оған Оңтүстік-Шығыс Қазақстанның, Қырғызстанның және Шығыс Түркістанның бір бөлігі кірген. Осы көлемді аумақта көшпенділердің дәстүрі отырықшы-егін шаруашылығымен айналысатын Мәуереннаһрға қарағанда жақсы сақталған, осы аймаққа моңғол этнонимімен таныс 200 мыңға жуық көшпенді қоныс аударған. Жетісу, Тянь-Шань маңында үш моңғол ұлысы – Жошы, Шағатай, Үгедей өздерінің ордалары мен әскерлерімен тоғысқан, белгілі болғандай, бұл осы жерде моңғолдардың саны басқа жаулап алған батыстағы аумақтармен салыстырғанда салыстырмалы түрде алғанда көп екенін көрсетеді.

Мұхаммед Хайдар Мырза осы өңірдің көшпенділер үшін аса тартымды болғанына бірнеше мәрте тоқталады. Ол: «Моғолстан - дала» онда «аттар мен малдар өте көп» (л. 1046-105а); Моғолстандағы жер аумағы «негізінен тау мен дала» (л. 236б), «моғолдардың басым көпшілігі ешқашан отырықшы халық болған емес» (л. 187а) деп жазады. Нақты осы жерге Моғолстан даласына «Қашқария даласындағы» моғолдар жайылым аз болғандықтан XVI ғасырдың 20-шы, 40-шы жылдарында қайтып келгісі келген («Моғол ұлыстарында Моғолстанға деген құштарлық тұмысынан бар, олардың барлығы да Моғолстанға қарай тартып тұрады» — л. 234б).

Моғолстан атауы дереккөздерде екі ұшты мағынаны иеленген: моғолдар (моңғолдар) мекендеген территория, аймақ ретінде және

моғол хандарының мемлекеті ретінде. Мырза Хайдар Моғолстан туралы тамаша тарихи-географиялық материал береді (л. 236б). Оның территориясы Ташкент және Түркістан уәлаяттарынан бастап, батыста Баркөл көлі және Хами (Комул) қаласы, шығыста Балқаш пен Тарбағатайдан бастап, Қара Ертіске дейін және мүмкін Алтайға дейін, ал солтүстігінде Ферғананың шекарасына және оңтүстікте Қашқарияның отырықшы егін шаруашылығымен айналысатын жазиралы алқаптарына дейін ұласады. Мырза Хайдардың пікірінше, солтүстіктегі Қашқар «Моғолстанның тауларымен шектеседі», ал ол таулар Шаштан (Ташкент) Тұрфанға дейін және «қалмақ жерлеріне дейін ұласады» (л. 186а). Осылайша, Қашқария Моғолстан деп аталатын тарихи-географиялық аймаққа кірмеген.

Моғолстанның мемлекет ретіндегі дәуірін көргендер (XIV-XV ғасыр) және Мырза Хайдар Дулат XVI ғасырда осы мемлекеттің құлдырауын және Шығыс Түркістанда (Моголия немесе Моғол мемлекеті) Шағатай династиясының жаңа саяси бірлестігінің құрылғанын көріп, «моғолдар» этникалық терминін қолданды, оны тек қана шығыстан қоныс аударған моңғолдарға қатысты емес, сол жерге шығыстан қоныс аударған түркі халықтарына да қатысты қолданды.

Моғолстандағы моғолдардың құрамында, Мұхаммед Хайдардың пікірінше, жиырмаға жуық тайпа болды, олардың дені шығу тегі жағынан түркі және моңғолдар еді. Тайпалар: дуглат, духтуй, барлас, барки (йарки), урдубеги, итарджи, кунджи, чурас, бекджак (бекчик), карлук, макрит (меркіт), шункарчи. Түрлі жағдайда: арлат, булгачи, аркинут (арканут), кераит, канглы, сальдуз, чагирак, түркімен және т.б. аталды. Моғол халықтары арасында ұйғырлар мен сары ұйғырлардың да аттары аталады. Хайдар мырза қырғыздар туралы «олар да моғол тайпалары» деп жазады (л. 85а). Жалайырлар мен қыпшақтар, Мұхаммед Хайдардың дерегі бойынша, көршілес орналасқан Әмір Темір билігіне қарайтын халық. Автор Моғолстандағы тайпалар арасында үйсіндерді атамай кеткен.

Моғолдардың этносаяси қауымдастығын құраған Моғолстан тайпалары оның аумағына әр кезеңде келіп қоныстанған. Қаңлы, қарлұқ, қыпшақ, ұйғырлар Жетісу, Тянь-Шань маңы және Қашқарияны қоныстанған ежелгі түркі тайпаларына жатады, Қарлұқ хандығы, Қарахан мемлекеті, қарахытайлар, ұйғырлар қағанаты құрамында болған олардың мәдениеті дамыған және тарихы бай. XII-XIII ғасырлар тоғысында Моңғолияда болған оқиғалар қысымынан соң

шығыстан Жетісуге қарай наймандар мен керейттер қоныс аударған. Моңғол шапқыншылығы кезінде батысқа қарай Дешті-Қыпшақтың Шығысына, Жетісу, Тянь-Шань маңы, Мауреннаърға маңғыт, қият, барлас, кунграт, дуглат, татар, жалайыр, барин және басқа да тайпалар қоныс аударған.

Жаулап алудың соңы осы мекендерге тек қана моңғолдарды емес, сонымен қатар түркі этникалық тобына жататын тайпалардың да келуіне себеп болды. Біртіндеп, көрші Дешті-Қыпшақтағы сияқты, әл-Омаридың сөзіне сүйенсек, «моңғолдар нағыз қыпшаққа айналды», Моғолстанда моңғол тайпаларын да түркілендіру үрдісі жүрді, яғни моңғолдардың түркі ортасында ассимиляциялануы жүзеге асты.

Мұхаммед Хайдардың дерегі бойынша, осы кезде Моғолстанда бастапқыда қалыптасқан моңғол-түркі қос тілділігі біртіндеп жойылып кетті. Мырза Хайдар «Тарих-и Рашиди» шығармасын жазып жатқан тұста «Турфан мен Қашқардағы моңғолдардың саны отыз мыңға жуық болған», (л. 85а), бұл жерде мәселе Шығыс Түркістандағы жергілікті халықтың, яғни түркітілді ортаға түссе де өздерін моңғол деп санаған, ал XVII ғасырдың соңына қарай өздерінің «моғолдар» (моңғолдар) деген этнонимін жоғалтқан, жергілікті отырықшы халықпен сіңісіп кеткендер туралы.

Бірақ Моғолстандағы моғолдардың негізгі бөлігі түркітілді болды. XV ғасырда осы мемлекетте Моғол ханы Шами Джаханның жауынгерлері жүргізген санақ қорытындысы бойынша ұзын саны 900 мың адам болған деген дерек бар. Муин ад-Дин Натанзи осындай дерек келтіреді (хан «әскердің мыңдығы мен түмені арасында санақ жүргізді, олардың саны 90 түмен болды, олардың санының көптігінен оның басы айналды»). Моғолдардың дені түркітілді болғанын зерттеушілер дәлелдеген.

«Тарих-и Рашиди» қазақ, қырғыз, ұйғыр тарихының, белгілі бір жағдайда өзбектердің де этногенез және этникалық мәселелерін ашуға мүмкіндік беретін аса маңызды дереккөздердің бірі болып саналады. Мұхаммед Хайдар мырза өз еңбегінде Орталық Азиядағы үш түркі халқының қалыптасу кезеңінің аяқталуын көрсетеді, олардың қалыптасуы Моғолстан дәуірімен тұспа-тұс келеді (қазақ халқының басқа да бөлігі сияқты, Орта және Кіші жүз – Ақ Орда дәуірінде, «көшпелі өзбектер» хандығы, Ноғай ордасы). Олар моғолдардың мемлекетінің, этникалық құрамының, әлеуметтік-мәдени даму деңгейінің заңды мұрагері болды. Осы кезде моғол тайпалары мен руларының басқа да



өкілдері осы халықтың құрамына қосылып жатты, бұл да өз кезегінде олардың жақын туысқан екенінің көрсеткіші.

Тізімде илатийа 92 тайпасы немесе «өзбек» тайпасы (92 баулы өзбек) 13, олардың бірқатары қазақ, қырғыз, өзбек, қарақалпақ халқының құрамына кіргені белгілі, Мұхаммед Хайдар моғол этносы құрамына жатқызатын рулар мен тайпалар атауы өте көп кездеседі. Осы жалпы этникалық топтар илатийа 92 тайпасы немесе «өзбек» тайпасы құрамына моғолдардың қатарына қалай қосылды, тұра солай кіргені белгілі. Бір бөлігі – ежелгі түркілердің қатарынан, Орталық Азиядағы моңғол заманына дейінгі уақыттағы түркі халықтары (қаңлы, қарлұқ, қыпшақ, кушчу, қытай - қидандардың ұрпақтары, үйсіндер тобы сияқты одан да ежелгі үйсіндердің ұрпақтары). Екінші бөлігі – XIII ғасыр мен XIV ғасырдың бірінші жартысында шығыстан қоныс аударған жоғарыда аталған түркі және моңғол тайпаларының өкілдері (найман, керейт, барлас, дуғлат, арғын, жалайыр және т.б.), олардың біраз бөлігі XIV-XV ғасырларда Моғолстанның моғол тайпаларынан өзбектің илахийа тайпаларының құрамына сіңіп кетті.

Моңғолдың қым-қуыт заманы кезіндегідей ұлан-ғайыр жауланған аймақта тарыдай шашылған тайпалар кейін ірі түркі халқы және тайпа одағы болып қалыптасып (қыпшақ, қарлұқ, найман, ұйғыр және т.б.), соңынан олардың бөлшектері бұрынғы атаумен, бірақ осы халықты құраушы ретінде жаңа түркі халықтарының құрамында болды, Моғолстан кезеңінде де моғолдардың негізгі бөлігі жоғарыда аты аталған түркі халықтарымен бірте-бірте сіңісіп кетті. XV-XVI ғасырлар тоғысында олар күні бүгінге дейін сақталған этникалық атауын иеленді, олар: қазақ, өзбек, қырғыз, қарақалпақ және т.б. Мұхаммед Хайдар мырза моғол тайпаларының көршілес елдерге қалай қоныстанғаны, қайда және қалай басқа этностармен сіңісіп кеткені туралы бірнеше мысал келтіреді. Мемлекеттің тұрақтылығы үшін жағымсыз әсер еткен тұрақты шабуылдар кесірінен демографиялық жағдай қысымға ұшырады. Көптеген адамдар Темір мен Темір әулеті жасаған шабуылдар кезінде Моғолстан (л. 25а және т.б.) аумағындағы Мәуереннаһрда тұтқынға алынды. Барин және түркімен тайпасынан Мәуереннаһрға 30 мың отбасы (шамамен 150 мың адам) тұтқынға алынды, отбасының жетекшілері сол жерде өлтірілді (л. 43а). Моғолдар үшін осыдан асқан трагедия болған жоқ. Дегенмен Моғолстан мәселесін және моғол-өзбек қатынастарын зерттеумен айналысатын көрнекі зерттеуші О.Ф.Акимовский Мырза Хайдар қате жіберді, тұтқынға алынғандар

санын 30 мың адамға дейін азайту керек дейді. Бірақ моғол тайпаларының негізгі бөлігі Моғолстан және Манглай Сүбе (Қашқария) аймағында, Мұхаммед Хайдар мырза айтқандай Моғолстанның мемлекеттік, саяси аймағында қалды, кейіннен біртіндеп үш топқа бөлінді, оның әрқайсысы негізгі көне этникалық ядроның аумағында қайта бірікті. Қырғыз халқында олар Моғолстан кезеңінде Іле-Ертіс өзендері аралығынан және заманауи Солтүстік Қырғызстан аумағынан көшкен алтай қырғыздары. Ұйғыр қағанатының ежелгі ұйғырлары (744-840 жылдары), Ұйғыр мемлекеті арқылы X-XIV ғасырларда Шығыс Түркістандағы халықтың негізгі құрамдас бөлігі болды. Қазақтың Ұлы жүзінде бастапқыда ежелгі тайпалар үйсін, қаңлы, кейінірек дулат, кераит, жалайырлар болды.

Әлдеқайда ірі моғол тайпалары қазақтың Ұлы жүзінің құрамына кірді және осы тайпалар сол аумақта қоныстанып қалды. Белгілі болғандай, Қазақстан халқының ұзақ уақыт бойы XIII-XV ғасырларда алдымен Шыңғыс хан ұрпақтарының ұлысы, кейін моңғол кезеңінен кейінгі мемлекеттер жүйесі – Ақ Орда, Моғолстан, Әбілқайыр хандығы және Ноғай Ордасында болуы қазақ жүздері қоғамының этномәдени дәстүрлерін, экономикалық дамуы, әскери-әкімшілік ұйымдастыруын нығайтты. Солардың бірі Жетісу аумағын – Жоңғар Алатау тауларының етегін, Балқаш көлінің оңтүстігіне қарайғы жерлерін, Шу өзенінің оңтүстік-батысы мен Сырдарияның жоғары сағасына дейінгі аралықты қоныстанған Ұлы жүз болды. XVIII ғасырдың соңына қарайғы мәліметтерде оған 6 тайпа кірді: дулат, ергели, сары-үйсін, жалайыр, шанышқылы және қаңлы. Ұлы жүздің ірі тайпаларының қазақ этникалық территориясында пайда болу тарихы тереңде. Мұхаммед Хайдар мырзаның пікірінше, дуглаттар Моғолстан мемлекетінің барлық аумағында Жетісу, Ыстық көл маңы, Қашқарияда қоныстанған. Дуглаттардың көшбасшыларының қызметі және саяси басымдығы моңғол мемлекеті тарихында үнемі үстем болған. Дуглаттар Әмір Темір империясының да құрамында болған. «Зафар-намеде» Шараф ад-Дин Али Йазди Самарқандтағы дуглаттардың жоғары шеңділерін атайды, олардың арасында Темірмен туыстық қатынаста болғандары да бар.

Моғол ханы Сұлтан Саид кеткен соң, моғол дулаттарының негізгі бөлігі Жетісу жерінде қалды. Оның ұлы Абд ар-Рашид хан 30-шы жылдары осы дуглаттарды қуғындауға кірісті, содан кейін олардың басым көпшілігі Қашқариядан Жетісуға қайтып келді. Олар осылайша Ұлы жүздің маңызды бөлігіне айналды. Дуглаттардың саны туралы

мәліметтер мынадай: XVIII ғасыр соңында шамамен 200 мың адам (40 мың отбасы) және Ұлысбек әмір кезінде 120 мың («кемі 24 мың отбасы» – л. 40а), XV ғасырда мүмкін олардың барлығы дуглат болмаған шығар. Дуглат (доглат) – тайпаның атауы «Тарих-и Рашиди», Захир ад-Дин Бабурдың «Бабырнама», Шах Махмуд Чурастың «Хроникасында», Махмуда ибн Валидің «Бахр әл-асрар» және басқа да парсы-түркітілді авторлар шығармаларының қолжазбасында осылай жазылған. «Қаңлы – Жетісу жерінің ежелгі тұрғындары, олар Қаратау бөктері, Сырдария бассейнінің орта тұсын мекендеген, сонымен қатар олар Моғолстан және көрші Ақ Орда, Әбілқайыр хандығында саны жағынан көп этностардың бірі болды». Олар қазақ халқының этногенезінде үлкен роль атқарды. Моғолстанда қаңлылар бекчик есімімен де таныс және Мұхаммед Хайдар осы этнонимнің ауысу себебін түсіндіреді.

Археология, этнография зерттеулері Жетісу жері ежелгі үйсіндерден ірі қазақ руларының бірі сары үйсіндерге тарихи мұра болып қалғанын дәлелденген. Үйсін ру-тайпа тобы (үйсун, үйцин) Өзбектің көшпелі хандығы, Ноғай Ордасында көбінесе дереккөз ретінде жиі еске алынады. Үйсін рудың атауы ретінде солтүстік-қырғыз тайпалары арасында да бар. Жекелеген көшпелі топтардың орта ғасырдағы тұрақсыз кезеңде бір саяси құрылымнан екіншісіне көшіп жүруін дереккөздер қалыпты құбылыс деп санайды. Жалайырлар да Ұлы жүздің ірі тайпаларының бірі, олар да үйсіндер сияқты моғол этносының құрамдас бөлігі ретінде Мырза Хайдар зерттеуінен тыс қалған, олар көрсеткен уақыт аралығында жалайырлар Моғолстанның оңтүстік-батыстағы шекаралас аймағында тұрады (Оңтүстік Қырғызстан, Ферғана) Әмір Темірге қарсы жорықтарға қатысады, Ақ Орда ханы Орыспен байланыс орнатады.

«Тарих-и Рашиди» авторы Моғолстан тұрғындары арасында кераит пен арғындарға тоқталады, олар кейінгі дереккөздер XVIII ғасырға жатқызатын Орта жүзге қарайтын тайпалар. Олардың әмірлері бірінші моғол ханына көмектескен, Әмір Темір кераиттерге қарсы әскер жіберген. Дереккөздер кераиттер Жетісудің Солтүстік-Шығысы, тарбағатай ауданы, Іле өзенінің сол жағалауы, Алмалық, Янги-Тараз аумағын мекендегенін айтады. Арғындар Еміл өзенінен Тарбағатайға, Қараталға және әрі қарай батыс, Сайрамға дейінгі аралықты мекендеді.

Ұлы және Орта жүздің басқа да тайпалары жазба дереккөздер және археологиялық мәліметтер бойынша осы жүздердің орналасқан жерлерінің қиылысында Түркістанда қоныстанған. Оңтүстік Қазақстан

және Шығыс Дешті-Қыпшақтағы қаңлы, қыпшақ, арғын, дулат, қоңырат, жалайыр тайпаларының өкілдері Мұхаммед Хайдар айтқан Жетісуда қазақ хандары Керей мен Жәнібектің 200 мыңының ішінде болған. Жетісуға келген қазақ хандарының жақтастары бұл жердегі бос кеңістікті иеленбеген, олар бұрын құлаған Моғолстан құрамында болған жергілікті туыстас түркілердің тайпаларымен бірге бір мемлекеттік бірлестік аясында өскен саяси одақпен тығыз байланыс орнатқан. Жетісудың моңғол ханы Юнуске бағынатын, оның ұлдары Махмұд пен Ахмадқа, соңғысының ұлы Сұлтан Саидқа тиесілі аймақтан біртіндеп оңашалануы Мырза Хайдардың шығармасында толығырақ жазылған. Екі жүз тайпаларының одағы XV ғасырды 60-шы жылдары Жетісудің батыс аймағында Қазақ хандығының негізін қалауға мүмкіндік берді.

Осылайша, Мұхаммед Хайдар мырза өз шығармасын ұзақ мерзімге ұласқан бірегей қазақ хандығының қалыптасу үрдісін және оның ұлттық атауға ие болуымен аяқтайды. Қазақ билеушілері тарихы туралы қысқаша очеркінде ол (лл. 46аб, 173б-177а) халық атауының пайда болуын Әбілқайыр хандығының халқы «өзбектер», яғни қосарланған термин «өзбек-қазақ» этнополитнонимімен байланыстырады, кейін Шығыс Дешті-Қыпшақтың негізгі халқынан оқшауланып, (қазақ атанған), осылайша жаңа қазақ этнонимі пайда болған. «Тарих-и Рашиди» және басқа да XV—XVI ғасырлар тоғысындағы дереккөздерде осы этнониммен Жетісу, Шығыс Дешті-Қыпшақ пен Түркістан, яғни қазақ хандығының Қасым хан билік құрғандағы (ол өзіне барлық Дешті-Қыпшақты бағындырды - л. 174а) барлық аймағы кірді. Қалыптасқан халық атауының шығуына қатысты (оның этнониміне) түсініктеме берген Мұхаммед Хайдар қазақ этносаяси өзін-өзі тануының пайда болуы және қазақтардың өздерінің ұлтының ерекшелігін түсінуін Қасым ханның моғол ханы Сұлтан Саидке арнаған әйгілі сөзімен түсіндіреді (л. 175 аб).

Мырза Хайдар қысқа ғана уақытта, екі ұрпақ ауысып үлгерген кезеңде «қазақ» терминінің басымдыққа ие этноним болғанын көрсеткен. Ал әлеуметтік мағынада «қазақ» термині «Тарих-и Рашидиде» көп кездеседі: «Қазақ өмірін сүру», «қазақылану уақыты» және т.б. Мырза Хайдардың өзі осы халықтың XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдағы өмірі туралы айта отырып, тек қана осы этнонимді қолданады, ал «өзбек» этнонимін тек Шайбанилер құзырындағы азаматтарға қатысты қолданады: «Қазақтар Қасым ханның бұйрығы

бойынша қыстаққа көшті»; «Әлем қазақтармен бірге» – деп автор Қасым ханның Сұлтан Саидпен бірге кездесуінің хронограммасын келтіреді (лл. 1766-177а). Бірақ бұл термин этноним ретінде Жетісу, Шығыс Дешті-Қыпшақ және Түркістан аймағында бұрыннан қалыптасқан түркі халқын анықтау мақсатында қолданылған. Оның әрі қарайғы консолидациясы оның Қазақ хандығы ұлттық мемлекетінің аясында жүзеге асты.

Түркілердің бірнеше ұрпағы ғасырлар бойы жинақтаған осы аймақтағы мемлекетті дамыту тәжірибесі «Тарих-и Рашиди» еңбегінде Моғолстан тарихын зерттеумен байланыстырылады. Осы шығармада мемлекеттің әкімшілік-әскери және аумақтық-этникалық бөлінісі көрсетіледі: ірі тайпалар – ұлыстар өздерінің киіз үйлерімен әкімшілік бірліктің сипаттамасына ие болды; ал әскери қатынасқа байланысты халық мың және түмен басы (он мың) болып бөлінді. Мемлекеттің билеушісі Шағатай әулетінен тараған ұрпақ болды. Оның билігі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасты, бірақ ол ірі тайпа ақсүйектері арқылы шектеліп отырды. Мемлекеттегі ханнан кейінгі екінші адам ұлыс бегі болды. Мырза Хайдар бірқатар мемлекеттік басқару құрылымдарын да атап өткен. Хандықта мәжіліс-хандық кеңес болған, оның құрамына билеуші династияның мүшелері, ханға жақын тұлғалар (сұлтандар, оғландар), сонымен қатар ірі тайпалардың ақсүйектері кірген. Кеңес аса маңызды мемлекеттік мәселелерді шешкен.

Басты мемлекеттік кеңсенің қызметін диван атқарған. Қаржы және салық жинаумен дафтарлар айналысқан. Жоғары лауазымды қызмет пен шендердің арасында Мырза Хайдар атабектерді атайды (хан мұрагерлерінің тәрбиешілері), наиб (регент), хахим, даруга (ханның жергілікті жердегі, облыс, қаладағы өкілі), миршакар (хан аңшылығын басқарушы), ясаул (хан қабылдауы, салтанатты шараларды ұйымдастырушы) және т.б. Мемлекеттік істі ұйымдастырудың негізгі элементтері: мөрмен бекітілетін іс қағаздарын жүргізу, әскерді есепке алу, халық санағы. Мұхаммед Хайдар мемлекеттегі әскери істі жүргізуді, әскерді қалыптастыруды, ұрысты жүргізу мәселелерін, әскери тактиканы, қаруландыруды жақсы сипаттаған. Мұхаммед Хайдар Моғолстан халқының рухани өміріне ерекше назар аударады. Оның жазуына қарағанда осы мемлекеттің негізін салушы Тоглук Темір хан ең бірінші болып ислам дінін қабылдаған. Оның осы саладағы жұмысын Мұхаммад хан жалғастырды. «Ол ислам дінінің моғолдар арасында таралуына ерекше қатаңдық танытып қарады» - л. 356).

Мәселе нақты моғол халқын ислам дініне тартуға қатысты болып отыр, ал жергілікті түркілер исламды қараханидтер дәуірінде қабылдаған.

Мұхаммед Хайдардың Моғолстан халқының әлеуметтік құрылымы туралы деректер үлкен қызығушылық тудырады. Мемлекеттің оңтүстік аймағындағы халықтарды ол төрт «класқа» бөліп қарастырады: райяттар (бағыныштылар, салық төлейтін), каучин (жауынгерлер), аймактар (көшпелі тайпалар) және «шариғат қызметін иеленгендер». Мұхаммед Хайдар әлеуметтік қатынастар сипатына қатысты көп материал береді, олардың арасында егін шаруашылығына кіретін инджу, сюргал, икта сияқты формалар бар. Тарханға шағынудың мәнін түсіндіреді және т.б. «Тарих-и Рашидидегі» көптеген материалдар Моғолстан мен Қашқариядағы халықтың шаруашылық жұмысын сипаттайды. Олардың ішінде мал шаруашылығы, бау-бақша шаруашылығы сияқты мемлекет экономикасының негізгі секторлары бар. Қала мен дала арасындағы өзара қарым-қатынас та оның материалдарының маңызын арттыра түседі; ол моғол хандарының «қалада және уәлаятта» өмір сүруге талпынғанын түсіндіреді, көшпелі-малшы халық тұрмысының қиындығын көрсетеді. Мырза Хайдар еңбегінде Жетісудағы қала және егін шаруашылығы мәдениетінің жақсы дамығаны туралы мәліметтер аса маңызды, дегенмен олар XIV ғасыр соңына қарай Баласағұн, Йанги-Тараз, Алмалық және басқа да қалаларда құрдымға кетіп, орнында тек үйінділер мен кітаптарда атаулары ғана қалған (л. 2356—2366).

Дуглат тайпасының әмірлері соғыс және өзара тартыс, көрші елдер тарапынан жасалған шабуыл сияқты Моғолстан саяси тарихының маңызды оқиғаларына атсалысты.

Ортағасырлық мұсылман тарихнамасында қазақтар туралы олардың өз этнонимімен немесе өзбек-қазақ деген атаумен берілген көптеген мәліметтер бар. Олардың басым бөлігі шайбани ортасында XVI ғасыр басында таралған Орта Азия әдебиеті: «Таварих-и гузида-йи нусрат-наме» (аноним), Камал ад-Дин Бенаидың «Шайбанинаме», Молла Шадидің «Фатх-наме» және т.б. Олардың авторлары – Қазақ хандығының құрылуы мен қалыптасу кезеңінің өкілдері. Осы дереккөздерде қазақтар өз билеушілері-хандары бар, өзінің мемлекеттік ұйымы (ұлыс), белгілі бір жер аумағын иеленген халық ретінде белгілі. Осының негізінде материал жариялағандар қатарында Фазлаллах ибн Рузбихан Исфакханидің «Михман-наме-йи Бухара» Оңтүстік Қазақстандағы қалалардың жағдайы туралы, Дешті-

Қыпшақ көшпенділері арасында ислам дінінің таралуы, шаруашылық жұмыстары туралы этнологиялық мәліметтер, тұрмыстық мәдениет, қазақтардың этникалық территориясы туралы жазылған. Жалпы алғанда шайбани тарихнамасында Қазақ хандығында болған жекелеген оқиғалар ғана жарияланған, олар негізінен шайбанилердің қызметіне байланысты. Оларда негізінен Дешті-Қыпшақ және Түркістанға шабуыл туралы айтылады, оларға сол кезде қазақ хандары Керей мен Жәнібек, Бұрындық, Қасым хандар қарсы тұрды.

«Тарих-и Рашидиді» Мырза Мұхаммед Хайдар Қазақ хандығының негізі қаланған соң 80 жылдан соң жазды. Осы уақыт аралығы авторға қазақ тарихы бойынша оның халқы мен мемлекетінің қалыптасуының тұтас бір кезеңін қарастыруға мүмкіндік берді. Нақты осы тарихи дереккөзде қазақ мемлекет билеушілерінің тарихы алғаш рет (ұлыс, хандық), XV ғасырдың 50-ші жылдарының соңынан бастап, XVI ғасырдың ортасына дейінгі хандықтың 70 жылға жуық тарихы қысқа очерк түрінде жүйеленген. Мырза Хайдардың шығармасы – Қазақ хандығының құрылуының нақты мерзімі жазылған 870 жыл (б.д.д 1465-66) жалғыз еңбек. Онда алғаш рет Шығыс Дешті-Қыпшақ пен Түркістандағы өзбек тайпалары арасындағы алауыздық, кейін «өзбек» және «қазақ» болып бөлінуі, қазақтардың хандары Керей мен Жәнібектің 1459 жылдың шамасында бөлініп, Әбілхайыр ханға бағынбай, әкелерінен қалған Ақ Орда аумағындағы Дешті-Қыпшақ және Түркістан (Орталық және Оңтүстік Қазақстан) иелік етуі жазылған. Шын мәнінде олардың қызметі осы онжылдықтарда XIV ғасырдағы бірегей қазақ мемлекетін дамыту жоспарында Ақ Орда мен болашақ Қазақ хандығының болашағын бірегей династиялық жүйе ретінде байланыстырды.

Керей мен Жәнібек хандар Жетісуға «қашқан жоқ», Әбілхайыр хандығы мен Моғолстандағы ішкі алауыздық пен қарама-қайшылықтарды, қалыптасқан саяси жағдайды өздерінің тәуелсіздігін нақтылау, билікке құқы бар екенін көрсету үшін тиімді пайдаланды. Олар тілі, мәдениеті, дәстүрі, өмір салты жағынан жақын Оңтүстік және Орталық Қазақстан және Жетісудағы ру-тайпалар тобының мүддесін көздеді. Олардың әрекеті ұлт ретінде қалыптасу үрдісінің, көршілес түркі халықтары консолидациясының, оларды ұлттық мемлекет ретінде қалыптастыру қажеттіліктерін нығайтудың күрделі екенін объективті түрде ескерді. Ең алдымен олар қалыптасқан қазақ хандығының мүддесін көрсетті.

Қасым ханның тұсында қуатты, орталықтандырылған Қазақ хандығының құрылу және қалыптасуының себебі, қазақ хандығының әрі қарайғы тағдыры, өзінің түпкілікті этникалық территориясын көршілерімен бейбіт тірлік және қажырлы күрес негізінде қорғауы (Зайн ад-Дин Васифидің «Бадаи'ал-вака-и' еңбегі») «Қазақстан» терминімен, жан-жақты дереккөздер арқылы, біздер үшін аса маңызды Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» кітабында жазылады.

Тарихнамалық талдау жасау жағынан қарастыратын болсақ, XVI ғасырдағы Орталық Азия тарихы бойынша Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашиди» еңбегі ғылыми ортада кеңінен белгілі және ғалымдардың тұрақты назарға алған нысан болып саналады. Осы еңбектің кең қамтылған аймақ тарихы бойынша дереккөз ретіндегі қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан және т.б аса маңыздылығына қарамастан, саланы зерттеуші ғалымдардың пікірінше, ондағы материалдар толыққанды пайдаланылмаған. Оның негізгі себебі – «Тарих-и Рашиди» еңбегі бойынша сыни мәтіннің және заманауи аударманың (Е. Д. Росстың ағылшын тіліндегі 1895 жылы жарық көрген аудармасы библиографиялық сирек дүние) болмауы. Осы жағдайды ескере отырып, Өзбекстан Республикасы ғылым академиясындағы Шығыстану институтында осы ауқымды еңбектің парсы тілінен орыс тіліне ғылыми-түсіндірмелі аудармасын (ташкенттік қолжазбада 321 бет) жасау туралы шешім қабылданды.

Сыни мәтіннің болмауы шығарманы аудару барысында бірқатар қиындық тудырды. Аудармашылар осы мәселелерді Мырза Хайдар өз еңбегін жазу барысында үзінді ретінде қолданған үш ленинградтық (қазіргі Санкт-Петербург) тізімді тарту, бірнеше қолжазбаны пайдалану негізінде жазылған Е.Д.Росстың ағылшын тіліндегі аудармасы және Шарафаддин Али Йаздидің «Зафар-наме» шығармасы мен Джувейнидің «Тарих-и джахангушай» арқылы шешпек болды.

«Тарих-и Рашиди» шығармасының көп бөлігі – мемуар, тарихи оқиғалар автордың өз өмірінен, замандастары өмірінен алынған естеліктер арқылы жалғасын табады. Онда тұрмыстық оқиғалар өте көп жазылған, сонымен қатар Мырза Хайдардың өлеңдері, философиялық ой-толғамдары, адамгершілік құндылықтар және т.б. туралы авторлық пікірлері жазылған. Осының барлығы метафора, эпитет және өте сәтті теңеу түріндегі образдық әдеби тілмен жазылған. «Тарих-и Рашиди» авторының әдебиетке жақындығы, жазушы ретіндегі дарыны болғаны



сонша, оның шығармасындағы баяндау тәсілі оқырманды өзіне жіпсіз байлайды. Бірақ оқиға желісін баяндауға қатысты түсініспеушілік бар, кейде ол нақты және қысқа, көп жағдайда жалпылама, түсініксіз айтылған. «Тарих-и Рашидидің» мәтінін басқа мәтіндермен салыстыру, оны қайта жазғандар енгізген түзету, ғасырлар бойғы еңбектің маңыздылығы сонша, қазір осы шығарманың екі редакциясы бар деп айтуға болады.

Солай бола тұра «Тарих-и Рашидидің» стилі, А.Урунбаев атап өткендей, жүйесіздігімен ерекшеленеді.<sup>85</sup> Автор үнемі бір оқиғаны баяндаудан екіншісіне көшіп кетеді, кейін оған қайта оралады, осылай бірнеше мәрте қайталаанады. Қайталау – Мырза Хайдарға тән дүние, ол мемуарын қайта бір оқымай жаза салған сияқты әсер қалдырады. Жалпы алғанда шығарма бай лексика мен арабизмге толы, образды әдеби тілмен жазылған.

Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегі Шығыста танымалдыққа ие. Бүгінде оның тізімі қолжазбалар сақталған әлемдегі көптеген қорларда бар, Орталық Азия, Шығыс Түркістан, Үндістан және т.б осы бағыт бойынша тарихи және географиялық еңбек жазған шығыс авторлары осы еңбекті кеңінен пайдаланды.

Амин б. Ахмад Рази жазған «Хафт иклим» (1002/1593 - 1594 жылы жазған) толығымен Мұхаммед Хайдардың Шығыс Түркістан туралы дерегін алған; Хайдар б. Али Рази «Тарих-и Хайдари» атты еңбегін (1028/1618 -1619 жылы жазған) Иаркандтағы (Яркенд) шағатайлық билеушілер және Қашқар туралы жазғанда «Тарих-и Рашиди» еңбегіне сүйенген; Мырза Хайдардың шығармасын дереккөз ретінде пайдаланған Хайдар Малик «Тарих-и Кашмир», Махмұд б. Вали «Бахр ал-асрар фи манакиб ал-ахйар» (1050/1640 — 1641 жазылған) және Шах Махмұд Чурас (XVIII ғ.), «Хроникасының» бірінші тарауының материалын толығымен «Тарих-и Рашидиден» алған. Мырза Хайдар еңбектері Мулла Муса Мулла Иса Сайрами да өзінің «Тарих-и Амийна» еңбегінде пайдаланды. Мұхаммад Касим Фиришта Үндістан тарихында Қашқарды суреттегенде «Тарих-и Рашидиден» үзінді келтіреді. Осы еңбекке Мұхаммад Азам «Кашмирдің тарихы» және Хафиз Таниш «Абдаллахнамесінде» сілтеме жасады. XVIII-XIX ғасырларда Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашиди» еңбегін Мұхаммад Садик Кашгари мен Мұхаммад Нийаз б. Абдалгафур ұйғыр тіліне аударды.

<sup>85</sup> Сонда. 18-19-шы беттер.

Батысеуропалық ғалымдар арасында алғаш рет Мұхаммед Хайдар шығармасын өз зерттеуіне В.Эрскин пайдаланды. Ол оның «Тарих-и Рашиди» еңбегінен моголдар тарихы туралы XV-XVI ғасырлардағы Орталық Азия және Шығыс Түркістан тарихы туралы жазған еңбегінде пайдаланды, өзінің түсініктемесінде осы кітапқа сілтеме жасады. Әрі қарай «Тарих-и Рашидиден» Орталық Азия және Шығыс Түркістандағы моғолдар тарихы бойынша Г.М. Эллиоттың және Скрайн кітаптарынан сілтеме көруге болады. 1895 жылы Е.Д.Росс «Тарих-и Рашидидің» ағылшын тіліндегі нұсқасын жариялаған соң, батысеуропалық ориенталистер ішінде еңбек кең танымалдыққа ие болды.

«Тарих-и Рашиди» В.В.Бартольдтың бірқатар зерттеу жұмыстары үшін негізгі дереккөз болды, ол Мұхаммед Хайдардың ұсынған деректерін Орталық Азияның саяси тарихы, тарихи мәдениеті, қалалары, этникалық топтары және халқы туралы көптеген ғылыми жарияланымдарында пайдаланды.<sup>86</sup>

\* \* \*

Дегенмен, Қазақ хандығының нақты қашан құрылғаны туралы дауға нүкте қойылған жоқ. 2015 жылы мемлекеттік деңгейде оның 550 жылдығын тойлау осы саладағы мамандар арасында пікірталасты одан әрі қыздыра түсті. Дегенмен тарихшылардың барлығы «Тарих-и Рашиди» шығармасына сүйенеді.

Әріптесіміз Н.Атығаев атап көрсеткендей, Қазақ хандығының пайда болу тарихы туралы мәселе, Орталық Азиядағы алғашқы ұлттық мемлекет, этнос құраушы қазақ атауын иеленген ел, отандық тарих ғылымындағы ең даулы сұрақтардың бірі. Қазақстандық ғылыми және ғылыми-танымдық әдебиетте осы тақырыпқа арналған көптеген жұмыстар бар, дегенмен 1970-ші жылдарға дейін хандықтың құрылуына қатысты мәселе ғылыми мәселе ретінде арнайы көтерілген жоқ.<sup>87</sup>

<sup>86</sup> Қараңыз, сонда: Юдин В.П. Историографическая концепция автора «Тарихи- Рашиди» Мирза Мухаммад Хайдар доглата // Центральная Азия XIV-XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2011. – С. 179-221.; Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алма-Ата: Наука, 1985. – С. 1-37.; Абусейтова М.Х., Баранова Ю.Г. Письменные источники по истории и культуре Казахстана и Центральной Азии XIII-XVIII вв. (биобиблиографиялық шолулар). – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 89-106.; Кумеко

<sup>87</sup> Атығаев Н. Когда образовалось Казахское ханство? // <http://newtimes.kz>; Атығаев Н. Время образования Казахского ханства: некоторые аспекты проблемы в историографии и в источниках // Отан тарихы (Отечественная история). 2006, № 1. – С. 96-107

Жалпы алғанда, осы зерттеуші бүгінде тарихнамада Қазақ тарихының пайда болуына қатысты бірнеше негізгі көзқарас бар екенін айтады.

К.А.Ақышевтың пікірінше, өзбек және қазақ мемлекеттерінің құрылған кезін Әбілқайыр хандығының құрылған уақыты деп санау қажет, яғни 1428 жылы А.Хасенов болса, 1445 жылы Ұлық (Үлкен) Ұлыс (Алтын Орданың мұрагері - Н.А.) Ұлық-Мұхаммад-хан қайтыс болғаннан кейін (эпикалық Орманбет) Қазақстан аумағында қазақ ұлысының орны босап, не Әбілқайыр, не Моғұлстанға тәуелді емес Қазақ хандығы пайда болды деп санайды<sup>88</sup>.

Тарихи әдебиетте кеңінен таралған уақыт мерзімі – 1456 жыл. Оны қолдайтындар (М.Тынышпаев, С.Жолдасбай, М.Мағауин, Қ.Салғара және т.б.) олар осы уақытта Керей (Гирей) мен Жәнібек Батыс Моғолстан (Жетісу) аумағына көшті деп санайды, осыдан кейін бірден Қазақ хандығы пайда болды. Б.Б.Кәрібаев (Кәрібай) Қазақ хандығы пайда болған уақыт 1458 жылдың көктемі деп санайды.<sup>89</sup>

К.А.Пищулина «Қазақ хандығы пайда болған уақыт шамамен XV ғасырдың 60-шы жылдарының екінші жартысы деп санайды». Оның мерзімі 870 жыл, яғни 1465/66, яғни Мырза Хайдар ұсынған жазба дереккөздегі бірінші және жалғыз мезгіл дұрыс деуге негіз бар.<sup>90</sup>

Т.И.Султановтың пікірінше, онымен қырғыз академигі О.К.Караев та келіседі, Керей мен Жәнібектің жақтастары Қазақ хандығын Әбілқайыр хан қайтыс болған соң ғана Жетісуден Дешті-Қыпшақ территориясына қайтып келе жатқан кезде құрған, яғни «XV ғасырдың 70-ші жылдарынан ерте емес», шамамен 1470/71 жылдары.<sup>91</sup>

К.Данияров өзі үшінші қазақ мемлекеті деп санайтын тәуелсіз Қазақ хандығы, (бірінші қазақ мемлекеті оның пікірінше, Шыңғыс хан мемлекеті, екіншісі – Жошы ұлысы), 1480 жылы негізі қаланды.<sup>92</sup>

А.П.Чулошниковтың пікірінше, ол 50-60-шы жылдар, XX ғасыр зерттеушілерінің басым бөлігі Қазақ хандығының құрылуы XVI ғасырдың басында болған, яғни Мұхаммад Шейбани-хан және оның

<sup>88</sup> Акишев К., Хабдулина М. Казахское государство XV-XVI вв.: этническая территория, памятники культуры // Евразийское сообщество: общество, политика, культура. №1 (21), 1998. – С. 130-141.

<sup>89</sup> Тынышпаев М. История казахского народа. Составители и авторы предисловия: проф. Такенов А.С. и Байғалиев Б.А. – Алма-Ата: Ғылым, 1993. – 224 с.

<sup>90</sup> Атыгаев Н. Когда образовалось Казахское ханство? // <http://newtimes.kz>; Атыгаев Н. Время образования Казахского ханства: некоторые аспекты проблемы в историографии и в источниках // Отан тарихы (Отечественная история). 2006, № 1. – С. 96-107.

<sup>91</sup> Султанов Т.И. Некоторые замечания о начале казахской государственности // Известия АН КазССР. Серия общ. наук. - 1971. №1. – С. 54-57.

<sup>92</sup> Данияров К. Альтернативная история Казахстана. – Алматы, 1998. – С. 34-35.

жақтастары Қазақстан территориясынан Орта Азияға кеткеннен кейін деп санайды.<sup>93</sup>

С.К.Ибрагимов XVI ғасырдың 30-40-шы жылдары Жәнібек пен Керей ұрпақтарының Әбілқайыр және маңғыттармен күресі аяқталды, соңынан қазақтар бірлесіп, XV ғасырда бір мемлекет – Қазақ хандығы құрылды деп жазады<sup>94</sup>.

Барынша білікті талдау жасау негізінде Н.Атығаев мынадай қорытынды жасайды, тарихи әдебиетте жазылған мерзім, Қазақ хандығының көшу және құрылуы 1455-56 жылдар дегені – ықтимал нұсқа. Осылайша, 2015 жылдың тамызында Керей мен Жәнібектің өз алдына қазақ халқының басын қосып, мемлекеттік бірлестік ретінде Қазақ хандығының құрғанына 550 жыл болады.

Қазақ хандығының ерте тарихының дереккөз кешенін қарастыра отырып, біздің әріптесіміз Н.Атығаев мынадай қорытындыға келеді: XV-XVIII ғасырдың басында Қазақстан аумағында болған Қазақ хандығы тәуелсіз мемлекет болды және халықаралық құқықтық алаңда оны басқа да мемлекеттік субъектілер мойындады. Осы тезис кейін кейінгі ортағасырлық тарихи жазба дереккөздерде, оның кейінгі ортағасырлық бірқатар Еуразия мемлекеттерімен халықаралық қатынастар орнатқаны туралы ақпараты бар материалдармен дәлелденеді. Жекелей алғанда, Қазақ хандығы мен Мәскеу (Орыс) мемлекетінің XVI-XVIII ғасырларда дипломатиялық байланыс орнатқаны туралы көптеген деректер бар. Қазақ хандығы мен Мәскеу (Орыс) мемлекетінің дипломатиялық байланыс орнатқаны туралы дерек аса маңызды. Бұл дерек орыс билеушілерінің қазақтың хандарын тең дәрежедегі серіктес ретінде қарастырғанына куә болады.

Қазақ хандығы басқа да мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан. Орыс мұрағаты құжаттарында қазақ билеушілерінің Қырым хандығымен дипломатиялық байланыс орнатқаны туралы деректер бар. Сонымен қатар Қазақ хандығы мен Осман империясы арасында қарым-қатынас орнату мүмкіндігі болғандығын дәлелдейтін тарихи материалдар да бар. Қазақ хандығы мен Сефевид мемлекетінің (Қызылбаштар) арасында байланыс орнатылғанын дәлелдейтін тарихи деректер бар, ол 1501-1722 жылдар аралығында Иран және Оңтүстік

<sup>93</sup> Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. – Оренбург, 1924. – 294 с.

<sup>94</sup> Ибрагимов С.К. К истории Казахстана в XV в. // Вопросы филологии и истории стран советского и зарубежного Востока. Ред. И. Орбели. – Москва, 1961. – С. 172-181.

Кавказ аймағында болған мемлекет. Иран кітапханасының қолжазба қорында Қазақ хандығы мен Сефевид мемлекетінің арасындағы қарым-қатынастың XVII ғасырдың екінші жартысында болғаны жазылған.

Соңғы жылдары Қазақ хандығы Үндістандағы Ұлы Моғол империясымен дипломатиялық байланыс жүргізді деуге негіз болатын тарихи материалдар анықталды. Қазақ хандығының Ұлы Моғол империясымен дипломатиялық байланыс орнатуының басты мақсаты – Орта Азиядағы ортақ жаулары өзбек билеушілеріне қарсы бірлесіп күресу болуы мүмкін.

Шығыста қазақ хандары Қытай билеушілерімен дипломатиялық байланыс орнатқан, Керей хан мен Абу Саидтың (Жәнібек хан) XV ғасырда Қытай елшілігіне қатысы туралы мәліметтері бар. Қазақ хандығы мен Моғол мемлекетінің XVI-XVII ғасырда Шығыс Түркістанда елшілік алмасқаны туралы тарихи деректер бар. Қазақ елшіліктерінің ойрат-қалмақтармен қатысы туралы да мұрағат құжаттары сақталған. Қазақ хандығы Батыс Моңғолияда халха моңғолдар құрған Алтын-хан (Алтан-хан) мемлекетімен де дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан.

Қазақ хандығының ортағасырлық Шибанидтер мемлекеті және Аштарханидтермен дипломатиялық байланыстары туралы мәліметтер XVI-XVIII ғасырлардағы мұсылман тарихшыларының еңбектерінде көрсетілген. Қазақ хандығы Ноғай Ордасы және Сібір хандығымен де дипломатиялық қарым-қатынас орнатқан, бірақ оған қатысты деректер аз кездеседі.

Осылайша, Н.Атығаев, тарихи дереккөздерден табылған материалдар Қазақ хандығы халықаралық қатынастардың толық құқылы субъектісі болғанын және бірқатар елдермен дипломатиялық байланыстар орнатқанын көрсетеді. Жалпы алғанда, зерттеуші ортағасырлық қазақ мемлекетінің халықаралық қатынастарының тарихы зерттеуді қажет ететін сала екенін атап өткен.

## **§ 5. Шетелдік жиһанкездер мен зерттеушілер Орталық Азия мен Қазақстан туралы**

Орыс тіліндегі басылымның алғашқы тарауында Еуропа және Батыстағы орталықазиялық және еуразиялық зерттеулердің, жалпы ғылыми ориенталистиканың XVII-XIX ғасырлардағы қалыптасу дәуірінің сипатын беруге тырысқанбыз. Осыған орай, ақпараттың негізгі

бөлігі, яғни жиһанкездердің жазбасы, бақылаушылардың куәлігі, саяхаттаушылардың және географтардың, этнограф, лингвистердің Сібір, Орталық Азия, қазақ даласы, Түркістан, осы аймақтағы халық пен тайпалар туралы әлдеқашан жазылып қойған. Дегенмен, осы шағын бөлімде (Ш.Уәлиханов атындағы ТЭИ-дағы әріптестерімнің жаңа зерттеулері және түпнұсқадағы еңбектеріне сүйене отырып) біз тағы бір мәрте кейінгі ұрпаққа қазақтар туралы хабрлама қалдырып кеткен еуропалық зерттеулерге басымдық жасағымыз келеді.<sup>95</sup>

Батыс Еуропадағы ерте заманда жазылған еңбектің бірі амстердамдық бургомистр (қала басшысы) және көпес Николаас Витсеннің жиһанкез ретінде көрген-білгенін жазған, XVII-XVIII ғасырлар тоғысында ертежаңаголландтық тілде жарық көрген әйгілі кітабы. Н.К.Витсеннің «Солтүстік және Шығыс Тартария» деп аталатын еңбегі батыс шығыстануының қалыптасу кезеңінде жарыққа шықты. Ол кезде қарт құрлық бұрын еуропалықтарға мәлім болмаған еуразиялық құрлықтың ішкі әлемін енді аша бастаған, сондықтан да ол қазақтың тарихы мен мәдениеті туралы әлдеқайда ерте батысеуропалық дереккөз болып саналады.<sup>96</sup>

Николаас Витсен (1641—1717) Амстердамның көпестерінің ұрпағы, олар негізінен қаланы басқару жүйесінде лауазымды қызмет атқарған. Жас кезінде Н.Витсен Амстердамдағы провослав мектебінде білім алып, математика, астрономия және философияны оқыған, сонымен қатар поэзия және ағаш оюмен айналысқан, кейін 22 жасында Лейденге қоныс аударып, университетте құқықтану мен философияны меңгереді. Ол осы жерде араб әдебиеті профессоры Голиуспен достасады, одан шығыс елдері мен халықтары туралы көптеген деректерге қанық болған ол 1664 жылы құқықтану бойынша диссертация қорғап, құқық докторы дипломын иеленеді; соңынан Голландияда қалыптасқан ғылыми дәстүрге сәйкес 1664-1665 жылдары голланд елшісі Яков Бройльдің нөкері ретінде Ресейге саяхатқа аттанады.

Мәскеуде елшілік құрамында жұмыс істей жүріп, сонымен қатар Московияның еуропалық бөлігіндегі бірқатар қалаларында болған Н.Витсен жүйелі түрде күнделік жазуға кіріседі. Сібір халықтары

<sup>95</sup> Толығырақ, мына сілтемеде: История Казахстана и Центральной Азии в мировой ориенталистике (к 550-летию Казахского ханства). Часть I. Становление и развитие востоковедных школ в контексте изучения Центральной Азии и Внутренней Евразии. – Астана – Алматы: КИСИ, 2015. – 408 с.

<sup>96</sup> Н.Витсен туралы негізгі биографиялық деректерді мына кітаптан қараңыз, алғысөзінен жазған И.Максимова мен В.Г.Трисман. Витсен Н. Путешествие в Московию. 1664—1665. Дневник. Пер. со староголландского В.Г.Трисман. – СПб. 1996. – С.5-12.

туралы тарихи-этнографиялық материалдарды түрлі куәгерлер мен ғалымдардың аузынан жазып алуды, сонымен қатар барған қалалары туралы әңгіме жазуды әдетке айналдырады. Мәскеуге аттанған 1664 жылдан өмірінің соңы 1717 жылға дейін, Витсеннің ғылыми қызығушылығы Ресеймен байланысты болады, әсіресе осы елмен көршілес қоныстанған Орталық Азия елдерін зерттеуге назары ауады. Осы жағдай оның «Солтүстік және Шығыс Тартария» деп аталатын еңбегінің жарық көруіне негіз болған. Осы шығарманы жазу үшін автор 25 жыл уақытын арнаған, оны ол кітабының екінші басылымының кіріспесінде жазған, ал алғашқы басылым 1692 жылы жарық көрді.

Н.Витсен шығармасының екінші басылымын жариялау үшін біріншісін өңдеуге 10 жылын сарп етті. Екінші басылым 1705 жылы жарық көрді, үшіншісі, өмірінің соңында 1785 жылы жарияланды. Н.Витсеннің «Солтүстік және Шығыс Тартария» деп аталатын еңбегі - Еуропадағы Сібір туралы жарық көрген алғашқы шығарма. Онда автор Сібірдегі жерлердің картасын, шекаралас аймақтағы оңтүстік-шығыс азиялық аумақтағы елдімекендер туралы да нақты ақпарат береді.

Осы ауқымды басылымда және оған қосымша ретінде жарық көрген Тартария (Сібір) картасында Н.Витсен Батыс Еуропада бірінші болып, XVII ғасырдағы Ресей және оның Орталық Азиядағы көршілес елдері туралы толымды ақпарат береді. Онда алғаш рет Қазақ хандығының орналасқан жері нақты сипатталды. Сол замандағы Сырдария маңындағы қазақ хандарының елді басқару ерекшелігі туралы өзіндік деректер жазылған.

Сонымен қатар, Н.Витсен Жайық казактары туралы этнографиялық дерек жинаған алғашқы еуропалық зерттеуші болды, ол осы материалдарды кітабына этно-территориалды топ деген арнайы бөлім арнап жариялады. «Солтүстік және Шығыс Тартария» деп аталатын кітап оның замандастары тарапынан жоғары бағаланды, тіпті оны «Колумбтың жаңа әлемді ашуымен» қатар қойғандар да болды, соңынан бұл еңбектегі деректер батысеуропалық және ресейлік зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде кеңінен қолданылды.

И.В.Ерофееваның пікірінше, Орталық Азиядағы халықтардың тарихы мен мәдениетін зерттеуге француз жиһанкездері мен зерттеушілерінің қосқан үлесі зор. Басқа да батыстық шығыстану мектептеріндегі прагматикалық қажеттілік пен мүддеге қарағанда француз зерттеушілерінің Орта Шығысқа жасаған саяхаты негізінен саяси, коммерциялық немесе миссионерлік емес, ғылыми мақсатты

көздеді. Ол негізінен Францияда XVII-XVIII ғасырларда біраз салада, атап айтқанда экономика, саясат және мәдени өмірде модернистік реформа жасалғанымен және Шығыстың түрлі елдерімен көпжақты байланысты дамытып, қарым-қатынас кеңістігін кеңейтумен байланысты болды.<sup>97</sup>

XVII-XVIII ғасырларда француз жиһанкездері Қытай, Иран, Сирия, Кавказ және басқа да ислам мемлекеттеріне жиі саяхаттады. Осы сапарларының арқасында бірқатар аймақтарда ұзақ уақыт аялдаған олар, Францияда XVIII ғасырдың ортасында Алдыңғы және Орталық Азиядағы түркі халықтарының тарихы мен мәдениеті туралы шығыс қолжазбаларының қомақты жинағы пайда болды. Франциядағы қордың ең маңызды нәтижелерінің бірі - 1697 жылы Парижде жарық көрген «Шығыс кітапханасы» (Bibliothèque orientale) – ол Шығыс халықтарының тарихы туралы әлемдегі ең бірінші іргелі-энциклопедиялық сөздік. Оны дайындаған француздың көрнекі шығыстанушысы – Бартелеми д’Эрбело де Моленвил (1625-1695). Кейін осы мол деректері кең қамтылған еңбек Еуропада үш рет қайта басылды (1776 және 1777 жылдары Голландияда және 1781-1783 жылдары Францияда) және еуропалық ғылыми әлемде кеңінен танылып, жоғары бағаға ие болды. Оның көптеген мақалаларының арасында тарихтың түрлі мәселелеріне арналған, сонымен қатар көптеген афро-азиялық елдердің тарихи географиясы, орталықазия аймағының ортағасырлық тарихына қатысты, оның ішінде Қазақстанның оңтүстік-шығыс және оңтүстік аймағына қатысты зерттеулері бар. 2003 жылы Ташкентте Орталық Азиядағы Француз зерттеу институтының қызметкерлері оның директоры доктор Венсан Фурньоның бастамасымен осы еңбектердің орыс тіліне аударылған нұсқасын жеке басылым етіп жарыққа шығарды.<sup>98</sup>

Француз миссионерлерінің Орталық Азия елдерінің тарихына арнаған еңбектері арасында Филипп Авриляның (1654-1698) Ресей, Сирия және Грузияға жасаған саяхаты кезінде жазған шығармасы кеңінен танымал, ол 1692 жылы жарық көрген.<sup>99</sup> Ондағы мәтіннен бұрын, кітаптың қосымшасында жарияланған Сібір мен Қытайдың картасы қызықты; Шыңғыс хан империясы тарихы туралы жазылған Антуан Гобилдің (1739 ж.)<sup>100</sup> Цинь империясының тарихи

<sup>97</sup> Французские исследователи в Казахстане. Пер. с фр. О. В. Рублевой. Сост. И.В.Ерофеева. – Алматы: Санат, 2006. – С. 4-12.

<sup>98</sup> Центральная Азия глазами одного французского эрудита XVII-го века (отрывки). Пер. с французского А.Акимовой. – Ташкент, 2003.

<sup>99</sup> Avril Ph. Voyages en divers Etats d'Europe et d'Asie, entrepris pour découvrir un nouveau chemin a la Chin. – Paris, 1692.

<sup>100</sup> Gaubbil A. Histoire de Gentchiscan et de toute la dinastie des mongous ses successeurs, conquerans de la



картографиялық материалдарының жинағын 1735 жылы миссия хатшысы Жан-Батист Дюгальд құрастырып басып шығарған.<sup>101</sup>; Цин империясының географиялық картасының толық атласын (1737 жылы), әйгілі географ және жианкез Жан-Батист Боргильтон д'Анвиль (1697—1782) құрастырған.<sup>102</sup> Осы басылымдардың барлығында Жетісудің солтүстік-шығысы мен Сырдария маңындағы аймақтың тарихы және тарихи географиясына қатысты өзіндік сипаты бар материалдар қамтылған. Олар күні бүгінге дейін заманауи қазақстандық ғылыми орта үшін белгісіз күйде қалып отыр деуге болады. XIX ғасырдың алғашқы ширегіндегі француз иезуиттерінің жекелеген жұмыстарының қазақ халқына қатысты тұсын өзінің еңбегінде белгілі ресейлік тарихшы А.И.Левшин (1797-1879) пайдаланды,<sup>103</sup> бірақ оның «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен даласының сипаттамасы» (1832 ж.) атты кітабы жарияланған соң, француз иезуиттерінің материалдары басқа да Қазақстанның ортағасырлық тарихын зерттеген ғалымдардың еңбегінде көрініс тапқан жоқ.

Иезуиттердің Парижде сақталған, Қытайда қытай және басқа да шығыс материалдарын жинаған еңбектерінің негізінде, француз ориенталист ғалымы Жозеф де Гинь (1721-1800) 1756-1758 жылдары Орталық Азияның түркітілді халықтарының тарихы мен мәдениетіне арналған ғылымдағы ең алғашқы іргелі 5 томдықты құрастырып, басып шығарды. Осы шығармада тарихи дереккөздер кең қамтылған, жаңа дәуірден бастап, XVII ғасыр мен XVIII ғасырдың басына дейінгі кезеңді қамтыған еңбекте осы өңірдегі әлеуметтік-саяси және мәдени өмір және хандардың, «татар» династиясының басқару тарихы оның геосаяси кеңістігіндегі түрлі бөлігі туралы жазылған. Автор нысанаға алған негізгі тақырып – ежелгі ғұн державасымен бірге, Орта Азия және Шығыс Түркістан мемлекеттері, олар туралы дерек «Жалпы тарихтың» барлық бес томында да берілген. Осы мемлекеттерден бөлек «Ташкент хандары немесе Қазақ ордасындағы татарлар мен қарақалпақтар» атты бөлімде Қазақстанның тарихы мен этнографиясы да сипатталған, бірақ оның мазмұнының өте тар болғаны сонша, бұл сол замандағы қытайлар мен еуропалықтардың көшпелі қазақтар туралы тарихи дерегінің, білімінің тым шектеулі болғанын аңғартады.

Chine, tiree de histoire chinoise et traduite. – Paris, 1739.

<sup>101</sup> Du Halde J.-B. Description géographique, historique, chronologique, politique et physique de l'empire de la Chine et de la Tartarie Chinoise. 4 vols. – Paris, 1735.

<sup>102</sup> D'Anville J.B.B. Nouvel atlas de la Chine, de la Tartarie Chinoise et de Tibet: contenant les cartes générales et particulieres de ces pays... – La Haye, 1737.

<sup>103</sup> Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей. 2-е изд. – А., 1996. – С.111-131.

Шығыс Дешті-Қыпшақтың саяси өмірін онымен қатар оңтүстік-шығыста орналасқан ортағасырлық Моғолстанның саяси тарихымен салыстыра жазған Ж. де Гинь еңбегі дәл осы тақырыпты қытай немесе басқа да шығыс дереккөздеріне қарағанда барынша терең және толық етіп жазған, белгілі бір деңгейде парсы-түркітілді дереккөздердегі XIV-XVI ғасырлардағы Қазақстанның оңтүстік-шығысы тарихы туралы деректерді нақтылайды әрі толықтырады.

Ж. де Гинь тарихта бірінші болып, Жайық және Жайық өзені маңындағы қалаларды мекендеген халықтың этникалық қалыптасудағы, өмір салты, әлеуметтік-мәдени сипатындағы түркі компонентіне оларды «шекаралық» ерекше маргиналды субмәдени топқа жатқыза отырып, Еуразияның ішкі бөлігіндегі моңғол және түркітілді халықтардың арасындағы тілдік және мәдени қарым-қатынасына ерекше назар аударады.

Қазақстанның тарихнамасының дамуы үшін барынша ғылыми-тәжірибелік маңызы бар жұмыс жазған, белгілі шығыстанушы және немістен шыққан жиһанкез Г.-Ю. Клапрота, оның еңбегі 1825-1826 жылдары Географиялық және Азиялық қоғамның париждік басылымында жарық көрген. Генрих-Юлий (Юлиус) Клапрот 1783 жылы Берлинде әйгілі химик Мартин Клапрот отбасында туған. Жастайынан шығыстануға қызығушылық таныта бастаған ол қытай тілін меңгеруге ерекше ден қояды. Жоғары білімді Галледегі университетте «классикалық филология» мамандығы бойынша алады, диплом иеленгеннен кейін 1804 жылы Петербург Ғылым Академиясына шығыс тілдері бойынша адъюнкт қызметін атқару бойынша шақырту алады.

Осы қызметі бойынша ол Ресейде жеті жыл бойы жұмыс істейді, кейін 1811 жылы Берлинге қоныс аударады, бірнеше жылдан кейін Парижге ауысып, 1835 жылы сол қалада қайтыс болады. 1805-1806 жылдары Г.-Ю. Клапрот Ю.А.Головкин бастаған елшілік қызметкерлерімен бірге Қытайға бағытталған сапар аясында Батыс және Шығыс Сібірдің оңтүстік аймақтарына саяхат жасайды. Осы сапар барысында ол лингвистикалық, этнографиялық және географиялық материалдар жинап, кейін оны өзінің еңбектерінде кеңінен пайдаланады. Г.-Ю. Клапрота Орталық Азияның тарихи, этнографиясы, лексикологиясы мен дерекнамасы туралы бірқатар ғылыми мақалалар жазған, олардың арасында қазақ халқының тарихына қатысты да біраз мәлімет бар.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Орталық Азияның ортағасырлық тарихын зерттеген француз ғалымдары жаңа күшке ие болды.

Осы қарқын К.д'Оссон, Э.Катрмер мен Ж.П.Абель-Ремиздің жазған еңбектерінің арқасында болды. Осы жылдары мынадай жаңа дәстүр бекітілді: Орта Азия және Қазақстан туралы жазылған орысша материалдар пайдаланыла бастады. 1823 жылы Парижде М.Муравьевтың «Түркіменстан мен Хиуаға саяхат» (**Muraviev, 1823**) атты кітабы жарық көрді. 1831 жылы «Журналь Азиатик» А.Левшиннің қазақтар туралы мақаласын жариялайды (**Levchine, 1831**), ал 1840 жылы Парижде оның «Қырғыз-қайсақ ордалары мен даласының сипаты» атты ең басты еңбегі жарық көреді. (француз тіліне аударылған – «Описание орд и степей киргиз-казахов»: **Levshin, 1840**). Левшин жазған кітаптың әрі қарай қазақ этнографиясын зерттеуге қаншалықты үлес қосқаны айтпаса да түсінікті.

Француздар «Қырғыз-қайсақ ордалары мен даласының сипаты» атты кітап аудармаға берілгенге дейін қазақтар туралы деректерді қайда жарияларын білмеді деуге келмейді. д'Эрбелоның «Шығыс кітапханасында» қазақтардың ата-бабасы болып саналатын Тұран даласындағы ортағасырлық түркілер туралы, мәтіндердің үзіндісі болды (**Herbelot, 1697**). Дәл осындай сипаттама иезуиттердің синологиялық дәстүрін жалғастырған Дюгальд, де Гинь, К. д'Оссон және басқа да авторларда да болды. Осы стереотип басқа да басылымдарда жалғасын тапты. Оның ішінде Дидроның «Ғылым, өнер және қолөнер энциклопедиясы» да бар. Дәл осындай мақаланы де Гин де жазды. Қазақтардың есімі басқа да түрлі географиялық жанрдағы зерттеулерде аталады; мысалы, А.Превоның «Жиһанкездік тарихы туралы...», сонымен қатар, тарихи-дәріптеушілік – де Тоттаның «Түркілер мен татарлардың тарихы» (1784). Сонымен қатар ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Францияда ағылшын жиһанкездерінің және немістің табиғат зерттеушілерінің жазбалары танымалдыққа ие болды, онда ортазиялық және қазақстандық сюжеттер де қамтылған.

Осы сюжеттердің ықпалы көркем әдебиетте де көрініс тапты.<sup>104</sup> 1836 жылы Парижде Г.Хабмстың (К.Клермонт) «Владимир мен Зара немесе қырғыздар» атты тұтастай қазақ материалдарының негізінде жазылған поэмасы жарыққа шықты. Сондай-ақ, француз тілінде Густав Зелинскийдің «Қырғыз» (1842) және «Дала» (1856) поэмалары француз тілінде, В.И.Дальдің «Бикей мен Мауляна» (1845) атты повесі жарияланды. Осындай әдебиетті сол кезеңде еуропалық көркем жанрда романтикалық бағытқа ерекше мән

<sup>104</sup> Маданова М.Х. Казахстан-Франция. Малоизученные страницы общения народов в ХІХ веке. – Алматы: Казахстан, 1993. – С. 44-46.

берілген тұста шығыс экзотикасынсыз елестету мүмкін емес еді. Өз табиғатына сәйкес романтизм шынайы өмірден алшақ өмірді бейнеледі. Дегенмен, көркем әдебиет сол кездің өзінде, яғни өткен ғасырдың орта тұсында француз қоғамына Орталық Азия туралы географиялық, этнографиялық және тарихи білім беруге дәнекер болды. Поляк эмигранты Б.Залесский «Қырғыз даласындағы өмір» атты Парижде 1865 жылы жарық көрген романтикаға толы, тамаша кітап-альбомды көпшілік назарына ұсынды. 1825 жылы «Journale Asiatique» журналында ол ішінде 400 сөзі бар қазақ-француз сөздігі қосымша ретінде енгізілген, арнайы мақала жариялады. Осы еңбектің ғылыми маңызы оның салыстырмалы тіл білімі бойынша жазылған алғашқы еңбек болуында. Сонымен қатар осы жерде қазақтар туралы этнографиялық сипаттағы жекелеген ескертулер берілген (аймақтағы түркітілді көшпенділер туралы сол замандағы еуропалық қабылдау деңгейін сипаттайтын және қазақ халқының этникалық түп-тамырына қатысты қалыптасқан қате пікір (қазақтардың ата-бабасы Енисей қырғыздары деген гипотеза).

XIX ғасырдың ортасында Париж баспасөзі Ресейдің Түркістандағы саясаты туралы оқиғаларды тұрақты түрде жазып тұрды. 1848-1859 жылдары «Републик», «Патри», «Монитор», «Глоб» және «Ревю дель Орьян» газеттерінде Ресейдің Орта Азияға қарай үстемдік етуге кірісуі туралы жазылды, сонымен қатар географиялық сипаттағы аннотация берілді (Каспий және Арал теңізі, Балқаш көлі, Іле бассейні), этнографиялық материалдар да болды (**La Russie., 1968**).

XIX ғасырдың екінші жартысында Орталық Азияны зерттеудегі француз шығыстануының жаңа жетістіктері еуропалық ғалымдардың Қазақстан және ортаазиялық елдерде өз бетімен зерттеу жұмыстарын жүргізуімен тығыз байланысты болды. Осы кезеңдегі алыста жатқан қазақ даласына 1876-1877 жылдары Францияның Ұлт ағарту министрлігінің тапсырмасы бойынша жасалған ең маңызды сапарлардың бірі Париждегі шығыс тілдері мектебінің угрофин тілдері және азиялық елдер географиясы бойынша профессоры Шарль Эжень де Ужфальви (Южфальви) де Мезо-Ковезд пен оның жұбайы Мари Ужфальвидің Жетісу және орыс Түркістанға жасаған ғылыми экспедициясы болды. Южфальви отбасы жасаған экспедициялық жұмыстардың нәтижесі «Ресей, Сібір және Түркістанға жасалған ғылыми француз экспедициясы» деп аталатын 6 топтық кітап болып жарық көрді. Ондағы бір томда Жетісу, Оңтүстік Қазақстан және

онымен шекаралас орналасқан Орта Азия аймағы туралы толыққанды тарихи-этнографиялық сипаттама берілген.

1865 жылы А.Жоне-Спонвиль «Географиялық қоғам бюллетенінде» этнографиялық сипаттағы, қазақтар туралы эссе жариялады (**Jaunez Sponville, 1865**). Сонымен қатар ғылыми орта орыс және неміс тілдерінен француз тіліне аударылған қазақтар туралы әдебиетпен танысты, олардың арасында Радлов жасаған аударма да бар (**Radlov, 1863**). 1870 жылы француз халқы Дж.Феррьердің «Персия, Ауғанстан, Белуджистан және Түркістанға саяхат және шым-шытырық оқиғалар» деп аталатын ағылшын тілінде жазылған 2 томдық еңбектің аудармасымен танысты (**Ferrier, 1870**). Бірақ француздардың өздері жазған шығармаларға барынша көп назар аударылды. 1876 жылы Ж.Б.Пақые өзінің «Орта Азия» (**Paquier, 1876**) атты еңбегін жариялайды, кейін осы кітаптың толықтырылған «Орта Азия құс ұшар биіктіктен қарағанда» деп аталатын нұсқасы жарық көреді (**Paquier, 1881**), онда көшпелі өмірдегі тұрмыс, қазақтардың салт-дәстүрі мен мәдениеті жан-жақты суреттеледі.

Сол заманда Орта Азияны зерттеген ең ірі тұлғалардың бірі Шарль Эжень де Уйфальви (Южфальви) де Мезо-Ковезд (1842 жылы Венгрияда туған) болды. Фин-угор тіл білімі мен этнологиясына деген қызығушылығы оны Орталық Азияны (төменде жазылған) зерттеуге алып келді. 1876 жылы француз үкіметі Ш.Южфальви жетекшілігімен Түркістанға арнайы ғылыми экспедицияны аттандырады. 1887 жылы тағы да осы Ш.Южфальви жетекшілігімен екінші мәрте ғылыми экспедиция сапары басталады. Екі ғылыми экспедицияның нәтижесі кейін алты томдық еңбек болып жарық көреді. «Ресей, Сібір және Түркістанға аттанған француз ғылыми экспедициясы» (1-3 томдарда: жазба материалдар мен есеп; 4-6 томдарда: қосымшалар, фотосуреттер, гравюралар).

Бірінші экспедицияның өзі ғылыми әлемде үлкен резонанс тудырды; Миссия басшысы құрметті легион орденімен марапатталды. Экспедиция жұмысының нәтижесі Южфальвиге Париждегі қолданыстағы шығыс тілдері мектебінде Орталық Азия бойынша арнайы курс оқуға мүмкіндік берді, оның ішінде өңірдің экономикасы, тарихы, саяси жағдайы, тіл біліміне кіріспе, этнография мен антропология қамтылды. Южфальви өзінің жарияланған еңбектерінде этнографияны зерттеуге басымдық берді, жарияланымдарында ол: «Ресей, Сібір және Түркістанда өткізген үш жылым негізінен сол

аймақтағы халықты этнографиялық көзқарас тұрғысынан зерттеуге арналды, яғни олардың діни наным-сенімі, салты мен дәстүрі негізгі алынды» деп жазады (**Ujfalvy, 1878, p.543**).

Южфальви композициялық жағынан материалдарын мынадай ретпен жүйеледі: «Ғылыми экспедициялар» 1-ші том – Қазақстан, Ферғана, Құлжа, Қашқария; автор мұнда қазақтарды алты топ бойынша стратификациялайды (3 жүз, Бөкей Ордасы, сонымен қатар қара-қырғыздар, яғни кәдімгі қырғыздар және Батыс Қытайдың қазақтары); 2-ші том – Сырдария, Зерафшан, Жетісу және Батыс Сібір; бұл томда қазақтар туралы көбірек материал жинақталған, оны экспедиция барысында ғалымның өзі анықтаған, арасында көрнекі орындардың сипаттамасы, көшпелі мәдениет ескерткіштері, Қожа Ахмет Яссауи кесенесі туралы ақпарат бар; 3-ші том – бұл қазақ даласынан солтүстік жақта орналасқан территориялар туралы ақпарат, онда автор экспедицияның антропологиялық нәтижесі туралы айтады. Осы мәліметтер жалпыланған түрде 1880 жылы жеке басылым түрінде шықты (**Ujfalvy, 1880**) Ірі жарияланымдардан бөлек Южфальви «Ғылыми экспедиция» еңбегін жазу барысында ондағы деректер негізінде ғылыми мерзімді басылымдарда мақала жариялап тұрды (**Ujfalvy, 1878, 1881**).

Саяхаттау жанры бойынша ғылыми еңбек жазуда әйелдердің де үлесі болды. Сапарлаған аймақтарынан ғылыми мақала жазу жағынан француз әйелдері арасында Мари де Южфальви-Бурдонның белсенділігін баса айта кету керек. Мари Южфальви Париждегі шығыс тілдері мектебінің угрофин тілдері және азиялық елдер географиясы бойынша профессоры, жұбайы Шарль Эжень де Южфальвимен бірге Орталық Азия, Үндістан, Мысырға барған. Сонымен қатар ол 1880 жылы саяхат барысында жазған «Парижден Самарқанд, Ферғана, Құлжа және Батыс Сібірге саяхат: Париж тұрғынының жолда көргендері» атты күнделігін кітап етіп басып шығарды. Бұл еңбек 300-ден астам иллюстрациясы бар, Франция халқының Ішкі Азия аймақтарына деген қызығушылығын оятқан жұмыс болды. М. де Южфальви-Бурдон күнделігі оның күйеуі жазған күрделі ғылыми жұмыстарға қарағанда, көркем туынды сияқты, тартымды қызықты әрі оны әдемі толықтыра берген еңбек болды. Дегенмен, М. де Южфальви де ғылыми басылымдарға мақалалар жариялады, осы жерде оның күнделіктер негізінде жазылған ортаазиялық сапары туралы «Орынбордан Самарқандқа дейін» деп аталатын еңбегін атап өту керек (**Ujfalvy-Bourdon, 1879**).

Қазақ мәдениеті туралы жазба дерек қалдырған тағы бір француз әйелі Карла Селена. Оның «Даладағы жалғыз. Қырғыздар мен қалмақтар жеріне аттанған сапарымдағы эпизодтар» деп аталатын еңбегі 1883 жылы жарық көрді. Саяхатқа ол 1878 жылы аттанған болатын. Селена астраханьдық қазақтардың салт-дәстүрі, өмір салты мен мәдениеті; Бөкей Ордасына тарихи экскурс жасап және оның әкімшілік жағдайы туралы жазған. Селена кәсіби этнографтар үшін аса маңызды киім, тамақ, жұмыс және өнер, музыка, аңшылық, діни рәсімдер және т.б аспектілерді де қамтыған (**Selena, 1883**).<sup>105</sup>

Автор кейбір жерлерде деректердің нақтылығын жоғалтып, біраз қателік жіберген. Мысалы, ол Алтын Орданың құрылған уақыты 1206 жыл деп белгілейді. Селена орыстың әскери қызметінде болған офицер-қазақтар туралы да қызығушылықпен жазған (**Selena, 1883; 209-шы бет**).

Жоғарыда аталып өткен автор Шарль Эжень де Ужфальви (Южфальви) де Мезо-Ковезд (1842-1904) – Венада дүниеге келген, шыққан тегі венгр ұлтынан. Ол жастайынан фин-угор тілдерін меңгеруге қызығушылық танытты университетте оқи жүріп, лингвистика және тіл біліміне маманданды. 1871 жылы Ш.-Е.Ужфальви Парижде Генрих IV лицейінде герман тілдері профессорының вакансиясына ие болды. Осы жерде ол филологияны зерттеумен айналысты. Сол кезде еуропалық ғылым үшін таңсық болған, жаңа бағыт антрополияға қызығушылық танытады. 1876 жылы Халық ағарту министрлігінің тапсырмасымен ғалым келіншегімен бірге Орынбор арқылы қазақ жерлері мен Орталық Азия елдерін зерттеу үшін ғылыми экспедицияға аттанады. Екі жылға созылған сапар барысында ол Жетісу және Сырдария бассейні маңындағы отырықшы, егін шаруашылығымен айналысатын халықтың өмірімен танысады, сонымен қатар Аралдың солтүстік-шығыс өңірі, Түркістан, Шымкент, Ташкент және Самарқандта болады.

Экспедиция барысында Ш.-Е.Ужфальви мен оның жұбайы М.Ужфальви жергілікті халықтың өмірі мен тұрмысын бақылауға алып, көрген білгендерін күнделіктеріне түртіп, фотосуретке түсіріп отырады. Орынбор және Ташкент кітапханаларында болып, қазақ тарихы мен мәдениетіне арналған ресейлік басылымдармен танысады.

<sup>105</sup> Әйел адамдардың естелік жазудағы еңбегіне қатысты объективті көзқарасты француз-қазақ мәдени байланысының білгірі М.Маданова былай жеткізеді: «Әйел» прозасында көбінесе лирика мен эмоция және қандай да бір деректі баяндағанда психологизм басым. Ал саяхаттау саласы бойынша әйел адамдардың ақпаратты қабылдауы тіптен бөлек, олардың басқа халықтың өміріне қатысты саяхат барысында көрген-білгенін жеткізудегі артықшылығы сол – олар саяси және идеологиялық шектеулерден ада». – Қараңыз: Маданова М. Аталған еңбек - 89-90-шы беттер.

Сапар барысында жинақталған деректі материалдар негізінде Ш.-Е.Ужфальви 1879 жылы Қазақстанның орталық аймақтары және Орта Азияның этнографиясы мен антропологиясы туралы арнайы еңбегін жариялайды. Онда Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өлкесін мекендеген көшпенді және отырықшы халықтардың тұрмыс-тіршілігі, көшпелі дала қазақтарының, сарттар мен өзбектердің сыртқы келбетіне қатысты қызықты сипаттамалар, сонымен қатар осы өңірдің табиғатына қатысты, нақтырақ айтсақ, Сырдария маңындағы қалалар мен негізгі мәдени орындар әдемі суреттеледі. Осы жерде еуропалық ғалымдардың Жаркеттегі, Сырдария маңындағы үйінділер, Қожа Ахмет Яссауидың әйгілі мешіті туралы формасы мен детальды ойнатуы бойынша жасаған суреттемелері ерекше назар аударуды қажет етеді. Бұл да өз кезегінде ортағасырлық шығыс сәулет өнерінің әйгілі ескерткіштері туралы орыс ғалымдары жазып кеткен тарихи дереккөздерді тағы да бір толықтыра түседі.

Тура осындай мазмұндағы ақпарат Мари Ужфальви жүргізген зерттеуде өз алдына жеке еңбек ретінде жазылған. Күйеуімен бірге Жетісу және Түркістан жеріне алғаш рет аяқ басқан ғалым өзіне бейтаныс әлемде көрген-білгенін тәптіштеп, жан-жақты түсіндіріп жеткізеді. Екі тарихи-этнографиялық еңбек те оларда кездесетін кейбір кемшіліктерге, кейде экономика мен мәдениет, орталықазиялық аймақтағы полиэтникалық тұрғындар туралы деректердің құрастырылғанына (компилятивтік сипатқа ие екеніне) қарамастан, қазақ жері мен қазақтарды жан-жақты зерттеу жұмысына белгілі бір деңгейде үлес қосты. Сонымен қатар оларда революцияға дейінгі Ресей заманында азиялық аймақтағы халықтардың мәдени өмірі туралы ерекше сипаттамалардың болғанына байланысты Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығыс тарихы мен этнографиясы туралы құнды дереккөз болып саналады.

XIX ғасырдың соңғы он жылдығында қазақтар туралы жинақталған түрлі этнографиялық материалдар дәстүрлі қазақ қоғамын зерттеуге арналған жұмыстардың пайда болуын талап етті. Осындай зерттеулерді швейцариялық ғалым, француз материалдарының негізінде жұмыс істеп, оны Парижде жариялаған Виктор Дингельштедт еңбегінде болды. Ол негізінен қазақтардың кәдімгі құқы туралы болды (**Dingelstedt, 1890**); Әрі қарай Дингельштедт өзінің көрген-білгендерін жалпылама жазады, 1891 жылы «Патриархалдық құрылым және қырғыздардың қарапайым құқы» атты концептуалдық еңбегінде (**Dingelstedt, 1891**)



автор өзі мойындағандай, ол сол замандағы басымдыққа ие болған әлеуметтік теорияға, әсіресе Г. Спенсерге қайран қалған. Бұл дәстүрлі қазақ қоғамының құрылымданған портретін беру кезінде көрініс тапты (ақ және қара сүйек, әйелдердің жағдайы, қоғамның кезеңдік құрылымы және қарапайым құқық, жазалау жүйесі, сот тәжірибесінен көптеген мысалдар). Автор мынадай мәселелерге көп тоқталмаған: қазақ ономастикасы, исламның ықпалы және оның дәстүрлі культпен бірге өмір сүруі, мәдениет және тұрмыс, генеалогия. Дингельштедт оқырмандардың назарын «қазақ» терминін пайдалануға аударады, оның пікірінше ол «қырғыз» деп атағаннан дұрыс. Дингельштедт кітабымен танысқаннан кейін біздің көзқарасымыз бойынша жасалуы тиіс маңызды қорытынды, ол дәстүрлі қазақ қоғамын оның қалыптасқан, тұрақты классикалық түрін сипаттағанда түйсігімен интуитивті түрде оның ғаламат өзгерістер алдында тұрғанын сезген сияқты. Дингельштедт жұмысының қорытынды бөлімінде: «Көптеген қазақтар ата-бабаларының өмір салты болып келген көшпелі тірліктің ары қарай жалғасын таба алмайтынын біледі» деп жазады (**Dingelstedt, 1891; 83-ші бет**).

1970-80-ші жылдары француз тарихнамасында XIX ғасырдағы Орта Азия тарихына деген қызығушылық толастаған жоқ. Орталық мәселе, сөзсіз аймақты орыстардың басып алуы болды. Осы мәселе С.Бенсидун еңбегінде көрініс тапты (**Bensidoun, 1975**). Катрин Пужоль 1826 жылғы дереккөзді пайдаланған (О.Зеньковскийдің Семейден Кашмирге баратын коммерциялық жолдың мүмкіндіктері туралы); К.Пужольдың дерекнамалық сараптамасы осы құжаттың пайда болу жағдайын түсіндіреді (формасы жағынан жолжазба). Мәтін факсимилесі Бұқарадан парсы тілінде жазылған, Зеньковский оны карта үшін пайдаланған. Жалпы алғанда, Пужаль Қазақстанның жиырмамыншы ғасырдың алғашқы ширегіндегі тарихы мен этнографиясы үшін бірқатар дау туғызды (**Poujol, 1982**). Арман де Кювервилдің 1896 жылы Жетісуға жасаған экспедициясы негізінде жинақтаған этнографиялық материалдары негізінде Лоранс Делаби зерттеу жұмысын жазған (**Delaby, 1981**), оны Географиялық қоғам мұрағатынан Кювервил коллекциясынан алған. Коллекцияда көптеген фотографиялар бар, онда қазақ өмірінің түрлі сюжеттері көрініс тапқан, тұрмыстық және мерекелік сәттер; коллекция құрамында сол заманның гравюралары да бар, әшекейлері және киім-кешектің элементтері және басқа да керек-жарақтары. Делаби де Кювервил еңбегін өз түсініктемелерімен толықтырған.

Осылайша, француз ғалымдарының XX ғасырдың соңғы он жылдығындағы мұрағаттық археологиялық зерттеулері қазақтардың тарихы мен этнографиясын зерттеуде дереккөзнамалық базасын толықтыруға септігін тигізді. Алайда, XX ғасырдың екінші жартысында қазақ және ортаазиялық тарихқа деген үлкен қызығушылық тек шығыстанушылар тарапынан ғана болған жоқ. Ортаазиялық аймақ жаңа саясаттану пәнінің советология (кеңес одағын тану) және оның бөлімі болып саналатын ортаазиятанудың өткір нысанасына іліккен нысанына айналды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Францияда Ортаазиялық зерттеулер деп аталатын Батыстағы ең ірі мектеп пайда болды. Оның зерттеу пәні – кеңес республикаларының тарихы болды; оның республикаларындағы экономикалық, әлеуметтік және демографиялық үрдістер, ұлтшылдықтың өсуі, мәдени ренессанс және исламның жағдайы, сонымен қатар – және ең негізгісі зерттеулерді саясаттанудың бір бөлігі еткен дүние ұлттық қарама-қайшылықтар мен ислам факторының ролі, аймақтағы жағдайдың әрі қарай дамуына қатысты жасалатын болжам. Дегенмен, көптеген советологтар (кеңес дәуірін танушы ғалымдар) білімі бойынша шығыстанушылар болды; Орта Азияның тарихы бойынша жазған өздерінің концептуалдық еңбектерінде олар революцияға дейінгі аймақ халқының тарихына жүгінді; көптеген, әсіресе ислам тарихын зерттеу облысындағы методология мен теория (суфизм мәселесіне келгенде) классикалық ориенталистикадан алынды. Соңында, заманауи Францияда Қазақстан және Орта Азия тарихын зерттеуді өз жұмыстарында аймақтың өткені мен бүгінмен байланыстыра білген осы зерттеушілердің еңбегінсіз елестету мүмкін емес болды.

Ортаазиялық әдебиеттің болашақтағы маңызды дереккөздерінің бірі қазақ және түркі саяси қайраткері, ұзақ уақыт бойы Францияда эмиграцияда болған (1926-1940). Мұстафа Шоқайдың (1890-1941) әдеби мұрасы болды. Оның «Орта Азиядағы кеңесте» (1928 жылы; орыс тілінде Парижде «Кеңес билігіндегі Түркістан» басылымында 1935 жылы жарық көрді) деп аталатын антикоммунистік памфлеті жарық көрді, сонымен Қазақстандағы және басқа да ортаазиялық республикалардағы жағдайға елдің назарын аударды. Кейін М. Шоқайдың еңбектері кеңес дәуірі мен ортаазиялық зерттеушілер үшін міндетті дерекнамалық кешенге айналды; және бастысы – батыс ғалымдары Шоқайдың Орта Азия туралы сталиндік жалған насихаттық әдебиетті жоққа шығаруға бағытталған әдіснамасы мен сыни тәсілдерін қабылдады.

Көп жағдайда Шоқайдың арқасында батыс әдебиетінде «кеңестік колониализм» концепциясы нақтыланды. Оның негізінде ортаазиялық республикалар КСРО отары, оның өндірістік аймақтары шикізаттық шылау және саясаты құқықсыз деген тезис жатты. Бұл тарихшылар кеңестік дәуірдегі аймақ республикаларындағы отарлық жағдайдың сипатын көрсету үшін 1917 жылға дейінгі орыстың отарлық басқару тәжірибесін қарастырды. Кеңестіктануға шығыстанудан келген зерттеушілер арасынан исламтану жұмыстары бойынша танымал Венсан Монтейдің есімін атауға болады.

XIX-XX ғасырда ғылыми пән ретінде қалыптасқан ағылшын тарихнамасы Орта Азия мен Қазақстанды зерттеу үрдісінде, сонымен қатар одан да ауқымды кеңістік Ішкі Азия бойынша барынша белгілі, оның Батыстағы шығыстану зерттеулерінің дамуына іргелі ықпалы болғаны даусыз. Дегенмен ағылшын дәстүрі уақыт өте келе өзіне тән тұрақты сипатқа ие болғанын айта кету керек. Оны ұлттық ерекшелік деп, тіптен тарихнамалық парадокс деп те сипаттауға болады. Анықтап қараған уақытта, Орталық Азияны зерттеуде британдық зерттеу дәстүрінде көзге бірден түсетін басты қарама-қайшылық, ағылшын тарихнамасы, Еуропадағы басқа тарихнама сияқты емес, жинақталған материал жағынан қомақты болды, оған оның көптеген агенттері (көпестер, әскерилер, жиһанкездер, тыңшылар, өз ғалымдары) үлес қосты, сондықтан да оның аймақта болған әр оқиғаны жан-жақты сипаттауға мүмкіндігі болды. Дегенмен Орталық Азия империялық Ұлыбритания мен Ресей мүддесі қақтығысқан аймақ болғандықтан, олардың отарлық империялары тікелей айқасқа енді.

И.Ерофеева атап өткендей, XVI ғасырдың ортасында Еуропада Ресей арқылы Орталық Азия елдерімен сауда байланысын орнатуға деген қызығушылық айтарлықтай жоғары болды. Ресей алдымен Қазан және 1556 жылы Астрахань хандығын жаулап алған соң Батыс Сібір мен Қазақ даласына тікелей жол ашылды, сонымен қатар Жайық өзені мен Каспий теңізіне қарай бағыт алатын нақты керуен бағыты белгіленді. Англия сол кезде азиялық Шығыспен белсенді қарым-қатынас орнатуды ойластырып, мақсатты түрде осы бағыттардың тиімді географиялық ерекшеліктерін пайдаланып қалғысы келді. Ол жақта осы кезеңде «көпестердің, елді, жерді, аралдарды, мемлекеттерді және меншікті іздеушілердің, белгісіздерді және тіптен осы уақытқа дейін теңіз жолы арқылы барып көрмеген жер» коммерциялық қоғамы құрылды.<sup>106</sup>

<sup>106</sup> Английские путешественники в Казахской степи. Пер. Д.М.Костиной. Сост. И.В.Ерофеева. – Алматы: Санат, 2006. – С. 4-8.

Осы қоғамның басты мақсатының бірі «солтүстіктегі елдер арқылы Солтүстік Двина, Еділ өзендері және Каспий теңізі арқылы» Үндістанға шығатын жол іздеу болды. Британ сауда экспансиясының Үндістан мен Иран бағытында дамуы олар мен Ресей арасында орналасқан елдердің географиясы мен миографиясын зерттеумен тікелей байланысты болды. Сондықтан да Англияның саудасы ұзақ уақыт бойы сол жерлер туралы түрлі жолдармен және тәсілдермен сіңіп кеткен британ көпестері мен кәсіпкерлері арқылы қажетті дерек жинаумен қатар дамыды.

Орта ғасырларда Орталық Еуразия туралы жазба сипаттама қалдырған алғашқы ағылшындардың бірі Роджер Бэкон (XIII ғасыр) болды. Бэкон «Комания» - половец даласы туралы жазады, оның тарихи және географиялық сипаттамасын береді, аймақтағы Дон мен Еділ және әрі қарай шығыстағы Жетісуға («қаңлы мемлекеті») дейінгі саяси және этникалық өзгерістер туралы жазады. Бэконның тарихи-географиялық шығармасы ортағасырлық кезеңге тән кәдімгі құрастырылған еңбек болды, кейін ағылшын авторлары, ұзақ уақыт бойы италиян, француз және испан дереккөз-дерімен, сонымен қатар латын және араб тілінде жазылған дереккөздердің аудармасын пайдаланды. Тек XVII ғасырда ғана ағылшындар сауда белсенділігінің артуы арқасында Азия туралы ақпаратты Шығыстағы өз отандастарының көмегімен бірінші дереккөзден алатын дәрежеге жетті.<sup>107</sup>

Қазақ даласын алғашқылардың бірі болып көрген және ол туралы жазба материал жазып қалдырған ағылшын, көпес әрі дипломат Антоний Дженкинсон (Jenkinson; шамамен 1610 жылы қайтыс болған). Ол Еуропа, Азия, Африка бойынша көп саяхаттаған және 4 рет Ресей мемлекетінде болған. Орыс патшасы Иван IV (Грозный) рұқсатымен Дженкинсон екі мәрте, 1559 және 1562-1564 жылдары Ресей арқылы Иран және Орта Азияға барған. Дженкинсон Мәскеуден 1559 жылы оршан компаниясы қызметкерлерінің шығарып салуымен Ричард Джонсон, Роберт Джосон және татар тілмашпен бірге түрлі тауарларды артынып-тартынып, Еділ-Каспий жолы арқылы Астраханьға жетеді, саяхатшылар әрі қарай жергілікті халықтан сатып алған 1000 түйемен

<sup>107</sup> Ағылшындардың Орталық Азияға ену тарихы және аймақтың ағылшын жиһанкездерімен, әскерлерімен, табиғат зерттеушілерімен зерттелуі көптеген басылымдарда жан-жақты жазылған, оның ішінде мына кітап та бар: Есмағамбетов К.А. Действительность и фальсификация: англо-американская историография о Казахстане. – Алма-Ата: Наука, 1976; тағы сол, Что писали о нас на Западе. – Алма-Ата: Казак Университеты, 1992. Кей жағдайда біз К.Есмағамбетов еңбегіне сүйенеміз.

Маңғышылық пен Үстірт арқылы, тауар керуенімен Орта Азия хандығының аумағына, Бұқара мен Хиуаға өтеді. Ағылшын көпесі Иван IV патшаның арнайы грамотасына ие болғандықтан, ол Мәскеу мемлекетінің Орта Азиядағы алғашқы ресми өкілі атанады. 1559 жылы сонымен бірге Мәскеуге ортаазиялық елшіліктер Гучар, Балх және Үргеніш келеді. Энтони Дженкинсон Ресей арқылы екі рет 1558-1559 және 1562-1563 жылдары Иранға бару арқылы қазақ даласы мен ортаазиялық жазиралы алқаптарды көрген ағылшын жиһанкездерінің ұзын-сонар тізімін ашты. Оның «Күнделігінде» Жайықтан шығысқа қарайғы дала «Қазақия» деп аталған; осында қазақтар туралы этнографиялық мәліметтер жарық көрген, сонымен қатар Оңтүстік Қазақстанның саяси тарихы және сол дәуірдегі ортаазиялық хандықтар туралы мәлімет берілген. Сонымен қатар дәл Дженкинсон сияқты, ағылшындық Мәскеу компаниясының істері бойынша, Жайықтан әрі қарайғы шығыстағы облыстарда Ричард Джонсон (1565-1567), Артур Эдвардс пен Лоренс Чэпмэн (1568), Энтон Марш пен Френсис Черри (1587) болған. Сәл кейінірек, біраз уақыт өткен соң олар жазған материалдар «Геклейтов жинағында» жарық көрген, ол – Ричард Хэклайт (Геклейт) 1598-1660 жылдар аралығында түрлі ағылшын жиһанкездері жинаған құжаттарды, сипаттамаларды, күнделіктерді және түрлі жазбаларды жинақтап, құрастырғанмен, оны соңына дейін жеткізе алмай кеткен еңбек (**The Principal Navigations, 1598-1660**).

А.Дженкинсонның Орта Азияға саяхатының қорытындысы - осы аймақтағы халықтың тарихы туралы жинаған құнды ақпарат, сол жылдары ортаазиялық Шайбани билеушісімен Сырдария маңындағы қалалар үшін соғысқан қазақ ханы Хақназар туралы қысқаша ақпарат (1558-1580), сонымен қатар қазақтардың тұрмыс-тірлігі мен олардың діни наным-сенімі туралы мәлімет.

Антоний Дженкинсон қазақ халқының атауына қатысты өз жазбаларында толыққанды дұрыс ақпарат қалдыра білген алғашқы еуропалықтардың бірі болды. Ташкентпен соғысқан халық «қазақ» (Cossacks) деп аталады жазған ол, бұл халық магометан дінін ұстанады деген тұжырым жасайды. Ағылшын жиһанкезі қазақтар туралы «олар иен далада, қаласыз, үйсіз жерлерде өмір сүреді, жоғарыда аталған қалаларды жолдарды жауып тастау арқылы иеленген, олардың жері арқылы өткен керуен ешқашан тоналмай өткен емес» деп жазған. Сонымен қатар, А. Дженкинсонның «қазақ халқы топтасып өмір сүреді, яғни Ордамен» деп жазған тұсы аса маңызды. Сондай-ақ, Дженкинсон

еңбегінде сол кезде қазақтың мықты билеушісі болған Хақназар ханның Бұқар ханы Абдуллаға қарсы (1557-1598) болған соғысы туралы да жазылады.

Жиһанкез А.Дженкинсонның Орта Азияға саяхаты алғаш рет 1598-1600 жылдары Лондонда жарық көрген. Кейін бірнеше мәрте Еуропада ағылшын және басқа да бірқатар тілдерге аударылып басылған. Қазақстанда ағылшын жиһанкезінің еңбегі негізінен оның орыс тіліне Ю.В.Готье аударған нұсқасы арқылы белгілі болды, еңбек Мәскеуде 1937 жылы жарық көрді. Сол кезден бастап жиһанкез жинақтаған материалдар осы аймақ тарихы туралы зерттеу жазған ғалымдардың арнайы еңбегінде және оқу құралдарында жарияланды.

Антоний Дженкинсон жүріп өткен аумақтарын сипаттаудан бөлек, «Ресей, Московия және Татария» географиялық картасын жасаған, оның негізіне сол географиялық мекендерден жинақталған деректер және жолда кездескен түрлі куәгерлерден алынған сауалнама нәтижесі де кірген. Бұл карта 1562 жылы Лондонда жарияланған, кейін 1598 жылы Амстердамда қайта басылған, онда Барент Лангенес басқан атлас голланд мәтінімен жазылған. 1890 жылы ол тағы да географ Д.Анучинның Ресейде жарық көрген «Мәскеу археологиялық қоғамының еңбектерінде», яғни 14 томдық шығармада жарияланды. А. Дженкинсон картасының арқасында еуропалықтар қазақтар және олардың жақын орналасқан ортаазиялық көршілерінің өмір сүрген жерлері туралы ақпарат ала алды, бұл жағдай белгілі бір жағдайда Ұлыбританияны және басқа да батыс елдерін Орта Шығысқа саяхат жасауға деген қызығушылығын тудырды.

1625 жылы Самюэль Пэрчас жинағының кеңейтілген нұсқасын жариялады (1905 жылы Англияда 20 томдық болып және 1965 жылы АҚШ-та қайта басылып шықты), ол сол кезеңдегі VI – XVII ғасыр аралығындағы барлық еуропалықтар үшін танымал саяхатты қамтыды. Саяхат материалдарының жариялануы мынадай тарихи-философиялық трактаттардың пайда болуына ықпал етті: Дж. Флетчердің «Татарлардың пайда болуы туралы» (XVI ғасырдың басы XVII ғасырда жазылған, 1677 жылы басылды.; **Fletcher, 1677**) және Дж.Мильтонның «Московияның қысқаша тарихы...» (1682), онда түркі халықтары мекендеген Жайық, Еділ маңы, Сібір және Орталық Азиядағы аймақтың тарихи, саяси және этнографиялық сипаттамасы берілді.

XVIII ғасырдағы ортаазиялық аймақты бірінші болып көрген

британдық шотландық дәрігер Джон Белл, орыс қызметіне 1714 жылы түскен ол, 1715 жылы А.Волынскийдің Ирандағы елшілік миссиясына қатысады. Өзінің естеліктерінде Белл (1747) Хиваға аттанған экспедициядағы орыс авантюрасы және оның соңы туралы мәлімет қалдырады. Белл сонымен қатар Сібірде болған және Семей туралы сипаттама қалдырған. Джон Элтон қазақтар қоныстанған мекенде алдымен Орынбор экспедициясы құрамында, соңынан Орынбор комиссиясын құрамында (1734-1738) жылдары 4 жыл жұмыс істеген. Элтон Кіші жүз қоныстанған жерлерде болып, оған тиесілі үлкен аумақты мұқият зерттейді. Оның еңбегінің жемісі - көптеген жергілікті тұрғындармен жүргізілген сауалнама, Еділ мен Жайық арасын жайлаған облыстар картасы және экспедиция жетекшілерімен жазысқан ресми құжаттар. Осының барлығы XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығындағы Батыс Қазақстан туралы мол мәлімет береді. Бұл ресейлік протектораттың Кіші жүздің кейбір руларын формальды түрде қабылдағаннан кейінгі алғашқы жылдар болатын және сол кезде Әбілқайыр хан басқаратын жүзге аударылған назар басым болды. Осы қызығушылық Орынбор экспедициясының тағы бір мүшесі, 1736 жылы Арал маңындағы Әбілқайыр ордасында болған Джон Кэтлдің «Күнделік» (Журнал) еңбегінде көрініс тапты. Кэтл миссиясы тек қана танымдық емес, сонымен қатар саяси, тыңшылық сипатқа ие болды. Джон Кэтлдің «Күнделік» (1741) шығармасында дала өмірі, қазақтардың қоғамдық тірлігі, аймақтың табиғаты, Әбілқайырдың саясаты, сол замандағы қазақтардың әскери қызметінің деңгейі, тұрмыстың этнографиясы, сол замандағы қазақтардың мәдениеті мен салт дәстүрі туралы аса маңызды және жан-жақты деректер жазылды (**Castle, 1784**). Күнделік 1784 жылы автордың иллюстрацияларымен қоса Ригада жарық көрді.

Ағылшын көпестері арасында Батыс Қазақстанда белсенді жұмыс істеп және ортаазиялық хандықтармен сауда жасасқан Рейнолд Хоуг та болды, ол 1740-1741 жылдары Орынбордан Хиуа және Бұқараға саяхаттады. Коммерциялық маңызға ие мәліметтерден бөлек Хоуг аймақтағы саяси қарым-қатынас және қазақтар, хиуалықтар, жоңғарлар, қарақалпақтар мен олардың орыстармен қарым-қатынасы және орыстардың Орта Азиядағы саясатының болашағы туралы жазды. 1744-1748 жылдары басқа бір британдық азамат, шотландық дәрігер Джон Кук М.Голицин елшілігінің құрамында Иранға сапар шекті. Кук өзінің естеліктерінде Батыс Қазақстанның географиялық

және этнографиялық сипаты туралы дерек қалдырды (1770). Оның барлық естеліктері, материалдары, күнделіктері, жазбалары және карталарын Дж.Хэнвеей (Ганвей) жинақтады, ол өзінің отандастарының барлық материалдарын өзі де Иранға саяхат жасау үшін жиып-терді (1743). Оның «Каспий теңізі арқылы жасалатын Британ саудасының тарихи есебі» (**Hanway, 1758**) XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазақ өмірін көрген және осы жылдары Иран-Каспий аймағындағы ағылшындардың жұмыс істеуіне негіз болатын зерттеуді жасаған ағылшын авторларының ұжымдық еңбегі болып саналады.


XVIII және XIX ғасырдың бірінші жартысында Қазақстан аумағының басым бөлігінің Ресей империясы аумағына қосылғанына байланысты, қазақ даласы еуропалық жиһанкездер мен зерттеушілер үшін барынша қолжетімді бола бастады. Осы кезеңде аймақта сауда және саяси мақсатпен британ теңіз қызметінің капитаны Джон Эльтон (1735 ж.), суретші Джон Кэстль (1736 ж.), саудагер Реональд Гок (1741-1742 ж.), Ост-Инд компаниясының агенттері Александр Бернс (1833 ж.), Джеймс Аббат, Ричмонд Шекспир (1840 ж.) және т.б. болды. Олар солтүстік және батыс өңірлерінде болды, дала мен Арал маңындағы аудандар және кейінірек осы өңірлер туралы толыққанды ақпарат жариялады.

Ағылшындар арасында аймаққа сапарлауды керісінше, Сібірден және Солтүстік Қазақстаннан да бастағандар болды. Мысалы, 1840-41 жылдары Чарльз Котрелл Орынбор, Петропавловск, Омбы, Өскемендегі қазақтардың өмірімен танысты. Оның «Сібірден алған әсер» атты кітабы толыққанды этнографиялық материалға толы (Cotrell, 1842), дегенмен, қазақстандық тарихшы К.Есмагамбетов атап өткендей, кітапта ксенофобия мен нәсілдік пікірлер бар.<sup>108</sup> 1830-шы жылдардың соңы мен 1840-шы жылдардың басында Ч.Стокдер, Джеймс Эббот, Ричмонд Шекспир және Артур Конолли бастаған бірнеше әскеритыңшылық экспедиция болды. Олардың есептерінде ағылшындардың белсенділігі осы аймақта дипломатиялық және тыңшылық миссияның аяқталып, нақты жоспарлардың жүзеге асырылуына, нақтырақ айтсақ, нақты мақсаттың орындалуына алып келгені жазылған, ол орыстарға қарсы ағылшындар мен ортаазиялық хандықтар арасында одақ құру болатын. Бұл туралы Эбботтың есебінде жазылған (**Abbot, 1843**). Капитан Эббот сонымен қатар Каспий маңында тұратын қазақтардың мекенінде бастан кешкен шытырман оқиғалары туралы жазады (ол 1840 жылдың 4 мамырында Маңғышылақта өз жолдастарымен,

<sup>108</sup> Есмагамбетов К.Л. Көрсетілген еңбек. – 45-ш бет.



сонымен қатар ауған, түркімендермен бірге қамауға алынады, оның себебін ол былай жазған «далада қисалаңдап жүріп, Ресейге қарсы арам ойларымен түрлі жағымсыз әрекеттерін көрсетті»<sup>109</sup>) сонымен қатар онда автордың Кіші жүз қазақтарының өмірінен көріп-білгендері қамтылған. Эбботпен бірге жүрген капитан Шекспир де Орта Азия және Батыс Қазақстанға барған сапары туралы қысқа есеп жазған. Осы жиһанкездер арасында капитан Коноллидің тағдыры трагедиямен аяқталды. Ол Бұқарада әмірмен әріптестік байланыс орнатуға



келіспегені және сапарының мақсатын ашып айтпағаны үшін қамауға алынып, дарға асылды (тағы бір нұсқа – ислам дінін қабылдамағаны үшін).

Оңтүстік-Шығыс Қазақстанға саяхаттаған алғашқы еуропалықтардың бірі, әрі қазақтың көшпелі даласында ұзақ уақыт болу мүмкіндігін алған ағылшын суретшісі Томас Вильям Аткинсон (1799-1861), ол еліміздің осы өңіріне патша үкіметінің рұқсатымен келген.

1848 жылы ағылшын жиһанкезі әрі суретшісі Томас Аткинсон мен оның жұбайы Люсидің Қазақстанда жеті жылға созылған эпопеясы басталды. Оның нәтижесі – Т.Аткинсонның «Шығыс және Батыс Сібір» атты кітабы (Atkinson T.W., 1858); кейін суретшінің жесірі де естеліктерін жариялады (Atkinson L., 1970). Аткинсондардың кітаптары сол замандағы әдебиеттегі көріністерге ие болды. Авторлар көркемдік құндылықтардан бұрын, оқырмандары үшін куәгерлердің көзіне іліккен, солар байқап-көрген, өздері жинақтаған бай материалды ұсынды. Ол – Қазақстанның шығыс аймағындағы облыстарды, қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымын, тұрмыстық өмір, ауыз әдебиетінің таралуы, поэзия және эпикалық шығармаларды жан-жақты сипаттау, материалды ескерткіштердің сипаттамасы және ең бастысы автордың жеке иллюстрациясы, осының арқасында біз осыдан бірнеше жүз жыл бұрынғы даланың өмірін көз алдымызға келтіріп, келмеске кеткен

<sup>109</sup> Сонда. 45-46-шы бетте.

дәуірдің сипатын сезіне алатын боламыз. Т.Аткинсон жұмысы үлкен резонанс тудырды, XX ғасырда бірнеше рет қайта басылды және 1865 жылы фрагменттері орыс тіліне аударылды.

Басқа ағылшындардың Орталық Азияға жасаған сапарына қарағанда Т.Аткинсонның Ресей империясының шығыс аймағындағы 7 жылдық саяхатының ешқандай саяси астары болған жоқ, ол өзінің жеке қызығушылығы негізінде ғылыми-танымдық мақсаттағы жұмысын жүзеге асырып, зерттеу жүргізді. 19 ғасырдағы сол заманның барлық жоғары білімді еуропалықтары сияқты оған да Александр фон Гумбольдтың Парижде 1841 жылы француз тілінде жарияланған «Орталық Азиясы» қатты әсер етті. Ұлы неміс ғалымы, табиғат зерттеуші және гуманист жазған ол үшін бейтаныс елдегі «Аспан таулары» туралы табиғат тылсымдары мен Еуразиядағы ежелгі өркениет тарихы Томас Аткинсонның осы жұмбақ әлемді көруге ынтықтырды, сөйтіп ол Гумбольдт керемет етіп сипаттаған Тянь-Шань тауларындағы таңғажайып ұлы көркем панораманы көруге асықты.

Томас Аткинсон Ресейдің шығыс провинцияларын аралады, 1848-1855 жылдары Қазақстан мен Қырғызстанның солтүстік аймақтарында болды. Осы сапары аясында оның жанында үнемі жұбайы Люси Аткинсон болды. Ол бұрын генерал Муравьев отбасында гувернант болып қызмет еткен. Сапар 1848 жылы Петербургтен басталды да саяхат 7 жылға созылды. Осы уақыт аралығында ерлі-зайыптылар Батыс Сібір аумағы арқылы Қаратау мен Іле Алатауы, Ақтау мен Мұзтауда болып, сол заманда Ресей үшін елдің ең қиыр шеті болып саналатын Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы Капалға дейін жетті. Қазақтың Орта жүзі мекендеген Аягөз ауданында және Семей қаласында болды.

Қазақстанда саяхаттау барысында және оның солтүстік Қырғызстан мен шектесетін аймақтарын аралаған ерлі-зайыпты Аткинсондар бірнеше мәрте қазақ ауылдарында болып, Орта және Ұлы жүздің көшпелі халқының тұрмыс-тіршілігімен танысады, сол заманындағы қазақ ақсүйектерінің бірқатарымен жақсы байланыс орнатқан олар солардың арқасында қазақтар туралы аса құнды этнографиялық мәліметтерге ие болады. Ұзаққа созылған саяхат барысында Томас Аткинсон көшпелі қазақ ауылдарында ұзақ уақыт аялдап, сол жердегі ақсақалдар мен белгілі сұлтандармен кездесіп, әңгімелесіп, қазақтың әндері, эпикалық жырларын тыңдап, жекелеген азаматтардың портретін және табиғаты көркем жерлердің суретін салады.

Осы сапары аясында жинақтаған материалдарының негізінде 1858 жылы Томас Аткинсонның Лондонда ауқымды еңбегі жарық көрді (*Oriental and Western Siberia: a narrative of 7 years explorations and adventures in Siberia, Mongolia, the Kirghiz Steppes, Chinese Tartary and part Central Asia.* – London, 1858), еңбек суретшінің түрлі жанрда салған иллюстрацияларының көптігімен ерекшеленеді. Томас Аткинсонның әйелі Люси 1863 жылы Лондонда күйеуі қайтыс болғаннан кейін жеті жыл өткен соң, Ресейдің азиялық аймағында өткізген жылдары туралы өз естеліктері негізінде жазылған кітабын басып шығарды (*Recollections of the Tartar Steppes and its inhabitants.* By Mrs Atkinson. – London, 1863), ол 1970 жылы АҚШ-та қайта басылып шықты.

Ерлі-зайыпты Аткинсондардың еңбегі Қазақстандағы және басқа да посткеңестік елдердің оқырмандарының басым бөлігі үшін 1865 жылы Петербургте басылып шыққан орыс тіліндегі аудармасы арқылы таныс, онда А.-Т. Фон Мидцендорф, Ф.Радде және басқа да еуропалық жиһанкездер еңбегінен үзінділер бар.<sup>110</sup> Т.Аткинсонның Қазақстанның шығыс және оңтүстік-шығыс аймағындағы этнографиясын зерттеудегі еңбегі алғаш рет К.Есмагамбетовтің Алматыда орыс және қазақ тілдерінде - 1976, 1979, 1992 және 1994 жылдары жарық көрген кітабында кеңінен қамтылып, аталып өтті.

Т.Аткинсон кітабында сол замандағы Қазақстанның оңтүстік-шығыс аймағындағы табиғаттың және оның тұрғындарының сипаттамасы, жекелеген қазақ сұлтандары мен ру-тайпа жетекшілерінің орыстың отаршыл әкімшілігімен өзара қарым-қатынасы, шаруашылық жұмыстары, қазақтың кейбір салт-дәстүрі мен жоралғылары, сол замандағы көшпенді халық тірлігінің тұрмыстық болмысы бойынша қызықты жазбалар көрініс тапқан.

Айта кету керек, Т.Аткинсон мен оның жұбайы Люси Аткинсонның еңбегінде олардың қазақтарға деген ыстық ілтипаты мен құрметі байқалады, әрі олардың тарихы мен мәдениетіне деген шығайы қызығушылық сезіледі. Ағылшын жиһанкездері қазақ халқының бойындағы жауынгерлік рух пен қонақжайлық және ақындық қабілетті ерекше атап өткен. Қазақтың суырып салма ақындарының шеберлігі мен олардың шығармаларын ұрпақтан-ұрпаққа ауыз әдебиеті негізінде жеткізген халықтың жадының мықтылығын да атап өткен.

<sup>110</sup> Т.Аткинсонның Сібір және оның Орталық Азиямен шекаралас елдеріндегі саяхаты, А.-Т. Фон Мидцендорф, Ф.Радде және басқа да сипаттамалар. Құрастырған А. фон Этцель және Г.Вагнер. Неміс тілінен аударылған. – СПб., 1865.

Тағы бір кітап ерекше назарды талап етеді. Ол Стивен Грэмнің «Орталық Азия ағылшынның көзімен» (1916) деп аталады. Стивен Грэм 1884 жылы Эдинбургте өмірге келген. 1906 жылы С. Грэм алғаш рет Ресей империясына аттанады. 1909 жылы Грэм өмірін түбегейлі өзгерту туралы шешім қабылдайды. Ол жұмысынан шығып, Ресейге қоныс аударады. Орталық Азияға саяхат лорд Нортклифтің тапсырмасымен жүзеге асады, ол *The Times* редакторы әрі меншік иесі. 1916 жылы саяхат нәтижесі кітап болып басылып шығады.<sup>111</sup>

С.Грэм кітабы бізге деректі мәлімет бере алғандығымен құнды, онда Орыстың Түркістанында империя отарлауының барлық үрдісі толыққанды көрсетілген (терминнің нақты табиғи мағынасында), соңынан осы әрекет 1916 жылғы көтерілістер сияқты ауқымды трагедияға ұласты.

1916 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс қызған тұста, «Cassel and Comranu» баспаханасы ағылшын жазушысы әрі жиһанкезі Стивен Грэмнің (1884—1975), оның Орталық Азия мен Алтайға жасаған саяхатының негізінде жазылған кітабын басып шығарды. Онда Грэмнің 1914 жылдың мамыры мен маусымы аралығында лондондық *The Times* басылымы мен *Country Life* атты апталықта жарық көрген 16 мақаласы қамтылған. Онда автордың Ресей империясының оңтүстік территориясы, Каспий теңізі жағалауынан Алтайға дейінгі аралықты шарлаған күндерінде көрген-білген жазылған. Саяхат 1914 жылдың 1 мамырында басталған. Ол Красноводсктен (оның жазуынша әлемдегі ең ыстық, қапырық шөлді жер) Каспий маңындағы темір жол арқылы ұзақ сапарға аттанады.

Жеке мақала (кітапта – тарау) діни білім және Азия мен Африканың көптеген миллиондаған халқын анықтап және бағыттайтын фактор ретінде ислам дініне арналған. Осылай бола тұра, Грэм Т. Карлайл постулаттарымен дауласады. Тағы бір тарау халықтардың ұлы көшіне және Еуразия тарихында көшпенділер ойнаған рольге арналады.

Грэм саяхаты мынадай сипатқа ие. Ташкентте көп аялдамай, Грэм шығысқа қарай бет алады. Алатау тауларына қарай апаратын жол жауыннан кейін батпақ болса, құрғақшылық кезінде шаң-тозаңы көп, жолаушының ығырын шығаратын болады. Бірақ, бастысы оның бойында жолаушыны адастырмайтын телеграф сымдары тартылған бағана-лар орнатылған. Орталық Азия мен Орталық Ресейді байланыстыратын желінің өте жақсы жұмыс істегенін осыған қарап

<sup>111</sup> Зеленина Л.В. Центральная Азия глазами англичанина. Путешествие Стивена Грэма в 1914 году // Восточный архив (ИВ РАН). 2014. № 2 (30). – С. 31-36.

аңғаруға болады. Шымкенттен кейін және әрі қарай шығысқа таман орыс шаруалары тығыз қоныстанған мекендер басталады, осы жерге олар Орталық Ресей және тіпті Сібірден қоныс аударған. Барлық ауылдардағы үйлер бірдей, бір жоба бойынша салынған, орыстың инженер-гидрологтары арық қазған, онда үйректер жүзіп жүр. Көше бойына жаппай ағаштар егіп тастаған, олардың сая болып тұрғаны сонша, арасымен ми қайнатар ыстықта рахаттанып жүре беруге болады. Әр ауылда әкімшілік басқарма мекемесі, шіркеу, мектеп, пошта станциясы бар. Халқы көп, ірі елді мекендерде көптеген сауда орындары, трактир, тіпті кинотеатр да бар. Бұл жердегі кинотеатрлардың ең танымал атауы – «Свет».

Әр ауылдың кіреберісінде оның атауы мен қашан іргесінің қаланғаны және қанша халық тұратынын туралы мәлімет бар. Ресейден қоныс аударғандар осы өлкеге жаңа ауыл шаруашылығы мәдениетін де қоса алып келген. Бұл өңірде бидай мен арпа мол өсіріледі, сонымен қатар жүгері мен қарақұмық өсіретін де алқаптар бар. Климаты жайлы жерлерде күріш те мол өсіріледі. Бұл өте пайдалы дақыл, жылына бір ондық жерден жалпы құны 100 рубль болатын өнім алуға болады дейді Грэм. (Салыстыру үшін: Ресейдің қара топырағы жоқ жерлерінде егілген қара бидайдан алынатын орташа табыс бір ондықтан шамамен 3 рубль 92 тиын болды).

Шымкенттен кейін Грэм Әулие атаға келеді (қазіргі Тараз, 1938-1994 жылдардағы Жамбыл), бұл қала Ташкенттен айтарлықтай ерекшеленеді. Онда «азиялық» және «еуропалық» бөлім бір-бірімен араласып кетпеген, әрқайсысы қатар, солай бола тұра бөлек өмір сүреді. Мұнда ежелгі мешіттің жанында заманауи құрылыс салынған, қонақ үй атауы «Лондон». Оның тұра жанында саман кірпіштен соғылған керуен-сарайдың жанында терезесі жарқыраған мейрамхана. Әрине, күн ыстық болған кезде ашық аспан астындағы мейрамханалар сұранысқа ие. Үстелдер бақшаның ішінде орналасқан, ал ас дайындайтын жері бу мен тамақтың иісі қонақтарға кедергі келтірмес үшін барынша алыс, бір түкпірде орналасқан. Қалада бірнеше театр, тіпті цирк те бар. Ежелгі жабық базардың жанындағы кинотеатрда «Суфражистка» комедиясы мен «Кавказский пленник» драмасын көрсетеді.

Айтпақшы, кино мәселесі және оның «өркениеттендіруші ролі» туралы Грэм жеке тоқталады. Ол осы өнердің керемет танымалдығына тоқталады, дегенмен онда көрсетілетін ленталар жоғары көркемдік деңгейімен ерекшеленбейді: олар негізінен француз, италиялық

қорқынышты фильмдер, америкалық вестерн, романтикалық шытырман оқиғалар, немістер мен скандинавиялықтардың отбасылық драмалары немесе керісінше жеңіл комедиялар мен фарс. Ғылыми-танымдық фильм, салмақты киноленталар және классиканың экранизациясы көп болса, Әулие атадағы бес кинотеатрда барлық көрсетілетін дүниенің 11%-ын құрайды.

Әрі қарай Грэм көптеген Орталық Ресейден келген керуендердің біріне ілесіп, Сырдария облысын кесіп өтіп, әрі қарай Жетісуға қарай аяңдайды. Грэм осының барлығын ой елегінен өткізе отырып, мына пікірін бірнеше рет қайталап жазады, Ресейдің жері жетеді, онда пайдалы қазбалар да жеткілікті, оған жетпейтін нәрсе - осының барлығын іс қылатын шебер қолдар, демек осының кесірінен ол өрісін кеңейте алмайды.

Грэм Алатау бөктерінде қазақ ордаларымен қатар тұрған орыстардың ауылдарын сипаттайды. Қазақтар туралы ол былай деп жазады; олар ең алдымен жаугер халық, содан кейін, екінші орында, мүмкін үшінші орында ғана шаруалар. Жалпы Грэм орыс үкіметінің Орталық Азияның жерін игеруге қатысты саясатын жақтап, атқарылған жұмыстарын құптайды. Оның осы тақырыпқа, яғни көші-қон жұмысына қатысты жазған мақалаларының саны сегіз, ол жалпы осы өңірге келгелі 16 мақала жазған. Автор онда өзінің ойларын осы аумаққа қоныс аударған керуен мүшелерімен кездескенде жазып алып әңгімелерімен бастайды.

Көшіп-қону үрдісі бір қарағанда жүйесіз болып көрінгенмен, ол үкіметтің қатаң бақылауына алынған. Грэм келтірген құжатта әр жылдың басында барлық уездік қалаларға губернияның ресми тізімдері жіберіледі, онда Орталық Ресей және Сібірден көшіп барғандарға берілетін жер туралы ақпарат көрсетілген. Оны жібермес бұрын бір жыл бойы осы өңірде қызмет еткен картографтар мен жерді өлшейтін мамандар жерді қандай көлемде, кімге қалай беру керек деген сауалға қажетті жауап дайындап, жыл бұрын жұмысты аяқтайды. Қыстақтан отбасындағы әр ер адамға 25-50 десятина, (орыстардың 1,09 гектарға тең жер өлшеу мөлшері), ауылды жерден 8-15 десятинаға дейін беру туралы шешім қабылданады. Құрғақ жерлерде ирригациондық жұмыстар жүзеге асырылып, болашақта халық мекендеуі тиіс аумақтарға су тартылады, әрі қарай жердің қожайындары оны өздеріне тартып алады, бірақ бұл жұмыс инженер-гидрологтардың жетекшілігімен жүзеге асырылады, олардың еңбегін мемлекет төлейді. Грэм осы жерде өзінің осындай

инженерлердің бірімен әңгімесінен үзінді келтіреді, Петербуртта тұратын ол, отбасымен бірге бір жылдық өмірінің жартысын Түркістанда өткізіп, осындағы иен даланы елдімекенге айналдыру жұмысына қалай атсалысып жатқанын айтқан.

Жердің тізімі дайын болған кезде ауылда жерді таңдауға баратындарды таңдайды. Қыстаққа 3-5 отбасыдан біртіндеп жібереді, бірақ ауылдан кемі екі адам баруы тиіс. Бұл өте жауапты жұмыс: болашақ ұрпақ тұратын жерді таңдау оңай шаруа емес, оның үстіне таңдап алған жерді кейін айырбастау немесе бас тарту мүмкін емес. Оқшауланған жер телімін сатып алғандар уездің басқармасында құжат алады. Сауаты жоқ шаруалар оны түсінуі үшін оны түрлі-түсті қағазға басып шығарады: сары түстісі – оқшауланған жер телімін сатып алғандардықы, қызғылт түстісі – қоныс аударушының құжаты, жасыл түсті құжат темір жол арқылы арнайы тарифпен жүк тасымалдауға мүмкіндік беретін болып саналды.

Айтпақшы, Ресей империясының Азиялық бөлігіне қоныс аударушылар ынталандырылды, олардың дәрежесіне қараған жоқ, кез келген маман иелері, қолөнершілерден ұсақ саудагерлерге дейін қолдауға ие болды. Жұмысшылардың еңбек бірлестігі мемлекеттік келісім-шарт бойынша жұмыс орындау туралы келісімге қол қоя алды, сонда ғана оларды жұмыс орнына тегін жеткізетін еді, ал қайтарға алынатын билет өзіндік құнының 30%-на ғана сатылды. Оқшауланған жер телімін сатып алғандар бір дегеннен көңілі қалаған жер ала алмаған соң, олардың саяхаты үш айға дейін созылды, кейде үш жыл. Грэм өз еңбегінде жерлердің ара қашықтығы көрсетілген кесте, адамдар мен жүкті жеткізу шығыны мен салық пен жинақтың ресми статистикасын көрсетеді. Оның пікірінше, үкімет жыл сайын жаңа елдімекендердің атауы көрсетілген жаңа карта жасап шығаруы керек. Айтпақшы, жаңадан пайда болған елдімекендердегі шіркеу, пошта станциясы, мектеп ғимараты үкіметтің есебінен салынды. Сонымен қатар мемлекет сол жерде қазылған бірнеше қоғамдық құндықтың шығынын да өз мойнына алды.

Әрине, жаңа жерге қоныс аударғандардың барлығы жақсы болып кеткен жоқ. Жыл сайын олардың 15%-ы отандарына кетіп қалды. Бастапқы сәтсіздігі – жерді дұрыс таңдап алмауында болды. Бірақ ауыл шаруашылығынан бұрын, қорғаныс мақсатында көші-қон жасаған жерлер де болды. Әсіресе мұндай жағдай Жетісу өлкесінде жиі кездесті. Ол жақта азаматтық мүддеден әскери, қауіпсіздік мүддесі

жоғары болды. Грэмнің пікірінше, сәтсіздікке ұшырағандардың басым бөлігі – сол жерден жақсылық іздеп барғандар болды, бірақ олар оқшауланған жер телімін сатып алғандардың қайтып келгенін күтпей, өз беттерінше тірлік еткісі келді.

Грэмнің пікірінше, онымен тілдескен шенеуніктердің барлығы бірдей үкіметтің көші-қон саясатын қолдамаған. Өйткені көптеген мәселелер ескерілмеген. Мәселен, Жетісуда таудан ағатын өзен үстіне су деңгейінің жедел өзгеруін ескерген үкімет 200 көпір салған, бірақ оны жөндеу жұмысына жылына 200 рубль, яғни әрқайсына небәрі 1 рубль ғана берілген.

Әрі қарай Грэм Семейге дейінгі саяхатын сипаттайды. Шағын кемемен Ертістің үстімен Мало-Красноярскке дейін жетіп, сапарын әрі қарай Алтай тауларында жалғастырады. Дегенмен тамыз айының басында Грэм Германияда соғыс басталғаны туралы хабар алады.

Екі жылдан соң жарияланған кітапта Грэм Ресей империясының отарындағы Орталық Азия ұзақ жылдар бойы құрлықтағы ең бейбіт аймақтардың бірі болады дегенді асқан сенімділікпен баяндаған болатын. Бірақ тарих оның қателескенін көрсетті. Соғыс басталған кезде Грэм Петербургке (Петроград) кетті. Соғыстың соңғы жылы Грэм қатардағы ерікті жауынгер ретінде Шотландияның гвардиялық полкында Франциядағы майданда болды. Стивен Грэм Ресейдегі төңкерістердің ешқайсын қабылдаған жоқ. Ақпан, Қазан төңкерісін де мойындамады. Уақытша үкімет оның ел аумағына өтуіне тыйым салды. Сондықтан ол осыдан кейін Ресейге келген емес. Бірақ оның осы елге деген қызығушылығы ешқашан толастаған емес.<sup>112</sup>

С.Грэм репортаждарының бір кітапқа енгізілген жинағы, осыған дейінгі неміс экономисті Р.Юнге жазған кітап (қараңыз, I бөлім, III тарау) еуропалық интеллектуалдардың Ресей империясының Түркістандағы прогрессивті ролі туралы соңғы куәліктер болды. Бірақ еуропалық бақылаушылар осы өңірдің кеңестік-большевиктік үлгісінің даму модерниязиясына байланысты жағымды болжам жасап кеткенімен, кейін тарих оған қатысты өз сценарийін жазды.

Неміс ғалымдары мен жиһанкездері қазақ жерінің географиясының тарихы және оған жан-жақты зерттеу жүргізу саласында айтарлықтай із қалдырды. Олар азиялық елдер туралы сауалнама жүргізе отырып мәлімет жинады немесе патшалық үкіметтің тапсырмасымен ұзақ мерзімге созылған саяхат барысында Қазақстан өңіріне Ресейдің

<sup>112</sup> Hughes M. Beyond Holy Russia: The Life and Times of Stephen Graham. – Cambridge, UK: Open Book Publishers, 2014. – XII + 357 p.



еуропалық аймақтары Оңтүстік Жайық және Сібір арқылы қатынады. XVIII-XIX кезеңінде қазақ халқы мен өлкесінің географиясы мен тарихи-этнографиясын зерттеуде немістің Прибалтикасынан шыққан ғалымдардың орны ерекше болды, олар орыс қызметінде жүріп, ешқашан зерттелмеген шығыс аймақтарда Ресей империясының қаражаты есебінен ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізді.<sup>113</sup>

XIX ғасырдың бірінші жартысында, И.Ерофеева атап өткендей, Қазақстан аумағының басым бөлігінің Ресей империясының құрамына енуіне байланысты патшалық үкімет Ресейдің Орта Азиядағы экономикалық және саяси ықпалын арттыру үшін өңірдегі өндірісті дамытып, пайдалы қазбаларын өндіру мақсатында аймаққа табиғат зерттеушілері мен этнографиялық қатынастарды зерттейтін мамандарды мақсатты түрде жіберді.<sup>114</sup>

Осы кезеңде қазақ даласында география, геология, ботаника, зоология, тарих және этнография саласындағы зерттеулерді дипломатиялық миссия және кешенді ғылыми экспедиция топтарының мүшелері жүзеге асырды, олардың басым бөлігі Прибалтикадан келген неміс ғалымдары болатын. Олардың арасында Дорпатский университетінің табиғатты зерттеумен айналысатын ғалымдары түрлі экспедиция құрамында Қазақстанның Батыс, Орталық, Шығыс және Оңтүстік-шығыс аймақтарында өткен ірі ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу жағынан көш бастады. Осы топтың ішінде неміс зерттеушілері мен жиһанкездері арасында Қазақстанның географиясы мен этнографиясын зерттеуге айрықша еңбек сіңіргендер Г.Ф.Гене (1786-1845), П.П.Хельмерсен (1803-1885), Т.Ф.Базинер (1817-1862), А.И. Шренк (1816-1876) және т.б.

Еуропадағы салыстырмалы тіл білімі XIX ғасырдың бірінші жартысында неміс түркітанушысы Генрих Клапроттың есімімен байланысты болды (1783-1835). 1804-1811 жылдар аралығында Клапрот Ресейге ғылым академиясының шақыруымен келіп, Сібір және Кавказ аймағында біраз саяхаттады. Өз зерттеулері арқылы ол қазақ тілі, орал-алтай тілдері тобының дамуына және түркі тілдерін классификациялауға өлшеусіз үлес қосты. Оның «Бабырнама» мен «Кодекс Куманикус» сияқты маңызды дереккөздермен жасаған жұмысы үлкен маңызға ие болды. Клапрот ғылыми айналымға қытай дерек-

<sup>113</sup> Немецкие исследователи в Казахстане. Часть 1. Пер. с нем. Л.А.Захаровой. Сост. И.В.Ерофеева. – Алматы: Санат, 2006. – 408 с. Немецкие исследователи в Казахстане. Часть 2. Пер с А.П. Евдокимова и Л.И.Быковской. Сост. И.В.Ерофеева. – Алматы: Санат, 2006. – 312 с

<sup>114</sup> Сонда. Часть 1. С. 4-10. Часть 2. – С. 5-10.

көзі «Тай-Цинь-и-Тушиде» қазақтар туралы жазылған фрагменттерін енгізді (**Klaproth, 1825-26**). Клапроттың ең негізгі танымал еңбегі – «Көптілді Азия» (**Klaproth, 1823**), онда ғалым қазақ тілі және басқа да түркітілді лексиканы пайдалану негізінде салыстырмалы-тарихи және лингвистикалық сараптаудың тамаша үлгісін көрсетті. Клапрот сонымен қатар ең алғашқы француз-қазақ мини-сөздігінің авторы (**Klaproth, 1825**). Сонымен қатар оның «Азияның тарихи картинасы» (**Klaproth, 1826**), «Қырғыздардың тілі туралы» (**Klaproth, 1828; 1878**) және т.б. маңызды шығармаларын атап өту керек.

Лифляндия тумасы, геолог және географ Грегор Хельмерсен 1833 жылы Оралдың оңтүстік-шығысы мен қазақ даласына саяхатқа аттанады. Ал 1834 жылы Алтай, 1838-1839 жылдары қайтадан Қазақстанға келіп, Үстірт және т.б. елдімекендердің геологиялық құрылымын зерттейді. Нәтижесінде, Г.П.Хельмерсен Ресейдегі ең алғашқы геологиялық картаның авторы атанады(1841). Географияны және зерттелген аймақтардың табиғатын жан-жақты сипаттау арқылы ол көшпелі-қазақ және осы аймаққа қоныс аударған орыстардың өмірінің жекелеген тұстары туралы аймақтың заманауи тарихшылары үшін аса үлкен маңызға ие ерекше деректер жинақтады.

Лифляндияның тағы бір тумасы, ботаник Теодор Фридрих Базинер Хиуаға сапары барысында 1842 жылы Г.И.Данилевски миссиясының құрамында Қазақ даласы, Хиуа және Үстүрттің өсімдіктер әлемі, геология және минерологиясын зерттеді. Өзінің Хиуаға сапарының барысында Т.Ф. Базинер алғаш рет Үстірт өсімдіктерінің классификациясын жасады, Орынбор мен Сырдария аралығында жатқан ауқымды кеңістіктің топырағы мен дала флорасына сипаттама берді. Сонымен қатар, өзінің Орта Азияға сапары барысында ғалым зерттеу жүргізген аймақтың көшпелі және отырықшы, егін шаруашылығымен айналысатын халқының өмірін тыңғылықты зерттеді.

Дорпатск университетінің магистрі Санкт-Петербург Ботаникалық бағының қызметкері Александр Шренк 1840-1843 жылдары Қазақстанның Орталық, Шығыс және Оңтүстік-Шығыс аумағын зерттеу нысанына алды. Ол өзінің еңбегінде Жоңғар Алатауы мен Балқаш-Алакөл ойпатын зерттей келе, гидрографикалық пайда болуы жағынан Балқаш пен Алакөлдің бірдей екенін жазады. Шренктің негізгі жазба еңбегі Қазақстанның геология, география және этнографиясына қатысты. Осы басылымда оның 1840 жылы Жоңғар Алатауы аймағына зерттеу жүргізген кезде жазған орыс тіліне аударылған еңбегі

пайдаланылған. Дегенмен, оның 1842-1843 жылдар аралығында жазған еңбектерінің басым бөлігі ең алдымен сол заманда ғылым үшін мүлдем беймәлім болған Балқаштың оңтүстік-батыстағы маңы мен Шу-Іле бойындағы тауларға (Хантау, Аңырақай және т.б.) қатысты жазғаны күні бүгінге дейін жарияланған жоқ.

Орынбор шекаралық комиссиясының төрағасы (1825-1844) лифляндиялық дворян, генерал-майор Георг Герхард фон Гене атқарған жұмыстар да ерекше назар аударуды талап етеді. Оны орыстың әйгілі шығыстанушысы Н.В.Ханыков (1819-1878) «қазақ даласы мен қазақ тұрмыс-тіршілігінің ұлы білгірі» деп атаған. Осы зерттеуші өмірінің басым бөлігі Орынбор өлкесімен байланысты болған, ол осы өңірді абаттандырып, көркейтуге және зерттеуге саналы өмірінің барлығын арнады. Г.Ф. Гене А. Гумбольдт және басқа да ғалымдардың еңбегімен таныса отыра, өзінен кейінгі ұрпақ үшін қазақ халқының тарихы, экономикасы, этнографиясы, фольклоры және тіл білімі туралы көптеген жазба дереккөз қалдырды.

XIX ғасырдың екінші жартысында ортаазия халықтарының тарихы мен этнографиясы Төменгі Бавариядан шыққан зерттеушінің ғылыми қызығушылық нысанына айналды. Ол – Ташкент астрономиялық және метеорологиялық обсерваториясының директоры Франц Шварц (1847-1903) болатын. 1871 жылы Мюнхен университетін тәмамдаған ол Петербургке келеді. Онда бірнеше жыл Пулковский обсерваториясында қызмет етеді. Кейін Түркістан генерал-губернаторы К.П.Кауфманның шақыртуымен Ташкентке келіп, сол жерде 1878 жылдан бастап алдымен Ташкент астрономиялық және метеорологиялық обсерваториясының вице-директоры, он жыл өткен соң директоры қызметін атқарады. Осы уақыт аралығында Шварц бірнеше топографиялық экспедицияларға қатысады, Түркістан өлкесінің бірқатар аймағында астрономиялық, геомагниттік және метеорологиялық өлшем жасайды, сонымен қатар осы аймақтағы халықтың түрлі тарихи-этнографиялық мәліметтерін жинайды. 1890 жылы ол Түркістаннан кетіп, Мюнхенге қоныс аударады, онда аймақтағы халықтың тарихы, тұрмысы мен мәдениеті туралы бірнеше кітап шығарады, оның ішінде қазақ халқына қатыстысы да бар.

Ірі герман географы, этнографы және XIX ғасырдың екінші жартысындағы тарихшысы Фридрих-Антон Геллер фон Хельвальд (1842-1892) «Орталық Азия. Ландшафттар мен халқы» атты тақырыбы мен қолданылған дереккөздері жағынан аса ауқымды еңбек

жазады. Оны дайындау барысында автор өз заманының көптеген танымал еуропалық және орыс мерзімді басылымдарында Орталық Азияның география, этнография және тарихы туралы жарық көрген материалдарды топтастырды. Хельвальд мәдени-тарихи үрдістерді географиялық ортамен тығыз байланыстыра білген бұл XIX ғасыр этнографиясындағы жаңа бағыт болып саналды, осы жағдай зерттеушінің танымалдығын арттырып, оның еуропалық ғылыми әлемдегі орнын айқындай түсті.

Жоғарыда атап өткендей, А.Вамбери 1863 жылы түріктің мінәжат етуші-мұсылман кейпінде Ираннан Орта Азияға аса қауіпті саяхат жасады. Осының негізінде ол география, экономика, қоғамдық қатынастар және осы елдердің мәдениеті туралы осы уақытқа дейін еуропалықтардың қол жетпей жүрген маңызды деректерді жинақтады. Вамбери Орта Азияны толық шарлап, оны сипаттау мүмкіндігіне ие болған ең алғашқы еуропалық жиһанкез. А.Вамбери жазба және фольклор материалдары дереккөздері негізінде қазақ халқының мәдениеті мен заманауи өмір сүру салтын зерттеуге өлшеусіз үлес қосты. Бұл оның 1863 жылы Орта Азияға саяхат атты танымал еңбегінде көрініс тапты. Оның «Түркі-татар халықтарының қарапайым мәдениеті» атты кітабында төңкеріске дейінгі кезеңдегі қазақ-көшпенділері халық мәдениетінің лингво-лексикалық және тарихи-этнографиялық аспектілері қамтылды.

И.Ерофееваның пікірінше, неміс ғалымдары жоғары білімді және адал зерттеушілер қатарынан болды, олардың басты ерекшелігі еңбекқорлығы, сол заманғы өлшеммен алып қарағанда гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары бойынша жан-жақтылығы, материал жинау бойынша табандылық танытулары Қазақстанның тарихы мен этнографиясы бойынша жоғары деңгейдегі деректермен қамтылған, тарих ғылымының дамуына сөзсіз пайда алып келген еңбектер болды.

XIX ғасырдың бірінші жартысы мен ортасы Германияның ғылыми өмірі үшін жалпы алғанда Шығысқа және Ресей империясының азиялық территориясына деген қызығушылықтың жоғары болуымен сипатталады. 1845 жылы кейін немістің басты шығыстану басылымына айналған «Немістің шығыс қоғамы журналы» жарыққа шыға бастады. Бірақ бір қызығы Немістің шығыс қоғамы осыдан кейін үш жылдан соң ғана жұмыс істей бастады. Оған осы басылымда еңбектерін жариялаған авторлардың ортақ қызығушылық аясында бас қосуы себеп болуы

мүмкін. Кейін осы журнал түркітану, исламтану және шығыстану бойынша негізгі ғылыми басылымдардың дереккөзіне айнала білді.

Сол кезде танымал болған ғылыми журналдар ішінде «Шет елде» (1827 жылдан бері жарық көреді) және «Глобус» (1844 жылдан бері жарық көреді). Осы басылымдарда географиялық және жалпы тарихи-этнографиялық сипаттағы деректер жарық көрді. 1830-1870 жылдар аралығында қазақтар туралы жарық көрген материалдардың көлемі орасан.

Осылайша, XIX ғасырдың ортасында немістер зерттеген «қазақ әлемі» туралы материалдар легінде ресейлік, ағылшын, француз және венгер авторларының (Левшин, Вамбери, Аткинсон, Жоне-Спонвил) мақалаларының аудармалары, шолулары жарық көрді, олардың арасында 1862 жылы екі мәрте жарық көрген Шоқан Уәлихановтың Қашқарияға саяхаты туралы есебі бар. 1870 жылы Ф.Марттың бірінші қазақ ғалымының экспедициясы туралы еңбегі жарыққа шықты (**Marthe, 1870**). Неміс зерттеулеріне қатысты айтар болсақ, олар негізінен ресейлік географиялық басылымдардан құрастырылған, бірақ кейін Радлов, Шотт, Нейман, Кёппен және де басқа да ғалымдар жүргізген зерттеу арқасында олардың төл зерттеу еңбектері пайда болды. Тақырыптық бағыты жағынан бұл жарияланымдар қазақ қоғамындағы түрлі саланы қамтыды: салт-дәстүр мен жүріс-тұрыс нормасы (**Fuhrmann, 1869; Swicceny, 1871; Sitten und, 1832; Einige Sitten, 1881**), үйлену тойы салтанаты мен ән айту өнері (**Kirgisische Volksdichter, 1890**), қарапайым құқық пен сот процедуралары (**Petri, 1881**), Бөкей/ішкі орданың сипаттамасы (**Kittary, 1849; Dschangir, 1844; Die innere, 1842**) және Солтүстік Қазақстан (**Die Nordliche, 1858**), қазақтардың тайпаларының Ресейге қосылу тарихы (**Köppen, 1858; Neumann, 1857**).

Ресейдегі азиялық халықтардың танымалдығы туралы дерек, оның ішінде қазақтар туралы тақырып 1841 жылы Г.А.Эрманның (1806-1877) «Ресей туралы ғылыми білім мұрағатының» ұйымдастырылуына мүмкіндік берді. Бұл басылым жоғарыда аталған журналдар сияқты ресейлік және еуропалық жиһанкездердің жарияланымдарының аудармасы негізінде жалпы этнографиялық және тарихи сипаттағы материалдарды жариялады (**Sitten der Kirgisen, 1855**). Г.Эрманн Ресей мен Еуропада «Сібірге саяхат» атты қос томдық еңбектің авторы ретінде танымал болды (**Ermann, 1848**).

XIX ғасырдағы герман және ресейлік түркітану тарихы әйгілі ғалым Вильгельм Радловтың (1837-1918) есімімен тығыз байланысты.

В.Радлов – неміс және еуропалық, сонымен қатар ресейлік тарихнамаға тең дәрежеде еңбек сіңірген ғалым. Ол Берлин университетінде білім алған. 1858 жылы Радлов Йенск университетінде «Діннің Азия халықтарына ықпал етуі» деген тақырып бойынша диссертация қорғады. В.Радловтың ғылыми мансабындағы ең жемісті жылдар – 1859-1871, осы уақытта ол орыс қызметінде болып, Алтай, Сібір, Қазақстан мен Орта Азияға саяхат жасады. Осы кезеңде Радлов ауқымды этнографиялық, фольклорлық, лингвистикалық және тарихи материал жинады. Радлов түркі халықтарының әдеби, архитектуралық, археологиялық ескерткіштері бойынша көптеген деректер анықтап, саяхаты туралы жан-жақты естеліктер жазды. Радлов өзінің тіл білімі саласындағы көптеген еңбектерінің арқасында түркітанудың дамуына сөзсіз ықпал етті. Сондықтан да ол Ресей мен Еуропадағы түркітану дамуы жаңа кезеңінің бастамашысы ретінде сипатталады. Оның үстіне оның ғылыми мұрасы ХХ ғасырдағы түркітануға айтарлықтай әсер етті. Радловтың ең әйгілі еңбегі «Сібірден» деп аталатын жинақ <sup>115</sup>, орыс тіліне тек 1989 жылы аударылды. Оған дейін Радлов еңбектерімен тек қана неміс және француз тілінде ғана танысуға болатын еді. Радловтың қазақтар туралы еңбегі «Қырғыздарды бақылау» деп аталады (**Radloff, 1863; Radlow, 1864**), «Қырғыздардың үй хайуанаттары» (**Radlow, 1871**). Алтайтану саласындағы ірі еңбегі «Сібір мен Моңғолиядағы тайпаларға этнографиялық шолу» атты монография (**Radlow, 1883**).

Орталық Азияны зерттеушілер арасындағы алып тұлға, ғалым, журналист немесе жинаккерді былай қойғанда – мамандығы бойынша құлақ дәрігері Рихард Каруц (1867-1945). Р.Каруц Любектегі университеттің құрметті жетекшісі әрі рухани ректоры болып қызмет істеген кезде оған университет жанынан этнографиялық мұражай ашу туралы ой келеді. Ол оны жүзеге асыру үшін өз ақшасына Орталық Азияға үш мәрте 1903, 1905 және 1909 жылдары ғылыми экспедиция ұйымдастырады. 1913 жылы Каруц этнографиялық мұражайды ашады, онда ғалымдардың ортаазиялық материалдар негізінде жинақтаған басты және жалғыз коллекциялары қойылады. Қазір екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тоналған осы коллекциядан қалған дүниемен «Любек қаласындағы этнографиялық жинақтан» танысуға болады. Бірақ біз үшін Каруцтың экспедициялық тәжірибесі мен сол кезеңде жинақтаған материалдарының мазмұны қызықты. Неміс дәрігерінің аса қызықты әрі танымал жұмысы «Қырғыздар мен түркімендер арасында: дала

<sup>115</sup> Қараңыз: Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. – М.: Наука, 1989.

өмірінен» (**Karutz, 1911**) деп аталады, онда Маңғышылақ түбегінде болған кезде жазылған этнографиялық материалдар бар. Этнографиялық жазбалардан бұрын Каруц кітабында оның құндылығын арттырып тұрған деректі дүние – көптеген сапалы фотосуреттер.

Р.Каруц Маңғышылақтың халқын еуропалық оқырманға таныстыру барысында оларды барынша сүйіспеншілікпен, ықыласпен бейнелеп, немістер үшін тұрмыс салты мен өмір сүру дағдысы мүлдем бейтаныс халықты жақындата түсу үшін олардың сипатын барынша аша түсуге тырысады. Каруц еуропалықтардың азия халықтары туралы қалыптасқан пікіріне сыни көзқараспен, кейде ирониямен қарайды. Дегенмен өз халқының ұлы болып қалған ғалым, қазақтар мен түркімендерді сипаттағанда сол заманда сәнде болған антропософияны пайдаланады. Ал дәрігер ретінде Каруц жергілікті халықтың медициналық білімін айрықша бақылауға ала отырып, өз тарапынан қолынан келген көмегін көрсетті. Оның медициналық жазбалары қазақтар мен түркімендердің этнографиясын зерттеу барысында маңызды қызығушылық тудырады, себебі ол кәсіби маман жұмысы. (қараңыз: IV Тарау. § 2).

Өзінің басты кітабынан бөлек Каруц немістің ғылыми-танымдық басылымдарында дәл сонымен мазмұндас бірқатар мақала жариялады (**Karutz, 1904; 1910**), ал 1925 жылы тағы бір этнографиялық кітабын жарыққа шығарды, ол «Солтүстік және Орта Азияның халқы» деп аталады (**Karutz, 1925**).

Каруц сіңірген еңбектің маңыздылығы сол, ол қазақ ауылының әлеуметтік институты жүйесінің барлық аспектісін ғасыр басында өзі көрген қалыпта қамтығысы келді. Неміс ғалымының көлемі жағынан шағын болғанмен, мазмұны жағынан бай кітабында көшпенділердің адам өмірге келген сәттен бастап, оның қайтыс болғанға дейінгі аралықты қамтитын поэтикалық мәдениетінің шаралары сипатталған, сонымен қатар онда бірқатар этнографиялық материалдар да қамтылған (толығырақ: IV Тарау § 3). 1920 жылдардың өзінде Каруц этнография саласында жинақтаған тәжірибесін «Солтүстік және Орта Азияның халықтары» атты атласында көрсетті (**Karutz, 1925**). Атластағы қазақ бөлімі Маңғышылақта жинақталған материалдар негізінде жазылған, онда Каруц бұрын қалыптасқан дәстүрге сәйкес, қазақтарды 4 ордаға бөліп қарастырады, дегенмен сол кезеңде Бөкей Ордасының құлдырап, құрдымға кеткеніне біраз болған еді.

1904-14 жылдары 4 неміс экспедициясы Шығыс Түркістанға аттанды. Оны әр жылдары Эрих Шмид және А. фон Лекко сияқты

белгілі шығыстанушылар басқарды. 1904 жылы осы ғалымдар қызық дерек тапты. Тұйықта (Турфан алқабы) Қара қожа ауданында орналасқан мешіттің сыртын қоршаған қабырғадан осы аймаққа қазақ тайпаларының шабуыл жасағаны туралы дерек табылды. Мәтін түркі және қытай тілінде жазылған. Осы ақпарат қазақтардың Шыңжаңда XVIII ғасырдың екінші жарты жылдығынан бастап қоныстанған уақыт аралығын анықтау үшін пайдалы әрі сонысымен ерекше (**Le Coq, Schmidt, 1925**). Осы экспедициялар арасында барынша нәтижелі болғаны – төртіншісі. Соның негізінде Лекок «Шығыс Түркістан елі мен халқы туралы» кітап жазды (**Le Coq, 1981**). Автор осының алдындағы экспедициямен (1907 ж) кейінгі арасында экономика, әлеуметтік қатынастарда болған өзгерістерді қамтып, сонымен қатар этнографиялық және мәдениеттанушылық материалдар ұсынады. Кейін осы экспедициялар негізінде жинақталған түрлі материалдар Турфан коллекциясына енгізілді. Оның толыққанды сипаттамасын ГДР ғалымдары жасады.

1947 жылы ГДР Ғылым академиясы жанынан Шығыстану институты құрылды. Онда ориенталистикаға қатысты барлық негізгі бағыттар мен пәндер қамтылды, олар: арабтану, түркітану, ирантану, үндітану, жапонтану, африкатану және мысыртану. 1950-ші жылдардың соңында ГДР жетекшісі мамандарды жергілікті жерде дайындау қажет деген ұстанымды қолдады, яғни моңғолтанушылар Моңғолияда, түркітанушылар КСРО-да, ал 1960-шы жылдың ортасына дейін синологтар ҚХР-да дайындалып келді.

ГДР-дың іргелі ғылымдарға ерекше назар аударғаны сондай, оның ішінде түркітану да бар, 1965 жылы Радловтың он томдығы қайта басылып шықты, Петербургтегі баспаханада 1866-1907 жылдары «Оңтүстік Сібір және Жоңғар даласындағы түркі тайпалары ұлттық әдебиетінің үлгілері» атты түркі тіліндегі мәтіндердің жинағы жарық көрді (**Radlow, 1965**). Әрине, осы классикалық басылымда қазақ фольклорының да үлгілері жарияланды. ГДР қазақ тіліндегі заманауи әдебиетті де жіті бақылауға алды. 1975 жылы Э.Рихтер тіптен арнайы «Қазақ библиографиясын» дайындады. 1979 жылы шығысгермандық түркітанушылар «Ақ Аруана» деп аталатын қазақ әдебиетінің аударма жинағын жариялады. ГДР-дегі Хонеккер мен Кеңестік Қазақстандағы Д. Қонаевтың «ерекше» қарым-қатынасын ескеретін болсақ, бұл таң қаларлық жағдай болған жоқ, себебі осы оқиғалар социалистік интернационализмнің саясаты мен идеологиясы аясында жүзеге



асты.<sup>116</sup> Алайда осының барлығы түркітанушылар үшін ғылыми және танымдық бағыттағы осындай басылымның шығарылуын қажет етпейді. Кеңес және шығысгерман ғалымдары арасында түркітану, Орталық Азиядағы тарих пен мәдениет, сонымен қатар номадизм мәселелері бойынша бірлескен конференция, симпозиум және семинарлар өткізу жиіледі. Соңғылары арасында номадизм бойынша 1975 жылы Лейпциг этнографиялық мұражайының ұйымдастырылуымен өткізілген «Тарихтағы және жаңа замандағы көшпенділер» атты халықаралық симпозиумды атап өтуге болады, оған Кеңес одағының және қазақстандық ғалымдар, сонымен қатар ортаазиялық номадизмді зерттеумен айналысатын Й.Йеттмар және А.Кредер сияқты ірі батысгерман зерттеушілері қатысты. ГДР номадистикасын Лейпциг этнографиялық мұражайы атынан Хельга Нойберт таныстырды (**Asian and North African Studies, 1986**).


Орталық Азияның тарихы мен мәдениеті бойынша ірі маман, Галледен шыққан Бурхард Брентъес (1929 жылы туған), Карл-Маркс университетінде Орта Азияның мұсылман өркениетіне қатысы бар мәдениеттану, тарих, исламтану және басқа да бірқатар пәндер бойынша дәріс оқыған. Ол Орталық Азия өркениетінің ежелгі және ортағасырлық тарихы мен мәдениетін танымал етуге мол үлес қосты. Брентъес нысанасына іліккен үш ұлы өркениет: ислам діні таралғанға дейінгі дәуір, ислам дәуірі және көшпелі тірлік. Орталық Азияның көшпелі халқының өнері туралы өз жұмысында Брентъес оның өмір сүрген кезеңінің хронологиясын жасайды: б.з.д. II ғасырдан б.з.д XV ғасырға дейінгі Орта Азиядан Кореяға дейінгі ауқымды аймақ (**Brentjes, 1974**).

ГДР-дегі Орталық Азияның археологиялық мәселелері мен ежелгі тарихымен ГДР-дің ғылым академиясының Ежелгі тарих және археология институтының профессоры Александр Хойслер айналысты. Оның танымал еңбектері – «Скифтер мен ерте еуроазиялық дала халықтары» және «Есік қорғаны – сақ дәуірінің ескерткіші». Хойслер Қазақстан, Ресей және Украина сияқты ауқымды кеңістіктегі археологиялық материалдармен жұмыс істей отырып, Алтай тауларынан Карпатқа дейінгі ежелгі «аң» мәдениетінің таралуына қатысты тұтас картина бергісі келеді (**Häusler, 1981, 1983**).

Қорытындылай келе Германиядағы бірлесуден кейін ГДР-дегі тарих ғылымының тағдырына қатысты біраз сөз айтуға болады.

<sup>116</sup> Қазақ-герман мәдени байланысының қарқын алуына әсер еткен оқиға Э.Хонеккердің 1978 жылы ҚазКСР-ға келуі болды.

Өкінішке орай, ол шығысгерман ғалымының барлық тағдырын бөліп жіберді. Басқарушы режиммен байланысы және Германияның бірегей социалистік партиясының мүшесі болған ғалымдардың барлығы, бұл дегеніңіз профессураның қаймақтары, кафедра, бөлім және институт меңгерушілері түрлі сылтаумен орындарынан айырылды, жасы келгендер зейнетке шықты. Олардың орнын батыстан келген ғалымдар басты. Осылайша ГДР ғылыми жүйесін күйрету жоспарланған және мақсатты сипатқа ие болды. 1990 жылдың екінші жартысында бұрынғы ГДР-дегі ғылыми жүйе өз жұмысын жойды.



Неміс ғылымындағы тарихи ауқымы кең, соғысқа дейінгі және соғыстан кейінгі Германиядағы ориенталистика мен түркітануды байланыстырған, сонымен қатар оның батыс және шығыс тармақтарын қосқан әйгілі түркітанушы Анне-Мари фон Габен (1901-1993) болды. А. фон Габен Берлин түркітану мектебінің өкілі болды. 1920-30-шы жылдардың өзінде оның жұмыстары Еуропада кеңінен танымал болды. Соғыстан кейін Габен неміс түркітануындағы жетекші маман болды. Ол XX ғасырдағы ежелгі түркі әдеби ескерткіштерін, өнер мен мәдениет және

ежелгі түркілердің дүниетанымын зерттеуге өлшеусіз үлес қосты. Габен ежелгі түркі тілінің алғашқы грамматикасының бірінші авторларының бірі бола отырып, ежелгі түркі жазуының толық сипаттамасын берді (**Gabain, 1974**), онда ежелгі түркі жазуларының толық сипаттамасы бар.

Сонымен қатар, Габен – заманауи қазақ этнографиясы мен лингвистикасы бойынша бірқатар мақалалардың авторы (**Gabain, 1981; 1982**). Оның классикалық тарихи еңбекке айналған шығармалары – «Ежелгі түркі өміріндегі дала мен қала» (**Gabain, 1949**), «Ежелгі түркі жазбалары» (**Gabain, 1950**), «Орталықазиялық зерттеулерге кіріспе» (**Gabain, 1979**), «Кочо корольдігі».

Батыс Германияда Орталық Азияның ежелгі тарихы саласы және қола дәуірі бойынша ірі зерттеушілердің бірі Карл Йеттмар болды, ол

1950 жылдардың басынан бері Еуразияның дала кеңістігіндегі ежелгі көшпенділерге арналған жұмыстарды жариялай бастады. Олардың арасында – «Орталық Азиядағы үндігермандардың археологиялық іздері» (1952), «Орталық Азиядағы дала малшыларының барынша ежелгі өркениеті» (1954), «Ежелгі дала көшпенділерінің дәуіріндегі металлургия» (1971), «Орталық Азиядағы саяси орталықтардың жауынгер көшпенділердің қалыптасуындағы ролі» (1981). Йеттмардың осы саладағы ең ірі жұмысы «Ежелгі дала халықтары: еуразиялық аң стилі» атты монография (**Jettmar, 1964**). Йеттмар, оның бұрынғы жұмыстарынан көрініс тапқандай, еуропалық халықтардың пайда болуына қатысты ізді Орталық Азиядан іздеу керек деген тезисті құптады. Түркілерге дейінгі көшпенділер Еуропаны қола дәуірде мекендеген үндіеуропалық халықтардың материалды және рухани мәдениеті саласындағы ізашарлары емес пе? Осы сауалдың жауабын тереңнен қазып, тапқысы келген Йеттмар ерте көшпенділердің өркениеті ерекше және толыққанды құбылыс деген қорытындыға келеді. Ол – Еуразиядағы түркі-моңғол көшпенділерінің біздің дәуірімізде қалыптасқан классикалық номадизмінің бастау бұлағы. (**Jettmar, 1952, 1981**). Этникалық және лингвистикалық көзқарас тұрғысынан қарастыратын болсақ, «аң стилі» – өз алдына бөлек мәдени өзеке.

1950-ші жылдары Батыс Германияда Қазақстан туралы өткізілген зерттеулердің қатарына Г.Финдейзеннің «Қазақ-орыс қарым-қатынасының тарихына» деп аталатын 1958 жылы Аугсбургск Адам және адамзатты (этнографияны) зерттеу институты басып шығарған еңбегін атауға болады. Финдейзен екі халық арасындағы Қазақстанды Ресейдің жаулап алуы, қазақтардың көтерілісі, отарлау, 1921-22 және 1932-33 жылдар аралығында Сталин режимінің құрбаны болған қазақтар, Сібірдегі кәсіпорындарға қазақ жұмысшыларын күштеп тарту сияқты аса өзекті мәселені көтереді (**Findeisen, 1958**).

Гамбург этнография мұражайында Орта Азия және Қазақстаннан алынған заттар коллекциясы бар. Оның негізі ХХ ғасырдың басында герман ғылыми экспедициясының Түркістаннан әкелінген материалдардан және Дудиннің фото-коллекцияларының бір бөлігінен құрастырылған. Елдің қызығушылығын тудыратыны – мерекелік шаралар кезінде құрылатын Оңтүстік Қазақстаннан әкелінген сегіз қанатты киіз үй. Түркістан коллекциясы мұражайдың еуропалық бөлімі қарамағында.

Қазіргі кезде Германияда Орталық Азияны зерттеу мына институттарда және олардың қасында аты-жөні көрсетілген шығыстану, саясаттану және мәдениеттану саласы бойынша жүзеге асырылады: Гумбольдт атындағы Берлин университетінде – И.Бальдауф (түркі тіл білімі мен тіл білімі және исламтану), Б.Эшмент (саясаттану және Қазақстандағы заманауи әлеуметтік-этникалық үрдістер); Германияның сыртқы саясат қоғамында – А.Рар (геосаясат, ТМД мен Орталық Азияның сыртқы саясаты, Каспий теңізі); Галледегі Макс Планк атындағы Этнология институтында – П.Финке (қазақ филологиясы); Франкфурт университетінде – М.Кирхнер (түркітану және қазақ тілі); Шығыс Еуропа және халықаралық зерттеулер федералды институтында – У.Хальбах (саясаттану); Мюнхенде – М. фон Гумпенберг (Қазақстанның ішкі саяси дамуы), Бонндағы Еуропалық ықпалдастық орталығында – П.Вичорек (Қазақстандағы демократияның қалыптасуы); Гамбург Шығыстану институтында – У.Штайнбах (ислам, Орта Шығыс және түркі әлемі, қауіпсіздік мәселелері).

Сонымен қатар, Орталық Азия және Қазақстан бойынша кездейсоқ зерттеулер осы салаға тікелей қатысы жоқ басқа да институттарда жүзеге асырылады.

Осылайша германдық шығыстану өз дамуы барысында драматикалық тарихты бастан кешірді. ХХ ғасыр басына дейінгі батысеуропалық ғылымның ажырамас бөлігі болып табылатын неміс шығыстануы сол кездің өзінде біз жоғарыда атап өткен өзіндік сипатқа ие болған еді. Ол ең алдымен Германияда отаршылдық тәжірибенің жоқ болуымен байланысты болды. Осы фактор өте жағымды әсер етті, нәтижесінде теоретикалық зерттеулер дамып, неміс ғылымы түркітану, мәдениеттану, салыстырмалы тіл білімі, исламтану, геосаясат салалары бойынша көшбастайтын деңгейге көтерілді. Неміс ориенталистикасы Орталық, Шығыс және Солтүстік Еуропа мен Ресейдегі шығыстанудың дамуына өте үлкен ықпал етті.

Алайда, ХХ ғасырда неміс ғылымы да көптеген қиындықтарды бастан өткерді, оған әлеуметтік-саяси катаклизм: дүниежүзілік соғыспен төңкерістер, диктатураның орнауы, елдің бөлінуі, идеологиялық конфронтация мен кейін елдің қайта қосылуы да әсерін тигізбей қойған жоқ. Былайша айтқанда неміс ғылымы өткен ғасырда үш рет тазартудан өтті, ол фашистік режим, соғыстан кейінгі ГДР-дегі сталиндік режим және Батыстық Германиядағы билік басқыншылығы, соңынан ел қосылғаннан кейінгі батысгермандық билік тарапынан

шығысгермандық ғылымға жасалған басқыншылық.

Венгрия тарихы Еуропа үшін ерекше орынға ие. Өйткені бұл ел құрлықтағы ең шығыстанған мемлекет. Оған бұл елдің тұрғындары Орталық Еуразиядан келгендер негізінде құралғанын және кейін бірнеше мәрте авар, угр (мадьяр), қыпшақтармен қатары толыққанын атап өту керек; ортаазиялық көшпенділер тарапынан, арасында моңғолдар да бар, көптеген басқыншылықтардың куәсі болды. Венгрия өз тарихының маңызды бір бөлігінде Осман империясының да құрамында болды. Венгер тілі алтай тілдерінің тобына жатады (финно-угор тобы) және өзінің даму тарихында түркі тілінің ықпалына ұшырады (қыпшақ/құман, түрік/осман). XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап, венгриялық зиялы қауымы жоғалтқан «кумандық» бірегейлікті іздеуге кіріседі. Оған осы елдегі Орталық Еуразия және Орталық Азия, қыпшақтану және түркітану тарихына және т.б. деген жоғары қызығушылық та әсер етті.

Өмірін Шығыс әлемі, ислам, Орталық Азияны зерттеуге арналған әйгілі Венгрия тумасы – Германн (Арминий) Вамбери (1832-1913). Г.Вамбери есімі тарихта көп қырлы ориенталист ретінде қалды, ол – тарихшы, лингвист, исламтанушы және вояж жанры бойынша тамаша автор. Оны венгер ғалымы ретінде ғана тану бір жағынан дұрыс емес; оның ғылыми жұмысы Австро-Венгриядағы шығыстанудан бұрын Германия, Франция және Ұлыбритания және жалпы алғанда еуропалық ориенталистиканың дамуына үлкен үлес қосты.

Вамбери Еуропаның негізгі тілдерінің барлығында жақсы жазды. Англияның Шығысынан басқа жерлердің барлығында тұрған ол өзін тек қана венгер ғылыми мектебінің өкілімін деп санаған жоқ. Ол шынымен де еуропалық ауқымдағы ғалым болды, ал оның Шығыс туралы алған білімін, жасаған саяхаттарын және сол аумақта, мәселен Осман империясында ұзақ жыл өмір сүргенін ескерсек, оны «әлем адамы» деп те атауға болар. Оның қазақ даласы арқылы Орта Азияға жасаған саяхаты алғаш рет француз баспасында «Шарасыз дәруіштің Орта Азияға саяхаты» деген атаумен 1863 жылы жарық көрді (**Vambéry, 1868**), сәл кейінірек неміс тілінде «Бұқара мен Самарқандтқа тыйым салынған саяхат» және ағылшын тілінде – «Менің күресімнің тарихы» (**Vambéry, 1904**) және оның 1865 жылы орыс тіліндегі аудармасы жарық көрді. Куманологтар (қыпшақтанушылар) арасында Кун Тибор Халашиді да атап өткен жөн. Ол түрік мұрағаттарындағы араб дереккөздері негізінде қыпшақ тарихын жазуға маманданған ғалым.

Өз заманында оның осы мәселе бойынша дерекнамалық зерттеуі танымалдылыққа ие болды (1942).

Куманологтар қатарына А.Палоци-Хорватты да жатқызуға болады, ол Венгриядағы куман-қыпшақтардың тарихын белгілі жазба дереккөздердің ғана емес, археологиялық деректердің көмегімен қайта қалыпқа келтіргісі келді. Венгриялық ғалым Венгрия және Ресейдің оңтүстігінен табылған археологиялық қазба мәліметтерін салыстырды. Палци-Хорваттың пікірінше, кумандар моңғолдардан қашып, құтылып Венгрияға 1239 жылы қоныстанған. Олар мұнда Дунай мен Тисса маңын қоныстанған елге шығыс мәдениетін алып келді және ұзақ жылдар бойы өздерінің тілі мен ежелгі салт-дәстүрлерін сақтай білді. Зерттеушінің айтуына қарағанда этникалық тұрғыдан куман княздігі түрлі сипатқа ие болды; оған берендей, печенег, болгар, алан, хазар және т.б тайпалар енді. Көшкен кезде олардың құрамында жеті ру болған. Олардың тек жетеуі ғана анықталды: Олаас, Шертан, Коор және Боршол. XIV ғасыр мен XV ғасырдың басында ғалымның пікірінше, кумандар отырықшы өмір салтына көшіп, олардың қоғамдық рулық құрылымы феодалдық болып өзгерді. Дәл осы кезде олардың тілі мен ежелгі салт-дәстүрлері біртіндеп ұмытыла бастады. XV-XVI ғасырларда кумандар егін шаруашылығын дамытты. Сөйте тұра түркі әлемімен, ең алдымен Қырыммен байланысын үзген жоқ. Қырым княздігінің ықпалымен елде сауда мен егін шаруашылығы дамыды (**Páloczi-Horváth, 1973; 1975**).

Ежелгі түркі қоғамын зерттеу жұмысына қытайтанушы Хильда (Ильдико) Эцеди сіңірген еңбек зор. Оның «Түркі қағанатындағы тайпалар және тайпалық қоғам» және «Жерлеудің ежелгі түркі дәстүрі», «Түркі дәуіріндегі тайпа және империя, тайпа және қоғам», «Түркілер мен қытайлар арасындағы VI ғасырдың екінші жартысындағы сауда және әскери қатынастар», «Көшпелі қоғамның экономикалық және әлеуметтік құрылымы» атты қытай дереккөздерін талдау барысында жазылған еңбектерінде Түркі қағанатының қалыптасуына ықпал еткен тайпалық қоғам генезисінің факторы көзқарасы тұрғысынан зерттелген.

Будапешттегі этнографиялық мұражайда қазақ мәдениетіне қатысты артефакт коллекциясы бар. Онда тоқыма, тері мен металдан жасалған қазақтың дәстүрлі декоративті-қолданбалы өнері туындылары мен жасалуы жағынан ерекше шедеврлер қатарына жататын экспонаттар бар. Будапешт этнографиялық мұражайының коллекциясында қазақ этнографиясының бұйымы болып табылатын қоржын, өрілген қамшы,

тұмарша, бойтұмарлы салпыншақ, ерлердің күмістен соғылған белдігі, қымыз құятын торсық, пышақ салатын қын, құйысқан және т.б дүниелер бар.

Осылайша, венгерлік шығыстану тарихы, әсіресе түркітану, номадистика, куманология, орталықазиятану, қазақстантану салалары көптеген венгерлер өздерінің ежелгі отаны санайтын Орталық Азия тарихына деген ұзақ та үздіксіз қызығушылық дәстүрін туғызады. Қазақ тайпалары бірінің «мадияр» аталуы да кездейсоқтық емес. Сонымен қатар Венгриядағы ең танымал тектердің бірі – «Күн» (яғни, қыпшақ). Социалистік жүйе мен КСРО құлаған соң біздің ұлттар арасындағы ғылыми және гуманитарлық байланыс үзілген жоқ және қазір жаңа деңгейде даму үстінде.

XIX ғасырдың бірінші жартысында поляк жерлері мен Түркістанның халқы Ресей империясының құрамына енді. Транскаспий жерлері Поляк патшалығындағы орыстарға қарсы көтеріліс қатысушыларын саяси сүргінге жіберу үшін қолайлы аймақ болды. Осылайша орыс Түркістанында поляк диаспорасы қалыптасты. Жер аударылған поляктар арасында білімді және талантты азаматтар аз болған жоқ. Солардың арқасында Орта Азиядағы халықтардың мәдениеті мен тұрмысы қағаз бетіне түсті.

Қазақтар туралы ең танымал кітап «Қырғыз даласындағы өмір» деп аталатын Бронислав Залесскийдің иллюстрацияланған мәтіндік альбомы (1820-1880), Парижде француз тілінде 1865 жылы жарық көрген. Б.Залесский патшалық режимнің шешімімен Сібірге жер аударылған көп төңкерісшілердің бірі болды, кейін Қазақстан мен Орта Азияда болған поляк демократы қазақтарға қатысты көрген білгенін өз жазбасында қалдырды. Қазақстан туралы жазған поляктар арасында Г.Зелинский, А.Янушкевич, А.Сузин мен С.Гроссты атауға болады. Адольф Янушкевич «Қазақ даласына саяхат жасағандағы күнделік пен хаттар» атты поляк тіліндегі кітаптың авторы. Оның бұл еңбегі – 1840-шы жылдары Сібір мен Солтүстік Қазақстанға келгендегі жұмысының нәтижесі. Алайда аталған еңбектердің ішінде еуропалық қоғамда сілкініс тудырған жұмыс – Б.Залесскийдің француз тілінде жарық көрген «Қырғыз даласындағы өмір» деп аталатын иллюстрацияланған мәтіндік альбомы.<sup>117</sup>

Дерптский университетінің студенті бола жүріп, Залесский құпия қоғамға қатысы болғандықтан, 1838 жылы Черниговқа жер аударылды.

<sup>117</sup> Залесский кітабының орыс және қазақ тіліндегі аудармалары бар: Залесский Б. Қазақ сахарасына саяхат./ Жизнь казаких степей. – Алматы/Алма-Ата: Онер, 1991. – 132 б/с.

Ол жерден келіп, бостандыққа шыққан соң, 1848 жылы қайтадан қамауға алынып, Орынбор корпусына жер аударылды. 1849 жылы оның сурет өнеріне бейімі жақсы болғандықтан, Арал экспедициясы құрамында материалдарды өңдеу туралы ұсыныс жасалды. Осы кезеңде Залесский Т.Шевченкомен танысты, кейін осы кездесу соңы үлкен достыққа ұласты. Залесскийге сурет және офорт өнерінің қырсырын үйреткен Шевченко деген ақпарат бар. Ресей империясындағы эмиграциядан кейін Залесский ұзақ уақыт Парижде өмір сүрді, сонда 1865 жылы «Қырғыз даласындағы өмір» деп аталатын 22 офорт (қышқылға шылықтырған мысқа, мырышқа өрнек салу) пен оны сипаттайтын очерктен құрастырылған иллюстрацияланған мәтіндік альбомы жарық көрді. Альбом сол замандағы еуропалық оқырман үшін аса сирек дереккөз ретінде дала өмірімен танысуға мүмкіндік берді. Залесский альбомында жарияланған суреттерде қазақтар түрі жағынан черкестерге көбірек келетін сияқты етіп бейнеленген. Осылайша, ұзақ жылдар бойы Б.Залесскийдің өмірбаянын зерттеумен айналысқан Ф.Стеклова оны еуропалық суретшілер арасында бірінші рет қазақтарды реалистік тұрғыдан салған автор ретінде таниды. Залесский суреттерінде қазақтардың тұрмыста қолданатын заттары, костюмдері сияқты түрлі этнографиялық детальдар, өткен заманның пейзажы мен ескерткіштері түгел қамтылған. Залесский очерктерінде қазақтың әңгімелері мен тарихы және белгілі адамдармен кездесуі туралы жазылған. Кітап-альбом мәтінінің негізі оның Польшада 1857 жылы жарық көрген «Әлем кітабы» альманахында мақала болып жарық көрген.

Сонымен қатар, өткен ғасырда Флоренцияда жарық көрген географиялық журналда Залесскийдің Ресейден Орта Азияға баруы туралы мақала жарияланады. Залесский жазбаларындағы қазақтар туралы заманауи пікір еуропалықтардың шығыс халықтары туралы стереотиптерін бұзды. Залесскийде ол нақты, жан-жақты әрі жанашырлықпен жазылған. Сонысымен де поляк суретшісінің кітабы XIX ғасырдың ортасындағы қазақ этнографиясын зерттеуге деген үлкен қызығушылық тудырады (**Zaleski, 1865**).

Адольф Янушкевич өмірінің тарихы (1803-1857) біз үшін поляк-литва интеллигенциясының өкілдері қазақ даласын зерттеуге өзіндік үлес қосқанын көрсетеді. Тағдырдың жазуымен Несвиж тумасы, поляк-белорусьақыны, этнограф және революционер А.Янушкевич Қазақстанға 1833 жылы Есідің жанындағы Желяково ауылына келеді. Ол мұнда



1830 жылы патша көтерілісіне қарсы шыққаны үшін саяси қуғын-сүргінге ұшырап келді (Қараша төңкерісі). 1842 жылдың қаңтарынан бастап А.Янушкевич Сібір қазақтарының шекаралық басқармасында қызмет етті. Қазақ даласына көп саяхат жасады, қазақтың тілін үйреніп алды, қазақтың фольклорын жазып алумен айналысты. 1846 жылы болған экспедиция барысында ол «Сібір сапарының күнделігі» атты Қазақстан тарихында аса маңызды орын алатын дереккөзді құрастырды.

1966 жылы оның жазбалары Алматыда «Қазақ даласын саяхаттағандағы күнделік пен хаттар» деген атаумен жарық көрді. Ал 2007 жылы ол «Қазақ этнографиясының кітапханасы» деген атаумен антологияның 29-ыншы томы ретінде (толыққанды түсініктеме мен түсіндірмелі сөздікпен) жарық көрді. Кейін осы ғасырдың алғашқы он жылдығында осы азаматтың еңбектері туралы академиялық және публицистикалық басылымдарда көптеген зерттеулер жазылды. Қазақстандық оқырман А. Янушкевич жазған әдеби және ғылыми мұраларды біледі және бағалайды. Янушкевич кітаптарының тағдыры да ерекше, өз алдына бір тарих. Ол алдымен XIX ғасырдың басында жарық көреді, бірақ сол кезде аз ғана топқа белгілі болады. Кейін кеңес заманында Ф.Стеклова сияқты қазақстандық және белорусьтық энтузиаст әдебиеттанушылардың арқасында оның мұрасы халыққа таныла бастайды.

Қуғын-сүргінге ұшыраған А.Янушкевич өзіне міндеттелген мемлекеттік қызметпен қоса, еуропалық тарихты зерттеумен де айналысты (нақтырақ айтқанда, О.Тьерридің «Англияны нормандардың жаулап алу тарихын» аударды). Бірақ кейін оның назары қазақ тарихы мен этнографиясы және түркітануға ауды. Оның анасына жазған хатынан ғалымның қазақ даласына деген шексіз сүйіспеншілігін байқауға болады. Янушкевичтің ғылым саласына деген ықыласының күшеюіне 1845-46 жылдары генерал Вишневский экспедициясының құрамында Орта жүз (ол кезде Орта орда деп аталатын) мекендеген аймақтарда болған сапары әсер етті. А.Янушкевич 1846 жылдың мамырында Ұлы жүз (ол кезде Үлкен орда деп аталатын) өкілдерінің ресейлік билікпен арада олардың орыс бодандығына өту туралы өткізілген келіссөздеріне де қатысты. Сол кезде ол Қазақстан аумағында көп саяхаттады, Ертістен Тарбағатайға дейінгі, қытай шекарасынан бастап Балқаш өзеніне дейінгі аралықты аралады. Янушкевич 20 жылдан соң империяның азиялық бөлігінен кетіп, Тагилдің төменгі жағына қарай қоныс аударған кезде, қазақ

даласын бірнеше мәрте сағынышпен еске алды. Өкінішке орай, бұрын алған жарақаттары және қуғынға ұшыраған кездердегі ауыр тірлік Янушкевичтің ұзақ өмір сүруіне мүмкіндік бермеді. Туған еліне оралған соң, бір жылдың шамасында 1857 жылдың маусымында ол дүниеден озды. Бейіті Минск облысының Дягиљно ауылында. Бірақ өл өмірден өтсе де, оның ғылыми еңбектері мәңгілік. Оның замандас досы Густав Зелинский – белгілі ақын (әйгілі «Қырғыз» поэмасының авторы) Парижде тұратын Адольфтың ағаларына оның барлық хаттары мен күнделіктерін апарып берген. Отбасы мүшелері оның барлығын жинақтап, 1861 жылы «Адольф Янушкевич өмірі» деген атаумен кітап етіп бастырып шығарды. Басылым екі бөлімнен тұрды: біріншісі - Ф.Вротновский жазған автордың биографиясы, екіншісі - «Қырғыз (қазақ) даласына саяхат кезіндегі хаттар мен күнделіктер». 1875 жылы кітап Берлинде поляк тілінде қайта басылып шықты. Янушкевич шығармаларына деген қызығушылық 1950-ші жылдары қайта оянды.

Оның кітабымен танысқан оқырман бірден өзіне таныс есімдерді көреді. Ол – Құнанбай (қазақтың белгілі ақыны, ойшылы Абайдың әкесі) Барақ сұлтан, Орынбай ақын және басқа да біздің тарихтың белгілі тұлғалары. Ол уақытта қазақстандық тарихшылар А.Янушкевич туралы материал таппақ болып, мұрағат материалдарын көп ақтарды. Олар Алматыдағы ҚазКСР-дің мемлекеттік мұрағатындағы Омбы қалалық полициясының папкасынан табылды. Қызықты бір жаңалық жер аударылғандардың қамын генерал-майор Н.Ф.Вишневский ойлағаны, ол сол кезде аймақтағы шекаралық әскердің басшысы болған. Осы мұрағат материалдарын ақтару барысында Янушкевич туралы мынадай қызықты материал табылды, Қазақстанда алғаш рет фотосурет түсіріле бастаған кезде 1846 жылдары жер аударылғандарға, Петербургтегі жандарм корпусы басшысы деңгейінде дагерротип жасауға тыйым салынған.

А.Янушкевич жазған мәтіндерге жасалған сараптама оның түрлі сипатқа ие болғанын аңғартады: хаттар мен күнделік жазбалары араласып кеткен. Онда автордың сенімі басым және ара-тұра әзілдер де кездеседі. Күнделік жазу барысында автор өзімен-өзі тілдесіп отырғандай күй кешеді. Ол патшалық әкімшілік жұмысына, оның дала қазақтарына қатысты саясатына, көптеген империя шенеуніктеріне, қазақ ақсүйектерінің өкілдеріне баға береді, қарапайым қазақ еңбекшілеріне аяушылықпен қарайды. Яғни, осының барлығын оқи

отырып, біздің алдымызда тарихи дерекнама емес, құнды әдеби шығарма жатқандай әсер қалдырады.

Басыбайлы Ресейге кіріптар болып, саяхат жасаған Янушкевич жер аударылған жылдары қазақтармен араласа отырып, олардың еркіндігіне тәнті болған, олардың бойынан нағыз номадтарға тән кеңдікті, бостандықты көрген. Ұзақ жылдар бойы қазақ даласында зерттеу жүргізген ол сырт көз байқай бермейтін түрлі мәселелерге ден қойған. Олар: әлеуметтік теңсіздік, тайпа аралық күрес, отаршылар жасаған қысым және т.б. Сол замандағы аса танымал вояж жанрында (жолжазба) жазылған оның көрген-білгендерін оқи отырып, автордың қазақтар туралы жақсы пікір қалдырғанын байқаймыз. Ол былай деп жазады: «... Жаратқан осынша қабілет сыйлаған ел өркениет көшінен қалмайды: оның рухы қалай да қырғыз даласына жетеді, осында шуағын шашып, кезінде көшпелі болған номад қазір оған жоғарыдан төмен қарап, мұрнын шүйірген барлық халық ортасында өзінің құрметті төріне ие болатын заман жетеді».

Янушкевич патша режиміне қарсылық танытқанына қарамастан, Ұлы жүздің (сол заманда Қоқан хандығынан теперіш көрген) Ресей империясының құрамына қосылғанын құптарлық әрекет деп санаған. Оның шығармасымен танысқан оқырман, автордың сол кезде онымен қазақ даласында жасаған саяхаты кезінде жанына серік болған бірқатар замандастарының портретін көреді. Олардың арасында қазақтың танымал тұлғалары, ру басшылары, ұлт батырлары, танымал ақындар, қазақ ақсүйектерінің өкілдері, сұлтандар да болған. Сол заманда Янушкевич олар айтқан әңгіменің мәйегін түсінетін жағдайда қазақ тілін жетік меңгерген еді.

Қазақ тілін білгеннің арқасында ол халықтың сүйікті ақындары Орынбай мен Жанайдың айтысын тыңдайды. Осылайша ол қазаққа ғана тән дәстүрлі өнерді де түсінетін деңгейге жетіп, өз шығармаларында бүгінде ұмыт қалған дала ақындары Түбек пен зағип ақын Жазықтың айтыстарын шығармаларына арқау етеді. Янушкевичтің қазақ ауыз әдебиетіне деген ерекше ықыласы назар аудармай қоймайды. Ол қазақ фольклоры – аңыз, ән, эпостық жырларды өз шығармаларында жиі мысалға келтіріп, оған қатысты түсініктеме жазған. Оның шығармаларын оқи отырып, қазақтың ұлттық спорты бәйгені де әдемі суреттеген жазбаларын кездестіруге болады. Ол Ұлы жүздің Ресей құрамына өтуіне орай ұйымдастырылған мерекелік бәйге болатын. Янушкевич шығармашылығымен таныса отырып, біз оны тек қана

лингвист емес, қазақтың бай табиғатын тамаша суреттей алған талантты натуралист ретінде де танимыз.

А.Янушкевич осынша дүниені жалғыз өзі желе жортып, интеллектуалды вакуумде жасаған жоқ. Жоғарыда аталғандай, оның жолдастары арасында тамаша поляк ақыны, дала көшпенділерінің образын қағаз бетінде қалдырған «Қазақ» поэмасының авторы Густав Зелинский, И.Одоевский болды. Бірақ бұл адамдар Ресей империясының біздің аймаққа жер аударған адамдарының бірен-сараны ғана. Олардың арасында қазақтарды зерттеуде өзіндік үлес қосқан Бронислав Залесский де болды. Ол да Парижде өзінің «Қазақ (қырғыз) даласындағы өмір» атты офорт альбомын жариялады. Бұл тізімді жалғастыра беруге болады.

Осылайша, А. Янушкевич еңбектері – тек қана маңызды тарихи дереккөз ғана емес, сонымен қатар талантты әдеби ескерткіш, бір жағынан Орталық Азиядағы көшпелі халық тірлігінен алыс болғанмен, кейін оны өз өлкесіндей көрген азаматтың білімді, жан-жақты еуропалық интеллигент-демократ ретінде ұсынған гуманитарлық шығарма.

Оның шығармашылығын зерттеген қазақстандық ғалым Ф.Стеклова атап өткендей, «Янушкевич кітаптары – бұл қазақ таулары мен далаларының өткені, осыдан 120 жыл бұрын (қазір 170) достық қолмен салынған картина». Өз атымнан Янушкевич кітаптары оқырмандарын эмоция мен идеяға бай болуымен, қызығушылық пен танымының көп түрлігімен, интеллектуалды багажды салмақты, автор ретінде адал, азамат ретінде батыл және еркіндік сүйгіштігімен тартатынын атап өткім келеді.

Бүгінде тәуелсіз Қазақстан Адольф Янушкевич есімін біледі және құрметтейді. Астана мен Алматыда 2003 жылы оның атына көше берілді. Ең бастысы, А. Янушкевич кітабы күні бүгінге дейін қазақстандық аудитория үшін сұранысқа ие, тек қана тарихи құжат емес, қызықты әдеби шығарма ретінде де.

Соғысқа дейінгі Польшада номадтанудың үлгісі ретінде Ф.Гросстың «Көшпенділік» (1936) кітабын атауға болады. Түркі тарихын араб дереккөздері негізінде зерттеу Ананиаш Зайончковский (1903–1970) есімімен тығыз байланысты, ол Польша Ғылым Академиясының академигі, (ПАҒ; 1952), Варшава университетінің профессоры (1935 жылдан бері). 1953-68 жылдары ол Поляк Ғылым Академиясының Шығыстану институтының директоры қызметін атқарған. Түркі халықтарының тілі, тарихы мен мәдениеті туралы көптеген

шығармалардың авторы. Маңызды зерттеу мәмлүк, Хазар қағанаты, Алтын Орда мемлекетінің этникалық құрамын талдауға, сонымен қатар түркі халықтарының қоныстарының орналасу жолы, ескі осман әдеби ескерткіштері және түрік палеографиясына арналған.

Польшадағы ежелгі және ортағасырдағы түркілерді зерттеу саласы бойынша айтулы маман – ПҰР ҒА-ның Материалды мәдениет тарихы институтының қызметкері Т.Нагородзкая-Майхшык. 1978 жылы ол «Ежелгі түркілердің қалаларының пайда болуы» атты монографиясын жарыққа шығарады. Онда VII-XII ғасыр аралығы қамтылған. Поляк зерттеушісі түркі халықтарының Орталық Азиядан Донға дейінгі аралықта салған қалалары туралы баяндайды. Нагородзкая-Майхшык отырықшы халық пен көшпенділер арасындағы антагонистік табиғат туралы қате пікірді жоққа шығаруға тырысады. Бірақ оның жұмысының міндеті мемлекет болып қалыптасқан түркі халықтары урбанизациясының саяси және экономикалық жағдайын көрсету болды. Осылайша, Нагородзкая-Майхшык VI-VIII ғасырдағы алғашқы түркі қағанаты, VIII-XII ғасырдағы ұйғыр қағанаты мен Түрфандағы ұйғыр княздігі, VIII-X ғасырдағы түргештер мен қарлұқтардың мемлекеті, X-XII ғасырдағы Қараханидтер мемлекетін қарастырды. Автордың пікірінше, урбанизация үрдісі біртіндеп жүзеге асты, мемлекет және билік ауысқан сайын күшейе түсті, гүлденген тұсы - Қараханидтер дәуірі. Зерттеу жүргізу барысында Нагородзкая-Майхшык ежелгі түркі, қытай, византия, мұсылман дереккөздеріне сүйенді, сонымен қатар археологиялық қазбадан табылған деректер мен әдеби мәліметтерге сүйенді (**Naгородzka-Majchrzyk, 1978**).

Заманауи Қазақстан мәселелеріне поляк ғалымдарының мынадай зерттеулері арналды: П.Заленский (2006) «Қазақстанның саяси билігінің элитасы», П.Грохмальский (2006) «Қазақстан: саяси зерттеу», А.Вирбицкий (2007) «Қазақстан-Өзбекстан: Орталық Азиядағы көшбасшылық үшін күрес» және «Қазақстандағы және Орталық Азияның түркі қоғамындағы басқа мемлекеттердегі этникалық саясат» (2008)<sup>118</sup>. Осы әдебиеттерден тарихи, этнографиялық және шығыстануға қатысты түрлі көлемдегі маңызды ақпараттарды табуға болады.

Швецияда Ішкі Еуразияны зерттеу Свен Гедина есімімен байланысты (Хедина, 1865-1952), ол белгілі жиһанкез әрі шығыстанушы. 1886-1934 кезеңде Тибет пен Орта Азияға ұйымдастырылған ірі экспедицияларға

<sup>118</sup> Zalenski P. Elity władzy politycznej Kazachstanu. – Warszawa: IPS UW, 2006. – 310 s.; Grochmalski P. Kazachstan. Studium politologiczne. – Torun: WUMK, 2006. – 765 s.; Zamarajewa A. Kazachstan – Uzbekistan: rywalizacja o przywództwo w Azji Centralnej. – Pultusk: Akademia Humanistyczna, 2007. – 167 s.; Wierzbicki A. Ethno-politics in Kazakhstan and other countries of Turkic Community in Central Asia. – Warszawa: IPS UW, 2008.

қатысып, нәтижесінде әлем картасындағы біраз ақтаңдақтарды ашып, тарихи ескерткіштер мен ландшафтарды зерттеген.


Дат түркітануы да неміс зерттеушілерінің ықпалымен дамыды, алтайтануға қатысы бар зерттеу Вильгельм Томсенге тиесілі (1842-1927), ол 1896 жылдары Орхон-Енисей руна жазбаларын анықтап, оқып берді. Томсен зерттеулері ХХ ғасырда барлық скандинав елдеріндегі, Финляндия, Венгрия, Германия, Ресейдегі түркітану мен финно-угор зерттеулері және алтайтану мен моңғолтанудың дамуына ықпал етті. Оның «Орхон жазбалары» (**Thomsen, 1896**) классикалық еңбек болып саналды және Еуропаның барлық негізгі тілдеріне, тіпті орысшаға да аударылды.

Дат түркітануының дәстүрін ХХ ғасырда Х.Ховдхауген жалғастырды. Ол негізінен Күлтегін мен Білге қағанның орхон жазуларын талдаумен айналысты. Оның орхон жазбаларын зерттеуге қатысты көзқарасы революциялық сипатқа ие болды. Ховдхауген барынша нақты болуы үшін осы екі ескерткіштің өзара байланысына сүйеніп, олардың ішкі бірегейлігін анықтағысы келді (**Hovdhaugen, 1974**).

Тағы да бір әйгілі дат түркітанушысы Карл Гренбек (1901-1957), Германияда білім алған ол, Копенгаген университетінің профессоры болып қызмет еткен. Гренбек куманолог (қыпшақтанушы) ретінде танымал және «Кодекс Куманикус» ескерткішіне талдау жасаған ғалым ретінде құрметке ие. Сонымен қатар ол «Ортаазиялық журнал» (1955) негізін салушылардың бірі. Осы ғалым Ж.Дени және З.В.Тоган сияқты авторлармен бірлесіп, «Іргелі түркі филологиясы» еңбегін жарыққа шығарған. К.Гренбек тұжырымының діңгегі – түркі тілдеріндегі жинақылық.

Финляндиядағы ортаазиялық зерттеулер тарихы орал-алтай зерттеулерінен бастау алады. Карл Август Э.Алквист (1826-1889) есімді белгілі фин ғалымы (ұлты швед) осы саланың жетекші маманы болған. Ол - фин-угор тілдерін зерттеуші, филолог, фин-угортану саласына айтулы үлес қосқан ғалым.

Финляндиядағы ортаазиялық зерттеулер тарихы Карл Густав Маннергейм (1867-1951) есімімен тығыз байланысты. Бұл ғалым фин және Ресей ғылымына қатар еңбек етті. Маннергейм болашақ Финляндия елінің аймағында, Швециядан қоныс аударғандар отбасында дүниеге келген. Кадет корпусы, Гельсингфорсекс лицейі және Петербургтегі Николаевск кавалерлік училищесінде білім алған ол еуропалық негізгі тілдерден бөлек, швед, фин және орыс тілдерін



жетік меңгерген. Қытай тілін кейін үйреніп алған оның әскери мансабы керемет болды. Ол 1905 жылы орыс-жапон соғысына қатысты. Бірінші дүниежүзілік соғыс және ейм – Тибетте Далай-ламамен кездескен алғашқы еуропалық. Маннергейм буддист монахтардың өмірін, тұрмыс-тіршілігін көрсететін, мінәжат ететін орындарынан фотолар түсірді. Оның суреттері басылған күнделік 1909 жылы жарық көрді, ал 1940 жылы осы шығармасының негізінде «Азиядан Шығысқа» деп аталатын қызықты кітабы жарияланды (**Mannerheim, 1940**).

О.Доннер (1871-1932) 1890-1900-шы жылдары Орта Азияға ұйымдастырылған экспедицияның мүшесі болды. Ол К.Мунскпен бірге Әулие ата мен Верный жанындағы ежелгі түркі тарихи ескерткіштерін ашқан, 1899 жылы Римде, 1902 жылы Гамбургте өткен ориенталистердің XII халықаралық конгресінде еуропалық ориенталистердің назарын Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстанда зерттеу жұмысын жүргізуге аударған. Хенрик Й.Хейкель (1865-1937) де басқа фин шығыстанушылары сияқты зерттеуін Ресей империясында бастап, оны тәуелсіз Финляндияда жетілдірді. 1898 жылы осы этнограф әрі лингвист-түркітанушы Түркістанға аттанған экспедицияның жетекшісі болды, нәтижесінде біраз буддистік және ежелгі түркі ескерткіштерін ашты. Сонымен қатар оның руна жазумен жазылған «талас ескерткіштеріне» де қатысы бар.

Италия (Қасиетті Престол ретінде) Еуропада алғаш рет Шығыс елдеріне сонау орта ғасырдан бері ғылыми-танымдық әрі әскери-саяси қызығушылық танытқан. Католик шіркеуі Шығысқа бірнеше рет крест жорығын жіберді, ғасырлар бойы шығыс-христиан шіркеулері мен Византия тығыз қарым-қатынас орнатты. Италияның қалалар-республикалары Жерорта теңізі мен Қара теңізі бассейнінің Шығыс бөлігінде тығыз сауда-қаржы қызметін жүзеге асырды. Ватикан бірнеше

мәрте Моңғол империясымен әскери-стратегиялық одақ құрып, тікелей байланыс орнатқысы келді. Тарихта Платано Карпини, Марко Поло және басқа да әйгілі италиялық ортағасырлық жиһанкездер жасаған саяхат нәтижесінде қаншама әдеби ескерткіш қалды.

Италиядағы түркітанудың дамуына өлшеусіз үлес қосқан Алессио Бомбаччи (1914-1979), Неаполдегі Шығыс институтының және Рим университетінің профессоры. Бомбаччидің ғылыми қызығушылық саласы – түрік (осман) әдебиеті, тарихи дереккөз ретіндегі әдеби ескерткіштер. Бомбаччидің басты еңбегі – «Түркі әдебиетінің тарихы» (**Bombacci, 1956**), ол бұл еңбегінде түркі әдебиеті мен жазба ескерткіштерінің дамуын ежелгі түркілерден бастап, османдарға дейін зерттейді.<sup>119</sup>

Берн тарихи мұражайының қорында ислам өнерінің шығыстану коллекциясы бар. Оның Бернде пайда болуына орыстан шыққан швейцарлық меценат Анри Мозеру (1844-1923) атсалысқан. А.Мозер швейцариялық әскердің аға лейтенанты болған. Түркістандағы орыс гарнизонында қызмет еткен. А.Мозердің орталықазиялық коллекциясы 1868-1889 жылдары жиналған. 1876-1893 жылдар аралығында өз коллекциясының негізінде ол Берн, Цюрих және Штутгартта шығыс қару-жарағы көрмесін өткізген. Осының нәтижесінде еуропалық мәдени ортада Орталық Азиядағы тарихи және мәдени мұраға деген қызығушылық артады. 1993 жылы Берн мұражайы жаңа экспонаттармен толықтырылып, «Көшпенділердің гүлденуі» атты жылжымалы көрме өткізеді (**Zeller, Rohrer, 1955; Kläy, 1991; Balsier, Kläy, 1992**). А.Мозердің тарихнамаға қосқан үлесі де айрықша. Ол ең алдымен мемуар кітаптар, 1888 жылы Лейпцигте «Орталық Азия арқылы» деген атаумен неміс тілінде басылып шығады, сонда тағы да Лейпцигте 1912 жылы Мозер өз коллекциясының негізінде өнертану жұмыстарын көрсетеді, онда шығыс қару жарағын пайдаланудың әдісі мен жүйесі қамтылады (**Moser 1888; Moser, 1912**).

Осылайша, Шығыс, Орталық, Оңтүстік және Солтүстік Еуропа елдеріндегі Ішкі Еуразия мен Орталық Азияны зерттеу контексіндегі шығыстанудың дамуы басқа елдермен салыстырғанда Еуропаның үш ірі державасындағы гомогендік ұлттық ұлы мектептердің тәжірибемен салыстырғанда үздіксіз әрі толық болды деуге келмейді. Бірақ олардың ықпалының негізінде, әрі синтезі бола отырып, Еуропаның шағын және орта мемлекеттеріндегі шығыстану мектептері біз еуропалық

<sup>119</sup> Қараңыз: Бомбаччи А. Тюркские литературы. Введение в историю и стиль.// Зарубежная тюркология. Вып. I. – М.: Наука, 1986. – С.191-203.



ориенталистика деп атайтын жалпы құбылысты құрайды. XX ғасырда, әсіресе оның екінші жартысында еуропалық шығыстану көшбасшы қатарынан ығысады. Оның орнын Іргелі ғылыми және академиялық зерттеулер орталығы ретінде Америка құрама штаттары басады (Кеңес Одағымен қатар).

АҚШ-тағы ортаазиялық зерттеулер Еуропамен салыстырғанда орыстанумен тікелей байланысты болды. Америкада шығыстану мен славянтану саласы Еуропадағыдай жақсы дамымағандықтан, эмигрант-ғалымдардың көмегімен осы дәстүрлерді зерттеу үшін арнайы мектеп құруға тура келді. Оған Ресейден келген эмигранттардың алғашқы және екінші легі тартылды, араларында Шығыс Еуропа және КСРО елдерінен келгендер де болды.

XX ғасырда Орталық Азия халықтарына америкалық этнография жасауға деген ірі талпыныс Вальдемар Джокелсонның «Азиялық Ресей халықтары» деген кітапта жасалды. 1928 жылы жарық көрген кітап Нью-Йорктегі Америка табиғи тарих мұражайындағы дереккөздер негізінде жазылды. Сол жердегі материалдармен ұзақ уақыт бойы жұмыс істеген автор бір жағы тарихи, екінші жағы этнографиялық жұмыс жазып шықты. Кітабында екі тарау бар, бірі «Түркістан халықтары», екіншісі «Азиялық дала провинциялары» деп аталады, екеуі де Қазақстанның тарихын қамтыған. Оның кітабының басты құндылығы сонда, ол осы еңбекті жазу барысында аймаққа экспедиция жасап келген. Автор даладағы орыс халқының өміріне сипаттама береді. Оның пікірінше, «сол кезде олардың барлығы қазақ тілінде сөйлеген, шаштары қара болған, ол олардың орыс тілі бастапқы славяндық үнінен айырылған» (**Jochelson, 1928, 133-ші бет**). Еуропалық тәжірибе тұрғысынан қарастыратын болсақ, аймақтың этнографиясын зерттеу Джокелсон кітабын жеке алып қарастыратын болсақ, ғылымның дамуына үлес қосқан керемет еңбек деуге келмейді. Бірақ бұл АҚШ этнографиясы үшін Орталық Азияға өз бетімен жасалған қадамдардың бірі болды. Сонымен қатар Джокелсон жинақтаған материалдар бізге ұжымдастыруға дейінгі қазақтар мен «қазақ орыстардың» арасындағы қарым-қатынас туралы танымдық сипат беретінін ескеруіміз керек.

Ресей және кеңес эмиграциясының АҚШ-тағы шығыстанудың орталықазиялық зерттеулерінің дамуына ықпалы айтарлықтай болды, бірақ оны әрине еуропалық ориенталистикамен салыстыруға келмейді. Дегенмен, бірқатар орыс ғалымдары батыс шығыстануының өкілі болып саналады. Олардың қатарына Йельск университетінің

профессоры Г.Вернадскийді жатқызуға болады. Вернадский моңғолдардың жаулап алған орыс княздігінің мемлекеттілігі, экономикасы, әлеуметтік қатынастары мен мәдениетіне әсер етуі қалай жүзеге асқанын жүйелегісі келді.

Екінші дүниежүзілік соғыс америкалық шығыстану үшін аса маңызды кезең болып саналды, алтайтану, түркітану және олардың тәжірибеде қолданылуы мен теориялық базалары зерттелді. Бұл Блумингтон қаласындағы (Индиана штаты), Индиан Университетіне қатысты, соғыс жылдары онда Орал және Алтай зерттеулері орталығы ашылды. Кейін ол АҚШ-тағы Орталық және Ішкі Азияны, яғни Орал аймағын және Сібір, Моңғолия, Қытайдың мәдениеті мен тарихын, тілін зерттейтін ірі шығыстану орталығына айналды.

Блумингтонда ғылыми ориенталистика мектебін ашуға Венгриядан келген Дэнис Шинор (Синор, Сайнор; әрі қарай - Синор) қосқан үлес мол. Д.Синор (1916-2011) 1916 жылы Австро-Венгрияда өмірге келген. Ғылымдағы жолын 1930 жылдары Орталық Азия бойынша маманданған шығыстанушы ретінде бастаған. Екінші дүниежүзілік соғыс алдында ол Франция азаматтығын алып, француз әскері құрамында фашизмге қарсы күреседі, Франция жеңіліске ұшыраған соң, Синор Англияға қоныс аударады, кейін 1962 жылы Индиана университетінде алтайтануға қатысты зерттеу жұмысын басқару туралы ұсынысты қабылдайды. Д.Синор Орталық Азияның ежелгі және ортағасырлық тарихы бойынша жазылған мынадай еңбектердің авторы: «Орталық Азиядағы түркі буддизмі туралы» (**Sinor, 1939**), «Түркі империясының тарихи ролі» (**Sinor, 1953**), сонымен қатар классикалық еңбекке айналған – «Орталық Еуразияның тарихына кіріспе» (**Sinor, 1963**), «Ішкі Азия: тарихы, өркениеті, тілдері» (**Sinor, 1969**) және онша танымал емес еңбегі «Ішкі Азия және оның ортағасырлық Еуропамен байланысы» атты 1977 жылы Лондонда басылған шығармасы (**Sinor, 1977**).

Синор жазған кітаптар мен оқыған дәрістердің негізінде Блумингтонда қаншама шығыстанушылар білім алып шықты. Оның бастамасымен 1950 жылдардың соңынан бері «Орал-Алтай сериясы» жарыққа шығады. Өз еңбектері арқылы Синор тек қана америкалық емес Орталық Азияны зерттеумен әлемдік шығыстануға да зор үлес қосты. Түркі тарихының ежелгі және ертеортағасырлық тарихы, көшпелі және отырықшы өркениеттің өзара байланысын зерттеу салаларын дамытуға зор еңбек сіңірді. Сонымен қатар Синор тұрақты түрде өтетін

халықаралық алтайтану конференциясының (PIAC) негізін салушы әрі ұзақ жылдар бойы оның белсенді қатысушысы әрі жетекшісі болды. Оның белсенді қатысуымен Алматыда 1985 және 1994 жылдары алтайтану бойынша конференция өтті. Синордың америкалық шығыстануға қосқан үлесін айтар болсақ, ол еуропалық ғалым ретінде АҚШ-тағы орталықазиялық зерттеулердің қалыптасуына айрықша ықпал етті.


Америкалық шығыстануға еңбек сіңірген тағы бір еуропалық эмигрант – Лоуренс Кредер (Крадер, 1920-1998). Л.Кредер Германияда туған, Берлин мектебінде түркітанушы, алтайтанушы ретінде білім алған соң, ұлтшыл ретінде қуғынға ұшыраған, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ-тағы Блумингтонға келіп, тыныштық табады. Кредерді Индиана университетіндегі Блумингтондағы мектептің орал-алтай зерттеулерінің негізін салушы деп атауға болады. Оның зерттеулерінің негізгі тақырыбы – орталықазиялық номадизмнің шығу тарихы, сонымен қатар осы өңірдегі этнография, әлеуметтік антропология, орал-алтай аймағындағы лингвистика. 1950-ші жылдары Кредер Вашингтонда америкалық тарихнамада бірінші болып қазақтар туралы библиография құрастырады (**Krader, 1954**). Кейін Л.Уэйнмен бірлесіп, «Қазақтар» деген еңбекті жарыққа шығарады (**Krader, Wayne, 1955**). Орталық азиялық мәселелер, ең алдымен қазақтың, номадизмнің тарихына қатысты дүние оның «Ортаазиялық пасторализмнің экологиясы» (**Krader, 1955**), «Көшпелі пасторализмнің экологиясы» (**Krader, 1959**) және классикалық кітапқа айналған «Моңғол-түркі малшы-көшпенділердің әлеуметтік ұйымдастырылуы» (**Krader, 1963-2**) атты кітаптарында жазылды. Кредер көшпелі қоғамның тарихын мәдениет тарихы, ал номадизмнің өзін мәдени феномен ретінде таныды. Кредер үшін дәстүрлі көшпелі қоғам – көшпенділердің әлеуметтік ұйымдастырылуы синтезінің нәтижесі және олардың өндірісінің жүйесі; ол оны гомогенді біртұтас дүние деп таниды.

Тағы да сол 1963 жылы Кредер кезекті бір ірі зерттеуі «Орталық Азияның халықтары» атты аймақ халқының өткені мен қазіргі жағдайы туралы толық сипаттама беретін еңбегін жариялайды. Автор әлеуметтік-экономикалық мәселелердің қалыптасуына көп көңіл бөледі, оларды Кредердің терминологиясына сүйеніп, «әлеуметтік-экологиялық» деп атаған жөн болар. Бір жағынан Кредердің еңбегін түркітану, әлеуметтану, этнография және орталықазия халықтарының тарихы негіздеріне кіріспе деп те атауға болады (**Krader, 1963-1**).

АҚШ-тағы Орталық Азия туралы ғылымды дамытуға үлес қосқан эмигрант-шығыстанушылар қатарына Томас Уиннерді жатқызуға болады. Ол қазақ эпосы мен әдебиеті бойынша мықты маман. Т.Уиннер Прагадағы университетте славист және түркітанушы ретінде білім алған, кейін Гарвард және Колумбия университеттерінде білімін жалғады. 1950-60-шы жылдары Т.Уиннер Дархемдегі Дьюк университетінде орыс тілі мен әдебиетінің профессоры қызметін атқарды. 1950-ші жылдары Уиннер еңбектерін Еуропада бастырады, оның «Қазақтың батырлар жыры» атты мақаласы (1951) Лондондағы Королдіктің ортаазиялық қоғамында жарық көреді. Бірақ оның ең басты еңбегі – «Ауыз әдебиеті және орыстың Орта Азиясындағы қазақ әдебиеті» 1958 жылы АҚШ-та жарық көрді (**Winner, 1958**). Осы іргелі еңбегінде Уиннер қазақтардың әдебиетінің дамуын, оның ауыз әдебиеті және жазба әдебиетіндегі ерекшеліктерін сипаттайды. Соның ішінде ең маңыздысы – қазақ эпостары. Оны Уиннер әдебиеттің іргетасы деп бағалайды, ал эпикалық дәстүр жағынан – ол қазақ ұлттық психологиясының негізі. Осы еңбектің нәтижесінде аймақтың мәдениетін және Қазақстан тарихын зерттеген бірде бір ғалым АҚШ мейлі Батыста болсын Т.Уиннер жұмысына сілтеме жасамай зерттеу жүргізген емес.

1960-шы жылдарға дейін Орталық Азияның ежелгі және ортағасырлық тарихына қатысты АҚШ-тағы қызығушылық негізінен оның көрші аймақтары Қытай, Иран, Ресейге қатысты болған. Соғыстан кейін АҚШ-та Орталық Азия туралы жазылған толыққанды әдебиет ретінде Стетсон университетінің профессоры Серж Зеньковскийдің «Ресейдегі пантюркизм және ислам» (1960) атты еңбегін атап өтуге болады. Оның Батыстағы кеңестану, ортаазиятану зерттеулеріне ықпалы зор болды. Зеньковский кітабының алтыншы тарауында қазақ тарихына Ресей құрамына қосылғаннан бастап, исламның даладағы ролі, қазақ ағартушыларының пайда болуына орыс зиялыларының ықпалы, қазақ ұлт зиялыларының қалыптасуы, қазақтардың 1905 жылғы төңкеріске қатысуы, Қазақстанды орыстардың отарлауы сияқты тақырыптарға шолу жасалады (**Zenkovsky, 1960, 55-71-ші беттер**).

АҚШ-тағы Орталық Азия туралы білімнің дамуына Эвард Эллуорт (Оллуорз) сіңірген еңбек зор. Ол ұзақ уақыт бойы Колумбия университетінде кеңестік ұлттық мәселелерді зерттеу бағдарламасын басқарды. Эллуорт өзбек тілі мен әдебиеті бойынша маман болды, сонымен қатар негізгі түркі тілдеріндегі барлық әдеби



құжаттарды зерттеді. 1965 және 1971 жылдары осы ғалым Нью-Йорк кітапханасындағы Ортаазиялық құжаттар коллекциясына жасаған дерекнамалық талдауы нәтижелерін жариялап, 1818-1945 жылдар аралығында ғылыми айналымға қазақ тіліндегі жүздеген дереккөздерді шығарады (**Allworth, 1965; 1971**).

1960-шы жылдары АҚШ-та жарық көрген Орталық Азия туралы кең қамтылған әдебиеттердің бірі Элизабет Бэконның «Орыстардың басқаруындағы Орталық Азия» (1966) атты еңбек. Оның биографиясындағы барынша қызықты тақырып 1933-34 жылдары Э.Бэкон кеңес академигі Л.М.Самойлович жетекшілігімен

жүзеге асырылған Қазақстандағы этнографиялық экспедицияда өз зерттеуіне қажетті Орталық Азия мысалындағы әлеуметтік антропология туралы материал жинауды аяқтайды. Алайда оның нәтижелері тек отыз жылдан кейін ғана аталған кітапта жарық көрді. Бэкон зерттеулерінің негізгі идеясы – Леви-Строс рухындағы француздың әлеуметтік антропологиясының ықпалына ұшырады, автор көшпелі малшы номадизмінің қалыптасуына сыртқы географиялық жағдай әсер етті деп сипаттайды, ал оның жойылуына жиырмасыншы ғасырдың соңындағы саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдай әсер еткенін айтады. Бэкон зерттеулерінің орталығында қазақтар мен олардың ру құраушы жүйесі тұрды, дегенмен автор олардан да басқа Орталық Азиядағы көшпелі халықтарды да қарастырады (**Bacon, 1966**).

Америкалық ғалымдар арасында 1960-шы жылдардағы Орталық Азия мәселелері бойынша ғылыми жұмыс жазғандар тек қана тарихшы, саясаттанушылар ғана болған жоқ, сонымен қатар тарихнамашылар да болды. Мәселе Лоуэлл Тиллеттің «Ұлы достық: кеңес тарихшылары және орыс емес ұлтшылдар» (1969) деген кітабы туралы, онда кеңес тарихи ғылымының дамуы туралы айтылады және оның Орта Азия мен Қазақстан тарихына қатысты көзқарасы беріледі. Осы контексте

Тиллет аймақтың төңкеріске дейінгі тарихына, әсіресе Бекмаханов ісіне қатысты материалдарға сүйенеді. Автор қазақ ғалымының шарасыздық эволюциясын «феодалдық өткеннің идеализациясы» мен даладағы «феодалдық-монархистік қозғалысты» сынға алуға дейін барады. Тиллет кітабы автордың сталиндік кеңес тарихнамасын жақсы білетінін көрсетеді. 1920-50-ші жылдардағы кеңес тарихи мектебі мен оның даму детальдары және республикалық ғалымдардың еңбегі туралы жазған (**Tillet, 1969**).


Америкалық кеңестік дәуірді танумен 1960-80-ші жылдары айналысқан ғалымдардың бірі – Нью-Йорк колледжінің орыстың аймақтық мәселелері кафедрасының профессоры Майкл Рывкин, ол – «Орта Азиядағы Ресей» кітабының авторы (1963), сонымен қатар аса танымал болған аты шулы «Мәскеудегі мұсылмандар сын-тегеуріндері» (1982) де осы ғалымның еңбегі. Осы екі іргелі жұмысы, сонымен қатар Рывкиннің көптеген мақалалары – кеңестік дәуірді танудың классикалық үлгісі. Бірақ автор кітабының алғашқы бөлімінде аймақтың төңкеріске дейінгі тарихын қарастырады, бұл өз кезегінде оны шығыстануға жақындата түседі. М. Рывкин өмірбаяны да қызығушылық тудырады. Ол соғысқа дейінгі кезеңде Польшадағы еврей отбасында дүниеге келген, соғыс қарсаңында Орта Азияға жер аударылады, сөйтіп балалық және жастық шағын Самарқанд пен Ташкентте өткізеді. Нәтижесінде ол орыс тілін жетік меңгеріп, өзі зерттеген Орта Азияның тарихы мен мәдениеті туралы терең білімімен ерекшеленеді (**Rywwin, 1963; 1982**). Рывкин кітаптарының негізгі идеясы – Ресей империясы саясаты, кейін Кеңестер одағы ықпалындағы ортаазиялық қоғамда болған оқиғалар мен өзгерістерді зерттеу, сонымен қатар оның Мәскеуге қалай әсер ететінін бағамдау.

1980-ші жылдары Қазақстан туралы АҚШ-тағы зерттеулер Марта Брилл Олкотт есімімен тығыз байланысты (1949 жылы өмірге келген). М.Олкотт АҚШ-та, Францияда, КСРО-да білім алған, әйгілі француз советологы А.Беннигсеннің ең үздік шәкірттерінің бірі болған (қараңыз: І. Бөлім, І. тарау). Ол Чикаго университетінде білім алып, Колгейт университетінде (Гамильтон) профессор ғылыми атағын иеленеді. Сыртқы саясатты зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері болған (Филадельфия). «Қазақтар» (1987) деп аталатын басты еңбегін жазу барысында Олкотт 1975 жылдан бері бірнеше мәрте Қазақстанға келіп кетеді. 1980 жылдың басынан бастап, ол тұрақты түрде Кеңес кезеңіндегі Қазақстан тарихы туралы зерттеулерін жариялайды. Олкотт

жұмыстары батыстық кеңестіктанудың ортаазиятану классикалық дәстүрінде жазылды және Қазақстанның мысалында оқытушысы Беннигсен жасаған ұлтшылдық тұжырымдамасын бекітуді мысал етіп алды. 1987 жылы оның монографиясы Стенфорд университеті жанындағы Гуверовскийдің Бейбітшілік, Төңкеріс және Соғыс Институтында 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан кейін басылып шығады. Республикадағы жағдайдың дамуы Беннигсен мектебі дайындаған ұлтшылдық концепциясының дәлелі болып шықты. Ол - ұлттың әсіресе Орталық Азиядағы халықтардың бұрынғы КСРО саясатына қарсылығы.

Бірінші басылымының кіріспесін жазған Олкотт: «Кеңес одағына мүше болған елдер арасында әсіресе қазақ халқы Батысқа барынша танымал болды... Қазақтар өз тарихының басым бөлігінде мал бағып, көшпелі тірлік етті, осылайша мал шаруашылығына негізделген экономикасы негізінде өз дәстүрін сақтап, өз-өзін қамтамасыз етті. Қазақтар Ресейді дамыту контекстінде тек қана далада емес, күллі Орталық Азия аймағындағы негізгі элемент болды», - дейді (Olcott, 1995, p.XIX-XXI).

Кеңестер Одағының құлауына негіз болған оқиғалар және тәуелсіз Қазақстанның пайда болуы Олкоттың 1995 жылы осы кітаптың екінші



бөлімін жазуына себеп болды.<sup>120</sup> Автор кітабының алғашқы үш бөлімін өзгеріссіз қалдырған, төртіншісін тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихына арнайды. Автордың ойынша, ол – қазақ мемлекеттілігі тарихының жаңа кезеңі болуы тиіс қазақтардың, тәуелсіз Қазақстанның пайда болу тарихы. Осылайша, 1990 жылы болған оқиғалар ұлтшылдық концепциясын дәлелдеген болды. Алайда Олкотт өзі егжей-тегжейлі баяндаған, Қазақстан-Ресей дихотомиясы негізінде құрылған бұрынғы қазақ тарихы мен жаңа тарих арасында тікелей параллель

<sup>120</sup> Сілтеме екінші басылымға жасалған.

жүргізуден қашады және ол қазақ мемлекетінің қайта құрылу идеясы, жаңа сапалысының пайда болуы емес. Екінші басылымының кіріспесінде Олкотт былай жазады: «Алғашқы басылым жарыққа шыққан кезде Қазақстан бес жылдан кейін БҰҰ-ның мүшесі болады және КСРО құрамындағы он бес ел тарап кетеді дегенді елестету мүмкін болмайтын... Алайда қазақтардың әрі қарайғы тағдыры алаңдаушылық тудырады. Қазақтардың Қазақстандағы орны айқын емес. Қазақстан мен Ресей арасындағы қарым-қатынас жай ғана тарихи мәселе емес, бұл жаңа мемлекет алдында тұрған ең негізгі мәселе. Он сегізінші ғасырдың өзінде қазақтардың көңілі солтүстіктегі қуатты көршісімен жасасқан келісімдерге толмайтын, сол мәселе қазір де бар, сонау он сегізінші ғасырда тамыры тереңге кеткен мәселелер әлі шешімін тапқан жоқ. Қазақтардың тарихын қайтадан жазып шығу, соңғы оқиғалардан кейін өзекті бола түсті, демек ол ғалымдардың келесі легі зерттейтін мәселе» (Olcott, 1995, p.XIII-XVIII).

2002 жылы оның «Қазақстан – өтпеген жол» атты жаңа кітабы жарық көрді: оның дені тәуелсіз Қазақстанға арналған.

Тарихи болашағы жағынан Үндістан Орталық Азиямен тығыз байланысты болды. Біздің аймақ пен Солтүстік Үндістан Орта Шығыстағы бірқатар империялардың құрамында болды (Персия, Газневидтер державасы, Хорезм, Сасанидтер державасы, Делий сұлтандығы және т.б.).

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Орта Азияда ірі үнді диаспорасы болды. XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында ортаазиялық сауда екі держава Англия мен Ресей арасындағы күрестің зардабын тартты, олар Орта Азиядағы жаңа нарық, тауар өткізетін жер үшін таласқа түсті.

Орталық Азия мен Үндістанның діни байланыстары да өз алдына бөлек тақырып ретінде назар аударуды талап етеді. Орталық Азияда ислам діні таралғанға дейін Үндістанмен тығыз діни қарым-қатынас орнаған. Үндістаннан Орталық Азияға жеткен буддизм осы өлкеде өзіне тән формаға ие болып, дамыды. Қытайда ол жергілікті халықтың тұрмысына әсер етсе, Орталық Азияда исламның дамуына ықпал етті. Орталық Азия Моғолдар династиясының билігінде болған жылдары (1526-1858) Үндістанмен осы сала бойынша қарым-қатынас одан әрі күшейді. Жеке, діни және саяси себептермен Орталық Азияның көптеген тұрғындары Бабырдың соңынан еріп, Үндістанға қоныс аударды, осылайша екі аймақ арасында жаппай көші-қон басталды.



Бұл жағдай мәдениетаралық ықпалдың күшеюіне, әдебиет, өнер, музыка, астрономия және сәулет өнері саласында байланыстың нығайып, дамуына әсер етті. Тағы бір маңызды факт Моғолдар династиясының Бабыр бастаған көптеген басшылары (1526-1530), накшбандий шейхтарының жолын жалғап, Орталық Азиядағы мұсылман билеушілерімен жеке қарым-қатынас орнатты.

Үндістанда кеңес кезеңінен бері орыстанушылардың мектебі бар, солардың негізінде Орталық Азия бойынша зерттеу жүргізетін мамандардың заманауи корпусы қалыптасты. Олар саясаттану ардагері болып табылатын мынадай авторлар: Д.Каушик, сонымен қатар А.Сангупта, П.Мани, С.Чаттерджи, С.Муни. Бұл ғалымдардың еңбегінен антиамериканизмді аңғару қиын емес. 1960-шы жылдары Пенджаб университетінде Орта Азия мәселелерімен Ш.Али-Агла айналысты. Алигархтағы Ислам зерттеулері институтында аймақ тарихымен А.Дж. Ахмад айналысты. Оның «Орта Азия 1700-1850 жылдар аралығында» деген еңбегі бар (1958-59).

Рахул Санкритьян есімді тарихшының есімін атамай кетуге болмайды. Ол Шығыс Еуропа, Орталық Еуразия және Үндістан халықтары тарихының бірегей мәдениеттанушылық концепциясының үлгісін жасағысы келді. Айта кету керек, осы автордың ғылыми еңбек жазудағы стилі мен тілі өте ерекше. Батыс ғалымдары Санкритьянды марксистік концепцияны насихаттады деп сынға алды. Оның «Еділден Гангаға дейін: б.з.д. 6000 – б.з. 1922 жылдар» (Бомбей, 1947), «Орта Азия тарихы» (2 том. – Патна, 1958; Калькутта, 1964) атты еңбектері танымал.

1967 жылы аймақтың төңкеріске дейінгі тарихын жазған «Кеңестік ортаазиялық республикалардың пайда болуы» атты еңбек авторы Рахул Вайдьянатх батысшыл ғалымдар қатарына жатады. Р.Рахул еңбектерінің негізі 1946-49 жылдары Орталық Азияда жүзеге асырылған ғылыми экспедиция материалдары болды. 1950-ші жылдары ол Рокфеллер қорының зерттеу бағдарламасының қатысушысы болды. Ал 1964 жылы дәл осы бағдарламаның кеңестік нұсқасына қатысты. Ұзақ жылдар бойы ол Дж.Неру атындағы университет профессоры, Орталықазиялық зерттеулер институты департаментінің директоры болды. Рахул Орталық Азиядағы Орта Азия тарихы және халықаралық қатынастар бойынша жазылған бірқатар кітаптардың авторы болды. Сонымен қатар оның еңбектерінде Жапонияға қоныс аударған қазақ және түркі-мұсылмандар туралы қызықты ақпарат

бар. Р.Рахулдың белгілі еңбектері – «Орталық Азияның саясаты» **(Rahul, 1973)** және «Заманауи Орта Азия» **(Rahul, 1979)**.

Кеңес одағынан кейінгі үнді басылымдарының ішінде аймақ туралы жазылған «Орталық Азиядағы ұлт сәйкестігі пен саясат» жинағын<sup>121</sup> және «Орталық Азиядағы жаңа тәртіптің пайда болуы» атты еңбектерді атап өтуге болады.<sup>122</sup> Үнділердің аймақтағы мүдделері туралы өз еңбектер: М.Пури – «Орталық Азиядағы геосаясат»<sup>123</sup> және Дж.Бакш – «Ресей, Үндістан және Орталық Азиядағы республикалардың геосаяси конвергенциясы».<sup>124</sup>

Осы аймақ бойынша аса белсенді үнді сарапшыларының бірі - Анита Сенгупта, ол Орталық Азия мәселелері туралы көптеген мақалалар мен кітаптардың авторы. Соңғы жазғандары: ұлтаралық қатынас, аз ұлттардың жағдайы, аймақтық мәселе, геосаясат, пан-тюркизм, ислам мұрасы және т.б. 2002 жылы үнді зерттеушісі «Орталық Азиядағы қсастық трансформациясы» атты монографиясын жариялады<sup>125</sup>, онда ол аймақтағы ұлттық мемлекеттердің қалыптасу үрдісін қарастырды.

Алигархтағы Ислам мәдениеті институтында Орта Азияның ортағасырлық тарихын М.Хайдер жазды, онда Темір дәуірі, ортаазиялық, иран және индостан мәдениетінің өзара қарым-қатынасы туралы жазылды. Сол институтта 1970-ші жылдары С.А.Хасан есімді Орта Азияға мұсылман өркениетінің кіруін зерттеген ғалым жұмыс істеді. Сунити К.Чаттерджи, Ганганатх институтының профессоры, ол Үнді тарихы бойынша бірқатар зерттеулердің авторы, сонымен қатар оның үнді өркениетінің көрші аймақтарға әсері, үнді-түркі және үнді-ортаазиялық байланыстыр туралы көптеген еңбектері бар. Орта Азиядағы 1980 жылдардағы элеуметтану және демография мәселелерін Ракеш Шарма зерттеді.

Үнді-орталықазиялық мәселелерді зерттеген көрнекі ғалымдар арасында Н.Вохра да бар, ол – «Орталық Азиядағы мәдениет, қоғам және Үндістан» кітабының авторы<sup>126</sup>, С.Гопал – «Орталық Азия мен

<sup>121</sup> Warikoo K., Dawa Norbu (eds.) Ethnicity and Politics in Central Asia. –New Delhi: South Asian Publishers, 1992. – 291 p.

<sup>122</sup> Warikoo K. (ed.). Central Asia. Emerging New Order. – New Delhi: Har-Anand Publications, 1995. – 352 p.

<sup>123</sup> Puri M.M. Central Asian Geopolitics: the Indian View // Central Asian Survey. 1997. Vol.16. No. 2, – pp. 237-268.

<sup>124</sup> Baksh J. Russia, India and the Central Asian Republics: Geopolitical Convergence // Strategic Analysis. 1996. Vol.XIX. No 5.

<sup>125</sup> Sengupta A. Frontiers into Borders. The Transformation of Identities in Central Asia. – Kolkata: Hope India Publications, 2002. – 224 p.

<sup>126</sup> Vohra N.N. (ed.) Culture, Society and Politics in Central Asia and India. – New Delhi: Shipra Publications, 1999.

Үндістан» 127 және Девендра Каушик – КСРО мен Кеңестік Орта Азияны зерттеген үнді мектебінің ардагері. Үнді авторларының басым бөлігі ғылымдағы марксистік бағытты қолдаушылар, Кеңес Одағында білім алған, тіпті КСРО ыдырап кетсе де, олар өз еңбектерін сол заманда қалыптасып қалған әдістерімен жазуды жалғастырды.

Орталық Азия мәселесімен айналысқан үнді ғалымдарын, тарихшылар мен саясаттанушыларды «марксистер» мен «буржуаздар» деп екіге бөлуге болады. Бірінші топ үшін кеңестік тарих мектебі негізінде жергілікті интерпретацияларды пайдалана отырып, зерттеу жүргізу тән болды, олардың жұмысының басты мазмұны - отарлауға қарсы пафос, сондықтан да ол марксистік тарихнамаға жақын болды. Екінші топ Орталық Азия мен Индостан тарихына қатысты батыстық көзқарасты ұстанды. Олардың барлығы да батыста білім алды немесе еуропалық ықпал негізінде қалыптасты.<sup>128</sup>


Марксистер қатарына Девендр Каушикті жатқызуға болады (1934 жылы туған), Курукшетр университетінің қызметкері. Д.Каушик Агра, Ташкент университеттерінде және КСРО ҒА-да білім алған. Тиісінше, Девендр Каушиктің Орта Азияны зерттеу еңбектерінде кеңестік марксистік әдіс қолданылған. Каушик еңбектерінің негізі – Орталық Азия мен Үндістандағы ежелгі және қазіргі дәуірдегі тарихи және мәдени байланыстар. Каушик өз жұмысында индостандықтардың Оңтүстік Қазақстан мен Түркістан генерал-губерниясындағы отары туралы қызықты мәлімет келтіреді, сонымен қатар олардың ортаазиялық саудамен өнерге қатысы қарастырылады. Осы тақырыптар оның «Жаңа замандағы Орта Азия», «Орта Азиядағы социализм», «Жаңа замандағы Орталық Азия мен Үндістан» атты кітаптарында қамтылған (**Kaushik, 1970; 1976; 1985**).

Орталықазиялық мәселелердің заманауи кезеңін төменде көрсетілген түрлі ғылыми орталықтар, институт және университеттер зерттеуде: Д.Каушик (Дж.Неру атындағы университет) «Азиялық қауіпсіздік құрылымындағы<sup>129</sup> евразиялық болашақ» атты еңбек аясында негізгі қауіп АҚШ тарапынан туып отырғанын жазады, басты мәселе – оның күллі әлемдегі дамыған табиғи ресурстарды қоластында қадағалап отырғысы келуі. П.Мани (Қорғаныс зерттеулері және талдау институты, Дели) «Орталық Азия: Үндістанның

<sup>127</sup> Gopal S. (ed.) *India and Central Asia*. – New Delhi: Shipra Publications, 2000.

<sup>128</sup> Сілтеме екінші басылымға жасалған.

<sup>129</sup> Kaushik D. *Eurasian Perspective of Asian Security Structure: New Chances for Indian-Chinese Cooperation* // *Asia Annual*. 2003. Ed. by M.Singh. – New Delhi: Institute of Asian Studies, 2003, – pp. 70-83.



ролі»<sup>130</sup> кітабында Үндістан осы өңірде мұсылман дінін ұстанған халқы бар тәуелсіз мемлекеттер қалыптаса бастаған кезде өзінің Орта Азиядағы орнын айқындай алмады деп жазады.

Анита Сенгупта (Азиялық зерттеулер институты) «Евразиядағы Ресей: пікірталастар жалғасуда»<sup>131</sup> деп аталатын еңбегінде Ресейдің Орталық Азия елдеріне қарым-қатынасы КСРО ыдыраған соң бірден бөлек кеткенмен, батыстың ықпалы күшейген кезде қайтадан Орталық Азия елдерін ынтымақтастыруға деген әрекеті

тұтас бір шеңбер жасағандай әсер қалдырды деп жазады. С.Чаттерджи (Азиялық зерттеулер институты),<sup>132</sup> Орталық Азия дағы посткеңестік республикаларды модернизациялау экономикалық және саяси реформалардың қарқынымен өлшенеді, олардың қоғамға деген қарым-қатынасы да солай деп сипаттайды.

Үнді зерттеушісі А.Моханти Ресейдің сыртқы саясатына талдау жасайды. КСРО дезинтеграцияланғаннан кейін ол бірнеше кезеңдерден өтті деп жазады.<sup>133</sup> С.Д. Муни (Джавахарлал Неру атындағы университет, Дели),<sup>134</sup> КСРО-ның ыдырауы және бірполюсті әлемнің пайда болуы Үндістанның сыртқы саясатындағы тұтас бір құрылымды сілкітті деп жазады.

Үндістан өз мүддесін қорғау үшін жаһандық және аймақтық деңгейде жаңа мүмкіндіктер іздеуге мәжбүр болды. 2007 жылы үндістандық және қазақстандық ғалымдардың бірлескен еңбегі «Қазақстан және Үндістан. Халықаралық және аймақтың байланыстың мүмкіндіктері» атты зерттеу жарыққа шықты. Ол – интернационалдық ұжымның күшімен жазылған, үнді және қазақстандық ғалымдардың

<sup>130</sup> Mani P. Central Asia: Role of India // Asia Annual. 2003. Ed. by M.Singh. – New Delhi: Institute of Asian Studies, 2003, – pp. 84-96.

<sup>131</sup> Sengupta A. Russia in Eurasia: the Debates continue // Asia Annual. 2003. Ed. by M.Singh. – New Delhi: Institute of Asian Studies, 2003, – pp. 110-121.

<sup>132</sup> Chatterji S. The Development Trends in Kyrgyzstan // Asia Annual. 2003. Ed. by M.Singh. – New Delhi: Institute of Asian Studies, 2003, – pp. 97-109.

<sup>133</sup> Asia Annual, 2003, – pp. 210-225.

<sup>134</sup> Asia Annual, 2003, – pp. 141-150.

еңбегі. Үндістан тарапын профессор К.Сантанам мен Р.Дживеди үйлестірді. Бұл басылым екіжақты қарым-қатынастың барлық аспектілерін қамтиды, оның ішінде халықаралық және геосаяси факторлар да бар.<sup>135</sup>

Профессор Нирмала Джоши жетекшілігімен жазылған «Үндістан мен Орталық Азияның қайта қауышуы: қауіпсіздік және экономика факторларының өсуі» атты ұжымдық еңбек күн тәртібіне үнді-орталықазиялық байланыстар тақырыбын қайта шығарады.<sup>136</sup> Авторлар Үндістан үшін Орталық Азияның геосаяси мәні өткен заманда еш күмән тудырған жоқ, қазір де тура солай. Осыған орай, авторлар Дели үшін жаңартылған геосаяси күн тәртібін жасау керек деген ұсыныс тастайды. Мәтін авторлары Үндістанды Орталық Азиядағы «кеш қал-ған актер» деп атайды. Бұл геосаяси мәселелерге деген алаңның бар екенін аңғартады. Авторлар Үндістанның жаһандық ойыншы ретіндегі абыройын арттырып, оның аймақтағы мүддесін ынталандырғысы келген.

Француз және үнді ғалымдары бірлесіп жазған «Үндістан стратегиясы және оның қабылдауындағы Орталық Азияның картасы» атты ұжымдық еңбекте қызығушылық тудыраы сөзсіз. Кітап француздың атақты шығыстанушылары Марлен Ларюэль мен Себастьян Пейруздың редакциялауымен жарық көрген. Олар өз кезегінде бұл жұмысқа Үндістандағы орталықазиятанушы ардагерлер А.Патнаик, К.Варико, С.Чаттарджи, А.Сенгупту, С.Гопалажәне басқаларын тартқан.<sup>137</sup>

Кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Үндістан мен Орталық Азияның жалпы тарихы оларды күні бүгінге дейін байланыстырып тұрған көпір ретінде сипатталған. Екі өркениет пен аймақ арасындағы қарым-қатынас олардың тарихи көрші болуы, байланыстың қарқындылығы және уақыт өте келе «ажырауы» тұрғысынан жазылған. Осыған орай, тарихи жады бойынша отарлық санадан ада жаңа үнді элитасының Орталық Азиямен тарихи байланысы заманауи стратегиялық қадамдарды анықтауға қалай ықпал ететіні қызықты. Осы бөлімде туындайтын басты сауал: екі аймақтың тарихи байланысының механизмі ХХІ ғасырда жұмыс істейтін бола ма?

<sup>135</sup> India-Kazakhstan Perspectives. Regional and International Interactions. Eds. by K.Santhanam, K.Baizakova, R.Dwivedi. – New Delhi: ICAF, 2007. – XXII+270 pp. Рус. пер: Казахстан и Индия. Перспективы международного и регионального взаимодействия. – Алматы/Дели: КазНУ, 2007. – 283 с.

<sup>136</sup> Joshi N. (ed.) Reconnecting India and Central Asia: Emerging Security and Economic Dimensions. A Joint Transatlantic Research and Policy Center, Johns Hopkins University-SAIS. – Washington, D.C.: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program, 2010. – IX+182 pp.

<sup>137</sup> Mapping Central Asia. Indian Perceptions and Strategies. Eds. by M.Laruelle and S.Peyrouse. – Farnham: Ashgate, 2011. – 248 p.

Алдыңғы басылымға тақырыбы жағынан жақын еңбек, ұжымдық монография – (редакциясын басқарған К.Варико, Дж.Неру атындағы университет) «Оңтүстік және Орталық Азиядағы дін мен қауіпсіздік».<sup>138</sup>

Авторлық ұжым мәселені халықаралық контексте қарастырады: Ауғанстандағы Талибанның қайта бас көтеруі, Пәкістандағы талибандандыру, Үндістандағы лаңкестіктің саясаты мен тәжірибесі, Кашмирдегі ислам экстремизмі және Бангладештегі лаңкестік желі, Хизб-ут-Тахрирдің Орталық Азияны тұрақсыздандырудағы ролі, Тәжікстандағы мұсылман-көшбасшылардың ролі, Шыңжаңдағы этно-діні сепаратизм және т.б.

Осылайша, үнділік сарапшылардың геосаяси ұстанымдары бұрынғы уақыттағы қарқынмен қалғанын көруге болады. Олар «халықаралық лаңкестікпен» күресте заманауи үрдістерді мойындайтынына қарамастан, онда антиамериканизм мен антипакистанизм басымдыққа ие. Бірақ үнді саясаттанушылары үшін бұл күрес ең алдымен радикалды исламизммен күрес болып саналады. Дели Үндістанның стратегиясын, АҚШ пен Пәкістанның саясатын, сонымен қатар Орталық Азияны да дәл осы көзқарас тұрғысынан қарастырады.

Түркияның Орталық Азия елдерімен қарым-қатынасы ерекше сипатқа ие. Бірнеше жылдар бойы халифаттың құрамында болғанда басты фактор ислам діні болса, 1920-шы жылдары түркі факторы шешуші рольге ие болды. Дәстүрге сәйкес бірнеше ғасыр бойы түрік сұлтаны барша діндарлардың халифы болып саналды, ол аймақтағы халықтар мен елдерді қарамағында ұстады. Осман саяси мәдениеті оларды Стамбулдың вассалдары және бағынушылары ретінде қарастырды. XX ғасырда Анкара өзін «сыртқы түркілердің» қорғаушысы ретінде таныстырады және олардың саяси тәуелсіздігі үшін мақсатты түрде күреседі. 1991 жылы аяқ астынан (мүмкін жартылай) осы амбиция жүзеге асырылады. Әлем картасында бес жаңа, тәуелсіз түркі мемлекеті пайда болады, оның төртеуі Орталық Азия және біреуі Кавказда орналасқан.

Түркиядағы тарихи оқиғалардың жылға бөлініп жазылуы Орталық Азияның тарихы үшін маңыздылығы жағынан аса жоғары, әсіресе оның кейінгі ортағасыр мен Жаңа заман, яғни қайта өркендеу дәуірі мен Осман империясының кезеңі. Осы құжаттар арасында Стамбул мен ортаазиялық әмірлер және ортаазиялық хандар, түрік халифтерінің фетві және түрік елшілері арасында тасымалданған хат-хабар бар.

<sup>138</sup> Religion and Security in South and Central Asia. Ed. by K.Warikoo. – London, New York: Routledge, 2011. – 217 p.

Яғни, осы құжаттар ең алдымен Еуразиядағы халықаралық қатынастар тарихы тұрғысынан қызығушылық тудырады.

Бұл мұрағаттар аз пайдаланылған. Еуропалық зерттеушілер ғылыми айналымға енгізгендері негізінен Таяу Шығыс пен араб әлеміне қатысты. Орталық Азия тақырыбымен арнайы айналысқан батыс ғалымдары саусақпен санарлық. Олар негізінен оны жолай, басқа да сюжеттер арасында жанама қарастырған. Кеңес одағының ғалымдарының бұл мұрағатқа қолы жеткен жоқ. Тек кейінгі жылдары ғана Орталық Азияны зерттейтін француз институты, кейбір неміс қорлары ғана түрік мұрағаттарымен танысу мүмкіндігін иеленді.

Түркия Республикасы құрылғаннан кейін, бұл ел Орта Азия зиялыларының екінші отанына айналды. Олардың дені – 1920-1930 жылдарда болған түрлі саяси репрессия, төңкеріс дәуіріндегі және Азаматтық соғыс кезіндегі сілкіністер, сонымен қатар КСРО кезіндегі ұжымдастыру нәтижесі, 1940-50-ші жылдары Шыңжаңдағы Шығыс-Түркістан Республикасының құлдырауы кезінде қуғындалғандар. Бұл адамдар Түркияның Орта Азиядағы кеңес республикалары мен Қазақстанға деген қызығушылығын қолдады, дегенмен оны академиялық қызығушылық дегеннен гөрі саяси мақсатта жасалған әрекет деген дұрыс болар.

Түркияда Орталық Азияның тарихын зерттеуге зор үлес қосқан ғалымдардың бірі – Тайыр Шағатай (1902-1984). 1936 жылы ол Түркияда қазақтың ағартушысы Міржақып Дулатовтың «Оян, қазақ!» шығармасын, толыққанды алғы сөз жазып жариялады, бұл Қазақстанның жаңа тарихына кіріспе болатын. Т.Шағатаймен замандас Тайыр Шәкір Германияда білім алған. Германия мен Түркия арасындағы тығыз дәстүрлі қарым-қатынас XIX ғасырда ғылыми орта арасында жандана бастады. Оған немістердің түркітануға деген қызығушылығы себеп болды. Ал XX ғасырда ол Антанта державалары ғылыми мектептеріне деген жеккөрушілік, орыстар мен Кеңес одағына қарсы мазмұндағы сипаты саяси негізде сақталды әрі нығайды. Т.Шәкір 1930-шы жылдары Германияда болды, сонда Орта Азияның тарихы мен мәдениетіне қатысты бірқатар жұмыстарының сериясын жариялады (**Schakir, 1934; 1935; 1939**). Оның неміс тілінде жазылған «Көшпелі экономика негіздері» деген диссертациясы номадизм теориясына қосылған еңбек ретінде танылды (**Schakir, 1931**).

Абдулуқап Оқтай – «Яш Түркістан» журналын шығаруға атсалысқан (М. Шоқай мен Т.Шағатай) үш адамның бірі. Ол 1904 жылы туған. Ташкент

пен Бакуде бастауыш және орта білім алған ол 1922 жылы Германияға жоғары білім алу үшін келеді. Орталық Азия аймағынан Түркияға қоныс аударған қазақтар арасында әйгілі ғалым Халифа Алтай да бар (1931-2000), ол жазушы, антрополог, түркітанушы, теолог әрі аудармашы. Алтай Қазақстанда туған, кейін отбасымен Қытайда бас сауғалаған. Кейін ол жерден де Синьцзяннан қашқан қазақтармен бірге қоныс аударып, осы көші-қон және қазақ мәдениеті туралы еңбек жазған.

Ресейлік түріктер арасында Түркиядағы ғылымның дамуына үлес қосқан Ахмед-заки Валиди (Валидов) бар, ол Стамбул университетінің Түрік тарихы бойынша профессоры (1890-1970) болған. 1925 жылдан бастап, өмірінің соңына дейін Заки Валиди Тоган Түркияда өмір сүреді. Әлемдік деңгейдегі ғалым ретінде танылып, ұзақ жылдар бойы Стамбул университетінде Тарих кафедрасын басқарып, профессор болып қызмет етеді. Оның көптеген еңбектері арасында «Хорезмнен келген ежелгі түркі қолжазбалары» (1928), «Моңғолдар, Шыңғыс хан және түріктер» (1941), «Заманауи Түркістанның тарихы» (1947), «Түркі тарихы бойынша анықтама» (1970) атты кітаптарын атап өтуге болады. Түркі эмигрант зиялылары арасында Х.Гайретулланың еңбегін атап өту керек (ұлы – қазақ, кезінде Шыңжаңнан келген), ол – 1940-50-ші жылдары Шығыс Түркістанда Осман батырдың жетекшілігімен болған көтеріліс туралы кітаптың авторы («Кровавые времена на Алтае». – Стамбул, 1977).

Қытайдан көшіп келген қазақ зиялылары арасындағы тағы бір өкіл – Хасан Оралтай (1933-2010). Оралтай – Қытайдың Тарбағатай аумағының тумасы. Хасан Оралтай – Қазақстандағы оқиғалар туралы хабарды Кеңес одағы кезінде тұмшаланған ақпараттық кеңістікте тарата білген азамат. 1968 жылы Хасан Оралтай «Азаттық радиосының» қазақ редакциясына жұмысқа шақыртылады. Ол кезде оның бас мекемесі Мюнхенде болатын. Хасан Оралтай «Азаттықты» 1988 жылдан 1995 жылға дейін басқарды. Оның ең танымал еңбегі «Қазақтың түріктері» (Стамбул, 1976) деп аталады.

Түркияда Түркістанхалқы туралы жазылған батыс жарияланымдарын мұқият тексеріп отырды. 1958 жылы ағылшын парламентарийі Годфри Лиастың «Қазақтың түп-тамыры» атты еңбегі аударылды. Онда Шыңжаңдағы көтерілістен аман қалып, кейін Түркиядан пана тапқан («сырттағы түріктер» тағдырына ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің көбірек назар аударуының арқасында) Осман батырдың ұрпақтары туралы жазылған (**Lias, 1958**).

XX ғасырдағы Түркиядағы белгілі түркітанушылар қатарында



Арат Рашид (Абдурашит) Рахмати (1900-1964) бар, ол – Стамбул университетіндегі Әдебиет факультетінің профессоры (1933). Арат 1920 жылдары Қытайда, 1922 жылдан Германия, 1933 жылы Түркияда қызмет атқарған. 1951 жылдан бері Стамбул университетіндегі Түркітану институтының директоры болған. Ол түркі халықтарының тарихы, тілі, әдебиеті туралы бірнеше еңбек жазған. Сонымен қатар ол 11 ғасырдағы ежелгі түркі әдеби ескерткіші Жүсіп Баласағұнның «Кутадгу билиг» еңбегін зерттеуші ғалым. Сонымен қатар Р.Арат «Ислам энциклопедиясының» негізін салушы әрі редакторларының бірі (Стамбул, 1930-шы жылдар).

Өткен ғасырдың ортасындағы түркі халықтарының тарихын зерттеушілер арасында М.Бозқұрт та болды, ол – Темір мемлекеті туралы іргелі еңбектің авторы, кітаптың атауы – «Ақсақ Темірдің мемлекеттік саясаты» – Стамбул, 1945). Ежелгі түркі ескерткіштері мен жазбаларын зерттеуші ғалымдар арасында Х.-Н.Оркун да бар, ол - «Ежелгі түркі жазба ескерткіштері» еңбегінің авторы (1936-41). Оның «Түркі әлемі» (1932) атты жұмысы да кеңінен танымал.

Германия мен Түркиядағы Орталық Азия мен түркітанудың ғылыми мектептері бір-бірін толықтырып, дамуға өзара ықпал етті. А. фон Габен мен Г.Дёрфердің оқушысы С.Тезджан 1970-ші жылдардың басында Берлинде, осы қаладағы турфан мәтіндері коллекциясын зерттеп диссертация қорғады. Тағы бір германиялық лингвистиканың дәстүрімен жақсы таныс түркітанушы М.Эрдал өз жұмысында ежелгі түркі мәтіндерінің хронологиялық классификациясын жасап, А.М. фон Габен және О.Прицак зерттеулерін жалғастырды, бір жағынан ресейлік және кеңестік түркітанушылардың мәтінді классификациялау әдісіне сүйене отырып, олардың бірқатар ережелеріне қарсы шықты (**Erdal, 1979**).

Түркі мәдениеттануы саласында мойындалған ғалым – А.Оқтай (Стамбулдағы Түркі мәдениеті институтының профессоры), ол – Моңғолиядан Алжирге және Қырымнан Мысырға дейінгі түркі әлемінің бірегей тарихи-мәдени кеңістігінің тұтас картинасын салуға тырысқан ғалым. Анкарадағы Түркі мәдениеті институтында 1950-ші жылдардан бері түркі тарихы мен мәдениеті саласы бойынша жемісті еңбек еткен ғалым – Эмель Эсин (1986 жылы қайтыс болған). Ол бірегей жалпы түркі тарихи-мәдени үрдісінің тұжырымдамасын жасағысы келді. Дәл осындай мәселемен «Қазақ және татар түріктер» (Стамбул, 1976) деген кітаптың авторы М.Энын де айналысты.

Дерекнамалық сипаттағы соңғы жылдары жарық көрген басылымдар арасында ресейлік шығыстанушы А.Васильевтің (РФА-ның Шығыстану институты) «Осман империясы және Орталық Азия мемлекеті: саяси және мәдени байланыстар (XVI-XIX ғ.)» атап өтуге болады. Онда көрсетілген кезеңдегі Осман империясы және Орталық Азия мемлекеттері арасындағы өзара дипломатиялық қарым-қатынас барысы қарастырылған. Осман және ресейлік құжаттар негізінде автор аймақтағы мемлекеттердің Осман империясымен қарым-қатынасын қарастырады. Монографияның басты ерекшелігі алғаш рет посткеңестік шығыстануда Орталық Азия хандықтары тарихы туралы осман тіліндегі құжаттарды ғылыми айналымға енгізгені және оған талдаудың жасалғанында болды.<sup>139</sup>

Түрік деректануындағы ең ірі бағыт лингвистикалық аспектідегі түркітану екені белгілі. Осы саладағы көрнекті ғалым – Хаджеттепе университетінің (Анкара) профессоры, түркітанушы Т.Текин. Ол түркі тілдері өз алдына жеке тіл ме, әлде бірегей түркі тілдерінің жалпы халықтық тілдегі диалектикалық ерекшелік әлде говор ма деген пікірталасқа белсенді түрде қатысты.

Түрік ғалымдары АҚШ-та Орталық Азия және түркі әлемі туралы білімнің дамуына өзіндік үлесін қосты. Осы топқа кіретін Америкадағы түркі диаспорасының ғылыми өкілі, белгілі ғалым, Висконсин университетінің профессоры Кемаль Карпатты (1928 жылы туған) атап өтуге болады. Өз жұмысында ол Орталық Азиядағы түркі халықтарының тарихын Қытай мен Ресей арасындағы геосаяси контексте қарастырады. Барлық түркі ғалымдары сияқты Карпат та түркі халықтары тек өздеріне ғана тән мәдени және этникалық бірегейлікке ие екенін айтады. Осылай бола тұра түркілердің және «сыртқы түркілердің» дамуы ХХ ғасырдағы модернизацияда көрініс тапқандай, белгілі бір үндестікке ие. 1970-ші жылдардың соңында Карпат пантюркизмнің жаңғыруы және оны жақын болашақта заманауи қарым-қатынастардың күн тәртібіне қайта оралту мүмкін деп санаған (**Karpat, 1979**).

КСРО құлдыраған соң Орталық Азиядағы өз мүддесі мен ықпалын арттырғысы келген негізгі ойыншылардың бірі Түркия болды. Анкара өзін батыстағы Орталық Азияның өкілі ретінде Батыс пен Шығыстың арасын жалғайтын көпір ретінде көрді. Анкараның жаңа түркі мемлекеттері арасындағы ықпалын арттыра түскен негізгі құрал

<sup>139</sup> Васильев А.Д. Османская империя и государства Центральной Азии: политические и культурные контакты (XVI-XIX в.). – М.: ИВ РАН, 2014. – 350 с.

біріншіден, түркі мемлекеттерінің одағын құру, екіншіден қарқынды экономикалық қарым-қатынас және инвестиция тарту.

Иран парсы өркениеті ретінде жалпы алғанда ғасырлар бойы Орталық Азияның көршісі болып келді. Оның үстіне Орта Азияның белгілі бір бөлігі ирантілді әлемнің Рах Іranica құрамына кірді. Еуразиядағы шығыс-иран тілдері тобының диалектісінде сөйлейтіндер, яғни ерте замандағы көшпенділер – сақтар, скифтер, массагеттер және басқа да тайпалар Қара теңіз маңынан бастап Әмударияға дейінгі аралықты мекендеген және түркі көшпенділерінің соңғы демографиялық, мәдени және лингвистикалық субстратына жататындар.<sup>140</sup>

Иранның Еуразияның көшпелі әлемімен көрші болуы әйгілі парсы эпосы «Шахнамеді» Иран мен Тұранның бір-біріне қарсы және дихотомия формасында көрініс тапты. Парсылардың ықпалы аймаққа ислам діні тарала бастаған кезде тіптен күшейе түсті. Иран және Орта Азия аумағы б.з.д. I мыңжылдықтың ортасынан бастап XV ғасырда Темір әулеті құлдыраған кезге дейін осы аймаққа иелік еткен барлық империяның құрамында болды. Моңғол шапқыншылығына дейін Хорезм халқының басым бөлігі парсы тілінде сөйледі. Жалпы Орта Азиядағы ғылым мен мәдениеттің өкілдері араб тілімен қатар парсы тілінде де сөйледі және оны өзінің ана тілі санағандар қатарында Ибн-Сина, Фирдоуси, Ұлықбек және т.б. бар.

Орталық Еуразиядағы көшпелі халықтардың тарихы туралы парсы тіліндегі дереккөздер аса құнды болып саналады. Қазақ хандығының пайда болу тарихы туралы басты дереккөз Хайдар Дулатидің осы тілде жазылған – «Тарих-и Рашиди» шығармасы. Хайдар Дулатидің шығармасы қазақ, өзбек, қырғыз, түркімен, ұйғыр және Орталық Азиядағы өмірінің тарихи кезеңдерін суреттейтін шығарма. Бұл еңбек XVI-XVII ғасырлардағы тарихи кезеңді суреттейтін құнды тарихи дереккөз ретінде көпшілікке мәлім.<sup>141</sup>

Кейде араб-парсы әдебиеті немесе «мұсылман тарихнамасы» (араб, парсы және сирек жағдайда түркі тілінде) туралы деп өте әділетті атайды. Моңғол империясының құрылу тарихы туралы орталық дереккөз Рашид ад-диннің – «Жылнамалар жинағы» («Джами ат-таварих») да парсы тіліндегі тарихнамалық дәстүрдің өнімі болып

<sup>140</sup> Қараңыз: Иранский мир II – I тыс. до н.э. Материалы международной научной конференции. – М.: ИВ РАН, 2013. – 128 с.

<sup>141</sup> Қараңыз: Материалы по истории казахских ханств XV-XVIII веков (Извлечения из персидских и тюркских сочинений). – Алма-Ата: Наука, 1969.

саналады. Бұл 1310 жылы Иран моңғол билеушілерінің иелігінде болғанда жазылған іргелі тарихи еңбек. Ұжымдық жұмыстың негізгі авторы Рашид ад-дин болды (1247-1318).

Рашид ад-дин еңбегі күні бүгінге дейін зерттеушілер жауабын таппаған моңғол атауының шығу тарихы және татарлар мен моңғолдардың бір-біріне деген қарым-қатынасы, XIII ғасырдың басында Моңғолияны мекендеген көшпелі тайпалардың қайсы моңғолтілді қайсы түркітілді болды деген сияқты күрделі сұрақтарға жауап бермейді, дегенмен Рашид ад-диннің қытай және басқа да дереккөздерге сүйене отырып жазған еңбегі осы сұрақтардың жауабын шешуге қажетті материалдарды қамтыған.

Парсы тіліндегі ортағасырлық тарихи әдебиет үшін XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырдың бірінші жартысы өсу мен үлкен жетістіктер жылы болды, осы кезеңде әдебиеттегі ең сүбелі шығармалар дүниеге келді. XIII ғасырдың бірінші жартысындағы қыпшақтар туралы жазған автор Ауфи болды (қай жылдары өмір сүргені белгісіз) – парсытілді әдебиет өкілі, Бұқараның тумасы, моңғол шапқыншылығы кезінде Үндістанға қоныс аударған. Шамамен 1228 жылы ол «Әңгімелер жинағы және аңыздың жарқылы» (Джавами ал-хикаят ва лавами ар-риваят) антологиясын жазды.

XIII ғасырдың бас кезіндегі қыпшақтар туралы толыққанды жазылмаса да, әл-Джужджанидің (1193-1260) «Насир тобы» (Табакат-и Насири), атты парсы тілінде жазылған кітабында газневидтер мен гуридтердің тарихы туралы жазылады. Осы ерте замандағы тарихи деректер негізінде құрастырылған еңбектің көп бөлімі сақталмаған, оның басты құндылығы XII ғасырда орталық азиялық аймақты мекендеген түркітілді халықтардың тайпаға бөлінуі мен тілдік құрылымы туралы жазылғанында.

XIII ғасырдың екінші жартысы мен XIV ғасырдың бірінші жартысындағы парсы тілінде жазылған ортағасырлық тарихи әдебиет үшін айтулы еңбектер жарияланған кезең болды. Осы кездегі мазмұны мен жазылуы жағынан парсы тілінде жазылған жалғыз шығарма – Рашид ад-дин Фазлуллах Хамаданидің «Жылнамалар жинағы» («Джами ат-таварих»). Иран, Әзербайжан, Орта Азия елдері және Моңғолия елдері және оның халқы, тарихы туралы толымды еңбек.<sup>142</sup>

<sup>142</sup> Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Том I. Книга первая. – Ред. и прим. А.А.Семенова. – М.,Л.: Наука, 1952 (2002). – 219 с.; Рашид ад-Дин. Сборник летописей. Том I. Книга вторая. – Ред. А.А.Семенова. – М.,Л.: Наука, 1952 (2002). – 315 с. Здесь и далее следует текст Петрушевский И.

Осылайша, иран мұрағаты Орталық Азия тарихы бойынша ұзақ тарихи кезеңдерді қамтитын тарихи материалдарға бай, ал парсы және парсы тіліндегі тарихнама аймақ тарихының бірнеше кезеңін қамтиды. XIX және XX ғасырда еуропалық шығыстанушылар аса құнды ақпараттық дереккөздерді айналымға енгізді, бірақ ирандық мұрағатта Орталық Азия тарихы бойынша одан да басқа дереккөздер болуы әбден мүмкін.

Иран мен Орта Азияның тарихи мәселелері мен мәдени байланысы туралы Р.Ш.Самгабади (Тегеран мемлекеттік университетінің профессоры) зерттеген, ол Иран және Иран халықтарының тарихы, ирандық мәдениеттің 1940-60 жылдары Орта Азияның дамуына әсері туралы арнайы дәріс оқыған ғалым.

Ирандағы тарихи ғылымның дамуына келетін болсақ, еуропалық түсінікпен қарағанда ол XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың бірінші жартысында дамыды. Оның тарихының дамуына бастапқыда француздық тарихнаманың ықпалы болды. Нәтижесінде археологиясының дамуына түрткі болды. XX ғасырда ирандық тарихи мектеп ағылшындардың дәстүрінің негізінде дамыды, кейін оны америкалық мектеп алмастырды (әсіресе шах кезеңі). Тарихтың дамуына қоғамның идеологиялық жағдайы әсер етті. Ғасырдың екінші жартысында оған марксизм мен либерализм жүзеге асты. Бірақ 1979 жылы Ирандағы ислам төңкерісі жеңіске жеткен соң, клерикалдық бағыт басымдыққа ие болды.

Орталық Азия соңғы он жылдықта ирандық зерттеушілер үшін тарихи емес саяси қызығушылық тудырды. Иран Орталық Азия республикаларымен қарым-қатынас орнатқанда жаңа геосаяси алаңда өзінің басымдығын көрсету мақсатында қызығушылық танытты. 1990-шы жылдардағы ең алдымен АҚШ-тың оқшаулауынан кейін Иран Ислам Республикасы Орталық Азиядағы экономикалық, саяси, мәдени ықпалын арттырғысы келді. Ол үшін Иран географиялық орналасқан ерекшелігін тиімді пайдалана отырып, салыстырмалы түрде алғанда ішкі саяси тұрақтылықтың бар екенін ескере отыра, Орталық Азия мен Таяу Шығыстың, Түркия мен Еуропаның арасын байланыстыратын көпірдің ролін атқарғысы келді. Дәл осылай Тегеран аймақ елдерімен қарым-қатынасты орнатты да.

Иран осы өңірге ислам төңкерісінің идеяларын «экспорттауы» мүмкін деген күдікке ілікті, осылайша ол аймаққа өз ықпалын жүргізеді.

Рашид ад-дин и его исторический труд Рашид ад-дин. Сборник летописей. Том I. Книга первая. – С.7-40.

Орталық Азия үшін «түрік-түркі» жобасының негізгі мақсаты аймақта осы «қауіптің» таралуына жол бермеу еді.<sup>143</sup> Орталық Азиядағы Иран саясатының бастауын талдай отырып, осы автор тарихқа жүгінеді. Оның пікірінше, бір-бірін жақтырмайтын иран және араб әлемі арасындағы шекара батыс-ислам (арабтілді) және шығыс-ислам (иран, түркі, үрдутілді әлем) болып сипатталды. Нақты осы шығыс-ислам әлемі парсы мәдениетінің ықпалына қатты түскені сонша, парсылар оны «өзінікі» санайды.

Кеңестен кейінгі дәуірде Орталық Азияның сыртқы саяси институты пен халықаралық қатынастар саласын бірқатар орталықтар зерттеді. Орталық Азиядағы Иран Ислам Республикасы саясатының заманауи дәуірдегі тарихын Э.Эфеджилль пен Л.Стоун (**Efegil, Stone, 2001**) зерттеді. Иранның Орталық Азиядағы заманауи жағдайы мен стратегиясына М.Рахмани үңілді (Иранның саяси және халықаралық зерттеулер институты). Оның пікірінше, Иран осы өңірмен ортақ тарихи, этникалық, тілдік және діни байланысы болғандықтан, өзін Орталық Азияның жалғыз қорғаушысы сезінеді. (**Rahmani, 2003**).

Иранның саяси көшбасшылары жаңа тәуелсіз елдерде болып жатқан жағдайды жіті бақылап отыр. Соңғы он жылда Иранның осы аймаққа ықпалы оның географиялық орналасу ерекшелігіне қарай нарығының өрісін кеңейту және коммуникациялық байланыстарының дамуына байланысты күшейді. Дегенмен, Тегеранның аймақпен қарым-қатынасы қазіргі халықаралық және аймақтық саясатпен, сонымен қатар өзіндік қаржы және техникалық ресурстарының жетіспеуімен байланысты.

Қытай өркениетіндегі тарихи оқиғалардың жылға бөлініп жазылуының үздіксіз тарихи дәстүрі, кемі 2,5 – 3 мың жыл, ғасырлар бойы аспан асты елімен бірге жасасқан Еуразиядағы көшпелі халықтардың және түркі тайпалары, сонымен қатар мемлекеттердің пайда болуы тарихы туралы ерекше тарихи дереккөздердің жинақталуына мүмкіндік берді. Қытай көшпенділермен көрші болып қана қойған жоқ, сонымен қатар көптеген көшпелі империямен ынтымақтасып, бірнеше рет шапқыншылығына ұшырады немесе оларды жаулап алған кездері де болды.

Орталық Азия халықтары туралы алғашқы деректер қытай жылнамаларында б.з.д. I мыңжылдықтың алғашқы жартысында кездеседі. Түркі дәуірі толығымен жазылған. Моңғол дәуірі қытай

<sup>143</sup> Казанцев А.А. «Большая игра» с неизвестными правилами: мировая политика и Центральная Азия. – Москва: Наследие Евразии, 2008. – С. 207-214.

тарихы мен түркі-моңғол халықтарының тарихы өзара сіңісіп, біртұтастанып кеткен (Юань династиясының дәуірі) кезеңді көрсеткен. Қытай дереккөздерінде ақпараттың мол болуы үлкен қызығушылық тудырады, олардың арасында ежелгі түркі тарихы, атап айтқанда – қыпшақ, қаңлы, қарлұқ, ұйғыр, найман, керей, онгут, арғын, жалайыр, қырғыз (әсіресе моңғол билігі үстем болған дәуірде). Осы тарихпен көптеген түркітілді заманауи халықтардың – қазақ, өзбек, қарақалпақ, қырғыз, башқұрт, татар, түркімен, алтай, құмық, карачай, балқар, ұйғыр, тува, хакастардың этногенез мәселесі тығыз байланысты. Түркілер туралы қытай дереккөздері, нақтырақ айтқанда Орталық Азияға қатыстысы араб-парсы және басқа да дереккөздерді толықтыра түседі. Сонымен қатар қытай дереккөздері XIII ғасырдағы түркілер туралы Қытайдағы ең негізгі дереккөз болып табылады.

«Чан-Чунь чжэнь-жэнь си-ю цзи» (Чан Чунь монахының батысқа саяхаты туралы жазбасы) – моңғол дәуіріндегі түркілер тарихы туралы ақпараты бар ең көне дереккөз. Онда Қытайдан шыққан даос дінін ұстанатын, саяхатшы қытай сопысының Шыңғыс ханның Хорезмшах мемлекетіне қарсы жорығы кезінде (1219-1225 жж.) Қазақстан мен Орта Азияға жасаған сапары туралы жазылған. «Си-ю цзи» – осы саяхат барысында Чан Чуньнің шәкірттерінің бірі Ли Чжичанның көрген-білгенін күнделік етіп жазып қалдырған мұрасы.

1989 жылы қазақстандық ғалымдар К.Хафизова мен В.Моисеев (ҚазСРО ҒА ТАЭИ) «Цин империясы және қазақ хандығы» (қытай, түркі, сонымен қатар орыс тілінде) атты екі томдық құжаттар жинағын дайындаған. Онда XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың алғашқы отыз жылы аралығындағы қазақтардың Қытайдың Цин империясымен қарым-қатынасы туралы жазылған<sup>144</sup>. Қытай құжаттары мен материалдары негізінен екі іргелі дереккөздерден алынған, біріншісі – «Да Цин личао шилу» («Ұлы Цин династиясының барлық билеушілері туралы шынайы жазбалар» немесе «Ұлы Цин династиясының басқаруы туралы хроника») және «Циньдин пиндин чжунгээр фанлюа» («Жоңғарлардың тыныштық орнату туралы стратегиялық жоспары» немесе «Жоңғарлардың тыныштық орнатуының бекітілген жоғары сипаттамасы»).

Чжэнь Цзиньлун осы мәселеге бірқатар жұмысын арнаған. Соның ішінде «Қытайдағы түркі халықтарының саудасы» және «Цин династиясы билеген кездегі Қытай Түркістанындағы сауда» атты

<sup>144</sup> Цинская империя и казахские ханства. Вторая половина XVIII – первая треть XIX в. – Алма-Ата: Наука, 1989. Часть I. – 216 с.; Часть II. – 227 с.

мақаласы бар<sup>145</sup>. Басында Чжэнь Цзиньлун түркі халықтары мен қытайлардың сауда қатынастарының қалыптасу кезеңіне тоқталып, оның ежелгі сипатқа ие екенін баса айтады. Сауданың жоғары қарқынмен дамуы және соның негізінде пайда болған мәдени өзгерістер автордың пікірінше, Шығыс Түркістандағы географиялық жағдайдың ұтымды болуы ғана емес, сонымен қатар Шығыс және Батыс Азия аралығын мекендеген түркі тайпаларының да пайдасына шешілді. Орталық Азияны зерттеуге қатысты қытайдың марксистік тарихнамасында біраз уақыт бойы кеңестік идеология үлгісі (таптық тәсіл, тарихты беске бөліп қарастыру, Ресей мен КСРО-ның қарқынды ықпалы және т.б). Бірақ ҚХР мен Кеңес Одағы, КОКП және ККП арасындағы қарым қатынас нашарлап кеткендіктен, Қытайдың тарих ғылымында ұлтшылдық және ұлыханьдық бағыт үстем, яғни қытай идеологиясына тән қытайға орталықтандырылған тәсіл басымдыққа ие болды.

Орталық Азияны Қытайдың тұрақты стратегиялық тылы ретінде сақтау – Бейжіңнің жаһандық стратегиясы мен геосаясатының маңызды аспектісі. Бұл Орталық Азияны ҚХР-дың жалпы сыртқы стратегиясына қосу дегенді білдіреді, оның ішінде осы стратегиядағы ролін анықтау да кіреді. Осы фактор қытай тарихы ғылымына Орталық Азия мен Еуразияны зерттеуде сөзсіз ықпал етеді, оның басты міндеті – осы аймақтар үнемі аспан асты елінің ықпалында болған немесе оның өркениетті ықпалының зонасына кіреді дегенді дәлелдеу. Тарихи базасының бай болуы мен үздіксіз тарихи дәстүрі арқасында қытай тарихшыларына оны жүзеге асыру қиынға соқпайды. XIX ғасыр соңы мен XX ғасыр басында Жапония Қиыр Шығыста Шығыс Азияны басып алу мақсатында агрессивті саясатты жүзеге асырды, ең алдымен Корея және Мәнжүрия нысанаға алынды. Жапония осы аумақты уақыт өте келе Қытайды жаулап алатын және Орталық Азияға енуге мүмкіндік беретін шабуыл жасауға даярлық жүргізетін жер ретінде қарастырды. Бірінші дүниежүзілік соғыс кезінде жеңімпаздар қатарынан көрінген Жапония Германияның Қиыр Шығыстағы және Тынық мұхитындағы бұрынғы отарларына иелік етті. Осы жағдай Жапонияның Азияда үстемдік құруы үшін, биліктегі топтың жаңа аймақтарды басып алу және онда билік жүргізсем деген экспансиялық пиғылын қыздыра түсті.<sup>146</sup>

<sup>145</sup> Shen Ching-Lung. Trading activities of the Turkic peoples in China. – Central Asiatic Journal (Wiesbaden). 1981. Vol. XXV. No 1-2, pp.38-53.

<sup>146</sup> Қараңыз: Досовицкая В.В. Япония и страны Центральной Азии в первой половине XX в. //



Орта Азия деген жапон шығыстанушыларының түсінігінде Шығыс (Қытай), Батыс (Орыс) және Ауған Түркістаны, кейде оны тек Шығыс Түркістан деп қарастырады. Осы аймақты зерттеу тарихы Жапонияда XIX ғасырдың екінші жартысында басталды. Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін ол негізінен Батыс өлке (Си-юй) бойынша жазылған дереккөздерге негізделді және оны жалпы Орта Азия емес, Шыңжаң жұмысы ретінде сипаттау керек. Тек XX ғасырдың екінші жартысында ғана жапон ғалымдары осы аймақ тарихы бойынша қытай дереккөздерінен де басқа материалдарды пайдалана бастады. Осы сала бойынша жапон жарияланымдарының саны аз. Олардың дені тарихи зерттеулер мен библиография.<sup>147</sup>

Жапониядағы Орталық Азия бойынша зерттеу жоғарыда айтылғандай, XIX ғасырдың екінші жартысында басталды. Осы аймақтың өткені, әсіресе оның XV ғасырға дейінгі тарихы жалпы шығыстану аясында қытайтілді материалдар негізінде зерттелді. 1970-ші жылдардан бастап жапон ғалымдары жергілікті тілде жазылған түпнұсқа материалдарға назар аудара бастады. Осы кезеңге патша және Ресей империясы мен КСРО-ның кеңес кезеңі кезіндегі тарихы туралы, жалпы орталық азиялық аймақты қамтыған зерттеулердің пайда болуы жатады. Дегенмен, Орталық Азия жалпы алғанда Кеңес Одағы құлағанға дейін зерттеудің ең әлсіз дамыған саласы болды.<sup>148</sup>

Айта кету керек, екінші дүниежүзілік соғысқа дейін осы аймақ тарихы бойынша жазылған жұмыс негізінен қытай дереккөздерінің нақты талдауына негізделді, ал соғыстан кейінгісі ортаазиялық авторлар мен жапон ғалымдарының Орталық Азияға жасаған саяхаттары кезінде жинақталған материалдарға сүйенді.<sup>149</sup>

Дегенмен, шығыстанушы ғалымдардың бірқатары Орталық Азияның ортағасырлық тарихын жоғары деңгейде жазып шықты. Осындай еңбектердің қатарында түркітанушы, Моғолстан және қазақтардың ежелгі тарихы бойынша маман Эйдзи Маноның (Киото университетінің проф.) «Орталық Азияның тарихы» (**Mano, 1977**) атты

Восток. Афро-азиатские общества: история и современность (ИВ РАН). 2013. № 2. – С. 179-185.

<sup>147</sup> A Bibliography for the Study of Central Asia-Japanese Works from 1896 to 1957. -Kyoto, 1959. A Bibliography on the Hsin-chiang Region 1886-1962. – Tokyo, 1962. Books and Articles on Central Asia published in Japan 1886-1977. Bibliography of Eastern and Western Contacts. – New York, Tokio, 1979.

<sup>148</sup> Добринская О.А. Япония - Центральная Азия: в поисках нефти и статуса // Азия и Африка сегодня (Москва). 2011. № 8. – С. 45-50. Нурғалиев М. Перспективы Японии в Шанхайской Организации Сотрудничества // Центральная Азия и Кавказ (Лулеа, Швеция). 2009. № 1. – С. 109-117. Чжан Яо. Внешняя политика Японии в Центральной Азии // Политика в XXI веке: вызовы и реалии: Аналитический альманах / Под ред. к.и.н. Е.С. Хотьковой; Рос. ин-т стратегич. исслед. – М.: РИСИ, 2009. – № 11 (21). – С. 116-125.

<sup>149</sup> Historical Studies on Central Asia in Japan. – Acta Asiatica. – Tokyo, 1981. T.41. VI. - 122 p.

зерттеуі бар. Ортағасырлық тарих бойынша тағы бір маман – Шиндзи Маэдзима (Кейодағы университет), оны қызықтырған тақырып – Орталық Азияға ислам діні таралған кезең, Талас шайқасының тарихи мәні және аймақты исламдандырудың нәтижесі. Номадизм мәселесімен 1960-шы жылдары Шығыс мәдениеті институтында Ивamura Шинобу айналысты.

Орталық Азияны зерттеумен кеңес дәуірі кезінде кәсіби деңгейде айналысқан Х.Комацу, Батыста дайындықтан өтіп, батыстың академиялық журналдарында 1980 жылдардың екінші жартысында еңбектерін жариялай бастады. Оның ғылыми қызығушылық салалары ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы Орыс Түркістанының тарихы. Аймақтың заманауи саясаттануымен осы кезеңде Т.Куцио айналысты. Ол – Шығыс институтының қызметкері (Тойо Бунко), 1986 жылы алғашқылардың бірі болып Қазақстандағы желтоқсан оқиғасы туралы жазған ғалым. Тору Сагути есімді ғалымның атын атамасқа болмас (Каназаве университетінің профессоры), ол – Шығыс Түркістан туралы көптеген еңбектердің авторы, оның ғылыми қызығушылық саласы – Ресейдің Азиядағы сыртқы саясаты және Орталық Азиядағы көшпелі қоғам, Қоқан хандығы және Ұлы жүз халқының этнографиясы. Оның ең ірі еңбегі – «18-19-шы ғасырдағы Шығыс Түркістанның әлеуметтік тарихы» (Токио, 1963).

Орталық Азия елдеріндегі республикалар тәуелсіздік алған соң, Жапонияда да әлемнің басқа елдеріндегі сияқты осы аймаққа деген қызығушылық жоғарылады. Орталық Азияны зерттейтін мамандар тапшы болғандықтан, ақпаратқа деген сұраныс жоғарылап, басқа аймақтардағы сарапшылар бір-бірімен бірлесе жұмыс істей бастады. Алғашқы он жылдық аяқталған соң Орталық Азияны зерттеуге маманданған, орыс тілімен қатар, жергілікті тілдерді меңгерген ғалымдардың жаңа легі пайда болды. Олардың зерттеу нысанына басқа да ғылыми пәндер тарапынан қарастырылған тарихтан да басқа салалар ілінді.<sup>150</sup>

Жапон саясатының Орталық Азия аймағына қатысты мынадай бір қарама-қайшылығын атап өту керек. Бұл қарама-қайшылық Жапонияның дуалды, екіжақты геосаяси жағдайы нәтижесіне байланысты. Бір жағынан Жапония дәстүр бойынша «суық соғыс» дәуірінен бері Батыстың бөлшегі болып табылады, АҚШ және

<sup>150</sup> Қараңыз: Нацую О. Исследования Центральной Азии в Японии: современное состояние и задачи // Республика Казахстан: достижения независимости и взгляд в будущее. Материалы IX Ежегодной Алма-атинской конференции. – Алматы: КИСИ, 2011. – С. 29-35.

Батыс Еуропамен қатар үштағанның бірі. Солай бола тұра Токио сыртқы саясатының маңызды факторларының бірі - Қытай. Ресей-Жапон стратегиясының Еуразиядағы басқа элементі және нысаны. Жапон-Ресей қарым-қатынасында тарихи мәселелер энергетика, экономикалық мүдде және аймақтық қарама-қайшылықтармен біте қайнасқан.

1997 жылы Жапония Орталық Азияға қатысты саясатын «Еуразиялық дипломатия» доктринасында көрсетті. Алайда, жаңа концепция жапондардың аймаққа қатысты сыртқы саясатының белсенді сипатқа ие болуына ықпал еткен жоқ. Кейбір зерттеушілер Жапон саясатының (Оңтүстік Кореяныкі сияқты) Орталық Азияға қатысты мынадай ортақ сипаттамасы бар деп санайды: жердің шалғай болуы және ортақ тарихи дәстүрдің болмауы экономикалық құралдарды белсенді пайдалануға кедергі келтіреді. Солай бола тұра екі елдің де Қытайға қатысты ортақ геоэкономикалық мүддесі бар: Орталық Азиядағы даму векторын Азия-Тынық мұхиты аймағына қарай бағыттау. Жапонияның Орталық Азиядағы саясатының мақсаты мен мотиві мынадай, Орталық Азия оларды Азия-Тынық мұхиты аймағын кеңейту мақсатында қызықтырады және оны Еуропамен жалғайтын жаңа бағыттарды құрғысы келеді.

XXI ғасырдың басында Орталық Азия бойынша маманданған ғалымдарды дайындап, біртіндеп олардың ұйымдасқан базасын құру басталды. «Шығыс кітапханасы» – Жапониядағы шығыстану бойынша аса құнды материалдар сақталған ең үлкен және ежелгі кітап қоймасы. Кітапхана барлық Азия аймағының тарихы мен мәдениетін зерттеу орталығы ретінде қызмет атқарады, сонымен қатар «Исламдық аймақтық зерттеу» жобасына қатысады. Шығыс кітапханасында Орталық Азия бойынша «XVIII-XX ғасырлардағы зерттеулердегі заманауи еуразиялық үдерістер» (Research Trends in Modern Central Eurasian Studies (18th-20th Centuries) деп аталатын екі томдық еңбек ерекше сұранысқа ие, онда әлемнің түкпір-түкпіріндегі заманауи Орталық Еуразия зерттеушілерінің 1985 – 2000 жылдар аралығында жазған зерттеулері жинақталған. Жапониядағы зерттеулер туралы профессор Х.Комацу жазған 1-ші томдағы материалдан білуге болады <sup>151</sup>.

<sup>151</sup> Komatsu, H. «Modern Central Eurasian Studies in Japan: An Overview 1985-2000», S. A. Dudoignon and H. Komatsu eds. Research Trends in Modern Central Eurasian Studies (18th – 20th Centuries): A Selective and Critical Bibliography of Works Published between 1985 and 2000, Part I, – Tokyo: Toyo Bunko, 2003, – pp. 127-155.

«Шығыс кітапханасының» өкілдері арасында Ұлы Жібек жолы тарихы туралы жазған ғалым Кацуо Энокиды атауға болады, ол да «Орталықазиялық журнал» редакциялық комиссиясының мүшесі болған (Висбаден).

О.Нацуко атап өткендей, соңғы он жылдықта Жапонияда Орталық Азия бойынша жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының саны да, сапасы да өскен. Осы тақырыппен айналысатын сан салалы мамандардың да қатары көбейді, Орталық Азия тарихына арналған және соған жартылай қатысы бар көптеген жобалар жүзеге асырылуда. Тек монографиялар мен мақалалар ғана емес, энциклопедия және басқа да ақпараттық-анықтамалық және академиялық сипаттағы Орталық Азия туралы жан-жақты сипаттама беретін жалпы оқырман қауымға арналған жарияланымдар жарыққа шықты. Сонымен қатар Орталық Азия ғалымдарымен түрлі халықаралық конференция мен семинарлар кезінде байланыс орнатылып және студент алмасу жұмыстары жүзеге асырылуда.

Осындай нәтижеге жету О.Нацуконың пікірінше, алда күрмеуі көп мәселелердің одан да көп екенін аңғартады. Біріншіден, әлі зерттеу жұмыстарында бірқатар елдер қамтылмаған, зерттеу тақырыбын қамтығанда көптеген ақтаңдақтар кездеседі. Жоғарыда аталып өткендей, Жапониядағы Орталық Азия тарихын зерттеу нәтижесі бойынша тарихи бағыт ең дамығаны болып саналады, ал заманауи саясат пен аймақтағы елдердің экономикасы әлсіз зерттелген. «Орталық Азиядағы бес республикасы бойынша мамандар негізінен Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанға баса назар аударған, бұл әрине объективті жағдайларға байланысты, дегенмен ғалымдарға Тәжікстан мен Түркіменстанға да көбірек көңіл бөлуі керек», дейді жапон зерттеушісі.

Екінші міндет – жапон ғалымдарының Орталық Азия бойынша жұмыстары халықаралық аудитория үшін қолжетімді болуы. Соңғы кезде ағылшын, орыс және басқа да тілдерде Орталық Азия туралы еңбектер жарық көре бастады. Дегенмен, күні бүгінге дейін Орталық Азия бойынша жазылған еңбектер тек қана жапон тілінде жарияланады. Сондықтан болашақта ең алдымен жапон тілінде жазылған ғылыми жұмыстарды ағылшын тіліне тәржімалайтын баспанының жұмысын жандандыруды қолға алу керек.

Жапонияның академиялық қауымдастығы 2000-шы жылдардың соңында Орталық Азия аймағы бойынша «Жібек жолындағы

Жапонияның дипломатиясы» атты ұжымдық монография жазуға қызығушылық танытты. Осы жұмыстың редакторлық кеңесін басқарған Уяма Томохико мен Хиросе Тецуя (К.Ленмен әріптестік байланыс орната отырып) еңбегі Орталық Азиядағы Токионың бұрынғы тарихы және заманауи саясатына арналған және Күн шығыс елінің біздің аймақпен орнатқан әріптестік байланысының барлық аспектісін қамтиды (**Len, Tomohiko, Tetsuya, 2009**). Зерттеушілер жапонның билігі ешқашан да Орталық Азияны дипломатия және сыртқыэкономикалық стратегиясында аса маңызды аспект ретінде қарастырмағанын мойындайды.

Жапония географиялық жағдайы мен экономикалық байланысын негізге алатын болсақ, шынымен де азиялық держава. Оның мүддесі Батыстағы экономикалық күш орталықтарында болып жатқан жағдайға ғана байланысты емес, сонымен қатар Қытай экономикасы, Оңтүстік-Шығыс Азия, сонымен қатар энергия ресурстарының аса маңызды қайнар көзі Таяу Шығысқа да тәуелді. Экономикалық ықпалы ауқымды болып саналатын Жапонияның Қазақстанда, Орталық Азияда, ресейлік Сібір және мүмкін Қытайдың батыс аймағында да ірі көліктік коммуникация және инфрақұрылымдық жобалармен байланысты қолдайтыны сөзсіз.

## II Тарау. Қазақ хандығы

Біртұтас Еке Ұлысы құлдыраған соң (Ұлы Моғұл ұлысы), Қазақстан территориясында бірнеше мемлекет пайда болды, олар: Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Моғолстан, Сібір хандығы, Әбілқайыр хандығы. Алтын Орда мемлекеттерінің халқы мекендеген Еділден Жетісуға дейінгі және Орта Азия шекарасын қамтыған алып аумақта физиологиялық бет-бейнесі ортақ және ажырамас, қандай да бір диалект не говорсыз тілдесетін бірегей халық қазақтардың ұзақ ғасырларды қамтыған ұлт болып қалыптасу үрдісі аяқталады. Қазақтың пайда болуы туралы мифтік шежіресі пайда болады, ол әдетте аңызға айналған ежелгі әңгімелерде қасқырдан туған деп айтылатын қазақтардың ортақ бабасы Қазақбай, Алаш хан туралы.

Қазақ хандығының ерте тарихы дала дамуының соңғы кезеңі және империяның аласұрған кезімен тікелей байланысты. Оған кейбір ескертумен XVI-XVII ғасырларда құрылған ұлы дала империясының соңғы эпигоны Қазақ және Жоңғар хандығының құрылуын жатқызуға болады. Қазақ хандығы территориясы жағынан Орталық Азияда Темір билік құрған кезден бастап ең ауқымды ел болды және ұлы Тұран даласымен қатарласа қоныстанған барлық көршілеріне дерлік әскери-саяси қысым көрсетті. Сайланбалы өкіметтің өкілеттілігі жағынан Қазақ хандығы Моңғол мемлекетінен бастау алды және далада шыңғыстық дәстүрді ұстанды. Сонымен қоса, қазақ сұлтандары Орталық Азиядағы Шыңғысхан дәстүрінен бастау алған держава егемендігінің соңы болды, бұл жағдай оларға ғасырлар бойы Орта Азиядағы мемлекеттердің саяси оқиғаларына араласуға мүмкіндік берді.

Сонау Шыңғыс хан, Жошы мен Батулардан бастау алған осы сайланбалы өкіметтің өкілеттілігі қазақ даласында XIX ғасырдың жиырма бесінші жылдарына дейін болып, кейін орыс билігі оны жойды. Осыдан кейін төре тұқымдары Орта Азияны басқару құқын иеленуден айырылды, ал 1917-20 жылдары болған төңкерістен кейін сословие, яғни тең құқықты адамдардың қоғамдық тобы ретінде жойылды. Осылайша, Қазақстан тарихын даладағы шыңғыстық саяси дәстүрді біртіндеп жойған деп қарастыруға болады. Бұл бір жағынан тым біржақты болар еді, бірақ ол қазақтардың тарихи

дамуындағы басты және басымдыққа ие дала империясының соңғы эпигоны ретіндегі бағытты айқындап көрсетеді. Осы бағыт марксистік концепциядан феодалдық қатынастарды «ыдыратуға» ыңғайланған, сонымен қатар батыстық көзқарас бойынша Орталық Азиядағы ұлтшылдықтың дамуына жаңа уақытта аймақтағы ұлттың саяси қалыптасуына басымдық берген бағыт ретінде қатты ерекшеленеді. Осындай тәсіл қазақтар мен олардың тарихи тағдырын басқа көршілерінен ерекшелейді және бұрын түсіндіру мүмкін болмаған көптеген деректерді түсіндіруге мүмкіндік береді. Осындай тарихи тәсіл XVIII-XX ғасырлардағы көптеген деректер мен тарихи үрдістерге жаңа көзқараспен қарауға мүмкіндік береді, сонымен қатар оның қазір болып жатқан жағдайларға да қатысы бар.

Ордадан кейінгі уақытта, А. Смағұлов атап өткендей, қазіргі Қазақстанның аумағында Шыңғыс ханның ұрпақтары арасындағы күрес күшейіп кетті. XV ғасырдың 20-шы жылдары Жошының тұңғышы Орда-Ежен ұрпақтары құрған Ақ орда құлдырап, осы аймақты басып алған соң, билік Жошының үшінші ұлы Шибанның ұрпақтары Әбілқайыр ханға өтеді. Жаңа мемлекет пайда болады, халқы сол баяғы болғанмен, билікке басқа әулет келеді. Әдебиетте оны «Әбілқайыр хандығы» немесе Орта Азиядағы кейінгі өзбектерден ажырату үшін «Көшпелі өзбектердің мемлекеті» деп атайды.

Керейдің ұлы Бұрындық пен Жәнібектің ұлы Қасым қазақ тайпаларының басын біріктіру және мемлекеттің территориясын кеңейту үшін басқа династия өкілдерімен ұзақ жылдар бойы күресті. Ең қауқарлы қарсыластары Әбілқайырдың немересі Мұхаммад Шейбани хан болды. Қазақ билігіндегілер одан үстем түсіп, оның Орта Азияға кетуін талап етті. Шейбани хан өзімен бірге көшпелі тайпалардың біразын ерте кетіп, Орта Азияны жаулап алды. Олар жаңа қоныстанған жерінде «өзбек» деген атаумен белгілі болса, қалған тайпалар Орда-Ежен ұрпақтарының билігін мойындап, «қазақ» болды.

XVI ғасырдың 20-шы жылдары билікте Қасым хан болған кезде қазақ тайпалары бірлесті, ал қазақ ұлыстарының мекендеген аумағы қазіргі Қазақстанның территориясымен сәйкес келді. Ол «Қасым ханның қасқа жолы» атты алғашқы заңдар жинағын шығарды.

Қазақтардың ұлысы үш ғасырға жуық өмір сүрді. Қазақ ұлыстарының әлсіреген кезеңдері болды, әсіресе Тахир мен Бұйдаш хан тұсында, алайда мемлекет қайтадан күш жинап, көптеген қарсыластарына қарсы төтеп берді.

Есім хан қазақ ұлыстарының құрамына оңтүстіктегі территорияны қосып берді, оның ішінде кейін уақыт өте келе мемлекет астанасы болған Ташкент те кірді. Оның билік құрған заманында Шыңғыс ханның «Ясасының» негізгі бағыттарын қайта қалпына келтірген «Есім ханның ескі жолы» атты заңдар жинағы қабылданды.

Қазақ әміршілері Орта Азияны, Ноғай Ордасын, Моғол мемлекетін билеушілермен соғысты. Қазақтардың ең күшті қарсыластары XVII ғасырда Қазақ ұлысының шығысында өз мемлекеттерінің негізін қалаған қалмақтардың көшпелі тайпалары (қалмақ, жоңғар) – Жоңғар хандығы болды. Жоңғар шапқыншылығы жиілей беретіні белгілі болған тұста, Тәуке жоғарғы билікті барынша күшейтті. Осы ханның тұсында Қазақ хандығында «Жеті жарғы» заңдар жинағы қабылданды.

Жоңғарлармен шайқас қанқұйлы болды. Қазақтар үшін қаралы болған «Ұлы жұт жылдары» – 1723-25 жылдар, осы кезеңде жоңғарлар қазақтарға тұтқиылдан шабуылдап, халық ойсырап, жұтап кетті. Алайда, кейін қазақтар күш біріктіріп, жауға есені қайтарды. Біріккен қазақ қолының жоңғар басқыншылығына қарсы жүз жылдық азаттық соғысында бетбұрыс жасаған ең ірі жеңісі Аңырақай шайқасы деген атауға ие болды.

Қазақтар XVIII ғасырға дейін өз тәуелсіздігін сақтады. Абылай хан қазақ тайпаларының басым бөлігі билігін мойындаған қазақтың соңғы билеушісі болды. Оның немересі Кенесары, XIX ғасырда қазақтардың қолын тәуелсіздік жолындағы күресте бастап, барша қазақтың ханы ретінде танылды, бірақ барлық тайпалар оның билігін мойындаған жоқ. Оның өлімінен соң қазақтар тәуелсіздікті шамамен 150 жылдан кейін алды.

Осылайша тарих сахнасынан Еуразиядағы түркі-көшпенділердің соңғы мемлекеті де кетті, олар соңына дейін дала номадизмінің дәстүріне берік болды. Мүмкін оның жойылуы оның тарихи тағдыры болар. А.Тойнби, Д.Снейс және т.б. атап өткендей, көшпенділер климатқа бағынышты және жылдам өзгеретін әлемде еш болашағы жоқ өз өркениетінің тұтқыны болғалы қашан. Бірақ олардың ежелгі территориясында сол аймақты мекендеген халықтың ұрпағының маңдайына сапалы басқа мемлекет құру жолында тағдырдың тезі мен тозақтың өзінен аман-сау қалу бақыты бұйырды.

Ағылшын зерттеушісі Ширин Акинер өзінің «Қазақ бірегейлігінің қалыптасуы: тайпадан ұлттық мемлекетке дейін» (1995) деген кітабында қазақ мемлекетінің пайда болуы мен дамуының өзіндік



тұжырымдамасын ұсынады. Акинердің пікірі бойынша, XIX-XX ғасырларда қазақ қоғамы терең трансформациялық үрдістерді бастан кешірді. Оның басты мәні – тайпа болып топтасқан халықтан мемлекет құрған ұлт ретінде даму эволюциясы. Ортағасырлық қазақ тарихы осы серпілісті жасаудың бастамасы болды. Дегенмен, Акинердің пікірінше, қазақ тарихының бастауын заманауи мемлекет құрғанға дейінгі екі мың жыл бұрынғы кезеңнен іздеу керек (**Akiner, 1995, 2-ші бет**).

Француз ориенталисті К.Пужоль өзінің «Қазақстан» кітабында «Қазақстан тарихы – заманауи әлемнің және отырықшы идеологияның көшпелі еркіндіктен, жазылған дүниенің айтылғаннан үстем болғандағы жеңісі», - деп атап өтті. Оның спецификасы оның автохтонды актерлерінің сапасы, ата-баба мұрасының белгілі бір бөлігіне иелік ете білуінде, олардың әбжілдігі және бейімделе алатын әлеуеті мен жадын сақтап қалуының арқасында туды (**Poujol, 2000, 5-ші бет**).

## § 1. Темір әулетінен кейінгі Орта Азия

Моңғол шапқыншылығынан кейінгі және Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі даладағы оқиғалар Б.Брентьес пен Л.Альбаумның «Даланың қожайындары» (1986) кітабында толық жазылған. XV-XIX ғасырлардағы оқиғаларды сипаттағанда біз осы авторларға сүйенеміз. Моңғолдардың Еуропаға шапқыншылығы кезінде Бату ханның жанында оның ағасы Шейбан (Шайбан) болды, ол Батыстағы жаулап алынған жерлерге иелік етпекші болған еді. Алайда, жорықтан кейін Шейбанның ұлысына Жайық пен Ертіс өзенінің жоғарғы сағасы аралығындағы аймақ кірді. Шейбан ұлысының көршілері XIV ғасырда Еділ бойындағы даладан көшіп келген «Ақ орда» болды. Оның көшпелі халқы Шейбан ұлысының қатарына қосылып, кейін уақыт өте келе өзбек атанып кетті. Ұлыс құрамына мынадай түркі және түркіленген моңғол тайпасының өкілдері кірді: қаңлы, қарлұқ, ұйғыр, жалайыр, қытай, татар, моғол, барлас, меркіт және т.б.

1428 жылы Шейбани ұлысын басқарған Әбілқайыр хан Тобыл, Жайық пен Сырдария арасын мекендеген көшпелі тайпалардың басын біріктіріп, 1430 жылы оңтүстіктегі Темір хан басқарып отырған елге қарсы күресті бастады. 1447 жылы замандастар өзбек деп атаған тайпалар Сырдария облысын басып алып, Сығанақты өз астанасы етіп жариялады. Солтүстікте тура осындай құраммен Сібір хандығы құрылды. Осы кезде

Әбілқайыр хан қатаң орталықтандырылған тайпа одағын қайта құрғысы келді, бұл ой Шыңғыс хан ұрпақтарына ұнамады. Сол себепті Керей мен Жәнібек сұлтандар бастаған бір топ ру өзбек ұлысынан бөлініп шығып, Моғолстандағы Шағатай ханның иелігіне өтті (Жетісудің шығысы). Кейін олар «қазақ» атанып, даладағы ұзақ уақытқа созылған сұрапыл соғыстарға қатысты (**Brentjes, Albaum, 1986, S. 111**).

Түркі мұсылман тайпалары арасындағы алауыздықты Батыс Моңғолиядағы буддизм дінін ұстанатын моңғол тайпалары (ойраттар) тиімді пайдаланды. Олар өздерінің дала империясының жер аумағын кеңейту үшін шейбанидтердің ұлысына шабуыл жасады. 1450 жылы олар Тұран даласына еніп, 1456/57 жылдары Өзбек хандығын қиратты және Сырдария аймағындағы мәдениет, сауда мен қолөнер орталығы болған гүлденген қалаларды талқандады. Қазақтар осы жағдайды пайдаланып, 1468 жылы өздері мекендеген көшпелі өңірлеріне қайтып барып, шайқаста жеңіліп қалған Әбілқайыр ханның қалған әскерінің көзін жойды.

Осы ханның немерелерінің бірі Мұхаммед Шейбан осы шайқастан аман қалған соң, әрі қарай сол заман үшін қалыпты болып саналған көптеген княздіктердің қызметінде болып, әскериленген барымташылар іспетті топты басқарды, сөйтіп Темір әулетінен қалған дүние-мүлікке таласып, шайқасты. Мұхаммед Шейбани Моғұлстан билеушісі Махмұд ибн-Жүністің қызметінде болып, Темір әулеті ұрпақтарына қарсы бытырап кеткен өзбек тайпаларының басын қосып шабуыл жасады. Тарихта есімі Үндістанды жаулаған ақын ретінде қалған Бабыр өзбектерге қарсы тұра алмады. 1500 жылы Мұхаммед Шейбан Бұқара мен Самарқандты, кейін Балх пен Құндызды және барлық Ферғана алқабын өзіне қайтарып алды. 1505/06 жылға қарай өзбектер Хорезмдегі Темір әулеті ұрпақтарын жеңіп, олардың иелігінде болған жерлерді толық басып алды.

Хусейн Байқара сұлтан қайтыс болғаннан кейін Мұхамед Шейбани Гератты еш қиындықсыз иеленіп алды. Осылайша, ол Темір әулетіне тиесілі аймақты басқарып, Үндістанға жорық жасауды жоспарлады. Бірақ оған Сырдарияның солтүстік аймағында бірлескен, Жәнібек ханның ұлы Қасым (1509-1518) бастаған қазақтар тарапынан жасалған қысым кедергі жасады. Осы оқиға қазақтың «Едіге батыр» және «Алпамыс батыр» атты батырлар жырында көрініс тапты. Сонымен қатар онда олардың Алтын Орда мен Тоқтамыс ханға қарсы жорықтары да суреттелген. Ал «Қобыланды батыр» жырында Қазақ хандығының

құлауы, «Ер-Тарғында» Қырым хандығының ерте тарихы көрініс табады (**Wiener, 1950, 280-291-ші беттер**).



Қасым ханның өлімінен кейін Б.Брентъес пен Л.Альбаумның пікірінше, қазақтың дала империясы үш жүзге бөлініп кетті. Ұлы, Орта және Кіші жүз. Олар 1538 жылы қайтадан күшпен біріккен кезде, олар тағы да қайтадан өзбектерге қауіп төндірді, осы жағдай XVII ғасырға дейін жалғасын тапты. 1598 жылы олар Бұқараны басып алды және кейін одан күшпен шығарылды. Қазақ хандығы құрылғаннан кейін өзбектер екі оттың ортасында қалды.

Оңтүстіктен оларға Иранның сафавидтері шабуыл жасап, парсыларды басқарып отырған Исмаил шах Орта Азияны өз иелігіне өткізгісі келді. Шайбаниліктер Иранның шииттерімен болған қақтығысты кейін діни соғысқа ұластырды. 1510 жылы шайбани әскері қазақтармен шайқасып, Исмаил шах олардың иелігіндегі Мешхедті басып алды. 1510 жылдың желтоқсанында Мұхаммед Шайбани парсыларға Мервта тойтарыс бере алмай, шабуыл кезінде қайтыс болды. Оның бас сүйегі жеңіске жеткен тараптың олжасына айналып, парсылар оның жауынгерлерінің де бас сүйегін жинап, Мервтың жанында төмпешек етіп үйді. Бұл олардың өзбектерді ойсырата жеңгенінің символы болып саналды. Ал өзбек сұлтанының бас терісін сыпырып алған Исмаил оны одақтасы, түрік сұлтаны II Баязитке жіберді (**Brentjes, Albaum, 1986, S. 114**).

Ауғанстанда болған Бабыр парсы шииттердің көмегімен Герат пен Балхты иеленді, ал 1511 жылы ол Самарқандты басып алды. Алайда жергілікті халықтың оған және Бабырға көмек көрсеткен парсы әскеріне деген жеккөрінішінің күшейгені сонша, Мұхаммед Шейбанидің жиені Убайдулла 1512 жылы одан Самарқандты тартып алды. Тағы бір өзбек жетекшісі Жәнібек оған Бұқараның солтүстігінен шабуыл жасап, Бабырды Орта Азиядан қуып шықты. Кейін Темір әулетінің өкілі болып саналатын ол Үндістанның солтүстігін жаулап алды да, осы жерде

1526 жылы Ұлы Моғол империясын құрды, ол 1858 жылға дейін өмір сүрді. Үндістандық Темір әулетінің өкілдері Орта Азияны жаулап алу үшін ғасырлар бойы жорық ұйымдастырды, бірақ ол нәтижесіз болды, салдарынан олар Тәжікстандағы иелік ететін аймақтарынан айырылып қалды. Ұлы моғолдардың соңғы шабуылы 1646/47 жылдары жасалды. Сол кезде олар Балхты иеленді, бірақ олардың осы жолғы сәтсіздіктері көп болғаны сонша, соңында Үндістандағы моғол мемлекеті әлсіреп қалды.

Гадждиван маңындағы шайқастан соң Әмудария мен Сырдария өзендері арасын мекендеген халықтың жағдайы тұрақтанды. Сафавидтер османдардан отпен атылатын қаруды пайдалануды меңгеріп және ұрыс жүргізудің жаңа заманауи тәсілдерін үйренді, кейін онымен өзбектер де танысты. Орта Азиядағы атыс қаруын пайдаланған шайқас 1529 жылы Түрбе-и Шейх-Джаме кезінде өзбек хандарының өзара соғысы кезінде болды. II **Абдулла** (1583—1598) кезінде ол феодал билеушілерін ауыздықтап, аймақта экономикалық және мәдени даму болды. II **Абдулла** ғылым мен өнерге қолдау көрсеткеніне қарамастан, Самарқанд пен Бұқарадан студенттерді қуып шыққан клерикал болды, кейін осы жағдай орталық азиялық мәдениетті рухани тоқырауға ұшыратты.

1595/96 жылдары өзбектер Әмударияның оңтүстігіндегі территориясын жоғалтса, 1599 жылы билікке 1554 жылы орыстар Астраханьнан қуғындаған жаңа Джанид династиясы келді. Авторлар осы уақыттан бастап, әсіресе 1579-98 жылдары Сібірдегі казактар мен Кучум жанындағы Сібір хандығы құлдырап, Орталық Азиядағы дала кеңістігі орманды алқаптан бөлініп, оның тарихының тұтас бір кезеңі аяқталды. Тек Бұқара ғана күш факторы болып қалды.

Орта Азияда шейбанидтер кезінде дәруіштердің түрлі сектасы кең етек жайды. Олардың кейбірі Накшбандия сопы ордені сияқты ірі жерлерді иеленіп, өз мешіттерін, медресе мен бекіністерін салып алды. Осы кезеңде мәдени ғимарат болып саналған хазреттерде каллиграфия, архитектура мен декоративті өнер дамыды. 1512 жылы Хорезмдегі билік осы жерде 1804 жылға дейін өкілеттілігі болған шейбанидтерге көшті. Оларға XVII ғасырдың басында алғаш рет орыстар тарапынан Үргенішке жасалған шабуылға қарсы тұруға тура келді. 1613 жылғы қалмақтар шабуылы шейбанидтердің астананы Хиуаға ауыстыруына себеп болды (1620), кейін олардың мемлекеті Хиуа хандығы ретінде белгілі болды. Хиуа династиясының көрнекті

өкілдерінің бірі – Абылғазы Бахадүр-хан (1643-1665), оның есімі тарихта тамаша ақын әрі тарихшы ретінде қалды. Хиуа Абылғазы Бахадүр-хан және Бұқара Жанид Имам Құлы хан кезінде (1608-1640) XVII ғасырда мәдени өрлеу кезеңін бастан кешті, кейін осы өңірде бір ғасырдан аса рухани құлдырау болды. Бұқараның билеушісі ең алдымен рухани орталықтарды салуды талап етті. Кейін ол Меккеге мұсылман ретіндегі парызын өтеу үшін қажылыққа баратын болғандықтан, тақтан бас тартты. Осы кезеңде елдегі рухани жаңғыру жоғары деңгейде болды. Оның қысымымен 1647 жылы билік ағасы Имам Құлы хан Надыр Мұхаммедтен оның ұлы Абдул-Азизге (1647-1680) берілді.

Трансоксианиядағы династия ішіндегі күресті үнділік Темір әулетінің өкілдері тиімді пайдаланды, олар Жахан шах билікте болған кезде (1628-1659) Балхты басып алды. Алайда, Аурангзебе кезінде моғол әскері Балхтан аса үлкен қиындықпен қуылды. Субхан-құлы кезінде (1680-1702) аймақтың мәдениеті көтерілді. Осы кезеңде Бұқара мен Самарқандта мешіт құрылыстары салына бастады. Өзбектің ұлттық эпосы «Хан-наменің» де жарық көрген кезі осы. Олда «Шахнаме» сияқты түркі тарихы бойынша аса ірі эпикалық дереккөз болып саналады. Ел ішінде ақсүйектер арасындағы күрес күшейді, діни секталар мен ру өкілдері арасындағы тартыс, әлеуметтік қарама-қайшылықтар өршіп кетті. Осы кезде жанидтер аса үлкен қиыншылықпен елдің іргесін сақтап қалды және моғол, Хиуа және көшпенділерден де қорғана білді. 1600 жылы моңғолдардың торгут тайпасының одағы Орта Азия мен Қазақстанда шабуыл ұйымдастырып, Еділ мен Жайық өзендерінің арасына дейінгі аймаққа жетті, сол жерде Қалмық хандығын құрған олар, кейін орыстармен бірлесіп, Орталық Азиядағы мұсылман хандықтарымен күресті. Дәл осы уақытта бұрынғы моңғол империясын қайта қалпына келтіруді көздеген ойрат конфедерациясы тарих сахнасына шықты.

1643 жылы ойраттар Жетісу өлкесін басып алды, 1678 жылы – Қашқар, 1681 жылы – Тұрфан, 1683 және 1685 жылдары олар Темір билік еткен кезден бері тәуелсіз тіршілік еткен қырғыздарды ойсыратты. Қырғыздар мен ойраттардың және Қытаймен арадағы шайқастар қырғыздың әлемдегі ең көлемді жыр болып табылатын «Манас» эпосында сипатталады. Б.Брентъес пен Л.Альбаумның пікірінше, осы кезде Қапшағай маңындағы жартастарда Будданың суреті салынады, ғалымдарда оны ойраттар салған деген жорамал бар. Қытайлардан жеңіліп қалған ойраттар әскерін батысқа қарай бұрып, қазақтарға қарсы

шықты. XVIII ғасыр басында олар шынымен де жергілікті халық үшін үлкен қауіп тудырды. Қазақ хандығына шығыста ойраттар (жоңғарлар), батыста қалмақтар тарапынан төнді. Ұлтқа төнген қауіп 1728 жылы қазақтарды Шыңғыс хан ұрпағы Әбілқайыр хан бастаған қолдың астында біріктірді. Қазақтардың біраз шайқаста жеңіспен оралғанына қарамастан, 1740-42 жылдары орыс шекарасына дейін жеткен жоңғарлар шабуылды одан сайын күшейтті. Авторлардың пікірінше, толассыз шабуылдар қазақтардың Ресейге, атап айтқанда Кіші жүздің (1731), кейін Орта жүздің (1740) және Ұлы жүздің бір бөлігінің (1742) кіріптар болуына ықпал етті. Алайда XVIII ғасырдағы Ресейдің қатысуы шартты болды, тек 1757 жылы Жоңғар хандығы мәнжүрлерді (Цин) талқандаған соң, ол қазақтарға тұрақты түрде қауіп төндірді. 1758 жылы Циндіктер Ферғана даласына енді, сол жерде олар шейбанидтер басқаратын жаңа мемлекет Қоқан хандығы (1710 жылдан бастап) құрамында болған қырғыздармен соғысты. Қырғыз тайпалары өз кезегінде 1842-1857 жылдар аралығында Қоқан хандығының билігінен азат болу үшін сұрапыл соғыстарды бастан кешірді.

Ресей мен Қытайдың мәнжүрлері Шыңғыс хан тұқымы билейтін даладағы қазақ империясының түбіне жетті. Ал қазақ қоғамының ішінде әлеуметтік күрес күшейіп, XVIII ғасырдың соңында халық өз хандарына да, патшалық билікке де қарсы көтерілді. Авторлардың пікірінше, Ресей 1822-1848 жылдар аралығында шынымен де хандық билікті тартып алды, 1876 жылы Қоқан хандығын талқандаған соң Ресей даладағы билігін бекітіп, күшейтуге кірісті (**Brentjes, Albaum, 1986, S. 115-116**).

XVIII ғасырда Бұқараны билеген жанидтердің басты қарсыласы Иран болды. Надыр шахтың билікте болған тұсында (1736-1747), оның Делиге жасаған әйгілі жорығы кезінде жолай Бұқараны басып алу жоспарланды. Бірақ сол кезде жанидтер жеңіліс тапты. Дәл осындай жағдай биліктегі династия шынайы басқарушылардың бетпердесі болған кезде де қайтalandы. Осы кезде 1785 жылға дейін шынымен жанидтер атынан билік жүргізген әмірлер маңғыттар болды. 1785 жылы нақты және ресми билік Мағзұмшах Мұрадтың (1785-1800) қолына көшті. Оның есімі тарихта өзбектердің Иранға қарсы соңғы шабуылын бастаған билеуші ретінде қалды. 1788 жылы Мерв азат етілді. Мервтегі жазиралы алқап осы өлкедегі мургаб каналы бұзылып, суару жүйесі істен шыққан соң шөлге айналды. Алайда, парсылар Копет-дагтың солтүстігіне қарай иеленген территориясынан біржола

айырылды. 1842 жылы аймақта алғашқы ағылшын агенттері пайда болды және басты фактор орыс-ағылшын арасындағы күрес еді. Насрулла-хан (1827-1860) тайпалар арасындағы бәсекелестікті басып-жаншып, қалалардағы мұсылмандардың ықпалын азайту арқылы мемлекеттік билікті нығайтқысы келді. Насрулла-хан билікте болған кезде Бұқара Англия мен Ресей арасындағы балансты ұстай алды және олардан заманауи қару-жарақты пайдалану және әскерді құру әдісін меңгеріп, Орта Азиядағы ең күшті әскери державаға айналды.

Хиуа хандығында да тура осындай оқиғалар болды. 1804 жылы билік шейбанидтерден Коңырат деп аталатын жаңа династияға өтті. Оларға 1730 жылдан бері Әмудария өзенінің маңайын жайлаған қарақалпақтармен ұзақ уақыт бойы соғысуға тура келді. Қарақалпақтар 1500 жылдан бері Сырдария маңындағы көшпенділердің жеріне иелік етті, алайда ойраттар жасаған шабуылдың кесірінен олар Арал теңізінің оңтүстік-батысына қарай ығысуға мәжбүр болды. 1884 жылы орыстар Хиуа мен түркімен тайпаларын біржолата басып тастаған соң, парсы-ауған шекарасынан Тайгаға дейінгі аралық жаңа және осы аймақ халқы үшін бөтен Петербургтағы ресейлік императорлар Романовтардың қарамағына өтті (**Brentjes, Albaum, 1986, S. 117**).

## § 2. Қазақ хандығының құрылуы мен шарықтау кезеңі

Қазақ хандығының құрылу тарихы М.Олкоттың «Қазақтар» (1986) кітабында жан-жақты жазылған. Олкотт жазба дереккөздердің болмауы қазақтың көшпелі мемлекетінің нақты қашан және қалай құрылғанын айтуға кедергі келтіреді деп барынша әділ пікір білдірген. Осы кезеңде аймаққа еуропалық жиһанкездер келмеген, шығыс жылнамашылары даладан гөрі қалалар мен жазиралы алқаптарда болып жатқан оқиғаларға баса мән берген. Көшпенділердің өзінде дереккөз негізінен ауызша айтылған аңызға айналған деректер негізінде болды. Қазақ хандығының құрылу тарихы туралы біз білетін ақпарат XVIII ғасырда Ресей эмиссарлары мен ресми өкілдері бақылап, кейін жазып қалдырған деректер, олар - далаға орыс аннексиясы мен жаулап алу кезінде келгендер. Олкоттың пікірінше, батыс және кеңес зерттеушілері арасындағы консенсус қазақ хандығының құрылуына XV ғасырдың ортасында Барақ ханның ұлдары Жәнібек пен Керейдің Ақ Орданың билеушісі болған, Моңғол Империясының бір бөлігі өзбек ханы Әбілқайыр басқаратын хандықтан бөлініп шығуы

себеп болды дегенге келеді. Олкоттың пікірінше, Жәнібек пен Керей Әбілқайырды ойраттар ойсырата жеңген соң, қауқары қалмаған елдің әлсіздігін пайдаланып, Шу мен Талас өзендері аралығында орналасқан Жетісудың батысына қарай, шартты түрде өзбектердің бақылауында болған жерге қарай аттаңды. Осы жерде олардың жақтастары көбейіп, олар Бетбақдала шөлінің орталығында Шу мен Сарысу өзендерінің аралығын жер аумағы ретінде белгілеп, бәсекеге қабілетті хандық құра алды. Қазақ хандығының территориясы тез кеңейіп, XVI ғасырдың ортасында оның құрамына Балқаш көлінің маңайы және Сырдарияға дейінгі жер, сонымен қатар солтүстікте Торғай өзенінен бастап және батысы мен солтүстік-батысы Арал теңізі аймағын қамтыды.

Этникалық және саяси көзқарас тұрғысынан қарағанда, жаңадан құрылған хандық конфедерация ретінде, ең алдымен түркітілдес, тамыры өзбек-түркі тайпаларынан тарайтындар (негізінен ноғай) негізінде құрылды, олар Өзбек хандығынан Дешті-Қыпшаққа қоныс аударған найман, арғын және Өзбек хандығының шағатайлары, сонымен қатар біраз бөлігі жергілікті тұрғындар болды. Қасым ханның заманында (1511-1523) қазақтардың саны миллионнан асты. Олкотт *қазақ* этнониміне қатысты бірнеше танымал нұсқаларды келтіреді. Біріншісінде ол түбірі *қаз* деген етістікпен байланыстырылады; екінші нұсқада Каспий мен сақ сөздерінің қосылуынан туса, үшіншісі моңғолдың *хасак* – арба, яғни киіз үйді сүйреуге арналған көлік сөзінен шыққан деп айтады; XIX ғасырдағы лингвистер төртінші нұсқаны ұсынған, онда этноним екі сөзге бөлініп, *ақ* және *қаз*, яғни поэтикалық аңыз бойынша далада жүрген қаз әдемі ханшайымға айналып, одан туған бала қазақ болады.

Олкотт қазақтардың басын қосуға себепкер болған басқа бір аңызды да мысалға келтіреді. Ол бойынша күллі қазақтың аты аңызға айналған ханы Алаштың соңғы ұрпағы Тоқтамыс, Сарай су маңындағы шайқаста қайтыс болады (1395), осы кезде Темір Алтын Орданы талқандайды. Америкалық автор үшін қазақ мемлекетінің қалыптасуына моңғолдардың ықпалы болғаны еш күмән тудырмайды. Қазақ даласындағы түркі тайпаларында болған рулық құрылым моңғолдың кландық жүйесіне (ұлыс) негізделген. Шыңғыс ханның Ясасы егізінде қазақтардың қарапайым заңының негізі қаланды. Олкоттың пікірінше, экономикалық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда, Қазақ хандығының құрылуына негізі Тоқтамыс хан билікте болған кезде қаланды (1382-1395), ол қысқа мерзімде Алтын Орданың



және Ақ Орданың басын біріктірген болатын. Бұл жағдай ауыл шаруашылығының нығайып, Оңтүстік Қазақстан аумағында көптеген сауда орталықтарының қалыпқа келуіне түрткі болды. Біртұтас мемлекет болу үшін аса қажетті ортақ экономикалық кеңістік пайда болды, жүздеген жылдар өткеннен кейін ол Оңтүстік Қазақстандағы жазиралы алқап пен даланы өз бақылауына алды.

Алайда гүлденген кезеңде, Қазақ хандығының ерте тарихымен ілесе, осы аймақты иелену үшін Ақ Орда, Мәуереннаһр мен Моғолстан арасында жиырма бес жылға созылған бәскеге толы күрес болды. Темірдің Алтын Ордаға қарсы жорығы Моңғол империясының Орталық Азиядағы дәуренін аяқтады, Алтын және Ақ ордалардан қалған халық Ноғай Ордасын құрды, оның негізін қалағандар - Еділ мен Жайық арасын мекендеген қыпшақ тайпалары және Сырдария бассейнінен Арал теңізіне дейінгі және солтүстікте Ертіс өзеніне дейінгі аралықтағы даланы бақылауында ұстаған Өзбек хандығы (1420). Осы кезде қолданысқа қазіргі Қазақстан мен Өзбекстан территориясында көшіп-қонған күллі түркі тайпаларын сипаттайтын *өзбек* сөзі енді. Тұрақтылықты бұзған жаңа Өзбек хандығының ханы Барақ пен Сырдария бассейнін бақылауда ұстаған Мәуереннаһрды билеген ұлы Темірдің немересі Ұлықбектің арасындағы бәсекелестік. Барақ қайтыс болған соң Өзбек хандығындағы билік Шейбан әулетінің өкілі Әбілқайырға өтті. Ол оған қырық жыл бойы ие болды (1428-1468). Нақты осы Әбілқайыр билікте болған жылдары Өзбек хандығы Орта Азиядағы ең қуатты мемлекет болды. Әбілқайыр Сібір хандығынан Мәуереннаһрға дейінгі ұлан-ғайыр жерге бақылау орната білді және Хорезм мен Үргенішті басып алды. Әбілқайыр жаңа дала империясының астанасы етіп Сығанақты таңдады. Ол арқылы жазиралы алқап пен дала арасын жалғайтын сауда жолдары өтетін. Дегенмен, елдің шығысында Әбілхайыр хандығына қауіп төндіретін жаңа ықпалды күш бой көтере бастады. Ол Орта Азияға қарай жорықты жиілеткен ойраттар (жоңғарлар) болатын, олар түркілердің территориясын жаулау арқылы сол заманда үлкен еңбекпен құрылған аймақтың экономикасы және әдемі үйлесіммен құрылған жазиралы алқаптар мен даланың берекесін кетіріп, бәрін қиратты.

Барақ ханның ұлдары Керей мен Жәнібек бір жағынан осы кезде Әбілқайырдың моңғолдармен күрес кезіндегі резерві болса, екінші жағынан бұрынғы Ақ Ордаға мұрагер болу және көшбасшылыққа қатысты басты бәсекелесі ретінде қарастырылды. Осындай екі ұшты

жағдай сұлтандар Жетісуға қарай қоныс аударып, дала дәстүріне сәйкес өз алдына бөлек ел болған соң тәмамдалды. Әбілқайыр Жәнібектің Шу өзенінің төменгі сағасы мен Талас алқабы және Бетпақдалаға қатысты территорияға қатысты шағымына құлақ асқан жоқ. Бұл жағдай Жәнібек бастаған әскер мен Әбілқайырдың ұлы Шейх-Хайдардың 1468 жылы соғысуына алып келді, соңғысы сол шайқаста қаза тапты. Өзбек хандығының тағына Әбілқайырдың ұлы Мұхаммед Шайбани иелік етті (1468-1510), ол Самарқанд пен Бұқараны бағындырып, Шейбанид династиясының негізін қалады. Өзбектер мен қазақтар арасындағы қақтығыс XV ғасырдың соңына дейін толастамады. Салдарынан Сырдария мен Жетісу арасындағы дәстүрлі көшпелі экономика құрдымға кетті. Олкоттың пікірінше, шын мәнінде кім қазақтың бірінші ханы болды дегенге жауап беру қиын. Дәстүр бойынша ол Жәнібек болуы тиіс, бірақ кейбір дереккөздер өзін қазақ деп таныған тайпалардың ең алғаш сайлаған ханы Керейдің ұлы Бұрындық (1480-1511) болған деп жазады. Тағы бір нұсқада алғашқы хан Керей болды, кейін оның орнын Бұрындық басты, осылайша династиялық сабақтастықтың негізі қаланғаны жазылады.

1500 жылы Мұхаммед Шейбани мен Бұрындық бейбітшілік туралы келісімге келеді, нәтижесінде Ясы (Түркістан) қазақтардың иелігіне өтіп, олардың астанасына айналады. Ал өзбектер Самарқанд пен Бұқараны жаулауға кіріседі. Қазақ хандығының тұрақтылығына нұқсан келтірген тұрақты фактор оңтүстікте қуатты Өзбек мемлекетінің болуы, осыған қарамастан Қасым хан билікте болған кезеңде қазақ мемлекетінің аумағы оның құрамына Дешті-Қыпшақ тайпалары енген соң жедел кеңіді. 1513 жылы Қасым хан Ташкентке жақындады, бірақ қыс ерте түсіп, малдың азығы жетіспеген соң, қазақтар кері бұрылып, Шу алқабына қарай аяңдады. Қасым хан жасаған ең маңызды шаруа ол жүздеген ғасырлар бойы отырықшы және көшпелі халық арасындағы табиғи реттегішке айналған Сырдария маңындағы қалаларды қазақтардың бақылауында ұстады. Қазақ билігінің иелігіндегі қалаларды бақылауда ұстау икемді, берекелі және өз-өзін реттей алатын экономикалық жүйенің қалыптасуына мүмкіндік берді. Дей тұрғанмен, қазақ экономикасы мен қазақ хандығы Мәуереннаһрдағы аса қуатты держава шейбанидтердің көлеңкесінде қалды.

Қасым ханның дәуірінде қазақ конфедерациясы қатарына қыпшақ, найман, арғындарды қосудың арқасында тез қарқынмен солтүстік пен батысқа қарай созыла кеңіп, ұлғая түсті. Осы кезде қазақтардың жалпы

саны шамамен бір миллионға жуық болды, оларды бірлестірген дүние ортақ тіл, өзара ұқсас өмір салты, экономика, мәдениет және әлеуметтік ұйым. Қасым хан билікте болған жылдары қазақтардың саяси бірлігі нығайды, оның билігін қазақтарды бақылайтын жерлерді мекендеген барлық сұлтандар мойындады. Қазақтар бұл кезде ортақ ұлттан гөрі саяси одақ мүшелеріне көбірек ұқсады. Тілі, шаруашылықты жүргізуі мен мәдениеті жағынан өзбектерден айырмашылығы көп болған жоқ. Мәуереннаһр территориясына қоныс аударған көшпелі өзбек тайпалары шейбанидтердің билігін мойындап, оларға алым-салық төлеп отырды, ал Сырдария бойында және одан әрі солтүстік және шығысты мекендеген қазақтар шейбанидтердің билігін мойындамағаны өз алдына оларды бәсекелес саяси құрылым деп санады. Бұл екі ұлт арасындағы сол кездегі басты ерекшелік болатын. Қасым билікке келгелі бері қоныстас өмір сүрген өзбектер мен қазақтар өздерін ешқашан бір ұлт ретінде қарастырған емес. **(Olcott, 1995, 3-9 беттер).**

1523 жылы Қасым хан өмірден өтетін жылы қазақ мемлекетінің жер көлемі батыста Еділ өзенінен оңтүстік-шығыста Жетісу, солтүстікте Ертіс өзеніне дейін ұласып жатты. XVI ғасырда қазақтар өздерінің негізгі экспансиясы ретінде Сырдария аймағын таңдады (Талас және Зерафшан алқабы), сол кезде олар өзбектердің басып тастауға тырысты. Олкоттың пікірінше, қазақтың жерлерінің нақты белгіленген кезі болған жоқ. Жекелеген хандар өздерінің әскери жорық кезіндегі жеңістерінің арқасында, дипломатиялық және саяси қабілеттері негізінде иеленген территориясында билік жүргізді. Қасым ханның мұрагерлері ол құрған мемлекеттің бірлігін сақтап қала алмады, оған олардың әлсіздігі емес, Қасым хан билік құрған кезде ел территориясының тым ауқымды болып, өсіп кеткені себеп болды. Тиісінше, Қасым ханның өлімінен кейін үш жүз бірден өздерін тәуелсіз саяси құрылым ретінде көрсетті. Біртұтас қазақ мемлекеті болған жоқ. Дегенмен, хандардың бірі шартты түрде үш жүзге билік жүргізетін ханның қызметін атқарды да, ол барлық қазақ халқының алдында жоғарғы бас қолбасшы іспеттес болды.

Қысқа мерзім аралығында Қасымның орнына оның ұлы Мамаш келді, бірақ ол өз билігін нығайтпақ болғанда кісі қолынан қаза тапты. Кейін Қасымның орнын басқан оның жиені Тахир (1523-1533) билікте болғанда қазақтар Ташкентті өз бақылауына алмақ болып, бірнеше мәрте әрекет жасады, бірақ онысы сәтті болмады. Содан кейін хан

болған Бұйдаштың кезінде (1533-1538) биліктің триумvirаты нақты анықталды. Ол Кіші және Ұлы жүздің ықпалды билеушілері Ахмед хан және Тоғын хан арасында билікті нақты бөліске салды. Олкоттың пікірінше, XVI ғасырдың екінші ширегінде қазақтар Дешті-Қыпшақтағы халықтың қалғанын өз қатарына қосып алды. Осы кезеңді дала экономикасының дамыған уақыты деп сипаттауға болады, себебі Қазақ хандығы осы территориядағы тұтастықты қамтамасыз етіп, Сырдария маңындағы қалалар Сығанақ, Сауран мен Ясыда сауда қызып, жағдай жақсарды. Ғасыр соңында олар дамыған құрылымы бар, Қашқария мен Мәуереннаһр және дала арасындағы сауда орталығы ролін атқарған ірі қалаларға айналды. Осы қалалардың өсуі қазақтардың көшпелі экономикасының тұрмыс нарығының кеңеюіне және оның өсуіне ықпал етті (**Olcott, 1995, 23-24-беттер**).

1538 жылы билікке Қасымның ұлы Хақназар келді, ол 1550-ші жылы өзінің хандығына Ноғай Ордасының шығыс бөлігін қосып алды. 1560-шы жылдары Моғолстанды жаулап алсам деген қадамы сәтсіз болды. Содан кейін Хақназар назарын Сырдарияның сауда орталықтарына аудара бастайды. Ол және қазақ сұлтандарының бір тобы Мәуереннаһрдағы билік үшін күреседі және Ташкент билеушісі Баба-Сұлтанға қарсы Бұқараның әмірі II Абдуланы қолдайды. 1580 жылы қазақтар Баба-Сұлтан иелігіндегі бірқатар қалаларды жаулап алады. Сол жылы шайқаста Хақназар қайтыс болады. 1580-1582 жылдар аралығында қазақ тағына Тахирдың жиені Шығай отырады, кейін оның ұлы Тәуекел (1586-1598) сол орынды басады, оның есімі қазақ тарихында аса тиімді жұмыс істеген хан ретінде қалды. Тәуекел 1582 жылы Баба-Сұлтанды өлтіріп, оның бас сүйегін Бұқараның әмірі II Абдулаға беріп, оны Зерафшан алқабына айырбастайды. Осыдан кейін ол Бұқараның әмірі II Абдулламен де шайқасады. 1586 жылы Шығай барлық қазақтардың ханы болып сайланады да, оларды Сырдария маңындағы қалаларды иелену үшін күреске бастайды. Ғасыр соңында қазақтар Түркістан, Ташкент пен Самарқандты бақылауға алады, тіптен қысқа мерзімде Бұқараны да иеленеді.

1598 жылы Ташкентті басып алған соң, Тәуекел қайтыс болады, оның өлімінен кейін таққа Есім (1598-1628) отырады. Билікке келген алғашқы жылы ол Сырдария аумағын бақылауға алған қазақтардың ерлігін мойындаған Бұқараның әмірі Абдулламен бейбіт келісімге келеді. Бірақ ол ұзаққа созылмайды. Абдулла өмірден өткен соң, 1598 жылы Бұқараны билеуге Боки-Мұхаммед (1599-1605)

келеді, аштарханид династиясының бірінші өкілі қазақ (үстемдігін) гегемониясын қабылдамайды. Бірақ оның міндетін қазақтарға шығыста аса қауіпті қарсыласы қалмақтардың қысым көрсетуі жеңілдетеді. 1630 жылы қалмақтар өздеріне Батыс Моңғолияны, Іле облысын және Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Қазақстан – Жетісудың Шығысын бағындырады. Қалмақтарды қызықтырғаны – сауда қатынастары дамыған Сырдария маңындағы қалалар болатын. Сол жаққа қарсы жорықты күшейткен қалмақтар, Сырдарияға барар жолда орналасқан қазақ елді мекендеріне де шабуыл жасады. Осылайша, экономикасы дамыған өңірдің теп-тез ту-талақайы шықты. Қазақ жерін кесіп өтетін сауда керуендерінің саны бірден азайды. Сырдария маңындағы қалалардан қажетті тауарын сатып алып үйренген қазақтарға енді оны Мәуереннаһрдан іздеуден басқа амал қалған жоқ.

Барлық Орталық Азияның астаң-кестеңі шықты. Олкотт XVII ғасырдың алғашқы он жылдығында Бұқарадағы орыс елшісі болған Флорио Беневенидің сөзіне сілтеме жасайды. Оның пікірінше, күллі аймақта тәртіпсіздік орнады және ауған, орыс, хиуа, бұқара, қарақалпақ, қазақ, қырғыз және қалмақтар арасында шайқас болды. Шығыс пен Батыс арасындағы сауда жолдары ауысып кетті. Орталық Азияны оқшаулау барлық мемлекеттер мен аймақты мекендеген халықтардан әрі қарай өмір сүруі үшін шектеулі ресурстарын үнемдеп жеткізуді талап етті. Осы кезде қазақтардың малын барымталап байыған қалмақтардың саны өсіп, ғасыр соңында Орталық Азия өңіріндегі ең қуатты әскери күшке айналды. Құрамында 100 мың адамы бар әскерін қазақ даласына жіберген олар мемлекетті басып алып, жайылым жерлерін иеленді. 1620 жылдың соңында қалмақтар Омбы, Тобыл, Есіл мен Ертісті, тіпті Сібірдің түкпіріне дейін жетіп, орыстармен байланыс орната бастады. Орыстар қалмақтармен достық қарым-қатынас орнатқысы келді, себебі олардың күші Балтықтан Сібірге дейін жететін еді. Бірақ олар қалмақтарды орыс жоспарына қауіп төндіретін әскери күш ретінде қарастырған жоқ. Ноғай территориясындағы қалмақтардың біраз тобы орыстың қоластына өтті. Орыстардың стратегиялық мақсаты – далада бейбіт тірлік орнату болатын. Солай бола тұра олар XVII ғасырдың соңында қалмақтар қазақ даласын жүйелі түрде жаулап жатқанын тыныш қана бақылап отырды.

1643 жылы қазақтар Есімнің мұрагері Жәңгір ханның жетекшілігімен Батур бастаған қалмақтардың жорығына төтеп берді. Ол қысқа ғана уақыт аралығында барлық Жетісу және Ұлы жүздің жеріне бақылау

орната білді. Қалмақтар шабуылды қайта үдетуі мүмкін еді, бірақ сол кезде Қытайда стратегиялық тұрғыдан аса маңызды оқиға болды, Бейжіңдегі билікке мәнжүр династиясы келді. Мәнжүрлер батыс моңғолдары ойраттар мен қалмақтарға қарсы халка-моңғолдарды қолдады. Соңғылары 1681 жылы шығыстағы шайқасқа қосылуға мәжбүр болды, оның соңы олардың мәнжүр тәуелсіздігін мойындауымен аяқталды. Ал қазақтар үшін уақытша тыныштықтың соңы қалмақтардың Оңтүстік Қазақстанға шабуыл жасауымен аяқталды. Қолды Жәңгір ханның ұлы Түке басқарды (1680-1718), бірақ қазақтар өз жерін қорғай алмады. 1681-85 жылдары Хунгтаджи Галдан бастаған қалмақтар Оңтүстік Қазақстанды басып алып, біраз қалаларды (Сайрам толығымен жойылды) қиратып, барлық керуен жолдарын жойды. Цеван Рабтан билікте болған кезде қалмақтар Сарысуға көшіп, Орта жүздің солтүстік-шығыс аймағына енді. Қалмақтар тіптен Түркістандағы Тәуке ханның ордасын да басып алды. Осы кезде қазақтың барлық рулары мен тайпаларының өкілдері Қарақұм шөлінде бас қосып, қалмақтарға қарсы бірегей стратегияны жасауға кірісті. 1716 жылға дейін қазақтар жауларын ығыстыра білді, кейін қалмақтар жеңіске жететін болды. 1718 жылы қалмақтар Іле өзенінен өтіп, Аягөз бен Анисиге өтті (**Olcott, 1995, 25-26 беттер**).

Осы оқиғалардың барлығы орыстардың даланың солтүстігіндегі бекіністерін нығайтуға кіріскен кезде болған еді. Олкоттың пікірінше, Орынбор линиясының құрылысын салу әсіресе қалмақтар Талас алқабын иелену үшін Қаратауға дейін жеткен соң, орыстар дала өміріне алаңдап, жасаған әрекеті болды. Осы шайқас кезінде қазақтар барлық меншігінен және малынан айырылып қалып, *Ақтабан Шұбырынды* басталды. 1723-25 жылдардағы шабуыл кезінде қалмақтар Ясыдан Ташкентке дейінгі Сырдария бассейнін тез жаулап алып, қазақтар өздері жайлаған тамаша алқаптар мен жайлымдарды тастап қашуға мәжбүр болды. Ұлы жүздің рулары мен тайпалары Хиуа мен Бұқара арасындағы даулы жерге кері шегінді. Әбілқайыр хан (1718-1749) бастаған Орта және Кіші жүз қазақтарының басым бөлігі батыс және солтүстік батысқа қарай орыс бекіністеріне дейін Ембі, Жайық, Елек, Оре мен Уеге қарай жол жүрді. 1728 жылы қалмақтар Теңіз көлі маңындағы аймақтарды басып алды, осылайша Шымкентке қауіп төнді. Осы кезде олар Орталық Қазақстандағы Балқаш көлі мен Кіші және Орта жүздің жерлерін бақылауына алды. Орыстар сыртқы көмек болмаса, қазақ жерлері озбыр қалмақтардың қолына өтетінін түсінген


соң, орыстардың Оңтүстік Сібірдегі аймақтарына қауіп төнді. I Петр 1716 және 1718 жылдары көмек сұраған қазақтарды кері қайтарғанмен, 1730 жылы Анна Иоанновна Әбілқайырға жәрдемдесуге уәде берді. Бірақ бұл Әбілқайыр, оның ұлдары және оған қарасты Кіші жүз тайпаларынан Ресей сюзеренитетін мойындайды талап етті. Олкоттың пікірінше, осы қадам тәуелсіз қазақ мемлекетінің соңы болды (Olcott, 1995, 26-шы бет).

Қазақстанның ежелгі және ертеортағасырлық алғы тарихын француз зерттеушісі Катрин Пужоль өзінің «Қазақстан» деген кітабында жазады. Оның пікірінше, еуразиялық даладағы көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы осы өңірді мекендеген халықтың адам төзгісіз экологиялық жағдайға бейімделуге, төзуге болатынын көрсетеді. Осылайша, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан дала кеңістігіндегі өмірдің отырықшы көршілермен тарихи эпизодтар конфронтациясы, империялардың пайда болуы сияқты эпизодтар жалғаса береді.

Дәстүрлі номадизмнің қалыптасқан соңғы кезеңі, оның ішінде Қазақстан территориясы аймақтың толық түркіленуі, далада отырықшы ірі империялардың пайда болуына куә болды: Қытай, Аббасид халифаты мен Киев Русі, Еуразиядағы көшпелі көші-қонға куә болып, заманауи Қазақстанды олардың шоғырланған аймағына айналдырды.

Әбілхайыр хандығы құлап, 1462 жылы Иса Бұғахан өлімінен соң Моғолстан әлсірегенде 1465 жылы пайда болған қазақ хандығы біртіндеп Дешті-Қыпшақтағы жердің бір бөлігін басып алады. Уақыт өткен сайын өзгерген осы тарихи жағдайларға қатысты ортақ пікір жоқ. Дегенмен, белгілісі Қазақ хандығы – әлеуметтік-экономикалық және саяси эволюцияның жемісі. Ол моңғолдар жаулап алғаннан кейін Дешті-Қыпшақ, сонымен қатар Жетісу және Трансоксиания территориясында ынтымақ орната білген ел.

«Қазақ» этнонимін бекіту де осы кезеңде жүзеге асырылған. Түптамыры бір түркі тайпаларының бір-бірімен тығыз араласып, сіңісіп кетуі



нәтижесінде бірегей саяси орталыққа шоғырланған, бірегейлік үрдісінің пайда болуының арқасында Әбілхайыр ханның «сенімді бөліс» жасай алуынан бастап, «өзбек-қазақ» этнонимінен кейін «қазақ» деген жалғыз этникалық ұғым беретін сөз қолданысқа енді. Моңғолдардың әскери және әкімшілік басқару (салық жинау, жеке құқық) тәжірибесін ала отырып, биліктің заңдылығынан басқа, Шыңғыс хан ұрпақтарынан мұра етіп алған Қазақ хандығы түрлі державалардың арасын жалғайтын орталық, сонымен қатар адал ниетті көршілерді тартатын аймақ, жаңа экономикалық кеңістік ретінде де танылды (**Poujol, 2000, 33-34-ші бет**).

XV және XVI ғасырларда қазақ пен өзбек хандықтары арасындағы күрестің басты себебі – Орта Азия, Жетісу және дала арасында орналасқан стратегиялық жағдайына орай, экономикалық маңызы мен өзінің мәдени әлеуеті жағынан Сырдарияның төменгі жағына ие болу. 1468 жылы Әбілқайыр хан қайтыс болған соң, далада гегемония үшін қызу күрес басталады. Негізгі бәсекелестік Түркістан (Яссы) қаласының айналасында пайда болады да ол бірнеше ғасырларға ұласады. XV ғасырдың соңында жағдай тұрақталады. Сығанақ, Созақ, Сайрам Қазақ хандығының құрамына кіреді, ал Отырар, Үргеніш, Ясы және Арқук Шайбани ханның қолында қалады.

Осымен қатар үш орда (жүз) пайда болады: Ұлы, Орта және Кіші жүз. Осы күрделі құрылымға ие тайпалық конфедерация қазақ даласында қыстақтардың бағыты мен орыны және дәстүрлі жайлау бойынша бөлініп, XVI ғасырдағы дереккөздерде феномен ретінде сипатталады. XVI ғасырда Қазақ хандығы толығымен бұрынғы Ақ орда мен Моғолстанның бір бөлігін иеленеді.

XVI ғасыр ішкі және сыртқы бәсекелестіктің күшейген кезеңі ретінде сипатталады. Осы кезде Жетісу толығымен ойраттардың қарамағында болады, Қазақ хандығының ішінде күшті сепаратистік үдерістер болып, оған құлдырау қаупі төнеді. XVII ғасырдың соңында жоңғарлардың әскері Жетісуға келіп, Қазақстанның оңтүстігі және оның қалалары, ойраттардың қызығушылығын тудырған Сайрам тағы да жаудың қолына өтіп, тас-талқаны шығады, ондағы халықтың біраз бөлігі Жоңғарияға депортацияланады. Осы соңғы кезең қазақ тарихында «Ақтабан шұбырынды» деген атаумен таныс. Тәуке ханның (1680-1718) тұсында тұрақтандыру және жауға қарсы дес бермеу кезеңі де осылай аяқталды. Ол тарихта соңына қалдырған жазбаларымен таныс, оның «Жеті жарғы» атты еңбегі қазақтың династиялық заңы болып саналады. Жоңғар тарихнамасы өз кезегінде қазақ даласын




талқандауға өкініш білдірген, оны қайталанған агрессия деп санаған.

Моңғол-қалмақтар алдындағы қорқыныш қазақ саясатының өзегін анықтау болған, себебі олар XVIII ғасырдан бастап, қазақтар күш біріктіріп, жауға тойтарыс беру үшін сырттан көмек іздей ме, Ресей тарапынан жәрдем бола ма деп алаңдады (**Poujol, 2000, 37-38 беттер**).

Қазақ хандығының құрылу тұжырымдамасын К.Пужоль Венсан Фурньо «Орталық Азияның тарихы» атты еңбегінде баяндайды. Оның пікірінше, 1470 және 1500 жылдар аралығында жаңа қазақ конфедерациясы Жетісудан Батысқа, одан Каспий теңізіне дейін бұрын Әбілқайыр ханның иелігінде болған жерлерге дейін ұласты, осылайша Қазақстан деген мемлекет құрылды. Шейбанидтерге жақын соңғы тайпалар Сырдария аймағына қарай ығыстырылды. Қазақ хандығы Керейдің ұлы Бұрындық хан (1488-1509) және Жәнібектің ұлы Қасым (1509-1518) билікте болған кезде қалыптасып бітті.

Дегенмен, XVIII ғасырға дейін қазақтың ішкі тарихы туралы мәлімет өте аз болған. Жергілікті жазба дереккөздер аз болса да бар, ал сыртқысы көп емес (Моңғолстан, Өзбек хандығы, Ресей). Тарихи және антропологиялық деректердің басты дереккөзі ретінде ауызша таралған ақпараттар басымдыққа ие. Олар эпостармен байланысты. Алайда ауыз әдебиетінің ерекшелігі сияқты ол мутациядан ада емес және оларға интерпретация жасау өте қиын.

Қазақ әдебиетінде ауыз әдебиетінің бірнеше жанры бар, оның орталығы ақын, шығарманы өмірге келтірген адам және оны жеткізуші мен музыкант. Осы ұжымдық шығармашылық еңбек авторлары көбіне жасырын болған, XVIII ғасырға дейін шыққан туынды авторларының кім болғаны белгісіз. Дегенмен археологиялық іздер жеткілікті. Осы дереккөздердің бір-бірін толықтыру мүмкіндігі болмағандықтан, Орталық Азиядағы көшпелі халықтардың тарихын зерттеу күрделене түседі. Сондықтан да сыртқы дереккөздер де тапшы.



Қазақ қоғамында аса үлкен маңызға ие екі үрдісті баса айтуға болады. Ол оның үш ордаға (жүзге) бөлінуі және оның біртіндеп ислам дінін қабылдауы. Қазақ тайпаларын үш жүзге бөлу XVI ғасырдың барысында басталды. Жүздер: ұлы, орта және кіші, бұл олар иеленген жердің көлеміне қатысты атау емес, бұл олардың үш ұлының қонысына қатысты айтылған болса керек, яғни үлкенінікі – ұлы, ортаншысынықы – орта, кішісінікі – кіші.

XVIII ғасырда қазақтар саяси тұрғыдан алып қарағанда барлық бастамаларынан айырылды. Содан бері көрші елдері, жоңғар, орыс, қытай мен қоқандық өзбектер тарапынан үздіксіз жалғасын табатын экспансиядан көз ашпай келеді. Үш жүз біржола бөлініске түсті. Жоңғарлардың қырып-жойып, аяусыз соққы жасауы шарасыздық салдарынан қиналған (кіші және орта) жүздердің Ресейден көмек сұрауына мәжбүрледі. Осы кезден бастап орыс билеушілерінің қазақтарға қатысты саясаты бастау алады (**Fourniau, 1994, 70-71-ші беттер**).

### § 3. Қазақ хандығының құлдырауы

Олкоттың пікірінше, Қазақ хандығы ұзақ мерзімді құрылым болған жоқ, жалпы алғанда оны сәтсіз саяси институт деп сипаттауға болады. Қазақ хандығы даладағы мықты әскери күшке ие бола алмады. Табиғи әскери мәдениет иелерінің тікелей ұрпағы болған қазақтар шын мәнінде бірінші кезекте соғысты емес, мал-жанының қамын, жайылымын ойлаған малшы болды. Олардың әскери ұйымына кіргендер қысқа мерзімде ғана қызмет еткендіктен, қалмақтардың жауынгерлерімен бәсекеге түсе алған жоқ. Осыған қарамастан, қазақтар өздерінің басты қарсыласы болған өзбек-шейбанидтерге, кейін аштарханидтерге қарсы төтеп бере алды. Қазақтар Сырдария өзенінің маңында орналасқан қалаларды иелігіне өткізіп, қала мен даланың арасын байланыстыратын сауда жүйесін құрды. Олар қалаларды бақылауына алып, оларды басқара алғанымен, дербес этникалық топ ретінде сақталып қалды, олардың ықпалымен жұтылып кеткен жоқ. Қазақ хандығының құлдырауы қазақ халқы жойылып кетті дегенді білдірмейді, деп жазды Олкотт. Алайда мемлекеттің құрдымға кетуі қазақтардың отар ел ретінде өмір сүруіне ұласты (**Olcott, 1995, 27-ші бет**).

XVII ғасырдың соңғы кезеңі мен XVIII ғасырдың соңын Ш.Акинер заманауи болашақ тұрғысынан қарастыратын болсақ, қазақтардың

тарихындағы аса бір маңызды кез болды деп санайды, себебі ол қазақ ұлты эволюциясы үрдісінің сыни нүктесі болды. Осы кезеңнің басында жүздер тәуелсіз тайпалық одақ-мемлекет ретінде тұрақсыз, өз-өзін қамтамасыз ете алатын болды, бірақ осы кезеңнің соңында олар әлсіреп, бытырап, көршілеріне тәуелді болды. Бұл аймақтағы билікті жаңа балансқа шақырған өзгерістер кезеңі еді. Даланы басқаруға үмітті болған ірі екі үміткер пайда болды: шығыста жоңғарлар және батыста орыстар. Орыстар Қазан және Астрахань хандығын жаулап алған соң, даладағы саясаттың белсенді ойыншысы бола бастады, нәтижесінде олардың территориясы Кіші жүздің шекарасына жақындады.

Ш.Акинер кеңес заманында қалыптасқан тарихи дәстүр қазақ, орыс және жоңғарлар арасындағы қарым-қатынас туралы ирониямен былай деп жазады. Қалыптасқан жүйеге сәйкес шығыстағы азулы жыртқыш және батыстағы қуатты держава ортасында қорғансыз құрбан, қорғаны деп ойлаған тарап жағынан жолы болмаған ол ақыры соның қоластына өтіп тынды. Акинердің пікірінше, көптеген зерттеулер Қазақстанның Ресейге қосылу тарихын барлық күрделі жағдайды есепке ала отырып көрсетеді. Оның пікірінше, барлық тарихи факторларды есепке алғанда Ресейдің ықпалды болуы күмәнсіз еді. Алайда нақты жағдайды жеке алып қарастыратын болсақ, барлығын бір жақты айта салуға болмайды: қазақтың көшбасшылары өздерінің амбицияларын өз пайдаларына жарату үшін пайдаланудың шебері болды, қысқа уақытта болса да олар қарсыластарын бір-біріне айдап салу стратегиясы, екі тараппен де бір мезгілде келіссөз жүргізу өз пайдасын берді. Дегенмен жемеге келгенде олардың жағдайды өз пайдасына шешуге мүмкіндігі болмады. Мұндай саясат сыртқы қолдауды, өздерінен әлдеқайда қуатты көршілердің көмегін қажет етті (**Akiner, 1995, 19-20 беттер**).

Қазақтардың саяси өміріндегі ең ірі оқиға - жоңғарлармен болған соғыс. Жоңғарлардың қазақ даласына шапқыншылығы XVII ғасырдың ортасынан басталып, тұрақты түрде шабуылдаған жау XVIII ғасырдың басында жеңіске жетеді. Олар Сырдария бассейнін басып алады, 1724-25 жылдар аралығында жоңғарлар сол кезде Орта жүздің астанасы болған Түркістанды жаулайды және Ұлы жүздің астанасы Ташкентті де басып алады. Осы он жылдықта Акинердің айтуы бойынша, қазақ жадында «Ақтабан шұбырынды» деген атаумен қалған. Қазақ хандығының қалыптасқан экономикалық құрылымы толығымен жойылып, сауда мен ауыл шаруашылығы құрдымға кетіп, жолға қойылған көші-қон қатынастары да үзіледі. Осы қиыншылықтар

кезінде қаншама адам қырылып қалды, жергілікті халық жиған-терген мал-мүлкінен айырылды. Бұл сонымен қатар қазақтар мен басқа да ұлт өкілдерінің Трансоксианиядан солтүстікке және солтүстік-батысқа көшкен кезі болатын. Осындай қиыншылықтарға қарамастан, қазақ федерациясы өзінің өміршең екенін дәлелдей білді және 1728-29 жылдары қазақтың үш жүзінің басы бірігіп, жиналған қол жоңғарларға бірнеше мәрте тойтарыс берді. Дегенмен, автор атап өткендей, осы альянс ғұмыры ұзаққа созылған жоқ. Кіші және Орта жүз біраз уақыт өткен соң Ұлы жүздің сюзеренитетін мойындаудан бас тартты. Бірақ 1740 жылы Жоңғар хандығы әлсірей бастады. 1756-58 жылдары оларға Қытай империясы (Цин) тойтарыс берді. Осылайша жеңіліс тапқан жоңғар қолының құрамында қазақтар да болды, жеңіске жеткен қытайлар осы кезде Ұлы жүздің біраз жерін басып алған соң, Орта жүздің шекарасына жақындады. Тянь-Шань осы кезде шекара ролін ойнаудан қалып, батысты жаулауға ұмтылған Цин империясының тылы болды.

М.Олкотт ресейлік биліктің далаға иелік етуін екіге бөліп қарастырады: бірінші фаза бойынша І Петр мен Анна Иоанновнаның ел билеген кезінде салыстырмалы түрде алғанда елдің солтүстігіндегі Кіші және Орта жүзге тиесілі жер қантөгіссіз берілді; екінші фаза ХІХ ғасырдың екінші жартысында Сырдария өзені аймағындағы Ұлы жүздің иелігіндегі жерлерді әскердің күшімен жаулау арқылы көрініс тапты. Бұл дала және барлық Түркістан аймағы толығымен отарлаған елдің бақылауына көшті дегенді білдірді. Бірінші фаза – Сібірді жаулап алудың логикалық жалғасы және ондағы басты мақсат Ресей мен Орталық Азия арасындағы сауда байланыстарын кеңейту болды. Екінші фаза мақсатты түрде барлық Орталық Азияны жаулап алуды көздеді.

Орыстар мен қазақтар арасындағы алғашқы саяси байланысты Олкотт Ермактың Кучумға (1573) қарсы әскери экспедициясымен байланыстырады. Ол да қазақтарға қарсы болған. Осы фактор қысқа кезең аралығында орыстар мен қазақтарды одақтастарға айналдырды. 1586 жылы Троицк қаласының негізі қаланды. Бірақ автордың пікірінше, осы кезеңде орыстар оңтүстіктегі бағытқа қызығушылық танытқан жоқ, олардың бар ойы шығысқа басқыншылық жасау болды. 1588 жылы Тәуекел Мәскеуге елші жібереді. Осы уақытта қазақ хандары Мәскеу мен Тобылда кепілдікке адам қалдыратын, дегенмен ХVІІ ғасырда жағдай нашарлап кетті.

Олкотт мына дерекке назар аудартады, қазақ-орыс қарым-

қатынасының 100 жылға жуық тарихы (1595-1687) ешқандай дереккөздерде жазылмаған. Бұл қазақтардың Ресеймен одақ құрудан қашқанын аңғартады. XVII ғасырдың соңында Мәскеу даладағы аса қуатты күш ретінде ойрат-жоңғар конфедерациясына иек артты. Бірақ XVII ғасыр бойы орыстар қазақ территориясына қарай жылжи бастады. 1620 жылы Орал қаласының, 1645 жылы Гурьевтің негізі қаланды. Осы кезеңде Орта Азия аймағында сауда жасайтын ресейлік керуендердің қауіпсіздігі үлкен мәселе болған еді. Бір керуен Тобылдан Ертіс арқылы өтті және Есіл өзенінің төменгі сағасы арқылы жүріп өтетін, әрі қарай ол Ұлытауға дейін, кейін Сырдария мен Түркістанға барып, Сырдария жақтағы қиылыспен Зерафшан алқабына соғып, Бұқараға баратын. Екінші жол Астрахань мен Уфадан басталып, Оралдың жоғары жағынан Гурьевтен Ырғыз және Талас әрі қарай Алатау арқылы Ташкентке баратын.

Тобольсктен Бұқараға дейінгі жол 75 күндік еді. Ол тым ұзақ әрі қымбатқа түсетін сапар еді. Себебі қазақтар үнемі керуенге шабуыл жасайтын. XVII ғасырдың соңғы жиырма бес жылдығында сауда жасау қиынға соқты, себебі осы кезде қазақ даласында жоңғарлармен кескілескен ұрыс болып жатқан еді.

Тәуке хан қазақтардың қалмақ пен жоңғарға қарсы жалғыз, тиімді келісім жасай алатын одақтасы Ресей болатынын түсінді. 1680 және 1693 жылдар аралығында ол Сібірге орыстарға өзінің эмиссарларын 6 мәрте жіберді. Ондағы мақсат көрші елден қуатты жауға қарсы көмек көрсетуді сұрау болатын.

Олкоттың пікірінше, осы кезең, яғни XVII ғасырдың соңы мен XVIII ғасырдың басы Ресей экономикасы үшін оңтайлы болды. Статистика Ресей екі жауласқан тараппен де, қазақтармен де, қалмақтармен де сауда байланысын сақтағанын көрсетті. Алайда осы кезде Ресейдің көздегені сыртқы саясатты жақсарту үшін далада тыныштық орнатып, Орта Азия арқылы Иран мен Үндістанмен сауда қатынасын жетілдіру керек болды.

Осылайша, 1695 жылы мәскеулік көпес С.Маленький қазақ даласына экспедиция жасауға аттанды. Ондағы басты мақсат - жолды барлап, Ресейдің мақсатын орындау мүмкіндігін зерттеу болатын. Осы экспедиция нәтижесінде орыстар аймаққа еруге екі рет әрекет жасады. Біріншісі 1714-16 жылдар аралығында болды. Букхольцтың Ертісті бойлай Шығыс Түркістанға сапар шегуі. Бұл миссия 1716-1752 жылдар аралығында Ертісте бекініс құрылысын салуға негіз

болды. Бұл жүйеде 11 бекініс, 33 қорған және 42 дабыл беретін пункт болды. Экспедиция жүріп жатқан кездің өзінде 3 қамалдың негізі қаланды: ол Омбы (1717), Семей (1718) және Өскемен (1720). Экспедиция жетекшілері Петербургтегі билікке жоңғарлар күшейіп бара жатыр, осы күйі қоя берсе, олар даланы жаулап алады, олармен шайқасқаннан гөрі әлсіреген қазақтармен ісіміздің болғаны дұрыс, оларды жоңғарлардың қысымы ықтырып, жайылымдарын тастай көшкен халық орыс жеріндегі Ембіге қарай ығысып барады деп хабар жолдап, оларды бекініс салдыруға көндірді.

Осылайша, Кіші жүздің қазақтары орыс әкімшілігіне тәуелді болып, олардың Жайық пен Ембі арасындағы жерінде орыс бекінісі күзетінің рұқсатымен көшіп-қону мүмкіндігін иеленді.

А.Беркович-Черкасский басқарған екінші экспедиция, Каспий теңізі арқылы Хиуаға қарай бағыт алды, оның құрамында 6 600 адам болған еді. Бұл сәтсіз аяқталған авантюра болды, себебі Хиуа ханы осы топты шабуылға келгендер деп қабылдап, оларға қарсы қару кезенді, салдарынан орыс отряды көп шығынға ұшырап, кері қайтуға мәжбүр болды (**Olcott, 1995, 28-30 беттер**).

#### § 4. Кіші жүздің Ресейге қосылуы

Әбілқайыр ханның Ресейге қосылуы тарихи туралы концептуалды жоспарды британ тарихшысы А.Боджер (Суонси университетінің профессоры, Ресейдің Азиядағы тарихи қатынастары мен саясаты тарихы бойынша маман) жазды. Боджер Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың орыс боданы болуға негіз болған оқиғалардың хронологиясын баяндай келе, қазақ хандары үшін сертке берік болу шартты дүние болды, олар оны кез келген уақытта бұза салатын деп жазады (**Bodger, 1980, 40-шы бет**). Ресейдің шығысындағы шекараларды күзету, қажет болса қызмет ету, салық төлеу, орыстың сауда керуендерін қорғау деген сияқты міндеттерін орындау арқылы олар Ресейден ішкі және сыртқы жаулардан қорғауын, сонымен қатар сауда барысында басымдыққа ие болуды сұрады және орыс шекарасына дейінгі жайылымдарды пайдалануға рұқсат алды.

Боджердің пікірінше, орыс үкіметі тарапынан қазақтар берген антқа қатысты сенім жоғары болды, «дегенмен XIX ғасырдың ортасында далада әскери басымдық орнатпайынша, Ресейдің қазақтарды басқаратын шамасы болған жоқ» (**Bodger, 1980, 41-ші бет**).

Боджер осы оқиғаларға қатысы бар барлық дереккөздер мен тарихнаманы толыққанды зерттеп шықты. Әбілқайырдың Ресейге қосылудағы негізгі себебі жоңғарлардың қаупінен құтылу еді. Патшалық дереккөздер Кіші жүздегі алауыздыққа басымдық берді. Әбілқайырдың шынайы әрекетін білу үшін Боджер даладағы жағдайды сол заманның тарихи контекстінде қарастырады. Қазақтардың Аягөз өзені маңындағы жеңілісі автордың пікірінше, басшылардың өзара келіспеуінен болды. Тәуке хал үстінде болатын. Оның мұрагері Қайып жеңіліс тапты. Осы кезде үміт Әбілқайырда болады. Ол хан әулетінің кіші тармағының ұрпағы болатын, яғни ол Жадығадан емес, Өсектен тарайды, осылайша оның жоғары билік иеленуге тікелей құқы болған жоқ. Бірақ Әбілқайырда көшбасшыға тән жеке қасиеттер болатын, сонымен қатар ол ықпалды жүзбасылардың қолдауына ие болды. Ол Орта жүздің билеушілері Бөкенбай, Есет және Жәнібекпен 1716-18 жылдары одақ құрды. Осындай жағдайда жоңғар шапқыншылығынан алыста орналасқан соң аз зардап көретін Кіші жүз қол бастауға лайықты саналды. Осы кезде соғыс үш бағытта жүргізілді: жоңғарларға қарсы шайқас, даланың солтүстік жағында орыс әскерімен және Әбілқайырдың Жадыға сұлтандарына қарсы топпен күресі.

1716-17 жылдары Тәуке, Қайып және Әбілқайыр Ресейге елшілік жіберіп, олармен бейбіт әріптестік байланыс орнату және жоңғарларға қарсы әскери одақ құру туралы ұсыныс жасады, бірақ Боджер бұл орысқа бодан болу туралы өтініш емес еді деп баса атап көрсетеді (**Bodger, 1980, 46-шы бет**). Бірінші Петрдің үкіметі орыс ресми миссиясының басшысы Б.Брянцевтің қазақтардың нақты бір әскери күші жоқ деген көзқарасы басым түскен соң келіссөзді үзді. 1723 жылы жағдай күрделене бастады, жоңғарлар Жетісу мен Сырдарияны басып алды, осыдан кейін қазақтар тағы бір мәрте елші жіберді. 1730 жылғы оқиғадан кейін, яғни қазақтар жоңғарларды жеңген кезде Әбілқайыр әскери-саяси күрестің алдыңғы шебіне шығады. Ол Санкт-Петербургке елшілік жіберіп, бодан болу туралы ресми өтініш жасайды. Боджер ол туралы былай жазады: «Мүмкін бұл моңғолдарды Оңтүстік Қазақстаннан шығарудың амалы таусылған соң жасалған әрекет болар, бірақ оның қазақ халқын қырып-жою қаупінің жақындағанына қатысы болуы шамалы. Дегенмен, ең негізгі себеп — Әбілқайыр мен Жадыға басшылары арасындағы алауыздық, оның өршіп кеткені сонша, бұл жағдай қазақтардың басы бірікпейтінін аңғартты (**Bodger, 1980, 48-ші бет**).

Егер 1726 жылы орыс үкіметі Әбілқайырдың өтінішін кері қайтарған болса, осы жағдайдан кейін оны қабылдады. Бұл шешім Ресейдің халықаралық жағдайда еркін тыныстауына және Петербургтің башқұрт жерлерін бекініс желісі арқылы қоршап алу жоспарының орындалуына септігін тигізді.

Орыс стратегтерінің басты идеясы башқұрттар мен қазақтарды бірін-бірі ұстау үшін пайдалану болды. Сонымен қатар Ресей қазақтарды бодандыққа алу кезінде олардың тұтқынға түскен азаматтарын қайтару туралы келісімін алды.

1731 жылдың 30 сәуірінде Әбілқайырға адалдық туралы ант қабылдатуы үшін Ресей елшісі жіберілді. Боджер оған Әбілқайырдың өзі бастамашы болды деген тұжырым жасайды, өйткені ол даладағы билікті дара жүргізгісі келді. Автордың пікірінше, жоңғарлардан төнген қауіп осы жерде екінші орында болды және ол келіссөз барысында сөз болған да жоқ. Ал Ресейдің көздегені қазақ даласын күштеп басып алу болатын.

М.Олкотт 1730 жылдың 8 қыркүйегінде Әбілқайыр хан император Анна Иоанновнаға хат жібергені туралы жасады, онда ол Ресейге бодан болуды өтінген. Олкоттың пікірінше, осы хат басқа сұлтандар мен халыққа ескертілместен жазылған, бір билеушіден екіншісіне тікелей жіберілген. Олкоттың пікірінше, Әбілқайырға тұрақтылық ауадай қажет болды, себебі Кіші жүздің экономикасы құрдымға кетті: оның құрамында Түркістаннан қуғын көріп, Сырдарияны жағалай Жайық пен Тобыл маңындағы жайылымдарға қоныстанған Байұлы, Әлімұлы және Жетірудан құралған 400 мың адам болды. Орыстар үшін Әбілқайырмен, кейін Сәмеке (1732) және Абылаймен (1740) жасалған келісім олардың әскери бекіністері мен Ертіс маңын қоныстанған бейбіт халықтың өмір сүруіне кепілдік алғанмен бірдей болды. Осы келісім шарт орыстардың аймақта сауданы дамыту туралы шындап ойлануына түрткі болды, бірақ тура сол кезде ресейлік стратегтердің қазақтың даласына қатысты аннексия туралы ойлары болған жоқ. Құқықтық тұрғыдан қарастырғанда, Кіші және Орта жүздің территориялары Ресей империясының бөлігі болған жоқ, тіптен картада да XVIII ғасырдың соңына дейін Ресей шекарасы солтүстік Оралдан Орскке дейін, Троицк пен Ертістен Алтайға дейін белгіленді. Осылайша, шартты түрде қазақ территориялары тәуелсіз болды.

Орыстар қазақтармен байланыс орнатпауға тырысты, қарым-



қатынас хандар, олардың ұлдары және депутаттар арқылы жүзеге асты. 1734 жылы Әбілқайыр ясақ (алым-салық) төлеуге келісім берді, бірақ ресейлік үкімет одан бас тартты, себебі ол салықтан да көп болды. Әбілқайыр Ресей императорымен орнатылған келісімге аса мән берген жоқ, (оған оның жоңғар хандарымен байланысы дәлел) ал Санкт-Петербург болса оны Ертіс өзені маңындағы бекіністерін нығайту мақсатында пайдаланды. 1734 жылы Кириллов бастаған Орынбор экспедициясы қазақ даласына стратегиялық барлау жасады. Әбілқайыр олардың қауіпсіздігіне кепілдік берді. Олар осыны пайдаланып, сонау Арал теңізіне дейінгі жерге барып, алғаш рет қазақтың ұлан-ғайыр жерін аралады (Олкотт өз еңбегінде орыстар Сырдарияны Арал мен Каспийдің арасын жалғастырады деп ойлағанын жазады). Кириллов Санкт-Петербургке жолдаған баяндамасында орыс экспансиясын оңтүстік бағытқа қарай кеңейтуге болатынын жазады. Осыдан кейін ол 1735 жылдың тамызында Орынборды кепілге қоя отырып, 1737 жылға дейін жұмысты жалғастыру туралы бұйрық алады. Кириллов қазақтардың көмегімен Хиуа, Бұқара мен Ташкентті жалғайтын сауда керуенін қалпына келтіреді. Орынборда сауда жасаған Ресей көпестері үш жылға (1735-38) кеден салығынан босатылады.

1737 жылы Кириллов қайтыс болған соң, Орал әкімшілігін басқаруға Татищев келеді, ол қазақтармен сауда қатынастарын кеңейтуге мүдделі болған еді. Ол қазақтарға Орынборда мешіт салуға, қала маңында мал ұстауға рұқсат берді. Алайда Әбілқайыр бастаған қазақ ақсүйектері мен олардың ұрпақтары орыстармен қарым-қатынасты шектеуді жөн санады.

Қазақтар мен орыстар арасындағы шиеленістердің өршуі қазақ-башқұрт одағының құрылуына себе болды және Әбілқайырдың қолдауымен 1738 жылы башқұрттар көтерілісі болды. Ештеңеге қарамастан, екі халық та Оралдағы жайылым үшін бәсекелесті. Бірақ мұндай одақтың ұзаққа созылуы мүмкін емес еді, сондықтан да 1738 жылы Әбілқайыр хан өзінің ұлы және Кіші жүз бен Орта жүздің өзін қолдайтын сұлтандардың, ру басшыларының басын қосып, Татищевпен кездесті. Сонда ол императорына бағынатынын және орыс керуеніне соқтықпайтынын айтып, уәде берді.

1739 жылдың маусымында Орынбор экспедициясына князь В.А.Урусов жетекшілік етті, оның басты мақсаты керуен мәселесін шешу болатын. Урусов Ресейдің Орта жүзге ықпалын күшейтуге тырысты және оны жасай алды да, нәтижесінде 1740 жылы ол Абыл-

Мұхұммад пен Абылай ханға император алдында ант қабылдатты. Дегенмен, Урусовтың ең басты жұмысы Олкоттың пікірінше, қазақ даласындағы орыстардың ықпалын күшейтуі болды. Соның арқасында Орынбор мен Троицк арасындағы бекіністер салынды. Ол 1740 жылы Әбілқайыр орыс протектораты негізінде Еділ бойындағы қалмақтарға қарсы шабуыл жасағанына қарамастан, Әбілқайыр хан және Кіші жүз сұлтандарымен жақсы қарым-қатынас орната білді. Дәл сол жылы ол өз кезегінде Орскідегі орыс бекінісі жанында жоңғарлардың шабуылына ұшырады да Орынборда орыстардан пана сұрауға мәжбүр болды. 1742 жылы Урусовтың орнына И.И.Неплюев келді, ол қызмет істеген кезде Орынбор бекінісі салынып біткен еді, Ертіс пен Есіл арасындағы Жайық бекінісінің құрылысы басталды. Оның жасаған басты еңбегі – Орынбор губерниясын құруы. Дегенмен, Неплюев қазақтармен жақсы қарым-қатынас орната алмады. Ол Әбілқайырдың сүйікті ұлы Қожа-Ахмедті орыс тұтқынынан босатып, басқа бір заңсызбен алмастыра алмаған соң, Әбілқайырмен қарым-қатынасын бұзды. Бірақ Әбілқайырдың наразылығын тудырған басты мәселе Неплюев оның Кіші жүзде әлсірей бастаған билігін нығайтуға көмек беруден бас тартты. Сол кезде Әбілқайырдың абыройына нұқсан келтіретін жағдайлар көбейіп кетті, әсіресе Жәнібек батыр тарапынан көп сынақ болды.

1734-44 жылы орыстар мен қазақтар арасындағы қарым-қатынас нашарлай бастады: олар бір-біріне қарсы шайқасты. Орынбор маңындағы сауда сап тыйылды. Осы кезде Әбілқайыр парсылардың шахы Надирмен байланыс орнатады да Хиуа хандығының солтүстігіне қарай көшу туралы шешім қабылдайды. Себебі ол Хиуа хандығының тағына Нұралының отыратынына бек сенімді болатын. 1744 жылдың сәуірінде Неплюев қалмақтарға қазақтарға шабуыл жасау туралы бұйрық беруге қамданады, бірақ осы кезде қазақтар мен орыстар арасындағы қарым-қатынас жақсара бастайды. Әбілқайыр ұлын Петербургке жіберіп, билікке жаңа келген II Петрге ант қабылдатқызады және оған көрсеткен құрмет ретінде тұтқында болған 30 орысты бостандыққа жібереді. Бірақ қазақ пен орыстың арасындағы жақсы қарым-қатынастың ауылы алысқа барған жоқ. 1746 жылы байланыс қайтадан ушығады, себебі қазақтар Оралды асып, қалмақтарға қарсы шабуыл жасайды, басында жеңіспен оралса, кейін оларды жау Каспий теңізіне дейін қуады. Соңынан казактармен соқтығысқан қазақтар көп шығынға ұшырайды. 1747 жылы Кіші жүзге Тевкелев дереу жөнелтіледі, оның мақсаты өңірде тұрақтылық орнату болатын. Оның қолынан бұл

іс келеді, ол Әбілқайырдың ұлы Қожа-Ахметті Айшуаққа айырбастап, оны бостандыққа шығарады, осылайша ол Әбілқайырдың талабын орындап, онымен орыстарға шабуыл жасамау туралы келісімге келеді. Бірақ осы келісім әлсірей бастаған Әбілқайыр билігінің нығаюына ықпал ете алмайды. 1747 жылы Нұралының орнына Хиуаның ханы болған Қайыптың әкесі Жәнібек сұлтан Әбілқайырды қарақалпақтардың жеріне қуып жібереді, ол жер сол кезде Орта жүздің ханы Барақтың қарамағында болатын. Барақ пен Әбілқайырдың арасындағы ашық жауластықтан кейін 1748 жылдың тамызында Әбілқайыр өлтіріледі (Olcott, 1995, 31-34-ші беттер).

Ш.Акинердің пікірінше, даладағы орыстың ықпалы күшейген кезең — 1680 жыл. 1760 жылы ол күмәнсіз саяси факторға айналды. Бұл ұзаққа созылған, бірақ түбегейлі жаулап алу болатын. XVII ғасырдың соңында жекелеген қазақ хандары мен сұлтандары алдымен жоңғарлардан пана іздеп орыстарға өтініш жасаса, кейін көздегендері басқа көшбасшылар арасында өздерінің абыройын асқақтату болды. Орыстың патшалары қазақ даласын бақылауға алудағы өздерінің стратегиялық және экономикалық маңызын жақсы түсінді. 1730-шы жылдары барлық үш жүздің хандары Акинердің пікірінше, орыс сюзеренитетін мойындады, бірақ Ресеймен етене араласуға кедергі келтіретін бірнеше фактор болды. Санкт-Петербургке қысымның күшімен бодан болуға келіскен қазақ хандары, осы әрекетпен қатар, жоңғарлар мен Қытайға да реверанс жасады. Жеме-жемге келгенде, осындай күрделі бұлтарыстар мен ішкі қарама-қайшылықтар қазақ жүздерінің қауқарын әлсіретіп, сыртқы қысым мен бақылаудың күшеюіне алып келді.

XVIII ғасырдың соңына қарай, Кіші және Орта жүз дезинтеграция кезеңін бастан кешірді, оған жергілікті феодалдардың тәртіпсіздікке баруы және сыртқы құрылтайшылар тарапынан жасалған құйтырқы әрекеттер ықпал етті. Қытайларға барынша тәуелді бола бастаған Ұлы жүз де осы кезде дағдарысқа ұшырады. 1822 жылы Ресей ресми түрде шартты түрде ғана аталатын Кіші жүздегі хан билігін алып тастады. 1824 жылы Ұлы жүздігін алса, Бөкей Ордасыныкі 1845 жылы алынды (Akiner, 1995, 20-21-ші беттер).

Ағылшын зерттеушісінің пікірінше, Ресей үшін қазақ жүздерінің бейтараптығына сенгенше, қазақ даласын басып алу жеңіл еді. Орыстардың қазақ даласын иеленуінің бастамасы 1520 жылы Яицкті (Орал) салу болды, сонымен қатар 1645 жылы Гурьев (Атырау) бой көтеріп, осы бекіністер Каспий маңындағы Ресейдің қорғаны болып

саналды. Сібірді жаулап алу Ресейге әскери базаларын Қазақстанның солтүстік-шығыс аумағына қарай жақындатуға мүмкіндік берді. Он сегізінші ғасырдың басында Ресейдің бекіністері қазақ даласында салына бастады: 1716 жылы Омбының негізі қаланды, 1718 жылы Семей, 1720 жылы Өскемен. 1740-50 жылдары осы аталған қалалар және басқалары ұзаққа созылған бекініс жүйесінің бір бөлігі ретінде қарастырылды. Кіші жүзге қатысты шартты протекторат ресейлік билікке Орск (1735) және Орынборды салуға (1743) және қазақтың солтүстік-батысындағы жерлерді бақылауға алуына мүмкіндік берді. Шекаралық әскердің негізінде казактар шоғырланып, олар бір уақытта Сібірдің оңтүстігі және Солтүстік Қазақстанда әскери және экономикалық бақылауды орнатты.

Келесі ғасырдың басында ғана Ресей Қазақстанның ішкі бөлігінде бақылау орнату мүмкіндігіне ие болды. Хан билігі алынып тасталған соң, яғни қазақтың мемлекеті заң жүзінде жойылғаннан кейін жаңа бекініс қалалары аса үлкен жылдамдықпен салына бастады.

Тек 1824 жылы бірден Ақмола, Көкшетау және Қарқаралы салынды. 1847-54 жылдар аралығында ресейлік әкімшілік Орталық Қазақстанның шөл және шөлейт аймақтарын бақылауға алды; нәтижесінде Арал (Раим), Қазалы (Казалы) және Верныйдың (Алматы) негізі салынды.

Оңтүстікте Ресей Қоқан хандығымен қақтығысты. Себебі олар осы мерзімге дейін Ұлы жүздің біраз жерін басып алып, бірнеше руларын бағындырған болатын. Әскери компания кезінде 1853 жылы Ақмешіт (Қызылорда), 1864 жылы Әулие-Ата (Жамбыл) мен Шымкент және ең соңында 1865 жылы Ұлы жүздің астанасы болған Ташкент азат етілді. 1782 жылға дейін қазақ жүздерімен байланыс орнату жұмысын Сыртқы істермен айналысатын Коллегия атқарды. Ал хандардың ордасына шетел мемлекеттеріне қызметке аттандыратын елшілер жіберілді. Бірақ II Екатеринаның кезінде орыс-қазақ қатынастары ішкі империялық мәселе сияқты қарастырылды және Бас прокуратураның құзіретіне кірді. Алайда Ұлы жүз шетел мемлекеті сияқты қарастырылды, олар Ресеймен қарым-қатынасты 1847 жылға дейін Сыртқы істермен айналысатын Коллегия арқылы реттеп отырды.

## **§ 5. Кіші жүз үшін күрес**

Нұралы хан (1748-1786) әкесі Әбілқайырдың мұрагері ретінде орыстардың келісімімен билікке тағайындалды, олар Кіші жүздің

старшиналарына ол барынша лайық үміткер екенін түсіндірді. Нұралының жағдайы оңай болған жоқ, себебі Кіші жүздегі халықтың біраз бөлігі Жәнібекті қолдады, ол жоңғарлармен қатар Абылай ханның қолдауын асыра пайдаланды. Сондықтан да Нұралы толық бақылау орната алмады. Жәнібек пен оның ұлы Қайып Кіші жүздің рулары мен оларға тиесілі жерлерді бақылауда ұстады, осы тірлікпен қатар олар Хиуа хандығына да жұмыс істеді. Нұралы Орта жүздің территориясы үшін Барақ ханмен күресті жалғастырды, бірақ онысы сәтті болмады, бірақ 1750 жылы ол астыртын әрекет жасап, өзінің әкесін өлтірген қанішерді ұлап өлтірді. Хан болып сайланған соң бір жылдан кейін Нұралы әкесі Әбілқайырға арнап мавзолей салу үшін Ресейден рұқсат алады. Дегенмен, орыс билігі оның сүйегін Орынборға жерлеуді талап етеді. Нұралы осы шешімге қарсылық танытады, оның сақтық танытуына негіз де жоқ емес еді, осы қарсылықтың соңында Ресейдің қазақ даласын басып алуды көздеген ұзақ мерзімді жоспары болған еді. Әбілқайырға арналған мавзолейдің салынған салынбағаны туралы еш куәлік жоқ. Олкоттың пікірінше, Нұралының басты міндеті қазақтар мен орыстар арасындағы тұрақты альянстың қалыптасуына жол бермеу болатын.

Нұралымен арадағы күрес бір жағынан және Жәнібек пен оның ұлы Қайып екінші жағынан, негізінен кезектесіп өз бәсекелестерінің территориясында орыс керуендеріне алым-салық алу үшін бәсекелесе отырып шабуыл жасады. Неплюев даладағы аласапыран жағдайды өз көзімен көрген соң өз қарамағындағы күшке шекара асып, қазақтарға қарсы шабуыл жасауға тапсырма берді. 1755 жылы жағдай шиеленісе түсті, себебі башқұрттар қазақтардан (және Еділ татарларынан) орыстарға қарсы күресте қолдау көрсетуін өтінді. Неплюев қазақтың бейтарап болуын қалап, қазақтарға оларда тұтқынға түскен башқұртың әйелдері мен балаларын қалдыруға уәде берді, осының кесірінен ұзақ уақыт бойы ресейлік әкімшілік пен қазақтар арасында келіспеушіліктер шешілген жоқ. Нұралы Неплюевтің ұсынысын қабыл алды, өйткені ол башқұрттар орыстарды жеңсе, бұл олардың даланы жаулауды бастауына негіз болады деп ойлады. Тараптар арасындағы кикілжіңге себеп болған жағдай, орыстар қазақтарға Еділ мен Жайық арасында көшіп-қонуға рұқсат бермеді.

Орыс пен қазақ қарым-қатынасына әсер еткен тағы бір фактор – Жоңғарияның құлдырауы, сонымен қатар Цин империясының Орталық Азияға қарай шабуылдауы. Нұралы мен Абылай мәнжүрлерге қарсы жоңғарларды қолдады, соңғысының жеңіске жетуіне орай,

олардың жайылымдарына көз алартты. Циндықтар қазақтардан қытай протекторатын мойындауды талап етті. Абылай циндармен саяси ойын ойнауға тырысқанмен, Нұралы қытайдың сюзеренитетін мойындаудан біржола бас тартты. 1758 жылы қытайлар Сібірдің оңтүстік-шығысындағы орыстың бекіністеріне шабуылдай бастаған кезде ол мәнжүрлерге қарсы шайқасуға бұйрық берді. Осындай тәсіл Нұралыға екі империямен де салыстырмалы түрде алғанда жақсы қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік берді. Өз кезегінде Петербург қазақтар Цин империясының ықпалына түсіп кетер ме екен деп алаңдады. Осы ой тұрғысынан, орыс-қазақ қарым-қатынасының нашарлауы Қытай үшін далаға шақырту алғанмен бірдей болады деп ойлаған орыс әкімшілігі қазақтармен қарым-қатынасын түзетуге кірісті. Ресей үшін Кіші жүздің ханы ретінде мойындалған Нұралы, ағалары Ералы мен Айшуақпен бірге патша сарайынан жыл сайын зейнетақы алып отырды.

Алайда Ресейдің алаңдауының соңы қазақтың Кіші және Орта жүзінің Қытай империясының бір бөлігі болып саналатын жоңғар жайылымдарын басып алуына алып келді. 1762 жылы тараптар арасындағы жағдай қайтадан ушығып кетті. Себебі Нұралы Петербургке де (Екатерина екіншінің инаугурациясы) және Бейжіңге де делегация жіберді. Өйткені ол қытайлардан қандай да бір аванс алған болуы мүмкін. Себебі кейін қазақтардың орыс керуендеріне шабуылы жиіледі.

Олқоттың пікірінше, Екатеринаның стратегиялық мақсаты шығысқа барынша жақындау болды. Бұл оның билікте болған алғашқы он жылында даладағы сауда өрісін кеңейтуі арқылы аңғарылды. Даладағы барынша тиімді сауда жолдарын зерттеу мақсатында аймаққа Н.М.Рычков жіберілді. Екатеринаның тағы бір қамқорлығы Түрік империясын Қырым мен Қара теңізде ұстау болатын. Ол қазақтарды тыныштандыруға тырысты. Себебі Стамбулда түрік сұлтаны қазақтарды өз туысы, одақтас және халифат өкілі сияқты қабылдайтын. Осындай мақсатпен ол қазақ хандарын алдаусыратып отырды, мәселен, 1767 жылы Нұралы мен оның ағасы Досалыға резиденция салып берді. Бірақ қытайлардың Орталық Азияға шабуыл жасауы аймақтағы мұсылмандардың оларға қарсы бірігуіне себеп болды. Ауған билеушісінен бастап, ислам қоғамы аясында топтасты. Қазақ билеушілері мұны бір дін ұстанатын бауырларынан көмек сұрауға себеп ретінде ұтымды пайдаланды.

Солай бола тұра, орыстар мен қазақтардың жағдайы күрделі болды, өйткені 1765-67 жылдары қазақтар орыстардың қарамағындағы қалмақтарға шабуыл жасай бастады. Нұралы ханның уайымы күшейе бастады, себебі Орынборда тұтқында болған екінші ұлы өлтірілді. Себебі орыстар оның ұлы Есіл мен ағаларының Кіші жүздегі билікке мұрагер болуын қаламады. 1771 жылы олардың арасындағы жағдай қалыпқа келе бастады, себебі орыстар қазақтарға Еділ бойындағы қалмақтарды Қытайға ығыстыруға рұқсат берді. Осыдан кейін қалмақтардан қалған жерге қатысты дау туды. Ол тағы да башқұрттардың пайдасына шешілді.

Қазақ пен орыс арасындағы осындай тартысты атмосфера кезінде 1773 жылы Пугачев көтерілісі басталады. Қазақтар осы көтерілісті Ішкі Орданың жайылымдарын басып алу және орыс елдімекендерін жаулау үшін пайдаланды.

Досалының ұлы Сейітәлі Пугачевке аманат ретінде 200 қарулы адамды қызметке жіберді, сол уақытта Нұралы 400 көтерілісшіні өз территориясында жасырып отырды. Олкоттың пікірінше, қазақтар Пугачевты өз мақсаттарына жетудің құралы деп қарама, әлде басқа ма, ол жағы белгісіз. Орынборды қоршауға бірнеше мың қазақ қатысты, алайда Пугачевтің сәтсіздігінен кейін 1773 жылы Нұралы хан ресейлік билікке көтеріліс кезінде қылмыскерлерді ұстайтын көшбасшы ретінде қызмет көрсетті. Солай бола тұра, оның ағасы Досалы сұлтан өмірінің соңына дейін Пугачевтің жақтасы болып өтті. Ол Ішкі Ордадағы жайылымға жер алғысы келетін беріш, серкеш, тама, табын, жағалбайлы мен байбақты руларына арқа сүйеді, олар 1774-1775 жылдары орыстардың бекіністеріне шабуыл жасап келді. Осы уақыт аралығында қазақ рулары арасында Нұралы ханды Ресейдің «жалшысы» ретінде санап, оған қарсы наразылық күшейеді. Ал саяси сахнаға Сырым Датұлы шығады. Ол орысқа қарсы барша халықтың мойындалған көшбасшысы ретінде Ішкі Орданың жайылымдарын қайтару мақсатында шабуылға шығады. Осы кезде далада «көзге көрінбейтін адам» шықты деген хабар тарайды, ол көтерілісшінің жиынтық, анонимді образы. Бір қызығы осы кезде қазақтар тек қана орыстардың елді мекендері мен бекіністеріне ғана емес, сонымен қатар өздерінің бұрынғы одақтастары башқұрттарға да қарсы шығады.

Осы оқиғалардың барлығы, Пугачев бастаған көтеріліс және оған қазақтардың қатысуы, сонымен қатар Кіші жүздегі алауыздық императорды хан билігін әсіресе Нұралыны әлсірету қажет деген ойға

жетеледі. Осы сәттен бастап Екатеринаның мақсаты айқын болды. Ол Кіші жүзді толық бақылауға алып, орыстардың керуенінің қауіпсіздігін сақтауға кірісті. Пугачев көтерілісінен кейін, Олкоттың пікірінше, Нұралы хан және қазақтың басқа да көшбасшыларына ауыр сабақ болған жағдай, олар Ресей деген отарлап алуды көздеген, ең бастысы орыс халқының мүддесін ойлайтын держава екенін анық түсінді. Егер қазақ пен орыстың мүддесі арасында қандай да бір шиеленіс болса, мәселен қалмақтардан қалған жайылымға қатысты жағдай сияқты, онда басымдық қашан да орыстарға беріледі. Бұл жағдай Кіші жүздегі экономикалық жағдайды әлсіретті және ондағы XVIII ғасырдағы көтерілістер мен толқуларды ғасыр соңындағы үздіксіз көрініске айналдырды (**Olcott, 1995, 34-39 беттер**).

Олкотт өз кітабында Кіші жүздің (1770-ші жылдың соңы мен 1824 жылға дейін) соңғы он жылдықтарындағы тәуелсіз тарихын зерттеу кеңестік тарихнаманың кесірінен күрделі жұмысқа айналғанын айтып шағымданады. Кеңес ғалымдарының пікіріне сүйенсек, осы кезең көтерілістер мен толқуларға толы аласапыран кезең болған. Дегенмен, М.Вяткиннің еңбегіне сүйенген Олкотт осы кезеңде Кіші жүздегі тыныштықты шайқаған көтерілістер қазақтардың экономикалық жағдайына тұрақты түрде нұқсан келтіргендіктен, орыстарға қарсы сипатта болды. Ресейге өз еркімен қосылған қазақтар тек хандардың ұсынысымен барды. Олардың Ресейге жақындағандағы негізгі ойы жоңғарлардан төнген қауіптен қорғану еді. Бірақ тағдырдың тәлкегімен, «Ақтабан шұбырынды» ұмыт қалған соң, уақыт өте келе хандардың билігі әлсірей бастады, оған тікелей әсер еткен жағдай Ресеймен альянс құру.

Көтерілістерді бастаған Сырым Датұлы сияқты көрнекті тұлғалар хандық билікті сыбайласқан және тәуелсіздікті сақтауға дәрменсіз жүйе ретінде қарастырды.

Пугачевтың көтерілісінен кейін Кіші жүздегі хандық билікте бұрынғыдай база болған жоқ. Қазақтардың Пугачев көтерілісіне қатысуы, әсіресе қазақ даласындағы толассыз толқулар Екатерина мен оның кеңесшілерінің қазақтар өз-өзін басқара алмайды деген түйін жасауына негіз болды. Дала ресейлік сауданы кеңейтуге мүлдем жарамсыз болып қалды. Бірқатар реформа жасауға кіріскендегі әрекет толығымен тиімсіз екенін аңғартты. Қазақтар үшін басты мәселе жер болды. 1775 жылдан бастап 1782 жылға дейін Сібір мен Уфадағы ресейлік әкімшілік қазақтардың Ішкі Ордадан бастап белгілеген



аймағына заңсыз енуіне кедері келтіруге тырысты. Бірақ қазақтар Оралды асып, оралдық казактармен үнемі қақтығысып тұрды. 1782-1801 жылдар аралығында Нұралы хан мен оның отбасы Оралды асып, малдарын Ішкі Орданың территориясында бағуға рұқсат алды, бірақ бұл қадам оның оппоненттеріне оның Кіші жүздегі мәселелерді шешіп, орыстармен орнатқан қарым-қатынасы тек қана өз мүддесін ойлағаннан болды деп айтуға негіз болмайды.

Солай бола тұра Нұралы мен оның адамдарының Оралды асып кетуі басқа да адамдар үшін жайлы жағдай болып, тұтас бір ауыл мен рулар олардың соңынан Оралға қарай көшті. Осы жағдай казактармен арадағы қарым-қатынасты нашарлатып, кейін ол қазақтар арасындағы шиеленіске жалғасты. Соңы Сырым батыр бастаған көтеріліске ұласты, оның қолының құрамында 6 мың адам болды, оның 2700-і Сырымның тікелей бақылауында болды. Нұралы орыстардан көмек сұрауға мәжбүр болды, себебі көтеріліс оның жеке билігіне қауіп төндірді. Сырым орыстардың қазақ жеріне келуіне қарсы болды және Нұралының солардың жеке агенті ретінде қарастырды. Сырымды Нұралының басты қарсыласы, ханның оңтүстіктегі жеріне жақын орналасқан территорияны бақылауға алған Қайыптың ұлы Әбілғазы сұлтан қолдады. Сонымен қатар ол Нұралыны тақтан тайдыруды көздеді. Олкоттың пікірінше, Сырым Датұлы демократиялық басқару формасын орнатуды талап етуден алыс адам болған. Оның талабы өзін Шыңғыс хан ұрпағы, соның мұрагеріміз, ақсүйекпіз деп санайтын биліктегі көшбасшылардың рулық және тайпалық монополиясын жою болды. Осы мәселенің ушыға түсетін тағы бір жері орыс билігі қазақ аристократиясын өз монархиясының қолдаушысы ретінде көрді.

Орыстың 2 полк және 1500 казактан құралған қарулы күші 1784-85 жылдары Сырымның оңтүстікке, Арал теңізі мен Сырдарияға қарай шегініс жасауына мәжбүр етті. 1786 жылы Екатерина Нұралы өз халқының сенімін жоғалтты және Ресей мүддесіне дұрыс қызмет етпеді деген жарлық шығарды. Жарлықтың екі параграфында мынадай жаңашылық болды: біріншісі, қазақтар мен орыстардың арасындағы дауды қарайтын шекаралық сот пайда болды. Тағы бір параграфта қазақ территориясында мешіт, діни мектеп пен керуен-сарайлар салынады, оны ұйымдастырумен Қазанның мұсылмандар басқармасы айналысады делінген. Христиан миссионерлерінің қолынан келмеген соң, ресейлік билік ислам «жабайы және не жасарларын болжап болмайтын» қазақтарды ауыздықтайтын өркениет болар деп үміттенді.

Бірақ бір қызығы ислам дінін енгізу кері әсер етті. XIX ғасырдың ортасында ол орысқа қарсы жаңа әрі әлеуеті жағынан барынша қауіпті орталыққа айналды. Барон Ингельстромның 1787 жылғы реформасы одан да қатал болды. Ол хандық билікке тыйым салып, Кіші жүзді үшке бөлді, батыс, орталық және оңтүстік. Олардың әрқайсысы сайланбалы әкімшілік кеңес арқылы басқарды, оның құрамында старшын мен шекаралық соттың орыс-қазақ араласқан өкілдері болды. Бұл идеяға Әбілқайыр ханның әулеті, яғни Нұралы хан, оның ағайындары мен Қайыптың отбасы қарсылық танытты. Уәли хан да осы реформаға қарсы болды. Себебі ол осындай жағдай Орта жүзде де қайталана ма деп қорықты. Осы реформаға Сырым батыр қолдау көрсетті, себебі Ингельстром оның талабын орындап, 4500 қазақ отбасына Ішкі Орданың жайылымын пайдалануға рұқсат берді. Оның үстіне ресейлік билік оларды казактардан қорғауға уәде берді. Соңында осы реформаға император Екатерина қарсылық танытып шықты. Себебі француз төңкерістерінен сабақ алған ол халық билігіне жол беру дұрыс емес деп санады және монархияның қасиетті принциптерін қолдау, мына жағдайда Нұралыға және оның отбасына қатысты қолдау көрсетуді дұрыс деп санады.

Ингельстром реформасы тек 1787-1790 жылдар аралығында жүзеге асты. Себебі оған көптеген ықпалды рулар қатысып, өкілдерді таңдау және сұрыптауға атсалысты. Оның сәтсіз болғанын барлығы мойындады. Даладағы бассыздық 1770-80 жылдардағы географиялық экспедицияның мүшесі Палластың жазбаларында да көрініс тапты. Ханның билігі мүлдем болмады, ресейлік билік те дәрменсіз еді, ал сол заманның ықпалды тұлғасы болған Сырым батыр ханның өкілеттілігін тартып алуға тырысқан жоқ, оған халықтың атынан сөйлеп, қол бастау жеткілікті болды. Сырым старшындардың ассамблеясын құруға тырысты, бірақ оның абыройы бұл органның тиімді әрі нақты жұмыс істеуіне ықпал ете алмады. Кейін орыс-түрік соғысы басталған кезде, Бұқараның әмірі оны мұсылман ретінде Түркияны қолдауын сұраған кезде, Сырымның Ресейді және Ингельстром реформасын қолдауға деген ықыласы жойылып кетті. Сырым Датұлы сол замандағы басқа да қазақтар сияқты діннен алыс болды. Бірақ өзін мұсылманмын деп санап, діни негіздегі бірлікке шақырған ұсынысты қабылдады.

Ингельстром эксперименті 1790 жылы Уфада Нұралы ханның өлімімен аяқталды, ол сонда қуғынға ұшыраған болатын. Ингельстром мен оның орнына келген генерал А.Пейтлинг қайтыс болған ханның

бауыры Ералыны қолдады. Бірақ оны үміткер ретінде ұсыну қазақтардың арасында жаңа толқу тудырды. Сырым Датұлы 1791 жылдың соңында старшындардың жиынында Қайыптың туысқаны Шерғазыға қолдау көрсетуді талап етті. 1792 жылғы толқулар барлық Кіші жүзді қамтыды, ал Сырым Ералыны жақтаған орыстар мен қазақ елдімекендеріне қарсы шайқасты. Илецкте жеңіліске ұшыраған соң, оның әрекеті партизандық сипатқа ие болды. Ералының өлімінен соң 1794 жылы оның орнына өзін толыққанды хан ретінде жариялаған Нұралының ұлы Есім отырды. Ресей билігі 1796 жылға дейін бейтарап болды, тек осы жылы билікке жаңа ресейлік губернатор С.Визамитинов келген соң оны хан деп мойындаған жоқ. 1797 жылы Сырым тағы да Есімнің ауылына шапқыншылық жасады да, Есім ханды өлтірді. 1797 жылдың қазанында қазақ старшындарының съезінде Айшуақ сұлтан хан болып сайланды. Екі аптадан соң оны император Павел хан ретінде мойындады.

1797 жылдың соңында Сырым Датұлы Хиуаға қашып кетті, сол жақтан қазақтар мен башқұрттарға қарсы күресін жалғастырды. Сырым батыр 1798-99 жылдары қайтыс болды, бірақ оның өлімінен кейін де Айшуақ Кіші жүзді толық бақылауында ұстай алмады. Себебі оған қарақалпақтардың ханы болып сайланған Абылғазы (бұрынғы Абылғазының ұлы) қауіп төндірді. Жүздегі саяси бассыздықтың соңы 1799 жылы орыс билігін енгізумен аяқталды. Аймақтың халқына ресейлік азаматтық құқықты енгізді, яғни Кіші жүзде орыс хукіметі орнады. Бірақ қазақтар үшін басты ерекшелік, олар орыс сотының алдына егер орыс құзырындағы азаматтарға қарсы қылмыс жасаса ғана баратын болды. Қазақтар үшін басты мәселе олардың жайылым жері болмады. 1797 жылы көптеген қазақтар Оралдың арғы жағында мал бағуға рұқсат алғанымен, жайылым мүлдем жетіспеді.

Осы мәселені шартты түрде ескерген император Павел 1801 жылдың наурызында Ішкі немесе Бөкей Ордасында жарлық шығарып, 7500 отбасыға, Бөкей сұлтанның ұлы Нұралының жетекшілігімен Нарынқұмды, яғни Жайық пен Еділ арасындағы жерді мекендеуге рұқсат берді. Бөкей хан Астрахань Орынбор губернаторларынан тәуелсіз болды, бірақ жыл сайын әр үйден 50 тиын көлемінде салық төлеп отырды, кейбір мәліметтерге қарағанда ол зекет те жинаған, ол мал үшін төленген салық. Жәңгірдің кезінде Орда гүлденді. 1825 жылға қарай, халық саны 10 мың отбасы болды (Кіші жүз халқының 10%-ы), малдың саны жеті-сегіз есе өсті. Ханның ордасы қазақ даласындағы маңызды сауда орталығына айналды. Мал басының көбеюі, қайтадан

бұрынғы мәселе жердің жетіспеуіне алып келді, салдарынан 1820-шы жылдары тағы да әлеуметтік бассыздықтар басталды.

XIX ғасырдың алғашқы он жылдығында орыс билігін мазалаған екі мәселе болды, оның біріншісі өзара бәсекелесетін рулар арасындағы – барымта, екіншісі – құл саудасы. Қазақтар орыс билігінің қарсылығына қарамастан, Хиуадағы құлбазарға бала апаруды қоймады, олардың арасында орыстардың құзырындағы азаматтар да болды. Сол кезде қазақтар айтқан басты сылтау мынадай болды: «біз құлдыққа түскен қарақалпақ, түркімен, сонымен қатар қазақтардың балаларын сатамыз, олар орыстардың құзырында емес». Құл сату даладағы ең тиімді бизнес болған. Дегенмен ресейлік билік далада толық азаматтық әкімшілік тәртіпті орнатуға асыққан жоқ. 1806 жылы император I Александр хан кеңесі институтын құрды. Оның мақсаты Жантөре ханға жүздерді басқаруға көмектесу болатын, солай бола тұра, оған лайық оппозиция құру да қарастырылды. Кеңес құрамына рудың старшындары кірді, оны әр ру өзі сайлады, олардың міндеті ханды қолдап, жүздің ішінде болып жатқан түрлі жағдайларды реттеуге қатысты жауапкершілікті өзара бөліп алу болды, соның ішінде араздасып қалған тараптарды татуластыру және орыстардың шекарасы мен керуеніне шабуыл жасауды тоқтату сияқты жұмыстар болды.

Хан кеңесінде Жантөреге қарсы адамдар болғанына қарамастан, бұл орган Қаратайды бітімге келтіре алған жоқ. Ол ханға қарсы соғыс ашты. 1807 жылы Кіші жүздің ақсақалдары Жантөре орыстардың қолдауы болса да жүздегі билікке ие бола алмайтынын түсінді де патшаға Қаратайды хан етіп сайлау туралы петиция жіберді. Бірақ петиция кері қайтарылды да, Қаратайға қарсы әскери экспедиция жіберілді. 1809 жылы Қаратай Жантөрені өлтіреді. Олкоттың айтуы бойынша, бұл қазақтар үшін өте қиын жылдар болды. Жер мәселесі ушығып кетті. Оған Орынборда мал сатушылардың көбеюі дәлел болды дейді автор. Орыстар ара-тұра қазақтарға жақсылық жасап тұрды, әскери линияға дейін қоныстануға рұқсат берді, құрылыс материалдарымен қамтамасыз етті, орыс бекінісі жанында тұрған қазақтарды салықтан босатты, кейбір қазақтарға казактардың ортасында өмір сүруге де рұқсат берді. Алайда осындай жағымды жайттар орыс бекіністерінің біртіндеп шығысқа қарай жылжып, басқыншылықты жалғастыруымен көрініс тапты. Илецк линиясының жылжуы Елек пен Жайық өзені арасында мал жаюға мүмкіндік бермеді. Ал оңтүстіктегі қазақ жері Хиуа мен Қоқан хандықтарының экспансиясына ұшырады.

Осындай мәселе орыс билігі үшін Қаратайды қауіп ретінде қарастыруға негіз болды. Оған қарсы жіберілген экспедиция 1809 жылы Қаратайды Хиуаға қарай қашуға мәжбүрледі. Оны ол жақта Мұхаммад Рахымхан қуана қарсы алды, ол Қаратаймен альянс құру арқылы Кіші жүзді бақылауға аламын деп ойлады. Қазақтар екі жыл бойы хансыз өмір сүрді, оларды хан кеңесі басқарды. 1812 жылы орыс билігі хан билігі мәртебесін қайта қалпына келтіру туралы шешім қабылдап, таққа Айшуақтың ұлы Шерғазыны отырғызады. Сол кезде Петербург Ішкі Ордадағы Бөкей ханды да хан ретінде мойындайды. Бірақ Шерғазы саяси биліктегі ықпалды тұлға болған жоқ. Қаратай далаға қайта оралып, Ресейдің қоластындағы хан билігіне қарсы қайта шабуыл бастады. 1812 және 1814 жылдардағы экспедиция Қаратаймен бітімге келе алмады, оны қуғындап немесе қамауға алу, князь Волконскиймен бейбіт келісімге келу дегеннің бәрі нәтижесіз аяқталды. Тек одан кейін билікке келген П.Эссен ғана Қаратаймен мәмілеге келіп, Арынғазының, оның ұлы Шерғазының мұрагерлік құқын мойындата алды және орыс елдімекендеріне шабуыл жасамау туралы келісімге келді. Орыстар өз кезегінде Жантөренің өліміне көзжұма қарады. Эссен 1818 жылы Қаратайдың кандидатурасын хандыққа ұсынбақ болды, бірақ сыртқы істерге жауапты министрлік келісім берген жоқ. Осылайша Қаратай өзінің хан болып, ел билесем деген арманына қол жеткізе алмады, бірақ орыстар оған Кіші жүздің батыс бөлігіндегі әкімші-сұлтан деген лауазым берді.

1815 жылы Арынғазы Сырдарияның төменгі сағасында көшіп-қонған Шекті руының басшысы деген атақты алды да, оның Кіші жүздегі көшбасшы ретіндегі абыройы асқақтады. Ол өзінің жерін Хиуадан қорғау үшін Ресеймен келісімге келді, ол үшін Эссенге даладағы орыс керуендерінің қауіпсіздігіне кепілдік беретін болды. Оның адал басшы және нағыз мұсылман ретіндегі абыройының жоғары болғаны сонша, оны старшындар 1817 және 1819 жылдары хан ретінде сайламақ болды. Эссен СІМ-нің Азиялық департаментіне тікелей сауал жолдап, бұл Ресейдің отаршылдық мүддесіне сай келмейді дегенді негіздеді.

1816-20 жылдары Шерғазы әлсіреп, жемқорлыққа жол берді, салдарынан Сырдариядағы Хиуаның да қысымы күшейді. Хиуа қазақтардың көшбасшысы ретінде Абылғазының жиені Маненбай сұлтанның кандидатурасын қолдады. 1820 жылы Арынғазы Маненбай мен хиуалықтар одағы әскерінен жеңіліп қалды. Бұл жағдай оның Санкт-Петербургтегілер алдындағы абыройын түсіріп, оның Ресеймен

қарым-қатынасы нашарлады. Соңынан Арынғазы 1820 жылы Негри экспедициясына қарсы Бұқараға шықты. Ол Петербургке шақырылып, титулынан айырылды және Калугаға жер аударылды, ол сол жерде 1833 жылы қайтыс болды. Билейтін ешкім болмаған соң, Хиуаның ханы Мұхаммад Рахым Сырдарияның төменгі сағасын өз бақылауына алдыда шекті руын өз қарамағына алды. Шерғазы 1824 жылы қайтыс болды, өмірінің соңына дейін ол ханның міндетін атқарды, бірақ шын мәнінде оның қолында билік болған жоқ. Осы жылдар бойы Ресей түрлі мәселелермен бетпе-бет келді, олардың арасында оның Азиядағы ұстанымына қауіп төндіретін ішкі, сыртқы факторларға қатыстысы болды, салдарынан ішкі бүліктер болды және оңтүстік тараптан да экспансия күшейді.

Ең соңында Петербургтегі стратегтер егер Ресей қазақтардың үстінен тиімді әкімшілік бақылау орнатпайтын болса, Орталық Азиядағы ресейлік сауда мен экспансияның болашағына қауіп төнеді деген тұжырымға келді. Шерғазының елді билей алмауы, Абылайдың өлімінен кейін Орта жүздегі түрлі көшбасшылардың оның орнын баса алмауы хан билігі институт ретінде өміршең емес екенін көрсетті. 1824 жылы ол шартты түрде алынып тасталды (**Olcott, 1995, 44-53 беттер**).

## § 6. Орта жүзді жаулап алу

Әбілқайыр хан 1731 жылы Ресей императорына ниеттес екенін білдірген, соңынан Тевкелев Анны Иоанновнаның тікелей нұсқауымен Семеке ханға тура сондай жағдаймен Орта жүздің дербестігін құрбандыққа шалу туралы ұсыныспен эмиссарды жібереді. Олкоттың пікірінше, осы кезде Орта жүздегі халықтың Семей, Ақмола және Сырдария облысының бір бөлігі мен Жетісуды мекендегендер саны жарты миллион болды (100 мың киіз үй есебінен). Семеке, сол кезеңдегі барлық қазақ хандары сияқты екі негізгі сыртқы қауіппен бетпе-бет келді: біріншісі солтүстік батыста казактар мен башқұрттардан және оңтүстік-шығыста қалмақтардан. Орыстардың көзқарасын білу үшін Семеке 1733 жылдан бастап Ресейдің қарамағындағы башқұрттарға қарсы бірнеше рейд жасауға кірісті. Башқұрттарға қарсы жасалған екінші сәтсіз қадамнан соң Семеке орыс императорының атына шартты апологеттік жолдау жіберуге мәжбүр болды. Онда ол Орта жүзді және өзін Ресейдің қоластындағы хан ретінде және өзінің құзыретін шартты түрде

шектейтін тиісті патентті жіберді. Алайда императордың уәкілі оны хан ордасына апарып бергенде Семек ханның өмірден өткеніне бір жыл болған еді.

Семек ханның орнына оның ұлы Абыл-Мұхаммед келді, ол билікті Абылай сұлтанмен бөлісті. Жоңғарлармен әріптестік байланыс жасауды жөн көрген Абыл-Мұхаммед Ресеймен жақындасуға қарсы болды, оған өз кезегінде башқұрттармен қарым-қатынас жасауға қатысты еркіндік берілді. 1740 жылы аса қуатты жау жоңғарлар тарапынан қауіп төнген кезде екі билеуші де, Абыл-Мұхаммед пен Абылай Орынборға үлкен делегациямен арнайы келіп, князь Урусовтың алдында Құранды сүйіп, Ресейге адал болу туралы ант етті. Орта жүздің көшбасшылары орыс керуендеріне тиіспеуге және Еділ қалмақтарына шабуыл жасауды тоқтатуға уәде берді. Келіссөз барысында басымдыққа ие болған Абылай оның ақысына ресейлік тараптан қазақ жерін кесіп өтетін орыс керуені үшін Әбілқайыр алғаннан да көп алым-салық сұрады. Абылай да өз кезегінде орыстарды Семейдің сауда әлеуетін пайдалануға келістірді. Бұл жағдай қазақтардың малын Орынборға дейін жеткізуді бір айға дейін қысқартты. Осы қадамның басты нәтижесі 1780 жылы Семей Батыс Сібірдің астанасы болды.

1741 жылы Орта жүздің территориясына жоңғардың жаңа қонтайшысы Қалдан Сереннің әскері басып кірді. Абылай тұтқынға түсті, оған ресейлік өкілдік көмектесті. Абылай жоңғарларға Абыл-Мұхаммед аманат ретінде өзінің ұлын жіберген соң бостандыққа шықты. Олар осыны жүзеге асырған соң жоңғарлар шегініс жасады. Осы кезден бастап, Абылай жоңғарлармен жақсы қарым-қатынас жасауға тырысады, кейін циндермен де солай бітімге келеді. 1744 жылы Түркістанды алған соң Абыл-Мұхаммед сол жерде хан ордасын тігеді, күнделікті мәселелермен Абылай айналысады. 1750 жылы Барақ қайтыс болған соң, Абылай Орта жүздегі аса ықпалды саяси тұлғаға, кейін даладағы ең беделді билеушіге айналады.

М.Олкотт өз кітабында бүгінде Абылайдың қазақ тарихындағы орнын көрсету қиын екенін айтады. Себебі оның тәуелсіз, орыстарға қарсы саясаты оны Ресей және кеңес тарихнамасында сүйкімсіз тұлғаға айналдырды. Оның генеалогиясы жоғалғанына қарамастан, ол Шығай ханның тікелей ұрпағы. Ол қазақ тарихында Тәуке және Қасым хан сияқты тұлғалардың дәстүрін жалғастырды. Ол билігі тікелей өз халқына негізделген, орыстың билік базасы ретіндегі

инвеститурасынан ада қазақтың соңғы ханы болды. Шын мәнінде ол Ресей үшін оның даладағы жоспарларын жүзеге асыруға кедергі келтірді. Абылай орыстармен одақтық қатынастарды сақтады, сөйте тұра азиялық көршілерімен де байланысты үзген жоқ. Жүздің ішінде Абылайдың хан билігін пайдаланудағы ерекшелігі ол өзіне билер мен старшындарды бағындырды. Осылайша, онымен бәсекелес рулардың басшылары оған лайықты бәсекелес бола алған жоқ. Өмір бойы және он тоғызыншы ғасырда да Абылай қазақтарды орыстың отаршыл билігінің олардың өмір салты мен көшпелі шаруашылығын өзгертуге тырысуына қарсы шығуын ынталандырып отырды.

Қалай болғанда да Абылай сарабдал саясаткер, ол күштің қай жақта екенін сезіп, соған сәйкес әрекет етіп отырды. Оның сыртқы саяси эквилибристикасы 1750-60-шы жылдар аралығында орыс, қалмақ, мәнжүрлермен қарым-қатыста жалтақтау арқылы көрініс тапты. 1756 жылы Абылай озбыр қалмақтардан баспана сұрап барады. Кейін өзі де қалмақтың үміткері Даватциге қазақ даласында қорған болады, бірақ қытайлардың Жоңғарияны жаулайтыны белгілі болған кезде одан сырт айналады. 1757 жылы ол қытайларды жақтай бастайды, тіпті кейбір деректер бойынша қытай сюзеренитетін мойындайды. Алайда осы мәселеге қатысты құжаттар автордың айтуы бойынша, тым қарама-қайшы. Нақты белгілісі, Абылайдың Семейде Қытайда кездесіп, оған ұлын аманат ретінде тастағаны. Қытай дереккөздері Абылай Қытайдың құзырындағы князь болды деп нақтылайды. Дегенмен орыс дереккөздері оны жоққа шығарады. Бірақ Абылайдың қандай да бір уақыт аралығында қытай императоры Киень Лунуға алым-салық төлегені және оның қытай мен ауған шиеленісі болған кезде қытайларды қолдағаны анық. Сонымен қатар ол өзінің қоластындағы рулардың бірқатарын Жоңғарияның босаған жайылымдарына жібергені, ал өзі орыстардың шекаралық аймақтардағы елдімекендеріне ара-тұра шабуыл жасағаны туралы жазылған. Абылайдың Қытаймен тығыз қарым-қатынас орнатуы ресейлік шекаралық билікпен байланысуына кедергі келтірді. Сондықтан да ол циндерге деген тәуелділік өз ырқымен жасалған байланыс емес дегенді сылтау қылды. 1760-шы жылдардың басында Абылай өзін хан жариялайды. Бірақ орыстар тарапынан Орынборда шартты рәсімнен өтуге шақырылған кезде әркез сылтауратып қатыспауға тырысады. Олар одан баласын аманат ретінде тастап, жыл сайын ресми көмек ретінде зейнетақы алуды ұсынады.



Екатеринаға Абылайдың қытай сарайымен ерекше қарым-қатынас орнатуы ұнамады, сол себепті ол онымен барынша жақын байланыс орнату үшін Петербургте өтетін түрлі шараларға шақырды. 1762 жылы Абылай үшін Петропавл бекінісінде арнайы сарай салынып және шағын елдімекен беріледі. Бірақ тәуелсіздік туралы және өзінің елі алдындағы абыройын ойлаған көшбасшы бұл жерге қоныс аударуға асықпайды. Біраз уақыт өткен соң ол (1761-64) императордан жыл сайын 212 пұт бидай алуға рұқсатын береді. 1764 жылы егін шаруашылығымен айналысатын ресейлік делегацияны қарсы алуға келіседі. Оны Екатерина қазақтарды егін егуге үйрету үшін жібереді. Дәл осы кезде көшпенді өмірмен қоштасып, отырықшылыққа көші туралы пікірталас басталады. Өйткені император қазақтардың көшпелі өмірі даладағы сауданың дамуына кедергі келтіреді дегенге шынымен сенген болатын. Дәл осы кезде Кіші жүз бен Орта жүздің шекаралық аймақтарда тұратын қазақтары отырықшылыққа үйрене бастаған еді. Бірақ Ресейдің жеті жылға ұласқан соғысқа қатысуы оларды қазақтар арасында бейбіт тірлік орнату деген жұмыстан босатады. Осы кезеңге Буве атқарған миссияны жатқызуға болады. Ол отарлап алуды көздеген әкімшіліктің ұсыныстарын орындаумен айналысты.

Буве әр сұлтанның арасында дәстүрлі көшті шектеуге ұсыныс берді. Ал рухани сала бойынша айтқан идеясы - далада ислам дінінің дамуы үшін қазақтарға татар молдаларын жіберіп, орыс-татар мектептерін ашу. Пугачев көтерілісі және Қырым үшін күрес императордың Қазақстанға назар аударуына мұрша берген жоқ. Ал Абылайға осы уақыт Жоңғарияны жаулауға дайындалуға және Қытаймен қитұрқы қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік берді.

Абылай жоңғарлардың босаған жерлерін басып алу арқылы қытайлардың көзіне түсіп қалды. Осы арқылы ол Ресеймен қарым-қатынасын қайтадан жақсартуға мүмкіндік алды. 1775 жылы Кіші жүздің бірқатар сұлтандары мен Абылайдың мұрагері Уәли орыс сарайына зейнетақы туралы өтініш жасап барды. Екатерина ол үшін Абылай ресейлік бодандықты мойындауы керек деп талап қойды. Абылай 1771 жылы Түркістанда өткен шарадан кейін, Абыл-Мұхаммедтің өлімінен соң оған тиесілі болған ресми титул оны дербес хан етуге жеткілікті, оны ешкімнің де мойындауы керек емес деп ойлады. Себебі, Жоңғария оны хан деп санады. Ал Петербургтің ресми позициясы бойынша, 1732 жылы Семеке хан ант қабылдағанда хан титулы орыс билігі берді, сондықтан оны қазақтардың өздерінің

жариялауына құқы жоқ деген мағынада болды. Осы бағыттағы пікірталастарды Пугачев бастаған көтеріліс үзіп тастады. Осы оқиға Абылайға ұнағаны сонша, ол Пугачевке қолдау көрсетуге дайын болды. 1777 жылға дейін бұл сұрақ көтерілген жоқ, кейін 1778 жылы ғана, қайтыс боларынан 3 жыл бұрын Абылай хан 22 қазанда өзінің хан екенін дәлелдейтін грамотаға ие болады. Бірақ Абылай грамота және басқа да хан дәрежесін анықтайтын атрибуттарды алу үшін орыстарға бармайды. Оны орыс офицері оның ордасына әкеліп береді. Айта кету керек, осылайша Абылай ешқашан Петропавловскке табан тірмейді. Орыс-қазақ қатынастарында басқа да мәселелер жеткілікті болған: Абылай орыстардың қолдауын пайдалана отырып, қырғыздарға шапқыншылық жасады, орыс тұтқындарын қайтармады. Осылайша Екатеринаға 1781 жылы жасы жетпіске келгенде Түркістанда қайтыс болған Абылаймен арадағы қарыс-қатынасты өзі қалаған бағытқа, империяның пайдасына қарай бұру бұйырмады.

Өмірінің соңына қарай Абылайдың билігі Орта жүзде ішкі күреске айналды. Абылайдың ізін шартты түрде Уәли жалғастырып билікке ие болды деген аты болмаса, шын жүзінде оның билігі ресейлік протекциямен Орта жүздің солтүстіктегі руларына ғана жүрді. Наймандар өзіне көсем етіп Абылғазыны сайлап алды, ол қытайлардың көмегіне жүгінді. Оның өлімінен кейін Қожа хан (Барақ ханның ұлы) жүздің осы бөлігін өз бақылауына алды. Орта жүздің оңтүстік бөлігі Ұлы жүзге қосылды. Ол да қытайдың бақылауында болды. Орыстар шын мәнісінде елдің тек төрттен бір бөлігіне ғана бақылау орнатты. Ол Абылайдың иелігіндегі территория еді. Уәли хан Кіші және Орта жүзбен жақсы қарым-қатынас орнатты. Ол қытайларға қатысты әкесінің дәстүрін жалғады және 1794-95 жылдары өз ұлын қытай императорына жіберді. Оның Қытаймен осылай байланыс жасауын жақтырмаған Ресей өзіне қатысты дәл осындай қарым-қатынасты қабылдамады. Ғасырдың соңында Уәли хан әкесі иелік еткен биліктің барлығын иемденген жоқ. 1798 жылы Ресей Петропавловскте орыс-қазақ бірлескен трибуналын орнатып, онда қазақтармен арадағы шиеленісті шешетін сот билігі жүзеге асырылатын болды. Олкоттың пікірінше, бұл Ресейдің Орта жүзді өз әкімшілігіне бағындырудың алғашқы қадамы болатын. Бірақ ол жартылай ғана жүзеге асты. Қазақтар арадағы дауларын 1806 жылға дейін нақты қызметі болмаған трибуналға дейін жеткізуге барған жоқ. Уәлихан Қытай территориясына қарай көшкенде 1816 жылы император Александр Бөкей ханға (Барақтың ұлы) Орта

жүзді 1817 жылы қайтыс болған Уәлимен бірге билеуге құқық берді. Бір жылдан соң Бөкей хан да дүниеден өтті. Осы кезден бастап Орта жүзде хандық дәстүр үзіліп қалды. Ресей бұрынғы хандық биліктің орнына басқару мен әкімшілікке қатысты биліктің басқа бір жүйесін құруға кірісті (**Olcott, 1995, 39-44 беттер**).

Әрі қарай Олкотт кітабының «Империя құрамындағы қазақтар» деп аталатын екінші бөлімінде Орта жүздің Ресей империясының құрамына кіруін сипаттайды. Көптеген деректерде XIX ғасырдың басында орыс билігі даладағы біраз мәселелермен бетпе-бет келгені туралы жазылады. Хандық билік жойылды. Олкотт Левшинге сілтеме жасайды, ол «далада жекелеген тұлғалардың еркіндік алуымен деспотизмнің анархиялық комбинациясы үстемдік етті» деп жазады. Бастапқыда Орта жүзде Кіші жүз сияқты табанды қарсыласу деген болған жоқ. Бірақ оларда да күші жойылған және коллаборационистік хан билігіне деген наразылық ушығып кетті. Қарсылық білдіруші топты ұйымдастырған табын табының жетекшісі Толшан Тіленші өз мойнына алды. Олардың қатарына орыс экспансиясының кесірінен жерлерінен айырылған арғындар, адай, кете, ожрай және т.б. барлық рулар қатысты. Орыс бекіністеріне жасалған шабуылдар 1823 жылдың жазына дейін толастаған жоқ. Осы жылы Орынбордан қазақтарды басу үшін арнайы бөлім жіберілді. Олкотттың пікірінше, шамамен 1820 жылы орыстар үшін әкімшілендіру мәселесі жаңаша мағынаға ие болды. Себебі орыстардың аймақта сауда жасауға деген ықыласы артты. Уақыт өте келе жоғары қарқынға ие болған ресейлік өндіріс жаңа нарықты қажет етті, азиялықтар еуропалықтарға қарағанда оңтайлы болды. Қазақ даласын Парсы, Қытай, Үндістан және ортаазиялық хандықтарға бағыт алған сауда керуендері кесіп өтетін, олардың қауіпсіздігіне сол кезде ешкім кепілдік берген жоқ, ал Омбы мен Орынбордағы гарнизондар аздық етті. Осы мәселені Сперанскийдің (1822) атымен байланыстырылған отаршылдық әкімшілік реформасы шешуі керек еді. Ингельстромның Кіші жүздегі 1787 жылғы реформасына қарағанда Сперанский реформасы Орта жүздегі хандық билікті біржола шектеді.

«Сібір қырғыздарын басқару» деп аталатын 1822 жылдың 22 маусымында қабылданған құжатқа сәйкес, Орта жүздің қазақтары Батыс Сібірдің азаматтық әкімшілігіне қарады. Оның басшысы генерал-губернатор М.М.Сперанский болды. Қазақтар жаңа жинақтағы тәртіпке сәйкес мынадай схема бойынша өмір сүруі керек еді: ең шағын әкімшілік бірлік ауыл болды (рулық басқару), ол 50-70

киіз үйден немесе 15 отбасыдан тұрды. Ауылды сайланатын старшын басқарды. Әрі қарай болыс (бұратана басқару) оның құрамында 10-12 ауыл болды және старшындар таңдап алатын сұлтандық басқару мен ақсүйек өкілдерінің басқаруы болды. Сібір қазақтарының барлық территориясы 4 округке құрылымданған 87 болысқа бөлінді. Әр округ комитеттің бұйрығымен басқарылды, оған ең үлкені төрағалық етті, әдетте ол сұлтандар болатын және Орынбордан екі ресейлік өкіл болды және екі жылдық мерзімге сайланатын екі қазақ өкілі болды. Қалған он жылдықта ресейлік билік қарапайым құқықты кодификациялауға кірісті, себебі қазақтар басқа да көшпенділер сияқты әдет-ғұрыпты жоғары қойды. 1841 жылы «Далаға арналған заңдардың жинағы» шықты. 1852 жылы әскери сот жұмыс істей бастады, ал 1854 жылы оның құзіреті Сібір қазақтарының барлық сот өндірісі деңгейіне таралды.

Осы реформалардың нақты экономикалық астары болды: әр қазақ 15 десятина (40 акр) жер өңдеуге құқылы болды, старшындар - 30 десятина, ал сұлтандар – 40 десятина. Солай бола тұра жайылымды пайдалануға арналған жаңа ережелердің шектеулері болды. Мәселен, әр округ, әр болыс және кейінірек әр ауылдың өз шекарасы болды, олар жергілікті биліктің рұқсатынсыз көшіп-қона алмады. Орыс билігінің осындай жаңашылдық енгізудегі басты мақсаты, бір жағынан – қазақты отырықшы қылу, екінші жағы – көшті өз бақылауына алу. Реформаның саяси тиімділігі қазақ аристократиясының билігін азайту болды. Сұлтандардың құзырында рухани саланы бақылау енді, олар мешіт пен діни мектептер. Мұсылман дін басылардың құқы сақталды, өйткені СІМ басшысы барон Мейендорф дін басшылары қоғамға жағымды әсер етеді дегенге сенді.

Реформаларды жүзеге асыру 1824 жылы болды, генерал Эссен Орта жүздің аса ықпалды көшбасшылары Қаратай Нұрәліұлы, Темір Ералыұлы және Жұма Құдамендіұлымен келіссөз жасауға кірісті. Олардың әрқайсысы әкімші-сұлтан титулын алып аймақтың әкімшісі болды. Өзін ханмын деп есептеген Қаратай Елек пен Арал теңізі арасындағы батыс территориясын басқаруына алды, Темір орталықтағы Тоғызақ пен Тобыл өзендері, шығыс секциясын сұлтан әкімші ретінде хандыққа үміткер болған Қайыптың жиені Жұма басқарды, оның территориясы Қала өзенінен бұқар иелігіндегі жерлерге дейінгі Сырдария өзенінің бойын алып жатты. Әр әкімші-сұлтан орыс билігінен үй алды және ай сайын қамтамасыз ету үшін 150 рубль, сонымен қатар ресейлік үкіметке тиесілі

барлық алым, салықты жинауға құқық берілді. Батыс және орталық аймақтарда әкімші - сұлтан лауазымы Әбілқайырдың отбасында болды. Ал оңтүстік аймақта Қайыптың өкілдері басымдыққа ие болды.

1844 жылы Орынбор шекаралық комиссиясы қысқарды, ал оның қызметін басқарушы орган ретінде Орынбор генерал-губернаторлығы қолына алды. Әкімші-сұлтан беделін арттыру үшін оларға құрамында 100-200 казак (орыстардың жетекшілігімен) бар құрылым берілді. 1845 жылы Жәңгір ханның өлімінің алдында дәл осыған ұқсас жүйе Бөкей Ордасына да енгізілді. Олкоттың пікірінше бұл реформалардың мақсаты орындалған жоқ. Даладағы бассыздықтар тыйылған жоқ, барымтаның көбейген кезі осы тұс болды, арнайы линиямен бөлініп қойылған орыс елдімекендеріне шабуыл жасалған жоқ. Соңынан Игнатъев 1858 жылы далаға арнайы миссияны жөнелтті. Ол қазақ даласындағы зорлықтың басты себепшісі әкімші-сұлтандардың әлсіздігі мен жемқорлығы екенін айтқан. Осы баяндама Петербургты далада әкімшіліктің жаңа формасын енгізу қажет деген ойға жетеледі. (Olcott, 1995, 57-62 беттер).

## § 7. Даладағы тойтарыс

М.Олкотт XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақтар арасындағы қақтығыстардың көбеюіне байланысты оқиғаларға қатысты арнайы бөлім арнайды. Осы жолы негізгі оқиғалар Кіші жүзде емес, Орта жүзде болды. Алайда Олкотт ғасыр басындағы қазақтар тарапынан болған алғашқы ұйымдастырылған қақтығыс жүзде емес, Ішкі Ордада болған. Өйткені дәл осы жерде жердің тапшылығына қатысты мәселе ушығып кетті. 1826-27 жылдары болған қатал қыс жағдайды одан әрі өршітіп жіберді. Жайылым іздеп қазақтар Саратов губерниясына дейін барды. Орыс әскерлері Қайып әли бастаған топты Оралға қарай шегінуге мәжбүрледі. Осы мәселе шекаралық комиссияның төрағасы А.Геймсті үкіметке қазақ жеріне қатысты мәселені шешу туралы ұсыныс жасауға себеп болды. Алайда билік ұсынысты елемеді. 1829 жылы Оралдағы қақтығыс тағы қайталанды. Америкалық зерттеушінің пікірінше, Ішкі Ордадағы қазақтардың басты сәтсіздігі орыстың әскери күші мықты болды, ал қазақтардың арасында беделді көшбасшы болмады.

Дегенмен, қазақтардың жағдайы нашарлай бастады: халықтың саны өскенмен, жер жетпеді; көшпенділер мал басының азайғанына қарамастан, сол баяғы салықты төлеуге мәжбүр болды. Қазақ халқы

ханның пайдасы үшін зекет берді, одан бөлек орыс билігіне де ауыл міндеткерлігін атқарды. Салық төлеу үшін елдің көпшілігі малын сатып жіберуге мәжбүр болды. Осылайша орыстарға қарсы наразылық өрши түсті. Көтеріліс 1836 жылы басталды. Оның ең ықпалды тұлғасы Беріш руының старшинасы Исатай Тайманұлы (Тайманов) болды, ол Махамбет Өтемісовпен бірге алдымен Ішкі Ордадағы хан режиміне қарсы күрес ұйымдастырды. Олар мүлдем жаңа ұранмен шықты. Орыстармен қатар ханға қарсы – ғазауат. Орыс әскері мен казактар 1838 жылдың шілдесінде көтерілісшілерді басып-жаншып, Исатайды өлтірді. Осы көтерілістің нәтижесінде 1841 жылы уақытша комиссия Ордадағы хан билігі институтын жойды.

Орыстардың үрейін ұшырған Қазақстандағы ең ірі көтеріліс Орта жүзде Кенесары Қасымовтың бастамасымен болды. 1837-1846 жылдар аралығына дейін ұласқан көтеріліс орыс билігіне қарсы 15 жылға ұласқан Қасым хан мен оның отбасының наразылығының шарықтау шегі болды. Қасым Абылайдың ұлы болды және Уәли ханның мұрагері саналды. Алайда Уәлидің өлімінен соң хан билігі институты жойылды. Қасым мен оның ұлы Саржан орыс әкімшілігін жау санады. Осы жылдар бойы салық тұрақты түрде өсіп, орыс және қазақ саудагерлері арасындағы бәсекелестік күшейіп кетті. 1825 жылы Саржан Қасымов Орта жүзді тыныштандыру мақсатында жіберілген казак отрядтарына қарсы рейд жасады. Саржан бастаған қарулы көтеріліске халық тарапынан қолдау өте жоғары болғаны сонша, орыс билігі оны 1827 жылдың соңында әрең басты. Саржан Қоқандқа қашып кетті, бірақ 1830 жылға дейін ол сол жақта қазақ руларына қарсы шыққан орыстарға қарсы партизандық соғысты жалғастырды. 1834 жылы ол тағы да жеңіліске ұшырайды. 1834-1836 жылдар аралығында Саржан Оңтүстік Қазақстандағы қоқан шапқыншылығына қарсы күресті басқарады және Ташкент түбіндегі шайқаста қайтыс болады.

Оның өлімінен соң көшбасшылыққа ағасы Кенесары келді. Ол Көкшетауда 1802 жылы дүниеге келген. Оның атасы Абылай ел басына төнген негізгі екі қауіп: Ресейге жұтылып кетпеу және Қоқан қолына түспеу үшін қазақтардың басын біріктіру тек оның ғана қолынан келетініне сенген. Барлық клан Кенесарыны қолдады, ол бұқаралық танымалдыққа айналды. Ол өз қозғалысына жаппай қолдау көрсетуді басты мақсаты етіп айқындады. Бұл тарихта барлық жүз біртұтас қол болып көтерілген ең соңғы көтеріліс еді. Кенесары 1837 жылы орыс режиміне қарсы наразылығын білдірді. Ол өзінің туының астына

20 мың адам жинап, хандық биліктің қалпына келгенін жариялап, Абылайлап ұрысқа шықты. Бірақ бұл кейінірек болды. 1838 жылы Кенесары 5 офицерін Батыс Сібірдің генерал-губернаторы, князь Горчаковқа наразылық туралы жазылған хатын жолдап жібереді. Осы хатта Кенесары қазақтар өзін-өзі басқаруы керек, хандық институт қайта қалпына келуі тиіс. Ол жаңа саяси әкімшілік жемқор, казактар қазақ халқына эксплуатация жасайды деп жазды.

Орыс билігі Кенесарының талаптарына құлақ аспады және одан әскердің күшімен құтылуға тырысты. Осы уақытта Ресейдің Орта жүз және оның территориясы арқылы өтетін барлық саудасының берекесі кетті. 1838 жылы Кенесары көтерілісінен келген шығын 8 млн. руб. болып есептелді. Осы жылы Орынбордағы билік күткен қауіп болып, Кенесарыны Кіші жүздің халқы да қолдады. Кенесарының орыс елдімекендеріне жасаған ең негізгі соққысы Ырғыз және Торғай өзендерінің маңында болды. Бұл 1840-1844 жылдар аралығында болды. Мақсат – сол бұрынғы, Орта жүздегі хан билігін қалпына келтіру. Осы жылдары Кенесары жүзді ру старшындары кеңесі мен жетекші батырлардың көмегімен басқарды. Оның оң қолы болған ағасы Наурызбай сұлтан еді. Кенесары көтерілісіне қажетті қаржы тікелей салық пен керуендерден жиналған алымнан түсті. Ол Жеті жарғыға негізделген заңдар жинағын шариғат нормаларын енгізе отырып, қалпына келтірді және билердің соты мен қазылардың соты арасындағы заң құзыретін бөлді. Кенесарыны қазақ жеріне жер аударылған поляк ұлтшылдары да қолдады. Олар оның әскерінің оқ қаруын жөндеп, жәрдемдесті. Бұқар әмірі де оған қосымша қару жіберіп көмектесті.

1844 жылы қазақтар орыстың әскеріне қарсы шыға алмайтындарын түсінді. Сол себепті Кенесары Орта жүздің территориясынан кетуге мәжбүр болды. Ол Жан-Қожа Нұр Мұхаммедке қосылып, Қоқандтан қырғыздарды азат ету күресіне қатысты. 1847 жылы ол да жеңіліс тапты. Көтерілісті басып тастаған соң Орта жүзде орыстың әскерилері көбейді, сонымен қатар елдімекендердің де саны артты. Нәтижесінде орыстарға қарсы тағы екі көтеріліс басталды: біріншісі Есет Көтібарұлы 1853-57 жылдары бастаған Ембідегі көтеріліс, екіншісі Жан-Қожа Нұр Мұхаммед 1856-1858 жылдары жетекшілік еткен көтеріліс. 1847 жылдан бастап орыс билігі Орта Азиядағы әскери операцияларына пайдалану үшін түйелердің саны туралы ақпаратты талап етті. 1853 жылы Ақмешітті қоршап алу үшін 4 мың түйе мен 4200 атты талап ету әкімші-сұлтан Арслан Джантурин жүзеге асырған саяси реквизицияға қарсы наразылықты

күшейтті. Көтібарұлы бастаған көтеріліс осыған қарсы ұйымдастырылды. Есет Көтібарұлы операциялары кезінде Хиуаға тыл ретінде арқа сүйеді, осыны ескерген орыстар ірі күштер мен ауыр қару-жарақты шығарып, 1858 жылы Есеттің билікке берілуін талап етті. Дәл осы уақытта орыстарға шектілердің қатысуымен көтерілген қолды бастаған Жан-Қожаны да басып тастау қажет болды. Орыстарға қарсы Сырдария маңында Шектілерден бөлек тағы 5 рудың өкілдері көтеріліске шықты. Қазақтар Сырдарияда 1820-шы жылдардан бастап егін шаруашылығымен айналысты. 1850-ші жылдардан бастап орыстың әскери билігі қазақ жерлеріне шапқыншылық жасады және 1856 жылы бекініс линиясын жасап біткен соң, ол жерлерге казактар қоныстанды. Осы кезде небары 1 мың адамы бар әскері қалған Жан-Қожа Есеттің қолына қосылды. Бұл көтерілісті де орыс билігі басып тастады (**Olcott, 1995, 62-69-шы беттер**).

Пужольдің жазуынша, XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ даласындағы геосаяси жағдай радикалды бұрылысты бастан кешірді. Егер ғасырлар бойы қазақ хандығы оңтүстікте өзбек хандығы, солтүстік пен батыста башқұрттар мен қалмақтардың тайпалары тарапынан анда-санда теперіш көрсе, Жоңғария тарапынан қауіп тұрақты түрде болды. Бұл жағдай аймақтың державаның, Ресейдің мәселеге араласуына тура келді.

Осындай контекст Ресей тарапынан 1700 және 1914 жылдары «қазақ» саясатының тууына негіз болды, оның негізгі үш фазасы: шекаралық линия орнату, әрі қарай көтерілістерді басып тастап жаулап алу, соңынан әкімшілік және экономикалық отарлау, әсіресе 1889 жылғы орыс шаруаларын Қазақстан жеріне еркін орналастыру туралы декреттен кейін күшіне енді. Қазақ даласының Орыс империясына «өз еркімен қосылуы» — шын мәнінде орыс державасының қазақ кеңістігіне енуі ерекше жағдайға сәйкес жүзеге асырылды, онда Қазақстан: хандар тарапынан орыстардың алдына сыртқы жаудан қорғауды өтінді, шартты түрде Кіші (1731) және Орта жүздің (1740) шын бағынуы, ұзаққа созылған тыныштандыру операциясы, орыстың демографиялық және мәдени ықпалы.

XVIII ғасырдың соңынан бастап, орыс бекіністері жәрмеңкелер желісі және айырбастау нарығы ретінде нағыз сауда орталықтарына айналды. Сол себепті де Ресей аталған аймаққа қатысты экономикалық бағытты дамытуды көздеді. Дегенмен, 1782 жылға дейін немесе 50 жылдан кейін адал қарым-қатынас туралы алғашқы келіссөздерге



қол қойылғаннан кейін орыстардың ықпалы шекаралық аймақтардан әрі асқан жоқ. Осы кезге дейін Қазақстанның ресми уәкілдері орыс сарайына елші ретінде барып тұрды, ол кезде XIX ғасырдың басында оларға «депутат» титулы берілді. Қазақтың саяси билігі қыстақ мен жайлау арасында ғана қалды. Орыстың ықпалы қазақ даласынан салық жинау бастағанда ғана біліне бастады, оны сол кездің өзінде әділетсіз әрекет деп айыптады.

Патша әкімшілігі қолданысқа рубльдік салық салуды енгізу арқылы оны алдымен қазақтың киіз үйінің санына салды. Бұл орыстың салық жүйесінің қазақтың көшпелі өмір салтына мүлдем қайшы екенін көрсетті. Себебі кез келген қазақ отбасы киіз үйде тұрады, оның барлық байлығы – даладағы малы. Осылайша орыстың салық жүйесі қазақтарды айырбас экономикадан монетарлыққа ауыстырды, өйткені баж салығы рубльмен төленуі керек болды. Бұл жағдай біраз уақытқа дейін әлеуметтік-мәдени мәселелердің ушығуына негіз болды.

Ресей құқық және жер меншігі бойынша да ықпалын жүргізе бастады. Ресейдің әкімшілік құрылымына жаңаден енгізілген православ дінін қабылдамаған халықтар шетелдіктер сияқты қабылданды, сол себепті де соларға қатысты жазылған орыс заңдарының кодексіне бағынды. Екінші жағынан дәстүрлі жайылымдары жоқ көшпелі тайпалар маусымдық көші-қон кезінде олардың жолында кездесетін орыс немесе казак елдімекендеріндегі халықпен соқтығысып тұрды. Көшпелі өмір салтына үйреніп қалған қазақтар үшін жаңа жағдайға бейімделу қиын болды, себебі қазақтардың жері ұжымдық иелікте болды, ал орыстар мен казактарда басқаша, олар өздерінің үйлерін оқшауланған жерге салатын болды (**Poujol, 2000, 41-42-ші беттер**).

Орыстың отаршыл саясатының күшеюі қазақтың әлеуметтік-саяси құрылымын тұрақсыздандырып жіберді. Әсіресе елдің жаздыкүні жайлайтын солтүстіктегі жайылымдарының орнына орыс елдімекендерінің салына бастауы мәселені ушықтыра түсті. Орыс шаруаларын жайылым жерлеріне орналастыру саясаты және көшу маршруты, орыс әкімшілігінің казактарды көбейтуге мән беруі, уақыт өте келе көтерілістердің жиілеуіне, оның соңы тіпті 1917 жылғы төңкеріске дейін алып келді.

К.Пужольдің Кенесары көтерілісіне қатысты пікірі қызығушылық тудырады. Ол көтеріліс қазақтың барлық территориясын қамтығанына қарамастан, ең алдымен даладағы дәстүрлі қазақ хандығы билігін қалпына келтіргісі келді, Орта жүздің Қытай мен Ресей арасында

сенделуін тоқтатып, мәселе Ресейдің пайдасына шешілді деп жазады (Poujol, 2000, 45-ші бет).

Автордың пікірінше, Қазақстанның Ресей құрамына қосылуы ең алдымен бәрінен бұрын аса маңызды геосаяси контекстке ие. XIX ғасырдың ортасында қазақтың барлық жері орыстың стратегиялық кеңістігіне кірді. Оңтүстіктегісі де, солтүстіктегісі де әскери құрылымдар арқылы делимитацияланды.

Ресейдің Үндістанға британ бастиондары бағытымен жылжуы ғасырлар бойы жалғасын тапқан бәсекелестікті күшейтіп жіберді және солай бола тұра екі антагонистік державаны қауіпті жағдайда жақындастырды. Бірақ бұл патшалық әкімшіліктің басып алған жаңа территорияларын үнемі өзгеріп тұратын империяның шекаралық линияларына қосуына, Ресей территориясында бірегей державалық құрылымды енгізуіне кедергі келтірген жоқ.

Ресейдің үстемдігіне қарсылық танытқан даладағы шайқаста Есет Көтібарұлының есімі (Есет батыр) 1840-50-ші жылдары Батыс Қазақстанда аса танымал болды. Есет батыр Залесскийдің жазуынша, өз руындағы ең ауқатты азаматтардың бірі болған. Ұзақ уақыт бойы орыс үкіметін мойындағысы келмеген оны бірнеше әскери отряд далада ұзақ уақыт іздейді. Әрі қарай күресудің мүмкін емес екенін түсінген ол өз руымен бірге орыстың боданы болған қазақтардың қатарына қосылады, кейін өзі де Ресей үкіметіне қызмет көрсетеді. Ол өз руының көсемі болып қалды, салық жинады, түрлі тартыстарды шешті, судьяның қызметін атқарды (Zaleskiy, 1865).

Акинердің пікірінше, Ресейдің Қазақстанға жасаған аннексиясының алғашқы кезеңінде патшалық әкімшілікте далаға қарсы айтарлықтай оппозициялық ой болған жоқ. Аяқ астынан ұйымдастырылған көтерілістер мен қозғалыстар қысымға ұшырап, теп-тез және оңай басылып қалатын. Оған орыс әкімшілігі тарапынан жасалған дәстүрлі жайылымдарды пайдалануды шектеу әсер етті. Орыс үстемдігі мен билігіне қарсы алғашқы сын-қатер 1836-37 жылдары болды. Акинер оның маңызы әскери сипатта болған жоқ, идеологиялық еді деп атап өтеді. Көтеріліс қатысушыларының даңқы шайқас кезінде артып, олар күллі қазақ даласының құрметіне бөленді. Кейін қазақтардың ұлт-азаттық көтерілістерінің құрылтайшылары Хиуа және Қоқан хандықтары болды, бұл қозғалысқа мұсылмандық сипат берді. 1916 жылы ғана қазақтардың жалпыұлттық көтерілісін Ресейдің үстемдігі басады, оның соңы Ұлы орыс революциясына ұласады деп

автор бірнеше жылға алға жылжиды (**Akiner, 1995, 21-23-ші беттер**).

Неміс ғалымы Г.Финдейзен өзінің «Қазақ-орыс қатынастары тарихына» атты эссесінде 1910 жылға дейін Ақмола облысы мал саны (шошқаны қоспағанда) жағынан Мәскеуді екі-үш есе басып озды деп жазады. 1916 жылдағы көтерілістің ең ауыр қасіреті, халықтың аш-жалаңаш қалуы, экономикалық байланыстардың үзілуі және қазақ халқының әлеуметтік жағдайының нашарлауы. Көтерілістен кейін, Финдейзеннің жазуы бойынша, 300 мың қазақ жерлерінен қуылып, олардың мал-мүлкі орыс отаршыларына берілді (**Findeisen, 1958, 8-ші бет**).

XX ғасырдың басындағы мәселелерді сипаттай отырып, Олкотт Қазақстанның революцияға дейінгі тарихындағы ең маңызды мәселе ретінде жер мәселесін атап өтеді. Автор оны мынадай көзқарас тұрғысынан қарастырады: қазақ ортасына отырықшы ауыл шаруашылығы мәдениетінің енгізілуі Түркістандағы дәстүрлі көшпелі шаруашылыққа кері әсер етіп, жер мәселесін ушықтырып жіберді. Олкотт өзінің тәсілін дәстүрліден бөлек алып қарастырады, аймақтағы әлеуметтік және этникалық қысымның себебін Ресейдің еуропаланған аймақтарынан жер аударылған шаруалардың келуімен және оларға жайылым жерлердің берілуімен байланыстырады. Дегенмен, Олкотттың пікірінше, қысымға себеп болған жағдай қазақтар арасында нарықтық қатынастардың таралуы және жергілікті және сырттан келген егін шаруашылығымен айналысатын шаруалар арасындағы бәсекенің ушығуы, оған көшпенділер мен жер аударылғандар арасындағы бәсекелестіктің еш қатысы жоқ (**Olcott, 1995, 83-99-шы беттер**).

Жалпы алғанда америкалық зерттеушінің көзқарасы жалпы мақұлданған әлемдік (және кеңестік) тарихнамадан ерекшеленбейді. Көтеріліс басталмас бұрын 1916 жылы Қазақстанда 3 млн. еуропалық колонист, 5 млн. қазақ өмір сүрді. Осылай бола тұра қазақтардың 90%-ы бұрынғыдай мал шаруашылығымен айналысты. Олкотттың пікірінше, көтерілістің пайда болуының тағы бір маңызды себебі қазақ халқы арасында әлеуметтік дифференциацияның өсуі болды.

## § 8. Ұлы жүзді бағындыруы және Орта Азияны жаулау

М. Олкотт 1730 жылы Кіші жүз бен Орта жүздің хандары шартты түрде құқықтық жағынан Ресейдің бодандығына өткенде Ұлы жүздің

басым бөлігі жоңғарлардың бақылауында болды деп жазады. Жоңғар хандығы 1756 жылы талқандалды. Осы сәттен бастап Ұлы жүздің қазақтары үшке бөлінді: бірінші тобы Жоңғарияға көшіп кетеді де жоңғарлардан босаған жайылымдарға қоныстанады және оларға қытай сюзеренитетін мойындауға тура келеді; екінші топ Ташкент аймағына қоныстанады, жартылай отырықшы өмір салтына бейімделеді, ал олардың бірқатары 1808 жылы Әлім ханның әскері Ташкентті басып алған соң, туыстас қарақалпақтарға қосылады, бұл қазақтар Қоқан хандығының құзырында болады; ал соңғы үшінші топ болса, Жетісуға орналасып, кейін осы жерде тәуелсіз мемлекет сияқты ұйым құрады. Өзімізден қосарымыз, тарих өзінің циклін аяқтады: Жәнібек пен Керей хандық құрған аймақ тағы да соңғы азат та, еркін қазақ руларының арқа тұтар, паналайтын жеріне айналды.

XIX ғасырдың бірінші жартысында осы ұйымды Абылай ханның ұлы Сүйік басқарды, оның қолынан қазақты екі жақтан қыспаққа алған Ресей мен Қоқанға қарсы әскери буфер жасау келді.

Сүйік Қоқандан жамандықтан басқа ештеңе күтуге болмайтынын сезіп, 1818 жылы Ресейге адал боламын деп ант қабылдайды. Орыс билігі мұны аймақтағы сауда қатынастарын дамыту үшін тиімді пайдаланады. 1848 жылы Ұлы жүзді басқаратын әкімшілік қалыптасты, ал 1854 жылы осы аймақ Семей губерниясының бір бөлігі болды.

Сырдария аймағында орыстар мен хиуалықтар арасындағы қозғалыс бір кезде болды. Перовский 1839 жылы Хиуаға қарсы өткізген кампания сәтсіз аяқталды. Жеңілістен кейін оның экспедициялық корпусы солтүстікке кетуге мәжбүр болды. Осы оқиғалар Перовскийдің фортификациялық пунктерге сүйене отырып, бұрынғы стратегиялық жоспарына қайта оралуына алып келді. 1847 жылы Перовский екі бекініс линиясын қосу туралы амбициялық жоспарын жариялады: біреуін Ново-Александровской линиясының жалғасы ретінде Арал теңізінің солтүстік-шығысынан 300 мильға Сырдарияға дейін, екіншісін семейден оңтүстікке дейін созы көзделді. Осы линиялардың құрылысы Раим (Аральск) пен Қопал бекінісінің негізі қаланғанда басталды да алты жылдан соң 1853 жылы Қазалы және 1854 жылы Верный (Алматы) салынғанда аяқталды. Осыдан кейін орыстар қоқандарға қарсы күресті бастады.

Олкоттың айтуы бойынша, орыстар қазақ даласын басып аларда жалғыз болған жоқ. Қоқандтың басшысы Омар хан да (1809-1822)

қазақ территориясына қарсы өктемдік жүргізгісі келетін саясат ұстанды. Ташкентті жаулап алу оның әскеріне Сырдарияның оң жағалауына өтуіне мүмкіндік берді. Қоқандтың далаға қарай жол бастауы екі бағытпен: 1) Ташкенттен Шымкентке дейін, әрі қарай Әулие-Ата (Жамбыл), Бішкек (Фрунзе) және Ыстық көл арқылы; 2) Ферғана жазығынан Нарын өзені арқылы және әрі қарай солтүстікке қазақ территориясы бойынша. Ұлы жүздің көптеген сұлтандары Омар ханды қолдады. Өйткені ол қазақ халқынан өз пайдасына зекет мен ұшыр сияқты салық жинауға рұқсат берді. Осылайша, қарапайым халық екі рет салық төлеуге мәжбүр болды.

1821 жылы Түркістан, Шымкент, Сайрам мен Әулие-Ата қазақтары қоқандарға қарсы көтеріліске шықты. 1830-шы және 1840-шы жылдар аралығында қазақтар мен қоқандықтар арасында тұрақты түрде шабуылдар болып тұрды, ал 1858 жылы салық көтерілген соң қазақтар қоқандықтарға Тоқмақ пен Әулие-Атада шабуыл жасады. Осы кезде қазақтардың алдында таңдау болды. Ресей әлде Қоқан хандығы. Олкоттың пікірінше, солтүстіктегі Ұлы жүздің қазақтары орыстарды жақтады, себебі оларға ресейлік билік салықтық жеңілдіктер жасауға уәде берді, ал оңтүстіктегі қазақтар болса, мұсылман басшының қол астында болғанды қалады. Осылайша, орыстарға Шу мен Іле бойында қазақтармен қақтығысуына тура келді.

Олкоттың мына бір нәрсеге өте әділетті түрде назар аудару қажет екенін атап өтеді, Орта Азиядағы жағдай геосаяси мәселелердің кесірінен ушығып кетті: Ресей аймақта басымдыққа ие болып, ағылшындардың ықпалын Лондонмен қарым-қатынаста қарама-қайшылыққа келместен жойғысы келді. 1862 жылы Ұлыбритания ауған әмірі Дос-Мұхаммедпен одақ құру туралы келісімге қол қойды. Бұл Англияның Бұқара мен Хиуаны басып алу қауіпін күшейтті. Жалпы сыртқысаяси жағдай АҚШ-тың оңтүстіктегі штаттарынан мақта сатып алуға тыйым салу және 1863 жылғы Польшадағы көтерілістің әсерінен күрделеніп кетті. Ресейлік қоғамдық пікір мен билік Орта Азия тарапынан шешімді әрекет болар деп үміттенді. 1864 жылдың соңында II Александр патша Қоқанд 1864 жылы жауланып алынуы керек деген жарлыққа қол қойды. 1864 жылдың маусымынан қыркүйегіне дейін генерал Черняев Қоқанд хандығы мен Оңтүстік Қазақстанды жаппай жаулап алды. Осы кезде Ресей империясының Сыртқы істер министрі канцлер Горчаков түрлі еуропалық үкіметтерге меморандум жіберіп, онда Ресейдің әрекетін «барлық өркениетті мемлекеттердің өкілі ретінде нақты

әлеуметтік ұйымы жоқ жартылай жабайы көшпелі халықпен байланыс орнату» деп ақтады. Горчаков өз елінің әрекетін мемлекеттің шекарасын қорғау және сауда мүддесіне деген қамқорлық деп түсіндірді. Қоқанды Англияның қарсы әрекет жасауынан соң жаулап 1876 жылы аяқталды, сол кезде қоқандық ханның билігі шектелді, қаланы Ресей басып алды. Бұқара мен Хиуа 1873 жылға дейін ресейлік протекторат болды. Орыс билігі қалаған жаңа әкімшілік жүйенің негізі Ташкент болды (**Olcott, 1995, 71-76 беттер**).

### III Тарау. Қазақ номадизмі

#### **§1. Номадизм тұжырымдамасы және көшпенділік мәдениеттануы**

Еуразияның көшпенділері туралы алғашқылардың бірі болып б.з.д. V ғасырда Геродот жазды. Оның жазбасында көшпелі сақтардың идеалды портреті сипатталған. Оның осы дәстүрін Эфор, кейін стоик және киник сияқты Ежелгі Грецияның философиялық мектептері жалғастырды. Классикалық және бір-бірін көшпенділерді сипаттауға қатысты көшірген еңбектер Геродотта скифтер туралы, Диодор набатейлер туралы, Сыма Цянь (Ши Цзи) сюнну туралы, Аммиан Марцелл сарациндер мен ғұндар туралы, Марвази түркілер туралы. Варрон көшпенділерді адам дамуының үш сатысы туралы өзінің схемасына қосқысы келді. «Авеста» мен «Шахнамада» Иран мен Тұранды қарама-қарсы қою анық байқалады.

Страбонда еуразиялық даланы мекендеген көшпенділердің маусымдық көші-қоны туралы – «қыста батпақта, жазда жазықта» тұрады деп сипаттаған. Плано Карпини өзінің саяхаттарында Алтын Орданың көшпенділері туралы қыста олар теңізге түседі, ал жазда тауға кетеді деп жазды.

Рашид ад-Дин және Ибн Халдун сияқты авторлар үшін көшпенділер тек қана тарихи зерттеулердің нысаны болған жоқ, саяси өмірдің де элементі болды. Екі мұсылман автор да номадизм мен белгілі бір экологиялық ортаның байланысы туралы сұрақтарды бірінші болып қойды. Рашид ад-Дин тарихнамада алғашқылардың бірі болып көшпенділердің туыстық және генеалогиялық байланыстарына ерекше мән берді. Осы ғалымдар және басқа да мұсылман тарихнамасы өкілдері көшпенділерді адамзат тарихының аса қажетті және табиғи бөлігі ретінде қарастырды. Ибн Халдун өзінің өркениетінің циклдық тұжырымдамасында көшпенділерді аса қажетті элемент ретінде енгізді.

Көшпенділіктің феноменін ежелгі авторлар да талдап, түсініктеме беруге тырысты. Сыма Цяньнің «Ши Цзи» еңбегіндегі аса маңызды тарих сюнну мемлекетінің негізін қалаған Маодун туралы. Қытай

жылнамаларына сәйкес, суннуларда сол кездің өзінде территорияны көшпелі мемлекеттің саяси және экономикалық негізі ретінде қарастыратын түсінігі болған.

Ибн Халдун өзінің «Муқаддима» кітабында көшпенділердің туысқандық байланысының ролі туралы жазды, оның пікірінше мемлекет құруға негіз болған басты дүние осы. Түркілерде қорғау мен шабуылдау тек қана жалпы көпшіліктің қатысуымен жүзеге асырылады **(Ibn Khaldun, 1863, I, 275-ші бет)**.

Әл-Омари 14-ші ғасырда Алтын Орда көшпенділерінде діни рәсім ретінде байлықты тапсыру тәсілі болғанын айтады. Ол көшпелі татар қоғамындағы малды үлестіру мен өзара көмек механизмі туралы толыққанды жазды.

Рашид ад-Дин алғашқылардың бірі болып моңғолдардың жаулап алуынан кейін моңғол және түркітілді көшпенділер бір-бірімен тығыз байланысып кеткенін байқайды, осыдан кейін олар ортақ тегі туралы бірлескен үлгіні іздей бастады. Рашид ад-Дин барлық еуразиялық көшпенділерді мысалға ала отырып, моңғолдардағы генеалогияның маңызы туралы жазады, оның пікірінше, генеалогия оларда дін және діни тәрбиенің орнын басты.

Жаңа заманда еуропалық ғалымдар номадтардың тарихи ролін бағалауды жалғастырды. Философ Монтескье көшпенділердің қоғамының эгалитарлық сипаттамасына назар аударды. Фергюссон және А.Смит сияқты экономистер көп жағдайда көшпенділердің дифференциациясының дамуы туралы жазды. Кант көшпенділер мен отырықшылар арасындағы шиеленістен мемлекет құрудың бастауын іздеді. Гегель номадтарды дамудың екінші тарихқа дейінгі кезеңіне жатқызды, оған қоғамдық қарама-қайшылықтар тән, бірақ мемлекет құрудың оған еш қатысы жоқ. XIX ғасырға қарай әлі де көшпенділер мен малшылар арасындағы бөлініс болған жоқ. Осыған қатысты орталық идея көшпенділер этнографиялық феномен емес, олар жалпы адамзаттық дамудың факторы деген ой болды. Ең соңында еуропалық орталықтандырылған тарихнамада номадизмге өркениеттің дамуының қосалқы өнімі деген роль берілді, нақтырақ айтсақ оның антиподы.

Ұлы дала тарихындағы ең шытырман мәселе – олардың жаппай қоныс аударуы және отырықшы өркениетіне қарсы жойқын шабуылдары. Қазіргі тарихнамада әлемдік тарихтағы осы феноменді түсіндіруге тырысқан қаншама тұжырымдама немесе теориялар бар.



Жалпылай алғанда оны мынадай тезистерден көруге болады:

Әртүрлі жаһандық климаттық өзгерістер (осы тұжырымдаманы алғаш рет ғылыми айналымға енгізген А.Тойнби, ол оның себебі құрғақшылдық деп атап көрсетті; осы концепцияны Г.Грум-Гржимайло қолдады; Л.Гумилев керісінше, көшпенділердің жаппай көшуіне себеп болған жағдай шектен тыс ылғалдану дейді),

- Көшпенділердің жаугерлік және ашкөз табиғаты (қытай тарихнамасында жазылған көзқарас);
- Даладағы халықтың тығыз қоныстануы;
- Өндірістік күштердің өсуі мен таптық күрес, феодалдардан кейін отырықшы қоғамның әлсіреуі (бұл кеңестік тарихнамадағы классикалық марксистік тұжырымдама);
- Мал шаруашылығы экономикасының даму қарқынын арттыру үшін барынша тұрақты отырықшы қоғамға барымта жасау;
- Отырықшы экономика орталықтары үшін номадтармен сауда қарым-қатынасын орнатқысы келмеу, мал шаруашылығы өнімдерінің шектен тыс болуы;
- Дала қоғамы жетекшілерінің жеке қасиеттері;
- Этноинтеграциялық импульс (Л.Гумилевтың – пассионарлығы).<sup>152</sup>

Әр тұжырымдаманың өзінің рационалды өзегі бар екенін айта кету керек. Бірақ олардың әрқайсы өз факторын асыра көрсетуден зардап шегеді. Мәселен, заманауи палеографиялық мәліметтер көшпелі империялардың құлдырауы мен гүлденуін жаһандық ылғалдану немесе құрғақшылыққа қатысты тікелей байланыстың бар екенін нақтыламайды. Көшпелі қоғамдағы таптық күрес туралы марксистік тезис те жарамсыз. Демографиялық фактор дереккөздердің аз болуынан түсініксіз. Ал көшпенділердің жаугерлік табиғаты туралы отырықшы өркениет тарихы, барынша тиімді әскери технология мен инфрақұрылымды отырықшы халықтың жасап шығарғанын аңғартады.

Көшпелі империя формасындағы мемлекет және басқа да саяси құрылымдар көшпенділердің отырықшылармен қоныстас орналасқан, халық тығыз қоныстанған, қала сияқты, егін шаруашылығы барынша дамыған және олармен тұрақты түрде саяси және экономикалық байланыс орнатқан өркениеті дамыған аймақтарында ғана қалыптасқанын аңғарамыз. Осы тезис мынадай дихотомияда көрініс табады:

<sup>152</sup> Қараңыз: Крадин Н.Н. Кочевые общества (проблемы формационной характеристики). – Владивосток, 1992; его же: Номады // Родина. Лес и степь. IX-XVI вв. Неизвестные страницы. 1997. № 3-4. — С.17-18.

- Скифтер мен ежелгі мемлекеттер;
- Ғұндар мен Рим империясы;
- Түріктер мен Қытай, түркілер мен ежелгі Русь; түркілер мен Хорезм;
- Арабтар, түріктер мен Византия және т.б.

Дала империяларында екі жақты табиғи болмыс болды: сырттай қарағанда олар даладан тыс жерде азық-түлігін табатын Шығыстың классикалық деспотиясы, алайда іштей көшпелі империя тайпалық байланысқа негізделген, тұрақсыз салық жүйесі мен классикалық феодалдық иерархия, яғни егін егетіндерді пайдаланатындар. Дала әміршісінің беделі қарапайым құқыққа негізделді, оның әрекеті әскери жорықтарды ұйымдастыра білуі және саудадан түскен алым-салықтың негізіндегі кірісті бөле білу және көрші елдерді барымталай алу арқылы сынға түсті. Осындай жабайы схема негізінен моңғол дәуіріне дейін болды.

Номадтар отырықшы территориялармен байланыс орнатқанда төменде көрсетілген бірнеше стратегияларды тиімді пайдаланды:

- Шабуыл мен тонау стратегиясы (сяньби, түркі, моңғолдардың Қытайға қарсы жасаған әрекеті; Қырым хандығының Украина, Польша және Мәскеу мемлекетіне және т.б.);
- Жер шаруашылығымен айналысатын қоғамға бағыну және одан алым-салық алу (скифтер мен скелоттар, хазарлар мен славяндар, Алтын Орда мен Русь), сонымен қатар сауда жолдарын бақылау (түркілер мен Ұлы Жібек жолы, қазақтар мен Орта Азия, Қытай мен Сібір арасындағы сауда жолдары);
- Отырықшы мемлекетті жаулау, көшпенділердің инфильтрациясы, жаңа династияның пайда болуы, жаңа басқарушы класс пен кейін номадтарды ассимиляцияға ұшыратқан жаңа мемлекеттің пайда болуы (тоба, кидан, чжурчжени және Қытайдағы мәнжүрлер; Қытайдағы, Хорезм және Ирандағы моңғолдар, Бұқарадағы қазақтар және т.б.);
- Шабуылдарды жиілету мен алым-салық жинау тәсілі; оны әртүрлі кезеңдерде барлық ірі көшпелі тайпалар қандай да бір жерді басып алғанға дейін немесе жаулап алмай тұрып пайдаланды, арасында Қытайдағы хуннулардан бастап түркілер мен кейінгі орта ғасырдағы моңғолдар да бар).

Зерттеушілер байқаған бір дерек көшпенділер отырықшы территорияларды толығымен жаулап алуға тырысқан жоқ, «аттың

үстінен басқаруды» жөн көрген олар жорықтардан түскен, алым-салықтан, саудадан алған жинақтан түскен табысқа риза болып жүрді, солай бола тұра олар өздері бағынған мемлекет ішіндегі ішкі күрестерге де ел ішінде тұрақтылықты реттеу мақсатында атсалысты (Алтын Орда мен Русь, ұйғырлар мен Тан империясы). Алайда саяси және экономикалық қатынастардағы бұл жүйе тарихи болашағы жағынан алып қарағанда тұрақсыздығымен ерекшеленді. Көшпенділердің отырықшы халықпен тұрақты түрде байланыс орнатуы көшпелі өмір салтының ерікті және ерікті емес түрінде жойылуына және трансформациялануына алып келді, бұл жағдай қазақтардың тарихында айқын көрініс тапты. Р.Груссе атап көрсеткендей, «вакуум номадтарды аграрлық қоғамның ішінде сорып тастады» (Grousset, 1948).

С.Уолкер есімді әскери тарихшы (төмен қараңыз), Шыңғыс ханның тарихи ролі туралы айта отырып, көшпенділер мен өркениет бар жағынан алғанда бір-біріне қарама-қайшы келмеуі мүмкін емес еді деп айтады. Екі тарихи форма үшін де бір-бірінің өмір сүру формасын қабылдау мүмкін болмады. Өмір сүрудің екі формасы арасында терең антагонизм болды. Осылайша, Шыңғыс хан үшін мені жойып жіберетін дүниені мен жоюым керек деп санайтын түсінікті табиғи шындық деп қабылдау керек. Ол одан басқа ештеңе білген жоқ. С.Уолкер моңғол жорықтарының салдарына өркениеттің даму контексті тұрғысынан қарайды. Елу жылдан кейін Қытай саяси бірлесіп, көптеген басымдықтарға ие болады. Ұлы Қытай каналы қазылады, Бейжің өседі, Бирмадан Балтыққа дейінгі елдердің билеушілері өркениетті Қытай императоры Құбылайға алым-салық төлейді. Қытайлар Ява, Борнео мен Үнді мұхитына дейін жаулап, Африка мен Мадагаскарға дейін жетеді. Қиыр Шығыс пен Шеткі Батыс арасында сауда жандана түседі. Моңғолдар ескі өркениеттің іргетасымен бірге оның ескі патриотизм, ұлтшылдығы мен консерватизмін, оның тиімді және ұлы қоғамдық құрылым болуына кедергі келтіретін саяси және философиялық керісіне дейін жоқ қылады. Шыңғыс ханның немерелерінің бірі Ресейге де дәл осылай атасы Қытайға жасаған әрекетті қайталады. Үш жүз жылдан соң Русь бірлесіп, ешкімнен қорқуға негіз болмайтын болашақ құрады<sup>153</sup>.

Көшпелі өркениет материалдық ескерткіштерді аз қалдырғанына байланысты, зерттеушілердің қолына жеткен куәліктер өте үлкен

<sup>153</sup> Қараңыз: Уолкер С.С. Чингиз-хан. Пер. А.И.Глебова-Богомолова. – Ростов-на-Дону: Феникс, 1998. – С. 257-259.

маңызға ие болады. Архитектуралық ескерткіштер тұрғысынан алып қарағанда да көшпелі өркениетке жататын түпнұсқа аз; Д.Синор сол қалған аз мәдениеттің бірі ретінде Венгриядағы ғұндардың ағаштан салынған сарайын атайды (**Sinor, 1969, 124-ші бет**). Көшпенділердің мәдениетінің аса маңызды элементінің белгісі ретінде Синор *балбал тастарды* атайды. Синор көшпенділердің материалды мәдениетіне олардың отырықшы көршілерінің тигізген ықпалын атап өтеді, олар: Қытай, эллинистік мемлекеттер Иран, Үндістан. Осы ықпал зерттеушілердің қолына жеткен көптеген буддистік және манихейлік жазба ескерткіштерде көрініс тапты. Синордың пікірінше, Орталық Еуразиядағы көшпенділердің нағыз өнері күнделікті өмірде қолданылатын заттар, діни және әшекей бұйымдар сияқты аз да болса бірқатар дүниелерде көрініс тапқан. Көшпенділер металды өңдеуді де керемет меңгерген. Бұл ең алдымен аң стиліне қатысты, кейін ол белгі мәдениеттің бір бөлігі ретінде қазақтар мен түркілердің өнерінде көрініс тапқан. Синордың пікірінше, батыста аң стилі деп аталатын дүниені скифтердікі деп біржақты қарастыру дұрыс емес, ол күллі Орталық Еуразиядағы мәдени кеңістіктің имманенттік бөлігі (**Sinor, 1969, 124-125-ші беттер**).

Германияда Орталық Еуразиядағы көшпенділердің ерте дәуірін барынша жан-жақты зерттеген неміс ғалымы — Карл Йеттмар. Өзінің ерте көшпенділер туралы концепциясын ол «Ерте-дала дәуіріндегі металлургия» (**Jettmar, 1954, 1971**) деген еңбегінде және басқа да бірқатар шығармаларында жазады (қараңыз, I Бөлім, III Тарау). Оның барынша концептуалды көзқарастары «Ерте дала халықтары: еуроазиялық аң стилі» атты еңбегінде көрініс тапқан (1964).

Әйгілі британ мәдениеттанушысы, философ және тарихшы А.Тойнби өзінің «Тарихты зерттеу» атты классикалық жұмысында мынадай пікірге келеді, «көшпенділер тарихсыз өмір сүреді, олардың жасаған қорытындысы даладағы тарих деген кездейсоқ нәрсе» (**Toynbee, 1949, 169-шы бет**).

Марксистік ең алдымен кеңестік ғылым өзінің схемасында көшпенділерге де орын табуға тырысты. Марксистік тарихнамадағы ең үлкен орын көшпелі феодализмге қатысты. Кеңестік, соның ықпалымен шығыс германдық, моңғол және жекелей алғанда венгер тарихшылары «көшпелі феодализм» концепциясын белсенді түрде талқылады, оның мағынасы марксистік ғылымға сәйкес Еуропадағы қоғамдық-экономикалық формациялар туралы ортағасырларда

феодалдық қатынас типіне сай келді, ол да Азия үшін міндетті болды. Көшпелі халықтар үшін Көне әлем тарихында маңызды рольге ие болған арнайы енгізілген «көшпелі феодализм» деген термин, бұл сөз тәуелді қоғам мүшелері мен феодалдар арасындағы, қарапайым қоғам мүшелері мен, тайпа мен ру, бір жағы оның ақсүйектері, көсемдері мен көшбасшылары арасындағы қарым-қатынасты айқындайды. Осы қарым-қатынас аясында феодалдық рентаға орын табу қиын болды, алайда марксистік ғалымдар оны көшпенділердің жаулап алған елдеріндегі отырықшы халықтарға салған түрлі алым-салықтар және тіпті көшпенділердің әскери қызмет атқару міндеті арасынан тапты. Кейбір марксистік тарихшылардың пікірінше, Э.Вернер (ГДР) таптық бөліністің катализаторының ролін көшпенділердің экспансиясы ойнағанын және оның соңынан болған жағдай жайылымдардың ақсүйектердің қолына өтуі, осының соңы номадтардың феодалдануына алып келді (мысалы, X ғасырдағы оғыздар). Бірақ осылай аяқ астынан келген байлық оны көшпелі қоғам ортасында бөліске салуға ынталандырды. Байлықты пайдаланудағы айтарлықтай өзгерістің болмауы көшпелі қоғамдағы сапалық өсуді тежеді, оның соңы патриархалды-феодалдық қатынастардың сақталып қалуына алып келді.

Көшпенділердегі феодализация процессінің ерекшелігіне Э.Вернер үстем және тәуелді рулардың пайда болуы мен отырықшы-жауынгерлердің біртіндеп басыбайлы ету үрдісін жатқызады. Жерді пайдаланудан түскен кіріс эксплуатация жасаған феодалдық топтың қолында болды. Ертефеодалдық қатынастарды нығайтқан соң оған азық-түліктің рентасы қосылды (мысалы, оғыздар мен түркімендерде XI ғасырда). Экономикалық және экономикадан тыс қысымның негізінде ру басшыларының жайылым мен малды жеке дара иеленуі болды. Көшпелі феодализмнің тағы бір ерекшелігі патриархалды-рулық қатынастарды сақтап қалу болды, бұл өз кезегінде әлеуметтік қатынастардың икемді болуына әсер етті. Вернердің пікірінше, жаңа ақсүйектердің көшпенділерге тән басып алуға, отырықшы халықтың байлығын иеленуге деген ашкөз көзқарасы бір жағынан олардың өзін отырықшыға айналдырып жіберді, осылайша феодалдық қыспақты күшейтті, оның классикалық формаға қарай жақындауы, Осман империясындағы түркілерде болды. Неміс ғалымы «көшпелі феодализм» термині тура «византиялық феодализм» (Werner, 1976, 297-ші бет).

Бір жағынан көшпелі қоғамдағы әлеуметтік процестер, Вернердің айтуы бойынша, ортағасырлық феодалдық мемлекетті құрудағы ролінде жатыр. Көшпелі феодалдық мемлекеттің құрылуы феодалдық қатынастардың өспей қалған бетімен, нақты әлеуметтік және таптық бөліністің болмауымен аяқталды. Осы феноменді көшпелі қоғамдағы феодализация үрдісінің көшпелі экономикаға қарама-қайшы келетін объективті қиындығы деп түсіндіру керек. Соңғысы дұрыс қызмет етіп өміршең болар еді, себебі малшы көшпенділердің өз шаруашылығы мен өндірісі болды. Экспансия кезеңінде көшпенділер отырықшы халықтың мекендерін талқандап, оның үстіне өздерінің көлемді империяларын құрды, көшпелі қоғамның феодализация үрдісі жылдам жүрді және тұрақтанды. Вернердің пікірінше, жаңа дінді қабылдау саралаудың жаңа деңгейін көрсетті, мұндай жағдай ислам дінін қабылдаған соң оғыздарда болды. Көшпенділердің ортағасырлық мемлекет құрудағы ролі негізінен олардың әскери қалқан бола білуінде болды. Көшпенділердің өз алдына жеке, шапқыншылық жасаған мемлекетті басып алу және жергілікті отырықшы халықтан алым-салық жинап мемлекет құрсам деген талпынысы, соңынан олардың қатысуымен азиялық типтегі феодалдық мемлекет құрумен аяқталды. Өзінің тезисіне мысал ретінде Вернер түркімендердің шығыстағы Шағын Азияда Данишмендидтер эмиратын, Коний сұлтанаты және селжуктердің мемлекетін құрудағы ролін атап өтеді. Бұл көшпенділердің мемлекеті болған жоқ, аграрлық зона болатын, онда көшпенділер басып енген соң, түркі династиясының билеуіне берілді. Көшпелі-малшылар мен феодалдық мемлекеттердің көзқарасы бір-біріне қайшы болды. Алғашқылардың өз өмір салтына және дәстүрлі шаруашылықты жүргізуге деген адалдығы осы мемлекеттерде феодалдық қатынастардың дамуына кері әсер етті. Осы мысал арқылы Вернер феодалдық басшылардың көшпенділерді отырықшылыққа бейімдеуге тырысуын, алдымен жартылай көшпенді болуы арқылы отырықшыға айналуын Осман династиясының юрюктерге қатысты жасаған тәжірибесімен түсіндіреді. Көшпенділер экспансиясында ислам дінінің атқарған ролі зор, оғыздар мен түркімендерде және XVI ғасырдың басында Сефевидтер әзербайжан мемлекетін құрған кезде оның ықпалы жоғары болды (**Werner, 1976, 299-302-ші беттер**).

ГДР-дегі Сан-Франциско конгрессіне дейін шығысгерман тарихшылары мен этнографтары үшін алғашқы қоғамды зерттеуге арналған аса тиімді коллоквиум болды. Соның аясында коллоквиумде

(1973) неміс ғалымдары көшпелі феодализмге байланысты бұрынғы сталиндік тарихнаманың көптеген негіз құраушы тезистеріне күмәнмен қарады. Ең алдымен зерттеушілер «көшпенділік» терминіне қатысты көзқарастың бірдей емес екеніне назар аударды; белгілі бір географиялық, экономикалық және басқа да ерекшеліктерге орай осы дефиниция бірде кеңінен қарастырылады, бірде тар мағына береді (толық, жартылай, таудағы және жартылай көшпенділік). Номадизмді анықтау негізінде жекелеген факторлар емес олардың жиынтығы жатуы керек. В.Кениг көшпелі мал шаруашылығын өндірістік маманданудың жаңа формасы ретінде қарастыруды ұсынды (**Grünert, König, 1974, 455-ші бет**).

ГДР ғалымдары көшпенділіктің мәдени-тарихи маңызына тоқталды: Азия мен Африканың шөлдерін, даласы мен таулы аймақтарын игеру, Ойкумен шекарасын кеңейту. Көшпенділердің материалдық мәдениетінде сауда және номадтардың басқа да көрші елдермен байланысы көрініс тапқан. Номадтардың қоғамдық ұйымының негізінде экономикалық жағынан өз бетімен өмір сүре алатын отбасы жатыр – коллоквиум қатысушылары жасаған негізгі түйін осы. Отбасы саяси, экономикалық және географиялық үстем жағдайларға орай генеалогиялық принцип бойынша бірікті (клан, туыс-тармақ, ру, отбасы, тайпа, тайпалар бірлестігі). Осындай ұйым көшпелі өмір салты мен экономика үшін аса тұрақты және тиімді болды. Онда территориялық тип бойынша қоғамды ұйымдастыру белгілі бір жағдайда болған жоқ, ол жалғыз болды. Көшпенділердің әлеуметтік құрылымының негізі – жайылым мен су көздеріне жекеменшік құқының болуы. Алайда ол көшпелі мал шаруашылығын нақты әлеуметтік және таптық бөлініске алып келген жоқ. Әлеуметтік саралауды ынталандырудың ролін көшпелі империялардың қалыптасу кезеңінде соғыс пен шапқыншылық ойнады деп атап көрсетеді неміс ғалымдары. Осы империялардың құлауы уақыт өте келе көшпелі мал шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық заңдарының қайта қалпына келуіне, яғни әлеуметтік теңдікке алып келді. Осылайша В.Кениг, көшпелі мал шаруашылығының негізші сипаты әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың мобильді болуы деп тұжырым жасайды (**Grünert, König, 1974, 460-шы бет**).

Неміс ғалымдары көшпелі мал шаруашылығына капитализмнің енуі, көшпелі қоғамда мал-мүлікті саралаудың терең және ушыққан процессін бастан өткеріп, соңында біртіндеп көшпелі мал

шаруашылығының өз алдына жеке мәдени-шаруашылық типі ретінде жойылуына алып келді деген қорытындыға келеді. Әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі бойынша, неміс ғалымдарының пікірінше, көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындар алғашқы тұрмыстық қауымдық қатынастардың прогрессивті құлдырау кезеңінде болды. Олардың пікірі бойынша, көшпелі қоғам не құл иеленушілік немесе феодалдық болып қарастырылған жоқ, дегенмен онда оның екеуінің де элементтерінің интеграциясы болды. Жерге қоғамдық меншіктің болуы нәтижесінде, көшпенділердің бірлесуі негізінде, таптық қоғамға дейінгі кезеңге тән ұйымдастырудың генеалогиялық принципі жатты.

Археологиялық көзқарас тұрғысынан алғанда көшпенділік соңғы палеолитте пайда болды деп жорамалдауға болады. Б.Граммның пікірінше, көшпенділік егін егу мен мал шаруашылығын білетін ежелгі адамдардың климаттық жағдайдың өзгеруіне орай қабылдаған белсенді реакциясы болды. Осы жағдай Орталық Азияға да қатысты. Х.Кленгельдің пікірінше, Таяу Шығыс бойынша жазба дереккөздер б.з.д. 1 мың жыл бұрын көшпенділіктің аса жоғары қарқынмен дамығанын көрсетеді. И.Зелльновтың пікіріне сүйенсек, номадизмнің бүкіләлемдік-тарихи маңызы жағымды түрде сипатталады (ойкуменаның кеңеюі), сонымен қатар жағымсыз сипатталатыны да бар (жерді пайдаланудың барынша төмен продуктивті формасына қарай). Көшпенділіктің тарихи маңызы эксплуатация формаларының пайда болуы мен дамуына қатысты (малға берілетін көмек қарыз) және оның нәтижесі ретінде – әлеуметтік саралау. Бірақ Зелльновтың пікірі бойынша, эксплуатация мен тәуелділік қатынастары антагонистік қарама-қайшылықтардың пайда болуына алып келген жоқ. Дәл осы жерден көшпенділердің еш жерде өздерінің көшпелі шаруашылығы негізінде мемлекет құра алмауының себебін іздеу керек. Тағы бір себебі көшпенділердің малы өндірістік мақсатта пайдаланылған жоқ, ол тек қана тұтыну мен байлықты жинаудың ролін атқарды (**Grünert, König, 1974, 466-шы бет**).

Батысгерман ғалымдарының басым бөлігі малшы көшпенділер өздерінің даму барысында алғашқы қауымдық қатынастардың құлдырауы кезеңіне жетті деп қорытынды жасайды. Осы қорытынды кеңес заманындағы тарихшылардың бас қосқан жанды пікірталас барысында туды, олар белгілі бір қорытынды жасай алмады, дегенмен моңғол ғалымы Ш.Нацагдоржа Шыңғыс хан кезеңіндегі моңғол қоғамына феодалдық деген сипаттама береді.



В.А.Харвиг (Лейпцигтегі этнография мұражайы) өз әріптестерінің негізгі айтылған ойларына сыни көзқарас білдірді. Оның пікірінше, «малшы-көшпенділер» деген шаруашылықты жүргізудің спецификалық формасын бейнелейтін сөзді пайдаланғанда, әлеуметтік факторларға экономикалық детерминацияға ұшыраған теория немесе принциптің классификациясының өндірістік қатынастардың сипаты мен қондырма институтына әсіресе саяси ұйымға таралу мүмкіндігі туады, оның соңы көшпелі қоғамның өзіне ған тән ерекшелігін анықтайды (**Hartwig, 1974, 621-627-ші беттер**). Хартвиг пікірінше, көшпелі қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымы Карл Маркстың қоғамдық даму туралы концепциясына толық сай келеді, онда көшпелі қоғам ерте таптық қоғамның даму деңгейіне тура сәйкес келеді, яғни ол егін егумен айналысатын қоғам.

Хартвигтің негізгі тезисі көшпелі қоғамның негізі малшы-көшпендінің отбасы емес, Кениг дәлелдеп кеткендей, территорияльды және экономикалық анықталған ұжым (мәселен, түркімендерде — «тире», моңғолдарда «хотон»). Тарих себепші болған бірлестік, оның ірі әскери және саяси одағы генеалогиялық принцип бойынша пайда болған, ол таптық қоғамға дейінгі кезеңге тән. Алайда осы принцип тек қана көшпелі халықтарға ғана тән емес. Осылайша, Хартвиг мынадай тұжырым жасайды, көшпелі мал шаруашылығы мен егін шаруашылығы түп-тамыры жағынан шаруашылық-мәдени типі және өндірістің мамандандырылған формасы ретінде бір-біріне ұқсамайды, дегенмен олардың әлеуметтік-экономикалық құрылымы жағына көптеген ұқсастықтар бар екенін көрсетіп, оларды жалпыға ортақ әлеуметтік-экономикалық дамудың кезеңіне жатқызады.


Америкалық зерттеуші Дж.М.Смит (Калифорния университеті, Беркли) Шыңғыс хан заманынан бастап ХІХ ғасырдағы қазақтарға дейінгі көшпенділердің салық салу жүйесін зерттейді. Смит осы тақырып молынан қамтылған ортағасырлық дереккөздер мен В.Радлов, В.Минорский, Н.Поппе сияқты ғалымдардың еңбегіне арқа сүйейді. Ғалым көшпелі тірлік номадтардың мал-мүлікке деген қатынасына айрықша із қалдырды деген қорытындыға келеді. Ол «нақты бір затқа» да (жаңбырға, шөпке) салық төлеумен түсіндіріледі. Автор бұл салықтарды «кездейсоқ» деп қарастырады, яғни ол анданда алынатын болған. Көшпенділерде үнемі төлейтін және жүйелі төлейтін салықтар болған. Смит оған мысал ретінде молданың пайдасына берілетін салықты атайды, мәселен қазақ өзінің мал-

мүлкінің жағдайына қарамастан, молдаға әр жыл сайын он қойының біреуін беріп тұрған. Әдетте көшпенділер салық жинауға қарсылық танытқан. Көшпенділер үшін идеалды өмір экономикалық дербестік, жүріп-тұруға кедергі келтіретін түрлі ұйымдардың болмауы болса, салық жүйесі олардың осы идеалды өмірлеріне кедергі келтірді; оның үстіне ол номадизмнің өзіне сай келген жоқ, оған қарама-қайшы болды (**Smith, 1970, 61-ші бет**).

Д.Синор өзінің бір жұмысында номадизм мәселесіне аттар мен жайылымдар және оның тарихтағы ролі тұрғысынан келеді. Синор көшпенділер мен олардың аттарын үйретуі және экономикасы мен саясаты арасындағы өзара байланысты анықтап, ұлы атты әскерді құру мен көшпелі империялардың шарықтауы мен құлдырауын түсіндіруге тырысты. Синордың пікірінше, ортаазиялық аттардың шыдамдылығы, күй талғамайтындығы, қатал климатқа бейімделетіні оны скифтердің заманынан бастап, екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі басқа тұқымды жылқылардан ерекшеледі. Дегенмен осындай тұқымды жылқыны өсіру Орталық Азия үшін оның тарихының барлық кезеңінде жалпыға ортақ сипатта болды, дегенмен тек кейбір малшы халықтар ғана ауыспалы емес мәнге ие мемлекет құру мүмкіндігіне ие болды.

Синордың басты тезисі: тауарды бейбіт түрде алмасу мен көшпенділердің шапқыншылығы тек олар мінген аттардың саны мен сапасына қатысты болды. Өз кезегінде мұндай факторлар жайылымның бар болуына, оның сапасына да байланысты болды. Осы логиканы пайдалана отырып, Синор Бату хан әскерінің 1241 жылы Венгриядан не үшін аяқ асты кетіп қалғанын түсіндіргісі келеді. Себебі, Дунай өзенінің (Альфёльд) ортасындағы су мен жайылым жаулап алушылардың аттарына жеткілікті жем-шөп ретінде қарастырылмады. Егер Синордың логикасына сүйенсек, бұл Еуропаға шабуыл жасаған моңғолдардың кері қайтуына бірден-бір себеп болған жағдай (**Sinor, 1972**).

Номадизм мен ерте түркі тарихын зерттеуші көрнекі ғалымдардың бірі — Петер Голден. Ол ғылыми әлемде 1980 жылы жарияланған хазарлардың шығу тарихы туралы тарихи-филологиялық эссесімен танымал. 1982 жылы оның «Империялық идеология және Батыс Еуразиядағы Шыңғыс ханға дейінгі номадтардың саяси бірлік негіздері» атты концептуалды сипатқа ие қызықты еңбегі жарық көрді (**Golden, 1982**). Онда автор көшпелі мемлекеттердің негізгі типологиялық сипатын және номадизмді мәдени және саяси модель ретінде



көрсеткісі келеді. Голденнің ең ірі жұмыстарының бірі — «Түркі халықтарының тарихына кіріспе: этногенез бен Орта ғасырда және Жаңа уақыттың басында Еуразия мен Орталық Шығыста мемлекеттердің пайда болуы» (**Golden, 1992**). Онда Голден Орталық Еуразиядағы көшпенділердің этникалық қоғамды қалыптастырудағы және әрбір халықтың номадизмнің өз моделін жасап шығарудағы осы өңірдің климаттық және географиялық жағдайына сай тікелей тәуелділігін анықтайды. Голден үшін этногенез мемлекет құрудан бөлек қарастыратын дүние емес.

Х.Эцеди «тайпа» және «тайпалық қоғам» деген терминдерді кеңірек қолдану туралы ұсыныс жасайды. «Тайпа» зерттеліп отырған қоғамның адекватты сипаттамасы, ал «тайпалық қоғам» деген тарихи кезеңді білдіреді. Кейде белгілі бір қоғамдық сферада тұтас бір қоғамды сипаттағанда, басқа да әлеуметтік құрылымдардың – саяси, діни және т.б. бар екенін ескере отырып, «тайпа» терминінің өзін пайдалану дұрыс. Көшпенділердің жағдайын алып қарағанда, олардың экономикасының басым болатын факторы көшпелі шаруашылық, осының негізінде тайпа жатыр. Эцеди көшпелі қоғамға талдау жүргізе отырып, «тайпалық қоғам» деген термин мемлекет құрғанға дейінгі кезеңді сипаттауға арналған деп түсіндіреді, солай бола тұра оның барлық уақыт кезеңінде экономикалық, саяси және т.б. ұйымдасқан қоғамнан тұруы, өткен тарихына сай тайпа ретінде немесе жаңа замандағыдай жалғыз ескірген формада болуы міндетті емес (**Escedy, 1972, 262-ші бет**).

Басқа жұмысында Х.Эцеди Түркі қағанатының тайпалық құрылымын оның түркілер мен оларға бағынышты халқы тұрғысынан қарастырады. Түркілердің жетекші тайпалары үшін көшпелі империяның негізі көшпелі қоғамның тайпалық формада ұйымдастырылуы территориялық экспансия, жаулап алу, қорғану мен жаңа жерлерді пайдалану үшін

аса маңызды роль атқарды. Осының арқасында жекелеген тайпалар мен одақтар жедел ұйымдасатын әскери күш ретінде жауға қарсы шықты. Эцедидің пікірі бойынша, «түркі тайпаларының одағы көшпелі қоғамның идеалды және жоғары формасындағы әлеуметтік-экономикалық құрылым» (**Escedy, 1977, 1-ші бет**). Олардың қоғамына тән тайпалық құрылымды түріктер қағанат құрамына кіретін халықты ұйымдастырудың әлеуметтік үлгісі ретінде қарастырған. Эцеди көшпенділердің барлық әлеуметтік ұйымын көшпелі империяның оның жоғары формасы ретінде ықпал ету контексінде қарастыруды ұсынады.

Неміс (ГДР) шығыстанушысы Б.Брентьестің пікірінше, номадизм феноменін ашу үшін мәдениеттану тұрғысынан алып қарағанда Орталық Азиядағы көшпелі халықтардың ежелгі өнерін қарастыру керек деп санайды. Номадтардың дамуынан мәдениеттанушылық заңдылықтарды анықтау үшін Брентьес Орта Азиядан Кореяға дейінгі б.з.д. II – б.з. XV ғасырына дейінгі аралықта өмір сүрген халықтардың бейнелеу өнерін зерттейді. Ғалымның пікірінше, ол өзінің даму тарихы барысында үш кезеңді басынан өткерген. Біріншісі үшін жартастарға сурет салу тән, ол біздің заманымызға дейінгі II ғасырға дейін болған, екінші кезеңде (б.з. IV ғасырына дейін) сақ-сібір «аң стилі» кең қолданысқа ие болды. Алайда үшінші кезеңді анықтау - Брентьестің пікірінше, аса күрделі мәселе. Осы кезеңдегі өнерді қытайдың провинциалды өнері немесе мазмұны қытайлық «варварлық» өнер деп санау керек (**Brentjes, 1974**).

Америкалық ғалым Т.Барфилдтің концепциясын ерекше атап өтуге болады, оның «Мазасыз шекаралар: көшпелі империя және Қытай» деп аталатын кітабында автор хунның Қытайға қатысты сыртқы саяси доктринасының негізгі компоненттерін, сонымен бірге Еуразия даласындағы басқа да империялардың элементтерін жан-жақты қарастырады. Барфилд көзқарасы бойынша, осы стратегия өзіне үш басты компонентті қосады: 1) айқын жеңіске жетіп тұрғанына қарамастан, қытайдың егін шаруашылығымен айналысатын территориясынан мақсатты түрде бас тарту; 2) қытай үкіметін қорқыту үшін тонау мақсатында жасалған шапқыншылық; 3) қытайдан сыйлық пен сауда артықшылықтарын иелену мақсатында соғыс пен бейбітшілікті алма кезек ауыстыру (**Barfield, 1992, 47-ші бет**).

Нәтижесінде осы автордың пікірімен келіскен ресейлік ғалым Н.Крадин, өз тарихында көшпенділер отырықшы өркениетке қарсы біртіндеп жүзеге асырған бес шекаралық стратегияны атап

өтеді: «1) тұрақты шабуыл мен тонау стратегиясы; 2) отырықшы-қала өркениетімен арада сауда жасау негізінде номадтардың егін шаруашылығымен айналысатындармен бейбіт байланыс орнатуы; 3) егін шаруашылығымен айналысатын қоғамды бағындыру және одан алым-салық алу; 4) отырықшы-қала мемлекетін жаулап алу және номадтардың оның территориясына қоныс аударуы; 5) шабуылдар мен алым-салық және сыйлық алу саясатын алма-кезек пайдалану». Автор дала империясының ксенократиялық табиғаты көшпенділер өмірінің әскери сипатқа ие екенін көрсетеді, белгілі бір жағдайда оны номадтардың шекаралық саясаты деп те қарастыруға болады. Ерекше назар бопсалау стратегиясына аударылады, автор оны алым-салық институтымен байланыстырмайды.

Номадизмді зерттеу саласына Висконсин университетінің профессоры Анатолий Хазановтың «Көшпенділер және сыртқы әлем» атты кітабы көп үлес қосты.<sup>154</sup> Осы жұмыс номадизм бойынша ерекше және озық зерттеу болып саналатыны даусыз. Хазанов ғылым тарихында бірінші болып барлық мәселелерді кешенді түрде зерттеген ғалым, олардың ішінде тарихи, социо-антропологиялық, әлеуметтанушылық, этнографиялық, экономикалық, географиялық, экологиялық және жартылай лингвистикалық сипатқа ие мәселелер бар.

Хазанов, көшпенділікті жан-жақты зерттеуге кірісе отырып, алдына мамандану деген тәуелділікке алып келеді дегенді дәлелдеу туралы мақсат қойды. Ол бұл тезисін былайша түсіндіреді: көшіп-қонған малшылар мейлінше маманданған болған сайын, олар сыртқы әлемге тәуелді болады. Хазанов орталық түрткі ретінде таңдап алған тезис номадизм өндіруші экономиканың ерекше түрі.

Бұл оған көшпелі малшыларды қаңғыған аңшылар мен қайыршылардан бөлек қарастыруға мүмкіндік береді, ол көшпелі малшыларды нағыз номад деп санайды. Кітаптың бірінші бөлімінің басты жетістігі – Хазанов ұсынған мал шаруашылығы формасының классификациясы, автор оны географиялық және экологиялық шарттар негізінде береді. Бұл әр аймаққа өзіндік мал шаруашылығы формасы тән болғанын көрсетеді. Қазақстанға қатыстысын айтатын болсақ, Қазақстан даласы — жер шарындағы көшпелі мал шаруашылығы таза күйінде сақталған аз аймақтардың бірі. Географиялық классифика-

<sup>154</sup> Хазанов А.М. Кочевники и внешний мир. 3-е изд. – Алматы: Дайк-Пресс, 2000. – 604 с. Баспаханаға 1979 жылы Мәскеуде дайындалған бұл кітап алғаш рет ағылшын тілінде 1984 жылы АҚШ-та жарық көрді, кейін 1994 жылы алғаш рет түпнұсқада 2000 жылы қазақстандық баспаның арқасында қайта басылды. Ол үшін оны ағылшын тілінен орысшаға бастан аяқ аударып шығуға тура келді.

циясы жағынан қазақстандық дала еуразиялық дала типіне жатады.

Автор өзінің кітабында ғасырлар бойы тарихшылар мен этнографтардың бірнеше ұрпағы басын қатырған басты сұрақтың бірі номадизмнің шығу тарихына қатысты да өз жауабын беруге ұмтылады.

Хазанов номадизмнің қарама-қайшы сипаты оның барлық аспектісін қамтитынын, оның арасында генезистің де бар екенін айтады. Ғалым номадизмге өтетін негізгі үш шартты белгілеп көрсетеді: шаруашылық-технологиялық алғышарт (белгілі бір жануарларды қолға үйрету, дөңгелекті ойлап шығару, ерекше тұрғын үй салу және т.б.); нақты ынталандыратын стимул немесе триггер; жайлы әлеуметтік-саяси фон. Қолданысқа енгізетін механизм ретінде (триггер) көп жағдайда климаттық өзгерістер ықпал етті. Еуразия мен Африка тарихындағы көшпенділердің айтулы ролін мойындаған автор осы жерде де номадтарды жаулап алу тек қана отырықшы мемлекеттерді әлсірету мен дезинтеграция жасаудың арқасында мүмкін екенін айтады. Русь тарихындағы дала дәстүрінің роліне назар аударып, Хазанов орыстың автократтық моделі Ордадан (еуразиялықтардың басты тезисі) алынбаған деп санайды. Хазановтың пікірінше, бұл жерде ең бастысы византиялық дәстүр мен әзірге толыққанды зерттелмеген жергілікті ішкі ресейлік факторлардың ықпалы болды. КСРО ыдырағаннан кейін көшпенділердің тарихы тағы да объективті емес және ұлтшылдықпен идеологияландырылған тәсілдің құрбаны болды деп жазады Хазанов. Бұл тек қана Ресей емес, Моңғолия мен Қытай және Орталық Азиядағы жас тәуелсіз мемлекеттерге тән.

Хазанов өзінің тарихи дамудың «ерекше концепциясына» адал болып қала береді. Осыны айта келіп, ол өзінің зерттеуін мынадай сөздермен аяқтайды: «... көшпенділер ешқашан аймақтық дамудың ұзақ мерзімді тенденциясын анықтаған жалғыз немесе көптеген факторлардың ішіндегі ең маңыздысы болған емес».<sup>155</sup>

К.Кун өзінің «Орта Шығыстың тарихы» атты кітабында көшпенділердің ірі құрылымдарына (тайпа мен конфедерация) қажет болған жағдайда пайдалану үшін мемлекетті ұйымдастырудың қаңқалық үлгісін ұсынады. Моңғолияда номадизм және көшпелі феодализм мәселесіне көп назар аударылған, оның себебі айтпаса да түсінікті. Моңғол ғалымдары көшпелі феодализмнің кеңестік

<sup>155</sup> Номадизм мен көшпенділер тарих, этнография мен лингвистика пәндері тарапынан зерттелді. А.Хазанов осында аталған ешбір ғылымның өкілі емес. Оның этнографиялық тәжірибесі бұрынғы КСРО-ның көшпелі тірлік аз да болса сақталған кейбір аудандарымен және Моңғолиямен шектеледі.

концепциясын (сталиндік) оның таптық күрес және эксплуатациясымен бірге толығымен және догмалық күйде өздеріне бейімдеп алған. Қазақтың шығу тарихымен айналысатын моңғол тарихшылары, этникалық қазақтар (негізінен МХР-да қазақтар тығыз қоныстанған Баян Өлгей аймағының мысалында) 1968 жылы осы сюжет бойынша кітап жариялады.

Орталықазиялық көшпенділер Орта Шығыстағы номадизмнің таралуында шешуші рольге ие болды (Шағын Азияда, Иранда және Ауғанстанда). Француз жазушысы де Планоль осы үрдісті Анатолия мен Персияның «ортағасырдық бедуинденуі» деп атайды. Хазанов та онымен келіседі, осы аймақтарды сипаттау үшін ұсынылған термин «ортағасырлық номадизация» деп аталады (198-ші бет). Жалпы алғанда, еуразиялық даланың көшпенділері ислам экспансиясы кезінде осы аймақтарды басып алғанда Арабиядағы бедуиндерге қарағанда Иран мен Ауғанстандағы номадизмге ерекше ықпал етті. Орталық Еуразияның түркілері сонымен қатар Солтүстік Еуразиядағы жартылай көшпелі халықтарды ығыстыру және оларда номадизмді қалыптастыру процесіне ықпал етті (**Хазанов, 209-шы бет**). Тибет номадизмі де жергілікті мал шаруашылығы экономикасы мен далалық еуразиялық үлгі ықпалымен қалыптасты дегенге Хазанов та келіседі (212-ші бет) және Латтимор (1967, 211-121 беттер). Осы процесс VIII ғасырдың басы мен IX ғасырда қырғыздардың Тибет, Кашмир және Хотан аудандарына жақын орналасқан көшпелі шаруашылығының қалыптасуында да көрініс тапты.

Латтимор (1967, 227-364-ші беттер) мынадай концепция ұсынады, оған сәйкес, Ішкі Азияның көшпелі малшыларының ата-бабалары алдымен Қытаймен шекаралас аймақтарда аралас экономикаға ие болды, бірақ кейін далаға ығыстырылып, номадизмге көшті, себебі қытайлар егін салатын алқаптарының территориясын кеңейтті. Өйткені, көшпенділердің Қытай княздығына шабуыл жасауы, б.з.д. V-III ғасырда Қытайдағы саяси бытыраңқылықты жою процесін ынталандырды, IV-III ғасырларда Ұлы Қытай қорғанының салынуы сол кездің өзінде Қытай қуатты және бірлігі мықты көшпелі тайпалардың конфедерациясына ие болған болуы мүмкін екенін аңғартады.

Роберт Шимон – венгер шығыстанушысы; көшпенділік мәселесімен айналысқан ғалым көшпелі және отырықшы халықтың симбиозы проблемасына тоқталады. Оның пікірінше, Орта Шығыстағы ерекше табиғи жағдай осы аймақтағы көшпелі және отырықшы халықтың

«ерекше симбиозына» алып келді. Осы көріністі талдау үшін автор көшпенділіктің өзара тарихи байланысы бар үш формасына тоқталады: мал бағу (қой мен ешкі), көшпелі түйе бағу шаруашылығы және көшпелі мал шаруашылығы (аттар, ірі қара мал).

Көшпелі тайпа мен отырықшы халық арасын байланыстыратын көпір ежелгі қалалар болды. Көшпенділердің ақсүйектері сол қалаларға орналасып, өз тайпасының немесе тайпа конфедерациясының мүддесін көздеді. Осылайша, тайпа көсемдерінің мемлекетке де, тайпаға да қызмет ететін «диморфтық» институты пайда болды. Көшпенділік тарихындағы ең маңызды елеулі кезең бір өркешті түйені, яғни нарды қолға үйрету болды, осының арқасында бедуиндер тәжірибеге енгізген номадизмнің формасы пайда болды. Көшпенділіктің дамуының осы сатысындағы ежелгі номадтар мен егін шаруашылығымен айналысатындардың симбиозына негізделген экономикалық және әлеуметтік әріптестік шаруашылықтың ерекшелігімен, көшпенділердің отырықшы халыққа тәуелді болуымен және аталған тараптар арасындағы әскери қақтығыстармен аяқталды. Номадизмнің үшінші формасы – Орталық және Орта Азиядағы көшпелі мал шаруашылығы. Ол да Орта Шығыстағы мал бағудан айтарлықтай ерекшеленеді. Орталық Азиядағы меридианалды көшіп-қонудың маусымдық ырғағы егін шаруашылығымен айналысуға және қала салуға мүлдем мүмкіндік берген жоқ немесе оның екінші дәрежелі сипатына ие болды, ал Арабиядағы бедуиндердің көшіп-қонуының маусымдық ырғағы сәйкес келмеді немесе тиісінше, отырықшы халықтың шаруашылық ырғағымен қақтығысқа түсті, сондықтан да ол өзінің экономикалық және саяси маңызы жағынан көшпенділердікінен бір мысқал да кем болған жоқ. Осыдан кейін автор моңғолдардың жаулау тәсілі Орта Шығысқа мүлдем келмейтін табиғаты жағынан «таза көшпенділерге тән», таза орталық-азиялық құбылыс, ал ислам – орташығыстық құбылыс деген қорытынды жасайды.

Исламның шығу тарихына талдау жасай отырып, екі негізгі элементке назар аудару керек – қалалар мен оларды қоршаған олардың көшпелі тайпалары. Арабтар жаулап алғаннан кейін егін шаруашылығымен айналысатындар маңызды болғанмен, бағынышты рольге ие болды. Осы жерден мынадай қорытынды жасауға болады ислам дін емес, көзқарас, өмір салты немесе шаруаларды әлеуметтік-ықпалдастырушы принцип, нақтырақ айтқанда көшпенділермен байланыс орнататын



қалаларды сауда және саяси билік орталығы ретінде мақсатты түрде дамытатын өнім болды.<sup>156</sup>

Ильдико Эцеди өзінің «Тарихтағы және тарихи зерттеулердегі көшпенділер» деп аталатын тағы бір жұмысында көшпенділік мәселесіне тағы да тоқталады. Оның пікірінше, көшпелі мал шаруашылығы біздің заманымызға дейінгі екінші мыңжылдықта өзінің толық даму шегіне жетті, себебі оның кең таралуы үшін кедергі болатын мемлекеттік шекара немесе бекініс линиялары сияқты шектеулер болған жоқ. Көшпенділердің тағдыры олардың өздеріне берілген тарихи саланың шегінен үнемі шығып кету мүмкіндігі арқылы анықталды. Географиялық тұрғыдан алып қарағанда ол территориялық экспансия, жаңа жерлерді игеру, экономикалық тұрғыдан алып қарағанда шаруашылықтың жаңа әдістерін меңгеру (олардың алғашқы өмір сүру салтына қауіп төндірмейтін), саяси тұрғыдан басқа қоғамға өз үстемдігін көрсету, ол кейде шаруашылықтың басқа түрінен бастап, көршілес қоныстанған егін шаруашылығымен ежелден айналысатын елдерді көшпелі империяға айналдыруға дейін болды.

Еуразияның ұлан-ғайыр даласындағы көшпенділіктің барынша дамыған кезінде оның географиялық және экологиялық жағдайы да оның гүлденуіне қосымша жағымды ықпал етті. Табиғи жағдайдың түрлі сипатқа ие болуы көшпенділіктің де түрлі формасын қалыптастырды, сондықтан да осы жағдай оны зерттеудің әртараптандырылған әдісін талап етеді. Табиғи факторларға тікелей тәуелді болғандықтан, малшы-көшпенділер белгілі бір жағдайда көршілес қоныстанған егін шаруашылығымен айналысатын халықтардың ықпалына түсті; олардың тарихи оқиғалардағы ролі мен болашағы олардың экономикалық және әлеуметтік дамуының деңгейімен тікелей байланысты болды.

Көшпелі өктемді династияның өкілдері, жаулап алушы көшпенділердің ұрпақтары, дамыған және бай егін шаруашылығы өркениетімен байланысы барлар көбінесе өздерінің көршілес немесе бағынышты бейбіт немесе кедей көшпелі тайпалармен туыстығын мойындауға бейіл емес. Эцеди көшпелі династияның негізін қалаушы ұлт туралы тарихи деректердің аз болуы осы себепке байланысты болуы мүмкін деген тұжырым жасайды. Эцеди көшпелі қоғамның құлдырауы мен шарықтау шегі болған кезеңдер аралығын салыстырып, сонымен қатар аймаққа қатысты (Еуразия, Жерорта теңізі, Африка), зерттеудің әртараптандырған тәсілін қажет ететінін айтады»). Эцеди зерттеу

<sup>156</sup> Shimon R. Symbiosis of Nomads and Sedentaries. On the Character of the Middle Eastern Civilization. — Acta Orient. Hung. — Budapest, 1981, T.35, Fasc. 2-3, — pp.229-242.

барысында кездескен қиындықтарды да атап өтеді, ол — көшпелі қоғамдағы тайпалардың нақты саны, олар мекендеген жердің көлемі, мекендеген территориясының орналасқан жеріне қатысты.<sup>157</sup>

Көшпенділікке қатысты жазылған соңғы еңбектердің бірі ресейлік ғалым Н.Крадиннің «Еуразия көшпенділері».<sup>158</sup> Көшпенділер мен отырықшылардың билігін салыстырған Н.Крадин номадтардың экономикалық негізі отырықшылармен салыстырғанда өте әлсіз екенін атап өтеді. Сондықтан да ол көшпелі өмір салтына барынша бейімделген көшпелі бірлестіктердің типологиясын ұсынады: 1) акефальды (басшысы жоқ) сегментарлық кландық және тайпалық полития; 2) «екінші сипаттағы» тайпа мен қарапайым және күрделі қоғамның симбиозы; 3) көшпелі империялар мен «квазиимперия» шағын көлемдегі ауылдық полития. Сонымен қатар ол номадтардың интеграция және дезинтеграция процестерінің алмасуын да атап өтті. Ол көшпелі қоғамның төменгі жергіліктігімен ғана түсіндірілмейді, экологиялық жағдаймен анықталған даладағы құрғақшылық, ұйымдасқан ірі көшпелі қоғамның тұрақсыздығы, олар көбінесе басқарушы жүйенің күрделі жолымен жүрген жоқ, керісінше оны құлдырату және номадтардың жаңа бірлестігінің ауысуы жолымен жүрді.

Н.Н.Крадиннің жобалауынша, көшпенділерде «қарапайым және күрделі қоғамның симбиозы мен мемлекет арасындағы аралық формасының саны аз емес». Оның пікірінше, осындай «аралық» форманың бірі — көшпелі империялар.

Зерттеуші көшпелі империялардың мынадай көріністерін атап өтеді: 1) әлеуметтік ұйымдастырудың тайпалық және тайпалықтан жоғары генеалогиялық байланыстарындағы көп сатылы иерархиялық болмыс; 2) империялық әкімшілік бөлінісінің екі түрлі принципі, дуальдық, яғни екі жақты (қанат) немесе үш жақты (қанат және орталық); 3) қоғамдық ұйымдастырудың «метрополия», көбінесе «ондық» принцип бойынша әскери-иерархиялық сипаттама; 4) пошталық қызмет; 5) биліктің атадан балаға мұра болып қалатын жүйесі (империя – хан тегінің игілігі, қосымша үкімет институты, құрылтай); 6) егін шаруашылығы әлемімен орнатылған ерекше қарым-қатынас (118 – 119-шы беттер).

Алынған нәтиже Н.Н.Крадиннің көшпелі қоғамның типологиясы мәселесіне қайта оралуын талап етті. Ғалымның пікірінше, мәдени

<sup>157</sup> Ecsedy I. Nomads in History and Historical Research. — Acta Orient. Hung. — Budapest, 1981, T.35, Fasc.2-3, — pp. 201-227.

<sup>158</sup> Крадин Н.Н. Кочевники Евразии. — Алматы: Дайк-Пресс, 2007. — 416 с.

қиындықтың бірнеше деңгейі туралы айтуға болады: 1) малшылардың сегментарлы басшысы жоқ қоғамы; 2) екінші тайпалық құрылым; 3) қарапайым және күрделі қоғамның симбиозы және көшпелі империя; 4) «алым-салық төлейтін» және «жаулап алатын» типтегі отырықшы-қалалық экономиканың түрлі секторлары бар көшпелі империялар. Осы қорытындыларды мәдениеті қайшы салыстырмалы зерттеудің басты нәтижесі ретінде қарастыруға болады.

Осы ірі мәселе бойынша тарих ғылымындағы жаңа басылымдар қатарына Ю. Дробышевтің «Орталық Азияның көшпелі қоғамындағы адам мен табиғат (б.з.д. III ғасыр – б.з. XVI ғасыр)» атты кітабын жатқызуға болады. Онда Орталық Азияның көшпелі қоғамындағы халықтың қоршаған ортамен өзара байланысының тарихы жазылады, олар: хунну, сяньби, жуаньжуан, ежелгі түркілер, ұйғырлар, қырғыздар, қидандар, моңғолдар.

Бұл зерттеу әлемдік ғылымда өте аз зерттелген тақырыпқа арналған, ол — көшпелі халықтардың материалдық және рухани мәдениетінің күрделі табиғи-климаттық жағдайларға бейімделу мәселелері. Автор мәселені екі методологиялық платформа тұрғысынан қарастырады, олар — гуманитарлық және жаратылыстану ғылымдары, осы жағдай зерттеліп отырған мәселені кең қамтуға және жаңа шешімдер табуға ықпал етеді. Дробышев ауқымды деректі материалда көшпелі мал шаруашылығының спецификасын номадтардың өмір сүруін қамтамасыз ететін негіз ретінде көрсетеді, онда көшпенділердің аңшылық, жерді өңдеу мен қала құрылысына атсалысуы да қамтылады. Сонымен қатар кітапта табиғатты пайдалану мен адамдардың табиғатқа қатынасындағы діни фактордың ролі талқыланады, көшпелі мемлекеттің идеологиялық аспектілеріне көп көңіл бөлінеді.<sup>159</sup>

Еуразияның ұлан-ғайыр даласындағы ежелгі және ортағасырлық номадтардың мәдениетінің ерекшелігі мен тарихи оқиғаларын танудағы маңызды бағыт – көшпелі қоғам өміріндегі әскери саланы мақсатты түрде зерттеу. С.А.Нефедовтың (Екатеринбург) пікірінше, әрбір жаулап алудың сәтті болуы жаңа үлгідегі қарудың жасалып шығуына байланысты. Ол осындай жаңалықтардың қатарына моңғолдардың садақтарын жатқызады, оның пайымынша моңғолдың садақтары тартылыс жағынан венгерлердікінен екі есе мықты және түркілердің қаруына қарағанда ұзақ қашықтыққа жететін болған.

<sup>159</sup> См.: Худяков Ю.С. Роль номадов евразийских степей в развитии мирового военного искусства // Восток. Афро-азиатские общества: история и современность (ИВ РАН). 2011. № 2. — С. 163-166.

Орта Азиядағы ежелгі халықтардың әскери ісі тарихы бойынша маман П.Никонов (Санкт-Петербург) ортаазиялық көшпенділердің әскери ісінің дамуын антикалық өркениет елдері бойынша парфян дәуіріндегі Иранның мысалында талдайды. Ғалымның бағалауы бойынша, парфян әскерінің қарқынды қуаты сауытты кавалериясында болған.

Л.А.Бобров пен Ю.С.Худяков (Новосибирск), қазақтардың XVII-XVIII ғасырдағы әскери өнерінің ерекшелігін зерттеп, мынадай болжам жасайды: қазақ жауынгерлерінде ұзын сабы бар балтаның болуы – айбалта – жоңғар мен ортаазиялық жауынгерлердің металдан жасалған қалқандарын жару мақсатында қолданылған болуы мүмкін. Т.Т.Далаеваның пікірінше, (Алматы), қазақтардың хандық билігінің негізгі қызметі сыртқы жаудан қорғану үшін қарулы күштерді ұйымдастыру болған.<sup>160</sup>

Батыстық этнографияда көшпелі қоғам туралы мынадай стереотип қалыптасқан, оған консерватизм тән, экономикалық және мәдени автономия ретінде жабық, коллективизм мен эгалитаризм, шаруашылықтың табиғи формасы. Мамандардың пікірінше, бұл стереотип шындыққа сай келмейді.<sup>161</sup>

Осылайша, номадизмді зерттеушілердің басым бөлігі мынадай қорытындыға келеді: номадизм белгілі бір табиғи ортаға бейімделу мен маманданудың нәтижесі, бірақ оның инновация үшін мүмкіндігі шектеулі. Солай бола тұра бірқатар авторлар көшпелі мал шаруашылығының қандай да бір өзгерістерге бейімделуінің баяу болуы шартты дүние екенін айтады.

Көшпелі мал шаруашылығындағы әлдеқашан қалыптасқан типтердің әрі қарай мамандану бағытында өзгеруін ол инволюция деп атауға ұсыныс жасайды. Көшпенділік үлгісінің белсенді түрде бейімделуі 3 негізгі шартқа байланысты: шаруашылыққа қатысты технологиялық алғышарттар, номадизмге көшуге арналған нақты ынталандыру немесе жағымды әлеуметтік-саяси орта. Оған көп жағдайда климаттық өзгерістер қозғаушы күштің ролін атқарды.

## § 2. Географиялық фактор және табиғи орта

К.Пужоль өзінің Қазақстан туралы кітабында: «Еуразия даласында

<sup>160</sup> См.: Худяков Ю.С. Роль номадов евразийских степей в развитии мирового военного искусства // Восток. Афро-азиатские общества: история и современность (ИВ РАН). 2011. № 2. — С. 163-166.

<sup>161</sup> Change and development in nomadic and pastoral societies. Ed. by J.Galaty and Ph.Salzman. — Leiden, 1981. — 173 p.

көшпелі мал шаруашылығының пайда болуы — адамзаттың табиғаты аса қатал территориялардағы экологияға бейімделу мүмкіндіктерінің тамаша үлгісі. Осылайша, ұзақ жылдар бойы қалыптасқан іргелі отырықшы көршілерімен қарама-қайшы эпизодтарды және империяға енгізу эпизодын алмастыра отырып, эпицентрі сыртта орналасқан дала кеңістігін көрсетеді» (**Poujol, 2000, 15-ші бет**).

XIX ғасырдың ортасында өмір сүрген қазақтардың географиялық жағдайының қандай болғаны осы өңірге жер аударылған поляк Б.Залесскийдің кітап-альбомында анық және нақты деректер арқылы көрініс тапқан (қараңыз: I бөлім. IV тарау. § 2) «Қазақ даласының өмірі» (**Zaleski, 1865**). Залесский: «Қазақ даласы Орталық Азияның жоғарғы үстіртін алып жатыр. Оралдың шеткі жағынан бастап, шығысқа қарай созылып жатыр, Арал теңізін және Каспий теңізінің солтүстік жағалауын қамти отырып, түркімендердің жерлерімен шекараласады, ол жерде Бұқара, Хиуа, Қоқан хандығы, ал солтүстігінде Ресейдің азиялық бөлігімен шектеседі. Орынбор генерал-губернаторлығына қарайтын осы даланың бір бөлігінің көлеміне Франция, Испания мен Португалия тұтас сыйып кетеді... Екі әлемнің арасында қала отырып, бұл дала ежелгі дәуірден жабайы көшпенділердің ордасы болды, олар Азиядан Еуропаға қарай ағылды... Даланың түрлі бөлігінің жалпыға ортақ сипаты болғанмен, әрқайсының өзіндік ерекшелігі бар. Оралдан Каспий теңізіне дейін созылып жатқан дала өте жазық, монотонды бірақ жайылымы ең бай болып саналады. Арал теңізі мен Каспий теңізінің арасын жалғайтын дала шөл. Азияның ішкі бөлігіне қарай Сырдарияның бойымен тартылған жазық осынау әдемі де ұлы өзеннің жағалауымен жандана түскен. Каспий теңізінің шығыс жағалауында орналасқан Маңғышылық фантастикалық бедерге ие әдемі ақ бор аласа таулар...

Бұл даланың ортақ сипат беретін басты ерекшелігі алыстан қарағанда күнмен шағылысып жылтырайтын тұз сіңген шол даладағы сор мен құм... Шөл даланың нағыз патшасы – түйе, қазақтардың басты көмекшісі әрі олардың қамқорлығына бөленген жануар. Қапырық және тымық түнде боздайтын түйенің дауысы шіркеудегі органның дыбысымен ұқсас. Оның қуаты даладағы шексіздікпен әдемі үйлесім табады және жаныңды толқытып, шығармашылық ойға жетелейді...

Қазақтар Орталық Азиядағы бірнеше тайпалардың араласуынан пайда болған және татар тілінде сөйлеседі. Нағыз моңғол емес, бірақ сырт келбеті жағынан соларға ұқсас және осы ұлтпен тамыры бір.

Әдетте қазақ өте ұқыпты, үйлесімді киінеді және қайратты. Ол имек тұмсықты, тік жақты, жақ сүйегі шығыңқы, көздері аздап қысықтау, кейде таза моңғол типтес, мұрттары қою емес, сақалдары да сирек...

Қазақтар Шыңғыс ханнан дарыған бұрынғы жаугерлігін жоғалтып алған... Алғырлығымен және ақылымен ерекшеленетін қазақтардың кең пейілі мен дархан көңілі олардың өмір салты қалыптастырған мінез-құлық. Барлық моңғолдар сияқты ширақ және қу бола тұра қазақ баладай аңғал, сондай бейқам. Онда отанға деген сезім басқа халықтарға қарағанда әлсіз, себебі ол кім басымдық көрсетсе соған бағына береді. Діни танымы тым әлсіз дамыған. Бұқара мен Хиуамен көрші болуы және орынборлық татарлармен қоныстас орналасу олардың арасында кейбір танымал идеялардың, Құранға қатысты дәстүрдің таралуына ықпал етті. Шығыс дәстүріне бай олардың өмір салты қазақтарды Мұхаммедтің үмбеті қатарына қосты. Шын мәнінде олар ондай емес және олардың қандай культқа жататынын анықтаудың өзі қиындық тудырады. Діни наным-сеніміне келсек, олардың жаратушы туралы пікірлері жалпылама. Шынтуайтқа келгенде, исламда парыз етіп көрсетілген міндеттерді орындап, дәрет алып, намаз оқымайды, мешіттері мен молдалары жоқ, сонымен қатар пайғамбардың мазарына бару, қажылыққа аттану деген оларда жоқ. Қазақтар ешқашан да әлемге діни фанатизммен танылып, нағыз мұсылман болған емес.

Қазіргі кезде қазақтар таза көшпелі мал шаруашылығымен айналысады. Орыс үкіметі оларды егін шаруашылығымен айналысуға мәжбүрлеп, Жайық пен Елек өзендерінің жағалауындағы халықты мәжбүрлеп көрді. Осы аймақта егін алқаптарын жайқалтып қоюға болушы еді, себебі жері құнарлы, бірақ оны өңдеу аса қиын, себебі мал бағуға ғана үйренген жергілікті халықтың өмір салты үшін бұл жат тірлік. Осыншама күш салынғанына қарамастан, аймақта егін шаруашылығы әлі нәтиже берген жоқ. Дала мал ұстауға өте қолайлы, әсіресе жылқы өсіру, қой және басқа да ірі қара малды көбейтуге аса ыңғайлы. Қазақтарды ертеде үш ордаға бөлген: Үлкен, Орта және Кіші. Кейін Бөкей Ордасы аталып кеткен Үлкен Орда немесе Алтын Орда, ол Еділ мен Жайық арасын жайлап көшіп-қонатын ең ауқатты орда болып саналады. Ортаншы орданың халқы оңтүстік Сібір жерін мекендеген. Ал біз жоғарыда сипаттап кеткен жерлер Шағын Ордаға тиесілі. Алғашқы екеуі сияқты ол да тайпалар мен отбасылардан тұрады, Орынбор генерал-губернаторының жетекшілігінде, бұл ұйым

сұлтандар мен шенеуніктерді өзінің қалауынша тағайындайды».<sup>162</sup>

Залесский кітабындағы аса қызығушылық тудыратын тарау қазақтың болмысына қоршаған ортаның, табиғаттың тигізетін әсері. Ол «Киіз үй немесе қазақтың баспанасы», «Қазақ киіз үйіндегі өмір» сияқты бөлімдерде қамтылған. Сонымен қатар жекелеген елдімекендердің табиғатын суреттейтін, географиялық сипаттама берілген тұстары бар, онда: Ырғыз өзені, Жалаңаш көл, Айрақты тауы, Үстірт, Новопетровск айлағы, Маңғышылақ, Әпәзір жазығы, Шерқала, Ақтау және т.б. Залесскийдің пікірінше, географиялық орта қазақтың баспанасына да өз ізін қалдырған. «Көшпелі қазақ барлық малшы-көшпенділер сияқты өздерінің өмір салты үшін ыңғайлы, ыстықта қапырықтан сақтап, суықта ызғардан қорғайтын әрі бір жерден екінші жерге тасымалдауға аса ыңғайлы баспанаға ие. Қазақтың киіз үй осы талаптардың барлығына сай келеді, бір жерден екінші жерге көшер кезде мұндай киіз үйлер жылдам жиналып, жылдам құрылады. Оның ағаштарын түйенің өркешіне артып, киізін орап алып, көшіп-қонып жүре беретін қазақ осылайша баспанаға қатысты көп бас қатырған жоқ... Әдетте ауыл өзен-көлдің маңында орналасты, жайылымы жақын, мұның барлығы артық жол жүрмеу үшін қазақтың тұрмысына ыңғайлы болды. Жаңа қонысқа көшкенде жолсерік әр киіз үйдің орналасу ретін белгілейді. Ең негізгі қажеттілігін өтеп өмір сүретін қазақтар үшін тамаша күндер аспанның ашық, шуақты, жылы болған кездері. Ал қаһарлы қыс келгенде даладағы халық суыққа төзімді болмаса өмір сүре алмайды, сол себепті олар жел үрлесе ық іздеп, боран мен дауылда қорған болатын жықпылдар мен шатқалдарды паналайды».<sup>163</sup>

«Қазақ сәйкестігінің қалыптасуы» атты кітаптың авторы Ш.Акинердің пікірі бойынша, қазақтың көшпелі өмір салты мен қазақ номадизмін бір-бірінен бөлек географиялық шарттарды есепке алмай қарастыруға болмайды. Қазақ номадизмінің базасы – кеңістік, олардың ата-бабалары осы далада маусымдық көші-қон циклін сақтап өмір сүрген. Тарихта заманауи Қазақстан территориясы қазіргіден де ауқымды болған. Ең максималды кеңейген кезінде батыста Еділ мен Каспий теңізінен шығыстағы Тарым және Іле өзендеріне дейін; солтүстікте Сібірдің төменгі жағынан, оңтүстікте Сырдария мен Шу өзендеріне дейін сазылып жатқан ұлан-ғайыр дала болды. Жалпы алғанда осынша

<sup>162</sup> Осында және әрі қарай: Залесский Б. Қазақ сахарасына саяхат./ Жизнь казахских степей. — Алматы/Алма-Ата: Өнер, 1991. — 18-24-ші беттер.

<sup>163</sup> Сонда. 29-33-ші беттер

территория көлемі — 3 млн. шаршы шақырым. Тарихи болашақ тұрғысынан алып қарағанда осы шартты шекара ең алдымен табиғат жағдайы, сонымен қатар қазақтар мен олардың көршілес орналасқан көшпелі халықтары арасындағы күштің қатынасына тәуелді болды (Akiner, 1995, 5-ші бет).

Қазақ номадизмінің қалыптасуына географиялық жағдайдың әсер етуі туралы тек қана тарихшылар емес, экономистер де айтады. Француз зерттеушісі Л.Бланшар 1961 жылы: «Қазақстандағы табиғаттың жағдайы осынша көлемді территорияның негізінен игерусіз қалуына, негізгі бөлімінің дамымауына алып келді. Халық санының өсуі мен экономикалық экспансия жауланған жерлердің азайып, көшпелі шаруашылық үшін аса қолайсыз шөл және шөлейт даланың ғана қалуына ықпал етті» (Blanchard, 1961, 405-406-шы беттер). Даладағы көшпелі қазақ өміріндегі жылқының ролі туралы оларды ХІХ ғасырдың ортасында бақылаған Б.Залесский: «қазақтардың пікірінше, нағыз мықты ат бір дегенде 40 км қашықтықты бағындыруы керек: алғашқы 10 шақырымды адымдап, екіншісін - жорғалап, үшіншісін – шоқырақтап шауып, соңғысын – аспандап желісе, осындай жануар ұлан-ғайыр даланың жолаушысы үшін нағыз қазына болар еді. Далада тек қана аса ауқатты азаматтарда ғана арғымақтар бар, ол хиуа немесе түркімен тұқымы, олар қазақ жылқысы мен парсыныкын будандастырғаннан пайда болған. Олардың тұрқы қазақтардыкыне қарағанда биік, ірі және сүйегі әдемі – аяқтары тік, мойындары ұзын. Олар жүйрік, бірақ ұзақ жүріске келмейді, тез шаршап қалады, оны баптау да оңайға соқпайды әрі қымбатқа түседі... Оның үстіне ол хиуалық хандардың монополиясында, сондықтан да оған қол жеткізу оңай емес»<sup>164</sup>.

Табиғи орта тек қана көшудің тәсілі ғана емес, жекелеген жүздер мен рулар бақыланатын территорияның контурын да белгілеп берді. Акинер төрт негізгі климаттық зонаны белгілейді: Батыс Сібір жазығының жалғасы болып табылатын дала зонасы, ол Торғай мен Семейге дейінгі өзендері көп өлке. Орталық зона Ембіден Зайсан көліне дейінгі шөлейт. Акинер оны ақындардың тілімен «қазақтың қой бағатын даласы» деп суреттейді. Нақты аталған осы аумақтар жұтқа жиі ұшырап, зардап шегеді. Каспий мен Балқаш арасындағы Бетпақдаланың басты мәселесі, онда су жоқ. Елдің оңтүстік-шығысында төртінші таулы зона жатыр. Алтай мен Тянь-Шань тауларының жалғасы.

<sup>164</sup> Сонда. 83-ші бет



Бұл климаты жағынан барынша қолайлы аймақ. Мал жайылымы үшін де аса оңтайлы. Залесский экономикалық ролі жағынан ерекше маңызға ие қазақ қойына кеңірек тоқталады. Оның пікірінше, қазақ қойларының тұқымы ерекше, олар алыс қашықтыққа жүруге төзімді, қыстың қаңарына да төтеп бере алады, өз азығын өзі тауып жейді және басқа қойлардан ерекшелігі құйрықты, май қоры бар. Қазақ қойын еуропалық жағдайға сай, батыста Орал аймағында бейімдеудің соңы сәтсіз аяқталды. Қойлар осы аймақта қоздап көбейгенімен, олар құйрықсыз туылды (**Zaleski, 1865**).

Тарихта осы зоналар қазақтың тайпалық бірлестіктерінің бөлісіне түсті: Кіші жүз негізінен Батыс Қазақстандағы шөл даланы және жартылай Солтүстік Қазақстандағы Оралға дейінгі даланы мекендеді; Орта жүз орталық зонаны алды, оған оңтүстіктегі шөлдің бір бөлігі мен Аралдың шығысы мен солтүстігіне дейінгі жерлер кірді; Ұлы жүз орталық климаттық зонаның шығыс бөлігін қамтыды және барлық шығыстағы таулар мен Қазақстанның оңтүстік-шығысы (**Akiner, 1995, 6-7-ші бет**).

Заманауи Қазақстанның территориясында көшпелі шаруашылық екі мың жыл бұрын әбден бекітілген деп атап өтеді Акинер. Егер номадизмнің қашан пайда болғаны бұлыңғыр, шамамен қола дәуірінің кезінде болса, оның қашан аяқталғаны анық: ол кеңес ұжымдастыру науқаны басталған кезең, яғни 1930 жылдардың басы. Номадизм қазақтар үшін дәстүр болып саналмаса да, іргелі ұлттық танымның элементі болып қала береді. Онымен қазақтың өнері, поэзиясы, дәстүрі мен тілі байланысы жатыр, әрі ол халық пен қоршаған орта арасын жалғастыратын көпірдің де міндетін атқарады. Көшпелі қазақ даласының экономикалық базасы қойлар болды, тағы бір маңызды жануар аттармен қазақтардың жүріп-тұру мақсатында пайдаланған көлік шаруашылығы және жалпы еркін де жауынгер өмір салты тығыз байланысты. Материалдық мәдениет саласындағы базалық элемент – киіз үй, мыңдаған жылдарға ұласқан көшпелі өмірдің барлық тәжірибелік сынақтарынан өткен қазақтың баспанасы. Адамның күші мен аттың қуатының өзара үйлесім табуы қазақтарға мистикалық қанат бітіріп, олар өздерінің эпостарында жырлайтындай, мақал-мәтелдерінде айтылатындай шынымен ердің қанаты, Еуразияның ұлан-ғайыр кеңістігінде ой-өрісін шарықтатып және көңілдің жүйрігіне мініп алып, күллі әлемде еркін шапқылап, жүйіткіуіне мүмкіндік берді.

Көшпелі өмір салты жылдың он екі айында малды тұрақты түрде

бағуды талап етті. Төрт маусым бойы пайдаланатын жайылымының сипатына қарай еңбек еткен көшпенділер бір тынбай тырбанумен өмірлерін өткізді. Алғашқы кезең ерте көктемде басталады да сәуір және мамыр айларына дейін ұласады, осы кезде малдың төлін алып, жүнін қырқып, еркек малдарды қыстыру жұмыстары жүзеге асырылады. Екінші кезең жаз мезгіліне тұспа-тұс келеді, ол кезде қазақтар солтүстік өңірге қарай жайлауға көшіп, тау бөктеріндегі жайылымдар мен өзендердің маңайын жайлайды. Бұл мал үшін өте тамаша кезең болғанмен, жайлауға таласып бәскелесетін рулар арасында тыныш өтетін кез емес. Күздегі көші қон қазан айына дейін ұласады. Тағы да малдың жүні қырқылып, қыстың азығын дайындау мақсатында мал сойылып, келесі жылы төл алудың қамына кірісетін кезең. Күздің соңында қазақтар қыстақтарына қарай бағыт алады, мақсат - қаһарлы мезгілден мал-жанын аман алып шығу, сол үшін қазақтар елдің оңтүстік облыстарындағы желі аз, қары мен суығы шамалы климаты жылы мекендерге қарай бағыт түзейді.

Алайда осы көші-қон бұрын оған қатысы болмағандар үшін ғана аласапыран болып көрінуі мүмкін, көшпелі халық үшін қалыпты құбылыс. Осы циклдың барлығы ғасырлар бойы қалыптасқан жөн-жобамен жүзеге асырылады. Бастысы жүретін бағыт анық, жайылымдар жердің жағдайы мен маңында өзен не көлдің бар-жоғына, климаттың ыңғайына қарай анықталады. Көшпенділер мән беретін басты мәселе жайылымдарды сақтап қалу. Сонымен қатар киіз үйге қажетті материал жасау үшін малдың жүнін уақытылы қырқу, оған қажетті ағаштарды жонып дайындау, жетпейтін дүниесін заттай айырбас жасап тауып алу сияқты шаруашылықтың да жұмыстары жеткілікті болды. Әр ауылдың өз шебері болды, олар түрлі саланы ұршықша иіретін маман ретінде халықтың қажеттілігін қамтамасыз етіп отырды. Сонымен қатар егін шаруашылығымен де айналысатын мамандар көктем және жаз уақыттарында қысқы азықтарын дайындап, аз болса да ауыл шаруашылығы өнімдерін өсірумен айналысты (Akiner, 1995, 12-13-ші бет).

Көші-қон барысында әр аймақтың ерекшелігіне байланысты көшіп-қонатын жердің ара-қашықтығы белгіленді. Акинердің айтуы бойынша, орта есеппен алғанда бір күніде 1 ауыл 10-15 км жер жүріп отырды. Жайлау мен қыстақтың арасын 1 мың немесе одан да көп шақырым болатын. Көшпелі шаруашылық жүзеге асырылған қазақтың жерлерінде үш экономикалық одақ пайда болды. Алғашқы

осындай одақ «вертикаль бойынша» көшу қажет болғандықтан пайда болды, онда Алтайдан Тянь-Шаньға дейінгі және Сарысу мен Сырдария бассейндеріне дейінгі кеңістікке тау рельефтерін пайдалана отырып көшу қажет болды. Осы экономикалық құрылым үшін көшу барысында 200-300 км жеткілікті болды. Аталған экономикалық зонаның көшпенділері Іле және Ферғана жазығындағы отырықшылар мекендейтін орталықтармен тұрақты түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болды. Тарихи жағынан бұл жер Орта жүздің негізі қаланған орталық болды.

Екінші экономикалық одақ Акинердің терминологиясымен айтқанда Арал шөлінен басталып, шөлейт жерлер арқылы Орталық Қазақстандағы сарыарқаға дейін ұласты. Осы территория үшін көшіп-қонған кезде 1000 км және одан көп жерді бағындыру қалыпты жағдай болды. Осы одаққа кіретін қазақтар да отырықшы халықтармен араласып, Сырдарияның бойын жағалай қонған қалалармен байланыс орнатты. Территориясының көлемі жағынан ең ірі болған одақ Орта жүзге тиесілі болатын. Және ең соңғы үшінші одақ Арал мен Каспий теңіздерінің жағалаулары аралығындағы дала мен Жайық пен Еділ, Ырғыз бен Торғай бассейндерін қамтыды. Бұл жердегі қазақтар да егін шаруашылығымен айналысатын халықпен араласты, бірақ ол тек Еділдің ғана маңайында болды. Бұл территориялар Кіші жүздің иелегінде болатын (**Akiner, 1995, 13-14-ші беттер**).

Б.Залесский, XIX ғасырдағы Маңғышылақтағы Апазир даласының және Сырдариядағы аудандардың сипаттамасын бере отырып, сол заманда қазақтар арасында өте жақсы дамыған тәлімдік шаруашылық туралы жазады. Бірақ қазақтар үшін осы шаруашылықты дамытуға судың жеткіліксіз болуы кері әсерін тигізді деп қорытынды жасайды Залесский, оған көшпелі өмір салтына үйреніп қалған халықтың мінез-құлқының қатысы жоқ еді (**Zaleski, 1865**).

М.Олкотт өз кітабында қазақтың көшпелі экономикасына тоқталады. Ол қазақтың номадизмінің типтік ерекшеліктерін сипаттайды, ол маусымдық көші-қонға байланысты. Олкотттың пікірінше, маусымдық көші-қонның аралығы Оңтүстік Қазақстан мен Жетісуда 200-300 шақырым болған. Ал Батыс Қазақстан мен Орталық Қазақстанда ол 1000 км және одан да көп болды, осы аймақтарда жылдық цикл 700 км кем болған жоқ. Дегенмен, нақты көшіп-қонатын уақыт белгісіз болды, 100 не одан да көп ауылдан құралған әр тайпа өздері жақсы білетін бағыт бойынша қозғалды. Олардың бір-бірімен қақтығысып

қалмауы үшін үйлестірушінің қызметін сол заманда далада жақсы дамыған ақпарат таратумен айналысатын ұзын құлақтан біліп отырды деп жазады Олкотт.

Қазақтың малының құрылымында автордың пікірі бойынша, бірінші орында қой мен ешкі болды, соның арқасында қазақтар киім-кешегін бүтіндеп, тамақ дайындады, екінші орында жылқы, онсыз далада көшіп-қону мүмкін емес болатын. Оңтүстік және Орталық Қазақстанның қазақтары аттың орнына көбінесе түйелерді пайдаланды. Ірі қара мал қазақ даласында XVIII ғасырдың басына дейін болған жоқ деп Олкотт біздің пікірімізше қате жазған. Кейін осы мал әсіресе Солтүстік Қазақстанда көбейеді. Әрбір қоғамның ішінде мал басы бір отбасыға шаққанда әртүрлі болды. XVIII ғасырдың алғашқы жартысында кеңестік ғалым Марковтың сипаттауы бойынша (1967), Орта жүздегі әлеуметтік жағдайы орташа бір отбасында 100-ден аса қой, 30-50 жылқы, 2-15 сиыр және бірнеше түйе болды. Бірақ Олкотт бұл статистикамен келіспейді, оның пікірінше бұл жалпыға ортақ емес, өте сирек кездесетін жағдай.

Қазақ экономикасының және даладағы номадизмнің басты әлсіз тұсы жалпы алғанда табиғи жағдайларға деген тәуелділік болатын деп жазады автор. Малдың әртүрлі жем-шөп қажет ететіні, тиісінше қой мен сиырға түрлі жайылымдарды табуды талап етті, осының өзі көшпелі малшылар үшін оңай болған жоқ. Бәрінен де ең қиыны көшпелі мал шаруашылығы үшін шешімін таппаған, тұрақты түрде болатын кесепат боран кезіндегі малдың қырылуы, яғни жұт болатын. Тағы бір мәселе жиі болып тұратын құрғақшылық. Сол себепті де қазақтар көшіп-қонғанда өзен-көлдің маңайын паналауға тырысты. Құрғақшылық болған жылдары малдың көптігі сондай олар су қоймаларының тартылып қалуына себепкер болатын. Осындай мәселелердің көптігіне қарамастан, Олкотт, қазақтар көшпелі мал шаруашылығынан бас тартқан жоқ деп жазады, яғни қазақ болу көшпенді болу дегенді білдірді. Қазақтың тілі де нақты осы көшпелі өмір салтына негізделді. Олкотт қазақтың тілінде ол білетін кәсіп иелерінің барлығының да термині қалыптасқанын атап өтеді (*балықшы, егінші және т.б.*), сонымен қатар малын жоғалтқан адамдарды қазақтар өз атауымен *жатақ* деп атаған, бірақ мал шаруашылығы мен көшпенділікке қатысты сөздер жоқ.

Қазақтарда жер меншігі құқы деген болған жоқ. Қазақтар ортақ жайылымдарда үйір-үйір мал баққанмен, оны пайдалану құқы

оларда болған емес. Қазақтың басқа елдерді жаулап алудағы басты мотиві олардың жайылым жерлерін иелену болатын, себебі қазақтар оны уақытша бақылауына алған тез таусылатын ресурс ретінде қарастырды. Қазақтар үшін оның басты байлығы жер емес, онда жайылатын мал болды. Сонымен қатар қазақтар өздерінің басты жауы ретінде отырықшы, егін егумен айналысатын халықты санады, себебі жайылым үшін аса құнарлы жерлерді олар өз қарамағына алып егін егетін, әрі сұармалы жерлерді тиімді пайдаланатын еді, мұндай жер мал шаруашылығымен айналысатын көшпенділер үшін аса құнды болғандықтан олар осындай көршілерімен жер үшін таласып, үнемі жауласып отырды. Осындай елдімекендер қазақтарға бидай керек болған кезде міндетті түрде шапқыншылыққа ұшырады. Бірақ морадерлар оны жаппай қиратуға барған жоқ, себебі Оңтүстік Қазақстанның жазиралы алқаптарындағы сауда орталығы заттай айырбас саудасында аса маңызды рольге ие болатын. Қазақтар үстемдік еткен кезде Сырдария бойын жағалай қонған қалалар азып-тозып кетті. Себебі Ұлы Жібек жолымен жүретін керуендерге шабуыл күшейген соң, олар осы өңірге келуді қойды, сауда жүрмеген соң, дала аймағында тұрмайтындар қазақтардың бақылауында болған территорияларға сапарлауға қауіптенетін болды. Солай бола тұра қазақтарға сауда аз да болса қажет еді, тек қана Ясыда маңызды деуге болатын сауда базары болды (**Olcott, 1995, 16-18 беттер**).

Пужоль атап өткендей, қазақтар даланы мекендеген басқа да түркі халықтары сияқты ең бастысы жылқы малына көңіл бөлген, содан кейін қой, көшкенде киіз үйін арту үшін бірнеше түйе ұстаған деп қытай тарихнамасындағы біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықта «жабайылар» туралы жазылған деректі мысалға келтіреді. Олар аңшылықпен айналысады, оны тәңіршілдікпен байланыстырады. Олар көк тәңіріне және жерге (yer-sub, жер-су) табынады. Олардың пікірінше, нақты көк аспан ғана территория мен легитимділікті береді. Олардың түсінігінде Ұмай ана отбасы мен ошақ қасының жебеушісі. Оның культі XIX ғасырларға дейін Алтайды мекендеген кейбір түркі тайпаларында сақталды. Ежелгі түркілер қасиетті тау культін ұстанады. Скифтерден қобыз сияқты қазақтың музыкалық құралына айналған, скифтердің арфасына ұқсас бірқатар мәдени алмасулардан бөлек, аң стилі белгілі бір деңгейде буддизмнің, несториандық пен манихейліктің белгілері бар екенін аңғартады. Жетісу діни синкретизмі арқылы танымал, оған археологиялық қазбадан табылған заттар куә (**Poujol, 2000, 21-ші бет**).

### § 3. Әлеуметтік құрылым

Әлеуметтік-неке қарым-қатынастарының элементтері де Б.Залесскийдің «Қазақ даласының өмірі» атты кітабында көрініс тапқан. Оның жазуынша, «қазақ қыздарын мұсылмандар құсап ешқашан жабық ұстамаған, ер азаматтардың көзінен жасырмаған, бұл жағынан келгенде ол толық бостандыққа ие». Алайда қазақ әйелінің әлеуметтік дәрежесі күйеуіне тәуелді, ал тұрмыс құрмағанға дейін оған әкесі немесе өзінен жасы үлкен туысқандары иелік етеді. Залесский көшпелі шаруашылықты ұстап тұрған әйелдер екенін баса айтады. Таңертең киіз үйдің түндігін ашудан басталған тірлік, бие мен қой сауу, одан алынған өнімді іс қылып, тамақ әзірлеу, киім-кешек тігу үшін шұға дайындау, үйдегі тәртіпті қадағалау мен үйдің тірлігіне қажетті барлық шаруаны әйелдер атқарғанын жазады. Залесскийдің жазуынша, әйел көшпелі қазақ өмір салтындағы асты тетік. Солай бола тұра құқықтық жағынан ер адамға тәуелді. Залесский қазақтардағы полигамия туралы да қалыпты құбылыс ретінде жазады. Оның түсіндіруінше, бәйбіше тек саны жағынан бірінші алған әйелі емес, әр ер адамның көңілі қалағаны болуы мүмкін деп жазады. Қазақтар арасында бәйбіше таңдауда фаворитизм кең етек жайған. Сонымен қатар Залесский қалың мал институты туралы да толыққанды жазады (**Zaleski, 1865**).

Кітабының «Ханга-Баба» деп аталатын бөлімінде Залесский қазақтардың қарапайым заңының бірқатар аспектілеріне тоқталады. Бөлімнің бұлай деп аталуы Новопетровсктегі қазақтар заңды қосымша жаздырған қасиетті адамға байланысты аталған. Сонымен кітапта: адам өлтіргені үшін компенсация (құн), егер ол сұлтанды өлтірсе — 1500-2000 қой, биге — 1000 қой. Қойлардың саны адамның дәрежесіне қарай азая береді, ең азы байгуш, яғни жалшы болып жұмыс істейтін шетелдік азамат құнына алынады. Сонымен қатар әйелін өлтіргені үшін де қазақ шетелдіктің құнын төлеген. Ал күйеуін өлтірген әйелге өлім жазасы берілген. Баласын өлтіргендер жазаланбаған, оның жазасын бір Алла береді деп қойған. Залесский сонымен қатар қалың мал төлеу жүйесі туралы жазады. Сондай-ақ әмеңгерлік туралы да дерек бар, яғни ағасы қайтыс болса, оның әйеліне інісі немесе жақын туысқандары мұра. Қазақтардың кәмелетке толу жасы сол заманда 15 деп белгіленген.

Неміс этнографы Рихард Каруцтың еңбектерін классикалық жұмыс

ретінде қарастыруға болады. Ол Маңғышылақта болған сапарында қазақтардың өмір салтымен танысып, мол дерек жинау негізінде осы еңбегін жазып шыққан. Р.Каруц (II Тарау. § 3) өзінің көрген-білгенін «Қазақтар мен түркімендер ортасында» атты еңбегінде жазған (**Karutz, 1911**). Каруц жұмысына материалдарды салыстырып беру тән. Бастапқыда Каруц Еділ-Каспий аймағын мекендеген түрлі түркі және көшпелі халықтардың өмір салтын салыстыра келе, кейін қазақтар мен түркімендер тайпасының әлеуметтік-экономикалық өмірін өзара салыстырып талдау жасайды. Каруцтың жұмысы этнологияның дәстүрлі классикалық жүйесіне негізделген, онда автор қазақтар мен түркімендердің өмірін мынадай салалар бойынша қарастырады: «Түркімендер мен қазақтар» деген тарауда олардың экономикасы, өмір сүру салты мен ұлттық мінезін бірлестіріп қарастырады; «Ауыл мен киіз үй» деген бөлімінде көшпелі қоғамның рухани өмірінің мәселелерін қарастырады; «Туу мен балалық шақ» деген тарау көптеген мәселелерді қамтыған онда гигиенадан бастап, ас үй, тәрбие, мен ойындар, мақал-мәтелдерге дейін қамтылған; «Үйлену тойы мен неке» деген тарауында некелесудің барлық детальдары жазылған. «Ауру мен өлім» деген тарауда қазақтар мен түркімендердің осындай жағдайда қалай қарым-қатынас жасайтыны суреттеледі. «Діни таным» тарауында Каруц Каспий маңын қоныстанған халықтың діни көзқарастарының жүйесін көрсетеді. Онда исламнан бөлек, шаманизмнің қалдығы мен сыйқыршылық дәстүр де бар.

Каруц дәрігер ретінде қазақтардың денсаулығын да жіті бақылап, олардың физикалық жағдайына «өте жақсы» деген баға берген. Оның пікірінше, бұл нәсілдік конституцияның мұраға қалдырған сыйы, оның үстіне қазақтардың салауатты өмір салтын ұстануы мен ет пен сүт өнімдерін мол тұтынып, дұрыс тамақтануы жағымды ықпал еткен. Каруц дәрігер ретінде қазақтардың тамақ гигиенасына қатысты бірқатар ескерту жасаған. Осы орайда ол еуропалықтар да қоғамдық тамақтануға қатысты қатаң гигиеналық ережелерді ұстануды және әртүрлі ас үй мәзірін дайындауды жақында ғана қолға алғанын атап өткен. Каруц далада зерттеу жұмыстарын жүргізіп жүрген уақытында екі рет қазақтың үйлену тойын көру мүмкіндігіне ие болады. Ол оның кітаптарынан бөлек жек бір мақала жазуына арқау болады (**Karutz, 1910**). Үйлену тойын көрген автор қазақтардың отбасылық өмірін де зерттеу нысанына алады. Оның жазуынша, қазақтар бес әйелге дейін алған. Бірақ қазіргі кезде екі әйел алу қалыпты құбылыс. Ал түркімендер болса,

қазақтармен салыстырғанда моногамды. Олардың арасында екі әйелі барлар өте сирек кездеседі. Каруц кітабында даладағы балалардың өміріне де кеңірек тоқталады. Олардың денсаулығы мен гигиенасына жасалатын қамқорлық, бесік туралы да кеңірек сипаттайды. Каруцтың пікірінше, Маңғышылақ балалар үшін жұмақ мекен. Онда балалардың саны көп және оларға ересектер тарапынан еркіндік берілген, сонымен қатар автор байқаған бірқатар жағдайлар оның мынадай қорытынды жасауына себеп болады: қазақ үшін баланың жеке және қоғамдық өмірде де маңызы зор және орны бөлек.

Қазақтар арасында болған кезде неміс ғалымы жергілікті халықпен тез тіл табысып кеткен және олардың алдында айтарлықтай беделге ие болған. «Бізге орыстар келгенде қолында қаруы болады, ал сізде ол жоқ, оларға мүлде ұқсамаймыз», - дейді онымен сөйлескен қазақтардың бірі. Осыны мысал еткен Каруц өзін қазақтар арасында Германияда жүргеннен де қауіпсіз сезінгенін жазады. Каруц өз кітабында «қазақтар өздерінің салттары мен өмір сүру дағдысын сақтап қала ала ма» деп көреген сұрақ қояды. Мәселе еуропалық ықпалдың күшті болып тұрғанында, Шығыстағы өзгерістердің, атап айтқанда Түркия, Парсы, Мысыр мен француздарға қарасты Солтүстік Африкадағы жағдайға байланысты еді. Каруц еуропалық ықпалдың жағымсыз әсерін Маңғышылақтағы жергілікті дәстүрлі кілем тоқу өнеріне қатысты мысал келтіре отырып суреттейді. Онда көбінесе Еуропадан тасымалданған химиялық бояуы бар жасанды жүндер мен талғамсыз түстердың пайдалануын сынға алады. Осылайша, Р.Каруц қазақтардың өмірін табиғи этнографиялық ортада жүріп сипаттайды. Сонымен қатар оның зерттеу жүргізген кезі даладағы өмірдің модернизацияға ұшыраған кезі болатын. Оған қатысты ғалым жағымсыз пікір білдіреді. Дегенмен Каруцтың бақылауларының дені дәрігердің көзқарасы негізінде болған.

Еуразиялық номадизм табиғаты бойынша америкалық этнолог Лоуренс Кредердің еңбектері классикалық зерттеу болып саналады. Өзінің «Моңғол-түрік малшы-көшпенділерінің әлеуметтік ұйымдастырылуы» атты басты жұмысында (1963) Кредер номадизм мәселесін алдымен мәдениеттанушылық деп санайды. Ол өзінің іргелі еңбегінің кіріспесінде: «Дала халқының тарихи ортақ. Олардың тарихи, экономикалық және лингвистикалық қоғамы мәдени дамуы жағынан өзара тығыз байланысты. Дала халықтарының әлеуметтік ұйымы мен өндіріс жүйесі бірегей және гомогенді біртұтас» (**Krader, 1963, 3-4-ші беттер**).



Кредер жұмысының негізі — қазақ номадизмін Орталық Еуразиядағы көшпелі қоғам тарихындағы классикалық құбылыс ретінде қарастыру. Кредердің пікірінше қазақтың XVI ғасырда басталған этногенезі XVII ғасырда аяқталды. Қазақтардың санының өсу динамикасы мынадай: 1880 жылы - 2-2,4 млн. адам, 1870 жылы - 2,5 млн. адам; 1897 жылы - 4 млн. адам. Яғни қазақ қоғамы демографиялық және экономикалық дамудың шарықтау шегіне XIX ғасырдың соңында ғана ол Ресейдің егін шаруашылығы мен өндірісі өркениетіне араласа бастаған кезде ғана жетті. Кредер қазақтардың құрылымдық ұйымы екіге бөлінеді деп санайды. Біріншісі ежелгі түркілердің әлеуметтік құрылым ұйымына негізделген, әскери істі сақтаған және рулық құрылым бойынша да оң қанат және сол қанат деп екіге бөлінетін болған. Екіншісі, жүз институты негізінде құрылған. Ол моңғол дәстүрінің жалғасы болып саналады. «Үлкен жүздік», яғни Ұлы жүз кезінде Шыңғыс хан енгізген жүйе және соңынан даладағы өкілеттіліктің айғағы болып саналды (**Krader, 1963, 200-201 беттер**).

Кредердің пікірінше, қазақтың көшпелі қоғамының негізі – отбасы. Қазақ отбасы Кредердің жазуы бойынша кең мағыналы түсінікке ие. Ол үш ұрпақтан тұрды және үлкендердің кішілерді билеуі негізінде көрініс тапты, яғни ересектер балаларға, ер адам әйеліне жауапты. Америкалық ғалым тек қазақтар үшін ғана емес, бірқатар түркітілдес халықтарға ортақ, атап айтқанда қырғыз, қалмақ, бурят және т.б. көшпелі халық өкілдерімен типологиялық туыстық байланыс пен олардың номадистік үлгісі туралы айтады. Ол ортақ дүние мұрагерлік тәртібіне қатысты, яғни қатаң түрде патриналды линияны сақтайды, яғни әкеден балаға, баладан немереге, немереден шөбереге, ағалардан олардың балаларына, әкесінің ағасынан оның ұлдарына және т.б. (**Krader, 1963, 220-бет**).

Кредердің пікірінше, қазақтардағы матримониалды жүйе басқа да түрлі мәдениеттердің ықпалына ұшыраған. Мәселен, бір рудың және сирек болса да бір жүздің ішінде қыз алыспау – қазақ үшін қалыпты құбылыс, бірақ мұндай жағдай Орталық Азиядағы басқа да түркі халықтарына тән емес. Ал бір ата-анадан туған аға мен қарындастың бір-біріне қосылмауы мұсылман дәстүріне деген беріктік, қасиетті Құранда жазылып, оған тыйым салынған. Левират институты (ағаның немесе жиеннің жесірімен некелесу), яғни әмеңгерлік заңы басқа да түркі халықтарында жиі кездеседі және моңғол мен түркі көшпенділеріне ортақ типология, оның бастауы көшпенділердің енді ғана қалыптасып

жатқан дәуірімен тұспа-тұс келеді, яғни көшпелі тайпалар бір-бірімен сіңісіп, кейін Орталық Еуразияның тарихи аренасына шыққан кезінде осы дәстүр болған. Жеке және экономикалық, әлеуметтік, рулық және территориялық қарым-қатынас жағынан қазақ қоғамының ішінде өте қызықты сипатталған дәстүр қалың мал институтына қатысты (**Krader, 1963, 222-229-ші беттер**).

Қазақтардың салыстырмалы түрде алғанда біртекті болғанына қарамастан, Кредердің пікірінше, жұмыстың негізгі мақсаты Орталық Еуразияны мекендеген барлық көшпелі халықтардың біртектілігін анықтау. Қазақ жүздерінің әлеуметтік және заңдық құрылымында өзіне ғана тән бірқатар ауытқулар байқалады. Мәселен, Ұлы жүз үшін отбасы институты заңнан да жоғары саналған: мәселен әкесі баласын өлтірсе, ол үшін заң алдында жауап бермеген, бірақ баласы әкесінің өлімі үшін жазаланған. Орта жүзде мынадай екі ерекшелік бар: 1) дуалды ұйым болған жоқ, яғни оң және сол қанат деген бөлініс болмаған, соңынан әлеуметтік құрылымның дамуы жоғалған; 2) сыртқы аккультуризация ықпалы аса жоғары болды, яғни бұл жерде мәселе Ресейдің ықпалына қатысты. Кіші жүзде керісінше, нақты дуалды бөлініс болды: Алғын және Жатты, ал Кіші жүздегі ең ірі руда ішінара Құдайке және Келембеде болып бөлінді. Сонымен қатар, Кіші жүздің барлық тайпаларының ұрысқа қатысқанда айтатын өз ұраны мен ерекшеленетін таңбалары болды, олар оны заңдық ұйымдар элементі сияқты күнделікті өмірде белсенді қолданысқа енгізді. Кредердің пікірінше, Бөкей Ордасы мен Ішкі Орда классикалық қазақ қоғамының жеке құрылымдық бірлігі ретінде ерекшеленді (рулық біртектілік, ішкіордалық байланыстағы шағын жүйе, аккультуризацияның жоғары деңгейі, басқа да номадтармен тығыз байланыс орнату, олардың арасында түркілерге жатпайтындары да бар, хан дәстүріне берік болу және т.б.). Осылайша, қазақтың классикалық қоғамы, Кредердің пайымынша, оның кітабында салыстырмалы түрде алғанда бірегей әлеуметтік құрылым ретінде сипатталады, бірақ ол кейбір типологиялық ерекшеліктерді қазақтардың бес территориялық бөлінісінің негізінде сақтап қалған. Кредер оған қазақтың бес жүзі мен Бөкей Ордасын және Алтайдағы, Қытай мен Моңғолиядағы қазақ анклавын жатқызады. Осы типологиялық ерекшеліктер ежелгі субстраттың қалдығы болып саналады, географиялық көршілік пен соның әсерінен болған аккультуризацияның негізінде қазақтар қалыптасқан (**Krader, 1963, 229-241-ші беттер**).

Қазақтың классикалық қоғамында барынша кең таралған ауыл

формасы, Кредердің пікірінше, жалпы саны 50-70 киіз үйі бар, шамамен 2-4 мың адам тұратын орта. Қазақ отбасы (50%) моногамды және қалған жартысы полигамды (екі және одан да көп әйел алу) болды. 1870-ші жылдарға қарай, осы екі тип те аяқталған формаға ие болды. Ол Маңғышылақта жақсы көрініс тапты. Қазақтар үшін ортақ дүние мұрагерлік дәстүрі. Оған сәйкес үйленбеген баласы немесе ұлдардың кенжесі ата-анасымен бірге қалады (**Krader, 1963, 242-253-ші беттер**).

Қазақтың әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер ішкі және сыртқы факторларға қатысты болды. Кредердің пікірінше, ол әсіресе Бөкей Ордасының мысалында анық байқалды. Соңғысы 1800 жылы құрылды. Бөкей хан казак линиясын асып кеткенде олардың жалпы саны 1500 адам болса, 1820 жылы Бөкей Ордасында 30 мың отбасы болды. Осы сан 1880 жылға дейін сақталды. Экономикалық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда Бөкей Ордасы үшін жайылым жерлеріне қатысты шектеу болды және мал ақсүйектердің қолында болды. 1846-49 жылдар аралығында бөкейліктер үш жыл қатарынан қатал қысты бастан кешірді. Салдарынан малдың 25%-ы қырылып қалды. Бұл жағдай өз кезегінде осы аймақтағы халықтың әлеуметтік жағдайы және жалпы алғанда орданың құрылымына да әсер етпей қойған жоқ (ақсүйектер дәулетінен айырылды, алдыңғы қатарға басқа әлеуметтік топтың өкілдері шықты, жағдайы нашар шаруалар сияқты халық басқа жаққа қоныс аударуға мәжбүр болды және т.б.). XIX ғасырдың соңына қарай Ішкі Ордада көшпелі өмір салты толығымен өзгеріске ұшырады, оған дәстүрлердің жойылуы мен исламдандыруды қосыңыз. Бұрынғы дәстүрлерден қалғаны — ақсүйектерге басымдық берілуі, олар Шыңғыс хан тұқымынан таралғандар мен қожалар болатын (**Krader, 1963, 253-260-шы беттер**).

Л.Кредердің пікірінше, номадизмнің әлеуметтік-мәдени феномен ретінде дамуына қатысты көптеген жұмбақтың кілті — отбасылық қатынастар терминологиясы. Қазақтарда ол басқа түркі халықтарындағы тиісті терминдерге қарағанда өзгеше сипатқа ие, оларға тілі бойынша жақын татарлардан немесе шаруашылығы бойынша ұқсас башқұрттардан өзгеше болғанмен, қырғыз және тіпті өзбекке қатысты да жақын болғанмен өзіне тән ерекшеліктері бар. (**Krader, 1963, 261-262-ші беттер**). Осының барлығы қазақтардың көршілерімен күрделі саяси қатынаста болуының, протоқазақ тайпаларының Орталық Азия кеңістігіндегі тарихи көші-қоны, сонымен қатар ұзақ уақытқа созылған қазақ этногенезінің нәтижесі.

Қазақтардың аккумуляризациясы және дәстүрлі байланыстарының ыдырауы, оның мәдени және өркениеттік базасы феномені болып саналатын Орта жүзде XIX ғасырдың екінші жартысында шындыққа айналды. Дегенмен осы жүзге қарасты бірқатар рулар бұрынғы өмір салтын сақтап қалды, бұл жағдай өз кезегінде зерттеушілер үшін тайпааралық және руаралық қарым-қатынастардың негізгі келбетін сақтап қалып, оны қайта қалпына келтіруіне мүмкіндік берді. Мәселе 1750-70-ші жылдары Алтайға қоныс аударған наймандарға қатысты. Кредердің пікірінше бұл кездейсоқтық емес. Себебі Алтай барлық алтай халықтарының, яғни моңғол-түркі көшпенділерінің отаны.

Кредер алтай халықтары жүйесіндегі қазақтардың орнын анықтағанда, оны генеалогияның көмегімен жасауды ұсынады. Қазақтардың генеалогиясы ауқымды, себебі зерттеушінің айтуы бойынша қазақтар оған тек өз халқын ғана емес, барлық түркілерді, тіптен моңғолдарды да қосып жіберген. Қазақ генеалогиясы библияның генеалогиясымен қиыстырылған (яғни Адам атадан басталады, ол өз кезегінде құрандық дәстүр болып саналады), ежелгі түркілерде (Азан, Алаш және басқа да тотемдік ата-бабалар) және моңғолдарға қатысты (Шыңғыс ханның тұқымынан таралғандар). Осылайша, Кредер, Еуразияның көшпенділерінің және даладағы қоғамның тарихы бойынша сыртқы қатынастардың басқасына қарағанда басым тұрғанын айтады. Олардың тарихының басты желісі сауда, жорық, жаулап алу, көші-қон арқылы өтеді, дала тарихында болған басқа оқиғалар маңыздылығының төмен болуы жағынан аталған жағдайлардан қатты ерекшеленеді. Кредер Леви-Стросстың көзқарасымен келіседі, ол жазу пайда болғанға дейінгі халық арасында неке ролінің олардың «қарым-қатынас алмасуы» ретінде болғанын атады. Осы арқылы көшпенділердің әлеуметтік қатынасын зерттеу германдық және славян тайпаларымен параллел жүргізуді қажет етеді. Олардың әлеуметтік құрылымы мен ерте тарихы рим және грек дереккөздері арқасында барынша жақсы зерттелген. Дегенмен қазақтардың бір бөлігінен еуропалық тайпалар таптық қоғамның бастапқы кезеңінде бастан кешкен үрдістердің бастамасын байқауға болады. Жетісудағы қазақтар арасында 1870-80-ші жылдары қанға қан деген түсінік, яғни кек қайтару болды, ол вергельдті (бостандықтағы адамды өлтіргені үшін ақшалай өтемақы төлеу) пайдалану арқылы жүзеге асырылды.

Қазақ тарихы қалмақ, бурят және халха-моңғолдар сияқты

халықтармен параллел жүргізуге мүмкіндік береді және олардың типологиялық тұрғыдан олардың әлеуметтік жүйесін моңғолдардың ежелгі қоғамдық жүйесімен сәйкес келетін Орданың жүйесінен шығарып алып қарауға болады. Дегенмен, Кредер кітабының соңында мынадай қорытындыға келеді: көшпелі моңғол-түркі халықтарының көптеген ортақ ұқсастықтары бар; тайпа мен ру алтай даласындағы туысқандықтың құрылымы ретінде патриархалдық пен теңдік принциптерінің нақты жүзеге асқан көрінісі болып табылады. Дала қоғамын осы принциптерді туысқандық және әлеуметтік ұйымдар құрылымы арқылы жүзеге асырудың классикалық мысалы ретінде атауға болады (Krader, 1963, 316-372-ші беттер).

#### § 4. Саяси жүйе

М.Олкоттың жазуына қарағанда, XV ғасырдың соңында және XVI ғасырдың басым бөлігінде қазақтар халық емес, саяси одақ ретінде өмір сүрді. Қазақ хандығы мен қазақ халқы деген сөз тіркестері синоним ретінде қолданылды. Одақ түбі түркі халықтардың рулары мен тайпаларының бірігуінен пайда болды. Қазақ ұлтының ядросы Шу өзені мен Бетпақдала шөлі аралығындағы дала кеңістігі болды. Олкоттың пікірінше, Керей мен Жәнібек құрған тайпалық одақтың негізгі мақсаты жаулап алған жерлерді сақтап қалу және оны одан әрі кеңейту болды. Қазақ одағы құрамына кірген көшпенділерге өздерінің әскери әлеуетін арттыруға мүмкіндік берді. Қазақ хандығындағы адам санының көбеюі уақыт өте келе оның композициясын күрделендіріп жіберді. Себебі оның құрамына түрлі тайпалар, атап айтқанда, ноғайлар, өзбек, моңғолдар (алтайдан шыққан) сияқты бірнеше топ қосылды. Дәл осы кезеңде тайпадағы бірлікті қамтамасыз ету мен оның әлеуметтік ұйымдастыру мәселесін шешу қиындап кетті. Олкоттың пікірінше, XVI ғасырдың бірінші жартысында Қасым ханның тұсында қазақтар жүзге бөлінуді бастады. Америкалық зерттеуші осы мәселеге қатысты басқа да пікірлерді ескереді. Мәселен, Востров пен Мұқанов жүзге бөліну Хақназардың (1538-1580) билік еткен тұсында болған дейді, яғни бұл XVI ғасырдың орта тұсы. Вельяминский-Зверьнов, өткен ғасырда үш жүз XVII ғасырдың ортасында пайда болған деп тұжырым жасады. Олкотт қазақ тілінде *Орда* термині емес жүз сөзінің көп қолданысқа ие екеніне оқырмандарының назарын аудартқысы келеді. Бұл өз кезегінде барлық көшпенділердің

тарихына тән болған қазақтың жүз деген құрылымының тайпалық федерацияның жүйесіне тамырымен байланғанын аңғартады. Бұл тағы да қазақ жүздері әскери мақсатпен құрылды деген ойға жетелейді. Кейін бұл бөлініс Алаш туралы аңызға негіз болды, онда оның үш ұлы туралы айтылады, сонымен қатар оның тағы бір нұсқасы бар (Арғын, Үйсін, Алшын бірігіп, Кіші, Орта және Ұлы жүздің негізін қалады деп келетін). Бірақ Олкоттың пікіріне сүйенсек, ол уақыт өте келе жүз әскери жүйе ретінде екінші орынға сырғып, экономикалық қажеттіліктерге жол бергенін айтады. Қазақ халқының үш тарапқа бөлінуі оның мекендеген даласының географиялық жағдайына да қатысты болды. Олкоттың осы пікірі жоғарыда келтірілген Акинердің қорытындыларымен сәйкес келеді. XVI ғасырдан бастап қазақтар бақылауында ұстаған территория үш табиғи-географиялық комбинациядан құралған. Олардың әрқайсысында жаздай жайлау, қыста қыстау ретінде мал өсіруге ыңғайлы жайылымы болған. Ол Жетісу, онда Ұлы жүз Шу, Талас және Іле өзендерін бойлай көшіп-қонып жүрді, ал қыстау ретінде Алатаудың тау бөктерін паналады. Екінші аймақ — Орта жүз мекендеген Орталық Қазақстан, халқы қыста Сырдарияның төменгі сағасын паналаса, жазда Сарысу, Тобыл мен Есілдің жоғары және орта ағысының маңына қоныстанды. Батыс Қазақстан Кіші жүздің аймағы: қыстыгүні Кіші жүздің тайпалары Сырдарияның төменгі сағасына қарай және Жайық пен Ырғыз өзендерінің аралығын және Торғай тауларын паналады; жазда олар Жайық өзенінің ортаңғы ағысы тұсына қарай, Тобылдың жоғары жағы мен Ырғыз, Мұғалжар тауларының маңайына қоныстанды (**Olcott, 1995, 9-11-ші беттер**).

Үш жүзге бөлінгеніне қарамастан, Олкоттың пікірінше, қазақтар ортақ тілі, мәдениеті мен экономикасы бар біртұтас халық болды. XVI ғасырда осы бөлініс қай жүздің құрамына кіретін тайпалар қанша жерді бақылауға алғанына тәуелді болғандықтан, өтпелі сипатқа ие болды. Қазақтардың даланы бақылауға алуы XVII ғасыр бойы күшейген сайын қазақтың үш жүзі үш тұрақты одаққа айналды, олар нақты құрылымданған және өз бақылауына алынған тұрақты территорияларға ие болды. XVIII ғасырдың бастапқы кезеңінде Қазақ хандығы құлдырай бастаған кезде, Тәуке хан дүние салған соң, әр жүздің ханы өзін дербес билеуші ретінде жариялады да осылайша олар шетел мемлекеттерімен келісім-шартқа отыра алатын құқыққа ие болды. Ал орыстар қазақ жүздерімен жеке мемлекет ретінде іс жүргізе

бастаған кезде, қазақтар өздерін біртұтас халық ретінде қарастыруды ұмытқан жоқ.

Олкотт XVI ғасырдағы үш жүздің құрамына қатысты бірнеше даулы көзқарас бар екенін атап өтеді. Олкотттың өзі Востров — Мұқанов зерттеуінде жазылған позицияны құптайды<sup>165</sup>. Онда жазылған көзқарасқа сәйкес, Ұлы жүз сол кезеңде Үйсін конфедерациясының өкілі болды, оның құрамына үйсіндерден бөлек он шақты тайпа кірді. Бұл конфедерация жүздер пайда болғанға дейін болған, дегенмен Олкотт, Ұлы жүз басқа жүздерге қарағанда алғашқы болып пайда болды деп айтуға ешқандай дәлел жоқ екенін айтады. Автор үйсіндер Жетісуда тек моңғол шапқыншылығынан кейін ғана пайда болған деп санап қателік жіберген (**Olcott, 1995, 12-ші бет**). Үйсіндерден бөлек Ұлы жүздің құрамына Сырдарияның төменгі және орта ағысының тұсын біздің заманымызға дейінгі екінші немесе үшінші ғасырда мекендеген қаңлылар кірген. Дулаттар Жетісуді шамамен VI-VII ғасырларда басып алған, ал кейбір мәліметтерде олар Моғолстанда біздің заманымызға дейінгі екінші ғасырда өмір сүрген. VI ғасырдың басына қарай Албан және Суан тайпалары конфедерация құрамына саны жағынан көп болған дулаттармен бірге кіреді, осылайша Жетісудағы бірлестік құрылған. Басқа тайпалар Жалайыр мен Ыстылар аймақта тек XIII ғасырда пайда болған. Сырғалы XV ғасырдың соңында пайда болса, Шанышқылы мен Шапырашты рулары туралы XVII ғасырға дейінгі дереккөздерде ешқандай ақпарат берілмеген.

Орта жүз XVII ғасырда экспансия жасау арқылы өз территориясына батыста Арал теңізінен бастап, солтүстікте Омбыға дейін, шығыста Ертіс өзеніне дейін және Алтай, оңтүстікте Сырдария мен Сарысуды қосып алды. Оның құрамына алты тайпа кірді: Керей, Найман, Арғын, Қыпшақ, Қоңырат және Уақ. Орта жүздегі ең көне тайпа – керей, олар аты аңызға айналған, Орталық Қазақстанды моңғол шапқыншылығына дейін мекендеген кераиттерден тарайды. Наймандар моңғол тайпаларынан тарайды, уақыт өте келе толығымен түркіленіп кеткен. XIII ғасырда олар осы территорияда саны жағынан басымдыққа ие болды. Содан кейінгі саны жағынан көп тайпа – арғындар. Олар туралы Рашид ад-Дин олар өздерін моңғолдың Шағатай ұлысының мұрагері санаған деп жазған. X ғасырда тайпалық одақ құрған қыпшақтар XIII ғасырда Дешті-Қыпшақтан батысқа қарай ығысуға мәжбүр болды. Қазақ хандығы құрылған кезде осы территорияны кезінде ен жайлаған

<sup>165</sup> Қараңыз: Востров В.В., Муканов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов. — Алма-Ата: Наука, 1978.

олардың саны аз болды. Уақ тайпасы XIII ғасырдан бастап аймақта өмір сүрген, алайда ол туралы дерек белгісіз. Қоңырат тайпасы Орта жүзден XIX ғасырдың басында бөлініп шығады да кейін Қоқанд хандығының құрамына қосылады.

Кіші жүздің этногенезін бақылау барынша күрделі. Ол туралы тайпалық деп айтқаннан гөрі рулық одақ деп айтқан дұрысырақ болар. Бұл жүздің құрамында 18 ру бар. Олар өздерінің шежіресін аты аңызға айналған Алшыннан таратады, ал қалған жетеуі Жетіғара деген атауға ие, олар бұл одаққа кейіннен қосылған. Олкотт берген түсініктемеге қарағанда, осы рулардың барлығының шығу тегі бір, ортақ. Барынша танымал болған үш ру бар, олар: X ғасырда Арал теңізінің маңында өмір сүрген кердері. Маңғышылақта VI-VII ғасырларда өмір сүрген Дахх халқының ұрпағы болып саналатын адайлар. Сонымен қатар Керей тайпасы руларының бірі болуы мүмкін керейіттер, олар осы аймақта алғаш рет XIII ғасырда пайда болған.

Олкотт жанама түрде болса да жүздегі жүйеде тайпалар мен рулардың әртүрлі болғанына қарамастан, сонымен қатар қазақтардың үш бөлікке бөлінгенін ескере отырып, қазақтар бәрібір біртұтас және ортақ тілі мен мәдениеті, ең бастысы – бірегей және біртұтас саяси жүйесі бар халық болды деген деректі растайды. Хан, сұлтан, би және ру старшындары бас қосқан жиында сайланды. Олар жыл сайын ханның өкілеттілігін растап және оның тапсырмаларын алу үшін бас қосып отырды. Жыл сайын өтетін осындай кездесулерде бір жылға арналған жоспар, әр ауыл, әр рудың қайда және қалай қоныс аударатынына дейін талқыланды. Хан билігі институт емес, жеке тұлғаға тәуелді болды. Осылайша, жекелеген әр ханның билігі оның жеке болмысына, билік жүргізе алу мүмкіндіктеріне байланысты болды. Біртұтас Қазақ хандығы болған дәуірде (Қасым хан, Хақ-Назар хан және Тәуке хан) жүзді басқаратын басқа хандар осы хандардың қол жинап, әскер бастағандағы билігін мойындады және олар берген бұйрықты орындады. Хақназар мен Тәуке хан қайтыс болған соң, үш жүз қайтадан жеке дара бірлестікке айналды.

Олкоттың пікірінше, қазақтарда бағынудың екі жүйесі болған. Хандардың жоғарғы аристократиясы және рулық жүйені басқаратын сұлтандар. Қазақтар руға және рудың бөліктеріне бөлініп, өз кезегінде олар бірнеше ауылдардан тұрды, бірге көшіп-қонып, ортақ жайылымдары бар, төскейде малы, төрде басы қосылған халық болды. Өз кезегінде әр ауылда шамамен 30-40 киіз үй болды, олардың



әрқайсында көп балалы отбасылар тұрды. Әр ауылды старшындар, яғни ақсақалдар басқарды. Ақсақалдар билерді сайлау үшін кездесу өткізді, түрлі рулармен келіссөздер жүргізу үшін ақылдасып, әрқайсы өз аймағына қарайтын мекендегі ішкі дау-дамай, көші-қонды реттеу, жайылымдарды бөлу сияқты шаруалармен айналысты. Бидің титулы шын мәнінде әкеден балаға берілетін болғанына қарамастан, бұл лауазым мұра ретінде берілуге тиіс емес еді, егер старшындар қажет деп санаса, ол басқа бір адамға да берілетін болды.

Билер өз кезегінде сұлтандарды сайлады, олар хандардың әмірін белгілі бір территориялық аймақта орындайтын биліктің тармағы болды. Олардың құзырына руаралық мәселелерді шешу кірді. Әр кезде әр жүздің ішінде жартылай автономды территориялар пайда болды. Оны кіші хандар басқарды, олар өз кезегінде жүзді басқаратын ханның құзіретінде болды. Жалпы алғанда хан өмірінің соңына дейін билікте болды, оның орнына алдымен ағасы содан кейін ұлы ие болатын. Олкотт қазақтар биліктің жүйесін моңғолдардан алып, оны өздеріне бейімдеген деп санайды. Себебі қазақ аристократиясы Шыңғыс хан тұқымынан тарайтындардан құрылды. XVIII ғасырдың соңында ақсүйектер қатары *қожалардың* есебінен көбейді, олар - араб халифтерінің ұрпақтары. Дегенмен, қазақ аристократиясының дені негізінен моңғолдың саяси мұрасы аясында шоғырланды, бұл бір жағынан ру көшбасшыларының билікке келуіне кедергі болды. Қазақ халқының негізін құраушылар қарадан шыққандар, билер мен ру старшындарын сайлады, олардың билігі олар хан не сұлтан болғанға дейін легитимді болып саналды.

Олкоттың пікірінше, қазақ номадизмі мағынасы айналасындағы феодализм немесе әскери демократия деген дауды қарастыра отырып, қазақ қоғамы көп жағдайда екінші типке жақын деген тұжырым жасайды. Оған дәлелді Тәуке ханның «Жеті жарғысынан» табуға болады. Америкалық зерттеушінің пікірінше, аталған заңдар жинағында халықтың әскери борыштары баса көрсетілген. Қазақ хандығы қарамағындағы халықтан тұрақты түрде алым-салық алмағандықтан, оларды феодал ретінде сипаттау қиын деген қорытынды жасайды Олкотт. Оның үстіне, хандар мен сұлтандардың иелігіндегі малдың саны қарапайым қазақтармен салыстырғанда көп болғанына қарамастан, олардың өмір салты салыстырмалы түрде алғанда бір-бірінен көп ерекшеленген жоқ. Хандар мен сұлтандар ауылдарда тұрды және халқымен бірге көшіп-қонды. Хан

ордасының көлемі кәдімгі ауылдардан ауқымды болған жоқ. Ауылда хан ордасы бар екенін анық аңғартатын жалғыз белгі ақ киізден жасалған оюлы, көлемді үй болды. Онда ханның отбасы тұрды. Әр сұлтанның жанында тұрақты еріп жүретін нөкері болды, олардың арасында оның отбасының мүшелері, қызметшілері, сенімді өкілі ретінде батырлар мен төлеңгіттерден алынған бірқатар құлдар болды. Олкотт төлеңгіттер қазақтардың көрші елдерге жасаған жорықтары барысында тұтқынға түскен құлдар және солардың ұрпақтары екенін атап өтеді. Олар негізінен түркімен, хиуа немесе қоқандықтар болды. Қазақ хандығының құлдырау кезінде және әскери мәдениет жойыла бастаған шақта қазақтармен бірге төлеңгіттер де жойылды, себебі хандықтың ұйымдастыру құрылымы жауынгерлердің қатарын көбейтуді жеңілдетті де төлеңгіт институтын қажет етпеді. Оның үстіне осыдан кейін қазақтар көрші елдерге шапқыншылық жасаған кезде тұтқынға құл жинау емес, жеке пайдалары үшін мал барымталаумен айналысты.

Хан рулар мен ауылдар арасында бақылау жүргізіп, жүздің әскери шабуылға дайындығын тікелей қадағалап, шешім қабылдап отырды. Ол рулар арасында жайылымдарды бөліп, жүздің қашан және қайда қоныс аударатынына қатысты нұсқау беріп отырды. Бұл шешім жүздің әскери мүмкіндіктеріне қарай қабылданып, соған тікелей тәуелді болды. Себебі осыған орай хан қандай жерді қандай көлемде, қалай сақтап қалатынын шешті. Дегенмен, жалпы қазақ қоғамының ішкі мәселелерін шешуде ру көшбасшылары мен старшындардың билігі үстем болды. Себебі олар өз ауылдары мен отбасыларына жерді бөліп беріп, әскерді қалыптастыру және оған бұйрық берумен айналысты, сонымен қатар оларда ханмен салыстырғанда салық жинау, қоғамның мүшесі болып саналатын кез келген адамның малының белгілі бір үлесіне ие болу құқы болды.

Қазақтарда азаматтық және қылмыстық құқық арасында ешқандай айырмашылық болған жоқ деп Олкотт оқырман назарын осы ерекшелікке аударады. XVII ғасырға дейін оларда жергілікті жерде ғана қолданылатын және кодификацияланбаған *адат (әдет-ғұрып)* үстемдікке ие болды. Тек Тәуке хан ғана қазақ заңнамасын реттеп, сол заманға дейін белгілі болған, қолданыстағы моңғол, орыс және мұсылман елдерінің құқықтық кодекстерінің негізінде «Жеті жарғыны» қолданысқа енгізді. Тәуке ханның кодексі алғаш рет 1820 жылы М.М.Сперанскийдің кезінде, оны өз құқықтық реформаларына

қоса отырып жазылды. Оған дейін әр хан ауызша қалыптасқан дәстүрге сай өзінің қалауына қарай кодексті пайдаланып жүрді. Олкоттың пікірінше, Тәуке ханның заңдары құқықтық нормалардың қалыптасуына негіз болды. Себебі тек билер ғана сот төрелігін шешті, тек XVIII ғасырдың соңына қарай «би» термині судья сөзінің синонимі болды. Әр бидің өз кеңсесі болды (талапқа сай жеке киіз үйде, жеке хатшысымен) оны қамтамасыз ету үшін би сот шығынының 10%-ын бөліп отырды. Олкоттың жазуы бойынша, қазақтың әділет саласы тым қатал болды, қанға-қан принципі негізінде құрылған жүйеде көптеген қылмыскерді (ұрлық пен тонау) мертіктіру не бір жерін зақымдау, тіпті оны өлтіру арқылы да жазалады. XVIII жылы *күнә* (қанның құны) стандарты қолданысқа енгізілді: адамның өмірі үшін мың қой, егер бір бармағы кесіліп қалса, 100 бас қой, шынашақ үшін 20 бас қой айыппұл ретінде төленді. Тек қана қылмыс емес, айыппұл ретінде белгіленген малдың да өз эквиваленті болды. Мәселен, бір жүз түйе 300 жылқыға тең немесе 1 мың қоймен барабар. Билердің құзіретіне мұрагерлікке қатысты істер, келісім-шарттардың, міндеттердің орындалуы, неке қию мен ажырасу сияқты істерді шешу кірді. Даудың бейбіт шешімге келуі өте сирек жағдайда ғана болды, салдарынан *барымтаға* жол берілді, Олкотт оны да жазаның бір түрі ретінде қарастырады.

Тәукенің заңдарында қоғамдық міндеттер тізімі сияқты, жеке адамның отбасы және ру алдындағы немесе керісінше міндеттері мен талаптары жазылған әлеуметтік маңызы бар нормалар да болды. Оны ішінде Олкоттың пікірінше, аса маңыздысы - жеке адамның қандай да бір қиын-қыстау кезеңде малы қырылып қалған кезде ағайындарынан жылу жинауы немесе ақысы төленбейтін көмек ретінде маусымдық жұмыс кездерінде асар жасауы. Жалпы алғанда автор, қазақтың қарапайым құқы сырттан келетін қауіп пен табиғи апаттардан қорғану мақсатында қоғамдағы тұрақтылық пен экономикалық жеткіліктілікті мейлінше сақтауға тырысқанын атап өтті (**Olcott, 1995, 13-16-ші беттер**).

Акинердің пайымынша, қазақтың дәстүрлі қоғамы тәуелділік пен тәуелсіздіктің, бағыну мен субординация сақтаудың араласқан сипатына ие болды. Дәстүрлі қазақ қоғамының ұзақ тарихи дәстүрге ие құрылымдық иерархиясы көшпелі өмір салтындағы өз бетімен шешім қабылдау қажеттілігімен қарама-қайшы келіп отырды. Осылайша, сырттай қарағанда тым қатал көрінетін өзара туыс және бағынуға қатысты шектеулерге қарамастан, әрбір көшпелі қоғам объективті себептер негізінде жеке шаруашылығы және өз бетімен қоныстанатын

жерін таңдай алатын өз алдына жеке экономикалық субъект болып қалды. Осындай ыңғайлы жағдай тайпа құрылымына үнемі өзгеріп тұратын ішкі аймақтық саяси күштердің балансын сақтау кезінде қажетті динамизмді берді. Осы икемді жағдай Қазақстандағы аннексия және көшпелі халықты мәжбүрлі түрде отырықшы ету әрекетінен кейін жойылды, содан кейін тайпалық құрылым өзінің нақты функционалдық қызметін жойып, тек қана генеалогиялық дәрежесін сақтап қалды.

Акинердің жазуы бойынша, қазақтың көшпелі қоғамының негізгі әлеуметтік-экономикалық бірлігі – *ауыл*. Ауылдардың жиынтығынан ру құралды, оның желісіне кіргендер әкесі жағынан және шешесінің туысқандары бойынша басқа да рулармен тығыз қарым-қатынаста болды, дегенмен қазақтар жеті руға дейін құдаласып, қыз беріспеген. Рудың құрамында құлдар да болды, оған мүше ауылдар өздерінің киіз үйлері арқылы ерекшеленді. Ауылдағы киіз үйлердің саны әрқилы болды. Он сегізінші ғасырда олардың саны 3 тен 15-ке дейін жетті, ханның ордасында оның саны одан да көп болды. Әдетте соғыс немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде ауылдар бір-бірімен тығыз қарым-қатынас орнатып бірікті, сонымен қатар көбінесе жайлауға шыққан кезде ауылдардың арасындағы байланыс жаңданса, керісінше қыста олар жан-жаққа бытырап, бір-бірімен қарым-қатынасты сиретті. Ауылдар бірлесіп, тайпа бірлестігін құрды, олардың саны он тоғызыншы ғасырдың басына дейін өзгеріп тұрды, үрдіс аяқталғаннан кейін ру мен тайпаның атрибуты сақталды, ол VIII ғасырдан бастап, мүмкін одан да ертеректе пайда болған қазақтың ұзақ жылға созылған этногенезі туралы айтуға негіз болды.

Батыстық тарихнамада қазақ руларының эволюциясын экономикалық көзқарас тұрғысынан қарастыру әрекеттері жасалды. Л.Бланшар әлеуметтік құрылым ретінде қазақтың кланы үш кезеңді басынан өткерді деп жазады, олар: қоғам, отбасылық қоғам және қоғамдағы отбасы, онда отбасының мүддесі қоғамның мүддесінен де жоғары қойылды (**Blanchard, 1961, 408-ші бет**).

Көшпелі одақтың көмескі сипатқа ие болуы, бір тайпаның бірнеше «Орданың» құрамында болуына алып келді, уақыт өте келе олар барынша тұрақты этносаяси топтарға айналды. Осының нәтижесінде, бірқатар тайпалар Қазақ хандығының құрамына еніп, «қазақ» ретінде таныла бастады. Алайда кейбір тайпалар көршілес мемлекеттердің құрамына өтіп кетіп, сол жерде де жоғарыда аталып өткенде ұлтты құраушы халықтың ролін атқарды. Мәселен наймандар тек қана

қазақтарда ғана емес, қырғыздарда да, өзбектерде де, қарақалпақта да, ноғай да бар<sup>166</sup>. Бүгінде осы ежелгі тарихи байланыстыр жалпы түркілік көзқарасты насихаттағысы келетіндер тарапынан белсенді түрде пайдаланылса, ұлтшылдардың наразылығына ұшырауда (**Akiner, 1995, 14-15-ші беттер**).

Қазақтың тайпалық аристократиясы дуалдық сипатқа ие болды. Сұлтандар немесе *төрелер* ақсүйектер тарапынан болды, олар - моңғол ханзадаларының тікелей ұрпақтары. Олардың ішінде кейбіреулері шежіресін Шыңғыс ханнан бастап тарқататын. Сұлтандар бір-бірімен туысқан болғанына қарамастан, билікке талас кезінде өзара бәсекелесіп, бір-бірімен күресті. Дәстүрлі қазақ қоғамында ақсүйектер қатарына араб саидтерінен тарайтын пайғамбардың мұрагерлері, қазақ даласына сегізінші ғасырда мұсылман дінін таратушылардың ұрпақтары *қожалар* да кірді. Сұлтандар сияқты қожалар да қазақтың ру-тайпалық жүйесіне енген жоқ.

Ақсүйектерден басқа қара сүйектердің де аристократиясы болды. Теориялық тұрғыдан алғанда және дәстүр бойынша олар сайлануы тиіс еді, бірақ тәжірибе жүзінде олардың лауазымы да атадан балаға мұра ретінде берілді. Ол ру-тайпалық құрылымның даусыз бір бөлігі ретінде батырлар мен билер болып екіге бөлінді. Олардың қоғам алдындағы абыройы мен биліктегі құзыры қалыптасқан жағдайға және олардың жеке харизмасына байланысты болды. Бірақ олар заң шығару және әскери істен басқа тірлікке араласқан жоқ. Олардың басым көпшілігі кей кезде жекелеген руларды, тіптен тайпалық одақты да басқару құзырына ие болды. Мұндай көшбасшылар сұлтандардың құзырымен барабар билікке және саяси тәуелсіздікке ие болды, бірақ оларға шетелдіктермен келіссөз жүргізу құқы берілген жоқ. Қара сүйектер аристократиясына жататын осы топ ішкі ру-тайпалық қатынастарда маңызды роль ойнады және лауазымы бар көшбасшы ретінде хандар мен сұлтандар арасындағы делдал бола білді.

Қоғам белсенділері де бірнеше категорияға бөлінді. Саны жағынан ең ірісі – *шаруалар* – олар орта тап, иелігінде он шақты малы болды. *Байлар* олармен салыстырғанда әлдеқайда жоғарғы стратум, олардың басты артықшылары мыңғырған малы болды, осының арқасында олар қарамағында жағдайы нашар бірнеше отбасыны ұстады. Олар әдетте ауылдың басшылары болды. Ал малы жоқ, халықтың ең кедей тобы малшы және байлардың жалшысы қызметін атқарып күн көрді. Құлдар

<sup>166</sup> Ш.Акинер Тынышпаевқа сілтеме жасайды, дегенмен кейбір рулар бойынша түсініспеушілік болса, оны соның ұятына қалдырдық.

шапқыншылық кезінде тұтқынға түскен шетелдік азаматтар болды, олар рулық құрылым мүшесі ретінде қарастырылған жоқ.

Ш.Акинер қазақ қоғамының және оның саяси құрылымының пайда болуындағы маңызды атрибут жүздің (орданың) пайда болуына тоқталады. Оның пікірінше, Қазақ хандығының қалыптасуы барысында, XV ғасырдың ортасында билікке бірнеше тайпа және тайпа емес бірлестіктердің өкілдері үміткер болды. Негізінен ханның билігін бір ғана билеуші жүзеге асыруы керек, бірақ іс жүзінде ол мүмкін болмады. Көптеген хандардың тайпаралық шекара құрылымдарына қатысты жөнсіз килігуі жағдайды қиындатып жіберді. Осыған орай XVI ғасырдың ортасында қазақ хандығында бөлініс болып, оның ішінде үш жүз пайда болды. Оның әрқайсын Шыңғыс ханнан тараған ұрпақтар басқарды. Мәжбүрлі түрде пайда болған осы саяси институт ру-тайпалық байланыстар мен қарым-қатынастардың күрделі жүйесін алмастыра алмады, нәтижесінде билік фрагментациясы процессін уақытша тоқтатып, ол өз кезегінде ұзақ уақытқа дейін эндемиялық сипатқа ие болды. Географиялық жағынан жүздердің территориялары дәстүрлі және бұрын Тұран даласында қолданыста болған көшпенділердің көшіп-қону бағыттарымен сәйкес болды. Жаңа жүйе сөзсіз конфедерация сипатына сай болды, ал қазақтардың бірлігі «жалпы жүз басшылары мен барлық хандар жиналатын саммитте» көрініс тапты, бастапқы кезде жыл сайын ұйымдастырылатын шара, кейін тұрақты түрде өткізілген жоқ. Анда-санда сол жиындардың кезінде олардың арасынан бір хан шығып, «ең басты хан» ретінде сайланды, бірақ оның билігі шартты түрде болды. Жүзді басқаратын хан жеке тәуелсіз мемлекеттің ханы ретінде қызмет атқарды, өз мүддесін көздей отырып олар қажет болған жағдайда шиеленістердің кезінде бір-бірімен және шетелдік көршілерімен альянс құрды. Кейде бір хан өзінің билігі аясында барлық жүздердің басын қосатын дәрежеде болды, дегенмен олардың ешқайсысы ұзақ уақыт өмір сүрген одақ құра алған жоқ (Akiner, 1995, 14-17-ші беттер).

## § 5. Қазақтардың көшпелі мәдениеті

Қазақтардың көшпелі өмір салтының барлық ерекшелігі олардың мәдениетінде көрініс тапқан деп санайды Акинер. Қазақтардың діни өмірі екі конструкция түрінде қалыптасқан: анимизм субстраты, оған біртіндеп ислам қағидалары енгізіле бастады. Анимизмнің түп-

тамыры түркі-моңғол дәстүрлеріне барып тіреледі, оның ортасында көк аспан культі, кейін айға, күнге, жұлдызға, су және басқа да стихияларға табыну. Рухани өмір үшін маңызды болғаны ата-баба аруағының культі, соның негізінде мавзолей сияқты көптеген материалдық ескерткіштер қалды. Шаман жораларын *бақсы* жасады, осының барлығы анимистикалық тәжірибе мен ислам дінінің қатар қолданыста болуынан жүзеге асты, осылайша ескі мен жаңаның синтетикалық қоспасы пайда болды.

К.Пужоль қазақ мәдениетінің бастауын түрлі өркениеттердің симбиозы ретінде қарастырады. Оның пікірінше, даладағы аймақта бастау алған түркілендіру феномені отырықшылардың шекарасына дейін барады, Трансоксианияны жаулап алған соң, исламдандыру феноменінен үстем бола түседі. Отырықшы тайпалардың шекарасына қарай жақындаған түркі тайпалары ислам дініндегі сунниттік бағытқа бой үйретті, солай бола тұра Иранның аса тартымды мәдениетіне де қызығушылық танытпай қойған жоқ. Бірақ ол оның түркі сипатына ие болуына кедергі келтірмеді, осының негізінде қысқа мерзімде аймақта қоғамдағы сенімнің арқасында жалпыланған билингвизм мен ерекше симбиоз пайда болды (**Poujol, 2000, 22-ші бет**).

Дала аймағында бастау алған түркілендіру феномені отырықшылардың шекарасына дейін барады, Трансоксианияның орталығын жаулап алған соң, исламдандыру феноменінен үстем бола түседі. Отырықшы тайпалардың шекарасына қарай жақындаған түркі тайпалары ислам дініндегі сунниттік бағытқа бой үйретті, солай бола тұра Иранның аса тартымды мәдениетіне де қызығушылық танытпай қойған жоқ. Бірақ ол оның түркі сипатына ие болуына кедергі келтірмеді, осының негізінде қысқа мерзімде аймақта қоғамдағы сенімнің арқасында жалпыланған билингвизм мен ерекше симбиоз пайда болды.

Моңғолдарға дейінгі кезең Арал теңізінің оңтүстігінде араб-парсы мәдениетінің пайда болуымен сипатталады, ол саяси қысымды күшейтіп және далаға осы мәдениетті қызықтыра түсті, оның соңы исламның сунниттік бағытының түркіленген наным-сеніммен бірлесіп кетуіне алып келді. Қазақ даласы осылайша ислам діні таралған соңғы ел болып саналды. Пұтқа табынушы номадтар, яғни тәңіршілдер оған егін шаруашылығымен айналысатындардың зороастризмін, буддизм мен монах-прозелиттердің несториандығын араластырып жіберді. Ол тайпалық топтардың пайда болуы мен дислокациясына алып келді,

олардың кейбірі отырықшылар қоныстанған оңтүстік аймақтарға көшіп, ислам дінін қабылдады. Түп-тамырымен жойылуы моңғолдардың жеңісімен тұспа-тұс келеді. Ол Орталық Азия тарихында алғаш рет көшпелі дала аймағындағы және Мәуереннаһр зонасындағы ұзаққа созылған гегемонияға алып келді (**Poujol, 2000, 26-шы бет**).

Ұлттың дамуында түрлі этникалық өзгерістер мен саяси бірлестіктер пайда болған осы кезең аралығында мәдени өмір керуен жолдары мен қала орталықтарына дейін дамыды. Түркі тілдері моңғолдардың жеңісін өздеріне қыпшақ-оғыз және қарлұқ-ұйғыр топтарын қосып алуды аяқтау негізінде пайдаланды. Ауыз әдебиеті мал шаруашылығына арналған әндер, афоризмдер мен жұмбақтармен толықты, осылай фольклор толыға түсіп, біздің заманымызға дейін жетті. Нақты XIV және XV ғасырлар тоғысында қыпшақ-ноғай тобының астындағы қазақ тілінің лингвистикалық іргетасы бекіді, эпостар пайда болды, осы кезеңде жырлау өнері кең етек жайып, жыраулар таныла бастады, даланың оңтүстігі ислам мен мистикалық суфизмнің ықпалына түсті (**Poujol, 2000, 32-ші бет**).

Ш.Акинер атап өткендей, көшпелі өмірдің үнемі алыс қашықтықтарға көшіп-қонып жүретін және үздіксіз базасы жоқ ырғағы ортодоксальды, орталықтандырылған және тұрақты желісі бар діни институттың мешіттерінің жұмыс істеуі үшін ыңғайлы болған жоқ. Көшпенділерді мұсылман дініне тарту үрдісі оның Трансоксианиядағы жетінші ғасырдың өзінде ислам діні білімі мен ислам мәдениетінің орталығына айналып үлгерген отырықшы көршілерімен салыстырғанда ұзақ және баяу жүрді. Осыған қарамастан, оныншы ғасырға қарай Оңтүстік және Орталық Қазақстанның территориясы белгілі бір жағдайда ислам дінін қабылдап үлгерді. Соңынан Алтын Орданың моңғол хандары мен Шағатай ұлысының өкілдері де он үшінші және он төртінші ғасырларда мұсылман болды. Қазақ хандығының пайда болатын кезеңіне қарай ақ сүйектер аристократиясы мен тайпа басшылары мұсылман дінін қабылдағандар қатарынан болды (**Akiner, 1995, 17-18-ші беттер**).

Көшпенділердің мәдениеті жалпы қоғамдастықтың және қоғамдастықтағы жекелеген индивидуумының өмір сүруі қажеттілігін түсінуге негізделді. Қазақтарда «көркем өнер» болған жоқ; олардың эстетикалық сезімі сыртқа қолданбалы өнер арқылы шықты. Акинердің пікірінше, қазақ өнеріндегі көп дүние құбылмалы, ұзақ ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлер негізінде қалыптасқан, қажеттіліктерді өтеуге арналған сипатта болды. Себебі көшпелі өмір салты тұрақты



түрде жазба құжат жүргізуді талап еткен жоқ, алайда сыртқы ықпал өз әсерін тигізе бастаған кезде онымен байланыспау мүмкін емес еді. Қазақтардың материалдық мәдениеті ою-өрнектің мол болуымен, қарапайым дүниелерді үйлестірумен ерекшеленді.

Дегенмен қазақтың ауыз әдебиеті әлдеқайда бай және түрлі бағытта дамығандығымен ерекшеленді. Ол вербалды талантты бағалаушылар тарапынан жоғары бағаға ие болды. Ауыз әдебиетінде мақал-мәтелдердің, афоризмдердің, ертегі мен аңыздардың бай мұрасы қалыптасты. Қазақтарда ауызша әңгімелеу дәстүрі жақсы дамыды. Оның негізі жергілікті қайнар көздерден, сонымен қатар «халықаралық» та болды, оның ішінде қытай, орташығыстық және үнді сюжеттері де кездесті. Кәсіби бардтар қоғамның аса абыройлы, құрметті мүшелері болды, ешбір жиын той олардың қатысуынсыз өтпейтін еді. Олар өздерінің шығармаларын көпшілік алдында орындап, тіпті кейде сол сәтте суырып салып та отырды, көпшіліктің сұрауымен олардың арасында бұрыннан келе жатқан, ұрпақтан-ұрпаққа ауыз әдебиеті арқылы жеткен шығармаларды таңды таңғы ұрып жатқа айтатындары да кездесті.

Көшпенділер мәдениетіндегі аса бір күрделі сала - «жүріп-тұру этикеті». Кез келген индивидуум арасындағы аспект, сонымен қатар индивидуум мен қоғам арасындағы қарым қатынас нақты ережелер арқылы реттеліп отырды. Ер баланың қоғамдағы борышы туралы қалыптасқан мүлтіксіз жалпы қағидалар, үлкендерге құрмет және қонақ күтуге қатысты да өзіндік ережелер болды. Осындай жалпы ережелерден бөлек көптеген арнайы міндеттер болды, олардың арасында парызға қатысты, адалдық және құрметке байланыстылары да бар. Қазақтарда топтық жауапкершілік барлығынан да үстем сипатқа ие болды және егер индивидуумның шамасы келмейтін болса, жазалау кезінде келтірілген нұқсанды қайтару міндеті оның кланының мүшелеріне жүктелді.

Өмір циклінің әрбір кезеңі деп ойын одан әрі жалғастырған Акинер тиісті салтанат пен рәсімдер арқылы көрініс тапты, ол барлық коммуна үшін оқиға болып саналды. Дегенмен қашан да иерархиялық хаттама сақталды, яғни оқиғаға қатысушылардың дәрежесі міндетті түрде ескерілді. Тәртіп пен құрмет көрсетуге қатысты осындай сезім өмірдің барлық саласына енді, ол тіпті киіз үйдің ішіне де қатысты болды, ондағы әр сектордың өз қызметі мен әлеуметтік дәрежесі болды, мәселен құрмет көрсетілетін орын төр болып саналса, есіктің маңы босаға қызмет көрсетушілерге тиесілі орын болып саналды. Этикеттің

осы және басқа да ерекшеліктері коммуникацияның вербалды деңгейін баса көрсетіп және оның кеңейе түсуіне ықпал етті. Ондағы өзін-өзі ұстау және жүріп-тұру ережелері баршаға таныс болды және қажет болған жағдайда ол қандай да бір наразылық немесе керісінше қанағаттанарлық әрекетті білдірген кезде манипуляцияға да ұшырады (Akiner, 1995, 18-19-ші беттер).

Жер аударылған поляк зерттеушісі Б.Залесский өзінің «Қазақ даласының өмірі» атты кітап-альбомында қазақтың ауыз әдебиетіне қатысты түсініктеме береді. Сонда ол ән мен музыка қазақтың мәдени коммуникациясында ерекше рольге ие болғанын атап өтеді. Залесский қазақ әндерін шығарудың схемасын жасап, орындалған шығармалардың (ертегі) мазмұны мен оны айтушылардың әлеуметтік жағдайын қоса отырып сипаттады. Ол жасаған офорттардың ішінде кейбір қазақтың ұлттық аспаптарының бейнесі бар. Дегенмен заманауи филолог зерттеушілер үшін аса қызықты болатын дүние - Залесский жазып қалдырған ел аузындағы хикаялар. «Шора батыр туралы ертегі» Батыс Қазақстан территориясы Қазанмен бірге бір мемлекеттік бірлестік құрамында болған кезде пайда болған (ол Астрахань хандығы, Ноғай Ордасы немесе Қырым Ордасы әлде Өзбек хан ұлысы болуы мүмкін), себебі шығармада аталған қоғамдағы оқиғалар қамтылған. «Қоғұл туралы аңыз» да сюжеттік линиясы жағынан көптеген эпикалық шығармаларға ұқсас, қазақ ауыз әдебиетінің классикасы болып саналатын осы шығармада тек қана жалпы түркі әдебиетіне ғана тән емес, басқа да үндіеуропалық ертегі тіпті Гомердің «Одиссейінің» мазмұнына ұқсас тұстары бар.

Залесский альбом-кітабының тағы бір бөлімінде қазақтардың наным-сенімі туралы да жазады. Поляк зерттеушісінің жазуынша, қазақтар көбінесе культ ретінде ағашқа табынған. Ол тіпті өзінің офорты үшін Орск бекінісіне барар жолдағы бір ағаштың суретін салады. Ол Орь өзенінің Жайыққа құятын тұсы, шамамен Арал теңізінің жағалауынан мың шақырымға жуық қашықтықта орналасқан. Залесский осы ағашты теректің бір түрі ретінде сипаттайды. Қазақтар осы ағаштың жанынан өтіп кетпей, арнайы аялдап, тізерлеп отырып, дұға оқитын болған, өздерінің арман-тілектерін айтып, кейін ағаштың бұтағына киімдерінің бір бөлігінен жыртылып алынған матаны іліп немесе аттың жалы иә болмаса қойдың жүні сияқты нәрселерді байлап кеткен. Мұғалжар тауларында көп түтелі көк өрік ағашына табынған. Сонымен қатар қазақтар басына қыран ұя салған ағаштарға ерекше құрметпен қарап

табынған. Залесскийдің пікірінше, бұл культ қазақ даласында ағаштар аз болғандықтан пайда болған.

Залесский қазақтардың материалдық мәдениетіне де тоқталады. Осы тұрғыда ғалым зерттеу жүргізген Маңғышылақ мекені ол үшін өзіндік ерекшелікке ие бай сәулеті бар үлкен қорым сияқты болып көрінеді. Соның заманында аса танымал болғаны Агаспепар зираты болатын, мазардың қасбеті барельеф түрінде жасалды, сырты өте тартымды бояумен боялған, ал мазардың өзі қашалған тастан қаланды, құм мен саз және әк арқылы сыланып, әктің үйіндісімен қоршалды. Залесский мазарларға ескерткіш қоюдағы екі дәстүрді атап өтеді. Біріншісі «варварлық өнерден» бастау алған, онда тасқа қашалған дала жануарлары мен адамдар бейнесі көрініс тапқан; екіншісі дөңес араб оюлары бар дөңгелек формасындағы қабір үстіне қойылатын ескерткіштер, оларға аса сирек болса да түркі жазулары жазылған. Залесский осы көптеген мазарлар орналасқан жер Алтын Ордадағы қасиетті орталық болған деп санайды. Себебі сол замандағы билеушілер қайтыс болған адамдарды қасиетті жерлерге жерлеуге тырысқан. Жерлеу сәулетінің барынша ұқыпты болуы Бұқара мен Самарқандтың жақын орналасуымен түсіндіріледі. Қазақ даласында Залесскийдің пікірінше, Хан-Сүйек деген жер бар, ол да Жайық пен Арал теңізінің аралығында орналасқан архитектуралық қорық, сол жерде Мамай ханның сүйегі жерленген болуы мүмкін. Қорым жарты шаршы шақырымнан артық жерді алып жатыр, ондағы бейіттердің барлығы мәрмәр тастар мен граниттен салынған.

Америкалық ғалым Т. Уиннер өзінің «Қазақтардың ауыз әдебиеті мен шығармашылығы» атты кітабында қазақ фольклорына көшпелі өмір салтының қалай ықпал еткеніне үлкен назар аударады. Шын мәнінде, Уиннердің пікірінше, халықтың экономикалық өмірі мен әлеуметтік құрылымының номадизмге негізделгені оның рухани шығармашылығында көрініс таппауы мүмкін емес. Қазақтың ұлттық рухының квинтэссенциясы (нағыз мазмұны) мәдениет ескерткіштерінде, ол қазақтың батырлар жыры. Ол өз кезегінде қазақтың классикалық қоғамының мәдениетінің мінез-құлқын саралаудың реттеушісі әрі стандартына айналды. Уиннер эпостан қазақтың ұлттық мәдениетінің дамуының биік шыңға шыққанын көреді; батырлар жыры қазақтың бұрынғы тайпалары фольклорындағы барлық жақсы үлгілерді, оны жалпыландыра отырып, бойына дала мәдениетінің кодексін сіңірген. Соңында батырлар жыры кейінгі қазақ әдебиетінің дамуы үшін негіз

болып қалыптасты. Одан бөлек батырлар жыры тек қана қазақтардың емес, сол замандағы басқа да түркі халықтарының, елмен қоныстас орналасқан түрлі мемлекеттер туралы ақпарат беретін тамаша тарихи ескерткіш болып саналады (**Winner, 1958, 54-85-ші беттер**).

Сонымен қатар, Олкотт қазақтың дәстүрлі мәдениеті номадизм және көшпелі экономика негізінде қалыптасқанын айтады. Қазақ қоғамы барынша тәуелсіз сипатқа ие болды, ол қала мәдениетіне тәуелді болған жоқ, ал ондағы дәстүр күнделікті өмір сүру дағдыларына лайықталған болды. Қазақтар мыңдаған жылдар бойы түркі тайпалары қалыптастырып кеткен мәдени дәстүрді сақтап қалды, аймақтық және әр тайпаның өзіндік ерекшелігіне сай айырмашылықтар болғанмен, қазаққа дейінгі құрам мен қазақ конфедерациясы тайпасы өмір сүрген далада іргелі мәдени гомогендік сақталды. Тіптен осы аймақта қалып қойған моңғол тайпалары да осы жерге сіңісіп кетіп, жергілікті мәдениетке моңғол саяси мәдениетінің және заңнамалық жүйесінің элементтерін енгізе отырып, осы жерде басымдыққа ие болған түркі мәдениетін қабылдады.

Олкотт қазақ-түркі мәдениетінің тұрақтылығының ең үздік куәсі жергілікті діни сенім ислам діні қабылданғаннан кейін де және XVIII ғасырдың басы мен XIX ғасырдың аяғына дейін, Оңтүстік Қазақстан қалаларында VIII ғасырдың өзінде ислам діні толық енгізілгеніне қарамастан сақталып қалуында болуы мүмкін деп санайды. Қазақ даласындағы түркі көшпенділері ресми түрде ислам дінін 1043 жылы қабылдады. Қазақ мемлекетін құрған Жошының ұрпақтары да өздерін мұсылман санаған, барлық мұсылман әлемінде де солай қабылданған. Қалада өмір сүрген қазақтар (негізінен саудагерлер) ислам дінін ұстанған. Дегенмен қарапайым көшпенділердің, даладағы нобилитеттер сияқты ислам дәстүрі мен діни тәжірибеге қатысы шамалы болды. Олкотт бұл жағдайды қазақ тайпаларының күнделікті өмірінің ислам діні туралы көп айтылатын мешіт пен медреселермен, жалпы қала тірлігімен тығыз қарым-қатынасы болмағанымен түсіндіреді. Сұлтандар мен хандар белгілі бір жағдайда діндар болды, тіпті кейде жандарына молдалар мен медреседе білім алатындарды ертіп жүрді, негізінен олар хатшының қызметін атқарды. Өте сирек жағдайда болса да елге өтіп кетіп, дін насихаттағысы келген миссионерлердің жолы болмады. Қазақтың сұлтандары мұсылман институттарына құрметпен қарады, тағдыр оларды оңтүстік өңірдегі қалаларға алып келгенде де олар ислам руханиятына қолдау білдірді.

Осындай қарым-қатынас олардың ислам діні туралы білімінің қалыптасуына ықпал етті, нәтижесінде XVII ғасырдың соңында қазақтың ауыз әдебиетінде жаратушы Алла мен Мұхаммед пайғамбарға мадақ айтқан сюжеттер кездесе бастады. Тәуке ханның кодексі қазақтар XVII ғасырдың соңында шариғат элементтерін қабылдай бастағанын көрсетеді. Дегенмен, жалпы алғанда ислам заңнамасы далада қолданыста болған жоқ. Қазақтарда зекет және ушур сияқты исламдық салық нормалары болмады. Қазақтардың исламға қатысты нақты байланысы қазақ даласында саяхаттаған сопылармен ғана болды.

XVIII ғасырда қазақ даласына келген жиһанкездер де өздерінің көрген-білгендері туралы жазғанда қазақтарда мешіт пен медресенің болмағанын, сонымен қатар Жетісудағы және Оңтүстік Қазақстандағы мешіттердің басым бөлігі моңғолдардың шапқыншылығы кезінде қиратылғанын, кейін қайта қалпына келтірілмегенін жазады. Олкоттың пікірінше, қазақ ортасына ислам діні ықпалының аз болуының себебі мынадай: қазақтар араб тілін түсінген жоқ, осы жағдай Құранды оқуға кедергі келтірді; қазақтар әлемдік құрлықтағы сауда жолдарының Орталық Еуразиямен байланысы үзіліп қалған соң негізгі мәдени ағынға ілесе алмай қалды, осының салдарынан қалаларының дамуы тежелді; көшпелі өмірде өз-өзін қамтамасыз етуге жағдайдың жеткілікті болуы жергілікті халықтың солтүстік-батыстағы татарлардың мұсылман орталықтарымен немесе оңтүстіктегі шағатайлықтармен байланыс жасауын қажет етпеді. Осындай оқшаулану қазақтың діни наным-сенім тәжірибесінде шаманизмнің, анимизмнің және аруаққа табыну культі элементтерінің сақталып қалуына ықпал етті. XIX ғасырдың ортасында қазақтың діні Темір дәуіріндегіден айтарлықтай ерекшеленген жоқ. Қазақтар өлген адамның рухы күн, ай, жер және жануарларға қонады дегенге сенді. Қазақ діни сенімінің негізінде жақсылық (кие) пен зұлымдық (кесір) арасындағы күрес туралы аңыздар жатты, оның қолданыстағы сипаты бойынша, Мұхаммед жақсылықтың бастауы, яғни кие. Қазақтар өлген адамдардың жанымен байланыстың орнайтынына сенді, сол себепті өмірден өткен адамдарға құрбандық шалып, монотеистік діннің рәсімдерін жасады.

Негізгі рух-жер-ана, су-ана, от-ана, шопан-ана, зеңгі-баба, қамбар-ата және ойсыл-қара. Қазақтар малға тәуелді болып өмір сүрген соң, олар рух жануарларға қонады деп сенді. Осы тәуелді ұғым қазақтардың сөз қолданысында да көрініс тапты. Өз кезегінде мал

шаруашылығы экономикасы қазақ әдебиетінің дәстүрінде де көрініс тапты. Қазақтардың ауызша таралған эпостары да көшпелі өмір салтын, әсем табиғат пен қоршаған орта, еңбек адамдарын жырлайды. Қазақ эпосының басты кейіпкері – жауынгер, батыр, ол үлкендерге қызмет етеді, әлсіз жандардың өмірі немесе шыққан ауылының мал мүлкін қорғап қалады. Қазақ эпосының тағы бір ерекшелігі онда поэзия мен проза астасып жатады. Ол біздің заманымызға ұрпақтан-ұрпаққа ауызша таралып жеткендегі нұсқалары. Хронологиясына назар аударатын болсақ, олар түрлі кезеңдерге жатады: Қобыланды батыр — XV-XVI ғасыр, Ер-Сайын — XVI ғасыр, Ер-Тарғын — XVI ғасырда пайда болған. Аталған эпостардағы басты сюжет — қазақтар мен қалмақтардың соғысы. Лирикалық эпостарды алатын болсақ, «Қозы Көрпеш пен Баян Сұлу» шамамен XIV ғасырда жазылған.

Қазақ үшін басты олжа – хандық дәуіріндегі поэма мен поэтикалық өлеңдердің бүгінгі күнге дейін жеткені. 1870-ші жылдарға дейін ел арасында ауызша таралып келген шығармалар кейін қазақ зиялы қауымының қарқасында қағаз бетіне түсті. Дегенмен осы поэзия кеңес үкіметі кезінде онда феодалдармен, аристократиямен ассоциация және исламның сопылық рухы бар деген желеумен қудаланды. Олкоттың пікірінше, классикалық қоғамда әдеби дәстүрді ұстанатындар екі топқа бөлінген, шығарманы жеткізушілер мен оны жазушылар: оның бірі ақындар болса, екінші жыраулар. Егер алғашқысы ауылдан-ауылға қатынап, ежелгі эпостарды айтатын болса, кейінгісі өз тайпасының құрметті азаматы ретінде өмір сүрген. Олкотт оларды сопы руханиятын ұстанушылар деп таниды. Ақындармен салыстырғанда жыраулардың сөзінің салмағы бар, ойы тере, айтары басым болған, таным көкжиегі кең Досмамбет жырау (1490-1523) сияқты азаматтар кезінде Стамбулға дейін саяхаттаған. Өз жырларында Досмамбет сопылық рух пен дәстүрлі жырларды үйлестіріп, батырлардың да ерлігін жырлаған. Әйгілі Асан қайғы сияқты ақындар есімі тарихқа енген, оны Шоқан Уәлиханов көшпелі қазақ философы деп атаған. Асан Қайғы Ұлы Мұхаммед ханның сарайынан кетіп қалып, Жәнібек пен Керей сұлтандардың қатарына қосылып, оларға жаңа мемлекеттің іргесін қалауға көмектеседі. Өзінің «Хан Жәнібекке сәлем» атты жырында ол қазақ иелігіне өткен жаңа өлкенің әсем табиғатын жырлайды да билікке келген ханға ақ жол тілейді.

Кейде эпостар поэзиядан бұрын, ғылыми қызығушылық тудырған. Сондай шығармалар қатарына Олкотт «Қыз Жібекті жатқызады», онда

қазақ халқының көптеген салт-дәстүрі суреттеледі, құда түсу, үйлену тойы кезінде жасалатын жоралғылар, сонымен қатар әмеңгерлік туралы да айтылады. Осының негізінде Олкотт үйлену тойы қазақ өміріндегі ең маңызды оқиға деген түйін жасайды. Қыздар 13-14 жасында тұрмыс құрған, ал ұлдар 15-16-ға келгенде үйленген. Неке құру туралы шешімді жастардың ата-аналары олар ер жеткенге дейін 10 шақты жыл бұрын өзара келісіп, қабылдаған. Құдалық қалың мал төленген соң ғана болған. Сұлтан сияқты ауқатты азаматтар қалың мал үшін жүздеген, мыңдаған мал төлеген, дегенмен оның орташа көлемі әдетте жүз бас малдан аспаған, көбінесе оған қой берген. Қазақтардың басым бөлігі моногамды болған, себебі полигамия үшін материалдық жағдай жеткілікті болмаған (дала заңы бойынша әр әйелдің өз отауы мен шаруашылығы болуы тиіс еді).

Мұрагерлікке қатысты ер адамның құқы басымдыққа ие болды: балалар қандай жағдай болмасын әкесінің ауылында қалды, жесірдің күйеуінің туысқандары ол үшін жауапкершілік алып, малына ие болып, әмеңгерлікпен әйелі етіп алды. Осылайша, америкалық зерттеуші қазақтардың қарапайым құқы мен оның тәжірибе жүзінде пайдаланылуы көшпелі мал шаруашылығына негізделгенін айтады. Қалың мал беру мен жастардың отбасы құруы үшін ата-аналардың әрекет етудегі мақсаты қоғам ішіндегі және қазақтар бақылауына алған дала территориясы ішіндегі тұрақтылықты сақтау болатын. Қазақтардың салты мен заңдарына жасалған анализ олардың тең дәрежеде мұсылман өзбектерден де, моңғол қалмақтардан да бойларын бөлек ұстаған, өзіндік мәдениеті бар ерекше халық екенін көрсетті. Қазақты қос бүйірінен қысқан аталған қуатты көршілер олардың жерін тартып алып, халқын бодан қылғысы келді. Тек қазақтың мәдениеті ғана олардың өз бетімен қалуына, яғни өз психологиясы, салт-дәстүрі мен көзқарасы бар халық ретінде қалуына мүмкіндік берді (**Olcott, 1995, 18-23-ші беттер**).

Тағы бір америкалық зерттеуші, түркі филологиясы бойынша белгілі маман, Сиэтл университетінің профессоры И.Лауде-Циртаутас тіл білімі және түркітану бойынша жазылған өз жұмысында материал ретінде қазақ эпосына арқа сүйейді. Ол қазақ тіліндегі ересектердің кішкентай балаларды еркелетуге арналған сөздеріне қатысты арнайы мақала жазады. Ол ересек адамдар әңгімелесіп отырғанда әдетте өздерінің жастық жағында айтқан эпостардағы сөздер мен сөз тіркестері, мақал-мәтелдерді қолданып сөйлейтініне назар аударады. Олар балалармен

тілдескенде әдетте сондай жұмсақ үнмен сөйлейді. Авторды қазақтардың балажандығы мен үлкендерге деген құрметі таң қалдырған. Қарт адамдар балаларымен сөйлескенде оларды еркелетіп, махаббатын білдіргенде, айналып-толғанып айтатын сөздерге қосылатын жұрнақтар мен түрлі конструкциялар көмегімен қатар, жағымды тілек пен баталары қоса айтылады. Лауде-Циртаутас осы сөздерді бірнеше топқа бөліп қарастырады: қыз балаларға да, ұл балаларға да қатысты (бозбала мен бойжеткен) айтылатын ортақ сөздер, мысалы қалқам, шырайым, қозым және т.б.; кез келген жастағы қыз балаларға да, ұл балаларға да қатысты айтылатын қаратпа сөздер (жұлдызым, күнім); тек қана ұл балалар мен бозбалаларға қатысты айтылатын сөздер (ботам, тұлпарым, батырым, төрем); тек қана қыз балалар мен жас келіншектерге қатысты айтылатын сөздер (қарашашым, алтыным, аруым, айым). Америкалық ғалым мына фактке ерекше назар аударады, қаратпа сөздер арасында абстрактілі термин жоқ, сонымен қатар өсімдікке қатысты теңеу өте сирек кездеседі (балдырған, құрайым). Татарлар мен түріктермен салыстырғанда қазақтар еркелету барысында балаларын тәттіге теңемейді. Кейде мағынасы келемеждеуге келетін, жағымсыз сипаттағы сөздер де еркелету мақсатында да қолданылады (қарғам, жаманым, тентегім). Еркелетуге арналған терминдер әдетте негізгі есімнің орнына айтылады, ал қысқартып айтқысы келсе, оны негізгі есімге қоса айтады. Ересек адамдар балаларына деген сезімін бір сөзбен ғана айтып жеткізген. Лауде-Циртаутас еркелету мақсатында айтатын терминдерді қазақтың ауыз әдебиетінен де тапқан, ол эпикалық жырларда, бесік жыры және жоқтауларда айтылады (эпос «Ер-Тарғын»). Автор ересектер ауыз екі тілдескенде еркелетіп айтатын сөздер мен ауыз әдебиетіндегі дәл осындай мағынадағы сөз қолданыстары арасында тығыз байланыстың бар екеніне назар аударған. Зерттеушінің пікірінше, осындай сөздерді жекелеген жыраулар ойлап шығарып, қолданысқа енгізген, кейін ол ауыз әдебиетіне еніп, күнделікті қолданысқа ауысқан<sup>167</sup> (**Laude-Cirtautas, 1979**).

И.Лауде-Циртаутас «Манас» эпосын зерттеу мәселелері» (Зерттеудегі және қазақтардың ән дәстүріндегі эпос)» атты тағы бір жұмысын «Манас» эпосын зерттеу мәселелеріне арнайды. Бұл заманауи түркі әдебиеттануындағы аса өзекті мәселелердің бірі. Оның жұмысының негізінде революцияға дейінгі және кеңес заманындағы

<sup>167</sup> Америкалық зерттеуші өзінің көрген-білгенін қазақ тілінде жариялады. Қараңыз.: Известия Академии Наук Казахской ССР. Сер. общ. наук. 1972. № 4. — С. 75-80.



қазақ және қырғыз ғалымдарының еңбектері де қарастырылған<sup>168</sup>.

Бірінші бөлім осы мәселені шешудегі зерттеу жұмыстарының қорытындысына, яғни Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Ә.Марғұлан мен Р.Бердібаев еңбектеріне арналған. Уәлихановтың Қырғызияға жасаған сапарына сипаттама беріледі, онда ол қырғыздардың бірнеше эпостың жырларын жазып алған. Ол сіңірген еңбектің бірі қырғыздар сүйіп айтатын «Манас» жырының бір бөлігін жазып алуы. Автор М.Әуезовтың да бай эпикалық материал жинап, жарыққа шығарғанын жазады. Ол жекелеген эпикалық мәтіндерді оның түрлі нұсқаларымен қатар жариялаған. Қазақ және қырғыз халқының эпикалық мұрасын зерттегенде ол ақындардың шығармашылығына ерекше назар аударған.

Осы мәселені зерттеуде Ә.Марғұланның 1964 жылы «Манас» мәтінінің қырғыз тіліндегі нұсқасын табуы үлкен маңызға ие болды, кейін оны А.Хатто ағылшын тілінде толыққанды түсініктеме жаза отырып жариялады. Р.Бердібаев зерттеулерінде қазақтың ән дәстүрінің көршілес түркі халықтары дәстүрімен, ең алдымен қырғыздармен байланысы көрсетілген. Мақаланың екінші бөлігінде автор «Манас» эпосының тілдік ерекшеліктеріне және қазақ ақындарының шығармашылығына тоқталады. Осы эпосты зерттеушілер оның ерекше ескерткіш болғаны өз алдына, жырдағы сөз қолданысына таңдай қаққан, ол ортаазиялық түркі жырының өлең құрылымына сай жазылған жалғыз туынды (жеті, сегіз буынға дейін баратын бөлінбеген жолдардың басындағы аллитерация). Қазақ ақындарының эпикалық мәтінін талдай отырып, зерттеуші онда аллитерациялық форма бар екенін атап өтеді.

Қазақ орындаушыларының репертуарын зерттеген Лауде-Циртаутас ол түрлі сипатқа ие болған деген қорытындыға келеді: «Манаста» жазылған жеке эпизодтардан бөлек, онда соған сәйкес мағынада, бірақ өз жандарынан қосып айтқандары да кездескен. Мәселен, қазақтың әйгілі ақыны К.Әзірбаевтың репертуарымен танысқан автор оның шығармашылығына қырғыз ақындарының ықпалы жоғары болғанын жазады. Осыған байланысты «Төкетай мен Мәнікер» эпосының мазмұны мысалға келтірілген. Ол аударма емес, ақынның өзі жазған төл туынды. Эпикалық мәтіндерге жасалған сараптама барысында автор жыраулар өз орындауларында басты кейіпкерлердің аттарын атағанда көрші ру мен халықтың эпикалық

<sup>168</sup> Laude-Cirtautas I. Fragen der Manasforschung: (Das Epos in Forschung und Gesang bei den Kasaken.) // Central Asiatic Journal (Wiesbaden). 1984. V. 3-4, — pp. 220-233.

батырларының атын қоятынын айтады. Дәл осындай батырларды иелену қазақтың «Ер-Көксе» эпосында да бар, онда «Манас» эпосындағы кейіпкер аттардың ұқсастығына қарамастан, оқиғадағы әрекет басқаша өрбиді. Әрі қарай осы сұрақты қырғыз зерттеушілері өз еңбектерінде қалай қарастырды деген сауалдың жауабы беріледі. Бұл жерде қырғыз ғалымдары арасында дау туғызатын мынадай бір сұрақ бар. Қазақтарда «Манас» жырының өз нұсқасы бар ма? Әлде олар оны қырғыздардан алған ба?

Лауде-Циртаутастың пікірінше, қазақ зерттеушілері бұл сұраққа онша мән бермейді және маңызды деп санамайды, дегенмен жоғарыда аталған эпостық жырларды қазақ және қырғыз халықтарының ортақ шығармашылық мұрасы деп таниды. Ал «Манасты» қазақтар қырғыздардан алды деген пікірге қатысты автор зерттеу барысында қандай да бір тұжырым жасауға асықпайды.

Жыраулар Манасты және оның серіктерін ноғай деп атағаны белгілі. Ноғай кезеңіндегі оқиғалар (XV-XVI ғ.) тарихи жырда көрініс тапқан, нәтижесінде сол заманның батырлары жырда басты кейіпкер ретінде сомдалады. Лауде-Циртаутастың пікірінше, уақыт өтке келе Манастың ноғай батыры ретінде жырлануы қырғыз жырауларының арқасы. Дегенмен қырғыз ғалымдары өз жырауларын, манасшыларын қайталанбас тұлға санайды. Автор олардың мағынасына назар аудармастан, түрлі эпикалық жырлардың бірігіп кетуінің бастамасын қазақ ақындары жасаған деп санайды. Осылай бола тұра, Лауде-Циртаутас зерттеушілердің назарын Маңғышылақта табылған ноғай батырлары туралы жырдың үзіндісіне аударады. Автор оның тек үзіндісінің ғана жарияланғанына өкініш білдіре отырып, оны зерттеу «Манас» және қазақтың барлық эпостық шығармаларының зерттеуіне жаңа серпін берер еді деп жазады. Ақындардың эпостық жырлары мәтіндерінің Батыс Қазақстан территориясынан табылуы қазақтың батырлар жырының орталығы бұрын белгілі болғандай шығыста немесе оңтүстік шығыста емес, нақты осы жерде болғанын аңғартады. Осылайша, қазақтардың «Манас» жырына қатысты өз нұсқасы болды ма деген сұрақтың жауабын анықтау үшін, оңтүстіктегі ақындардың мәтінін емес, батысқазақстандық ақындардың мәтінін қарастыру керек, себебі оңтүстіктегілерге қырғыздардың ықпалы болуы әбден мүмкін.

Қорыта келе ғалым «Манас» эпосына қатысты бірқатар зерттеулер жүргізілгеніне қарамастан, осы саладағы жұмыс әлі аяқталған жоқ

деп тұжырым жасайды. Автордың пікірінше, барлық түркі халықтары және моңғолдардың эпикалық дәстүрі дамығанына байланысты осы зерттеулерді одан әрі жалғастыру қажет.

\* \* \*

Осы бөлімді аяқтап, келесі тарауға көшу үшін К.Пужольдің мына бір сөздеріне сілтеме жасамаса болмас, «Қазақстанның тарихы қарама-қайшылыққа толы». Мыңжылдықтар бойы ұлан-ғайыр территорияға ие болғанмен, қазақтар бертін келе көшпенді ретіндегі ерекшелігін және өзінің түркітілді монополиясын жоғалтты. XVIII-XIX ғасырлар олардың ресейлік саясат саласындағы интеграциясына куә және бетбұрысты болып қалғаны күмәнсіз: отырықшылықтың басталуы, әкімшілік бөлініс, медико-санитарлық саясат, мектепте білім беруді орыстандыру саясаты, егін шаруашылығы алқаптарын көбейту, канал құрылысы, капитализмнің енуі, банк жүйесі, әр киіз үйге салық салудың салдарынан болған ақша эволюциясы, славяндық бастауды жеделдету, православ дінінің таралуы.

Осындай мәдени сілкіністерді бастан өткізген Қазақстан Азиялық Шығыс пен Батыс арасындағы синтез болып табылады, өйткені оның екі түрлі этникалық тамыры бар: орыс және қазақ, екеуі де әртүрлі мәдени жүйе: атеизмнен қашқан православ діні және шаманизмге ниеттенген ислам. Дәл қазіргі уақытта қазақтың тамыры басымдыққа ие, басты мәселе оның қаптаған ағайындарын қалай және қандай деңгейде қабылдай алатынында (Poujol, 2000, 122-124-ші беттер).

## IV тарау. Дәстүрлі көшпелі қазақ қоғамының модернизациясы

### § 1. Орыстардың ықпалы

Ш.Акинер өзінің «Қазақстандық бірегейлікті қалыптастыру» атты кітабында XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы жаппай славяндық иммиграция болғанға дейін орыстардың қазақ даласындағы саны да, олардың қазақтарға ықпалы да аз болды. Дегенмен, XVIII ғасырдың ортасынан бастап орыстардың қазақ даласының солтүстік бөлігіндегі экономикаға, мәдени және саяси өмірге белгілі бір ықпалы сезіле бастады. Бұл үрдіс көшпелі тірлік отырықшылыққа және еуропаландыруға айырбасталған соң басталды. Орыстардың ықпалы төмен болған елдің оңтүстіктегі аймақтарында отарлау кеш басталды, олардағы отырықшылыққа көрші елдердегі мұсылман қауымының әсері болды.

XIX ғасырдың басында Ресей Орта және Кіші жүздің территориясында радикалды саяси реформаларды жүргізу күшіне ие болды. Олар Ресейдің аймақты тікелей басқару және қанауына жол берді, солай бола тұра ол ру-тайпа жүйесінің географиялық, экономикалық және әлеуметтік негіздеріне тікелей әсер етті. Ресей территориялық принцип бойынша салынған әкімшілік бірліктерді енгізді, реформаторлардың ойынша ол дәстүрлі ру-тайпа топтарымен сәйкес келуі керек еді, бірақ олар ұзақ кезең бойы қалыптасқан көшпелі бағыттарды ескерген жоқ. Сұлтандардың саяси билігі жойылды, орыс әкімшілігімен жұмыс істегендері кейін жаңа әкімшілік аппарат құрамына еніп, ресейлік мемлекеттік қызметкер болып кетті. Оларға дәрежесі мен қызмет істеген жылдарына қарай кейін әскери және азаматтық атақ берілді.

Б.Залесский «Қазақ даласындағы өмір» атты кітап-альбомында Күзембай деген бір қызық персонаж туралы жазады. Ол бұрын барымта жасаумен айналысса, ресейлік әкімшілік енгізген тәртіптен кейін ресми қызметке өтіп, ауыл басқарады, алтын медаль алады, тіптен кейін би болуды армандайды. Залесский қазақ даласында болғанда, барымтаның қалай жойылғанына куә болады (**Zaleski, 1865**).

Ш.Акинер ресейлік үкіметтің Қазақстанның барлық территориясын империянықымен біріктіру туралы қойған мақсатына қарамастан,

1867-68 жылы болған жаңа әкімшілік бөлініс қазақ жерлерін ортақ әкімшілік бірлікке қосуға рұқсат бермеді. Қазақстан осы кезде үш зонаға бөлінді, оның әрқайсысы әртүрлі генерал-губернаторлықтың қоластындағы әкімшілік басқаруда болды: Орынбор (Орал мен Торғай облысы), Батыс-Сібір (Ақмола мен Семей) және Түркістан (Сырдария мен Жетісу). Осындай бағыну қазақтың бұрыннан қалыптасқан рутайпа байланыстарын бұзып, жүз арасындағы дәстүрлі шекарасына да сәйкес келмеді, салдарынан бюрократия ұшығып, көшпенділер жаңа әкімшілік бөлініс шекараларынан аса алмай, үйреніп қалған бағыттары бойынша көшіп-қона алмады. 1860-шы жылғы әкімшілік құрылым автордың пікірінше, Қазақстанның болашағы үшін де әсер етпей қоймады. Мәселен, солтүстіктегі территорияда өндіріс жақсы дамығандықтан олар барынша еуропаланды, ал оңтүстікте исламның ықпалы жоғары болған соң олар сол баяғы ауыл шаруашылығынан әрі аса алмады. Бүгінде содан бері қаншама уақыт өтсе де тарихтағы айырмашылық әлі күнге дейін сезіледі (**Akiner, 1995, 23-24-ші бет**).

Орыстармен арада орнатылған тікелей және ең негізгі байланыс қазақтың экономикасына байланысты болды. Шекаралық зона сауда орталықтарына айналды. Онда көпестер көшпенділермен, сонымен қатар Хиуа, Бұқара мен Ташкенттен келген саудагерлермен іскерлік қатынас орнатты. Бұл жағдай сауданы әртараптандырып, оның жоғары қарқынмен дамуына жол ашты. 1830-шы жылдары жәрмеңкелер империяның сауда жүйесінің бір тармағы ретінде тұрақты түрде ұйымдастырылып тұрды. Қазақстанмен арадағы сауданы реттеуге Нижний Новгород атсалысты. Орыстарды қызықтырғаны аттар мен қойлар болды. Ал қазақтар болса, орыстардан киім-кешекке қажетті мата, шыныдан жасалған бұйымдарды алды. Ресеймен сауда жасау барысында қазақ қоғамында сауда буржуазиясының түп бейнесі ретінде байлардың табы қалыптасты. Қазақ байларының табысы өскені сонша олар 1837 жылдан бастап әр киіз үй үшін күміспен салық төлей бастады.

Дәл осы кезде өңірде индустрияландырудың алғашқы үрдістері жүзеге асырыла бастады. Ол ресейлік нарыққа арнап өнім шығаратын тұз қайнату орталықтары болды. Ғасыр соңында Қазақстанның барлық аймағында тау-кен өндірісі жандана бастады, XVIII ғасырдан бастап мыс пен қорғасын өндірген аймақта еуропалықтар мен америкалықтардың көмегімен алтын мен күміс өндірісі іске қосылды. Көптеген қазақтар маусымдық жұмыс істеп күн көре бастады. Орынбор-

Ташкент темір жолының құрылысы басталғанда оларға деген сұраныс артты. Осылайша кезіндегі көшпелі халық отырықшылардың өміріне біртіндеп көше бастады деп жазады Акинер. Ақшаға деген тәуелділік күшейген сайын көшпелі экономикадағы жалпыға ортақ дағдарыс күшейді. Оған әкімшілік өзгерістер қатты әсер етті, көшпелілердің бағытында аласапыран болды. Оның үстіне дағдарыс кезінде жұт болып, оңтүстіктен де шабуыл жасайтын тонаушылар қатары көбейді. Осы факторлардың барлығы жинала келіп номадтардың жаппай шығынға ұшырап, кедейлердің қатарына қосылуымен аяқталды. Жағдай бұрынғы әлеуметтік құрылымның өзгеруіне байланысты ушыға түсті. Бұрын қоғам көшін бастағандар (сұлтан, батыр, билер) отаршыл әкімшілікпен бірге әріптестік байланыс орнатты. Жаңа амбицияларын көрсетуге барын салған олар бұрынғыдай тайпаластарының тағдырына, материалдық жағдайына алаңдаған жоқ. Байлардың экономикалық мүддесі олардың қоғамынан тыс жерде болды, олар бұрынғыдай мал өсірумен шектелмеді. Ғасырдың соңына дейін көшпелі мал шаруашылығы әсіресе оңтүстік аймақта сол бұрынғы сипатта сақталғанмен, басқа өңірлер қозғалыстың, жаңа бағытта даму қажет екенін ерте түсініп, шаруашылықтарының бағыттарын ауыстыра бастады. (**Akiner, 1995, 24-25-ші бет**).

М.Олкотт өзінің кітабының бір бөлімін орыстардың саудасының Қазақстанға қалай әсер еткеніне арнады. Ол орыс саудасы 1738 жылдардан басталған деп санайды, осы уақыттан бастап Ресей үкіметі алтын және күміс монеталарды, сонымен қатар темір мен бидайды осы елге тасымалдауды бастайды. Осы уақытқа дейін орыстар мен орталықазиялық хандықтар арасындағы байланыс шартты сипатқа ие болған. Орыстар нарығы дамыған сайын қазақтармен сауда жасауға қызығушылық танытып, дала арқылы әрі қарай тауарларын Орта Азия, Парсы мен Қытайға экспорттауды көздейді. Орынбор мен Семей арқылы өткізілген тауарлардың үштен екісін Қазақстанның оңтүстігі мен шығысында орналасқан елдер тұтынды. 1785 жылы сауда көлемі 200 мың рубльге жетті. Қазақтар сатып алған негізгі тауар қант, киім-кешек, бидай мен металл болды. XIX ғасырдың басында ресейлік үкімет жаңа сауда тарифтерін бекітті. XIX ғасырдың ортасында ресейлік сауда үш негізгі керуен жолына бөлінді, олар Еділ бассейнінен Бұқараға және Парсының шығыс және оңтүстік аймағында орналасқан өңірлерге қарай бағытталды. Негізгі жол Орынбордан басталып, қазақтың маусымдық базарлары арқылы даланың батыс бөлігіне жіберілді

(Хан ордасы), сол жерде ол бөлінді. Оның екінші жартысы Хиуаға тасымалданды. Қалғаны Семей мен Петропавловскіге жөнелтілді. Семейден тауарлар орта жүздің маусымдық базарына және Қоқанд, Құлжа мен Қашқарияға жіберілген. Петропавловскіде Ташкент, Бұқара мен Түркістанға, сонымен қатар Құлжа мен Қоқандқа жіберілетін керуендер дайындалды.

XIX ғасырдың алғашқы жартысында, керуен өтетін жолдың бойында орналасқан елді мекендер еуропалық сетльменттер сияқты бола бастады (Орынбор, Орск, Орал, Семей, Петропавловск және Троицк). Негізгі тауар алмасу металға теріні айырбастау арқылы жүзеге асырылды. Сауда маусымдық сипатқа ие болды, қар ери салысымен қатынас жалғасын тапты. Керуендердің жүріп-тұру қауіпсіздігі сақталды. Дегенмен, рулар арасындағы тұрақты шиеленістер және орыстарға қарсы тайпалардың шабуылынан қорғану үшін керуенмен бірге жүріп өтетін аймақты бақылайтын әскери эскорт еріп жүрді. Мысалы, 1850 жылы Орынбордан Бұқараға бағыт алған керуен сапары 75-80 күн, ал Орсктен Бұқараға 40-50 күнге ұласты. Жылына осылай Петропавловскіден Ташкентке дейін бір және Троицқіден екі рет, жалпы саны үш мәрте сапар ұйымдастыруға болатын еді (мамыр, тамыз, қараша). Хиуалықтар Орынборға жылына мақта тиелген 2-3 және Астраханьға 1 керуен жіберді. Керуен сауданың өзіндік құны өте жоғары болғандықтан, ресейлік нарықтағы баға да, ең алдымен мақтаның бағасы аса қымбат болды.

Олкоттың пікірінше, Ресей экспорт көлемін ұлғайту жұмысына 1825-30 жылдары кірісті. 1830-шы жылдары Ресей Орта Азия мен Қытай арасындағы сауда айналымын өсіруге тырысты. 1840 жылға қарай, ресейлік тауардың 37%-ы ортаазиялық шекара арқылы өтті. 1791-1853 жылдар аралығында орыстың Орта Азиямен саудасы 350%-ға өсті. Осы уақытта Қазақстан мен Орта Азияға тасымалданған ресейлік тауарлардың 75%-ы өндірістік болды. Осы үрдістің соңы 1850-60-шы жылдары ресейлік жеңіл өнеркәсіптің ортаазиялық мақтаға деген сұранысын арттырды. 1841-1860 жылдар аралығында Ресейге тасымалданатын мақта импорты төрт есе ұлғайды. АҚШ-тағы азаматтық соғыс салдарынан Нижний Новгородтағы мақтаның бағасы бұрын 1 пұт үшін 4-5 рубльден болса, кейін 1864 жылдары 20-22 рубльге дейін шарықтап кетті. Сыртқы жағдай Ресейге мақта өндірушілерден өндіріс қарқынын арттыруды талап етті. 1864-65 жылдары Орта Азияны жаулап алғаннан кейін, мақта саудасы қызды. Тиісінше Ресей экспорты да күрт көтерілді. Өңірді жаулап алғанға дейін

Қоқандтағы ресейлік киім-кешек экспорты 74 рубль болса, 1867 жылы жалпы сомасы 12 млн. рубльге жетті.

Пужоль бертінгі және ежелгі тарихты ескере отырып, қазақтың бірегейлігі дуалды сипатқа ие деп санайды: Қазақстанға қатысты айтылған ой оның өзіндік ерекшелігіне қатысты, мәселен еуропалық үлгімен Ресейден алынған тәжірибе арасында синтез жасай алуы және түркі-мұсылман іргетесы қаланған дәстүрлі бағыт – отырықшылық үрдісінен қиындықпен өткен көпұлтты және көп конфессионалды бола тұра, кейін мәжбүрлі түрде өткізілген секуляризация және осының барлығы шаманизмнің қолданыс аясында болған (**Poujol, 2000, 93-ші бет**).

Екі жүз жылдан астам уақытқа созылған қазақ-орыс қарым-қатынасының тарихын қорытындылай келе, М.Олкотт өзінің «Жүрілмеген жол» атты кітабында Қазақстан туралы былай деп жазады: «Қазақстанға енді әлемдік саудаға шығу үшін делдал керек емес. Шын мәнінде олардың көпшілігі ғасырға созылған отаршылдық және оның соңынан жетпіс жыл бойы кеңестік үкіметтің құрамында болу арқылы олар бізден пайдасын бір кісідей көрді. Кеңестік тарих ғылымының қисық айнасы осы екі халықтың одағын өзара келісілген болды дей алмайды. Түркістанды жаулап алу (Ұлы жүздің жері кірген аймақ) әрқашан Ресей соғысының жеңісі сияқты көрінді. Шыны керек, қазақтар да, орыстар да ғасырлар бойы олардың қауіпсіздігіне қатер шығыстан төнгенін мойындады. Екі халық та моңғолдардан теперіш көрді: орыстар XIII ғасырда татар-моңғол соғысы кезінде, ал қазақтар XVII және XVIII ғасырларда қалмақ моңғолдарынан (жоңғар) шапқыншылығы кезінде жеңіліс тапты. Осы соңғы дағдарыс Ресеймен қоныстас орналасқан солтүстіктегі қазақ хандарының орыстарға пана іздеп баруға мәжбүрледі. Ол салыстырмалы түрде алғанда залалы аз жау болып саналды».

Олкотт қазақтардың XVII ғасырда орыстардан пана іздеп барғандағы алғашқы сапары сәтсіз аяқталды деп жазады. Ол кезде орыс патшаларының басты мақсаты шығысқа Сібір арқылы жол жүретін сауда керуендерінің қауіпсіздігін сақтау болатын. Оның үстіне олар «жабайы» халықпен одақ орнатқаннан гөрі казактар бекінісі көрсеткен қызмет әлдеқайда тиімді әрі қауіпсіз деп санады. Сол себепті XVIII ғасырдың бірінші жартысында қазіргі Орынбор мен Омбы арасындағы кеңестікте кезекті бекіністерін салуға кірісті.

Осының соңынан орнаған қазақ пен орыс арасындағы байланыс



аморфты сипатқа ие болды. Қазақ хандары орыс патшасына алым-салық төледі, оның үстіне оларға аманат ретінде туысқандарын жіберді. Бұл өз кезегінде қарым-қатынаста адалдықты сақтау үшін кепілдікке берілген «тұтқын» сияқты болды.

Жалпы алғанда, қазақ хандары мұндай жағдайды қалыпты байланыс деп санады, өйткені олар үшін ең бастысы қалмақ моңғолдардан қорғану болатын. Оның үстіне орыстар оларға тайпаларын билеуге қарсылық танытқан жоқ. Оңтүстік Қазақстандағы Ұлы жүздің жетекшілері кейін шығыста қытайлардан жеңіліс тапқан қалмақтармен жауласуды тоқтатқан жоқ. Ұлы жүздің шығыс бөлігін қоныстанған қазақтар қытайларға алым-салық төлеп тұрды, ал басқа кландардың басым бөлігі оңтүстіктегі өзбек хандарымен осындай қарым-қатынас ұстанды.

XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басында билік басында II Екатерина мен I Александр болған кезде Ресейдің басымдықтары өзгере бастады. Екі монарх та бақылауларына өткен территорияларын басқаруға баса назар аудара бастады, сонымен қатар оңтүстік бағытқа қарай орналасқан жерлерді басып алуға қызығушылық танытты. Содан кейін қазақтардың өзін-өзі басқару құқы дереу шектеліп, орыстар өзара тіл табыса алмаған, ел ішіндегі шиеленістерді шешпеген қазақтарға билік беруді жөн санамады. Ресейдің даланы басқаруға араласа бастауының соңы бұрынғы қауіпсіздік мәселесінің орнына көптеген жаңа экономикалық мәселелерді алып келді. Осылайша, XIX ғасырдың ортасынан бастап, Ресей қазақтар үшін әрі жау әрі «өркениеттің бастауы» болды. Орыстар Ұлы жүздің иелігіндегі жерлерді жаулау үшін оңтүстікке қарай бағыт алғанда, жергілікті халық оларға қарсы қарулы қақтығыс ұйымдастырды. Соңында бұл жерлерді казак әскерінің көмегімен бағындырған ресейлік үкімет қазіргі Оңтүстік Қазақстан территориясында жаңа бекіністерін салуға кірісті. Сол жұмысты атқарған азаматтардың ұрпақтары күні бүгінге дейін Қытаймен шекаралық аймақта орналасқан қазіргі Алматы облысының территориясында өмір сүреді.

Қазақтың Кіші және Орта жүзі билеушілері балаларының тұрмысы ресейлік басқару кезінде жаман болған жоқ. Татарлардан үлгі алған олар, мәдени делдалдың қызметін атқарды. Сол кезеңде қазақ арасынан шыққан зиялы қауым ұлтты сақтап қалудың қажеттілігін түсінді. XIX ғасырдың екінші жартысында олар заманауи қазақ әліппесін жасап, елдің сауатын ашып, ағарту жұмыстарымен айналысты, мектеп ашты. Сол кезде олар қазақ жастарына қазақ тілімен қатар

орыс тілін де үйретіп, сауаттарын ашты. Татарлар сияқты сол кездегі көзі ашық қазақтар белгілі бір дәрежеде мұсылман дінін ұстанды. Олар исламды сақтап қалудың шарты заманауи еуропалық көзқарастарды ұстану деп санады. Оңтүстікте тұратын түркістандықтар ұстанған іргелі ислам ақыры қазақ даласына тамырын жая алған жоқ.

Сол заманда ассимиляцияға түскен зиялы қауым өкілдерінің өзі малшы-көшпенділердің өмір салты қазақ мәдениеті мен ұлттық бірегейліктің өзегі деген пікірді ұстанды. Осы көзқарас олардың орыс үкіметімен қарым-қатынасының нашарлауына алып келді. Себебі жер жетпей қиналған малшы-көшпенділер мен орыс шаруаларының мүддесі бір-біріне қарама-қайшы болатын. Осы келіспеушілік Столыпин үкіметінің реформасы кезінде ушығып кетті. Ол Ресейдегі жер мәселесін шешу үшін миллионға жуық орыс және украин азаматтарын, сол кезде олар қазақтар үшін жеткілікті деп санаған қазақтың жерін игеру үшін далаға қоныс аударды. Бұл шешімді қазақтардың шамалы бөлігі ғана қолдады. Бірінші дүниежүзілік соғыс пен большевиктердің революциясы Столыпин реформасын соңына дейін жеткізуге мұрша берген жоқ, соған қарамастан он мыңға жуық қазақ Солтүстік Қазақстан жерінен ығыстырылды. Ал 1916 жылғы Ресей үкіметіне және қазақ жастарын тыл жұмыстарына жұмылдыруға қарсы ұлт-азаттық көтерілістен кейін Оңтүстік Қазақстаннан да жүз мыңдаған қазақ қоныс аударуға мәжбүр болды.

Билікке келген большевиктердің идеологиялық және экономикалық міндеттері қазақтардың ашу-ызасын одан сайын күшейтті. Олар Қазақстанға «қулақтарды» жер аударып жіберді. 20-30-шы жылдары болған ұжымдастыру жұмыстары, соңынан көшпелі мал шаруашылығының жойылуы қазақ даласындағы ашаршылыққа және одан аман қалған жүздеген мың халықтың елден безіп, шетелдерде бас сауғалауына алып келді. Соңғы рет қазақтарды басынған Хрущев 1950-ші жылдары мыңдаған орыс және славянды тың игеру үшін Қазақстанның солтүстігіне қоныстандырды. Салдарынан солтүстік өңірде қалған қазақтар да басқа жаққа қоныс аударуға мәжбүр болды.

Осы саясаттың барлығы қазақтың жанына салмақ салды. Халық ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі кәсібімен, көшпелі өмір салтымен қоштасуға мәжбүр болды. Қазақтардың өз жеріне деген көзқарасы да өзгерді. Тек ерекше жағдайда ғана олар дәстүрлі тамақтары мен көшпелі өмірдің салт-дәстүрі туралы естелік айтқанмен, сол замандағы өмірді аңсамайды.

Қорыта келе Олкотт, Ресейдің патшалық билігі мен кеңес үкіметінің қазақ үшін жасаған ең ауыр зәбірі - олардың өзінің жаңа тәуелсіз мемлекетінде (1990-шы жылдардың ортасына дейін — М.Л.) аз ұлт болып қалғаны екенін айтады.<sup>169</sup>

## **§ 2. Мәдени өзгерістер: еуропаландыру және орыстандыру**

Ресей өз саясатын экономикалық және әкімшілік әдістер арқылы жүргізді, мәдени сала да қалыс қалған жоқ. Ш.Акинердің пікірінше, Ресейдің мәдени ықпалы бірнеше сала бойынша жүзеге асырылды. Оның ең біріншісі мемлекет тарапынан қаржыландырылған білім беру еді. Ең алғашқы орыс орта мектептері XVIII ғасырдың екінші жартысында Омбы, Орынбор, Петропавловск және Ямышевскте ашылды. Олардың басты мақсаты әскери және азаматтық әкімшіліктің қажеттілігі мен мүддесін қамтамасыз ету болатын. 1789 жылы қазақ ақсүйектерінің балаларын империяның жоғары оқу орындарында мақсатты түрде оқыту басталады, көздегендері — азиаттарды орыстармен жақындастыру, Ресейге деген құрмет пен сүйіспеншілікті арттыру, отарлық әкімшілік үшін кадр дайындау. Осындай саясаттың арқасында қазақтар арасында орыс тілі мен мәдениетін үйренді, әрине бұл іс алдымен солтүстік өңірде жүзеге асты, осылайша еуропалық білім жүйесі далаға біртіндеп енді. 1895 жылы 37 орыс-қазақ бастауыш мектебі болса, 1913 жылы – 157 білім ордасы болды. Алайда бұл тек орыс халқы тығыз қоныстанған үш аймақта ғана жүзеге асты.

Орыстың мәдени ықпалының екінші бір бағыты киім-кешек, тұрмыс заттары мен жиһазды өзгерту және т.б. болды. Қазақ ақсүйектері француздың сәніне мән берді, солардың мақамына сай талғам қалыптастыруға тырысты. Еуропалық стильде билеп, орыс сарайындағы мәдениет нормаларын ұстанды. Шаруалар да материалдық мәдениеттің жаңа элементтеріне бейімделді, айна, самаурын, іс тігетін машина, білте шам, (сол кездегі жарықты ұзағырақ пайдаланудың маңызды инновациясы), төсек, кресло, орындық сатып ала бастады. Тағы бір инновация музыка саласында болды, қоғамдық орындарда еуропалық музыка орындалып, қазақтың музыканттары тыңдаған мелодиялары негізінде жаңа сипаттағы еуропаланған музыкалық шығармаларын жарыққа шығарды.

Сауда жәрмеңкелері қоғамдық мәдениетті дамытуға ықпал етті.

<sup>169</sup> Олкотт М. Казахстан: непройденный путь. — С. 88-90.

Бұрынғы ауыл шеберлері қоғамның уақыт өткен сайын күрделене түскен сұранысы мен талғамын қамтамасыз ете алмады. Кәсіби суретшілер мен қолөнер шеберлерінің тобы пайда болды, олар Ресей нарығымен қатар көшпенділерге де жұмыс істеді. Айтыс, көкпар, ат жарыс сияқты дәстүрлі ойын-сауық жәрмеңке сияқты шараларда ғана ұйымдастырылды. Уақыт өте келе олар халық мәдениетінің бір көрінісі ретінде ғана қабылданды.

Орыс мәдениетінің тағы бір ықпалы әлеуметтік және географиялық шеңберде шектелген, солай бола тұра аса маңызды болған қаладағы интеллектуалды өмір. Оған дәрігер, мұғалім, инженер, ғалым және 1820 жылдары қазақ даласына империяның түкпір-түкпірінен келген саяси қуғынға ұшырағандардың (әсіресе украиндар мен поляктар болды) революциялық рух әкелуі себеп болды. Осы топ өздерінің ғылыми кәсіби қызығушылықтары аясында түрлі үйірмелер өткізді. Олар метрополияның ғылыми және мәдени өміріне араласты, уақыт өте келе қазақстандық баспахана ісінің дамуына өз үлестерін қосты. XIX ғасырдың соңғы ширегінде Омбы, Орынбор және Орал қалаларында жергілікті газеттер жарық көрді. 1913 жылға қарай заманауи Қазақстан жерінде 146 бұқаралық кітапхана пайда болды. Театр қойылымдары Орынбор, Петропавловск, Павлодар және Семей халқына өнер көрсетті. 1858 жылы Орынборда орыс театрының негізі қаланды. Орысша білім алған қазақ зиялылары қуғынға ұшырап, жер аударылғандармен достық қарым-қатынас орнатты. Осындай байланыстар қазақтың жас зиялы қауымының білім көкжиегін кеңейтіп, ресейлік мәдениеттің көрнекі өкілдерімен тікелей араласып-құраласуына жол ашты<sup>170</sup>. Орыс мәдениетімен орнатылған төртінші бағыт қазақ руханияты үшін аса пайдалы болған ресейлік фольклористер мен этнографтардың көшпелі халық мұрасын жинақтауы болды. Мысырдағы мумиялар сияқты бірден жарыққа шыққан көшпелі өмір салтының қазыналары жергілікті халық орыс мемлекетімен байланыс орната салысымен бірден көмескілене бастады (**Akiner, 1995, 26-27-ші беттер**).

Алайда, Акинердің пікірінше, парадокс болып көрінгенмен, отаршылдық режим кезінде Қазақстанда орыс ықпалы мен қатар ислам дінінің ролі күшейді. Патша билігі қазақ даласында орыстың құрамында болғанына 200 жылдай болған татарлардың ислам дінін насихаттап, оның кең етек жаюына ыңғайлы жағдай жасады.

<sup>170</sup> Мұнда Акинер Ш.Уәлиханов пен Ф.Достоевский арасындағы ажырамас достықты мысал еткен.

1788 жылы татар миссионерлерінің жұмысын жандандыру үшін муфтиат құрылды. Мемлекет мешіт құрылысы мен діни әдебиеттің баспасына қаржы аударды. Барлық молдадар оңтүстіктен болды, Түркістан, Ташкент өңірінен, олар ханафи мектебінің өкілдері ретінде исламның сүннит ағымын насихаттады. Татарлар он тоғызыншы ғасырдың басында Солтүстік Қазақстан өңірінде қазақ пен орыс арасында «шекаралық делдал» ролін атқарды. Бірақ XIX ғасырдың екінші жартысында орыстар қазақ даласында ислам дінінің кең таралуына бей-жай қарай алмай, христиан дінін насихаттау жұмысын күшейтті. Бірақ оның тиімділігі төмен болды. Алдымен орыс әкімшілігі молдалардың санын азайтуға кірісті. Әрі қарай мешіт пен медресе ашу тек қана арнайы рұқсат негізінде жүзеге асырылды. Уақыпқа және басқа да діни салықтарды жинауға тыйым салынды. Осындай кедергілерге қарамастан, мұсылман мектептерінің саны артты. 1895 жылы Қазақстанда жалпы саны 31 бастауыш мектеп, 1913 жылы 267 болды; барлық ірі қалаларда медресе деп аталатын екінші дәрежелі мектептер болды. Акинер сопылық орденге қатысты нақты ақпараттың болмағанына қынжылады. Бірақ мүридтердің саны түрлі деректер бойынша, 500-ден 1000-ға дейін жеткен (**Akiner, 1995, 28-ші бет**).

Акинердің пікірінше, он тоғызыншы ғасыр бойы көшпенділер арасында сауаттылық деңгейі төмен болған, бірақ отырықшы қазақтармен қатар орыс халқы арасында да оның деңгейі біртіндеп көтерілген. Қазақ тіліндегі араб қарпімен жазылған әдебиет саны көбейді, олардың дені діни тақырыпқа арналған болатын. Он тоғызыншы ғасырда жарық көрген осындай әдебиет саны бар жоғы – 70-80 болды. Бірақ жиырмамыншы ғасыр қазақ баспа ісінің қарыштап дамыған кезеңі болды. Қазақ тілінде жарық көрген кітаптар мен мерзімді басылымдар Санкт-Петербург, Қазан, Уфа, Ташкент және басқа да мұсылман орталықтарында басылып шықты. 1900-1917 жылдар аралығында ұзын саны 200 кітап жарық көрді. Олардың ішінде ағарту мақсатындағы және батырлар жыры және басқа да ауыз әебиетінің шығармалары болды. Ең алғашқы қазақ тіліндегі газет 1888 жылы жарық көрді, 1905 жылдан кейін олардың саны көбейді. Бірақ олардың ешқайсысы саяси бақылау күшті болғандықтан, ұзақ уақыт шығарылмады. Акинердің пікірінше, осы кезеңдегі ең басты жетістік - тайпалық сананың ұлттық санаға көшуі. Бұрын көзқарасы ауыл мен ру деңгейінен аспайтын қазақтар ұлттық қамын жей бастады. 1850-ші жылдардың ортасында және Қазан төңкерісіне дейін қазақ даласында төрт саяси ағым болды.

Осындай ағымның бірі – ағартушылық. Оның құрамында алғаш рет орысша білім алған қазақ зиялылары болды. Олар Ресеймен құрылған одақты жағымды қадам деп қабылдады. Олар қазақтарға орыс тілін оқып, еуропалық білім қалыптастыру қажет дегенге сенді. Исламға сыни тұрғыдан қарады. Татар молдаларының әрекетіне қарсы болды. Солай бола тұра қазақтардың «таза» қоспасыз дәстүрін ұлықтады. Акинер кеңестік дәстүрге сүйене отырып, осы ағым өкілдері арасында Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин және А.Құнанбаевтардың болғанын жазады. Осы үш тұлға да қазақ қоғамын модернизациялау мен оның әрі қарай дамуының өзегі орыс мәдениеті мен тілінің маңыздылығын мойындап, оны меңгеруде екенін айтып, оның қажеттігін насихаттады.

Егер осы тұлғалар марксистік тарихнаманың өкілдері болса, автордың пікірінше, консерваторлар қатарына жатқан тағы бір ағым - «Зар заман» өкілдері. Олар орыстың тілі мен мәдениетіне қарсы, ортодоксальды ислам мен дәстүрлі әлеуметтік және адамгершілік құндылықтарды барлығынан жоғары қоятын топ болды. Олардың еңбегіне жүгінсек, хандық билік болған кезең жемқорлық пен отаршылық кезеңінің басқыншылығынан ада - қазақ қоғамының алтын ғасыры.

Акинер үшінші топқа ұлтшылдарды жатқызады. Автор оларды сталиндік тарихнаманың ирониялық тіркесімен «буржуаз ұлтшылдар» деп атайды. Бұл ағым орыс мәдениеті мен білімі қазақ даласына етене енген кезде негізін қалады. Осы кезеңде қалыптасып үлгерген қазақ зиялылары, мұғалімдер, дәрігерлер, инженерлер, жазушылар мен ақындар ХХ ғасарды басында қалыптасқан қағидаларды бұзып, еуропалық үлгіні қайталамайтын, Ресей империясының әлеуметтік, мәдени және саяси негізі аясында өзіндік ұлттық сипаты бар дүние жасағылары келді. Олар осыған дейін «қырғыз» аталып келген терминді «мұсылман қырғыздар» деген атауға ауыстырды. Ұлтшылдар осы кезеңде өз алдарына арнайы мақсат қоймаса да, көшпенділер өміріндегі исламның саяси ролі күшейді. Ұлтшылдардың әрекеті қазақтардың рухани өмірі мен оның қайта өрлеу кезеңіндегі екі үрдістің пайда болуына ықпал етті. Біріншісі қазақтың ру-тайпалық тарихына деген қызығушылық, генеалогияның танымалдыққа ие болуы және абсолютизациясы. Интеллектуалдардың санасында жүздер мен рулардың ескіше жүйеленген және асыра бағаланған образдары пайда болды. Екінші үдеріс жалпы түркі мұрасына деген қызығушылық болды. Саяси жоспар тұрғысынан алып қарағанда Түркияға деген

қызығушылық артты. Көптеген жас қазақ зиялылары (өзімізден де қоса кетейік – татар, башқұрт, өзбек және т.б.) түркі әлемінің қалаларына сапар шекті, олардың арасында Стамбулға дейін барғандары бар, осылайша олар түркі әлемінің зайырлы қоғамының қалыптасуына негіз болды. Осы ұрпақтың өкілдері немесе саяси идеология жағынан ресейлік кадеттерді қолдағанмен, Алаш партиясын құрып, 1916 жылғы төңкерісті сынға алды және оған бейтарап көзқараста болғандары да болды және нәтижесінде 1917 жылы Орынбор мен Қоқанда екі үкімет құрды.

Төртінші ағым әлеуметтік қозғалыс болды. Оның құрамында орыстар басым болғанына қарамастан, олардың Қызылорда (Перовск), Түркістан, Семей және Верный сияқты ірі қалалардағы қазақтың темір жол салумен айналысатын және шахтада жұмыс істейтін азаматтарына ықпалы жоғары болды. Осы қозғалыс Фрунзе және Куйбышев сияқты болашақ революция көшбасшыларының топ жаруына түрткі болды. Әлеуметтік қозғалыстың өсуіне 1912 жылы егіннің бітік шықпауы да әсер етті. Салдарынан халықтың әлеуметтік ахуалы күрт төмендеп кетті. 1894-1906 жылдар аралығында Қазақстанда жалпы саны он алты марксистік топ болды. Олар басқа либералды топтармен салыстырғанда көзқарастары тұрғысынан радикалды болды. Білім сапасы тұрғысынан алғанда басқа ағым өкілдерінен төмен, солай бола тұра олар медресе мен орыс мектептерімен байланысын үзген жоқ (**Akiner, 1995, 28-33-ші беттер**).

Осылайша, жиырмасыншы ғасырдың басында қазақ қоғамы дәстүрлі құрылымдардан заманауи бағыттағы ұлтты қалыптастыру жолындағы белсенді трансформациядан өтті. Осы кезеңде ол шығыстанудың зерттеу аясынан шығып, әлеуметтану, саясаттану және жаңа заман тарихы саласы бойынша зерттеле бастайды. Осы пәндер концепциясы жағынан Қазақстан мен Орта Азия қатынастарына қатысты кеңестану немесе ортаазиялық кеңестану ғылымы тұрғысынан қарастырылды.

Т.Уиннердің «Ауыз әдебиеті және қазақтардың әдебиеті» атты кітабында қазақтың мәдениеті саласындағы өзгерістер туралы жазады. Автордың пікірінше, орыстың қазақ фольклорына қатысты ықпалы екі ұшты болды: бір жағынан ол алдымен кеңестік тарихнамада, кейін батыста қазақтың ағарту саласы ретіндегі мәдениеттің бір бағытын қайта тірілтсе (**Winner, 1958, 101-110-шы беттер**); екінші жағынан орыстың ықпалы «төңкеріс поэзиясы» атты бөтеннің бәрін жоққа шығаратын

бағыттың пайда болуын қалыптастырды (**Winner, 1958, 86-98-ші беттер**). Уиннер әрі қарай өз пайымдарын былайша жалғастырады: ХХ ғасырдағы ұлттық немесе ұлттық бағытты қалыптасқан зиялы қауымның сіңірген еңбегінің ықпалы қазақ мәдениетінің дамуына 1960-шы жылдарға дейін созылды, олардың орыс немесе батыстың әсерінсіз дамуы мүмкін емес еді, заманауи түсініктегі қазақ ұлтының қалыптасуына еуропалық категория бойынша ойлайтын, сол заманның заманауи дәстүрі бойынша тәрбиеленген ұрпақ үлес қосты. Төңкерістен кейін қазақ пен қазақ мәдениетінің дамуы тоталитарлық режим аясында болғанмен, қазақ мәдениетінде ауыз әдебиеті дәстүрінің ықпалы анық сезілді, бұл өз кезегінде қазақтың ұлт ретінде бірегейлігінің сақтап қалуының бір көрінісі болды (**Winner, 1958, 120-132-ші беттер**).

Анна-Мари фон Габен – түркітанудың түрлі аспектілері бойынша жазылған бірқатар мақалалар мен монографиялардың авторы, белгілі түркітанушы, профессор. Оның зерттеу нысаны – КСРО-дағы түркітілдес ұйғыр, қазақ, өзбек және т.б. халықтардың тілі, тарихы және әдебиеті. «Қазақ әйелінің әлсіздігі мен күші» атты (субъективті-әдеби зерттеуінде) мақаласында қазақтың дәстүрлі қоғамының модернизациясы мәселесін қазақ әйелінің көзқарасы тұрғысынан қарастырады <sup>171</sup>.

Мақала қазақ әйелінің отбасындағы жағдайына арналған, ол мақаланы қазақ әйелінің шынайы өмірдегі тіршілігін бақылауға ала отырып жазбаған, шығарма автордың субъективті пікірді талдау негізінде жарық көрген. Габеннің пікірінше, әр 13 әйелдің 10-ы кеңес заманында өмірге келгеніне қарамастан, олардың санасында тұрақтылықтан гөрі құбылмалылық басым. Олар өздерінің шығармашылығында төңкеріске дейінгі заманға орала отырып, қазақтың дәстүрлі ерекшеліктерін көрсетуге тырысады. Оған қажетті материал қазақ әдебиетінің 15 шығармасынан алынған. Олардың арасында (М. Әуезовтың «Көк серек», Б. Майлиннің «Шұғаның белгісі», Д.Исабековтің «Гаухартас», Ә.Кекілбаевтың «Шыңырау», Ә.Әлімжановтың «Шаруалар», С.Санбаевтың «Ақ Аруана» және т.б. шығармалары бар). Бұл шығармаларда қазақ әйелінің өмірге келгеннен қартайғанға дейінгі тағдыры қамтылған. Қарастырылып отырған шығармалар қазақ қыз-келіншектерінің өмірі оңай болмаған деген қорытынды жасауға итермелейді. Олар қазақ қоғамында ұрпақ жалғастырушы ретінде қарастырылмағандықтан, қыз баланың

<sup>171</sup> Gabain A.-M. von. Ohnmacht und Macht der Kazakin, elne subjektiv-literarische Studie // Central Asiatic Journal (Wiesbaden). 1981. Vol. XXV. No. 1-2, — pp. 54-65.



өмірге келуінің өзі қуаныш ретінде қарастырылмаған. Қазақ қызының тұрмысқа шығуының өзі еріксіз болғандықтан, әрі қарайғы өмірі бақытты болды деуге негіз жоқ. Некелеу мәселесін күні бұрын балаларын атастырып қойған ата-ана шешетін болғандықтан, жастар үйленгенге дейін бір-бірін көрмеген. Қызына жар болатын адамды таңдау қаржы жағдайына қарай анықталған. Ата-ана құдаларынан қалың мал алатын болған. Осындай некені сынға алған Б.Майлин «Шұғаның белгісі» атты шығармасында қазақ қызының ауыр тағдырын бейнелейді.

Габеннің пікірінше, кейбір шығармаларда ер адамның әйеліне селсоқ қарауы, екеуінің арасында ешқандай махаббаттың болмауы, олардың нәзік жандыға зат сияқты қарым-қатынас орнатқаны сондай, кейде олардың үйленуді салмақ салу сияқты түсінеді (Д. Досжанов — «Жусан мен гүл», Исабеков — «Гауһартас»). Басқа шығармаларда отбасылық қиындықты жалғыз өзі көтеріп, басына күн түскенде қайғысын жарымен бөлісе алмай қиналған қыз-келіншектер суреттеледі. Мәселен, Әлімжановтың «Шаруа» атты әңгімесінде соғыста өлген баласын жоқтаған әйеліне күйеуі еш жанашырлық танытпайды. Ол өз қайғысымен өзі жапан далада жалғыз қалып, күні-түні жұмыс істеумен болады.

Біраз шығармаларды зерттей келе Габен енелер келіндеріне жанашырлық танытпайды деген тұжырымға келеді. Көбінесе олар өктемдік жасап, дау-дамай кезінде ұлдарын жақтайтынын жазған. Егер әйел адам өмірге бала әкеле алмаса, оның күні қараң. Мұндай жағдай ер азаматтың басқа әйелдермен байланыс орнатуына немесе ажырасуға алып келген. Әдетте әйел адамның ер азаматқа қарағанда ақылдырақ болуы, ерлі-зайыптылар арасында түсінбеушілік тудырып, кейін олардың некесінің бұзылуына алып келеді. Осы ой Дүкенбай Досжановтың «Жусан мен гүл» және Әкім Таразидің «Жас әйел» шығармасында көрініс тапқан.

Қорытындылай келе автор қазақ әйелінің отбасы ұйытқысы ретіндегі қадір-қасиеті, отанасы ретіндегі орнына тоқталады. Осылайша әулеттің шаруасын реттеп, бала-шағаны бағып отырған әйелдердің қоғамдағы орны айқындалады. Көптеген шығармаларда оның жан дүниесінің сұлулығы мен адамгершілігі, күш-жігері ұлықталады. Габеннің пікірінше, заманауи қазақ жазушылары үшін идеал әйелдің айқын көрінісі осындай болуы тиіс.

### § 3. Әлеуметтік-экономикалық модернизация

Р.Пирс «Орыстың Орта Азиясы: отаршылдық басқару тәжірибесі» атты кітабында қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық құрылымының радикалды өзгерісіне себеп болған негізгі оқиғалар 1906-1912 жылдары жүзеге асқанын жазады. Бір жарым миллионнан астам қоныстанушылардың қолына 12 млн. десятина жер берілді. Қазақтар жаппай егін шаруашылығымен айналыса бастады. 1901 жылы Қостанай уезінде қазақтардың 72,3%-ы, 1905 жылы 94,4%-ы егін екті. Осы кезде жылқы малының саны да 50-60%-ға дейін азайып, қой мен ірі қара ұстауға баса мән берілді. Экономикалық өзгеріс әлеуметтік көрсеткіштерге ықпалын тигізіп, балалардың өлімі азайды, жасы үшке жеткен сәбилердің саны 0,25 пайызға көбейді, осы кезеңге дейінгі уақытта нәрестелердің шетінеп кетуі жиі болатын. 1895-1913 жылдар аралығында ауылдағы мектептердің саны 31-ден 267-ге дейін жетті, жергілікті орыс мектептері 38-ден 157-ге дейін көбейді. Қазақтарды ағарту саласында оларға қазақ тілімен қатар орыс тілінде білім берудің маңыздылығы жоғары болды. Р.Пирс осы орайда Абай Құнанбаевты «қазақтың Пушкині» деп атайды, себебі оның шығармашылығы қазақ қоғамын ағарту жұмысына арналды (**Pierce, 1960, 127, 160-161, 205-219, 251-ші беттер**).

XX ғасыр басындағы қазақ қоғамының трансформациясының көрінісі, дәл осы кезеңде тағдыр айдап қазақ даласында өмір сүрген еуропалықтардың мемуарында жазылған. Олардың қатарында Оливия Фелл де бар (Вэнс-Энью), оның әкесі ағылшын тау инженері ретінде 1903 жылдан бері Ақмола, Қарағанды, Қоянды, Спасск және Балқашта жұмыс істеген. О.Фелл мемуарында әкесі жинақтаған этнографиялық материалдар негізінде кеніште жұмыс істеген қазақтардың тағдыры, олардың орыстар мен еврейлермен қарым-қатынасы туралы қызықты естелік жазады. Ол барынша бейтарап, жергілікті халыққа деген сүйіспеншілікті білдіре отырып жазылған шығармалар (**Fell Vans-Agnew, 1962**).

Қазақстанның модернизациясына арналған ірі жұмыстың бірі 1961 жылы жарық көрген француз экономисі Луи Бланшардың «Қазақстан» атты еңбегі, онда автор республикадағы модернизацияның әлеуметтік және экономикалық салдарын көрсетуге тырысады. Негізінен Бланшардың жұмысы кеңестік кезеңді қамтығанмен, автор Қазақстанның 1950 жылдардағы кезеңдегі жылдам жүзеге

асырылған тарихи және географиялық трансформациясының себебіне де тоқталады. Бланшар кітабының кіріспесінде: «жер көлемі жағынан Францияның бесеуіндей болатын Қазақстан Азиядағы кеңестік республика, ауқымды шөл және шөлейт жері бар, халқы көшпелі тірлік кешкен дамымаған елдердің бірі» деп жазады. Бұл мақала қысқа мерзім аралығында елдегі экономика бастан кешкен радикалды трансформацияны көрсетуге тырысқан. Сонымен қатар оның қазба байлықтарының болашағы (аграрлыққа қарағанда өндірістік әлеуетінің басым түсетіні) туралы жазылады (**Blanchard, 1961, 405-ші бет**).

XX ғасырдағы қазақ қоғамындағы саяси және әлеуметтік-мәдени өміріндегі аса маңызды үрдістерге Олкотт та тоқталып өткен. Оның алғашқысы ретінде ғалым қазақ мәдени өмірінде ислам дінінің алатын орны оңтүстіктен басқа аймақтарда аз болғанына қарамастан, қазақ даласындағы ислам дінінің таралуын қарастырады. Олкотттың пікірінше, қазақ даласында ислам дінінің нығаюына біріншіден Петербургтің Екатерина патшайым саясатынан бастау алған «көшпенділерді исламдандыру» саясаты әсер еткен. Ал екіншіден, XX ғасырдың басындағы Қазақстанды да айналып өтпеген империядағы діни және жалпы қоғамдық өмірдегі либерализацияның ықпалы болған.

Ислам дінінің танымалдығы артқан сайын қазақ арасында кеңестік элитаның да қалыптасу үрдісі қатар жүрді. Бұл бір жағынан орыс арқылы еуропалық ықпалдың да әсер еткенінің көрінісі болды. Осы үрдістердің қатар келуі исламизмнің өсуі мен қазақ зиялыларының қоғамды модернизациялауға деген құлшынысы арасында шиеленіс тудырды. Осылайша, қазақ қоғамы күрделі дилемма алдында қалды: мәдени мұраның бір бөлігі ретінде исламға арқа сүйеу керек пе, әлде одан қазақ қоғамын модернизациялау мен еуропаландыру үшін бас тарту қажет пе... Қазақстан да джадидизмнің мәдени ықпалына ұшырады, бірақ бұл мәселені түбегейлі шешу тек төңкерістің арқасында келді (**Olcott, 1995, 101-112-ші беттер**).

Олкотттың пікірінше, бірінші орыс революциясы мен дүниежүзілік соғыс арасындағы Қазақстандағы саяси климат өте белсенді сипатқа ие болды. Қазақтар Думадағы сайлауға қатысты, өз басылымдарын шығарып, саяси бағдарламаларын ұсынды. Дегенмен қазақ даласындағы тұрақты өсу үрдісін үзуге соғыс әсер етті. Соның кесірінен экономикалық жағдай құлдырап, даладағы шаруалардың әлеуметтік ахуалы нашарлап кетті, саяси мәселелер де радикалды

сипатқа ие болды. 1916 жылға қарай Дала өлкесі мен Түркістанда аласапыран орнады. Жергілікті халықты майданға жіберу туралы бұйрық халықтың көтеріліске шығуына себеп болды. Америкалық зерттеуші 1916 жылғы көтеріліске жоғары баға береді, ол оны 1917 жылдан кейінгі революциялық және отаршылдыққа қарсы өзгерістердің бастауы деп санайды. Бірақ көтерілістердің соңы жақсы болған жоқ. Көтеріліске шыққандар екі рет те жеңіліске ұшырады. Алдымен үкімет әскерінен, кейін олардың ерлігі үшін марапатталуы тиіс еңбегі сталиндік тарихи ғылым салдарынан теперіш көрді (**Olcott, 1995, 126-шы бет**).

К.Пужоль Қазақстанның тарихы қарама-қайшылыққа толы екенін жазады. Ғасырлар бойы көшпелі тірлік кешіп, түркілердің лингвистикалық монополиясына айналған дала XVIII-XIX ғасырлар аралығында орыс саясатымен ықпалдасты. Соңынан халық отырықшылыққа көшіп, әкімшілік басқару пайда болды, денсаулық сақтау ұйымдары мен білім берудің орыстануы, каналдардың құрылысы, капиталистік қарым-қатынастың бастау алуы, славяндық элемент пен православ дінінің пайда болуы сияқты өзгерістер жүзеге асты (**Poujol, 2000, 123-ші бет**).

В.Фурньо модернизация мен исламдандыруды парадокс ретінде қарастырады. Оның көзқарасы бойынша, қазақстандық кеңістіктің шекарасы ислам дінінің таралуы мен сібірлік шаман әлемі, моңғол және будда немесе орыстың христиан діні аралығын қамтиды. Осылайша, Орталық Азия бүгінде ислам шекарасының ролін атқарады. Арабтардың Бұқараны жаулап алуынан бастап (709) осы шекара қазақ кеңістігінде тұрақталу үшін солтүстікке қарай кеңеюін тоқтатқан емес. XVI және XVIII ғасыр аралығында қазақтардың ислам дінін қабылдау үрдісі баяу жүрді. Өзбек ханнан бастап, саяси және қоғамдық элита исламдық сипатта болды, бірақ кейбір тұлғалар, мәселен XIX ғасырда Шоқан Уәлиханов исламды қазақ болмысын қалыптастыратын әлем ретінде қарастырған жоқ. Сонымен көшпелі әлемде ислам дінін қабылдау баяу жүзеге асты. Ол қазақ қоғамының даму барысында біржола жойылып та кетпей, белсенділікке ие болмастан тұрақты түрде ілесіп келе жатты. Қазіргі жағдайды да осы қалпынан жаңылмаған үрдіс ретінде осылай сипаттауға болады.

Хронологиялық тамыры бойынша оның қозғалысын сарапқа салатын болсақ, оның нақты емес екенін аңғарамыз. Қазақ эпостарына арқа сүйесек, қалмақтар мен қазақтар арасындағы қиян-кескі ұрыстар

кезіндегі оқиғаларды суреттегенде қазақтар мұсылман батырлары кейпінде көрініс табады. Осы тұрғыдан келгенде орыстардың отарлау саясаты ислам мен қазақтың болмысы арасындағы байланыстың аражігін біржола анықтап берді деуге болады (**Fourniau, 1994, 73-77-ші беттер**).

## V тарау. Шетелдегі қазақтар

Алыс шетелдердегі қазақ диаспорасы негізінен Қытай, Моңғолия және Түркияда тұратыны белгілі. Сонымен қатар, қазақтарды Үндістан, Пәкістан, Ауғанстан мен Ираннан, араб елдері, Батыс Еуропада Франция, Германия, Швециядан кездестіруге болады<sup>172</sup>. Олардың Қазақстаннан жырақта орналасқан елдерде бытырай қоныстануы — Орталық Еуразияда XVIII-XX ғасыр аралығында болған тарихи драмалық оқиғалардың салдары. Қазақ руларының туған даласынан басқа өлкеге қоныс аударуын библиядағы эксодуспен салыстыруға болады (Lias, 1956).

Швед ғалымы И.Сванберг қазақтарды зерттеуші ғалым ретінде көпшілікке мәлім. Осы саладағы зерттеулерін ол 1980-ші жылдары Швециядағы қазақтар өмірін зерттеуден бастаған. Осы қызығушылық оған еуропалық қазақтардың түп-тамырын Түркиядан іздеуге алып келді, кейін ол міндетті түрде синьцзян қазақтарын зерттеу керек деген қорытындыға келеді, себебі Анадолыдағы қазақтардың дені мұнда осы өңірден қоныс аударған. Оның зерттеулерінің нәтижесі «Қытайдағы қазақтар» (1988 жылы Линда Бенсонмен бірлесіп жазған), «Түркиядағы қазақ босқындары» (1989)<sup>173</sup> және «Қытайдың соңғы көшпенділері: қытай қазақтарының тарихы мен мәдениеті» (1998) деп аталатын кітаптарда жарық көрді. Осы кітаптарында Сванберг пен оның әріптестері Шығыс Түркістандағы қазақтардың өмірінің тарихи және этнографиялық картинасын, соңынан ШҰАР-дағы қазақтардың өмір тарихын жазады, олардың қытай билігіне қарсы шығуын, кейін Үндістанға, ол жақтан Шығыс елдері мен Еуропаға бас сауғалауы туралы толыққанды жазылады. «Заманауи қазақтар: мәдени және әлеуметтік перспективалар» атты Сванбергтің соңғы кітабында қазақтардың Қазақстандағы жағдайы зерттеледі, сонымен қатар Моңғолиядағы қазақтардың өмірі зерттеу нысанына ілінген.<sup>174</sup>

<sup>172</sup> Қараңыз: Мендикулова Г.М. Казахская диаспора и Республика Казахстан // Казахстан-Спектр. № 1. 1998. — С.73-77.

<sup>173</sup> Қараңыз: Казахи Китая. Очерки по этническому меньшинству (сборник статей). Часть I. Под ред. Л.Бенсон и И.Сванберга. И.Сванберг. Казахские беженцы в Турции. Исследование по культурному выживанию в условиях социальных перемен. Часть II. Пер. с англ. Б.М.Сужикова. Сост. Г.М. Мендикулова. — Алматы: Санат, 2005. — 456 с.

<sup>174</sup> Contemporary Kazaks. Cultural and Social Perspectives. Ed. By I.Svanberg. Richmond: Curzon Press, 1999. — XI+151 pp.

Қазақтарға деген қызығушылығының қалай пайда болғанын жазған Сванберг алғаш рет қазақтармен 1979 жылы Түркияда кездескені туралы жазады. Оны халықтың қонақжайлығы мен өмір салты қатты қызықтырған. Олардың Қытайдағы өмір туралы әңгімелері, сонымен қатар 1980-ші жылдары басталған Қытайдағы салыстырмалы түрдегі ашық саяси жағдай оған Қытайдағы Синьцзяньда қазақтар туралы зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді. Тек 1991 жылы ғана Сванберг пен оның батыстық этнограф әріптестері Қазақстандағы қазақтарды зерттеу нысанына алу мүмкіндігіне ие болады. Осы зерттеулер «Заманауи қазақтар: мәдени және әлеуметтік перспективалар» атты кітапта жарияланады (1999).

Сванберг жаңа кітабына моңғолиялық қазақтар туралы тарау қосуды жөн көреді, себебі олардың тарихи Отанына оралуы оның көз алдында өтеді. Дегенмен, Моңғолиядағы қазақтарды көшірудің нәтижесі кейіннен белгілі болғандай айран-асыр болды. Жалпы алғанда, батыс этнографтары Қазақстандағы қазақ қоғамын зерттегенде этнографтар Моңғолия мен Қытайдағы қазақтар сақтап қалған көшпенділердің дәстүрлі қоғамының фрагменттері Отанында сақталмағанына көз жеткізеді. Бірақ Сванберг бастаған авторлар қазақтардың ұлттық мемлекет құрудағы эволюциясын, соңынан қазақтардың тұрақты көшпелі дәстүрі бар жеке халық ретіндегі бұрынғы дәстүрді жаңғыртып, қайта түлеткен қазақтардың өмірін көрсетуге тырысады.

## **§ 1. Қытайдағы қазақтар**

Бенсон мен Сванберг заманауи Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданындағы қазақ тарихын «Қытайдағы қазақтар» атты кітабында жазады. Кітаптың алғашқы тарауында авторлар қазақ халқының тарихына тоқталып, олардың XX ғасырдың екінші жартысында Қытайда қалай қоныстанғанына және сондағы жағдай туралы жазады. Сонымен қатар оқырман үшін Шыңжаң өлкесі туралы толыққанды ақпарат беріледі, бұрын Қытай Түркістаны немесе Шығыс Түркістан аталған аймақ бұрынғы КСРО және Моңғол Халық Республикасымен шектесіп жатыр.

Екінші тарау номадизм туралы қысқаша этнографиялық сипаттама береді және Қытай Республикасындағы (1911-1949 жылдары) қазақтардың әлеуметтік ұйымдастырылуы туралы түсінік беріледі. Осы

бөлімде Шыңжаңда және одан тыс аймақта қазақтар қатысқан саяси қозғалыстардың көрші елдерге қатысты қысқаша тарихы жазылады.

Авторлар атап өткендей, жиырмасыншы ғасыр бойы аймақта болған көтерілістердің барлығына да қазақтар атсалысқан. Ұлттық қозғалыс қаһарманы ретінде ұлықталған тұлғалардың бірі Осман батыр (Osman Batur), ол 1951 жылы Үрімші аймағында дарға асылған. Оның аңызға айналған есімі күні бүгінге дейін Қытайда басылып шыққан және эмиграциядағы қазақ әдебиеттерінде аталады. Үшінші тарауда оның екі жақты қабылданған әрекетіне қатысты болмысы ашық жазылған, бірде оны батыр, бірде қарақшы етіп суреттейді.

Төртінші тарауда қазақтар мен қытай әскерінің басшылары аралығындағы 1930-шы жылдары болған шиеленіс туралы жазылады. Оны жазуға Түркиядағы қазақ эмигранттарының естелігі әсер еткен. Олардың әңгімелері көрсетілген кезеңдегі қиын жағдайды жан-жақты суреттейді. Естеліктер қазақша және ағылшын тілінде жазылған. Кіріспеде «шыңжаңдық қазақ тілінің» фонетикалық ерекшеліктері туралы қысқаша сипаттама берілген.

Богдо Улу (Bog-da Ulu) атты Үрімшінің аймақтық астанасынан солтүстік-шығысқа қарай орналасқан аймағындағы заманауи қазақ өмірінің салты бесінші бөлімде суреттелген. Сол жерде өткізілген зерттеу нәтижесіне сүйене отырып жазылған жұмыс Шыңжаңдағы қазақтардың қазіргі жағдайы, заманауи қазақ тарихы туралы жазылған бірден-бір еңбек.

Шыңжаңдағы қазақтардың сол жерде тірлік ете бастауы 1760-шы жылдар тұсында басталған. Бұл жоңғарлармен арадағы соғыстардың бәсеңдеп, Кіші жүздің Ресей құрамына енген кезі болатын. Абылай хан болса осы кезеңде елдің тұтастығын сақтап қалу үшін Ресей империясы мен Қытайдың Цин империясы арасында келіссөз жүргізіп жатқан кезең.

Осы уақытта циндер қазақтармен ұзақ уақыт бойы шайқасып, әбден қалжыраған батыстық моңғолдардың (қалмақ-жоңғар-ойрат) қалғанын күйретіп, Орталық Азияда басымдық орнатқан болатын. Каспий-Еділ аймағынан өздерінің туған жері Тарбағатай тауларына қарай қашып кеткен жоңғарлардың қалған тұқымы жұқпалы індеттен қырылды. Соңынан мәнжүрлер қалған жоңғарларды қырып салды. Мәнжүр билігі тарапынан жасалған геноцидтен кейін Іле ауданындағы жоңғарлардың жайылымына 1761 жылы қазақ тайпалары (негізінен керейлер мен наймандар) көшіп барды.

Шығыс Түркістанға қоныстанған қазақтарды ешқандай саяси



қозғалыс бастаған жоқ. Олар уақыт өте келе Абылайдың қарамағынан кетіп, жергілікті қытай билігінің, яғни Цин империясының боданы ретінде қарастырылды. 1781 жылы Абылайдың өлімінен кейін Қытайға көшіп барған қазақтарға ресми түрде қытайдың боданы деген дәреже берілді. Осы уақыттан бастап қазақтар Шыңжаңның этникалық, экономикалық және саяси тарихының маңызды элементі ретінде қарастырыла бастайды. Дегенмен қазақтар ұзақ жылдар бойы тарихи Отанымен екі арадағы жерді еркін жайлап, империя арасындағы шекара дегеннің не екенін түсінбестен, көшіп-қонып жүрді. Батыс Қытайға қарай қоныс аударған қазақтардың екінші легі 1847 жылы Кенесары көтерілісінен кейін болды. Ресей мен Қытай империялары арасындағы соңғы шекара сызығы 1883 жылы белгіленіп (Тарбағатай хаттамасымен) бекітілді.

Қазақтардың Қытайдың бақылауындағы жерге өтіп кетуінің басты себебі қазақ даласындағы саяси және экономикалық тұрақсыздық болды. Еске сала кетейік, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басы қазақ даласын орыстардың белсенді түрде отарлаған кезеңі болатын. Қазақтардың Шыңжаңға үдере көшкен тағы бір кезі 1916 жылы күллі Орыс Түркістанын қамтыған көтеріліс болған уақыт еді. Сол кезде Қытайға 300 мың қазақ өтіп кетті. Бірақ бұл эпизод қазақ демографиясына кері әсер еткен жоқ, себебі 1918 жылы барлық қазақтар дерлік Қытай әкімшілігінің шешімімен кері қайтарылды.

Босқындардың келесі легі көп күттірген жоқ, Қазақстанда болған ұжымдастыру науқаны көп шығынға ұшыраған қазақ көшпенділерінің КСРО-дан Қытайға қоныс аударуына мәжбүрледі, олар, яғни жүз мыңдаған қазақтар 1928-1937 жылдар аралығында Шыңжаңға көшіп бас сауғалады. Батыс Қытайдан бөлек, қазақ ауылдары тұтастай бірлесіп оңтүстік арқылы Түркіменстан, әрі қарай осы ел арқылы Иран мен Ауғанстанға, Қиыр Шығысқа, кейбірі күллі Сібірді аралап жүріп, Тынық мұхитының жағалауына дейін қоныс аударған.

Кеңестік Қазақстан аумағында қалған қазақтармен салыстырғанда көшіп кеткен қазақтар өздерінің дәстүрлі өмір салтын сақтау үшін күресіп бақты. XX ғасырдың ортасына қарай қазақстандық қазақтар мен олардың шетелдегі отандастары арасында мәдени және лингвистикалық айырмашылық қалыптасты. Қытайдағы қазақтар өздерін қазақ сезініп өмір сүрді, яғни олар өздерін нағыз мұсылман әрі еркін көшпенді ұрпағы деп санады. Олар өздерінің ата-бабалары ғасырлар бойы қалай тұрмыс кешсе, тура солар сияқты өмір салтын

жалғастыруға тырысты. Олар жергілікті қытайлар мен ұйғырлардан шет жүруге, олармен байланысты күшейтпей, саяқ өмір сүруге тырысты. Бірақ XX ғасырдың алғашқы жартысында Қытайда болған саяси қозғалыстар олардың Шығыс Түркістан үшін күресуіне алып келді.

Аймақта тәуелсіз мемлекет құруға деген екі талпыныс болды: алдымен 1933 жылы Қашқарда Шығыс Түркістан (Ислам) Республикасы құрылды, бірақ оны сол жылы губернатор Шен Шикай КСРО көмегімен, яғни орыс эмигранттарынан құрылған отрядымен басып тастады. Қазақтар қытайға қарсы көтеріліске қатысты, өздеріне көсем етіп сұлтан Шәріпті сайлап алды. Кейін қытайлар тарапынан жасалған қуғын-сүргін қазақтардың шығыс және солтүстік-шығысқа қарай ығысуына ықпал етті.

1943 жылы алтайлық қазақтар арасында көтеріліс басталды. Көтерілісшілер КСРО бақылауына алған Моңғолия тарапынан саяси баспана алды және әскери қолдау көрді. Келесі жылы көтеріліс Іле өлкесінде басталды, 1944 жылдың қара шасында Шығыс Түркістан Республикасы қайтадан құрылды. Қазақтардың қытайларға қарсы көтерілуінің басты себебі тура Кеңестік Орта Азиядағыдай: биліктің көшпенділерге қарсы әрекеттеріне тыйым салып, олардың қару қолдануы мен отырықшы өмір салты ережелерін қабылдауына қарсылық таныту болды. Қазақтар негізгі саяси билік ұйғырларға тиесілі болған Шығыс Түркістан Республикасының әскери күші болды.

Көтеріліс барысында әскери көшбасшылар арасында ерекше харизмасы және қайсарлығымен ерекшеленген Осман батырдың аты аңызға айналып, ол қазақты азат ету қозғалысының символы, қазақтың Робин Гуды іспеттес болды. Осман-батыр қытайлармен 1939-1950 жылдар аралығында он жылдан астам уақыт бойы күресті. Осы уақыт аралығында оның есімі күллі қазақ арасына кеңінен таралып, батырлар жырының басты кейіпкерлері Қобыланды немесе Қамбар батыр сияқты ұлықталды. Үнемі құбылып тұратын әскери-саяси жағдай Осман батырдың қытайлармен біресе ұйғырлармен бірлесіп қытайларға қарсы, біресе орыс және моңғолдармен бірлесіп ұйғырларға қарсы күресуіне мәжбүрледі. Дегенмен, Осман батыр мен оның бастаған әскерінің басты мақсаты қазақтың тәуелсіздігін, еркіндігін қамтамасыз ету және олардың көшпелі тірлігіне ешқандай күштің кедергі келтірмеуіне жағдай жасау болатын.

Бірақ тарихта ол мүмкін болмады, 1945 жылы Кеңес Одағы


Гоминьданнан бас тартып, қытайдың коммунистік партиясына қолдау көрсетуге кірісті. Нәтижесінде Осман батыр соңғы шайқасында коммунистердің жасағына қарсы шықты. Осман батыр ата-бабаларының жолымен батырлар жырында айтылатын айбарлы ерлер сияқты өмірінің соңына дейін жау алдында бас имей өтті. Оны қытайлар қызын құтқармақ болып жолға аттанған кезінде қолға түсірді, батырдың аты Газ-кельдегі мұздың үстімен өтіп бара жатқанда тайып құлап, ол жаудың қолына түседі. Осман батырды қытайлар Үрімшіде қарақшы ретінде айыптап, дарға асып өлтіреді.

Шыңжаңдағы мұсылмандар саны жағынан аз болса да жергілікті билікке қарсы күресті 1954 жылға дейін жалғастырады, кейін Осман батыр әскерінің қалған мүшелері, жалпы саны 15 мың жауынгер 1951 жылы Тибет арқылы Үндістанға өтіп кетеді. Бұл қазақтардың Тибет пен Гималай тауларын асып өткендегі алғашқы легі емес. Осман батыр әскерінің жүріп өткен жолы драмалық сипатқа ие болды.

Оның ұзақтығы 4 мың шақырым қашықтыққа созылды. Осылайша еркіндік аңсап, жер ауған қазақтар Лобнор мен Такламан шөлі және әлемдегі ең биік нүкте Гималай мен Тибет таулары арқылы өтіп, әрі қарай шөл даланы кезіп, аштық пен суықтың азабын тартып екі жыл бойы жол жүреді. Осы сапар барысында қазақтар алдарына салып айдаған малдарынан айырылып, аштықтың салдарынан көшке ілескен бірқатар халық қырылып қалады. Осылайша, ауыр азаппен Үндістанға бар болғаны 350 адам жетеді. Осы сапар сыртқы әлемде айтарлықтай резонанс тудырды. 1955 жылдың ақпанында британ парламентінің мүшесі Годфри Лиас «Таймс» газетінде осы оқиға туралы мақала жариялады, (кейін Лиас қазақтардың осы сапары туралы «Ұлы көш» атты кітабын жарыққа шығарады). 1953 жылдың жазында Үндістанның Кашмир аймағының тұрғындары тау асып жеткен көштің куәгері болады, оның құрамында арып-ашыған әйелдер мен ер азаматтар ғана бар болатын, себебі балалардың барлығы дерлік азапты жолда шетінеп кетті. Бұл Осман батыр бастаған әскердің қалған мүшелері болатын. Олардың тағдырына қатысты келіссөз бір айға жуық созылды. Үнді билігі онсыз да тұрақсыз Кашмир аймағында бөтен мұсылман азаматтарды қабылдап, КСРО мен Қытай арасындағы байланысын бұзғысы келмеді. Соңында британдардың толеранттық дәстүрі жеңіп, Дж.Нерудің өзі қазақтардың Үндістан республикасында өмір сүруіне рұқсат берді.

Үнді билігі 1941 жылдан бастап, қазақтарға жағдай жасауға тырысты, оларды Үндістанның Орталық (Бхопал) және Солтүстік (Гильджит

және Гитрал) аймақтарына қоныстандырды. Дегенмен, Орталық Азиядан қоныс аударған көшпенділерге Үндістанның табиғаты мүлдем жақпады. Жүздеген қазақ жауын маусымы басталғанда қырылып қалды. Қазақтардың тағдырына Пәкістан да болысты. Пешаварда «Қазақ босқындарының қауымдастығы» құрылды. Олар түрік билігімен келіссөз жүргізіп, оларды түбі бір түркі бауырларына қарай қоныс аударуына жағдай жасауға тырысты. Осылайша, 1952 жылы Бомбей Ирак пен Сауд Арабиясы арқылы келісімге келіп, қазақтар Түркияға қарай көшті. Осы уақыт аралығында Осман батырдың адамдары



Шринагарда швед миссиясының арқасында ағылшын тілін меңгерді.

Қазақтардың Шринагардағы соңғы көші 1969 жылы ұйғырларға ілесіп, діні жағынан жақын Сауд Арабиясына қоныс аударды. Дегенмен, қазақтар өздерінің екінші Отаны ретінде Түркияда жайлы қоныс тапты. Бұл мемлекет Иран, Ауғанстан, Үндістаннан қоныс аударған қазақтардың атамекеніне айналды. Әрине бұл түріктердің «сыртқы түркілерді» қолдау саясатының негізінде жүзеге асырылған шаруа болатын. Қазақтар сол жаққа барған өзбек пен ұйғырлармен қатар ресми Анкара тарапынан «түркістандықтар» ретінде қарастырылды.

Қазақтардың біраз бөлігі Түркияның таулы аймақтарында қоныстанды, себебі ол жердің табиғаты көшпелі өмір салтын ұстанған халықтың тірлігі үшін жайлы қоныс болды.

1998 жылы швед шығыстанушылары Л.Бенсон мен И.Сванбергтің «Қытайдың соңғы көшпенділері: қытай қазақтарының тарихы мен мәдениеті» атты кітабы жарық көрді (**Benson, Svanberg, 1998**). Авторлар қытай қазақтарының этнографиясы туралы жазған алғашқы ғалымдар емес. 1988 жылы олардың редакция басқаруымен «Қытайдағы қазақтар» атты ұжымдық монография жарық көрген болатын. И.Сванберг сонымен қатар «Түркиядағы қазақ босқындары»

(1989), ал Л.Бенсон — «Іледегі көтеріліс» (1990) кітабының авторы. Осы монографиялардан бөлек Л.Бенсон мен И.Сванберг Батыс Еуропадағы қазақ диаспоралары және Қытайдағы ұлттық саясат туралы бірқатар мақала мен эсселердің авторы.

Батыс ғалымдарының жаңа жұмысы (1988 жылдан бастап, Л.Бенсон АҚШ-тың Мичиган штатындағы Рочестерде тұрады, Оклендск университетінде профессор болып қызмет атқарады; И.Сванберг — Упсала университетінің профессоры) кейінгі он жылдағы халықаралық жағдайларға сәйкес түрік, еуропалық және басқа да диаспорлардың негізін қалаушы ретіндегі қытай қазақтарының тарихын зерттеуді жаңа қырынан нысанаға алды.

Кітап жеті тараудан құралған. Алғашқы үш тарау жалпы тарихи сипатқа ие және Шыңжаң мен Қазақстандағы қазақтардың (Орталық Еуразия) тарихының өзара байланысы, Қытайдағы номадизмнің ерекшелігі мен сипаты, қазақтардың 1912-1949 жылдардағы аласапыран оқиғаларға атсалысуы туралы баяндайды. Осы тарауларда осыған дейін жарық көрген кітапта жазылған жайттар кей жерде қысқа немесе кеңейтілген түрде қамтылған. Кітаптың төрт тарауында қазіргі заманға қатысты мәселелер көбірек қамтылған, онда қытайдың коммунистік партиясының ұлттық саясатының мағынасы және оның Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданында жүзеге асырылуы, аймақтың экономикалық және саяси дамуы және осы контекстегі қазақтың жағдайы қарастырылған. Ең соңғы тарау үлкен қызығушылық тудырады, себебі онда «Қазақстан және ХХІ ғасырдағы қытай қазақтары» туралы жазылған.

Авторлар қытай қазақтары туралы жаңа кітап жазу қажеттілігін екі себеп негізінде түсіндіреді: біріншіден, Орталық Азияда соңғы он жылдықта жаңа саяси тәртіп жүзеге асты; КСРО құлдырауы нәтижесінде қазақтардың өз мемлекеті пайда болды; екіншіден авторлар жаңа дереккөздер жинақтауға мүмкіндік берген мұрағат материалдарына қол жеткізіп, бұрын жасаған қорытындыларына қатысты жаңаша көзқарас қалыптастырып, оны толықтыра түсті. Қазақтар туралы жаңа кітаптың басты идеясы — соңғы жүз елу жыл арасында осы халықтың екі алып көршілері Қытай және Ресей империясы саясатының нысаны болғаны туралы ойларын жазу. Революциялық режимге империялардың алмасуы марксистік риторика бергенімен, көшпенділерге қатысты ресейлік және қытайлық саясаттың бақылау, ассимиляция және модернизация деп келетін мазмұнын өзгерткен жоқ. 1991 жылғы жағдай қазақтардың

өз республикасындағы жағдайын ғана өзгертіп қойған жоқ, сонымен қатар олардың Шыңжаңдағы диспорасына қатысты қытай саясатының да жаңа бағытқа ие болуына жағдай жасады. Ол ішкі саясаттың бір факторы дегеннен халықаралық қатынас және ҚХР-дың аймақтық саясаты деген дәрежеге көтеріліп, өсті.

Авторлар 1990 жылғы статистикалық мәліметтер негізінде қазақтардың әлемдегі жалпы саны он миллионға жуық деген дерек келтіреді. Қазақтардың басым бөлігі өз республикасынан бөлек Қытай, Ресей, Өзбекстанда өмір сүреді, одан бөлек қазақтар барлық орталықазиялық мемлекеттерде тұрып жатыр, Моңғолия, Түркия және Батыс Еуропада біразы бар. Сонымен қатар аз да болса, Ауғанстан, Иран, Таяу Шығыс аймағындағы араб мемлекеттерінде, Пәкістан, Тайвань, АҚШ-та аз болса да шағын топ өкілдері ретінде тірлік етуде. ҚХР-дегі қазақ диаспорасын ирридентті деп атауға болады, саны жағынан ең көп - 1,2 млн. Авторлардың айтуы ойынша, 1880 жылдары Ресей империясы мен Цин Қытайы арасында белгіленген шекара тек қазақ руларын ғана емес, жекелеген отбасыларды да бөліп тастады.

Шыңжаң ұйғыр автономиялық ауданындағы қазақтар — ұйғырлар мен ханьдықтардан кейінгі саны жағынан басым алғашқы үштікке кіретін халық. Шыңжаң мәдени және лингвистикалық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда түрлі сипатқа ие. Осы өңірде қоныстанған саны жағынан аз ұлт болып саналатын қазақтар мен моңғолдар немесе тәжіктер таулы аймақтарда қоныстанғандықтан, қытайлардан барынша оқшау өмір сүргенінің арқасында жергілікті ұлтқа сіңісіп кетпей, өздерінің ұлттық сипатын сақтап қала алды. 1949 жылдан бастап жағдай өзгере бастады, қытайлардың иммиграциясы күшейді, қалалар жылдам өсе бастады, ауыл шаруашылығы қажеттілігі үшін көп жерлер бөліске салынды. Осылайша 1950-ші жылдың соңында қазақтар қытайлар жүзеге асырған модернизациядан тыс қалмай, экономикалық және мәдени оқшауланудан арылып, жергілікті халықпен тығыз қарым-қатынас орната бастады.

Авторлар 1949 жылы Қытай компартиясы аспан асты еліндегі барлық территориялық аумақты өз бақылауына алған кезде оларда аз ұлт өкілдеріне қатысты нақты стратегиялық жоспардың болмағанын айтады. Ұлт мәселесі бойынша партиялық платформаны жасаудың алғашқы қадамдары 1931 жылы жүзеге асырылды. Л.Бенсон мен И.Сванберг назар аударған мәселе осы тұста қытайлардың Ресейден басты айырмашылығы ҚКП барлық партиялық құжаттарында Қытай

көп ұлтты мемлекет болғанымен унитарлы болғанын жазады, осы тұста Кеңес Одағы шартты түрде федералды мемлекет болғанымен шын мәнінде жағдай басқаша болған еді. Осыдан кейін қабылданған ҚХР конституцияларының барлығы және әсіресе 1982 жылғы қабылданғаны жекелеген ұлттардың Қытай Халық Республикасынан бөлінуіне тыйым салды (**Benson, Svanberg, 1998, 93-ші бет**).

ҚХР ұлттық саясаты бірнеше кезеңді бастан кешірді. Алғашқысы 1949-1957 жылдар аралығында жүзеге асты. Осы кезде Шыңжаңдағы билік гоминьдан әскери әкімшілігін ауыстырып, Шығыс-Түркістан Республикасын қысқартқан жаңа әскери басшылықтың қолында болды. Оның құрамына тек қана ханьдықтар кірді. Қытай және батыс дереккөздеріне сәйкес, авторлардың жазуы бойынша, қазақ аудандарында әскери қақтығыстар болып тұрды. 1951 жылға қарай «революцияға қарсы банданы басып-жаншу кампаниясы» өңірді бақылауды өз қолына алды. 1958 жылы болған екінші кезеңде Қытайда «Үлкен секіріс» аясында жаңа кампания басталды. Шыңжаңда ол жаңа коммуна құру формасында көрініс тапты. Осы саясаттың басты нәтижесі қазақтар мен ұйғырлар ҚХР территориясынан жаппай ығыстырыла бастады. Авторлар осы кезде, яғни 1959-62 жылдар аралығында Қытайдан 60-100 мыңға жуық адам қоныс аударғанын жазады. Қытай мен Кеңес одағы шекарасы арасындағы жағдай күрделі сипатқа ие болды, 1965 жылы Ұлттық қорғаныс кеңесі ШҰАР-ды «майдан алды» ауданы деп жариялады. Осы жылдар бойы «жергілікті ұлтшылдыққа» қатысты идеологиялық және саяси күрес біресе басылып, біресе жанданып тұрды.

Үшінші ҚХР ұлттық саясаты тарихындағы барынша драмалық сипатқа ие болған кезең 1966-76 жылдары болған Ұлы пролетар мәдени революциясымен тұспа-тұс келді. Осы жылдары аймақ «қызыл күзетшілердің» — хунвейбиндердің, яғни этникалық ханьдықтардың жергілікті әскер мен кеңес шекарашыларымен арасындағы қақтығысқа ұласты. Қуғын-сүргін күшейіп кетті, «ұлт арасында дүрдараздық тудырғандарға» және «кеңестік ревизионистерге» қарсы күрес, идеологиялық кампания басталды. Қысым мен зорлық күшейген кезең 1969-1970 жылдар болды. Тек 1976 жылы болған Мао өлімі он жылға созылған аз ұлттар мен діндерге қатысты төзгісіз саясаттың саябырсуына негіз болды. Авторлардың пікірінше, осы кезеңнен (1978-1996) бастап аз ұлттарға қатысты барынша бейтарап, жаңаша қарым-қатынас басталды.

Осы саясат аймақтың партиялық иерархиясында да көрініс тапты: егер 1973 жылы аймақ үкіметінің құрамында 11 адамның тек екеуі ғана (қазақ пен ұйғыр) аз ұлттың өкілі болса, 1978 жылдан бастап Төрағаның он үш орынбасарының бесеуі ғана ханьдық болған жоқ. 1980 жылы латын әліппиі қолданыстан шығып, ұйғыр және қазақтар арабтың төте жазумен жаза бастады. Қазақтармен байланыс орнатқан алғашқы жылы Қытайдағы орталық билік, яғни коммунистік әкімшілік көшпенділерге бақылау орнатудың қиын екенін ескере отырып, «демократиялық кеңес» тәсілін пайдалана бастады. Бұл қазақтардың экономикалық және ішкі мәселелеріне араласпау және қажет болған жағдайда ғана оларға материалдық көмек көрсету дегенді аңғартты. Авторлардың пікірінше, осы жағдайдың жағымды тұстары көп болды. Аймақтағы мал саны көбейді, Шыңжаң Қытайдың жүнге деген сұранысының 60%-ын қамтамасыз етіп отырды.

Осы жылдары басты экономикалық күш Қытайдың ұлтты азат ету әскерінің өндірістік-құрылыс корпусы болды. Сол арқылы орталық үкімет пен қазақ халқы арасындағы барлық экономикалық қарым-қатынас реттеліп отырды.

Алайда 1950-ші жылдардың ортасына қарай билік жаңа саясатқа көшті, олар «феодал-көшпелі жүйемен» күресуге кірісті және әлеуметтік экономикаға көшті. 1959 жылдың күзінде Шыңжаң ұйғыр автономиялық республикасының Төрағасы Сайфуддин көшпенділердің шаруашылығы социалистік формаға толық өтіп бітті деп рапорт жасады. Ресми үгіт-насихат тобы бұрынғы көшпенділердің жаңа отырықшы тірлігін алаулатып-жалаулатып көрсетті. Алайда іс жүзінде Іле-Қазақ автономды округында автономияда қалыптасқан дәстүр мен құқықтық қатынастарды бұзу мен тазалау басталды, үйлену жасына қатысты шектеу қойылды, дәстүрлі отбасылық-рулық қатынастар құрылымына соққы жасалды. Мәдени төңкерістің ұшқарылығы аймақтағы қытай коммунизмінің деструктивті сипатын күшейтіп жіберді. Мәдени төңкерістің Іле-Қазақ автономды округына тигізген ең жағымсыз ықпалы мал басының осы жылдары 30%-ға дейін азайып кетуі болды. Тек 1982 жылға қарай 1960 жылдардағы мал басының көрсеткіші қайта қалпына келді.

Дэн Сяопин реформасы бастала салысымен қазақтардың саяси және экономикалық жағдайы жақсара бастады. Бұрынғы партия қызметкерлері бостандыққа шығып, мешіттердің жұмысы жанданды. 1980-ші жылдардың басында қазақтар Іле-Қазақ автономды



округындағы тұрғындардың 24%-ын құрағанмен, халық кеңесіндегі орынның 40%-ына ие болды. Қазақтар өмір сүрген Мори және Барколе аймақтарында да осындай жағдай болды. Компартиядағы қазақтардың саны дереу өсті. Бірақ жалпы алғанда партиялық және мемлекеттік аппарат этникалық қытайлардың бақылауында болды. Қазақтар және Қытайдағы басқа да аз ұлттардың өкілдері көп болса, Шыңжаң ұйғыр автономиялық республикасының Төрағасының орынбасары қызметіне дейін ғана өсті немесе партиялық ұйымның екінші хатшысы қызметін атқарды.

Қытай саясатына қатысты Шыңжаң ұйғыр автономиялық республикасы халқының наразылығын тудырған екі жағдай болды. 1996 жылдың мамырында үкімет барлық ауылды ханьдықтар басқаруы керек деген шешім қабылдады. Тағы бір наразылық тудырған жағдай – *лаогай саясаты*, яғни ауыр еңбекпен жазалау лагерлері, Қытай үкіметі Шыңжаң ұйғыр автономиялық республикасының аумағындағы халықты осындай орталықтарға жіберіп жазалағанды жөн көрді. Қытайдың ұлтты азат ету әскері мен оның өндірістік-құрылыс корпусының осындай құрылымы болды. Жалпы алғанда, автордың пікірінше, Шыңжаң ұйғыр автономиялық республикасының аумағында кемі 18 түзеу орталығы бар, мұндай лагерьлердің өзінің бірнеше құрылымдық бөлімшесі болған (**Benson, Svanberg, 1998, 123-ші бет**).

Авторлардың пікірінше, Дэннің реформалық дәуірі қазақ халқына қыспақтан гөрі көбірек жағымды өзгеріс сыйлады, экономикалық жағынан тиімді болды. Коммуналарға тыйым салынды, бұл дегеніңіз малды көшпенділердің қолына өткізу, сонымен қатар «еркін нарықтың» қалыптаса бастауы, олардың мал өнімдерін өздері қалағандай ұқсатуына мүмкіндік берді.

Қазақтардың жағдайының жақсарғанына Шыңжаңдағы ауылдарда жан басына шаққандағы табыстың артуы дәлел бола алады, 1994 жылдан бері көрсеткіш жыл сайын 1000 юаньға өсіп отырған. Қазақтар аймақтағы туризмді дамытудан түскен табысты да иеленген, туристердің саны 1978 жылы 88 болса, 1994 жылы 160 мыңнан асқан. Саяхаттауға келгендердің басым бөлігі көшпенділердің өмір салтын қызықтаған. Шыңжаң ұйғыр автономиялық республикасының аумағындағы экономиканың жандануына саяси мәселелер кері әсер етті. Оның ең бастысы – этникалық қытай көші-қонының жыл өткен сайын өсуі, олар бұл аймаққа экономикалық өсімнен пайда көру үшін ағылды. Себебі ханьдықтар жергілікті өзге ұлт өкілдеріне қарағанда

көбірек айлық алатын еді. Оларға жердің жақсысы берілді, бастысы өндірістік-құрылыс корпусының көшпенділердің мал өсіруге арналған дәстүрлі жайылымдарына маза бермеуі жағдайды ушықтырды.

Авторлар 1980-ші жылдардың ортасында қытайдың бұқаралық ақпарат құралдарында қазақ аудандарындағы көтерілістер мен төңкерістер туралы ақпарат таратылғанын айтады, 1990-шы жылдары олардың саны жиілеп кеткен. Жергілікті халық пен билік арасындағы шиеленістер 1995 және 1997 жылдары күшейіп кеткен. Сондықтан авторлар 1980-ші жылдардың басын Іле-Қазақ автономды округындағы қазақтардың этноұлтшылдығының пайда болған кезі ретінде қарастырады (**Benson, Svanberg, 1998, 155-ші бет**). Оның пайда болғаны үшін аймақтағы экономиканың тиімділігін арттыру үшін оған модернизация жасауға тырысқан оның өндірістік-құрылыс корпусының белсенділігі аясындағы қытай саясатына алғыс айту керек болар. Алайда, тиімділігі жағынан сәтті болған осы саясат Іле-Қазақ автономды округында кері саяси және әлеуметтік сала бойынша кері әсер етті. Салыстырмалы түрде оқшауланған Баркөл ауданында этникалық қысым төмен болды. Мори ауданында ханьдықтар көп болғандықтан, экономикалық өсім де жоғары болды, сондықтан қазақтар оларға бейтарап қарап, жаңа жағдайға бойұсынды.

Осылайша, қазақтар жалпы алғанда соңғы жиырма жылда жүзеге асырылған «бай болуға ұмтылу» деген реформалардың негізгі идеясын қолдады. Дегенмен, әлеуметтік-саяси дамудың логикасы олардың мал сатып, Қазақстанмен іскерлік байланыс орнату үшін өз экономикалық ұйымын құруға деген қажеттілікті ұсынады (**Benson, Svanberg, 1998, 169-шы бет**). Алайда, осы мәселе тек экономикалық сипатқа ие емес, қазақтардың өз мәдениеті мен дініне қатысты да күрделі сұрақтар бар. Солардың ішіндегі ең ірісі 1988 жылдың сәуірінде Шыңжаң ұйғыр автономиялық республикасының аумағындағы алты институт студенттері арасында болған көтеріліс. Олар Шанхайда жарық көрген заманауи жазушылардың новелласы олардың ұлттық намысына тигені туралы айтып, наразылыққа шыққан. Қытай саясатына қарсы ұран көтеріп шыққандар көтерілісі жыл соңына дейін толастамады. Соңынан 1989 жылы Қытайда «Мұсылмандардың жыныстық дәстүрі» атты кітап жарық көрген соң ол тіптен ушыға түсті. Осындай ұлттық демонстрациялардың соңы елде саяси және экономикалық реформа жүргізуді талап етті. Кейбір мәліметтерге назар аударсақ, «Бейжің көктемі» аталып кеткен көтеріліске ұзын-саны 3 мыңнан аса

шығыстүркістандық студент қатысқан. 1990-1994 жылдар аралығында жарылғыш затты пайдалануға қатысты акциялар туралы хабарламалар пайда болады.

Іле ауданындағы Қытайға қарсы қозғалыстың шарықтау шегі 1995 жылдың сәуірінде болды. 1997 жылы Ининдағы (Құлжадағы) көтеріліс бұрынғы ауқыммен қайталанды. Расталмаған дерекке сүйенсек, оған негізінен ұйғырлар қатысқан. Осыған орай авторлар Шыңжаңда еркін баспасөз болмағандықтан, айтарлықтай қоғамдық роль ойнайтын өсек-аяңға тоқталады. Қытай билігінің өңірде аса қуатты және жақсы дайындалған сепаратистік ұйымның бар екені туралы жалған ақпаратпен күресуі, ақыры шынымен де сырттан қаржыландыратын осындай жақсы ұйымдастырылған ұйымның одан сайын күшейе түсуіне алып келді.

Шыңжаңмен шекаралас орналасқан аймақта тәуелсіз ел ретінде Қазақстанның тарих сахнасына шығуы ҚХР ұлттық саясатында жаңа сыртқы саяси фактордың пайда болуына ықпал етті. Кітап авторлары мынадай болжам жасайды, олардың пікірінше, егер болашақта Шыңжаң ұйғыр автономиялық республикасының аумағында қандай да бір этникалық мәселе бой көтерсе, егер Шыңжаң ұйғыр автономиялық республикасының аумағындағы қазақ аудандары Бейжіңнің емес, Орталық Азияға қарап бағыт түзесе, оны шешудің кілті Қазақстанда болады. Осы орайда олар тараптар арасындағы аса маңызды келісімнің бірі Шыңжаң қазақтарын тарихи отанына көшіру туралы болғанын атап өтеді. Ұзақ жылға созылған Қытай мен Қазақстан арасындағы консультациялардың нәтижесінде 1995 жылдың 13 қыркүйегіндегі бірлескен коммюникеде олар «мемлекетке қарсы сызат түсіретін әрекеттерді» айыптады. Бұл шешім 1997 жылдың ақпанында болған көтеріліс кезінде бекітілді. Алайда, осыған қарамастан, Қазақстанның ұлттық мемлекет құру мақсатындағы қозғалысын ескере отырып, авторлар таяу болашақта мәдени-ұлттық жаңғыру үрдісін тежеудің мүмкін емес екенін, оның шекараның екі жағында да дамуға ие болатынын жазып, қорытынды шығарады.

Ұлттық қозғалысты саясиландырған тәсілдердің бірі Қазақстанның ядролық қаруға қарсы қозғалысы, Семейдегі КСРО-ның ядролық сынақ жасаудағы белсенді әрекеті мен 1991 жылы Қытайдағы Лобнордағы сынақтарға қарсы шыққан елдің әрекетіне орай болжам жасаған авторлар жиырма бірінші ғасырда Қазақстан жиырмасыншы ғасырда басынан өткерген геосаяси мәселелермен қайтадан бетпе-

бет келеді деген болжам жасайды. Қытайдағы экономикалық өсімнің жоғары қарқынға ие болуы, ондағы халық санының қарыштап өсуі аталған елдің Орталық Еуразияда саяси қарым-қатынас бойынша басымдыққа ие болуына ықпал етеді. Егер Қазақстан жетекшілері қалайда өз қандастарын автономия аумағын кеңейту деген сұрақтар бойынша қолдағысы келетін болса да не дипломатия, не саяси қарым-қатынас бойынша оған ешқандай әсер ете алмайды. Дегенмен, бүгінде Шыңжаң Цин империясының оқшауланған бекінісі емес, ол да халықаралық қатынастар жүйесіне біртіндеп ықпалдасып келе жатқан аймақ. Осы тұрғыдан алып қарағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі болашақта күллі әлемдегі қазақтар үшін олардың жоғалтқан мәдени дәстүріне оралуға мүмкіндік беретін арнайы мәдени үлгі жасап шығара алады деп ой түйіндеген зерттеу авторлары еңбектерін былайша аяқтайды: «Қазақ екенін сезінетін, осы ұлт өкілі ретінде өзін тану және оны мақтан ету екі елдің үкіметі үшін де ғаламшардағы тарихи тұрақсыздық жайлаған бір бұрышты мекендеген елдер арасындағы тыныштық пен тұрақтылықты сақтап қалуға шақырады» (Benson, Svanberg, 1998, 205-ші бет).

## § 2. Түркиядағы қазақтар

Түркия Иран, Ауғанстан және Үндістаннан қоныс аударған қазақ эмигранттары үшін шынымен де екінші Отанға айналды. Түрік стратегиясында «сыртқы түркілерді» (Анадолыдан тыс жерде өмір сүретін түркі халықтарының ресми атауы) қолдау саясаты болған соң оларға деген осындай қамқорлық қамтамасыз етілді. Қазақтар өзбек, ұйғырлармен қатар Анкараның ресми саясатында «түркістандықтар» (жергілікті жерде Ауғанстаннан келген қазақ-эмигранттар «афганлылар» деп аталатын) деп қарастырылды. Бастапқыда қазақтарды Стамбулдың жанындағы Тузла, Сиркеджи мен Зейтинбурнуға орналастырды. Осы кезеңде қазақтар түрік тілін меңгеріп, кейін түріктенген еуропалық қазақтардың негізін салды. Тілден бөлек қазақтар жергілікті қолөнерді, әсіресе тері өңдеу жұмысын меңгерді (Svanberg, 1989).

1960-шы жылдары қазақтар Түркияның қалаларына қарай қоныстанып, бұрынғы номадтар, Шыңжаңнан бас сауғалаған босқындар қала тірлігіне үйрене бастайды. Қазақтар қаланың әр жерінде қоныстанғандықтан, балалары түрік мектептеріне барады. Ел

ақсақалдарына ұрпағының қазақылықты жоғалтып, түріктеніп кеткені ұнамағандықтан, олар шоғырланып бір ауданда тұру туралы шешім қабылдайды да нәтижесінде қазақ тілінде бастауыш және орта білім беретін мектеп ашылып, олардың балалары сонда білім алатын болады.

1972 жылы қазақ босқындары Гунешли-кей ауданынан жер алып, сонда үй салу туралы шешім қабылдайды. Сол уақытта ол жерге электр жарығы тартылмаған, коммуникация жүйесі, не жолы жоқ болатын. Бірақ бастысы жері кең әрі орманды алқаптары бар болды. Сонымен құрылыс 1973 жылы аяқталды. Жаңа аудан «Қазақкент» деп аталды. Оның ашылу салтанатына Стамбулдың әкімі, аудан басшылары мен журналистер қатысты. Алғашқы үйлер Алтай деп аталатын көшеде бой көтерді. Ол осы ауданды салу бастамасын көтерген, 1940-1950-жылдары атажұрттан қоныс аударуға мәжбүр болған қазақтардың атамекеніне көрсеткен құрметі болатын.

1997 жылдың 1 қыркүйегінде Қазақкентте алғашқы қазақ мектебі ашылады, оның ашылу рәсіміне де жергілікті әкімшілік пен БАҚ өкілдері қатысады. 1986 жылы Түркияда Алматыда болған желтоқсан оқиғасымен тұспа-тұс резонанс ретінде түрік қазақтарының «Вакиф» атты мәдени-ағарту қоғамы құрылады. Қазақ ақсақалдары осы үшін арнайы рұқсат алу мақсатында Анкараға барады. 1988 жылдың наурызында түркиялық қазақтар қоғамының «Вакиф» атты бюллетені жарық көреді. Оның бірінші бетінде «Алаш» партиясы маршының қазақ тіліндегі мәтіні латын қарпімен басылып шығады.

Қазақтардың дені Түркияның таулы аймағында өмір сүреді, ондағы географиялық жағдай олардың бой үйреткен көшпелі тірлігіне жақын болатын. Қазақтар өздері тұрған аймақты отанын аңсап Алтай-кой деп атады. Оларға берілген жер аумағы 20 мың гектар болатын. Ол мал ұстауға ыңғайлы болмағандықтан, көшпелі қазақтар жер өңдеп, егін салуды және қолөнерді дамытуды үйрене бастады. Уақыт өте келе қазақтар мал шаруашылығын ұмытып, ауыл шаруашылығына бейімделді. 1962 жылы қазақтар алғаш рет тракторға мінді. Осылайша, қазақтар сол кезде күллі Түркияда болған урбанизацияға бой үйретті. Анкарадағы қазақтар бір жерде тұрды, ол қала сыртындағы Актепе деген елдімекен, ал Стамбулда бес қала сыртындағы және қала ішіндегі аудандарда шоғырлана қоныстанды.

Уақыт өте келе қазақ эмигранттары өздері үшін жат болған жаңа бағыт тері өңдеу кәсібін меңгерді, кейін олар осы саланың маманы ретінде Түркия мен Батыс Еуропада танымал болды. 1961 жылы жаңа

түрік конституциясы елден шығуға жол берді, қазақтар осыны тиімді пайдаланды. Оның үстіне Анкара ГФР, Австрия, Нидерланды, Франция, Швейцария, Швеция мен Австралиямен еңбек көші-қоны туралы келісімге келгені қазақтардың аталған елдерге түріктің босқыны ретінде көшіп барып, еңбек етуіне жол ашты. Олар негізінен Кельн мен Берлинге (батыс) таңдау білдірді. Осылайша Алтай койдан біраз қазақ Германияға қоныс аударды. Бүгінде осы елдің, аталған қалаларында тығыз және ұйымдаса қоныстанған қазақ диаспорасы бар. Түркиядағы қазақ отбасы моноэтникалық сипатқа ие, арасында қырым татарлары, қырғыз, ұйғыр сияқты түркілермен бас қосқандары да бар.

Сванбергтің пікірінше, қазақтармен салыстырғанда ұйғырлар барынша оқшау қоныстанған. Себебі олардың саны аз болды, оның үстіне олардың дені жақсы білім алып, елдің қаладағы орта табымен араласып, сіңісіп кетті. Ұйғыр босқындарының дені Сауд Арабиясында өмір сүрді және олардың ұлттық сана-сезімі Түркиядағы туысқандарымен салыстырғанда күшті болды.

Автор жасаған болжамға сүйенсек, болашақта түрік мемлекеті ел ішіндегі аз ұлттарды қолдаудан бас тартуы мүмкін. Елдің 1982 жылы қабылдаған Конституциясы Түркияның елдегі аз ұлт өкілдерінің құқын қорғап, олардың тілі мен өз мектептерін және басқа да ұлттық институттарын дамытуға және қолдауға кепілдік береді дегенді қарастырмаған. Жалпы алғанда Түркияның Еуропалық Одақ құрамына кіру мүмкіндіктері оның көпұлтты сипатын мойындауына тура келтіруі мүмкін. Алайда әлі күнге осы бағытта ешқандай жұмыс атқарылған жоқ. Керісінше, жаңа режим ұлттық сана-сезімге қатысты кез келген бастаманы басып-жаншып тастауға бейіл. Мемлекет ішкі интеграцияны күшейтуге тырысады, басымдыққа ие топтың мәдениеті барлық контексте үстем болуы керек. Өз кезегінде қазақтар Түркиядағы аз ұлт өкілдері сияқты қандай да бір саяси бастамаларға ешқашан қатысқан емес. Өз кезегінде түрік билігі қазақтарды отансүйгіштігі мен бейтараптығы үшін құрметтеп, Қазақ кенттің атауын 1984 жылы Эврен-махаллеси деп өзгертті.

1980-ші жылдардың басында қазақтарды Батыс Еуропа, Австралия мен АҚШ-тан кездестіру тосын жағдай болған жоқ. Оған Түркиядағы әскери төңкеріс пен еңбек нарығындағы жағдайдың нашарлауы әсер етті. Осылайша, кезінде көшпелі қазақ тірлігін сақтап қалу үшін күрескен Осман батырдың ұрпақтары тағдырдың тәлкегімен бейбіт шаруа, қолөнер шебері және саудагерге айналып шыға келді.

1991 жылдан бастап Түркия мен Қазақстан Республикасы қазақтары арасында көпжақты байланыс нығайып, дами бастайды. Оған сол кездерде ұйымдастырылған құрылтайлар ықпал етті. Мәселен, 1997 жылдың наурызында Түркия қазақтары ұйымдастырылған кіші құрылтайға Қазақстаннан мәдениет пен ғылымның көрнекі өкілдері келіп, жырақта жүрген қазақтардың рухын көтерді. Зерттеушілердің пікірінше, осылайша тағдыр айдап Түркияға келген сепаратизмнен ада қазақтар жергілікті халықпен де, үкімет әкімшілігімен де ортақ тіл тауып, жақсы қарым-қатынас орната білді.

### **§ 3. Моңғолиядағы қазақтар**

КСРО мен Қытайдағы қазақтардың басына тарихи бұл үйірілген заманда моңғолдық қазақтар салыстырмалы түрде бейбіт тірлік кешіп жатты. Моңғолиядағы заманауи қазақ диаспорасы құрамында 1989 жылғы санақ бойынша жалпы саны 123 мың адам болған (МХР халқының 6%-ы), олар осы өңірде 1860 және 1940 жылдар аралығында пайда болған. Олардың дені Шыңжаңнан қоныс аударған қазақ руларының өкілдері, сонымен қатар араларында Орыс Алтайы мен Шығыс Қазақстаннан қоныс аударғандар бар. Социалистік қоғам құрған Моңғолиядағы қазақтар экономикалық және саяси жағдайы тұрақты елде өмір сүру және мүмкіндігін иеленді. Оның үстіне тоталитарлық режим мен Мәскеу қазақтарға партия және шаруашылық жұмыстарды атқару барысында жергілікті жерде моңғолдар арасында ұлтшылдық басымдыққа ие болмас үшін қолдау көрсетіп отырды. Моңғолиядағы қазақтар осы елдегі ауқымды әкімшілік және мәдени автономияға ие болған жалғыз этникалық аз топ өкілі болды. Ұланбатыр үшін қазақтар халха-моңғолдар мен ойраттар (батыстық моңғолдар) арасындағы буфердің ролін ойнады, осылайша олар соңғысының сецессионистік арынын басып отырды. Қазақ колхоздары 1930-шы жылдардағы ұжымдастыру шараларынан көп пайда көрді, дегенмен 1990-шы жылдары басталған жекешелендіру науқаны қазақ шаруашылығының экономикалық жағдайын әлсіретті. Оның үстіне осы үрдіс Кеңес одағы тарапынан келетін экономикалық көмектің тоқтауымен тұспа-тұс келіп, Моңғолияда бұрын қалыптасқан социалистік экономикалық инфрақұрылымның құлдырауына алып келді.

1990-шы жылдары осы қазақтар Қазақстанға қоныс аударуды бастады, олардың мақсаты тарихи Отанда сіңісіп қалу еді. Қазақтардың

жаппай қоныс аударуына МХР-дағы социалистік жүйенің құрдымға кетуі, жылдары бойы қалыптасқан саяси және экономикалық қарым-қатынастың өзгеруі және оның соңынан басталған жекешелендіру себеп болды. Атамекенге оралу бастамасын Ұланбатырдағы және елдің басқа да өндірістік орталықтарындағы көшбасшы қазақтар көтерді. Олардың соңынан ауылдық жерде тұратын қазақтар да ерді. Олардың жаппай қоныс аударуына олардың саяси дәрежесінің өзгеруі себеп болды, өйткені оған дейін социалистік кезеңде дәреже салыстырмалы түрде алғанда жоғары болатын. Оның үстіне елде моңғолдандыру және будда дінін насихаттау жұмыстары күшейіп кетті. 1990-шы жылдың ортасына таман олардың дені тарихи Отанына қоныс аударып үлгерді. Дегенмен, осы он жылдықтың екінші жартысында көш аяқталып, реэмиграция үрдісі басталды, яғни атақонысты жерсінбей, қайтып келгендері де болды.

Неміс этнографы П.Финке жазған кітаптағы тараулардың ішіндегі ең маңыздысы (Галледегі М.Планк Институты) Батыс Моңғолиядағы қазақтар туралы. Кітапта осы эссенің пайда болуы біздің көзқарасымыз бойынша, 1990-шы жылдары шетелдегі қазақтардың тарихи Отанына қоныс аударуымен байланысты болған.

Финкенің пікірінше, олардың жаппай қоныс аударуына МХР-дағы социалистік жүйенің құрдымға кетуі, жылдары бойы қалыптасқан саяси және экономикалық қарым-қатынастың өзгеруі және оның соңынан басталған жекешелендіру себеп болды. Атамекенге оралу бастамасын Ұланбатырдағы және елдің басқа да өндірістік орталықтарындағы көшбасшы қазақтар көтерді. Олардың соңынан ауылдық жерде тұратын қазақтар да ерді. Олардың жаппай қоныс аударуына олардың саяси дәрежесінің өзгеруі себеп болды, өйткені оған дейін социалистік кезеңде дәреже салыстырмалы түрде алғанда жоғары болатын. Оның үстіне елде моңғолдандыру және будда дінін насихаттау жұмыстары күшейіп кетті. Солай бола тұра Финке Моңғолиядағы қазақтар осы елдегі ауқымды әкімшілік және мәдени автономияға ие болған жалғыз этникалық аз топ өкілі болды. Ұланбатыр үшін қазақтар халха-моңғолдар мен ойраттар (батыстық моңғолдар) арасындағы буфердің ролін ойнады, осылайша олар соңғысының сецессионистік арынын басып отырды. Моңғол үкіметі қазақ эмиграциясын қолдады, кейін олардың Моңғолияға қайтып келгенін көргенде де құшақ жая қарсы алды. Себебі олар ойраттардың сепаратизмінен экономикалық тұрғыда қорықты, өйткені Батыс Моңғолия аймағы босап қалған



болатын. Неміс ғалымы қазақтардың арасында да сецессиондық пиғылдағы адамдардың болғанын атап өтеді, олардың арасында Моңғолиядан бөлініп, Қазақстанның аумағына жерлерін қосу туралы бастама көтергендер де болған. Дегенмен оның маңызы шамалы болды.

Экономикалық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда Моңғолияның халық шаруашылығында болған өзгерістер жағымды болған жоқ. Егер қазақ колхоздары 1930-шы жылдардағы ұжымдастыру шараларынан көп пайда көрді, дегенмен 1990-шы жылдары басталған жекешелендіру науқаны қазақ шаруашылығының экономикалық жағдайын әлсіретті. Оның үстіне осы үрдіс Кеңес одағы тарапынан келетін экономикалық көмектің тоқтауымен тұспа-тұс келіп, Моңғолияда бұрын қалыптасқан социалистік экономикалық инфрақұрылымның құлдырауына алып келді. Осылайша, қазақтардың Моңғолиядан қоныс аударуы саяси және этникалық рольге ие болумен қатар, елдегі экономикалық факторларға да әсер етті.

Финкенің бағалауы бойынша, 2000 жылдың басында Қазақстанға Моңғолиядан шамамен 50-60 мың адам қоныс аударды. Тарихи отандарында олар шетелдік жұмысшы дәрежесіне ие болды, сондықтан да Моңғолия азаматтығын сақтауға мәжбүр болды. Олардың басым бөлігі Қазақстанның солтүстік аймақтарына қоныстанды. Олар: Көкшетау, Павлодар, Қарағанды және Ақмола. Зиялы қауым өкілдері мен студенттер Алматыға көшіп келді. Моңғол қазақтарының тұрмысқа жайлы оңтүстік өңірлерге қоныстануына әкімшілік тарапынан рұқсат берілген жоқ. Себебі республиканың осы аймағында халық өте тығыз қоныстанған, бос жұмыс орны мен баспана табу қиын болды. Қазақстанды жерсіне алмай қайта көшкен адамдардың саны туралы нақты мәлімет жоқ, дегенмен неміс этнографының пайымдауынша, оның көлемі шамамен 10-20 мың адам болуы мүмкін. Ол реэмиграцияға себеп болған негізгі жағдай Қазақстанның солтүстік аймағындағы экономикалық ахуалдың нашар болуы деп түсіндіреді. Олар мұнда қатты қиналады. Оған қоса Моңғолияға қайта көшуге себеп болған жағдай қоныс аударғандарды орыс тілін білмеуі болды. Үкімет оларды осы өңірге орналастырғанда Кеңес одағы ыдыраған соң жаппай шекара асып кеткен орыстар мен немістерден босап қалған аймақты қазақыландыруды көздеген еді. Алайда, өкінішке орай жергілікті қазақтар қазақша, ал моңғолиялық қазақтар орыс тілінде сөйлей алмады.

Статистикалық мәліметтерді мұқият зерттей келе Финке мынадай қорытындыға келеді, Моңғолиядан жаппай көшкен эмигранттардың дені қалада тұратын қазақтар, олар қалада жұмыссыз қалғандықтан, Батыс Моңғолиядағы ауылға барып тұрғанша, Қазақстандағы қалаларда жұмыс істеуді жөн көрді. Ал реэмигранттар арасында негізінен мал шаруашылығымен айналысатындар болды. Осылайша, Моңғолиядан көшкен қазақ эмиграциясы Моңғолиядағы деурбанизация және деиндустриализация үрдісінің бір бөлігі болды. Ал Моңғолиядан кетерде барлық дүние-мүлкін сатып кеткен қазақтар қайтадан Моңғолияға көшіп келгенде өздерінің сонда қалған туыстары мен достарының көмегінің арқасында тіршілігін жөндеді, оларға көмектескендер қатарында моңғолдар да болды. Жалпы алғанда қазақтар мен моңғолдар арасындағы ұлтаралық қарым-қатынас барынша тұрақты әрі достық сипатқа ие. Барлық қазақтар моңғол тілін біледі, ал Батыс аймақтағы моңғолдар болса қазақша сөйлей алады. Солай бола тұра екі халық арасында аралас неке деген атымен жоқ. Жергілікті қазақтар Моңғолияны отаным деп санайды. Олардың Қазақстанға көшіп баруы Моңғолия мен Қазақстандағы экономикалық дамудың болашағына байланысты. Финкенің пікірінше, моңғолиялық қазақтар Моңғолияны да қимайды, Қазақстанға көшу мүмкіндігін де құр жібергісі келмейді.

И.Мандоки Конгур есімді белгілі венгер шығыстанушысы «МХР-дағы қазақтардың тарихы»<sup>175</sup> атты моңғол тарихшысы Н. Қабышұлының «Керейдің керуені»<sup>176</sup> кітабына жазған рецензиясында соңғы 20-25 жылда МХР-да Моңғолияның солтүстік-батысында негізінен Баян-Өлгей және ара-тұра Қобда аймағында өмір сүрген қазақтардың тарихы туралы бірнеше зерттеулер мен монографияның жазылғаны туралы айтылады. Олардың қатарында Моңғолияда тұратын қазақ тарихшысы Ә.Міністің және бұрын Баян-Өлгей аймағында партиялық қызмет атқарған Ә.Сарайдың жұмыстары бар.<sup>177</sup> С.Мағауи қазақ тіліне аударған «Моңғолдың құпия шежіресі» тарихи жұмыстар мен дереккөздердің санын арттыра түсті.<sup>178</sup>

Рецензенттің пікірінше, Моңғолияда қазақ тілін зерттеу жұмысы да

<sup>175</sup> Mandoky Kongur I. // Acta Orientalia Hungarica. — Budapest, 1981. T.38, fasc.3. — P. 411-412.

<sup>176</sup> Qabişuli I, Kereyeler kerweni. Ölgüy, 1978. 115 b. / Керейлер керуені. — Өлгей, 1978. — 115 б.

<sup>177</sup> Minis Ä, Saray A. Mongol Haliq Respublikasi Bayan-ölgüy aymaqining qazaq halqi tariy-hinan. - Ölgüy, 1968; Saray A. Bayan-ölgüy aymaqtıq qazaq halqi tariyhining keybir maseleleri. - Ölgüy, 1968. Мініс Ә., Сарай Ә. Моңғол халық республикасы І Баян-өлгей аймағының қазақ халқы тарихынан. — Өлгей, 1968; Сарай А. Баян-өлгей аймақтық қазақ халқы тарихының кейбір мәселелері. Өлгей, 1968.

<sup>178</sup> Mongol-ding qupia sezeresi. — Ölgüy, 1979./Моңғолдың құпия шежіресі.- Өлгей, 1979

айтарлықтай дамыған. Соңғы отыз жылда қазақ тілі бойынша бірнеше сөздік, зерттеу мақалалары мен монографиялар жарық көрген.<sup>179</sup>

Мандоки Конгурдың жазуынша, XVIII ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның орталық, шығыс және оңтүстік-шығыс аудандарында, Қазақ хандығының Орта жүзінен көшпелі мал шаруашылығымен айналысатын бірнеше отбасы Ресейге бодан болғысы келмегендіктен, Қытайдың солтүстік-шығысында орналасқан Шыңжаң провинциясына, мал бағу үшін қолайлы Алтай тауларының оңтүстігі мен оңтүстік-шығысындағы жерлерге қоныс аударды. Олардың басым бөлігі керей руынан болатын, ал қалған аз бөлігі жүз шақты отбасы наймандар болды. XIX ғасырдың 60-шы жылдары бірқатар тарихи және саяси оқиғалар салдарынан Қытайдың Түркістанында тұратын қазақтардың бірқатар бөлігі Алтай тауларын асып, оның солтүстік және солтүстік-шығыс жоталарына қарай бағыт алып, Қобда өзенінің алқабына және оның сағасына қарай бойлап, Ішкі Моңғолия территориясына өтеді, қазір сол жерде олардың ұрпақтары күні бүгінге дейін өмір сүріп жатыр.

Қабышұлының монографиясы рецензенттің айтуы бойынша, ежелгі тарихи деректерді жалпыландырып жіберіп, МХР территориясында 150-160 мың қазақ тұратынын жазған. Кітапта жекелеген отбасылардың ежелгі дереккөздерден немесе біздің заманымызда жиналған деректер негізінде құрастырылған шежіресі жазылған, онда сонымен қатар қазақ халқының пайда болуы туралы аңыздар да қамтылған. Кітаптың атауы мазмұнына сай емес (Керейлердің керуені), оған қарап қандай да бір керуеннің жолы деп ойлап қалуыңыз мүмкін немесе керейлердің дәстүрлі керуені деген ой келеді (мүмкін заманауи түркі халықтарының бірі, керей руы болуы мүмкін). Алайда «керуен» сөзін автор кітапқа тек қана аллитерациялық мақсатта, «kös» (көш), яғни (Kereyler kösi — керейдің көші) немесе «tariyh» (тарих), (Kereyler tariyhi — керейлер тарихы), атауларды алмастыру. Осы сөздердің мағынасын беру мақсатында қосқан. Атаудың бірінші сөзіне қатысты айтатын болсақ, ол мазмұнға сай келеді, өйткені кітап тек қана керей руынан шыққан қазақтардың тарихына арналған. Моңғолиядағы Орта жүзге жататын, найман мен уақ сияқты қазақтардың саны небәрі 1%; олар керейлердің қатарына қосылып, бұрын қоныстанған аудандарына солармен бірге келген.

<sup>179</sup> Habsay S, Minis Ä. Mongolşa-qazaqşa sözdik. — Ulanbätör, 1954; Buqatuli B. Mongol-qazaq tilderining salistirmali tarighiy grammatikasi (Qisqasa kurs). — Ölgii, 1973; Buqatu'i B. Qazaqşa-mongolşa sözdik. — Ulanbator, 1977. /Хабшай С., Минис Ә. Моңғолша-қазақша сөздік, Улан-Батор, 1954; Бұқатулы. Моңғол-қазақ тілдерінің салыстырмалы тарихы грамматикасы (қысқаша курс). - Өлгей, 1973; Бұқатулы Б. Қазақша-моңғолша сөздік. - Улан-Батор, 1977.

Кітап үш бөлімнен тұрады. Бірінші тарауда автор керейлердің арғы тарихына қатысты тарихи дереккөздерді атап шығады; олардың ішіндегі ең маңыздыларына тоқталады, негізгісі ол «Моңғолдың құпия шежіресі» (5-6-шы бет). Мандоки Конгур осы тарауды оқыған соң біз жаңа біліммен сусындамағанымызға, автор өзіне берілген мүмкіндікті пайдалана алмағанына өкініш білдіреді.

Екінші тарауда алдыңғы әдебиет негізінде қазақтардың этногенезі мен «қазақ» этнонимінің шығу тарихы талқыланады (62-76-шы бет). Осы тарау тарих, этнография мен тіл білімі туралы ақпараты жоқ оқырман үшін көптеген дерек берері сөзсіз еді, бірақ автор пайдаланған дереккөздерде көп қате жібереді немесе оны дұрыс қолданбайды, сондықтан да оның кітабы мамандар үшін кәдеге жармайтын қағаз болып қала береді. Осы және бірінші тарауда да тарихи деректер, авторлардың аты, тіпті дереккөздерде кездесетін атаулар Мандоки Конгурдың транскрипциясымен беріледі (мысал ретінде «Моңғолдың құпия шежіресіндегі» дұрыс жазылмаған адам аттары - Темуджин, Есугей, Субедой және т.б.). Осындай қателіктерді тізе берсе өте көп, сондықтан кітаптан дұрыс жазылған атауларды табу қиын.

Түркітану тұрғысынан алып қарағанда кітаптың аса маңызды бөлігі үшінші тарау, онда автор оқырмандарын қазақ үшін жақсы таныс шежіремен таныстырады (86-91-ші бет), сонымен қатар Қазақстан, Қытай, Моңғолияда тұратын керей руынан шыққандардың отбасылық шежіре, генеалогиялық аңыз, қазақтардың шежіреге қатысты аңыз-әпсанасымен байланысты мәселелерді қарастырады (91-114-ші беттер). Автордың өзі Моңғолиядағы осы рудың өкілі болғандықтан, тақырып барынша жан-жақты қарастырылған болуы керек деп ойлайсың. Өкінішке орай, жарияланған шежіреде керей руының бай тарихы тұрмақ, оның отбасы немесе әулетінің шығу тегі туралы еш ақпарат берілмеген.

Соңғы он жылдықта осындай шежіренің талайы жарық көрді, автордың оларды да кітабында қамтуына мүмкіндігі бар еді. Дегенмен рецензент осы кітапта керейлер туралы жазылған аңыздар мен деректердің Венгрияда тұратын қыпшақтардың тарихын зерттеуге пайдалы болатынын айтады.

Моңғол қазақтарымен негізінен Қазақстанның қазіргі ішкі әлеуметтік өміріндегі феномен оралмандармен байланысты. Моңғолиядан 50-60 мың қазақ көшіп келді. Тарихи отандарында олар шетелдік жұмысшы дәрежесіне ие болды, сондықтан да Моңғолия азаматтығын сақтауға

мәжбүр болды. Олардың басым бөлігі Қазақстанның солтүстік аймақтарына қоныстанды. Олар: Көкшетау, Павлодар, Қарағанды және Ақмола. Моңғолиядан жаппай көшкен эмигранттардың дені қалада тұратын қазақтар, олар қалада жұмыссыз қалғандықтан, Батыс Моңғолиядағы ауылға барып тұрғанша, Қазақстандағы қалаларда жұмыс істеуді жөн көрді. Зиялы қауым өкілдері мен студенттер Алматыға көшіп келді. Моңғол қазақтарының тұрмысқа жайлы оңтүстік өңірлерге қоныстануына әкімшілік тарапынан рұқсат берілген жоқ. Себебі республиканың осы аймағында халық өте тығыз қоныстанған, бос жұмыс орны мен баспана табу қиын болды. Қазақстанды жерсіне алмай Моңғолияға қайта көшкендер де болды. Моңғолияға қазақтардың қайтып келгенін көргенде жергілікті үкімет оларды қуана қарсы алды. Себебі олар ойраттардың сепаратизмінен экономикалық тұрғыда қорықты, өйткені Батыс Моңғолия аймағы босап қалған болатын.

\* \* \*

Негізінен 1991 жылға дейінгі шетелдегі қазақ қоғамына тән негізгі ерекшелік олардың бірлескен ұйымдарының және мақсатты қоғамының болмауы, оған олардың санының аз болуы өз әсерін тигізсе керек. Осы жағдай қазақтардың этникалық түрік қауымдастықтарының құрамына кіріп, мүше болуына әсер етті. Жағдай Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алып, дербес ел екенін жариялаған соң өзгерді.

Әлемнің әр еліндегі қазақ диаспорасы әлеуметтік, экономикалық, құқықтық, мәдени және білім жағынан бір текті емес. Олар көбінесе Қазақстан, Түркия мен Қытай сияқты үш елден шыққандар, кейін күллі әлемге тарыдай шашылып, таралып кеткендер. Өзге елдерде тұратын қазақтарға трилингвизм тән: мысалы, Қазақстаннан шыққандар орыс, қазақ және көшіп барған елінің тілін меңгереді, Шыңжаңның өкілдері қытай, қазақ және көшіп барған елінің тілін, Түркиядағы қазақтар да дәл осылай түрік, қазақ және көшіп барған елінің тілін меңгерген. Шетелде тұратын қазақтардың екінші және үшінші ұрпағы ана тілін дұрыс білмейді. Себебі олар өмір сүріп жатқан елінің тілінде сөйлейтіндіктен, қазақ тілі қолданыстан шығып қалған. Сондықтан да жас балалар ана тілінде сөйлемейді десе де болады.

Америка құрама штаттарына қазақтар Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін көшіп барған. Негізінен АҚШ-тағы қазақтарды бірнеше топқа

бөліп қарастыруға болады: 1) КСРО-ның бұрынғы азаматтары, олар Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқынға түсіп қалып, Германияның концентрациондық лагерьлерінде болғандар, кейін кеңес әскерінің арқасында азат етіліп, тексерістен соң, қалаулары бойынша Түркияға қоныс аударып, кейін Түркиядан АҚШ-қа көшкендер, бүгінде бұл елде олардың екінші және үшінші ұрпақтары өмір сүріп жатыр; 2) Түркияның қазақтары, олар түрік еңбек иммиграциясының құрамдас бөлігі, алдымен жұмыс тауып алып, бес жыл бойы (ешқайда шықпай) тұрақты жұмыс істеген соң АҚШ азаматтығын алғандар; 3) ҚХР келген қазақтар, олар АҚШ-қа Жапония, Тайвань арқылы Тынық мұхитын асып жеткен. Аз ғана уақытқа Тынық мұхиты жағалауында білім алу немесе жұмыс істеймін деп келіп қалып қойғандар; 4) Қазақстан Республикасынан оқу оқимын, жұмыс істеймін деп келіп қалып қойғандар және 5) АҚШ азаматтарымен ұлтаралық некеге тұрып, азаматтық алғандар.

Америка құрама штаттары мультимәдени және көпұлтты ел ретінде қазақ халқының назарын 1960-шы жылдардың ортасынан бастап қызықтыра бастады, содан кейін 1965 жылы көші-қонға қатысты заңдардың либерализациясы жүзеге асты.

Ұлыбританиядағы қазақ қоғамының басты ерекшелігі оның әртүрлі сипатқа ие болуында. Күні бүгінге дейін ҚХР, Түркия мен Қазақстаннан корольдікке көшкен қазақтар арасында тығыз қарым-қатынас орнамаған. Қазақ қоғамына тіркеуден өткендерге қарап Лондонда 65 қазақ тұрады деп айтуға болады. Олар Түркиядан келгендер. Олардың қатарына ҚХР, Қазақстан және басқа да елдерден қоныс аударған қазақтар қосылмаған.

ГФР-ға қазақтар 1960-шы жылдардың ортасында көшіп келген. Олар түрік еңбек иммиграциясының құрамдас бөлігі. Оған қоса, қазақтар үшін Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Берлинде «Түркістан легионының» құрылуы да маңызды роль атқарды. Онда қазақтар саны жағынан өзбектерден кейін екінші орында болды. ГФР-да Мюнхен және Кельн қалаларында қазақтың жас ұрпағы ұлттық тамырынан ажырамас үшін мәдени-ағарту шараларын ұйымдастыратын екі қазақ қоғамы құрылған.

ГФР-дағы қазақтар үшін ең басты мәселе – тіл. Негізінен қазақтар отбасында бір-бірімен түрік тілінде сөйлеседі. Балалар неміс тілінде араласады. Сол себепті де ұлттық мәдени-ағарту шараларын ұйымдастыратын осындай қазақ орталықтарын ашу қажеттілігі туындады. 1993 жылы Мюнхенде «Еуропадағы қазақ түркілерінің бюллетені» жарық көре бастады. Басылымда Түркия, Германия,

Франция, Швеция, Австрия, Ұлыбритания, Швейцария мен Даниядағы қазақтар туралы, олардың өмірі, атқарған шаралары, жетістіктері, сонымен қатар Қазақстанның жаңалықтары жарияланып тұрды.

1960-шы жылдары түрік жұмысшылары Скандинав елдеріне еңбек иммиграциясымен қоныс аудара бастады. Олар Швецияда тұруға таңдау білдірді. Бүгінде Швецияда 24 мың түрік иммигранты өмір сүреді. Олардың арасында қазақтар да бар. Жоғарыда аталып өткендей швед ғалымы, этнолог Ингвар Сванберг 1981 жылы «Nord Nytt» журналында Швецияда өмір сүретін қазақ жұмысшылары туралы мақала жариялайды. Онда И. Сванберг сонау қиырдан, ұзақ жол жүріп, Отанынан жырақ жерге келген қазақтардың көші-қон тарихына қысқаша тоқталады. Дегенмен, осы жұмыс негізінен ұлттық ерекшелігі мен өзіне ғана тән дәстүрін сақтап қалуға тырысқан шағын этникалық топтың этнографиялық мәселелерін зерттеуге арналған.

Тағы бір қызық тұсы И.Сванберг оны Батыс Берлинде тұратын қазақ қоғамында қалыптасқан жағдаймен салыстыра отырып, зерттеуге тырысады. И.Сванберг зерттеулеріне сәйкес, Түркиядағы қазақтардың және ГФР-дағы қазақтардың бір бөлігі 1960-шы жылдардың ортасында Швецияға қоныс аударған. Олар басқа да шетелдік жұмыс күшімен бірге Евле қаласына барып, сол жерде жұмысқа орналасқан. Осылайша Швецияға қазақ көшін бастаған еңбекшілер соңынан біраз ағайын-туғанын тартып, Швециядағы қазақ диаспорасын қалыптастырды. Дәл осындай үрдіс басқа да түркі халықтары мен түріктердің де басында болды.

Әрине бүгінде күллі әлемде тарыдай шашылған қазақ баласы түрлі себеппен тарихи Отанына оралып жатыр, оралғысы келетіндері де жетерлік. Қазақтардың Қазақстанға оралу үрдісі (репатриация) көп қырлы және қарапайым емес, тарихи тамыры терең және зардаптары да жоқ емес.

1990-шы жылдардың орта тұсынан бастап Қазақстан үкіметі шетте жүрген қазақтарды тарихи Отанына оралту жұмысына ерекше мән берді. Моңғолиядағы қазақтар бастаған көшті Иран, Ауғанстан, Өзбекстан мен Түркіменстандағы қазақтар жалғастырды. Әлеуметтік-мәдени және лингвистикалық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда бұл өте күрделі үрдіс. Бүгінде Қазақстан - еуропалық бағытта даму бағдарын белгілеген тәуелсіз ел. Халқының басым бөлігі орыс тілінде тілдескенді жөн көреді. Сол себепті оралмандардың тарихи Отанында бейімделу үрдісі баяу және белгілі бір мәселелер негізінде жүзеге асып келеді.

Бұл процесс Қазақстанның және қазақ диаспорасының да қазақтардың дамуының басты стратегиялық векторына әсер ете алмайды. Осы вектор дәстүрлі көшпелі мұрадан бас тартудың қажеттілігін ескере отырып, заманауи, модернизацияланған, өмір салтына ауысуды талап етеді. Бір қызығы, бұл үрдіс көп жағдайда мәжбүрлі түрде таңдауға тура келген тек қазақстандық қазақтарды ғана емес, сонымен қатар қытайлық қазақтарды, Түркияда өмір сүріп жатқандар мен Батыс елдеріндегі қандастарымызды да айналып өткен жоқ. Бірақ соңғылары мұны мәжбүрлі түрде емес, өз еркілерімен таңдап алды.



## VI тарау. Заманауи саясаттанудағы Қазақстанның тарихы және оның орны

### § 1. Ориенталистика мен саясаттану назарындағы Орталық Азия

Дәстүрлі шығыстану мен саясаттанудың өзара байланысы мен ықпалы туралы жазған болатынбыз. Соңғы он жылдықта классикалық шығыстану саясаттану мен геосаясаттың нысанасына алынғаны жасырын емес (бұл тұжырым тек Орталық Азияға қатысты емес). Кей кезде дәстүрлі ғылым саяси зерттеулерде көлеңкеде қалып қойған деп те айтуға болады.

Бұған тек идеологиялық экспансия, геосаяси күрес қана емес, XX ғасырдың екінші жартысына тән құбылыс ақыл-ой орталықтарының академиялық институт жұмысына араласуының да қатысы бар. Классикалық шығыстанудың соңғы он жылда біртіндеп қолданыстан шыға бастауына негіз болатын объективті себеп бар. XX ғасырдың шығыстанудың өткен ғасырда қалыптасқан дәстүрі, әдісі, теориясы және т.б. бар. Алайда әлемдегі картинаның өзгеруі, зерттеуге арналған табиғи алаңның ескіруі, деколонизация және басқа да объективті факторлар, сонымен қатар осы салаға еңбегі сіңген, шығыстану бойынша классикалық білім алған ғалымдардың XIX ғасырдағы классикалық ғылымның дәстүрі қолданыста болғанда XX ғасырдың бірінші жартысы мен ортасында өмірден өтуі деген сияқты себептер жинала келе біз классикалық дәуірде жазылған тамаша еңбектер бойынша білетін ориенталистиканың құрдымға кетуіне ықпал етті.

Орталық Азияға қатысты айтатын болсақ, тарихи шығыстануға байланысты зерттеулерде саясаттанушылар үшін классикалық ғылым тұрғысынан алып қарағанда бейпілдік пен оны екінші орынға сырғыту тән болды. Дей тұрғанмен, осындай жағдайдың өзінде XXI ғасырдағы әдебиетте өзіне тән жақсы ерекшеліктер де жоқ емес. Мәселен, профессор Ф.Старрдың «Жоғалған ағарту жұмысы»<sup>180</sup> атты еңбегін атап өтпеске болмайды. Ол осы кітабында шығыстануға қатысты білімі мен саяси тапсырысты тамаша үйлестіре білді. Осындай еңбектердің бірі

<sup>180</sup> Starr S.F. Lost Enlightenment: Central Asia's Golden Age from the Arab Conquest to Tamerlane. – Princeton: Princeton University Press, 2013. – XXXII+696 pp.

ретінде М.Олкоттың «Жиһад тұлымында»<sup>181</sup> атты жұмысын атап өтуге болады, ол туралы біз бірнеше мәрте жаздық және зерттеу аймағына барып, материал жинақтаудың арқасында онда пайдаланылған терең зерттелген тарихи материалдарды тарихи-шығыстану саласына жатқызуға болады. Дегенмен, екі зерттеуші де ғылымдағы тамаша тәжірибе жинақтаған ардагерлер қатарынан және оларды болашақта тұра сондай (академиялық энтузиазмға ие) білім мен әдісті меңгерген ұрпақ алмастырады дегенге сену қиын.

Орталық Азия бойынша шетелдегі кеңес заманы кезеңінен кейінгі барлық әдебиетті (тарихи және тарихнамалық меже ретінде біз ерікті және еріксіз осы кезеңді қамтитын боламыз) шартты түрде бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Алғашқы топқа концептуалдық деңгейдегі саясаттану зерттеулерін жатқызуға болады, ол жалпы аймаққа және жекелеген республикаларға арналған (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін немесе біздің кезімізде айтқандай «палеолиттен Главлитқа дейін»). Олардың авторлары зерттеу пәнінің толық картинасын беруге тырыспайды (жекелеген ерекшеліктерді ескермегенде), дегенмен оқырманды міндетті түрде тарихи контекске енгізуді қажет деп санайды. Сондықтан да олардың жұмысының кіріспе пен бірінші бөлімі (тарау, бөлім) тарихи сипатқа ие. Ғылыми тұрғыдан алып қарағанда бұл бөлімдер әлдеқашан белгілі болған зерттеулерді құрастырған жұмыс болып шығады. Өте сирек жағдайда ғана кейбір авторлар егер өздерінде болса ғана өзіндік теория мен концепцияны тарихи контекске ыңғайластырғысы келеді. Өте сирек жағдайда кейбір авторлар тарихи контексті егер ол бар болса, өз теориялары немесе концепциясына қосып алғысы келеді. Мұндай жағдайда біз оны жеке қарастырамыз.

Екінші топтың зерттеулері дәстүрлі академиялық сипатқа ие. Ол кең ауқымды жобалар болуы мүмкін, мысалы Осман империясының мұрағаттарын он шақты жыл бойы зерттеген француз жобасы, оның қатарында Орталық Азия да бар. Осы категорияға түрлі этнографиялық, археологиялық және тағы да басқа оқиға орнында жүргізілетін зерттеу жұмыстары кіреді. Оған кірісуге КСРО құлдырап, біздің елімізге батыстық ғалымдардың келуіне жол ашылған соң ғана мүмкіндік берілді. Алайда соңғы жылдары осындай жобалар (мүмкін қаржыландырудың аз болуынан) уақыт өте келе сирей бастады. Ислам мұражай коллекциялары, лингвистикалық зерттеулер – осының барлығы шығыстану білімінің категориясына енген.

<sup>181</sup> Olcott M.B. In the Whirlwind of Jihad. – Washington, DC: Carnegie Endowment, 2012. – XIV+415 pp.

Үшінші топқа саясаттану және әлеуметтану бағытындағы жұмыстарды жатқызамыз, онда шығыстану мәселелеріне қатысы бар дәстүрлі құрылымдардың заманауи кезеңде (кеңестік, посткеңестік) трансформациялануы мәселелері қамтылады. Дәстүрлі қоғамдағы зерттелетін мәселелер аясы (кландық жүйе, ауыл, қышлақ, махалла және т.б.) Орталық Азиядағы посткеңестік кезеңдегі ислам мәселесі, діни өзін-өзі тану, ұлтшылдық мәселесі, этникалық және ұлттық өзін-өзі тану, әсіресе кеңестік жүйе күйреген соң және барынша кең ауқымда қамтысақ – демодернизация мәселесі, архаизация, діни сауатсыздықтың өсуі және әлеуметтік тығырық (кейде осы мәселелерді тізбектеп жазған көптеген батыс авторлары ар жағында оны қолдайтын сияқты сезіледі).

Төртінші топ аймақ туралы жарияланымдар, ол ағарту мақсатында жазылған жалпыға танымал сипаттағы, туристік анықтама сияқты әдебиет. Олардың арасындағы ең сүбелісі түрлі серия аясындағы: мысалы, «Оксфордтың әлем тарихы», «Пэлгрейв», «Макмиллан» және басқа да баспалардың жарыққа шыққан сериялық басылымдар. Ғылыми тұрғыдан алғанда осындай басылымдардың салмағы төмен, еш құндылығы жоқ, дегенмен дерекнамалық және тарихнамалық анықтамалық ретінде олардың зерттеушілердің пайдасына жарауы мүмкін.

Осындай басылымдар арасында бірінші топқа жататын АҚШ-та жарық көрген ұжымдық еңбек бар, «Тарихи перспективадағы Орталық Азия» деп аталады (1998), Б.Манцтың редакциялауымен жарық көрген.<sup>182</sup> Францияда осы кезең аймақ туралы академиялық орта мен жалпы оқырмандар үшін негізгі ақпарат көзі Ж.-П.Рудың «Орталық Азия: тарих және өркениет» атты монографиясы болды (1997)<sup>183</sup>. Ұлыбританиядағы Орталық Азияға қатысты ағарту жұмыстары ретінде М.Уайтлоктың аймақ туралы тарихты жазған «Окстың арғы жағында» кітабын (2002) және «Орталық Азияның айтылмаған тарихы» (2003) шығармаларын атауға болады.<sup>184</sup>

Осы категорияға бағыты жағынан іргелі зерттеу болып табылатын Дилип Хироның «Орталық Азия ішінде: Өзбекстан, Түркіменстан, Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркия мен Иранның саяси және

<sup>182</sup> Manz B. (ed.). *Central Asia in Historical Perspective*. – Boulder (Co): Westview Press, 1998. – X+245 pp.

<sup>183</sup> Roux J.-P. *L'Asie centrale. Histoire et civilisations*. – Paris: Fayard, 1997. - 520 p.

<sup>184</sup> Whitelock M. *Beyond the Oxus. The Central Asians*. – London: John Murrey, 2002. – 290 p.  
Whitelock M. *Land beyond the River: the Untold Story of Central Asia*. – New York: Thomas Dunne, 2003.

мәдени тарихы» монографиясын жатқызуға болады (2009). Байқап отырғанымыздай, автор аймақтағы жаңа кезең оқиғаларын Ирандағы ислам төңкерісін қоса отырып, тарихи-өркениетті контекспен терең байланыстырғысы келген. Солай бола тұра, Д.Хиро аймақтағы әр республиканың заманауи тарихы мен жағдайын қарастырады.<sup>185</sup>

Екінші топқа жататын іргелі зерттеулер қатарына А.Франктың «Бұқара мен Ресейдің мұсылмандары: суфизм, ислам дәрежесіндегі білім мен парадокс» (2012). Кітап «Тарих-и Барангави» (Баранги тарихы) дереккөзін зерттеу мақсатында жазылған, онда XVIII-XIX ғасырларда Бұқараға барып бас сауғалаған Еділ-Жайық аймағынан шыққан татар мен башқұрттар туралы жазылады. Салмақты сыншылардың көзқарасы бойынша, бұл Ресей империясындағы мұсылман аймақтарының діни тарихының көптеген аспектісін қамтитын өте қызықты әрі терең зерттеу<sup>186</sup>. Осы жұмысқа А.Купердің «Бұқар еврейлері мен жаһандық иудаизмнің динамикасы» атты еңбегі ұқсас, онда осы қоғамның тарихы мен тарихи болашағы қарастырылады<sup>187</sup>. Сонымен қатар монографияда аймақ тарихының мәселелері қарастырылады.

Осы жұмыстар қатарына П.Сарторидің редакциялауымын шыққан «Орталық Азияның заманауи әлеуметтік тарихының зерттеулері: XIX ғасырдың басы мен XX ғасыр» атты еңбекті жатқызуға болады, онда жергілікті элита мен ресейлік отаршылық әкімшілік арасындағы қарым-қатынасты зерттеуге баса назар аударылады. Одан бөлек жер-су саясатына қатысты қарама-қайшылықтар мәселесі, отаршылдық режиммен байланысты жаңа элита мен қарапайым халық арасындағы қарым-қатынас мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар ғасырлар тоғысындағы ислам және ұлттық сана-сезімнің бой көтеруі сияқты мәселелер де қамтылған<sup>188</sup>.

Классикалық монография ретінде Т.Уэлсфордтың Мәуереннаһр тарихындағы басқару жүйесінде қалыптасқан қысқаша кезеңге арналған еңбекті атауға болады. Автор биліктің ауысу механизмін зерттейді және Шейбанидтердің олардың еншілес тармағы Тоқай – Темір әулетіне қатысты қысқа кезеңдегі 1598-1605 жылдардағы

<sup>185</sup> Hiro D. Inside Central Asia. A Political and Cultural History of Uzbekistan, Turkmenistan, Kazakhstan, Kyrgyzstan, Tajikistan, Turkey, and Iran. – New York, London: Overlook Duckworth, 2009.

<sup>186</sup> Frank A.J. Bukhara and the Muslims of Russia: Sufism, Education and the Paradox of Islamic Prestige. – Leiden: Brill, 2012. – VII+215 pp.

<sup>187</sup> Cooper A.E. Bukharian Jews and the Dynamics of Global Judaism. – Bloomington: Indiana University Press, 2012. XXIV+305 pp.

<sup>188</sup> Sartori P. (ed.) Explorations in the Social History of Modern Central Asia (19th – early 20 Century). – Leiden: Brill, 2013. – XIII+333 pp.

өкілеттілігі, аймақ тарихында орта ғасырдың соңында болған билікті зерттеу механизмін қарастырады<sup>189</sup>.

Шығыстану тарихнамасы негізінде жазылған еңбектер қатарына Агнесс Нилюфердің «Империялық Ресейде мұсылман болу» (2014) атты монографисын жатқызуға болады. Автор (негізінен Татарстан мысалында) Петербургтың христиан дінін ұстанғандар, (яғни шоқынғандар) арасындағы аз ұлттарға қатысты саясаты тұрғысынан қарастырады<sup>190</sup>.

Уильям Хоничерчтің тыңғылықты зерттеу негізінде дайындалған «Ішкі Азия және империяның кеңістік саясаты: археология, жеделдік және мәдениет» (2015) атты монографиясы кейінгі кезде Ішкі Еуразияда өзіндік өркениет құрған номадтардың ролін төмендеткісі келген батыс «зерттеушілеріне» берілген жауап сияқты. Соңында авторлардың осы пікірталасы 1980-90-шы жылдары А.Хазанов, Н.Крадин, Т.Барфилд және т.б. авторлардың көшпелі мемлекет мәселесі туралы еңбегіне арқау болды<sup>191</sup>.

Төртінші топқа жататын еңбектер қатарына К.Табронның «Азияны жоғалған жүрегі» (1994) кітабын жатқызуға болады, автор онда Кеңес одағы құлар алдында оның құрамында болған республикаларды аралай жүріп, тарихи экскурс жасау негізінде өзінің көрген-білген әсерін жазады. Бұл осы топқа жататын зерттеулер арасындағы аталмыш бағыттағы еңбектерді жазудағы кең таралған тәсіл<sup>192</sup>.

«Әлемдік тарихтың оксфордтық сериясынан» екі кітапты атап өтуге болады. Ол С.Людің «Әлемдік тарихтың жібек жолы» (2010), Орталық Азиядағы ежелгі және ортағасырлық ұлы жібек жолының қызметіне арналған еңбек<sup>193</sup>. Осындай бағыттағы еңбектің бірі П.Голденнің «Әлемдік тарихтағы Орталық Азия» (2011), географиялық тұрғыдан алғанда тек қана Орталық Азия емес, кең ауқымды қамтитын еңбек. Автор осы еңбегінде Сібір, Қытай, Оңтүстік Азия мен Орта Шығысты қамтиды. Бұл жерде Орталық Азия Д.Синордың тәмсілімен қамтылады<sup>194</sup>. «Пэлгрейв» баспаханасынан 2008 жылы шыққан серияда Р.Абазовтың «Орталық Азияның тарихи атласы» да бар, ол

<sup>189</sup> Welsford Th. Four Types of Loyalty in Early Modern Central Asia: the Tukay-Timurid takeover pf Greater Ma Wara al-nahr, 1598-1605. – Leiden: Brill, 2013. – XX+365 pp.

<sup>190</sup> Nilüfer A. Becoming Muslim in Imperial Russia: conversion, apostasy and literacy. – Ithaca, London: Cornell University Press, 2014. – XV+289 pp.

<sup>191</sup> Honeychurch W. Inner Asia and the Spatial Politics of Empire: Archeology, Mobility and Culture. – New York: Springer Science, 2015. – XI+321 pp.

<sup>192</sup> Thubron C. The Lost Heart of Asia. - New York: Harper Perennial, 2008 (1994). – 400 p.

<sup>193</sup> Xinru Liu. The Silk Road in World History (The New Oxford World History). – Oxford: Oxford University Press, 2010. – 154 p.

<sup>194</sup> Golden P.B. Central Asia in World History. – Oxford: Oxford University Press, 2011. – X+178 pp.

этнографиялық материалдар кеңінен қамтылған мәдениеттануға арналған еңбек.<sup>195</sup>

Оксфордтық серияда Жібек жолы тақырыбын К.Бекуиз де өзінің «Жібек жолы империясының тарихы: Орталық Еуразияның тарихы қола дәуірінен қазіргі уақытқа дейін» атты еңбегінде талқылаған. Мазмұны жағынан бұл зерттеу де осы топқа жататын еңбектерге сай-ма-сай.<sup>196</sup> Осы серияны аяқтаған зерттеу Дж.Милвордтың «Жібек жолы тарихына қысқаша кіріспе» (2013)<sup>197</sup>. Р.Фолиц өзінің «Жібек жолының діндері» атты зерттеуінде аймақтағы үш мың жылдық тарихы бар түрлі діни конфессия тарихы мен олардың аймақтың өркениет бағытындағы ролін айқындаудағы орны, соңында ақыры бұл өңірде ислам дінінің басымдыққа ие болғаны туралы жазады<sup>198</sup>. Осы топқа «Таурис» баспаханасынан басылып шыққан «Орталық Азияның тарихы» атты көп томдық серияны жатқызуға болады, бірақ бізге оның тек қана 1 томы белгілі – Ч.Баумердің «Дала жауынгерлерінің дәуірі» (2012). Бұл том қола және темір ғасыры, антик дәуірі және эллинистік дәуірдің бастапқы кезегіне арналған. Сондықтан келесі томда аймақтағы түркі-моңғол (алтай) номадтарының пайда болуымен байланысты дүние жазылар деп үміттенеміз<sup>199</sup>.

Индиана университетінде Н.Гриннің редакциялауымен жарық көрген «Орталықазиялық тарихқа жасаған саяхаттың жазба сипаттамасы» атты ұжымдық монографияны өз алдына жеке топқа жатқызуға болады. Баспагерлер түрлі авторларға тиесілі сегіз нарративті жинаған. Олардың арасында ортаазиялық ақынның Ұлы моғол императорымен әңгімесі туралы мемуар; Хиуа мен Бұқараға дипломатиялық миссиямен барған XVII ғасырдағы орыс коммерсанттарының баяндамасы; батыстағы көрші Цин империясы туралы иллюстрацияланған қытай альбомы; шамамен 1860 жылдарға жататын, түркімендердің құл саудасына қатысуы туралы парсы жазбалары; Оксустың солтүстігіне қарай жасаған британ экспедициясының материалдары және Шығыс Түркістандағы будда ескерткіштеріне қазба жұмыстарын жүргізген жапон археологтары-

<sup>195</sup> Abazov R. The Palgrave Concise Historical Atlas of Central Asia. - New York: Palgrave Macmillan, 2008. - XVII+124 pp.

<sup>196</sup> Beckwith C.I. The Empires of the Silk Road. A History of Central Eurasia from the Bronze Age to the Present. – Oxford, Princeton: Princeton University Press, 2009. – XXV+504 pp.

<sup>197</sup> Millward J. The Silk Road: a very short introduction. – Oxford: Oxford University Press, 2013. – 160 p.

<sup>198</sup> Folitz R. Religions of the Silk Road: Premodern Patterns of Globalization. – New York: Palgrave, 2010. – 139 p

<sup>199</sup> Baumer Ch. The History of Central Asia, Volume 1: the Age of the Steppe Warriors. – London, New York, 2012. – 384 p.

ның жазбасы бар. Мазмұны мен сипаты, мақсаты жағынан әртүрлі осы жинақ жалпы алғанда 1500-1940 жылдар аралығын қамтиды және аймақтың ұзақ тарихи кезең бойы сыртқы әлеммен мәдени-тарихи байланысы болғаны туралы түсінік қалыптастырады<sup>200</sup>.

Өз кезінде іргелі зерттеу сипатындағы аса ірі еңбектің бірі П.Хопкирдің «Үлкен ойын» мәселесіне арналған «Үлке ойын: Орталық Азиядағы империялық соғыс» атты (1992) еңбегі болды.<sup>201</sup> Автор жан-жақты, әрі жаңа мұрағат материалдарын пайдалана отырып, 1842 жылы Бұқарада капитан Артур Коноллидің қайғылы өмірінен бастап, ұзақ тарихи кезеңге созылған ағылшын-орыс бәсекелестігін сипаттайды. Хопкирк қызықты тұжырым ретінде мынадай идеяны ұсынады: Ресей үшін «Үлкен ойын» америкалық «Тағдыр манифестасы» сияқты болды, географиялық артықшылығын пайдалана отырып, аймаққа үстемдік жасау және өзінің қауіпсіздігін арттыру мәселесі басымдыққа ие болды. Ресей үшін аса маңызды болған осы фактор британдар тарапынан елеусіз қалды немесе мүлдем ескерілмеді. Бұл «Үлкен ойын» атауымен тарихқа кірген қарама-қарсылықтың негізгі себебі болып қалды.

2014 жылы Т.Минассянның (француз тілінен аударылған) «Империяның ең құпия агенті» атты Реджинальд Тиг-Джонстың қызметі туралы кітабы жарық көрді. Автор оны «Үлкен ойынның виртуоз тыңшысы» деп атайды. Барлау қызметін жүргізген ол автор баяндағандай, «Ираннан бастап барлық Жібек жолы бойымен жүріп өткен». Суретші, фотограф, сызба жұмысын жасаушы, кинооператор ретінде елмен танысып, негізгі миссиясын жасырын ұстаған ол қызмет жолын Нью-Йоркте консул болып аяқтайды. Онда америкалық қоғамға манипуляция жасап, оның Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Британияны қолдауына ықпал етеді<sup>202</sup>.

Осы жұмыстарда, Үлкен ойынның тарихнамасы аталған кезеңде аяқталады. Үлкен ойынның дәстүрін Ф.Старрдың редакциялауымен жарық көрген «Қазақстан және АҚШ» басылымы путиндік Ресейдің еуразиялық қуаты өсіп келе жатқан заманда америкалық ықпалдан республиканы сақтап қалудың практикалық құралы ретінде жалғастырады<sup>203</sup>.

<sup>200</sup> Green N. (ed.) *Writing Travel in Central Asian History*. – Bloomington: Indiana University Press, 2014. – IX+220 pp.

<sup>201</sup> Hopkirk P. *The Great Game: The Struggle for Empire in Central Asia*. – New York, London: Kodansha Globe. – 1992. – 542 p.

<sup>202</sup> Minassian T.T. *Most Secret Agent of Empire: Reginald Teague-Jones, Master Spy of the Great Game*. – London: Hurst, 2014. – XIII+273 pp.

<sup>203</sup> *Looking Forward: Kazakhstan and the United States*. S.F.Starr, B.Sultanov, S. E.Wimbush,

Осы мәселені белгілі бір деңгейде Ф.Старрдың редакциялауымен жарық көрген «ЕО, Орталық Азия және континенталдық көлік және сауданың дамуы» (2015) атты зерттеу де қарастырады.<sup>204</sup> Авторлар аймақтағы көлік инфрақұрылымы құрылысы және оның айналасындағы нақты үрдістерді жан-жақты қарастырады. Онда Ұлы Жібек жолын экономикалық белдеу ретінде қарастырған қытай жобасына басымдық берілген, ал батыстық жобалар (америкалық Жібек жолы және Еуроодақтың Еуропа-Кавказ-Азия көлік дәлізі ұйымы (ТРАСЕКА) аутсайдер ретінде қарастырылады. Осыған қарамастан, зерттеушілер геосаяси күрес пен бәсекенің өскеніне қарамастан, Азия мен Еуропаны байланыстырушы ретінде Еуроодақ қалай болғанда да ойын алаңында қатысушы ретінде қалатынын айтады. Дегенмен, Орталық Азиядағы негізгі құрылтайшы Қытайды бұл аймақ Иран мен Орта және Таяу Шығыс аралығын байланыстыратын дәліз ретінде қызықтырады. Авторлардың Ресейді Орталық Еуразиядағы көлік ойынындағы салмақты ойыншы ретінде сырт қалдыруы таңданыс тудырады (дегенмен бүгінде Ресей жалғыз көлік дәлізі ретінде басымдыққа ие).

Біздің шолу қытай мәселесін қамтымаса, толыққанды болмас еді. М.Ларюэль пен С.Пейруздің осы салаға қатысты 2000-шы жылдардың басы мен 2010 жылдар аралығын қамтитын ірі жұмысын атап өту керек, сонымен қатар аса ауқымды болмаса да поляк зерттеушілері, саясаттанушылар Александр Ярошевич пен Криштоф Страхоттың «Қытай Орталық Азияға қарсы: (нақтырақ айтсақ, бетпе-бет) соңғы он жылдықтағы жетістіктер» атты зерттеуін атап өту керек. Көлемі жағынан шағын болса да, осы эссе аталған мәселеге қатысты көптеген сұрақтарды қамтыған. Кітап Варшавадағы Шығыстану зерттеу орталығында жазылып, жарық көрген. Құрылымы жағынан төрт бөлімнен тұрады. Біріншісі өзара қарым-қатынастың тарих, стратегия сынды салалары, сонымен қатар Қытай мен Орталық Азия туралы өзара түсінікті зерттеу негіздеріне арналған. Тарихтың заманауи саясаттанумен өзара байланысы туралы (дәстүрлі шығыстану) кітап – Фредерик Старрдың еңбегі. Профессор Старр – классикалық шығыстану бойынша мықты мектептен өткен ірі академиялық ғалым.

Оның монографиясы «Жоғалған қайта өрлеу: арабтар жаулап алғаннан Темірланға дейінгі Орталық Азияның алтын ғасыры» деп

F.Kukeyeva, S.E. Cornell, As.Nursha. – Washington, D.C.: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program – A Joint Transatlantic Research and Policy Center, 2014. – 52 p.

<sup>204</sup> Starr S. F., Cornell S., Norling N. The EU, Central Asia, and the Development of Continental Transport and Trade. – Washington, DC: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program, 2015. – 64 p.



аталады. Бұл кітап – шынымен де өз алдына жеке қарастыруды қажет ететін еңбек. Ф. Старр зерттеуі Орталық Азия тарихындағы біздің заманымызға дейінгі дәуірдің басталуынан XVI - XVII ғасырға дейінгі аса ауқымды тарихи кезеңді қамтиды. Бір қарағанда тарихи кезеңі жағынан алшақ болғандықтан, аталған зерттеудің өзекті саяси мәселелерге еш қатысы жоқ болып көрінуі мүмкін, бірақ Ф. Старр еңбегінен оны байқауға болады<sup>205</sup>.

Империяның өткеніне «ауқымды көзқарас» тұрғысынан қарауға болады, ол бойынша империя пайда болу құрылымы жағынан гомогенді болмаса да, жалпы алғанда ортақ сипатқа ие, солай бола тұра ол империяның түрлі бөліктерінде көрініс табады, осылайша ортақ мәдени кеңістікте өмір сүреді. Заманауи тарихнамада – бұл кең танылған тәсіл, бірақ өткенді зерттеуге қатысты оның саяси маңызы жоғары. Индиана университеті профессоры Д.Шлапентохтың пікірінше, әдетте мұндай тәсілді кезінде үлкен империялық амбициясы болған елдердің интеллектуалдары қолданатынын атап өтеді.

Мысалы, ирандық ғалымдар өз зерттеулерінде көбінесе «панперсиялық» тұжырым жасайды. Жекелей қарастыратын болсақ, олар Ахменидтер империясын (б.з.д. VI–IV ғғ.) түрлі жерлердің, адамдар мен мәдениеттің конгломераты емес, империялық орталық тарапынан ұйымдастырылған саяси және мәдени ортақ кеңістік ретінде көреді. Осындай көзқарас тұрғысынан алып қарағанда, империя ішіндегі саяси және мәдени ерекшеліктер екінші қатарға ығысып қалады. Дәл осындай ревизиялық тәсілді басқа да империялардың тарихын зерттеу барысында байқаймыз. Мәселен, кейбір заманауи түрік ғалымдары өз тарихын түріктерді түркі халықтарының тарихи көшбасшысы ретінде, пантюркизм контекстінде ғана емес, одан да ауқымды деңгейде қарастырады. Нақтырақ айтсақ, олардың түсінігінде Түркия жанама түрде – Византияда жеңіске жеткен, Осман империясының мұрагері.

Кең ауқымда қарастыратын болсақ, адамзат тарихы дегеніміздің өзі империялардың/өркенитеттің алмасуы, олардың әрқайсысы өзін тарихи үрдістің жоғары жетістігі деп санаған. Осы теорияның негізін америкалық интеллектуалдардың да еңбегінен байқауға болады. Суық соғыс аяқтала салысымен, АҚШ өзінің жаһандық басымдығына айқын сенген кезі, дәл осы тұжырымды нақтылай түседі.

<sup>205</sup> Қараңыз: Шлапентох Д. Новая концепция истории ЦА: великое прошлое с намеком на настоящее // Большая игра: политика, бизнес, безопасность в Центральной Азии (ЛаТУК, Москва) 2015, № 3. – С. 44-49.

Ф. Старрдың Орталық Азиядағы ежелгі және ортағасырлық ойлары оның заманауи саяси тұжырымдары негізінде қалыптасқан деп тура айтуға болмас. Дегенмен, Ф. Старрдың кітабының оқырмандары ондағы тарих пен заманауи саяси күн тәртібіндегі өзара байланысты көре біледі. Оның кітабында заманауи саяси күн тәртібінің ықпалы айқын көрініс тапқан. Дей тұрғанмен, Ф.Старр ұсынған революциялық, жаңа батыстық тарихнама Орталық Азия тарихының саяси памфлетке негізделген тарихи иллюзиясының интерпретациясы емес. Солай бола тұра, оның кітабы бұрын белгілі болмаған тек қана деректерге, жаңа ашылған жаңалыққа (мысалы, археологиялық) сүйенген, тарихи тұжырымы мен интерпретациясын қайта қарауды талап ететін еңбек емес. Дегенмен кітапта ауқымды ғылыми ақпарат бар, ол алғаш рет оқырман назарына ұсынылып отырған дереккөздер негізіндегі еңбек емес, мамандар үшін бұрыннан белгілі, қолданыстағы фактология.

Ескі деректерге деген жаңаша көзқарас – Ф.Старр үшін заманауи өзгерістерге орай қажет болған басты ұстаным. Біріншіден, америкалық-орталықтандырылған жүйенің, кеңінен қарастыратын болсақ, батыстық орталықтардың әлсіреген заманы туды, батыстық емес жаңа орталық күштер пайда болды. Оларда да батыстық саясаттың технологиясының сипаты бар болды. Екіншіден, КСРО-ның құлдырауы Еуразияшылық мүдденің қайта жаңғыруына ықпал етті, ол посткеңестік мемлекеттердің, сонымен қатар Орталық Азиядағы өз-өзін тану үрдісінің өсуі мен олардың өзара бірлесуі арқылы көрініс тапты. Аталған мемлекеттердің зиялы қауымы саяси және тарихи сипаты бар әлемнің өзіндік картинасын жасады. Д.Шлапентохтың пікірінше, Астана мен Ташкент Мәскеудің орталықтандырылған саясатынан ада, оны «орталық» деп танымайтын өзіндік жол сала білді.

Қазақстанда татар-моңғол империясы, Л. Гумилев қарастырғандай, ресейлік/кеңестік мемлекеттің негізі емес, Қазақ хандығы соның заңды жалғасы. Ал Өзбекстанда Темірдің ролі ұлы «Өзбек империясының» негізін қалаған, дегенмен Мәскеудің Еуразиядағы ролін төмендеткен болып көрсетіледі, себебі орыстар Темір әскерінің шабуылынан әрең дегенде аман қалып, қашып құтылған. Заманауи өзгерістерге орай қалыптасқан осы жағдай Ф.Старр жұмысына әсер етті, нәтижесінде тарихи оқиғалар дәстүрлі және қалыптасқан тарихнамадан өзгеше сипатта, жаңаша түсіндірілді.

Ф.Старр кітабы Орталық Азиядағы антик заманынан бастап шамамен б.з. XVI–XVII ғасырына дейінгі кең ауқымды тарихи кезеңді

қамтиды. Автор аймақтың тарихын бірнеше ғасыр бойы бір-бірін алмастыра отырып, Орталық Азия территориясын бақылауға алған бірнеше империя контекстінде қарастырады. Ф. Старрдың басты тезисі – Орталық Азия өткен замандағы ұлы империялардың «тыныш ағысы» емес және оны осы аймақтағы провинциялық аймақ ретінде емес қашан да мәдени орталық болғанын көрсету. Орталық Азия ұзақ кезең бойы түрлі империялардың бақылауында бола отырып, мәдени және саяси орталыққа айнала білді. Ф. Старрдың тағы бір маңызды тезисі, бұрынғының империялары орталықтандырылған бірлестік болған жоқ, әлсіз конфедерация, онда орталықтандырылған биліктің әлеуеті мардымсыз болды.

Осылайша, Ф.Старрдың кітабы моңғолдар немесе Темірдің тарапынан жасалған шабуылдарды Орталық Азиядағы құлдыраудың бастауы деп қарастыру керек екенін нақтылайды. Басты себеп физикалық тұрғыда, яғни шабуыл жасаған әскерге тойтарыс беру емес, интеллектуалдық әлсіздік пен саяси режимнің қасаңдығында болды. Яғни, Ф. Старр жазған кітаптың негізгі мақсатын былай деп түсіндіруге болады: Орталық Азия егер заманауи контексте қарастыратын болсақ, плюрализмге жол берсе, яғни саяси демократияны дамытса ғана баяғы басымдығына ие бола алар еді. Заманауи көзқарастарға қатысты біраз олқы тұстары болғанына қарамастан, Ф. Старр кітабы тарихшыларға ежелгі ғасырлардағы танымал тарихи оқиғаларға басқаша көзқарас тұрғысынан қарауға мүмкіндік береді. Кітап батыстық интеллектуалдар мен саяси элитаның заманауи әлемдік тәртіпке, әсіресе Орталық Азияға қатысты көзқарасын білгісі келетін оқырман үшін ерекше қызық болып табылары сөзсіз.

## **§ 2. Заманауи саясаттану мен ориенталистикадағы Қазақстан тарихы және оның орны**

Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бері Батыста заманауи Қазақстан туралы (тарихи контекске бай) бірқатар кітап жарық көрді. Осы жұмыстардың көпшілігі тараудың осы бөлімінде жан-жақты қарастырылып, кейбіріне сілтеме жасалатын болады<sup>206</sup>.

Олардың ішіндегі ең ірі жұмыстардың бірі АҚШ-та жарық

<sup>206</sup> Толығырақ, қараңыз: История Казахстана и Центральной Азии в мировой ориенталистике к 550-летию Казахского ханства). Часть IV. Востоковедение и политология в контексте изучения Центральной Азии. – Астана: КИСИ, 2016. – 392 с.

көрген Марта Олкоттың «Қазақтар» атты кітабы (1995 жылғы қосымша және толықтырылған басылымы), Ширин Акинердің Ұлыбританияда жарық көрген «Қазақ бірегейлігінің қалыптасуы – тайпадан мемлекетке дейін» (1995 ж.), Ингвар Сванбергтің редакциялауымен Швеция мен Ұлыбританияда жарық көрген «Заманауи қазақтар» (1999 ж.), Франциядағы Катрин Пужольдің «Қазақстан» (2000 ж.), Салли Каммингстің Ұлыбританияда жариялаған «Қазақстан: орталық пен периферия арасындағы қарым-қатынас» (2000 ж.), неміс экономистері жариялаған «Қазақстан: 1993-2000» (2001 ж.), Германияда жарық көрген Мари-Карин фон Гумппенбергтің «Қазақстандағы ұлт пен мемлекеттің құрылуы» (2002 ж.), ГФР-дегі Андреи Шмитцтің «Қазақстандағы элитаның ауысуы мен саяси динамика» (2003 ж.) және тағы да Марта Олкоттың АҚШ пен Ресейде жарияланған «Қазақстан: жүрілмеген жол» атты кітабы (2002 және тиісінше 2003 жыл).

Сонымен қатар, осы жылдары жоғарыда аталғандармен салыстырғанда шағын форматтағы бірқатар жұмыстар жарияланды. Жалпы алғанда, Қазақстан тарихы туралы деректер осы уақыт аралығында Орталық Азия жөнінде жазылған барлық зерттеулерде, ұжымдық және монографиялық еңбектерде кездеседі. Осы бөлімде біз еліміз туралы жазылған аса ауқымды еңбектердің аясында шолу жасап, шектелгенді жөн көрдік.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан кейінгі экономикалық дамуы туралы алғашқылардың бірі болып алдын-ала қорытынды жасауға талпынғандардың бірі Лондондағы Халықаралық зерттеулер институтының қызметкері Адам Диксон болды, оның еңбегі «Қазақстан: саяси реформалар мен экономикалық даму» (1994) деп аталады.

1997 жылы Осло қаласында Норвегиядағы қалалық және аумақтық зерттеулер институты өткізген зерттеулер аясында Й.Хольм-Хансеннің «Қазақстандағы ұлттық мемлекет құрудағы территориялық және этномәдени өзін-өзі басқару» атты кітабы жарық көрді. Автор Қазақстандағы этномәдени өмірде орыс мәдениеті мен тілінің басым сипатқа ие екеніне тоқталады. Автордың пікірінше, ауылдағы қазақтарда патернализм мен авторитаризм басым; дегенмен үкіметтің басты мақсаты - елді қазақыландыру, оған басқа этникалық топ өкілдері тарапынан қарсылық байқалады. Автордың пікірінше, Н.Назарбаевтың елді қазақыландыру саясаты қауіпті, ол елде жіктің пайда болуына

әкелуі мүмкін сондықтан ол жаңа қазақстандық бірегейлік көпұлтты болуы керек деп санайды (**Holm-Hansen, 1997**).

Немістің ғалымы О.Люхтерханд (Гамбург университеті) Қазақстанның конституциялық құрылымына салыстырмалы зерттеу жасайды. Ол Кеңестік Қазақстанның конституциялық құқының эволюциясын көрсетеді және тәуелсіздік алған кездегі негізгі заңның жағдайына тоқталады (**Luchterhandt, 1999**). Оның көзқарасы бойынша, 1991 жылы Қазақстанда тура Мәскеудегідей жалпы кеңестік деңгейде атқарушы және заң шығарушы билік арасындағы қарама-қайшылық байқалды.

Мюнхендегі Іргелі білім беру институтының 1992-1998 жылдар аралығындағы Қазақстандағы экономикалық даму туралы жарияланымдар сериясы «Қазақстан – жол айрықтағы экономика» (1992), «Қазақстан – дағдарыстағы экономика» (1993), «Қазақстан – құбылмалы экономика» (1994), «Қазақстан – экономикалық өсімнің пайда болған нүктесі» (1995), «Экономика және реформалар» (1996), «Тұрақтылық пен тоқырау арасы» (1997) атты кітап болып жарияланды. Біз көріп отырғандай, кітап атауының өзі Қазақстандағы экономикалық реформалар дамуы динамикасының драматизмін көрсетеді. Осы серияны Қазақстанның экономикасына арналған ірі еңбек «1997 жылдағы Қазақстан: өте әлсіз базадағы консолидация» атты зерттеу аяқтайды (**Ufer, Meimberg, Poser, Schonherr, Theuringer, 1992-1998**). Осы зерттеулердің барлығында да Қазақстандағы реформалардың барысы басты нысанға алынды.

Қазақстанның экономикалық дамуына қатысты сараптаманың басқалармен салыстырғанда мазмұны ерекше. Оны жазғандар тәуелсіз неміс кеңесшілері: Л.Хоффман, П.Бофингер, Х.Флассбек және А.Штайнгер, олар жазған кітап «Қазақстан: 1993-2000» (**Hoffmann, Bofinger, Flassbeck, Steinherr, 2001**). Зерттеудің негізгі мақсаты – тек қана Қазақстанның ұлттық валютаны айналымға енгізген кезінен бергі экономикалық және қаржылық ахуалына сараптама жасау емес, сонымен қатар осы зерттеу пәніне қатысты Халықаралық валюталық қордың саясатының салдарын зерттеу.

Қазақстандағы ішкі саясат мәселелеріне қатысты Б.Эшмент пен М.К. фон Гумппенберг зерттеу жүргізді. Алғашқы зерттеушінің еңбектері қатарында «Қазақстандағы ішкі саяси даму» (1996), «Қазақстандағы орыс мәселесі» (1998), «Астана» (2001), «Орталық Азиядағы ресейлік саясат» (2001) және т.б. бар. Гумппенберг те Орталық Азия мен

Қазақстанға қатысты жемісті еңбек жазған зерттеушілердің бірі. Федералды институт аясында оның «Қазақстандағы сөз бостандығы және оппозиция» (1998), «Қазақстан Президенті ұжымдастыру естеліктері мен болашақты барлау арасында» (1998), «Қазақстандағы элитаның ауысуы» (1999) және «Қазақстандағы аймақтар» (2001) атты еңбектері жарық көрді. Оның Қазақстан туралы ұзақ жылдар бойы жазған еңбектерінің нәтижесі 2002 жылы «Қазақстандағы мемлекет пен ұлттың құрылуы» атты монография болып жарық көрді.

2000 жылы Корольдік институттың Халықаралық қатынастар бойынша мерзімді басылымдар сериясында Эдинбург университеті қызметкері С.Каммингстің Қазақстан туралы зерттеуі жарық көрді. Ол екі жыл бойы Британдық кеңестің жобасы аясында Қазақстанда экономика және әлеуметтану саласы бойынша арнайы зерттеу жүргізеді. Осылайша оның «Қазақстан: орталық пен периферия арасындағы қарым-қатынас» атты кітабы жарқ көреді. Ол академиялық немесе кабинетте отырып жазылған жұмыс емес, зерттеушінің өз көзімен көрген-білгені, байқағаны негізінде жазылған зерттеу еңбегі. Кітаптың негізгі мақсаты – автор жұмыстың кіріспе бөлімінде атап көрсеткендей, қазақ қоғамының орталық саясаты аясында және оның түрлі топтар мен аймақтағы халық арасындағы гомогендігі мен көп түрлілігінің ара қатынасын анықтау. Қазақстанның қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін барлық факторларды қорыта қарастыра отырып,

FORSCHUNG  
POLITIK  
WISSENSCHAFT

Marie-Carin von Gumpenberg

Staats- und  
Nationsbildung  
in Kazachstan

Isis +  
buch

Каммингс оларды былайша жіктейді: құқықтық қарама-қайшылықтар, әлеуметтік-экономикалық мәселелер, географиялық ауқым, демография, геосаяси жағдай, шетел капиталына деген тәуелділік, түрлі альянстар арасындағы бәсеке. Автордың ойынша, соңғы екі фактор аса қауіпті.

Осылайша, Каммингс Қазақстан тәуелсіздігін ала салысымен зайырлы ел ретінде мынадай екі қауіптің алдында болғанын айтады: ұлттық-аймақтық автономия талабы және басқару жүйесін орталықсыздандыру. Каммингс пікірінше, Қазақстанның тәуелсіздігін нығайтып қалудың

жал-ғыз амалы авторитарлы режимдегі зайырлы мемлекет үлгісін үйлестіру болды. Осы үлгіде провинциялық және жергілікті мүдде бәсең тартады. Қазақ даласының тарихында ұлт тұтастығына күн туғанда, сырттан қауіп күшейген кезде халықтың бірлесуі нәтижесінде мемлекеттің бірлігі мен ұлттың тұтастығын сақтап қалған мысалдар жеткілікті. Дәл осындай жағдай қазір де бар. Саяси элита жалпыға ортақ мүдде аясында топта-сып, мемлекеттің тәуелсіздігі мен территорияның тұтастығын сақтап қалу жолында бір қолдан жең, бір жағадан бас шығарып отыр. Қазақстандық саясаткерлер прагматикалық тұрғыдан әрекет етіп, кез келген идеологиялық конфронтациядан қашады. Қазақстанның болашағы аса күрделі және бір-бірімен тығыз байланысты болып саналатын орталық пен периферия арасындағы экономикалық, этникалық, әлеуметтік және саяси қарым-қатынастардың осы мүдделер балансының қаншалықты ұзақ сақталуына байланысты болады. Германияда жарық көрген Мари-Карин фон Гумппенбергтің «Қазақстандағы ұлт пен мемлекеттің құрылуы» (2002 ж.) атты монографиясы қазақстандық мәселе тұрғысынан алып қарағанда дилетанттық сипатқа ие емес. Гумппенберг осы тақырып бойынша зерттеу жүргізуді 1990-шы жылдарды бірінші жартысында бастаған. Елде біраз тұрып, жиі келіп-кетіп тұрған. Неміс зерттеушісі өз жұмысында Қазақстандағы ұлттық мемлекеттің қалыптасуы мәселелерін зерттеуге қызығушылық танытады. Осы орайда оны қызықтырған мәселе басқарушы элитаның этно-ұлтшылдық бағытта республика халқына қаншалықты ықпал ететіні. Гумппенберг өз зерттеуінің теориялық базасы ретінде ұлттың қалыптасуындағы батыстық саяси ойларды классификациялауда пайдаланылатын дәстүрлі концепцияны қолданады. Бірақ автордың пікірінше, жаңа ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үрдісінде маңызды ерекшеліктер болған.

Қазақстан ұлттық мемлекет құру жолында қаншама кедергілерді бастан өткерді. Автор олардың қатарына территориялық мәселелерді, азаматтық алу, тіл мәселесі, этникалық азшылықтар үшін мәдени автономия және астананы ауыстыру сияқты бірқатар мәселелерді жатқызады. Автор 1990-шы жылдардың басында Қазақстанда аймақтың дифференциацияның өскені байқалғанын негізге алады. Экономикалық жағдайдың түрлі сипатқа ие болуы салдарынан, экономикалық дағдарыс кей аймақтарды тұралатып тастаса, жағдайы жақсы кейбір өңірінің автономия құрсам деген ниетін күшейте түсті.

Жергілікті халық санының көбеюі өзге ұлт өкілдерінің сепаратизмге бой ұруына негіз болды. Сонымен қатар дәл осы кезеңде аймақтағы халықтың орталыққа қарай өмір сүруге ынталануы көрініс берді. Субэтникалық бөлініс аймақтың шиеленістердің күшеюіне алып келді.

Зерттеу соңында Гумпенберг мынадай қорытынды жасайды: Қазақстанның дербес мемлекет ретінде тығырықтан шығып, қалыптасуына оның о баста еуропалық мемлекеттердің (заңдық, саяси және мәдени-өркениеттік) даму тұжырымдамасына сүйенгені себеп болды. Осы таңдау этно-ұлттық амбиция мен ұлтаралық шиеленістерді еш қиындықсыз айналып өтуге ықпал етті. Бірақ кітап авторы көзқарасы бойынша, болашақта Қазақстанның ұлттық мемлекет ретіндегі болашағына қатер төндіретін көптеген ішкі мәселелермен бетпе-бет келу қаупі жоғары.

«Қазақтар» деп аталатын кітабының үшінші бөлімінде Олкотт Қазақстанның тарихын революциялардан бастап 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына дейінгі аралықта қарастырады. Азаматтық соғыс кезеңіне қатысты автор Алаш Орданың тарихы мен оның құлдырау себептеріне баса назар аударады. Олкотт қазақтардың революцияларға аса жоғары деңгейде қатысқанын жоққа шығармайды, қазақ зиялы қауымының большевиктердің қолдауы себепін коммунистердің жергілікті халықтың экономикалық және саяси сұранысына жауап бере алып, аса қажетті бағдарламаларды жоғары деңгейде құра алуында деп түсіндіреді.

Олкотт бір тарауда Қазақстан тарихы үшін аса маңызды кезең болып табылатын мәселелерді біріктіріп жібереді, ол: тың жерлерді игеру, Хрущевтің билігі және Брежнев дәуірі. Автордың пікірінше, нақты осы кезеңде «социалистік Қазақстан» пайда болды. Олкоттың пікірінше, тың игеру науқаны кезінде жеті жылдық кезеңінде республиканың экономикасының деңгейін көтеру аса жоғары қарқынмен жүзеге асты, сонымен қатар Одақ үшін аса маңызды болып саналатын оның шаруашылық және стратегиялық маңызы жоғарылады. Осы кезде, яғни сталиндік басқарудан кейінгі кезеңде қазақ зиялылары аз да болса, республикалық партияға бақылау орнатудың амалын жасады.

Қарастырылып отырған кезеңіне қарай Олкотт жүзеге асырылған үрдістерді түсіндіретін, оның көзқарасы бойынша ең басты сәт болып табылатын мәселені жеке айқындайды. Ол Мәскеудің Алматыға тек аграрлық сала бойынша билік беруі, өйткені басқа стратегиялық нысандар мен салалар (ғарыш, қорғаныс, ауыр және орта машина құрылысы, стратегиялық шикізат өндіру және т.б.) Мәскеу тарапынан



тікелей басқарылатын еді. Сол себепті қазақстандық компартияның негізгі экономикалық белсенділігі ауыл шаруашылығы саласында жүзеге асырылды. Қазақстандық басшылардан ең алдымен ауыл шаруашылығына қатысты нәтиже талап етілді. Ол заманда Қазақстандағы кеңестік аграрлық саясаттың дәстүрі өз жалғасын тауып, қазақтар өзінің тарихи мұрасынан біржола бас тартып, толыққанды және еш талқылауға келмейтін, яғни ұжымдастыру мен тың игеруден бастау алатын кеңестендірудің дамыған шағы болған еді.

Қазақстанның соғыстан кейінгі даму бағытын зерттей отырып, Олкотт оған сәтті жүзеге асты деген баға береді. Мәскеу үшін басты мәселе болған республика Брежнев ел басқарған тұста, одақ көлемінде экономикалық тұрғыдан алып қарастырғанда аса маңызды орталыққа айналды. Ширек ғасырға созылған уақыт аралығында республика кеңестік жүйеге әбден кірігіп, ең бастысы қазақтың (қазақстандық) зиялы қауымы да осы жүйеге сіңісіп кетті. Бұл жағдай елді Д. Қонаев басқарып тұрған кезде жүзеге асты.

Олкотт Қонаевтың ел алдындағы басты еңбегі оның өз мансабының алғашқы кезеңінде Мәскеу үшін «өз қазағы» бола тұра, орталықта өзі басқаратын республиканың және оның жаңа зиялы қауымының мүддесін қорғауда елдің ең жоғары саяси органындағы «қазақ агентіне» айнала білуінде деп жазды. Қонаев ел басқарған жылдардың соңында оның партиялық аппаратында жаңа топтар пайда болды. Олар этникалық бөлініс бойынша ерекшеленген жоқ, дегенмен Қонаевты жақтайтындар мен даттайтындар арасында қазақтар мен орыстардың үлес салмағы бірдей болды (**Olcott, 1995, 224-246-шы беттер**).

Кітабының соңғы, төртінші тарауын Кеңес Одағы құлдырағаннан кейін жазған және оны тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу кезеңіне, яғни 1987-1994 жылдар аралығындағы кезеңге арнаған М.Олкотт оны монографиясының екінші рет басылған нұсқасына енгізеді (1995). Өз кезеңінде америкалық зерттеушінің Орталық Азияға қатысты зерттеуіндегі Қазақстанның тәуелсіздік алуына байланысты бөлімінде «күтпеген еркіндік» деп жазғаны кейін қанатты сөз тіркесіне айналады. Автордың пікірінше, Желтоқсан оқиғасы қазақтың ұлттық мемлекет құруы туралы айтылатын мифология мен аңыздар жиынтығының маңызды бөлігі. Экономиканы басқарудың барлық тетігі уақыт өте келе өзін М.Горбачев пен оның қайта құру курсының басты қолдаушысы болып санайтын үкімет жетекшісі Н.Назарбаевтың қолына көшті.

Кітабының қорытынды бөлімінде Олкотт Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуына тікелей қатысы бар оқиғаларды қарастырады. Автор осы кезең аралығында Қазақстан жеке дербес мемлекет ретінде «өмірге келу құқына» әбден лайық болды деген көзқарасты ұстанады. Мемлекетті құру жолында Назарбаев әкімшілік бақылаудың (облыс әкімдері) тікелей өзіне тәуелді жүйесін құрды. Бұл жүйе елде қандай да бір федерализация, этникалық немесе аймақтық сепаратизмнің болуына жол бермеді. Сонымен қатар елде Парламентті, басқару және билік органдарын қазақыландыру үрдісі қоса атқарылды.

Олкоттың пікірінше, посткеңестік Қазақстанның басты мәселесі – республикада аса ірі екі этникалық топтың, яғни қазақтар мен орыс-славяндардың болуы. Олардың мүддесіне автор қарама-қарсы сипаттама береді. Мәселен, қазақтар үшін тәуелсіз Қазақстанның іргесін қалау жылдар бойы азаттық аңсаған елдің арманы болса, орыстар үшін тағдырдың тәлкегі іспеттес болды. Осылайша, автор мұндай қайшы пікірлердің соңы шиеленіске алып келеді деген тұжырым жасайды (**Olcott, 1995, 287-294-беттер**).

Өзінің «Қазақ бірегейлігінің қалыптасуы: тайпадан бастап ұлттық мемлекетке дейінгі» (1995) деп аталан кітабында, алдағы тарауларда аталып өткендей, Ш.Акинер қазақ мемлекетінің пайда болуы мен дамуының өзіндік тұжырымын ұсынады. Ол заманауи Қазақстандағы және қазақтар арасындағы ұлттық (мемлекеттік) бірегейлік мәселелеріне тоқталады. Акинердің пікірінше, XIX-XX ғасыр аралығында қазақ қоғамы өте ауқымды трансформациялық үрдістерді бастан өткізді. Ол – тайпа-халықтан ұлт-мемлекетке дейінгі эволюция. Қазақтардың ортағасырлық тарихы осы ұмтылысқа деген бастама болды. Алайда, Акинердің пікірінше, қазақ тарихының бастауын, оның заманауи мемлекет ретінде қалыптасуының түп негізін осыдан екі мың жыл бұрынғы кезеңнен іздеу керек (**Akiner, 1995, 2-ші бет**).

Акинер заманауи қазақ бірегейлігінің іргетасы кеңестік мұра деген қорытындыға келеді. Кеңес дәуірі кезінде қазақстандық қоғамда болған өзгерістер қазақстандық қазақтарды олардың Моңғолия мен Қытайдағы қандастары арасындағы байланысын әлсірете түсті. Себебі кеңес дәуірі тұсында, осы елдің құрамында болған барлық ұлттар бірегей кеңес халқы ретінде түрленіп, жаңа қалыпқа түсті. Осылайша, қазақтың «кеңестік» бірегей ұлт болуына әсер еткен негізгі төрт фактор болды. Біріншісі, бұл өзгеріс тоталитарлық режим аясында

жүзеге асырылды. Ол бір жағы ресурстарға мобилизация жасау арқылы жүзеге асырылды (ұлт құрылымы үшін де), екінші жағынан, әлеуметтік манипуляция мен мәжбүрлеу де болды. Екінші фактор – кеңес кезеңінің қаһармандық дәстүрі, белгілі бір тарихи оптимизм, социализмді құру және т.б. Үшінші фактор – тек қана анықтап аңғаруды қажет етеді, қазақтың саяси элитасы белгілі бір дәрежеде қазақтың ұлттық сана-сезімінің оянуын ынталандырды. Соңғы төртінші фактор, модернизациялық өзгерістерге қарсы топ, яғни дәстүрлі көшпелі мәдениет пен өмір салтын бұзғызғысы келгендер Қазақстаннан қашып кеткенді жөн көрді (немесе ұжымдастыру кезінде қайтыс болды). Аталған факторлар біріге келе оларға басқа жағдайда қол жеткізу мүмкін емес немесе өте күрделі екенін аңғартты.

Қазақстан үшін кеңестік дәуірдегі аса маңызды сәт ретінде Акинер мынадай ерекшеліктерді атап өтеді: осы кезеңде кеңестік және ұлттық (қазақтың) бірегейліктің консолидациясы жүзеге асты. Оған соғыс, ұжымдастыру мен индустриализация өз ықпалын тигізді. Нәтижесінде қазақтар көшпелі өмір салтынан алыстай берді (**Akiner, 1995, 34-50-ші беттер**). 1970-ші жылдары Қазақстан және қазақстандық қоғам дамудың жаңа фазасына енді, өз республикасының территориясында қазақтардың саны этникалық топ ретінде (салыстырмалы түрде алғанда) көбейіп, мәдени және лингвистикалық тұрғыдан бір серпіліп, ана тілін қайта жаңғырту мүмкіндігі тұды.

Ұлттық бірегейлікті қайта қалпына келтірудің соңғы үрдісі 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы болды. Өз кезегінде осы оқиғадан кейін елде түрлі қоғамдық қозғалыстар құрылып, КСРО-дағы қайта құру кезімен тұспа-тұс келген уақытта республикадағы саяси өмір белсенді сипатқа ие болды. Сонымен қатар ұлттық мәдениеттің тамырының бір тармағы ретінде исламға деген қызығушылық та арта түсті. Ең маңыздысы ел тәуелсіздік алар тұста қазақ тіліне ресми түрде мемлекеттік (орыс тілімен қатар) тіл дәрежесі берілді. Ұлттық тарих қайта қаралып, оны барынша «қазақыландырудың» амалы жасалды. Осының барлығы қазақ бірегейлігінің шешуші фазасы қалыптасу үрдісінің көрінісі болды.

Посткеңестік дәуірде осы үрдіске төрт фактор ықпал ете бастады: ислам, түркі, номад және халықтың түп-тамыры, яғни жүздердің территориялық мұрасына апелляция жасау. Алғашқы екі фактор бір мезетте сыртқы саяси және өркениеттік бағытта болса, қалған екеуі жаңа қазақ элитасының мәдени қалауының фрагменттері болды.

Халықтың түп-тамыры, яғни жүздердің территориялық мұрасына апелляция жасауды Акинер Қазақстан үшін барынша қауіпті және кеселге ұшырататын фрагментация ретінде қарастырады.

Осылайша, Акинер заманауи қазақстандық қоғамда екі тенденция дамып келе жатыр деп жазады: ұлттық және «интернационалдық». Алғашқысы «Қазақстан қазақтар үшін» деген ұранды ту еткендер тарапынан қызу қолдау тапқан. Оны елдің көзінше сынға алғанмен, жеке топтар арасында осы бағытты құптап, оған жағымды көзқараспен қайрайтындар көп. «Интернационалдар» қатары аз, олар халықтың шағын ғана бөлігін құрайды; олар қазақ мемлекетінің сақталуын әлеуметтік тұрақтылықпен байланыстырады. Республикадағы иммиграцияны ынталандыру қажет деп санайды, Канада және Австралия сияқты елдердің минералды ресурстарды өңдеу және өндірістік күштерді дамыту сияқты үлгілерін қолдану керек деп санайды. Олар жаңа буржуаздық кәсіпкерлік мәдениет өкілдері.

Жағымды болашақ жоспар ретінде Акинер атап өткен жайт, республикада жаңа ұлттық (мемлекеттік) қазақстандық бірегейліктің плюралистік формасының пайда болуы. Автор 1995 жылы Қазақстанның болашағына қатысты қандай да бір болжам жасаудан аулақ болған, дегенмен «қазақ ұлты мен қазақ мемлекетінің болашағы оның заманауи дамуы мен өткеннен алған сабағының өзара үйлесуіне байланысты болатынын» ескерткен (**Akiner, 1995, 82-ші бет**).

Белгілі француз шығыстанушысы, Шығыс тілдері мен өркениеті ұлттық институтының Орталық Азия бойынша өткізетін тұрақты семинарлардың жетекшісі, доктор Катрин Пужоль «Қазақстан» (2000) атты кітабын жазу арқылы заманауи француз саясаттануындағы олқылық Қазақстанның тәуелсіздігіне арналған зерттеулердің жоқ болуы еді, ол осы еңбегі арқылы соның орнын толтырды.

К.Пужоль француз тарихнамасындағы ортаазиятанумен айналысқан метрлер А.Беннигсен, Ш.Лемерсье-Келькежей және Э.Каррер д'Анкосстың дәстүрін жалғастырушы. Ол өзінің ұстаздары 1960-80-ші жылдары негізін қалап кеткен әдістерді аталған кеңестану метрлері 70-ші жылдардың соңы мен 80-ші жылдардың басында болжап кеткен нақты тәуелсіздік алу кезеңінде Орталық Азия мемлекеттеріне қатысты пайдалану мүмкіндігін иеленді. Егер англосаксондық авторлар саланы зерттеу кезінде геосаяси мәселелерге баса мән берсе, француздар негізінен ұлттық-мәдени бірегейлік, сонымен қатар ислам дініне баса назар аударды.

Алайда, К.Пужольдің кітабын оқи бастағанда оның белгілі бір дәрежеде англо-саксон стилінде, геосаясатқа баса назар аудара отырып, жазғысы келгенін аңғаруға болады. Ол «Қазақстан өзінің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында халықаралық аренаға шықты, сонымен қатар оған бір-бірін басып озғысы келетін көптеген серіктестерінің назары мен елдің аса жоғары энергетикалық және стратегиялық әлеуеті әсер етті» деп жазады (**Poujol, 2000, 3-ші бет**). Автордың пікірінше, елдің тарихы мен географиясы оның тағдырын айқындаған. Бірақ оның соңы Пужольдың пікірінше, «заманауи әлем мен отырықшы идеологияның көшпелі еркіндікті жеңуімен аяқталды, сонымен қатар ол ауыз әдебиетінің дәстүрі жазба мәдениеттен жеңіліс табуы арқылы көрініс тапты».

К.Пужоль Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап түскен геосаяси шектеулерді былайша сипаттайды: 1991 жылы КСРО-дан бөлініп шығып тәуелсіз ел ретінде алғашқы қадамын бастаған Қазақстан әлемдегі төртінші ядролық держава болып саналды, жаңа саяси, экономикалық, әлеуметтік қоршаған орта бірден өзгеріп сала берді, барлығы да күрт өзгергеніне қарамастан, сыртқы көріністе оның бұрынғы кейпі сақталды. Бұл жаңа тарихи дәуірдегі алғашқы қадамдар болатын, оның барысында міндетті түрде әлеуметтік теңдіктің прагматикалық саясатын бақылауға алынған экономикалық өзгерістермен байланыстыру аса нәзік мемлекеттік заңдылықтар консолидациясы үшін қажет болды. Бұрын табиғи болып көрінетін дүниелер, яғни Ресеймен дәстүрлі байланыс, оның мәдениеті мен көп ұлтты халқымен байланысқа қатысты дүниенің барлығы қайта қаралуы тиіс болды (**Poujol, 2000, 4-5-ші беттер**).

Қазақстан шын мәнінде өте тартымды алаңда, жан-жағында отырықшы мемлекеттер орналасқан. Адамзаттық және мәдени тұрғыда, сонымен қатар географиялық орналасуы жағынан ауыспалы зонада орналасу арқылы бүгінде Қазақстан шаруашылықты жүргізудің ерекше экономикалық синтезіне ие, мәселен номадтардың көшпелі мал шаруашылығы, отырықшылардың ауыл шаруашылығы және бай шикізаттық ресурстарды өндіруші ретіндегі ерекшелігін атап өтуге болады. Сонымен қатар ол түрлі космогондық және діни бағыттарды да байланыстырады (шаманизм, ислам және дәстүр мен заманауи бағытты жоққа шығаратын немесе ұлықтайтын кейбір саяси-әлеуметтік құрылымға ие христиан діні).

Заманауи Қазақстанның іргетасы қаланғандағы тағы бір қарама-

қайшылық Пужольдің пікірінше қазақ-орыс қарым-қатынасының интерпретациясына байланысты: «Осылайша, мәселе тарихты жазудың сыртқы көзқарасы арасындағы алшақтықтың азаюына (мәселе кеңестік тарихнама туралы – М.Л.) және есепті теңестіру мақсатындағы заманауи тарихты қайта жазуға байланысты. Ондағы басты қиыншылық «басымдық берілген ұлтқа» қатысты оның титулды ұлт ретінде территориясымен тиісті түрде байланыстыру болды, себебі ол орыстардың пайдаланғанымен мүлдем сәйкес келмеді».

Пужоль өзінің және кітабының басты мақсаты мен міндеті ретінде мәжбүрлі мәдениет пен бүгінде билік айыптайтын, басқа да этностар мен басымдыққа ие мәдениет арасындағы түсініспеушілікті жойып, жаңа саяси мүмкіндіктер негізінде азаматтық әлемді қолдау үшін белгілі бір мәмілеге келуді қарастырады.

Құрылымы жағынан кітап үш бөлімнен тұрады: «Қазақ кеңістігі және Еуразия» атты бөлім Қазақстан территориясының тарихын ежелгі заманнан бастап ХХ ғасырдың басына дейінгі аралықты қамтиды. «Советтік Қазақстан» – тиісінше 1917-1991 жылдар аралығы, соңғы «Нәзік гигант» – қазіргі Қазақстан тарихына арналған.

Кеңестік кезең далалық аймақтың «көпір-территория» және жаңа Кеңес одағы мемлекетінің бір бөлігі ретіндегі тарихи бөлініс аралығындағы ролін қарастырады. Дегенмен, патшалық және большевизм арасындағы идеологиялық түсініспеушілікке қарамастан, жаңа тарихи дәуір сабақтастық феноменінен азат емес. Мұнда мәселе кеңестік биліктің саяси тәжірибесі бұрынғы империялық тәжірибемен ұштасқанында.

Кеңестік кезеңде отаршылдық дәуірде басталған үрдістер жалғасын тапты, олар: отырықшылықтың аяқталуы, білім беру саласындағы модернизация, сауаттылықты арттыру, қоғамдық қатынастар мен ұлтшылдықты жою. Бұл жағдай автор «кеңестік коррекция» деп атаған феноменге алып келді, яғни ол қазақ ұлтшылдығы мен кеңестік режим арасындағы ымыра, оған қазақ элитасының мойынұсынуы мен жасырын консерватизм болатын. Мәдени салада орыс-мұсылман синкретизмі пайда болды. Осы мұрамен Қазақстан посткеңестік фазаға шықты. Пужольдің пікірінше, ол кезең әлі аяқталған жоқ. Қазақстан саяси, құқықтық және психологиялық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда көп ұлтты қоғам, бұл да - кеңестік дәуірдің мұрасы. Жаңа қазақ саяси табының алдында тұрған ендігі міндет - қоғамды нығайтып, шоғырландыру. Жас ұрпақ заманауи технология мен саяси

инновацияларға тез бейімделуде, бұл өз кезегінде Қазақстан үшін алдағы асулардың бұрынғы кезбен салыстырғанда тез бағынатынын аңғартады (Poujol, 2000, 85-86-шы беттер).

Кеңестік кезең белгілі бір деңгейде патшалық үкімет кезінде басталған дәстүрлі қоғамның құлдырау үрдісін жылдамдатып жіберді, ол: номадизмнің ақыры, мектеп саласын модификациялау, сауатсыздықпен күрес, әліппиді ауыстыру. Осылайша, большевиктер үшін Қазақстанға қатысты өз саясатының негізгі бағыттарын өзгертуге көп күш салу қажет етілмеді. Оларға тек биліктің әдісін заманауи талаптарға сай өзгертіп, түрлендіру қажет болды. Осы тұрғыдан алып қарағанда, 1920-шы жылдары болған Қазақстан территориясын демаркациялау саясаты Қазақстанның орталықтандырылған кеңестік жүйемен ықпалдасуына айтарлықтай ықпал етіп, жаңа кезеңнің басталуына алып келді.

Патшалық тәжірибе дәстүрлі қоғамның мазмұнымен конфронтацияға түсуге қатысты ғасырлар бойына созылған қорқынышпен бетпе-бет келген кезде, кеңестік жүйенің жетекшілері беймәлім кезеңнен кейін бұрынғы құрылымның нағыз және толыққанды қиратуға арналған тәсілін пайдаланды. Мәселе осы аймақтың қалған өңірлерін Кеңестік Республиканың қатарына енгізіп, ықпалдастыру үшін орталық-азиялық спецификаны азайтуда еді. Сталиндік құғын-сүргінді осы көзқарас тұрғысынан да түсіндіруге болатын шығар: мақсат аймақтың жүйені жойып, яғни беймәлім-түйсіктегі ұлтшылдықты негізге ала отырып, жергілікті ерекшеліктерді біртіндеп жоқ қылу еді. Ол құқықтық (конституция, мұсылман заңдарына және табиғи заңдылықтарға тыйым салу, секуляризация, яғни шіркеу мүлкінің мемлекеттік меншікке өту) және ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың жойылуы арқылы көрініс тапты.

Осылайша, Қазақстандағы кеңестік жүйе қолданыстағы құрылымдар арқылы жүзеге асырылды. Ол оны радикалды түрде тасымалдады, бірақ біржола жойған жоқ. Осы жерде мынадай мәмілеге келетін шешім пайда болады, көзге көрінетін тарап – «кеңестік жүйе бойынша дұрыс» және көзге көрінбейтін тарап – «күзетуші».

Жалпы алғанда, кеңестік кезеңге баға бере отырып, Пужоль оның орталық фазасы (1950-70-ші жылдар) Қазақстанның кеңестік кеңістікпен (қазақ этносын қоса алғанда) экономикалық және мәдени ықпалдастығының пайда болуына алып келді деп санайды. Дегенмен, осы кезеңде сонымен қатар қазақтың егемендігі туралы идеяның не-

гізі біртіндеп қалана бастады. Саяси күн тәртібіне осы идеяның шығуы 1980-ші жылдардың екінші жартысында қайта құру кезеңімен тұспа-тұс келді. Осылайша, Қазақстан тәуелсіздігіне өзінің екі бірегейлігінің ортасында жүре отырып, яғни кеңестік (өзіне серік болған барлық параметрлерімен қатар) және ұлттық, яғни қазақы ерекшелігімен қол жеткізді.

К.Пужоль кітабының екінші кезеңі «Нәзік гигант» деп аталады, ол заманауи Қазақстанға арналған. Онда автор мәселелерді үш бағыт бойынша топтап қарастырады. Оның көзқарасы бойынша олар заманауи Қазақстан тарихын зерттеуде аса жоғары маңызға ие: 1) республиканың саяси өмірі және құқықтық өзгерістер, республиканың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және үкімет пен оппозиция; 2) Қазақстанның сыртқы саясаты, оның аймақтық және халықаралық ұйымдарға қатысуы, Ресеймен қарым-қатынасы, АҚШ-пен «ерекше басымдыққа ие серіктестік», Қытаймен «сақтықпен көрші ретінде байланыс орнату»; 3) мәдени мәселелер мен қоғамдағы терең мутация, білім беру жүйесін және жастар саясатын қайта құру, діни ренессанс, денсаулық сақтау саласындағы жаға ұстататын жағдай.

Пужольдің пікірінше, Қазақстан халықаралық аренада түрлі тараптардың жан-жақтан әсер ететін «ұстамды» ықпалын сезінеді. Қазақстанның жаңа серіктестері өздерінің мәдени, экономикалық және саяси қажеттіліктеріне сай келетін спецификалық диалог орната бастады. Түркия үшін ол осы аймақтағы қайта құру кезеңін пайдалана отырып, Орталық Азиядағы бұрынғы түркі әлеміндегі ықпалын жаңғыртуға тамаша мүмкіндік болды. Бір жағы осы өңірді ел бесігі ретінде тарихи көзқарас тұрғысынан қарастыра отырып, түркітілді мемлекеттердің өміріндегі өзінің белсенді ролін жаңғыртып, оларға ықпал етуді арттыруды көздеді. Түркия мен жаңа түркітілдес елдер арасындағы 1993 жылдарға дейін ұласқан эйфория фазасы аяқталған соң, түңілу үрдісі басталды да, оның соңы салмақты әрі мықты байланысқа ұласты.

Араб елдері үшін Қазақстан – өз дінін уағыздауға арналған нысан (дегенмен мұнда ислам Өзбекстанмен салыстырғанда әлсіздеу) әрі әлеуеті зор экономикалық серіктес. Иран үшін, Қазақстан – бір жағынан, қолжетімді нарық, ХХІ ғасырдағы энергетикалық ресурстардың географиядағы негізгі зонасы, екінші жағынан, жергілікті халықтың сүнниттер екеніне қарамастан, исламдық экстремизм болуы мүмкін алаң. Пәкістан үшін Үндістанмен ара салмақты теңестіру, уақыт өте келе



ресейлік қамқорлықтан арылатын, ауғанстандық жолдың арқасында Үнді мұхитына дейін жол сала алатын болашағы зор нарық, сонымен қатар көршілес Өзбекстанмен «исламдық блок» қалыптастыру мүмкіндігі жоқ аралық.

Қазақстанның кеңестік жүйеден кейін сыртқы мұсылман әлемі үшін ашық болуы ислам үлгісінің басқаша сипатта дамуына алып келді, олар араб, пәкістандық немесе түріктің діни бағыты, әртүрлі ортақ векторлары бар ислам дінін қоғамға қайта оралуына алып келді. Бірақ оның ықпалы Өзбекстан мен Тәжікстанның кейбір аудандарындағы жағдайға қарама-қайшы болды, сондықтан Қазақстандағы айтарлықтай әсері болған жоқ (елдің оңтүстігін есепке алмағанда).

Қазақстанның ішкі құрылымында оның ерекше жағдайы толыққанды көрініс тапты, ол еуропалық үлгінің синтезінен бастау алған, Ресейден трансплантацияланған, ішкі өзегі дәстүрлі түркі-мұсылмандықты сақтап қалған. Қазақстандық қоғамның полиэтникалық, мультиконфессионалдық сипаты автордың айтуы бойынша, мәжбүрлі түрде отырықшы өмір салтына ауыстыру және секуляризация негізінде зақымдалды. Пужоль Қазақстандағы билік клиентизм жүйесі негізінде қызмет етеді деген пікірін жазу арқылы ерекшелене алмаған, ол - өз кезегінде бастауын сонау жүздік жүйеден алған аймақтық басқару жүйесінің нәтижесі. Автор осы факторлар қоғамдық қатынастарды қамтамасыз етеді деп санайды және ол қоғамда қалалық жерлердегі әлеуметтік қатынастарда да аграрлық менталитеттің анық ізін қалдырған.

1990-шы жылдардың соңында Қазақстан саясатында, автордың байқауынша, оның дамуындағы негізгі басымдықтар мынадай болды: жаһандану заманында (mondialisation) халықаралық қатынастармен үйлесетін, аймақта «қар барысы» сияқты көшбасшылық сипатқа ие, өзінің еуразияшылық ортасына адалдығын сақтаған ұлттық (қазақ) мемлекетін құру. Пужоль осы бағыттың Қазақстанның одан әрі дамуын айқындаған 2030 жылға дейінгі даму бағдарламасында қамтылғанына назар аударады. Мақсатқа жетудің құралы – қоғамды лингвистикалық, этникалық және әлеуметтік-кәсіби тұрғыдан қазақыландыру. Дегенмен, Қазақстанның ішкі эволюциясына сыртқы факторлар барынша көбірек ықпал етеді.

Мәселен, көптеген елдімекендерде көптеген түрік лицейлері ашылды (зайырлы және діни). Олар баламалы білім беруді ұсынды, (ең алдымен – орыссыздандырылған), оның басты ерекшелігі

қоғамның кейбір бөлігі аса сезімталдықпен қабылдаған, америкалық протестанттық қаталдық пен пантүркілік ұстанымдағы саяси ойдың араласқан түрінде болды.

Посткеңестік Қазақстандағы мәдени саясатты зерттеген автор өзі жауаптаба алмаған сұрақтарды былайша тізбектейді: билік жалпы білім беруге қатысты екі түрлі тәуелділікті сезінетін саясатты жүзеге асыруда: тоталитаризмді айыптап және мәдениетті тұншықтырды деп санайтын кеңестік үлгіден бас тарта отыра, ұлтаралық араздықты тудырмайтын жаңа *modus vivendi* (жағдайды) іздейді. Бірақ мардымсыз мемлекеттік бюджетпен әлеуметтік теңсіздігі бар көп ұлтты әлеуметтік ортада осы күрделі миссияны қалай жүзеге асыруға болады? Аз ғана айлыққа жұмыс істейтін, кәсіби біліктілігін жаңғыртқан персоналды қалай сақтап қалу керек? Республикадағы ұлттық бағытқа басымдық берілген жаңа саяси және мәдени бағдарларға бола қайғырып, дәрежеміз нашарлады деп санап, елден көшіп кеткісі келетін орыс кадрларының ағынын қалай тоқтатқан жөн? Жас ұрпақ арасына дендеп енген түрлі мәдени ықпалдастыру үрдісінен қалай қашып құтылуға болады? **(Poujol, 2000, 116-шы бет).**

Жалғыз дәру ретінде автор Қазақстандағы осы мәселелер уақыт еншісінде екенін айтады: қоғам (*a posteriori*) дәл қазір ғана кеңестік заман ықпалымен жүзеге асырылған еуропалық мәдениеттің не екенін түсініп жатыр.

Осыған орай Қазақстандағы ресми жолдаулар мен бұқаралық ақпарат құралдарында дәстүрлі құндылықтарға қайта оралу, ар-ұятқа шақыру деген сияқты мәселелер жиі көрініс тапты. Қазақстан нағыз ауыспалы кезеңді басынан өткізгеннен кейін ғана, уақыт өте келе түрлі эйфория мен ностальгиялардан соң, бірде өкініш, бірде қуанышты сезіне отырып, өмір салтының, ойы мен әрекетінің құрылымы күйрегеннен кейінгі травматизмнен соң ес жиды **(Poujol, 2000, 121-ші бет).**

Қазақстандағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер қатаң және бір жағынан кеңестік жүйеден арылу, білім беру жүйесінің құрылымын өзгерту, екінші жағынан ерекше әрі «трансұлттық» идеология құрумен ерекшеленді, оның сыртында басқарушы элитаның саяси бақылауды сақтауға деген ұмтылысы жасырын сипатқа ие болды. Білім беру саласында автордың пікірінше, орыстанған білім беру жүйесінен ада, зайырлы әрі діни білім беретін шетелдік лицейлердің, оның ішінде түрік білім беру жүйесінің ролі маңызды болды. Қазақстанда

қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуына көрсетілген қолдауға Пужоль теңдессіз әрекет деген баға берді. Идеологиялық сипаттағы өзгерістерді гуманитарлық саладан айқын байқауға болады. Бұрынғы «кеңестік» пәндер – ғылыми атеизм, марксистік теория, Кеңес Одағының Коммунистік партиясының тарихы, соцреализм орнына – жаңа: дін тарихы, Қазақ мемлекетінің тарихы, нарықтық экономика мен мәдениеттану келді.

Автордың пікірінше, Қазақстандағы қоғамдық сипаттағы өзгерістер арасында ерекше орын алатыны – діни жаңғыру. Солай бола тұра, дәстүрлі діндер ислам мен православ өзара және билікпен бірлесе отырып, аяқастынан қаптан кеткен түрлі секталарға қарсы күрес жүргізуде. Француз зерттеушісінің пікірінше, Қазақстан территориясы, ел тәуелсіздік алған соң, түрлі парамедициналық, ғылымға қарсы және иррационалды білім берушілер, түрлі сыйқыршылар мен шамандардың, гипноз жасаушылар, алаяқтар мен гербалайфты насихаттаушылардың полигонына айналды.

Қоғамдық санадағы кеңестік заман қағидаларын жоюдың тағы бір саласы ресми басылымдарға балама ретінде ұсынылған, түрлі қылмыстық, дау-дамайды жазатын, эротикалық басылымдардың қаптап кетуі болды. Осылайша, аталған көріністердің барлығы кеңестік қоғамның бір бөлшегі болған консервативті және ар-ұяты жоғары Қазақстан азаматтарының мінез-құлқын бұзды.

Пужольдің пікірінше, дәстүрлі діндердің сәтсіздікке ұшырауы ғаламдық сипатқа ие болғандықтан, оны Қазақстаннан бөлек қарастыруға болмайды (**Poujol, 2000, 115-ші бет**).

Осылайша, Қазақстанның транзиттік кезеңнен өтуі қоғамдық сананы зақымдап, әлеуметтік өмір сапасының төмендеуіне алып келді. Ол барынша сауығуы үшін осы республикадағы қалыпты өмір салтын бұзып, ой мен әрекеттің жаңаша қалыптасуына кедергі келтіретін өткенді аңсауға қатысты эйфория мен артық иллюзиялардан арылуы тиіс.

Қорыта келе, К.Пужоль Қазақстан тарихы парадоксалды сипатқа ие деген пікір білдіреді. Ғасырлар бойы оның территориясында көшпелі өмір салты салтанат құрды, түркі тілі лингвистикалық монополияға ие еді. XVIII-XIX ғасырларда ол орыс саясатымен ықпалдасып, салдарынан отырықшылық үрдісі басталды, әкімшілік, денсаулық сақтау ұйымдары пайда болды, мектептегі білім беру орыстанды, каналдардың құрылысы басталды, капиталистік қатынастар бой көтерді, славян элементтері мен православ діні пайда болды.

Пужольдің пікірінше, посткеңестік кезеңнен арылудың ауыспалы кезеңінің аралық уақыты әлі біткен жоқ. Қазақстанның «тәуелсіздікке катапульталануына» ауысуы әлі талап етілгеннен де ұзақ, талай уақытты қажет етеді. Оған аяқ астынан бағытынан жаңылып қалған қоғамды араластыру үшін жаңа қатынастарда ненің рұқсат етіліп, ненің рұқсат етілмегенін халыққа нақты, күрделі терминдерсіз, ұғынықты етіп түсіндіру керек. Посткеңестік Қазақстанның саяси қайраткерлері жалпы қоғам үшін түсінікті болатын заң кодекстерін жазуға ерекше ден қоюы керек, онда негізінен өздері өкілі болып саналатын, саны жағынан басым ұлтқа қатысты «өзіндік болмысты» абайлап көрсету керек. Амбициясы жағынан ерекше болып саналатын осы жоба қазақ ұлтшылдығына байланысты шаттануға қатысты сезімді, жекелей алғанда, жерге қатысты құқыққа байланысты тарихты таңдап қарауға мүмкіндік береді. Бірақ ол қоғам назарына ұсынылмай орындалмайтыны түсінікті (**Poujol, 2000, 123-ші бет**).

Жалпы алғанда, француз ғалымы жасаған қорытынды оптимистік сипатқа ие. Егер елдегі ішкі және сыртқы жағдайлар оған мүмкіндік берсе, Қазақстан өзінің артықшылықтарының негізінде пайда көре алады. Аса сирек кездесетін пайдалы қазбаларға толы жері бар ел, соны игеретін кәсіби біліктілігі жоғары жұмыс күші мен халқы барда, түрлі кедергілерді еңсеріп үйренгенін есепке алсақ, саяси және технологиялық инновацияларды игере алатын іскер жастары бар Қазақстанның болашағы оның өткені сияқты ұзақ өмір сүруге қақылы.

Жаһандық көзқарас тұрғысынан алып қарайтын болсақ, деп жазады Пужоль, Қазақстан трансконтиненталдық экономикалық байланыс ролін ойнап, өзінің Еуразия құрлығындағы тарихи миссиясын атқаруға лайық. Өз заманында мәдени шоктардың талайын бастан өткізген Қазақстан – шын мәнінде Шығыстағы азиаттар мен Батыстағы еуропалықтардың, қазақтар мен орыстар арасындағы бастаудың, атеизм мен православ, ислам мен шаманизм арасындағы сәтті синтезі. Қорытындылай келе, автор Қазақстанның болашағы Батыспен сөзсіз байланысты болатынын жазады. Дегенмен, көшпенділердің тамырын тірілтікісі келетін азиялық мұра жылдар бойы қазақ қоғамына өз ықпалын тигізетіні анық. Бірақ көшпелі бірегейлік немесе оны жасанды түрде қалыпқа келтіруге деген талпыныс – шындап келгенде қияли әрекет қана деп ойын түйіндейді.

К.Пужоль кітабын оқи отырып, аңғаруға болатын дүние, автор негізінен Қазақстанның эволюциясына әсер еткен факторлар ретінде

ішкі мәдени және әлеуметтік-психологиялық салаларға баса назар аударады. Бұл – оны Қазақстандағы немесе Орталық Азиядағы заманауи дамуға қатысты жағдайды зерттегенде геосаяси мәселелерге баса мән берген англосаксондық әріптестерінен ерекшелейтін ең басты айырмашылығы. Тағы бір таңданыс тудыратын факт – автор зерттеу жұмысында француздардың тарихнамалық мектебінде исламтануға қатысты бай тәжірибе болғанына қарамастан, исламға мүлдем назар аудармайды. Біздің көзқарасымыз бойынша, К.Пужольдің ислам мәселесін айналып өтуі, оның Қазақстан үшін нақты саяси өзектілігін көрсетеді<sup>207</sup>. Солай бола тұра автор қазақ қоғамының көшпелі мәдени дәстүрін шамадан тыс ұлықтауға жол бермей, Қазақстанның болашағы заманауи қоғам бағытындағы қазақ социумының эволюциясымен және батыстық үлгідегі модернизацияны аяқтаумен байланысты деген ой түйеді.

2002 жылы Марта Олкотт оқырман назарына біздің еліміз туралы «Қазақстан: жүрілмеген жол» атты (түпнұсқасында кітаптың атауы «Қазақстан: орындалмаған уәде») атауының өзінде өкініш көрініс тапқан кітабын ұсынды<sup>208</sup>. Қазақстан туралы ақпаратты батыс оқырмандарының назарына ұсынған зерттеу еңбегінде Олкотт біздің елге мынадай көлемі жағынан шағын – «ресурстарға бай болғанмен, география бойынша қарғысқа ұшыраған» деп мағынасы жағынан дөп түсетін анықтама береді. Қазақстанда қалыптасқан саяси режимге қатысты автор тағы бір нақты формула береді, «батыстық плюрализм мен азиялық автократия арасындағы қақпандағы ел». Олкотт зерттеу жұмысында посткеңестік Қазақстандағы саяси, әлеуметтік, этникалық және экономикалық өмір қарама-қайшылықтарға толы деп жазады да, оған қатысты бірнеше мысал келтіреді. Оның жоғарыда қақпан деп атап өткені – осы қарама-қайшылықтар негізінде пайда болған көрініс.

Олкотт Қазақстанда аса қуатты демократиялық дәстүр болмағанына қарамастан, онда плюралистік немесе квазиплюралистік саяси жүйенің және таза нарықтық экономикалық қатынастардың қалыптасуына мүмкіндік болар еді деп жазады. Автор бірінші тарауда Қазақстан не себепті әлем назарын аударды деген сауалдың жауабын беруге тырысады. Осылайша, кітабының бірінші тарауында Олкотт


<sup>207</sup> 2001 жылы К.Пужоль «Орталық Азиядағы ислам: жаңа заман жолында» (Poujol, 2001) атты кітабын жариялайды, онда ол ислам тақырыбын және оның Қазақстандағы контекстін де жан-жақты қарастырады.

<sup>208</sup> 2002 жылы Марта Олкотт оқырман назарына біздің еліміз туралы «Қазақстан: жүрілмеген жол» атты (түпнұсқасында кітаптың атауы «Қазақстан: орындалмаған уәде») атауының өзінде өкініш көрініс тапқан кітабын ұсынды

кітабының тұжырымдамасын түсіндіреді: Қазақстан (дәлірек айтсақ, оның жетекшілері) оған тарих сыйлаған мүмкіндіктерді толыққанды пайдалана алған жоқ, сонымен қатар оған батыстық құндылықтарды бейімдей алмады, сонымен қатар екі ойлы геосаяси ойын жүргізу арқылы Мәскеуге қарап бағыт түзеуін қойған жоқ.

Ұзақ жылдар бойы өзін Ресейдің отаршылдық саясатының және Кеңес Одағының саясатының құрбаны ретінде санаған қазақ халқы үшін тәуелсіздік алу деген ең алдымен психологиялық тұрғыдан алғанда ұлы жеңіс болып есептелді. Олкоттың пікірінше, егер қазақыландыру жүзеге асса, ол тек этникалық композиция мен мемлекеттік идеологияда ғана көрініс тапты. Жеке сюжет ретінде, М.Олкотт өз зерттеуінде қазақтың заманауи ұлттық бірегейлігінің қалыптасу мәселелерін қарастырады. Оның тәсілі осы мәселеге қатысты зерттеу жүргізген Ш.Акинер мен К.Пужольдікінен ерекше, дегенмен аталған авторлардың ғылыми еңбек жазу барысында қолданған тарихи және дерекнамалық базасы ортақ.

Олкотт өзінің тұжырымдамасын дау туғызуға ыңғайлы етіп құрады. Оның жазуына қарағанда, билік әртүрлі топтарды бір ортақ саяси мақсат аясына жұмылдыру үшін басқа да этникалық аз топтардың көзқарасын ескеруге тырысқан. Елде бейбітшілік сақталып қалды, бірақ оның



этникалық көп түрлілігіне қатысты мазмұнды толықтыру қолдан келген жоқ. Бір қарағанда елдегі күллі халықтың пікірін ескеретін сияқты болып көрінгенмен, шын мәнінде үкімет қазақтардың мүддесін бәрінен жоғары қойды.

Олкотт жасаған қорытынды біржақты: Қазақстанда ұлттық қазақ мемлекеті құрылуда. Оның пайымынша, Қазақстанның көп ұлтты мемлекет екендігі туралы әңгіме бола қалған жағдайда, оған араласқандардың барлығы онда қазақтардың басымдыққа ие екенін айтады деген қорытынды жасайды. Себебі саяси және шаруашылыққа қатысты саладағы

ірі жетекшілердің дені – қазақ ұлтының өкілдері, орыстарға алғаш рет олардың талаптарын орындауға тура келді. Бұрынғы отаршылдар қиын жағдайда қалды, оған орыстардың қалыптасқан жаңа жағдайға бейімделуінің қаншалықты қиын екенін аңғартатын көші-қонға қатысты статистикалық деректер дәлел.

Мемлекетті «қазақыландыру» әрқашан ресми идеологияның бір бөлігі болды. Оның үстіне үкімет клан мен отбасы арасын нақты ажыратты. Көпшілік елде кландық саясат маңызды роль атқарады деп ойлағанмен, ресми деңгейде ол жоққа шығарылады. Отбасы басқаша қабылданады. Отбасының маңыздылығының күшеюіне себеп болатын тағы бір жағдай ел жетекшісі бұқаралық салтанатты шаралар кезінде оны тыңғылықты дайындықпен өткізіп, тарихқа қатысты көзқарасқа орай кеңестік тәжірибені қолданады. Қазақстанның үкіметі күшті және қазақтың ұлттық бірегейлігі идеясына негізделген саясаттың қалыптасуы ұлтаралық бірегейлікке қарама-қайшы болуы міндетті емес екенін әл толыққанды түсінген жоқ. Ел арасындағы кейбір әсіре ұлтшыл қазақтарды есепке алмағанда, жалпы қазақтар орыстармен ортақ тарихқа қатысты жағдайды бұрын Ресейдің отары болған басқа халықтармен салыстырғанда барынша бейтарап қабылдайды. Осы жағынан алып қарағанда қазақтар мен өзбектер арасындағы айырмашылық айтарлықтай жоғары.

Қазақтар өздерінің Еуразиядағы ұлан-ғайыр далаға билік жүргізген дәстүрлі қоғамның мұрагері болғанын мақтан тұтады және өткен тарихты заманауи Қазақстанның дамуының тамаша символикалық негізі етіп қарастырады (Olcott, 2002, 50-86-шы беттер). «Назарбаев дәуіріндегі» экономикалық өзгерістерді зерттей отырып, Олкотт мынадай қорытынды жасайды: үкіметтің нарықтық экономикалық қатынастарға көшуінің соңы саяси салдарға алып келді, ол өз кезегінде жаңа тұлғалардың билікке келуіне ықпал етті. Саяси элитаның келесі ұрпағы экономика саласынан болуы мүмкін, бұл үдеріс қазірдің өзінде айқын көрініс берді.

Бірақ кітап авторының пікірінше, олардың жоғары билікке келетін күні әлі алыс: өйткені елде бірнеше бағыттар бойынша айқын бөлініс бар. Бұл бөліністер аймақтық салада көрініс тапқан, оған қоса ұлттар арасындағы бөлініс бар. Бүгінде байлар мен кедейлер арасындағы таптық бөлініс те таңсық емес. Осының барлығы қазақстандық қоғамдағы аса сезімтал тағы бір терең ордың қазылуына алып келеді. Қазіргі Қазақстандағы тағы бір мәселе, Олкотт назар аударған құбылыс

– жергілікті халықтың дінге сенетіндер және сенбейтіндер болып бөлінуі. Осы тұрғыдан алғанда, ол аталған мәселеге алғашқылардың бірі болып назар аударған ғалымдар қатарына жатады.

Бастапқы кезде қазақтар орыстардың елден көшіп кетуі, дәл осы уақытта Моңғолиядағы қазақтардың елге оралуына энтузиазммен қарады. Бірақ Моңғолия, Қытай мен Ираннан көшіп келген қандастарды елге бейімдеу әсіре ұлтшылдарды есепке алмағанда, күллі қазақ тарапынан қолдау тапты. Соңғы он жылда орыстар басымдық танытқандықтан, қазақ мәдениетінде айтарлықтай өзгерістер болды.

Америкалық ғалым жүздерге қатысты факторды да назардан тыс қалдырмады. Оның пікірінше, қазақ кландарының көшпелі мал шаруашылығына негізделген экономиканы реттеуге қатысты дәстүрлі қызметі баяғыда қолданыстан шыққан. Ресейдің отаршылдық саясаты кезінде біртіндеп әлсірей бастаған осы дәстүрді біржола құрдымға жіберген ұжымдастыру болды. Қазақстанның ауылды аймақтарында, әсіресе дәстүрді сақтап, жайылымға малын шығарып, егін егіп отырған жерлерде немесе тек қана қазақтар шоғырланып өмір сүрген өңірлерде кландық жүйе әлеуметтік тіршілікті реттеу қызметін атқарды, тіпті колхоздарды ұйымдастыру да осы кландық принцип бойынша жүзеге асырылды. Бұл ережеден гөрі, ережеге бағынбайтын ерекшелік болды, себебі кеңес одағының экономикалық саясаты клан мүшелері мен колхозға кіргендер арасындағы сәйкестікке жол берген жоқ. Осылайша кландар Қазақстанның әсіресе оңтүстік-шығыс аймақтарындағы, көбінесе ауыл шаруашылығымен айналысатын қоғам арасында аса маңызды рольге ие болды.

Дегенмен, билікке ие топтар арасындағы бәсекелестік негізі осы кландық жүйеде деп топшылау қате болар еді. Қазақстандағы саясат қашан да коалиция негізінде құрылды және сәтті қадам жасаған саяси одақтар әдетте кландық бөліністерден ада болды. Осындай қатынастардың қатысушылары арасында қазақтар да, ұлты қазақ емес басқа да азаматтар, өзінің шежіресін білмейтін қазақтар да, «дұрыс емес» жүзден шыққандар да – бір сөзбен айтқанда барлығы да болды. Мұндай қарым-қатынас оның қатысушыларының барынша бейтарап болуы және бір-бірін түрлі салаға қатысты қолдай білгендігінің арқасында жүзеге асты.

Кландық және этникалық ерекшелгіне қарай жергілікті халықтың өзара бөлінуі тағы бір мәселенің ұшын шығарады, ол – аймақтарға қатысты бөлініс. Бұл дифференциация мемлекет аймақтық бөлініске



қарсы күресті күшейтп, ұлтты унитарлы мемлекет аясында ұйытудың амалын күшейткен сайын, ел президентінің жергілікті атқарушы билікке жетекшілерді тағайындағанда ұлт бірлігі идеологиясына сүйенгеніне қарамастан көрініс табуда.

Осындай ерекшеліктері арқылы Қазақстан басқа әлемге оларды шатастырып жіберетін образда көрінеді. Қазақстанның жаңа элитасы, әсіресе жас кәсіпкерлер мен заңгерлер шетелдіктермен бірге, халықаралық деңгейде жұмыс істей алады. Ал жергілікті халық әлеуметтік жағдайы нашарлаған сайын экстремистік идеология үстемдік танытуда. Ол әлеуметтік теңдікті қалыпқа келтіреміз деген желеумен астыртын әрекет жасайтындар, әсіресе исламның радикалды формасы тарапынан көрініс тапты. Бастапқыда үкімет исламға қатысты бейтарап позиция ұстанған болатын. Кейін Қазақстан жетекшілері православ дінінен емес, исламнан үрейленетін болды. Ислам сол баяғы қалпы барынша танымал дін болып саналады.

Осылайша, Марта Олкоттың кітабы ангажирленген және бейтарап деуге келмейтін болып шықты. Кітап Қазақстанның посткеңестік даму тәжірибесіне қатысты үлкен сыни әлеуетке ие. Кітаптағы кейбір тезистер мен идеялар ашық бірбеткей, біржақты. Еуропалық авторлардың Қазақстан туралы жазған кітаптармен салыстырғанда (барынша толерантты, төзімді және эмоциалды түрде объективті) Олкоттың жұмысы, әсіресе осы тараудан оның америкалық саясаттанудың мынадай кемшіліктеріне ие екенін аңғаруға болады: америкалық ерекшелікке деген соқыр сенім, басқаларға деген, әсіресе еуразиялық мемлекеттер мен олардың халқына деген астамшылық, менсінбеген көзқарас; посткеңестік кеңістікте Американың «демократияны» орнатуға қатысты тарихи миссиясы туралы жабысқақ идея.

Андрей Шмитц есімді неміс зерттеушісінің «Элита ауысуы және Қазақстандағы саяси динамика» (2003) атты еңбегі Герман ғылым және саясат қорының (*Stiftung Wissenschaft und Politik*) Орталық Азия туралы ғылыми зерттеулерінің жалғасы болып саналады. Жұмыста Қазақстандағы тәуелсіздік алғаннан кейінгі саяси трансформация бағытын анықтауға деген талпыныс жасалады. А.Шмитц жұмысының тұжырымдамалық негізі – Қазақстандағы реформалар барысында жаңа элита қалыптасып үлгерді және ол болашақта посткеңестік жүйе кезіндегі бұрынғы биліктің орнын басады деген идея. Бір жағынан осы идея басқа да зерттеушілер тарапынан болжам ретінде

айтылды, дегенмен Шмитц оны нақты деректер негізінде нақтылап, Қазақстандағы саяси үрдісті оның динамикасымен көрсеткісі келді.

Жаңа бизнес-кандардың құрылымы мен қызметіне келетін болсақ, олар да дәстүрлі кландар сияқты салыстыруға келетін топ: ол виртуалды өзара ымыраласқан топтардың бір бөлігі болып табылатын, бір-бірімен өзара байланысқан шартты емес топтар. Жергілікті атқарушы биліктегі барлық персонаждардың жиі ауысуына байланысты жекелеген элита өкілдерінің барынша қуатты, аса маңызды позицияларға келуіне кедергі жасалды (**Schmitz, 2003. 14-17-ші бет**).

Этникалық және кландық топқа қаншалықты қатысы бар екені екінші дәрежелі сипатқа ие екені анық болғанмен, ол мәселе өз мүдделерін тықпалайтын топтар арасындағы күштерді теңестіруге келгенде шешуші факторлардың бірі болуы мүмкін. Ел билігінде «Ұлы жүз» өкілдерінің басымдыққа ие болуы – кадр таңдау барысында шартты рәсімдерді жасау кезінде оны шартты емес механизмдердің айналып өтпейтінінің көрінісі. Бұл билікке келген адамның өз командасына арқа сүйейтінін, қандай да бір аппараттағы жетекші орынға ие болғанда оны соңынан ертіп жүруге бейіл дегенді білдіреді. Осылайша, автор жасаған негізгі тұжырым, Қазақстандағы басқарушы элита 1930-шы жылдардан бастап осы тәсілмен сабақтастығын жоймай келеді (**Schmitz, 2003. 18-32-ші беттер**).

А.Шмитц және де Қазақстанды зерттеген басқа да ғалымдар қойған сұраққа 2004 жылы америкалық ғалым Эдвард Шатц (Оңтүстік Иллинойс университеті) өзінің «Қазақстандағы биліктің қаны: заманауи кландық саясат» (**Schatz, 2004**) атты кітабында жауап беруге тырысады. Осы басылым дәстүрлі антропологияны (яғни, шығыстану бағыты) саясаттанумен қосуға талпыныс жасалған еңбектер ішіндегі тамаша мысал.

Теориялық еңбектер қатарына жатқызуға тырысқан осы зерттеудің идеясы – қазіргі Қазақстан мен қазақ қоғамының мысалында Вебер рухындағы дәстүрлі батыстық әлеуметтану тұжырымдарының дәстүрлі қоғамда туысқандық байланысқа қатысты өміршең екенін және олардың заманауи саяси жүйемен ықпалдастығын дәлелдеу. Э.Шатц, кітабының тарихи бөлімінде аса танымал дереккөздерге сүйене отырып, сонымен қатар посткеңестік Қазақстандағы заманауи мәселелерді зерттейтін ғылыми және мәдени қоғамдастық өкілдерінен алған сұхбаттар негізінде мынадай қорытынды жасайды: заманауи қазақ қоғамы сол баяғы рулық қоғам мен туысқандық байланыс принциптері

мен заңдары негізінде өмір сүреді. Шатц өзінің тұжырымын дәлелдеу үшін қазақтың зиялы қауымы арасындағы саяси жүйе және саяси күрес үшін жасаған шиеленістерін мысал етеді. Оның ішінде, жекелей қарастыратын болсақ, автор оппозиция мен ресми билік арасындағы шиеленісті кланаралық «метаконфликт» тұрғысынан қарастырады.

Э.Шатц саясаттағы кландық жүйе тек қана бұрынғы КСРО-ның оңтүстігінде орналасқан республикаларға ғана тән емес, ол Орта Шығыс, Шығыс және Солтүстік Африка, Оңтүстік-Шығыс Азиядағы кең ауқымды кеңістікте бар дүние дегеннен бастайды. Автор өзінің посткеңестік кеңістікке деген қызығушылығын дәл осы жерде дәстүрлі рулық қатынастардың «неомодернизациясы» трансформацияға ұшыраған деп түсіндіреді. Осылайша, Э.Шатцтың аталған тақырыпқа деген қызығушылығы тек қана эмпирикалық сипатқа ие емес, сонымен қатар мәселені теорияландыруға да қызмет етеді. Осы жұмыстың басты идеясы – рулық қатынастарға негізделген қоғамның заманауи мемлекеттік институттарға қалай әсер ететінін көрсету. Автор өзінің таңдауы не себепті Қазақстанға түскенін 3 себепті жаза отырып түсіндіреді. Біріншісі оны қазақстандық мысал негізінде оның Вебер тұжырымдамасының дұрыс екенін дәлелдеген пікірін нақтылай түсті, онда туысқандық байланыс негізінде қалыптасқан топтар саяси өмірге иррациональдық алып келеді және патримониализмді ынталандырады (биліктің мұраға берілуі) делінген. Екінші себеп ерекше, тек қана кландық саясат динамикасына тән. Үшіншісі екі ағым арасындағы, яғни заманауи әлеуметтанудағы – примордиализм (архаикалық қоғамды зерттеу) және конструктивизм арасындағы аралықты еңсеру үшін Қазақстанның мысалын пайдалану.

Автор негізге алған дүние (сонымен қатар, мүмкін сын айту мақсатында) екі тәсіл: примордиалистік, яғни архаикалық қоғамды зерттеу постулатына негізделген, ол бойынша қанға қатысты байланыстар өзгеріске қатты ұшырамайды және бастауын Леви-Стростан алатын конструктивистік тәсіл, онда осындай байланыстар модернизациялық үрдістердің әсерімен жойылады. Автор өз тарапынан жаңа тұжырымдамалық тәсіл ұсынады: ол мәселені бірегейлікті толықтыру механизмі тұрғысынан қарастырады. Неомодернизация жағдайында осы механизм ұлт құраушы мемлекетті құрудың қызметін қоса атқарады.

Э.Шатц қазақтардың рулық жүйесінің тарихи болашағын қарастыра отырып, мынадай қорытынды жасайды: революцияға дейінгі кезеңде

ол корпоративтік байланыстың ролін атқарды; кеңестік кезеңде рулық бірегейлік өзінің символикалық, инструменталды аспектісіне дейін ұласты; посткеңестік дәуір рулық қатынастардың екінші тынысын ашты. Автордың пікірінше, мемлекеттік социализм жүйесінің құлауынан соң болған дәуірдің феномені, оның көптүрлі сипатқа ие екенін ескерсек, осы мәселені транзитология деп аталатын жеке сала бойынша қарастыруды талап етеді. Басқа сарапшылармен салыстырғанда Э.Шатц посткеңестік мемлекеттерге қатысты «этнократиялық» деген түсінікті емес, «ұлт меншігіндегі мемлекет» деген дефиницияны қолданады. Осы анықтауыш ұлттық мемлекет құрылысы үрдісін барынша дәл сипаттай алады.

Автор көпұлтты қазақстандық қоғамдағы ұлттық бірегейлікке қатысты дискуссия ерекше назарға ие екеніне тоқталады. Осының негізінде ол еуразиялық идеяға қатысты пікір білдіреді. Оның түсінігінде еуразияшылдық дегеніміз – бұрынғы кеңестік интернационализм, бірақ оның «этникалық бет-бейнесі» бар. Осылайша, Homo sovieticus орнына қазақстандық жаңа бірегейліктің негізі ретінде Home eurasiaticus келеді.

Автор өзінің лексикалық инструментарийіне қалыптасқан дәстүр бойынша жүз деп айтылатын, сөздің аудармасын батысеуропалық тілге «Орда» (horde) деп аударудың орнына «umbrella clan» деп жазылған («барлығын жинақтап, рудағы басқа да кландарды қорғайтын») деген мағынаны беретін, қиындықпен аударылатын жаңа терминді не себепті енгізгені белгісіз. Э.Шатц негізінен 1990-шы жылғы материалдарға арқа сүйейді. Оның пікірінше, осы уақыт аралығында қазақ кландары саяси билік, ресурстарға ықпал ету және бақылау орнату үшін өзара күресіп, шиеленіс жасауы керек болған.

Э.Шатц орыстардың қазақ қоғамындағы орнын анықтау үшін оған «төртінші жүз» деген атау береді. Оның пікіріне сүйенсек, орыстар және жалпы алғанда орыстілділер өмір сүруі үшін ойын ережесіне бағынуы және қандай формада болсын кландық жүйеге енуі тиіс. Демографиялық дүмпу және елдегі халық арасында қазақтардың санының көбеюіне байланысты кландық жүйе мемлекеттің саяси өміріне барынша жедел және белсенді түрде еніп, әрекет етуде. Дегенмен автор кландық саясатты жүйелік көрініс ретінде орталық мемлекеттік аппарат, түрлі министрліктер мен ведомстволардан табу қиын екенін мойындайды. Оның соңына ілесе отырып, мұндай жағдайдың іс жүзінде жүзеге асырылуы мүлдем мүмкін емес екенін

айта кетейік. Осылайша, ғалымның бақылауына іліккен аталған жағдай Э.Шатцтың қазіргі Қазақстандағы саяси құрылымға қатысты тұжырымдамасын күмәнді етеді.

Автордың пікірінше, кландық жүйенің дамуына жол беретін 2 бағыт бар: біріншісі – кландық клиентелизм, оның соңы мемлекетті құлдыратуға алып келеді; екіншісі – кландық баланс, ол жүйенің тұрақты болуына ықпал етеді. Автордың пікірінше, Қазақстанда аталған екі бағыт та бір мезетте қатар дамыған. Кландық қатынастардың сақталып, одан әрі нығайып дамуына автордың болжамынша, ауыл халқының қалаға көшуі ықпал еткен, себебі өзіне бейтаныс, жат ортаға келген тұрғын өзінің субэтникалық, яғни рулық бірегейлігін көрсеткісі келеді. Бұл әсіресе қазақтар аса тығыз қоныстанған елдімекендерге қатысты жағдай. Сонымен қатар осындай қалыптасқан рулық және туысқандық байланыстардың әлсіреуіне нарықтық қатынастардың дамуы және діни идентификация да әсер етті.

Э.Шатц посткеңестік кеңістікте мемлекеттің пайда болуы мен кландық қарым-қатынас бір-біріне сайма-сай, сонымен қатар осының негізінде бір-біріне бір-бірінің іргесін қалауға қолғабыс жасады және диалектикалық тұрғыдан байланысы болды деген қорытынды жасайды. Қазақстан қалыптасқан жағдайдан қалыс қалған жоқ. Кландық қатынастардың пайдалы тұстары да болды, мәселен оның жеделділік әлеуеті мен қарым-қатынасқа қатысты көп деңгейлі сипатын атап өтуге болады.

Қорытындылай келе, Э.Шатц Қазақстанның посткеңестік кезеңдегі жетістігі, әсіресе оның жаңа жүз жылдықтағы табыстары таң қаларлық, әрі көңілге қонымды деген қорытынды жасайды. Олар архаикалық қоғамдағы кландық (рулық-тайпалық) қарым-қатынас мемлекеттік институттарды жартылай немесе жаппай алмастырады деген орныққан пікірді толығымен жоққа шығарады. Автор нақты жауабын таппаған сұрақты алға шығарады, ол: кландық қатынастар шынымен Қазақстандағы саяси өмірдің үздіксіз бөлігі ме? Осыдан кейін зерттеуші қазақстандық элита үшін мемлекеттік және саяси институттарды нығайту жолында кландық қатынастарды (егер оның бар екені рас болса) қауіпсіз, басқаруға келетін етіп және рулық қарым-қатынастарды заманауи қатынастарға трансформациялау үшін оны заманауи әлеуметтік байланысқа қарсы деген біржақты, ескі, қалыптасқан қасаң көзқарасты өзгерту үшін әлі талай жұмыс атқару керек болады деген пікірін жазады.

Бейресми, кландық саяси өмірді «қалыпты» саяси жүйемен табыстыру үшін Э.Шатц әлеуметтік тығырықтан шығаратын жалғыз жол және ерекше тәсіл ретінде рулық жүйені қайтадан заңдастыру керек деген ұсыныс жазған, яғни кландық қарым-қатынастар бұқараға жариялануы керек, оны мемлекеттік саясат пен қоғамдық өмірдің бір бөлігі ету қажет.

Осы жерде ғалымның кландық қатынастарды қайтадан заңдастыру керек деген ұсыныс жазғанына қарап оның, яғни америкалық социоантропологтың кландық қатынастарды қандай да бір абсолютті жамандық және қауіп төндіретін жүйе ретінде қабылдамайтынын аңғаруға болады. Ол одан тек тарихи жүйені емес, сонымен қатар санасуға болатын объективті шынайы жағдайды көреді. Жалпы алғанда, Э.Шатцтың кітабы бұған дейін де бірнеше мәрте дәлелденген қазақстандық қоғам қатып қалған қасаң құрылым емес деген айғақты айқындай түседі. Ол табиғи болмысы жағынан шашыраңқы, үнемі динамикада және құрылымы күрделі. Ал зерттеушілер «кландық қатынастар» атап кеткен сөз, яғни кітаптың арнайы бір бөлімі арналған тақырып – қазіргі Қазақстанның барынша күрделі әрі ауқымды саяси, демографиялық және әлеуметтік-экономикалық трансформациясының бейнесі.

Р.Уэллердің Азиялық зерттеу қауымдастығы бағдарламасы аясында баспадан шығарылған «Қазақ және ортаазиялық бірегейлікті қайта қарау» атты кітабы да осы пікірмен ұқсас. Автор мәселені қалыптасқан дәстүрлі көзқарастардан алшақтап, сонымен қатар Батыста Орталық Азияға қатысты жергілікті қоғамдарға қатысты жасалған сипаттамалардың қалыбынан шығып, оны Қазақстанның мысалында қарастыруға тырысады. Оның жұмысында заманауи қазақстандық қоғам батыстық БАҚ пен қоғамдық пікірде қалыптасқандай емес, динамикаға ие, барынша заманауи және мүмкіндігінше батыстанған<sup>209</sup>.

Өз заманында қазақстандық БАҚ америкалық автор К.Роббинстің «Қазақстанды іздеу барысында: жоғалып кеткен ел» атты еңбегіне ерекше назар аударды.<sup>210</sup> Кітаптың атауын «көңілден шықпаған ел» немесе «көңілді қалдырған ел» деп те аударуға болады. Автор өзінің жұмысын республикаға жасаған саяхаты барысында көрген-білгені

<sup>209</sup> Weller R.Ch. Rethinking Kazakh and Central Asian Nationhood. - a Challenge to Prevailing Western Views. – Los Angeles: Asia Research Associates, 2006.

<sup>210</sup> Robbins Ch. In Search of Kazakhstan. The Land that Disappeared. – London: Profile Books, 2007. – 296 p.

негізінде жинаған ақпаратқа сүйене отырып жазған. Роббинс өмірін Қазақстанмен байланыстырған әйгілі ресейліктердің басқан ізімен жүрген (Достоевский, Троцкий, Солженицын). Автор кітабының басым бөлігін өзінің ел Президент Нұрсұлтан Назарбаевпен танысуына қатысты жеке әсеріне арнайды. Онда ол ел басшысын харизмасы мықты, қалжыңды түсіне білетін, адамгершлігі жоғары тұлға ретінде сипаттайды. Жалпы алғанда бұл кітапты тарихи-мәдениеттану саласындағы жиһанкездің көрген-білгені, мақсатты интервью мен туристік гид үшін дайын блоктардан құралған эссенің сәтті комбинациясы деп санауға болады.

2008 жылы Орталық Азияны зерттеуге арналған институттың үш жобасы Қазақстан тарихына қатысты болды. Біріншісі – Энтони К.Бойердің «Парламент және Қазақстандағы саяси партиялар» деп аталатын жұмысы<sup>211</sup>. Автор зерттеуінің басында Қазақстандағы партиялық-саяси жүйенің қалыптасу тарихына қысқаша шолу жасайды, соңынан заманауи партиялардың ландшафтына көшеді, алдымен Президентті қолдайтын «жұмсақ» «Отан» партиясы және оппозициялық «қатал» партиялар туралы жазады. Жұмыстың екінші бөлігі қазақстандық парламентті мемлекеттік және саяси институт ретіндегі тануға арналған.

Осы мәселеге Р. Исаактың «Қазақстандағы партиялық жүйенің қалыптасуы: шартты және шартсыз саясат арасында» атты еңбегі қайта оралтады. Біз қарастырып отырған сұрақтарға қатыстысы, осы зерттеу кландық жүйенің республиканың саяси өміріне әсер ету мәселесін көтергенінде<sup>212</sup>.

Қазақстанға қатысы бар тағы бір жұмыс Джон Дэйлидің «Қазақстандағы орта таптың қалыптасуы»<sup>213</sup>. Жұмыстың негізгі сұрағы мынадай: қазақстандық орта тап дегеніміз не? Осы сауалға дауап беруге тырысқан Дэйли тұтынуға қатысты барлық салаларды зерттейді, оның ішінде өмір стилі, баспана, тамақтану, ойын-сауық, сән, саясат, бизнес және т.б. бар. Сонымен қатар автор қазақстандық экономиканың басқа қырларын да зерттеуге алады. Оның кейінгі кездердегі қарыштап дамуына қатысты феномені мен осы үрдістің орта таптың қалыптасуына әсері, қаржы және банк жүйесі де зерттеу

<sup>211</sup> Bowyer A.C. Parliament and Political Parties in Kazakhstan. – Washington, DC: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program, 2008. – 71 p.

<sup>212</sup> Isaacs R. Party system formation in Kazakhstan: between formal and informal politics. – London, New York: Routledge, 2011. – XV+218 pp.

<sup>213</sup> Daly J.C.K. Kazakhstan's Emerging Middle Class. – Washington, DC: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program, 2008. – 100 p.

нысанына алынады. Автор орта тапты қалыптастыру қазақстандық мемлекеттік экономикалық саясаттың басты мақсаты деген түйін жасайды. Үкіметтің әр қарайғы мақсаты осы тапты түрлі қауіп-қатерден қорғау болса керек, олардың арасында жемқорлық, қала мен ауыл халқы арасындағы алшақтықты азайту, инфляция, экономиканы жаһандық қаржы-экономикалық мәселелердің жойқын ықпалынан қорғау. Авторға Қазақстандағы ұлттық қорда жиналған қаражаттың көлемі оптимистік болжам жасауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде болашақта қысылтаяң кезең туса, орта тапқа көмек беретін қаражат бар деген сөз.

Осы салаға қатысты тағы бір жұмыс – Ричард Вайцтың «Қазақстан және Еуразиядағы жаңа халықаралық саясат» атты еңбегі<sup>214</sup>. Бұл Батыстағы Қазақстан Республикасының халықаралық байланысы мен сыртқы саясатына арналған алғашқы зерттеу. Авторды осы жұмысты жазуға итермелеген басты себеп, өзінің жазуына сүйенсек, Қазақстанның Еуразиялық кеңістікте аймақтық экономика мен саяси ықпалдасу бойынша көшбасшылар қатарына шығуы. Оның пікірінше, Қазақстанның аймақтық ықпалдастық бойынша өз мақсатына жетуіне әсер ететін бірнеше фактор бар. Автор олардың қатарына «Назарбаевтан кейінгі» саяси көшбасшылардың транзитін, ҚР-ның ЕҚЫҰ-на төрағалық ету жұмысын сәтті аяқтауы және еуразиялық мемлекеттердің экономикалық жағдайын жатқызады. Автор үшін осы үрдіске ұлы державалардың атап айтқанда Ресей мен Қытай, бәрінен бұрын АҚШ-тың ықпалы жоғары болатынын жоққа шығармайды.

Қорытындылай келе, Р.Вайц мынадай базалық тезистерд ұсынады: Қазақстанның еуразиялық стратегиясын жүзеге асырудың жолында күрделі кедергілер бар. Нақтырақ айтқанда, ислам экстремизмі қауіп жойылған жоқ, энергиялық ресурстарды пайдаланудың болашағы айқын емес. Ресей мен Қытай сияқты державалар өзінің стратегиялық жоспарын жүзеге асырып жатқан тұста, Қазақстан үшін өзіндік жоспарды жасаудың өзі оңай емес. Егер қазақстандық экономикалық өсім баяулайтын болса, Астана өңірдегі көшбасшылық орнынан айырылады. Қазақстанның экономикалық және саяси қуатының артуы оның аймақтағы көршілерінің зәресін алады, сондықтан оның Ресей, Қытай және АҚШ-пен, тіпті Иранмен байланысын күшейтпеске шарасы жоқ. Астананың ықпалдастыру жоспарына барынша қауіп төндіретіні – геосаяси бәсеке. Оны Ақ Ордадағылар өте жақсы біледі. Жұмысын

<sup>214</sup> Weitz R. Kazakhstan and the New International Politics of Eurasia. – Washington, DC: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies, 2008. – 189 p.



түйіндей келе, Вайц қазақстандық дипломатия алдағы уақытта Орталық Азияда ресей-қытай кондоминимумының орнауына жол бермеуге күш салуы керек деп аяқтайды.


Ариэл Коэн есімді танымал америкалық саясаттанушы «Қазақстан: тәуелсіздікке апарар жол» атты кітабында «Энергетикалық саясат және ұлттың дүниеге келуі» атты тақырып бар. Бұл - заманауи Қазақстанның тарихына арналған іргелі еңбек. Кітап посткеңестік республика тарихындағы негізгі мәселені энергетикалық мәселелерге ден қоя отырып зерттейді. Автордың репутациясы жалпыға мәлім: Коэн өзін бұрыннан ресейлік саясатты, оның ішінде Орталық Азияға қатысты басқа да посткеңестік кеңістіктегі режимдерді сын садағына алғандар қатарынан екенін көрсеткен. Алайда, осы жолғы еңбегінде біз Коэнді басқа қырынан танимыз, ол барынша байыпты әрі жіті бақылаушы ретінде көрінеді<sup>215</sup>.

Осы кітаптың жарық көруіне мынадай бір қызықты дерек ықпал етті: осыдан бір жыл бұрын тура осы сияқты еңбек жарық көрді, бірақ ол Нью-Йоркте басылып шыққанмен, орыс тілінде жазылған еді.<sup>216</sup> Әдетте, посткеңестік әлемге қатысты Батыста жарық көрген еңбек керісінше, алдымен ағылшынша жарық көріп, сосын орыс тіліне аударылады.

Коэн кітабының негізгі ойы және оның тұжырымының квинтэссенциясы Қазақстан батыс саясаттануы *petro-state, яғни* (мұнай-мемлекет) деп атайтын ел бола тұра, тәуелсіз және сәтті мемлекет бола алмады. Әдетте осы мағына жағымсыз реңкке ие болса, Коэн керісінше, одан жағымды бағыт іздеуге тырысады. Автор ішкі саяси стратегиядан бөлек, (алдымен экономика, сосын саясат) және сыртқы саяси доктрина (көпвекторлық және еуразияшылдық) заманауи Қазақстанды қалыптастырғанда оның жан-жақты қарастырылған энергетикалық стратегиясы да болды. Оның басты мақсаты басқа да мұнай өндіруші елдер түсіп қалған қақпаннан, яғни өндіріске зиян тигізе отырып, мұнай саласын жаппай ұлттандыру немесе табиғи байлықты жөн-жосықсыз трансұлттық компанияларға таратудан сақ болу, айналып өту еді. Коэннің пікірінше, Қазақстан алтын аралықты сақтай білді, осы мәселеге қатысты мүдделі геосаяси күштер арасындағы балансты сақтау және екінші жағынан сыртқы ойыншылар мен елдің ұлттық мүддесі арасындағы балансты сақтау. Сонымен қа-

<sup>215</sup> Cohen A. Kazakhstan: the Road to Independence. Energy Policy and the Birth of a Nation. – Washington, DC: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program, 2008. – 287 p.

<sup>216</sup> Коэн А. Дорога независимости. Энергетическая политика Казахстана. – New York: Global Scholarly Publications, 2007.



Central Asia-Caucasus Institute  
Silk Road Studies Program

тар ұлт байлығының белгілі бір үлесін иеленгендіктен элита мен негізгі бұқара халық арасындағы баланс та сақталды.

Үлкен геосаяси ойын кезіндегі Каспий аймағындағы құбыр желілері маңында бірнеше көшірменің бұзылғанына қатысты Коэн оған айрықша метафоралық мағына беріп, «тәуелсіздік құбырлары» деп атайды. Егер саясаттанушылардың маңызды бөлігі үшін құбырлар қандай да бір геосаяси факторға қатысты өзінің бағытын анықтап алған тәуелділік белгісі болса, Қазақстан оған жол бермеді, оның бағытының қандай болғанына қарамастан, оның ел экономикасы мен

саясатының тәуелсіздігіне қауіп төндіруіне жол берген жоқ. Автордың тағы бір ерекшелігі ол зерттеу еңбегін жазу барысында тек қана мұнай саласымен шектелген жоқ, сонымен қатар газ, көмір, уран сияқты энергиялық ресурстарға да тоқталды.

Қысқа болғанмен, Қазақстан тәуелсіздігінің тарихын барынша толыққанды зерттеген Коэн соңында мынадай қорытынды жасайды: зерттеуші біздің елді болашақ «еуразиялық жолбарыс» ретінде көргісі келеді. Дегенмен, ол бұл ойына қатысты кітабының соңғы бөлімінде күмән келтіреді. Оның қорытындысы Батыстың стратегиясы мен саясатын айқындайтындарға арналған және оның мазмұны мынадай: Қазақстан – Азия жүрегінде Шығыс пен Батыстың элементтерін тамаша үйлестіре білген ерекше феномен. Сондықтан да Коэн «оған бұрынғыны көксейтін империялардың қолына қайта түспеу аса маңызды» деп ой түйеді. Өздеріңіз байқағандай, ұғымы түсінікті, қандай да бір толықтыру жасап, түсіндіруді қажет етпейді.

Дегенмен, америкалық саясаттанушының тағы бір ойы барынша маңызды: Қазақстан – көмірсутегіден де маңызды дүниелердің бастауы. Ол күллі еуразиялық кеңістіктің ғана емес, мұсылман елдері мен экономикасы ауыспалы кезеңдегі елдер үшін озық даму үлгісі

болып табылатын ел. Қазақстан осы кезге дейін Солтүстік, Батыс пен Шығыс арасындағы балансты ұстай білді. Сол себепті өзін-өзі ақтаған осы жолды өзгертуге еш негіз жоқ. Батыс та кеңестік үлгіні негізге ала отырып, өзіндік қазақстандық жолын қалыптастыра білген прогрессивті және достық бейілдегі елдің дамуына көмектесуі керек.

2008 жылы заманауи Қазақстан тарихы туралы зерттеулер қатары тағы да бір шетелдік еңбекпен толықты. Ол Орталықазиялық сериялар аясында Лондон университетінің Шығыс және африкалық зерттеулер мектебінің зерттеушісі Бхавна Дэйвтің (Девин) (ұлты үнді) ағылшын тілінде жарық көрген «Қазақстан: ұлт, тіл, билік» атты кітабы<sup>217</sup>.

Мәселенің шешімін табуға талпынған ғалым Қазақстанның тарихы мен заманауи дамуына қатысты бірнеше негізгі мәселелерді атап өтеді, олар тиісінше еңбектің жеке тарауларында жазылған. Олардың жалпы саны - жеті. Алғашқы мәселе кеңестік жүйеге қазақтарды ықпалдастыру үрдісімен байланысты. Мұнда автор негізгі мәселе ретінде олардың этно-ұлттық бірегейлікті интернационалдық кеңестік жүйемен араласу барысында қалай сақтап (жаңғыртуын) қалғанын қарастырады. Дэйв осы үрдісті триада арқылы көреді: империя құрамына кіру, әріптестік байланыс орнату және транзит. Басқа тараулар барынша нақты сипатқа ие. Онда тарихи аласапыран кезіндегі қазақ номадизмінің тағдыры қарастырылады. Осы жерде ол революцияға дейінгі Қазақстанда қазақтардың отарлауға қарсы бірегейлігінің базалық элементтері болған деген тұжырым жасайды, солай бола тұра, осы кезде ресейшіл қазақ элитасы да қалыптасып үлгерді. Олар сол кезде (күні бүгінге дейін) елдің саяси және тарихи өмірінде маңызды рольге ие болды.

Үшінші мәселе осы тарихи эксперименттің нәтижесімен тікелей байланысты (мәселе жаппай орыстандыруға қатысты). Автор қазақтардың кеңестік кейіпке енуі үшін жасалған модернизация нәтижесінде мәңгүрт феномені пайда болғаны туралы анық жазады. Зерттеудің төртінші тарауы Қазақстан аясынан тыс: онда автор барлық орталықазиялық тәжірибені ортақ кешенде қарастыруға тырысады. Британдық ғалымның пікірінше, барлық аймақтар үшін ортақ сипат – олардың саяси элиталары мен жергілікті зиялы қауымының ұлттық бірегейлікке ие болу талпынысының кеңестік дәуір параметріне сәйкес жеңіліспен аяқталуы. Сондықтан да осы аймақтағы барлық республикалар үшін (бұрынғы Одақтың құрамында болған посткеңестік мемлекеттердің басым бөлігі үшін деп Дэйвтің соңынан толықтырып

<sup>217</sup> Dave B. Kazakhstan – Ethnicity, Language and Power (SOAS). – London, New York: Routledge, 2008. – XIV+256 p.

қояйық) мынадай мазмұндағы метаморфоза тән: ол «коммунистен ұлтшылға дейінгі» трансформация.

Кітаптың бесінші тарауы автордың пікірі бойынша ерекше, таң қаларлық парадокс дүниені түсіндіруге арналған: ол қазақ тілінің қолданыс аясының кеңейтуі не себепті елде ұлтаралық сипаттағы күрделі шиеленістердің болуына жол бермеді немесе неліктен қазақтілді емес халық оған қарсы болмады. Зерттеушінің пікірінше, жұмбақтың кілті қазақ тілін қолдануға қатысты статистикалық жетістік пен оны шын мәнінде қолданушылар арасындағы бөліністе (айтарлықтай алшақ) жатыр. Кітаптың алтыншы тарауы соңғы мәселені жалғастыра түседі және автордың жазуынша, «ұлтшылдық жобаға» қатысты орыстілді халықтың белсенділігінің төмен болуы және саяси мобилизациясының шағын болуының себебін түсіндіреді. Оның басты құпиясы кеңес дәуірі кезінде негізі қаланған интернационализм институттарының және этникалық толеранттықтың қазақстандық қоғамда берік сақталуында.

Сонымен соңғы тарауда заманауи Қазақстанның «ұлттық мемлекет» ретіндегі (ұлттық мемлекеті) түбегейлі табиғатын көрсетуге талпыныс жасалады. Зерттеуші қазақстандық ұлтты құру тәжірибесін үндістандық және малайлық жұмыстармен салыстырып, мынадай қорытындыға келеді. Ең алдымен осы бағытта жұмыс атқаруға кіріскен Қазақстан билікті нығайтып және жергілікті элитаның қуатын арттырды. Нәтижесінде патроно-клиенттік жүйе нығайып, республика патримониалды мемлекетке айналды. Ал егер мәселеге ұлттық үрдістер тұрғысынан қарайтын болсақ, қазақтар «тең қатарлылардың алды» болатын дәрежені иеленді. Бірақ ол конституциялық немесе заңнамалық деңгейде еш жерде бекітілген жоқ. Жалпы алғанда, қазақтар басқа этникалық топтардың арасында ерекше экономикалық басымдыққа ие емес, егер орташа статистикалық көрсеткіштерді есепке алатын болсақ (қазақ элитасының өмір деңгейін есепке алмағанда), оны бірден анық аңғаруға болады.

Қазақтардың өз жерінде басымдыққа ие болуы, Дэйвтің пікірінше, бірқатар психологиялық символдар арқылы көрініс тапты (мысалы, мемлекеттік тіл дәрежесі), бірақ оның шын мәнінде жаппай қолданысқа ие емес екенін атап өткен жөн.

Осылайша, Қазақстандағы «ұлттық» мемлекетті құру шартты түрде символикалық (имитациялық) сипатқа ие. Осы тарихи эксперименттегі ең бір үлкен олқылық елдегі барлық әлеуметтік құрылымдар мен

этникалық топтарды бірлестіретін қандай да бір жалпыұлттық идеяны мемлекет құрылысы кезінде жасау қолға алынғанмен, ол жүзеге асырылған жоқ.

Джонатан Айткеннің «Назарбаев және Қазақстанды құру» атты кітабы батыс аудиториясын Орталық Азиядағы барынша сәтті мемлекет ретінде қалыптасқан елдің бас сәулетшісімен жақынырақ таныстыруға арналған еңбек болды. Бұл – автордың біздің Президентпен сағаттап сұхбаттасуы арқасында жарық көрген кітап. Онда Елбасы өзінің естеліктері және идеяларымен бөліскен. Бұл жұмыс баршамыз үшін аса қызықты, себебі онда бұрын жалпы оқырман, тіпті мамандар үшін де беймәлім болған бірақатар маңызды ақпарат қамтылған<sup>218</sup>.

Автор бас кейіпкерінің өмір жолын көрсетіп қана қоймай, оның биліктің жоғары деңгейіне дейін көтерілуіне оның қандай жеке қасиеттері мен жағдайлар әсер еткені жөнінде жазады, осылайша ол «ұлтты құраушы» роліне ие болып, заманауи Қазақстанның негізін салушы ретінде тарихта қалады. Автордың пікірінше, Назарбаевтың арқасында Қазақстан дін, БАҚ бостандығы, адам құқықтары және Қазақстандағы либералды білім беруге қатысты жеткен жетістіктері жағынан Ресей мен Қытайдан озық және аймақтағы барлық көршілес мемлекеттермен салыстырғанда жоғары деңгейде. Автор оның саясатының мәні автократиядан біртіндеп, демократияға қарай аяқ басуы және кейіпкерінің бастысы экономика сосын саясат деген ұранының жеміс бергенінде деп түйіндейді.

Сыртқы саясат бойынша Назарбаев Мәскеу, Бейжің, Вашингтонмен де жақсы қарым-қатынас орнатып, оны сақтай білді. Осының өзі құрметке лайық және елдің сыртқы тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Ішкі саяси көзқарас тұрғысынан қарастыратын болсақ, елде орта тап қалыптасты, бұл өз кезегінде Қазақстанның дамуына кепілдік береді. Батыста осы жетістіктерді Елбасының еңбегімен байланыстырмайды, сол себепті Айткен батыс аудиториясы үшін Қазақстанның бірінші Президентінің елдің қалыптасу және даму жолындағы еңбегін көрсетуді мақсат етеді. Автордың пікірінше, Н.Назарбаевсыз заманауи Қазақстанның болашағы бұлыңғыр болар еді.

Назарбаев билікке «билеушінің қисынсыз әрекетін жасау үшін» (Айткин француздың – *folie de grandeur* деген түсінігін пайдаланады)

<sup>218</sup> Aitken J. Nazarbayev and the Making of Kazakhstan. – London, New York: Continuum, 2009. – IX+256 pp. Рус. пер.: Айткен Дж. Нурсултан Назарбаев и созидание Казахстана. – М.: Художественная литература, 2010. – 384 с. См. также: Айткен Дж. Казахстан. Сюрпризы и стереотипы. – Москва: Художественная литература, 2011. – 208 с.

немесе негізінен оңтүстіктегі астанада орналасқан оппозициядан аулақ жүру үшін келген жоқ. Автор шешім стратегиялық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда өте дұрыс болды; ол қазақстандық көшбасшының көрегендігі мен даналығының белгісі, шын мәніндегі ұлт көшбасшысы ретіндегі еркі мен күш-жігернің көрінісі деген қорытындыға келеді.

Назарбаевтың халықаралық саясаттағы орнын сипаттау аса күрделі. Автордың пікірінше, оның сыртқы саясатының күрделілігі мен қарама-қайшылығы көп векторлы саясатын жүзеге асыру және Мәскеу мен Вашингтон арасындағы аса қауіпті балансты сақтау кезінде көрініс берді. Дегенмен, стратегиялық мақсат орындалды: Қазақстан АҚШ-тың Мемлекеттік департаментінің қарсылығына және Д.Медведевпен бастапқыла қарым-қатынастың суығанына қарамастан, ЕҚЫҰ-ның төрағасы болды.

Айткен кітабының соңғы тарауы Қазақстанның жаңа астанасы Астана қаласына арналады. Автор Елбасының қалаға деген махаббатын әкенің балаға деген сезімімен салыстырады. Ол үшін Астана сәтті жоба не символ деп сипаттаудан да артық, одан да қымбат, ерекше орны бар Елорда.

Өз кейіпкерінің болмысын оның қызметімен ұштастыра отырып, ашып көрсетпек болған Айткен бұрынғы кеңестік көшбасшы М.С.Горбачевтың әріптесі әрі замандасы туралы пікірін ұсынады: «ешқашан да Назарбаевтың екі мәдениеттің адамы екенін ұмытпаңдар – орыс және азиялық». Айткен осы сентенцияға өз атынан нақты осы бикультуризм Н.Назарбаевтың саясаткер және тұлға ретіндегі тарихи ауқымдағы жетістігіне жол ашты деп қосымша пікір жазады. Назарбаев заманауи Қазақстанның негізін салушы ретінде тарихта өз орнын алды дегенге автор күмән келтірмейді.

Британдық зерттеуші Дж. Айткеннің келесі кітабы «Қазақстан: тосын сыйлар мен стереотиптер» деп аталады, ол автордың жоғарыда жазылған еңбегінің логикалық және тақырыптық жалғасы іспеттес<sup>219</sup>. Жаңа, шын мәніндегі деректі зерттеуі барысында Айткен бұрынғы кітабында жазылған сюжеттерді жалғастырып, толықтыра түседі, бірақ осы еңбегінде қазақстандық көшбасшыға басымдық берілмейді. Жаңа кітаптың басты кейіпкері – заманауи Қазақстанның өзі, оның жиырма жылдық тәуелсіз ел ретіндегі тәжірибесі. Автор кітабының негізгі ойы Батыста және жалпы әлемде «далада жаңа держава бой көтеріп келеді. Стратегиялық жолдардың тоғысында ресейлік, қытайлық, ортаазия-

<sup>219</sup> Қараңыз.: Айткен Дж. Казахстан. Сюрпризы и стереотипы. – М.: Художественная литература, 2011. – 208 с.

лық және батыстық өркениеттің мүддесі бар. Осы жолда Қазақстан өзінің тұрақты және тәуелсіздігі баянды мемлекет екенін дәлелдеді».

Британдық ғалым мемлекеттік басқару механизмі мен Қазақстандағы саяси үрдістер ерекше мән беруді қажет етеді, сондықтан да батыстық БАҚ пен жекелеген саясаттанушылар оны қалыптасқан қасаң көзқараспен диктатура жайлаған, полициялық мемлекет немесе қатаң авторитарлық режим орнаған ел ретінде қабылдауды қоюы керек деп санайды. Оның пікірінше, бай табиғи ресурстарына қарамастан, «бойларына талант пен дәстүр, амбиция және мықты тарихи жадыны үйлестіре алған» Қазақстан халқы осы елдің басты байлығы болып саналады. Айткен кітабының басты идеясы Қазақстанның өткені мен болашағын жақсы түсіну үшін бір-бірімен байланысты үш нәрсеге назар аудару керек: «қайғыру мен сәтсіздіктер арқылы алға жылжу, тағдырдың тезінен аман-қалу және сәттілік». Автор XX ғасырда республика үшін аса қиын болған сынақтар оның XXI ғасырдағы жарқын болашағына жол ашқанына сенімді.

Экономикалық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда, Айткен елдегі тұрақтылық пен өсімнің кепілі болатын жастар мен амбициясы жоғары орта таптың өсіп келе жатқаны туралы жазады. Солай бола тұра автор заманауи Қазақстандағы кеңестік жүйеден мұра болып қалған бір партиялық жүйе (кітап 2011 жылдың желтоқсанына дейінгі сайлаудан бұрын жазылған), елді жайлаған жемқорлық, сот-құқық жүйесіндегі біліктіліктің төмен болуы, БАҚ бостандығын шектеу сияқты жағымсыз жайттарға да тоқталады. Толыққанды демократияның орнауы болашақтың ісі болғанмен, автордың пікірінше, жоғарыда аталған салаларда белгілі бір деңгейде прогресс бар. Әсіресе, Дж.Айткенді таң қалдырған факт: егер Батыста халық билік әрекетіне қатысты барынша міншіл әрі онда саяси билікке деген сенімсіздік деңгейі жоғары болса, осы мәселеге қатысты қазақстандық қоғамдық пікір керісінше сипатқа ие.

«Қазақстан қалыптасу үрдісінде: легитимділік, символдар мен әлеуметтік өзгерістер» атты (редакциясын басқарған М.Ларюэль) ұжымдық еңбек, авторлар осы жұмыста Орталық Азиядағы, мүмкін күллі Ішкі Еуразиядағы ең танымал ел деп атаған, ғасырлар бойы түрлі қиындықтарды еңсерген ел тарихы соңы жеңіспен және жетістікпен аяқталған біздің мемлекеттің Ресей, Қытай, Орта Азия арасындағы стратегиялық маңызын қарастырады. Қазақстан география мен геосаясаты бойынша өз дамуының ұзақ жылдарға қарастырылған

стратегиясын дайындауға мәжбүр болды. Солай бола тұра елдің күрделі мәселелермен бетпе-бет келген тұстары көп болды, олар: әлсіз институализация, патронаж, авторитаризм және елдің тұрақтылығы мен жетістіктеріне қауіп төндіретін әлеуметтік-экономикалық стандарттар бойынша құрылған аймақтық қақпандар. Солай бола тұра Қазақстандағы қоғамның трансформациясы тұрақты дамып келеді. Осы зерттеудің негізгі мақсаты да осы болса керек<sup>220</sup>.

Жұмыстың бірінші бөлімі басқару механизмдері мен символдарын қалыптастыру арқылы Қазақстандағы мемлекеттік институттарды құруға арналған. Онда мынадай мәселелер қарастырылған: заңның үстем болуы үшін күрес, неопатримониалды режим тарапынан қарсылық, басқарушы отбасы және олигархтар мен технократтар арасындағы баланс, сонымен қатар оңтүстік қазақстандық бөліністегі аймақтық ерекшеліктер. Кітаптың екінші бөлімі ұлттық мемлекеттің құрылу кезеңдерін қарастырады, онда заңдылық пен дәстүр арасындағы шиеленіс, зиялы қауымның ұлтшылдануы, титулды ұлтқа қарсы салмақ ретінде қазақстандық ұлттың қалыптасу мәселелері, қазақ ұлтшылдығының пайда болуы мен оның формасына шолу жасалады; сонымен қатар тағы бір тарауында «ковбойлар, гангстерлер мен ауылбайлар мекені саналған қазақстандық Техас» аталып кеткен еліміздегі ең атақты облыс Н.Кох және К.Уйат тарапынан қарастырылады.

Үшінші бөлімде қазақстандық қоғамдағы мәдени өзгерістер қарастырылған. Онда ислам мәселесі, бұқаралық діндарлықтың формасы мен деңгейі, «Тәңірдің рухы», авторлардың пікірінше ол руханилық пен ұлтшылдық өзара үйлесуі және оның қазақтың этно-попында көрініс табуы. Осы бөлімде авторлар Қазақстандағы мәдени өзгерістер динамикасын көрсету мақсатында АҚШ-тан көшіп келгендер феноменін де қоса қарастырады. Жалпы алғанда кітап - саясаттану, әлеуметтік антропология және әлеуметтануды тоғыстыра отырып жазылған еңбек. Онда республикада ұлттық бірегейліктің тез өзгеріп кеткені туралы дерек нақты жазылады. Саны жағынан басым қазақтар мен олармен салыстырғанда саны аз болып саналатын орыстілділер арасындағы балансты сақтау мәселесін байыппен жариялай жүріп, осы үрдістің нәтижесінде жергілікті және жаһандық мәдени құбылыстардың бірігуінен жаңа гибрид пайда болады.

«Киіз үйдің халқы: Қазақстанның пайда болуынан заманауи ке-

<sup>220</sup> Laruelle M. (ed.) Kazakhstan in the Making. Legitimacy, Symbols, and Social Changes. – London, New York: Lexington Books, 2016. – 304 p.



зеңге дейінгі тарихы» атты (2008), «Касса ди Риспармио» болон қорының қолдауымен жарыққа шыққан (Ф.Фаччини редакциясын басқарған) жалпы саны 13 тараудан тұратын кітаптың бес тарауын қазақстандық тарихшылар, археологтар, этнографтар мен әлеуметтанушылар жазған. Басылым идеологтары алдына қойған мақсат – мәдениет генезисі мен Қазақстан территориясындағы өркениетті, бай археологиялық мұра және елдің көшпелі тарихы негізінде көрсету болатын. Алайда, жинақтан заманауи Қазақстанның мәселелері де, атап айтқанда қазақ (қазақстандық) қоғамының модернизациясы да қалыс қалмаған. Жалпы алғанда аталған кітап ең алдымен италиялық әлеуметтік-антропологтар үшін қызық болары сөзсіз<sup>221</sup>.

Үнді-қазақ ғалымдары бірлесе жазған ұжымдық еңбек «Заманауи Қазақстан» атты еліміздің қазіргі сыртқы саясатына арналған кітапты атап өтпеуге болмас<sup>222</sup>.

«Бетпердесіз ислам: қазақстандық ұстамды жол» атты біздің республика туралы кітапты америкалық шолушы әрі журналист Клод Салани жазған. (Стратегиялық зерттеулердің халықаралық институты). Кітап Саланидің 2010 жылы Қазақстан Республикасына «Вашингтон таймс» басылымының тілшісі ретінде жарты жылдық саяхаты кезінде жасаған зерттеуінің нәтижесі. Еңбек публицистикалық стильде жазылған және репортаждық сипатқа ие.<sup>223</sup>

Автор Қазақстанның заманауи тарихын ислам мәселесі тұрғысынан қарастырады. Осыған орай ол бірқатар мәселелерді көрсетеді: ислам мен модернизация, ислам мен демократия қатар өмір сүре ала ма, салафиттердің заманауи қазақ қоғамына әсері қандай, Таяу Шығыспен Орталық Азияның тек қана мәдени және өркениеттік тұрғыдан емес, сонымен қатар саяси және экономикалық сала бойынша конвергенциясы мүмкін бе? Автордың өз жұмысында бір жыл бұрын қазақстандық қоғам исламдық терроризм мәселесімен бетпелет келе ме деген сауалды қоюы қызығушылық тудырады. Салани кітабында қауіпсіздік мәселесіне көбірек назар аударған, оған тек қана терроризм қаупі тұрғысынан емес, Қазақстанның ЕҚЫҰ-на төрағалық етуіне қатысты көңіл бөледі. Дәл осындай ракурста аймақтағы геосаяси мәселелер қарастырылады (Ауғанстандағы жағдайдың

<sup>221</sup> Facchini F. (a cura di). Popoli della Yurta. Kazakhstan tra le origini e la modernita. – Milano: Jaca Book, 2008. – 320 p.

<sup>222</sup> Contemporary Kazakhstan: the Way Ahead. Eds. by A.Mohanty and S.Swain. – New Delhi: Axis Publications, 2009. – XV+314 pp.

<sup>223</sup> Salhani C. Islam without a Veil. Kazakhstan's Path of Moderation. – Washington, DC: Potomac Books, 2011. – XV+203 pp.

әсері, радикалды исламның кеңінен таралуы). Сонымен қатар автор «алдымен экономикалық реформалар, кейін саясат» деп келетін Қазақстандық реформаның спецификасына да назар аударады.

2009 жылы Венецияда Қазақстанның діни тарихына арналған симпозиум болды. Осы материалдар базасында 2013 жылы «Ислам, Қазақ даласындағы қоғам және мемлекет – XVIII ғасырдың басы – XX ғасыр» деп аталатын жинақ жарық көрді. Жинақта (В.Девиз) XIII-XVIII ғасыр аралығындағы Дешті-Қыпшақтағы діни тарих қарастырылады. Автордың пікірі бойынша, ол Яссауидің суфизм рухани мұрасының негізінде қалыптасқан. Жинақта патшалық үкіметтің дінге қатысты саясаты толыққанды қарастырылған, XIX-XX ғасырлар тоғысындағы діннің ұлттық сана-сезімді өсірудегі ролі (Т.Уяма) туралы да жазылған. Материалдарда ресейлік билік саясатының мұсылман қазақтар мен буддист-буряттарға қатысты ұстанымына салыстырмалы талдау жасалған<sup>224</sup>. Біраз уақыт бұрын (2012) жоғарыда есімі жазылған авторлардың бірі Т.Уяма «Азиялық Ресей: аймақтық және халықаралық контекстегі империя» деп аталатын монография жазған болатын. Онда Қазақстанды жаулап алу, ондағы отаршылдық саясат және отар елді басқару мәселелері де қамтылған<sup>225</sup>.

Ю.Маликовтың 2011 жылы Берлинде жарық көрген тарихи еңбегін атап өтпеуге болмас, «Патшалар, казактар мен көшпенділер. XVIII-XIX ғасырлардағы Солтүстік Қазақстандағы шекаралық мәдениеттің қалыптасуы» деп аталатын зерттеу автордың 2006 жылы Санта-Барбара университетінде қорғалған ғылыми диссертациясына негізделіп жазылған. Онда Сібір линиясының бойын қоныстанған казактар мен қазақтар арасындағы қарым-қатынас туралы жазылған. Омбы және Алматыдағы мұрағат материалдарының негізінде зерттеу жүргізілген, ауқымды тарихи еңбек батыстық сыншылар тарапынан М.Ходарковскийдің «Ресейдің дала империясы» атты еңбегіне қарсы мазмұнда жазылған жұмыс деген бағаға ие болды. Маликов жасаған қорытындылардың негізгі мағынасы ресейлік және қазақстандық дереккөздер мен тарихнама казактар мен қазақтардың қарым-қатынасына қатысты шынайы ақпарат бермейді дегенге саяды. Оның пікірінше, казактар шекаралық аймақтағы Петербургтың құлақкесті құлы болған жоқ, оларды қазақтардың жауы деп қарастыру да артық,

<sup>224</sup> Piancola N., Sartory P. (eds.) Islam, society and states across the Qazaq Steppe (18th–early 20th centuries). – Wien: Österreichische Akademie der Wissenschaften, 2013. – 352 S.

<sup>225</sup> Uyama T. Asiatic Russia: imperial power in regional and international contexts. – London: Routledge, 2012. – XIII+296 pp.

дегенмен олар қазақтардың империяның отары болуына көмек көрсетті.<sup>226</sup>

Археологиялық жұмыстарға тоқталатын болсақ, 2012 жылы Нью-Йорк университетінің Ежелгі тарих институтында ұйымдастырылған көрме аясында таныстырылған «Қазақстандағы көшпенділер және ежелгі тарих пен мәдениет» деп аталатын ұжымдық еңбек назар аударуға тұрарлық. Онда қола дәуірінен бастап, ежелгі көшпенділер дәуірін қамтитын тарих бай иллюстративті материалдармен берілген, сонымен қатар басылымда қазақстандық және америкалық ғалымдар жазған ақпараттық бөлімдер де бар.<sup>227</sup>

Тарихи әдебиеттер қатарына (Б.Тейссье редакциясын басқарған) «Джон Кэстлдың Әбілқайыр ханға миссиясы – 1736)» атты кітапты жатқызуға болады. Кітап ағылшын жиһанкесі Дж.Кэстл жазған күнделікті зерттеу мен онда жазылған дүниелерге интерпретация жасауға арналған. Онда дереккөздің этнографиялық материалдарына басымдық берілген<sup>228</sup>.

Ф.С.Старр, Й.Энгвал және С.Корнелл сияқты профессорлардың «Қазақстан – 2041: келесі 25 жыл» атты бірлескен еңбегі ҚР тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған, республиканың ширек ғасыр ішіндегі жетістіктерін қорытындылап, келесі 25 жылға болжам жасалған еңбек. Атауы жағынан ел жетекшісі жариялаған «Қазақстан-2050» стратегиясымен ұқсас<sup>229</sup>.

Авторлар Қазақстан тәуелсіздік алған 25 жыл бойы ұзақ жолды бастан өткергенін жазады. Ел билігі экономикалық даму, тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, тәуелсіздікті нығайтты және «Қазақстан» брендин халықаралық аренада мойындата алды. Қазақстандық билік 25 жыл алға жоспарлап, амбициясы жоғары концепцияны қолға алып, елді әлемдегі ең дамыған мемлекеттер қатарына қосуға кірісті. Алдағы жолда ескі мәселелер де кездесуі мүмкін, жаңасы да сөзсіз көрініс табатыны анық. Зерттеушілер алдағы 25 жылда ел халқының саны 20%-ға дейін өседі деп болжайды, дегенмен өкінішке орай, жұмыссыздардың санын еңбек ететін халыққа шаққанда олардың да саны екі есе

<sup>226</sup> Malikov Y. Tsars, Cossacks and Nomads. The Formation of a Borderland Culture in Northern Kazakhstan in the Eighteen and Nineteenth Centuries. – Berlin: Klaus Schwarz verlag, 2011. – 321 p.

<sup>227</sup> Stark S., Rubinson R.S. (eds.) Nomads and networks: the Ancient Art and Culture of Kazakhstan. – Princeton: Princeton University Press, 2012. – 200 p.

<sup>228</sup> Teissier B. (ed.) Into the Kazakh Steppe: John Castle's Mission to Khan Abulhair (1736). – Oxford: Signal Book, 2014. – XIV+196 pp.

<sup>229</sup> Starr S. Frederick, Engvall J., Cornell Svante E. Kazakhstan 2041: The Next Twenty-Five Years. Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program. – Washington, D.C.: Johns Hopkins University, 2016. – 67 p.

ұлғаяды. Тұрақты экономикалық өсім урбанизация үрдісін күшейтеді, нәтижесінде 2041 жылы ел халқының 70%-ы қалада тұратын болады. Қазақстан үшін зайырлы мемлекет ретінде оның зайырлы заңдар жүйесін қорғау, зайырлы сот пен зайырлы білім берудің басқа баламасы жоқ.

Авторлар экономикалық даму саласы бойынша, ұзақ мерзімді экономикалық даму Қазақстандағы экономикалық құрылым мен басқару жүйесін трансформациялауды қажет етеді деп санайды. Қазақстанның Еуразияның астық қоры болатындай әлеуеті бар. Дегенмен, кейінгі кездегі жақсы өзгерістерге қарамастан, елдің ауыл шаруашылығы түбегейлі өзгерістерді қажет етеді.

Заманауи экономиканың өндірісін дамытуға қажетті жаңа мүмкіндіктер мен қызмет көрсету Қазақстан ұлан-ғайыр континенттің экономикалық кеңістігінің орталығында орналасқандықтан қажет етіледі. Қазақстанды және Орталық Азияның басқа да бөліктерін Қытай мен Үндістанды Еуропамен байланыстыратын құрлықтағы көпір ретінде пайдалану үшін Қазақстан ішкі аймақтық байланыстарды нығайтып, олармен барлық деңгейде өзара әрекет етуі керек. Келесі кезеңде, яғни 2041-ші жылға дейін Қазақстан және оның аймағына жаһанданудың зардабы тиеді, сонымен қатар оған қатысты қарсы ағындар да оңайға соқпайды.

Сарапшылар Қазақстанның халықаралық жағдайына байланысты екі маңызды өзгеріс болатын айтады – ол мұсылман әлеміндегі радикалды үдерістердің тағдыры және Америка құрама штаттарының жаһандық позициясы. Аймақтық деңгейде Қазақстан үшін маңызды тіпті ел тағдырын өзгертетін өзгерістерді Қытай мен Ресейден күту керек. Ресей демографиялық және экономикалық қуаты кеміген мемлекет, 2041 жылға қарай оның халқы арасында орыстардың саны мейлінше азаяды да, орнын түркілер мен мұсылмандар басады. Бұл жағдай Ресейдің Қазақстанға қатысты сыртқы саясатына айтарлықтай өзгеріс енгізуіне ықпал етуі мүмкін. Ал 2041 жылға қарай Қытай орта кірісті немесе ортадан жоғары табысы бар елдер қатарына қосылып, дамуы жедел қарқынмен өсуі мүмкін, нәтижесінде ол ұлан-ғайыр жері бар, халқы сан түрлі аймақты бақылауға алып, тұрғындары қартайып кеткен құрлықтың қажеттілігін өтеуге кіріседі. Еуропа 2041 жылға қарай Орталық Азияда қауіпсіздік саласы бойынша жетекші ойыншылардың бірі болады деуге келмейді. Солай бола тұра, оның экономикалық ролін есепке алатын болсақ, Еуропа Қазақстанның

сыртқы саясатындағы теңдестіруде маңызды роль ойнауды одан әрі жалғастыратын болады.

Аталмыш кітап авторлары республикадағы шешім қабылдау жүйесіне де терең сараптама жасаған. Олардың жазуынша, Қазақстанның ұлттық дамуының негізінде ұлттық консенсусқа негізделген эволюция принципі, органикалық даму мен саяси үдеріс жатыр. Осының негізінде саяси шешім мемлекетпен бірге басқарала-ды. Тапсырма жоғарыдан түседі және ол ішкі элитаның талқылауына түсіп бірақ жарыққа шығады. Бұл батыс елдерінің тәсілінен ерекшеленеді, өйткені онда қалыптасқан ережеге сәйкес қандай да бір мәселе алдымен бәсекеге қабілетті әрі шиеленіске толы ортада талқыға салынады, онда түрлі идеологиялардың, топтар мен мүдделердің конфронтациясы бар болғандықтан, оның соңы келіссіз жасап, өзара компромиске келуге алып келеді. Еуразияның көптеген посткеңестік мемлекеттері сияқты Қазақстанның саяси және экономикалық көшбасшыларының басым бөлігі саяси биліктің күні бұрын орталықсыздандырылуын мемлекетті қалыптасқан жағдайдан шығару мүмкіндігі бар, қауіпі жоғары қадам деп бағалайды.

Зерттеушілер 1990-шы жылдардың соңынан бастап, Қазақстанның сыртқы саясаты мақсатты түрде барлық ірі державалармен жағымды қарым-қатынас орнатуға негізделгенін атап өтеді, мақсат аталған мемлекеттердің немесе олардың қандай да бір тобының осындай жолмен теңестіру әрі олардың ешқайсысы Қазақстанның тәуелсіздігі мен өзін-өзі анықтауына қауіп төндіртпеу немесе оның алдын алу болатын. Қазақстан сол үшін де сыртқы саясатында көп векторлы саясат ұстанды, мақсат Ресей, Қытай, АҚШ, Еуропа сияқты ірі күштермен мықты экономикалық және саяси қарым-қатынас орнатып, сонымен қатар олардың ешқайсына қандай да бір басымдық бермеу, сөйтіп осы үрдіс кезінде ешқайсымен жауласуға бармау деген ұстаным болды. 2002-2012 жылдар аралығындағы жағымды факторлардың арқасында осы стратегия жақсы жұмыс істеді. Осы ауыспалы геосаяси динамика кезінде Қазақстан үшін ірі державалармен байланыс орнату кезінде қалыптасқан бұрынғы балансты сақтап қалу қиындай түсті. Осы жаңа мәселе Астананың қандай да бір әрекетінен емес, Қазақстанның серіктестерінің әрекетінің әсерінен болды деген факт мәселені шешуді қиындата түседі.

Авторлар жасаған тағы бір қызықты түйін мынадай: Қазақстан үшін жақсы болатын жағдай, Орталық Азияның басқа мемлекеттерімен

салыстырғанда бұл елде шариғат заңдарын енгізуді құптайтын адамдар саны аз, ал экстремизмді айыптайтындар саны көп. Бұл қазақтардың бұрын қалыптасқандай басқа да діни-наным сенімге қатысты толерантты екенін көрсетеді. Оған үкіметтің зайырлы қоғамдағы толеранттылық саясатының сәтті жүзеге асырылуы да өз ықпалын тигізген болуы керек. Егер тәсілді жетілдіре түскенде, жоғарыда жазылғандай, біз келесі ширек ғасырда Қазақстандағы исламдандыруға қатысты шыдамсыздық өсіп кетеді дей алмаймыз.

Ең маңызды болжам, (немесе сарапшылардың тілегі) біздің көзқарасымыз бойынша, мынадай сипатқа ие: ұзақ мерзімді жоспарда энергетика Қазақстандағы өсімнің негізгі локомотив болудан қалады. Көміртегіден басқа секторлардың ішінде Қазақстан дамуына күш салуы тиіс, экспорттық әлеуеті жоғары сала – ауыл шаруашылығы. Ауыл шаруашылығы өнімдерін экспортқа шығаруда көшбасшы болуды мақсат еткен ел, 2050 Стратегиясында ауыл шаруашылығының ЖІӨ-дегі үлесі 2050 жылға қарай бес есе өседі деген болжам жасайды. Авторлар Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласын трансформациялаумен айналысатын және оны жүзеге асыру үшін қажетті қаржы бөлінген ауыл шаруашылығы саласында білім беретін және оны зерттеу нысанына алатын бірегей орталық құру керек деген ұсыныс жасайды.

Авторлардың барынша қарама-қайшы, нақтырақ айтсақ, тенденциялық бақылауы геосаяси шолу кезінде орын алған. Олар Қазақстанның дамуындағы алғашқы ширек ғасыр жаһандандудың жылдам қарқынмен дамыған кезеңімен тұспа-тұс келгенін айтады. Теңізге шығатын жолы жоқ жас мемлекет үшін бұл жағдай оның басқа да елдермен ықпалдасу мүмкіндігін арттырды. Шын мәнінде Қазақстан аймақтық деңгейде және одан да ауқымды кеңістікті алып қарастыратын болсақ, әріптестік байланыс орнату мен ықпалдастық бойынша қозғаушы күш болып саналады. Американың жаһандық қатысуының жалпы деңгейі, жекелей қарастырғанда оның Орталық Азияға деген қызығушылығы алдағы жиырма бес жылда көп жағдайда жаһандық және аймақтық шартты қалыптастыратын болады. Соңғы жиырма жылдағы тәжірибе көрсеткендей, Америка аймақта орнығуы арқылы шешуші рольге ие. Егер олай болмаған күннің өзінде оның аймақта болмауы Қазақстанның халықаралық ортаны қалыптастыруына айтарлықтай әсер ететін болады. Қазақстан мен Қытайдың қарым-қатынасының ең күрделі кезеңі демографиялық дүмпу азая бастағанға

дейінгі алдағы жиырма жыл болуы мүмкін. Себебі Ресейдің экономикасы мен демографиясындағы өсімнің азаюы осыған дәлел.

Қазақстандағы билікке ие қазіргі ұрпақ пен Орталық Азияның басқа да елдеріндегі жағдайды ортақтастыратын посткеңестік тәжірибе, олардың көзқарас жүйесі де өзара ұқсас. Осы ортақ түсінік белгілі бір жағдайда аймақтағы мемлекеттер арасында қандай да бір шиеленістердің болуы мүмкіндігінің алдын алады. Бірақ дәл осындай ұстамдылық билікке келетін келесі ұрпақта болуы мүмкін деп айту қиын. Өйткені олардың бюрократиялық аппараты жалпыға ортақ болған кеңестік жүйенің емес, ұлттық білім беру жүйесінің өнімі болады. Аймақтық көзқарас тұрғысынан қарастыратын болсақ, ол көшбасшылар бұрынғылар сияқты ұлттық көзқарас тұрғысынан ойлауға басымдық бере ме, әлде олар аймақтық әріптестіктің рухын жани ма деген сұрақтың жауабын беру қиын. Қазақстан мен Орталық Азия үшін су ресурстарын басқару ұзақ мерзімді тұрақтылық пен дамуды қамтамасыз етуде үлкен мәселе болуы мүмкін.

Сарапшылар қорытындылай келе аймақтағы аса маңызды қарым-қатынас Қазақстан мен Өзбекстан арасында болуы керек деп санайды, себебі ұзақ жылдар бойы Ташкент аймақтық ықпалдастыру үрдістеріне қатысты ашық түрде күмән білдіріп келді. Бірақ бұл елдің билігінде соңғы жылдары жүзеге асырылып жатқан өзгерістер алдағы жиырма жылда жағдайдың мүлдем басқаша сипатқа ие болып, өзгеретінін аңғартады. Алдағы 25 жыл Қазақстанның сыртқы саясатының өміршеңдігі Қазақстанның саяси таңдауына байланысты болатынын және оған елдің сыртындағы ауқымды оқиғалар да өз ықпалын тигізетінін аңғартады. Еуразиядағы елдердің басым бөлігі үшін Ресей бұрынғыдай басымдыққа ие саяси ойыншы болып қалады, ал Қытай болса, Орталық Азиядағы энергетикалық және инфрақұрылымдық жобаларға инвестиция салуды жалғастырады. Еуразияның қаншалықты ашық болуы батыстық және азиялық серіктестерінің осы аймақпен әріптестік байланыс орнатуына қаншалықты дайын екеніне тәуелді болмақ.

«Қазақстан: ұлттық бренд, экономикалық мәселелер және мәдени өзгерістер», М.Ларюэль 2017 жылы біздің елге арнаған зерттеу жинағын осылай атаған. Ұжымдық монографияның негізіне зерттеуші Қазақстан Орталық Азияның экономикалық драйвер бола отырып, халықаралық аренада көп векторлы саясат жүргізудің арқасында өзіндік сәтті бренд жасай алды<sup>230</sup>. Дегенмен өзінің көптеген сәтті қадамдарына

<sup>230</sup> Laruelle M. (ed.) Kazakhstan: Nation-Branding, Economic Trials, and Cultural Changes. – Washington, D.C.: The George Washington University, Central Asia Program, 2017. – 85 p.

қарамастан, республика мұнай саласына қатысты тәуелділіктен арылуды жоспарлай отырып, ірі ұлттық компанияларының қарызын өсіріп алды, сонымен қатар шетелдік инвесторларға қатысты бірқатар кедергілермен бетпе-бет келді деп жазады.

Қазақстан әлеуметтік толқулардан қашып құтыла алған жоқ (мәселе 2011 жылы болған Жаңаөзен оқиғасына қатысты), мәселе аймақтық дамудағы терең диспропорциямен байланысты, 2014 жылы нағыз экономикалық дағдарыспен бетпе-бет келуге тура келді, кейін ұлттық валюта бірден құнсызданып кетті. Сонымен қатар, соңғы жиырма жылдықта бұқаралық кеңістіктегі исламның ролі қала мен ауылда да драматикалық сипатқа ие болып, жедел өсіп кетті, -деп жазады зерттеуші.

Жұмыстың бірінші тарауы республиканың ішкі саяси дамуына арналған және онда негізінен дамудың ұлттық стратегиялары, соңғы уақыттағы саяси және экономикалық тенденциялар, шетелдік инвестициялардың ролі мен сипаты, Жаңаөзен оқиғасы берген сабақ сияқты аса маңызды мәселелер қамтылады. Екінші тарау «Қазақстандық экономиканың күші мен әлсіздігі» деп аталады. Онда «ресурстық ұлтшылдыққа» баса назар аударылады, яғни (мұнай өндірісіне деген шексіз тәуелділік), соңғы жиырма жылдағы агро сектордың дамуы, 2015 жылы теңгенің құлдырауы және ұлттық компаниялардың «көзге көрінбейтін» қарыздары туралы жазылған. Үшінші бөлім ҚР-дың халықаралық аренадағы дербес мемлекет ретінде атқарған жұмыстарына арналған. Бұл жерде ұлттық бірегейлікті қалыптастыру, ұлттық мемлекеттің құрылысы және олардың дербес сыртқы саясат негізінде жүзеге асыру, Қазақстанға Қытайдан келетін трансшекаралық өзенге қатысты тығырыққа тіреген жағдай, сонымен қатар Астананың ауғандық саясаты ұзақ мерзімді стратегияның компоненті ретінде қарастырылады.

Төртінші бөлім таза ислам («Асыл Арна» телеарнасының мысалында және Екібастұздың жанындағы Ақ көл діни кешенінің ролі) мәселесіне арналған. Осы басылымды сараптай отырып, өкінішке орай онда заманауи Қазақстан туралы толыққанды емес, қысқаша ғана сипаттама бергенін аңғарамыз. Сол себепті батыстағы оқырман осы кітапты оқи отырып, Қазақстан туралы толыққанды пікір қалыптастырады дегенге келмейді.

Қазақстандағы мәселелер туралы ойда қала отырып, швед авторлары Свант Корнелл мен Йохан Энгвалл еңбектеріне тоқтала кету керек. Олар – орталықазиялық және посткеңестік кеңістік бағытында



ұзақ уақыт бойы жемісті еңбек еткен ғалымдар. Вашингтондағы Джонс Хопкинс университетінің Орталық Азия және Кавказ институты бағдарламасы аясында жарық көрген бірлескен жұмыстары «Еуропадағы Қазақстан: неге жоқ дейік?» деп аталады. Оқырмандарын 2008 жылға алып келетін еңбекте ҚР жетекшісі «Еуропаға жол» атты концепцияны жариялаған кезеңді сипаттайды. Кейін ол концепция еуразиялық доктринаға айналды. Авторлар зерттеу барысында қазақстандық стратегияның қалтарыс-бұлтарыстарының себебі мен механизмдеріне қатысты түсініктеме беруге талпынады<sup>231</sup>.

Олардың пікірінше, Қазақстанды еуропалық мемлекет деп қарастыруға болады және ол Еуропа Кеңесіне толыққанды мүше болуға лайықты үміткер. Оған кем дегенде екі себеп бар: біріншіден, республика жартылай еуропалық континентте орналасқан; екіншіден, осы елдің мәдениеті еуропалықтармен тығыз байланысқан, бұл Кеңестің критерияларына толық сәйкес келеді. Қазақстандағы соңғы конституциялық және саяси өзгерістер (атқарушы және заң шығарушы билік ролінің жоғарылауы, президент уәкілеттілігінің азаюы), зерттеушілердің пікірінше, Еуроодақтың нормативтік құндылықтарына сәйкес келеді. Сонымен қатар, Брюссель соңғы кезде Орталық Азияға Еуропа мен Азия арасындағы көлік дәлізі ретінде ерекше назар аударуда. Қазақстанның еуразияшылдық идеяға берілгенін Ресей сияқты геосаяси мағынада түсіну қажет емес. Сол себепті, авторлар оны еуразиялықтан гөрі мемлекет ретінде еуропалық түсінікке жақын деген қорытынды жасайды.

С.Корнелл және Й.Энгвалл пікірінше, Қазақстанның алдымен әлемнің дамыған елу елінің қатарына, кейін отыздыққа кіруге деген талпынысы, оның саяси құрылымдарын еуропалық стандарттарға бейімдеуіне алып келеді. Олар өз тарапынан, Еуроодақ Қазақстанның мүмкіндіктері мен болашағына жаңаша көзқараспен қарауы керек деген ұсыныс айтады және еуропалық ұйымдардың елді реформалау бағдарламасына қатысатын мемлекеттердің ролі мен әдісін қайта қарау керек деп санайды. Жоғарыда жазылғандарды қорытындылай келе, осы жұмыстың жазылуы (басқалары да сияқты) 2018 жылы жарияланған жаңа «Орталық Азияға қатысты ЕО стратегиясының» пайда болуына қатысты және Брюссель курсының бағытын «дұрыс» жаққа қарай түзеуге арналған.

Көптеген батыс сарапшылары Еуроодақтың Орталық Азияға

<sup>231</sup> Cornell S.E., Engvall J. Kazakhstan in Europe: Why Not? – Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program. – Washington, D.C.: Johns Hopkins University, 2017. – 70 p.

қатысты бұрынғы стратегиясы (2007 ж.) сәтсіздікке ұшырағанын айтады. Еуро одаққа барынша осы аймақтың елдерімен қарым-қатынас жасағанда барынша нақты жолды таңдау керек. Артық мораль институттарынан арылып, аймақтағы еуропалық экономикалық және геосаяси позицияны нығайтуға күш салу керек. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның «еуропалық» мемлекет ретіндегі презентациясы аталған стратегияға мүмкіндік береді.

Соңғы уақытта жарық көрген еңбектердің дені саясаттану саласынан гөрі, көбінесе тарихи мәселелерге арналған. Мәселен, 2017 жылы біздің отандасымыз Диана Құдайбергенованың «Заманауи қазақ әдебиетіндегі халық тарихын қайта жазу» атты монографиясы «Лексингтон» баспаханасынан жарық көрді<sup>232</sup>. Кітап қазақтың ұлы патриоттарының бірі Герольд Бельгерге арналған (және зерттеушінің әжесі Р.Хасановаға). Бұл зерттеу о баста қазақ кеңес әдебиетінде қалыптасқан классикалық мифтерді жоюға бағытталған, сол себепті оның антикеңестік бағытта жазылғаны ешқандай күмән тудырмайды (олай болмаған жағдайда, жұмыс Батыста жарияланбас еді). Автор кеңес дәуіріндегі қазақ жазушылары өз еркімен немесе еркінен тыс қазақ бірегейлігінің қалыптасуы үрдісіне қатысты және әдебиетте қандай да бір канонның негізін қалады деп санайды. Зерттеудің негізгі нысаны қазақ ұлтының мәдени қалыптасуына арналған.

Кітапта XIX ғасырдың соңынан бастап қазақтың әдеби-мәдени элитасы қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиетін жазба әдебиетке трансформациялауға жедел кірісті деген дау тудырмайтын дерек нақтыланады. Осының негізінде қалалық, урбанизацияланған, отарланған кеңестік зиялы қауым қалыптасты. Кітапта соғысқа дейінгі қазақтың кеңестік әдебиеті жедел модернизацияның флагманы және символы болды деген жағдайға күмән келтірілмейді. Мәселен, соғыс алдында ҚазКСР-да 6 млн. дана баспа өнімі жарық көрді. 1960-70-ші жылдары қазақ әдебиетінің алтын ғасыры саналды. Тек «Жұлдыз» журналының өзі 50 мың данамен жарық көрді. Яғни, әдебиет қазақ халқы үшін өткен заман мен қазіргінің және болашақтың жолсерігі бола білді. Сол кезде қазақтілді әдебиетшілер (орыстілділер де) сол дәуірдегі қазақ ұлтының кеңес заманына дейінгі тарихы және қазақ тарихындағы даңқты оқиғалар туралы өздерінің проза, поэзия, эссе мен тарихи повестьтерде білімін жетілдіруге деген қажеттілігін өтей алды.

Монографияда қазақ жазушыларының негізгі қызығушылықтары-

<sup>232</sup> Kudaibergenova D.T. *Rewriting the Nation in Modern Kazakh Literature. Elites and Narratives.* – New York: Lexington Books, 2017. – XVIII+258 pp.

ның бағыттары көрсетілген: номадизм, археология, ауыз әдебиеті шығармашылығындағы мәдени аспектілер және т.б. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетінің көрнекі өкілдері ретінде М.Әуезовтың есімі аталады, (оның «Абай жолы» романы қазақ ұлтының энциклопедиясы саналады), С.Сейфуллин (қазақтың революциялық модернизациясы). Мағауин (мәдени археология), Ә.Әлімжанов, І.Есенберлин («көшпенділер» концепциясы), С.Санбаев, О.Сүлейменов және Г.Бельгер. Айта кету керек, Д.Құдайбергенова қазақ ұлттық әдебиетінің дамуы үшін кеңес дәуірінің маңызы болғанына қатысты әділ баға береді. Ол билингвизм және еуропалық классиктердің қазақ тіліне аударылуы. Қазақ жазушыларының басым бөлігі белгілі бір жағдайда кеңестік модернизация үрдісіне атсалысты.

Сонымен осы еңбекпен таныса отырып, жасалатын басты қорытынды мынадай. Автор кеңестік модернизация көп жағдайда қазақ ұлтын қалыптастыруға алып келгенін айтады (бастапқы кезде образ деңгейінде, кейін ол физикалық сипатқа ие болды). Бұл тек қана Қазақстан емес, басқа да кеңестік республикаларға тән жағдай болды, онда кеңестік мәдени саясат жағдайында жаңа ұлтты қалыптастыру (алдымен мәдени матрица деңгейінде) феномені жүзеге асырылды. Шамамен жарты ғасырға ұласқан осы үрдістің аяқталуына 1989 жылы болған Желтоқсан оқиғасы әсер етті. Қызықты зерттеу жүргізген Д. Құдайбергенова еңбегінің соңында Г.Бельгердің қазақ әдебиетіндегі мұрасына тоқталады. Қазақ тілі мен қазақтың мәдениетін, салт-дәстүрін жетік меңгерген ол этникалық неміс бола тұра, қазақты кеңестік әдебиетіндегі негізгі межелер мен ерекше сәттерді сырт көз ретінде дөп басып айта алатын еді, оның интерпретациясының негізінде заманауи қазақ ұлтының (посткеңестік және постмодернистік) қалыптасуына қатысты көптеген күрделі үрдістер жақсы түсіндірілді.

«Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстан: кеңестік дәуірдегі өмір мен саясат» атты ұжымдық еңбек (редакциясын басқарғандар: Т.Дадабаев пен Х.Комацу – Токио университеті) аталған мемлекеттердегі тарихи картиналарды қысқа қайырғанмен, жалпы қамтуға тырысқан. Оны жазған авторлардың пікіріне сүйенсек, кеңестік кезеңде есте қалған негізгі оқиғалар қатарына 1930-40-шы жылдардағы ашаршылықты жатқызуға болады, тың игеру, діни өмір және И.Сталиннің ролі мен қайта құрудың катаклизмдері. Кітаптың алғысөзін жазған Х.Комацу Жапониядағы ортаазиялық зерттеулер

туралы хабар береді. Жалпы алғанда бұл кітаптың көзге түсетін басты кемшілігі, онда нақты тұжырымдама жоқ<sup>233</sup>.

Рита Сандерстің «Қазақстандық немістердің бірегейлігі, естеліктер және әлеуметтік байланыстар» деп аталатын зерттеуін іргелі еңбектер қатарына жатқызуға болады. Кітаптың атауы көрсетіп тұрғандай, ол ресейлік/кеңестік немістердің күрделі тарихына арналған. Тағдыр тәлкегімен Қазақстанға жер аударылған этникалық немістердің басым бөлігі 1970-90-шы жылдары біздің республикамыздан көшіп кетті. (кейін жер аударылғандар – Spätaussiedler). Дегенмен, Р.Сандерс еңбегі Қазақстанда қалып қойған, осы елді өзінің Отаны санайтын немістерге арналады. Зерттеуші осы жағдайды белгілі бір дәрежеде әлеуметтік-мәдени феномен ретінде қарастырады. Автор зерттеу жұмысының мақсаты ретінде «қазақстандық немістер» аталып кеткен халықты қалай идентификациялау керек, оларды қазақстандық халық ретінде қарастыру қаншалықты әділетті деген сұрақтарға жауап іздейді. Жалпы алғанда оның батыстық әріптестерінің пікірінше, Сандерс кітабы тарихи контекст тұрғысынан қарастыратын болсақ, сонымен қатар пайдаланылған ауқымды дереккөздеріне сәйкес (интервью, зерттеу орнындағы суреттемелер, естеліктер, зерттеушінің жеке бақылауы) іргелі этнографиялық ғылыми еңбек болып саналады<sup>234</sup>.

Дуглас Блумның «Жаһанданудың әлеуметтік үрдістері» атты кітабы жаһанданудың АҚШ-тан ҚР-ға көші-қон үрдістерінің нәтижесінде Қазақстандағы мәдени өзгерістерге әсер етуі туралы жазылған. Кітапты мәдени жаһандану үрдістерін зерттеу нысанына алған еңбектер қатарына жатқызуға болады. Д.Блум әлеуметтік үрдістер мен оның механизмін Батыста білім алып, кейін Отанына оралған қазақстандық жастардың қарым-қатынасы мен іс-әрекеті тұрғысынан қарастырады. Автор, әлеуметтану мәліметтері мен өзінің жеке бақылауына іліккендері және алған интервьюлері негізінде қазақстандық жастардың сыни ойлауға қатысты қарым-қатынастарының өзгергені ең басты ерекшелік екенін атап өтеді, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени өзгешеліктерге қатысты, атап айтқанда бірегейлікке қатысты белгілер де бар. Зерттеуші шетелде білім алған жастардың бойында Батыс мәдениетін тұтынуға және либералды көзқарас пен дәстүрлі және консервативтік (әсіресе гендерлік мәселеге қатысты) дүниетанымға қатысты өзара араласқан,

<sup>233</sup> Dadabaev T., Komatsu H. (eds.) *Kazakhstan, Kyrgyzstan and Uzbekistan: Life and Politics during the Soviet Era.* – New York: Palgrave Macmillan, 2017. – VII+147 pp.

<sup>234</sup> Sanders R. *Staying at home: identities, memories and social networks of Kazakhstani Germans.* – New York, Oxford: Berghahn Books, 2016. – 256 p.

күрделі көзқарас қалыптасқанын жазады. Жалпы алғанда, Д.Блум бұл құбылысқа мәдени жаһанданудың барынша ауқымды үрдісіндегі спецификалық мәдени феномен деген баға береді<sup>235</sup>.

Вашингтондағы Джонс Хопкинс университетінің Орталық және Кавказ институты бағдарламасы аясында жарық көрген ұзақ жылдар бойғы зерттеу нәтижесі Ф.Старр (сонымен қатар С.Корнелл мен Дж.Таккер) дайындаған «Қазақстандағы дін және зайырлы мемлекет» деп аталатын кітап. Оның бірінші тарауы «Қазақстандағы дін және зайырлы мемлекеттің дамуы» деп аталады. Тарихи сипатқа ие тарауда исламдандыру, ресейлік отарлау, қазақ ұлтшылдығының өсуі, кеңестік дәуірдегі жағдайға қатысты мәселелер қамтылған. Жоғарыда аталып өткендей, исламға қатысты мәселе шығыстанумен тікелей байланысты.

Авторлар Қазақстандағы дуни экстремизмге қатысты жағдайлардың барлығы Солтүстік Кавказ, «Афпак» аймағы (Ауғанстан-Пәкістан), Сирия-Ирак зонасымен (Ислам мемлекеті) байланысты деген тұжырымға келеді. Олар қазақстандық секуляризм үлгісі түрлі діни қоғамдастықтарға қатысты бейтарап қарым-қатынас ұстанатын америкалық үлгіге қарама-қайшы екенін атап өтеді. Қазақстандық үлгінің француз және түріктікіне ұқсастығы басым. Оның үстіне аталған үлгіге сәйкес, дін дәстүрлі және дәстүрлі емес деп бөлінеді де алғашқысына басымдық беріледі. Яғни, республикада дәстүрлі дінге басымдық берілген тұжырымдама қолға алынған. Ел жетекшілері бетпе-бет келіп отырған басты дилемма – ханафи күштері мен суфизмнің ықпалы жоғары «халықтық ислам» арасындағы шиеленіс.

Зерттеудің ретроспективті жалпы сипаты кітаптың бірінші тарауында берілген. Солай бола тұра авторлар ең басында дау туғызатын мәселеден бастайды, ислам тарихы бойында қазақтардың діни өмірі (басқа да халықтардың) ресейлік билік тарапынан, кейін кеңестік режимнен қатты қысымға ұшырады. Кітаптағы материалдарға сүйенетін болсақ, басты мәселе мынадай: қазақ қоғамына ислам дінінің енгеніне қанша болды және оның тамырының тереңдеуі қаншалықты? Осы сұраққа қатысты ғалымдар айрықша жауап бере алмайды. Шоқан Уәлиханов заманынан бері мынадай тезис қалыптасқан (кеңестік тарихнама тарапынан қолдау тапқан) негізі қазақтар (халықтың басым бөлігі) ешқашан нағыз мұсылман болған емес, пұтқа табыну (қасиетті орындарға бару, исламға дейінгі мерекелеріді атап өту, шаманизм және т.б.) Мәселе тек өзін ислам дінін ұстаймын деп санайтын зиялы

<sup>235</sup> Blum D. The Social Process of Globalization: Return Migration and Cultural Change in Kazakhstan. – New York, Cambridge: Cambridge University Press, 2016. – V+214 pp.

қауымға ғана қатысты. Олар қажылыққа барып келіп, өздерін қажы атап жүргендер. Жалпы алғанда авторлар қазақтардың исламының өзіндік ерекшелігі бар, оның тәңіршілік пен сопылықтың арасындағы өзіндік сипаты бар синтез екенін мойындайды.

Қазақстан тарихындағы Ресей империясының кезеңіне қатысты авторлар біресе М.Олкоттың ислам діні қазақ даласына екінші Екатерина патшаның бастамасымен мақсатты түрде (ортаазиялық радикалды исламға қарсы татарлардың күшімен) өркениеттің күші ретінде таратылды деген тұжырымдамасын қолдайды. Нәтижесінде, XIX ғасырдың ортасында қазақтар екі түрлі ислам дінінің ортасында қалды, олардың бірі солтүстіктен, бірі оңтүстіктен ықпалын жүргізгісі келді. Зерттеушілер патшалық дәуірдің басты оқиғасы қазақ ұлтшылдығының пайда болуы деп санайды. Осы жерде оның ислам мәселелерімен байланысына қатысты сұрақ туады. Олар қазақ зиялы қауымының арасынан ресейлік билікке жаққан интеллектуалдардың (Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев) шыққанын жазады; екінші толқын XX ғасырда шыққан болашақ алашордашылар – Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Тынышбаев, М.Дулатов, М.Шоқай және т.б. Бірінші дүниежүзілік соғыстың қарсаңында саяси және рухани өмірдің сахнасына исламдық интеллектуалдар шықты, олар – Б.Қаратаев, Ж.Сейдалин, С.Лапин. Авторлардың пікірінше, революцияның қиын-қыстау кезеңдері мен азаматтық соғыс кезінде қазақ қоғамын зайырлы болашаққа деген сенім құтқарды. Авторлардың пікірінше, ол мәжбүрлі түрде жасаған большевиктердің әрекетінің нәтижесі болған жоқ.

Қазақстан тарихындағы кеңес дәуіріне және барлық аймаққа қатысты сараптама жасаған ғалымдар бұрынғы кеңестанудың қалыптасып қалған қасаң қағидаттарын ерікті және еріксіз күйде тағы бір мәрте қайталап жазған. Осы дәуірдің қорытындысын жасаған олар Қазақстан және Орталық Азияның басқа да республикаларына қатысты олардың мәдени-тарихи және әлеуметтік-саяси контекстегі жағдайлары бір-біріне қарама-қайшы болғанына қарамастан, жалпы академиялық трык жасайды. Зерттеулердің пікірінше, келесі посткеңестік кезеңнің мазмұны дәстүрлі ханафиттік ислам мен салафизм арасындағы діни, идеологиялық және саяси бәсекелестікке қатысты болады.

Дегенмен, Қазақстанның территориясында тек қана «мириадтар» емес, авторлардың айтуынша, исламдық және мұсылмандық ағымдар мен оқуының өкілдерінің күресі жүріп жатыр. Республика

христиан дінінің түрлі бағыттарының экспансиясына ұшырады. Осындай жағдайда православ шіркеуі өзіне қамқорлық көрсететін мемлекет мен ресми исламмен одақтас болды. Осы жерде авторлар Кеңестік Қазақстандағы «қайта жаңғырған христиан діні» феноменіне тоқталады. 1989 жылдың өзінде тіркелген протестанттық бағыттағы дәстүрлі емес ағымдағы ұйымдардың саны 671-ге жеткен, осы кезде елде бар болғаны 46 мұсылман қауымдастығы болатын. Осындай жағдайда ресми ханафи мазхабындағы сүнниттік ислам мен православ дінінің өкілдері бір-бірін және мемлекетті қолдауға кірісті.

Уақыт өте келе, мынадай қауіпті үдеріс орын алды: Парсы шығанағы елдеріндегі жеке тұлғалар мен қорлар тарапынан қаржыландырылған салафизмнің елде таралып, кең етек жаюы жергіліктің халықтың мазасын қашырды. Осы мәселеге қатысты кітапта жеке бөлім арналған. Онда 2010-шы жылдардан бастап елде террористік исламдық қауіптің күшейгені туралы жазылған. Авторлардың есебі бойынша, исламшылдардың қатарына қосылған адамдардың саны – 400. Осындай үдерістерге қарсы әрекет ретінде үкімет дәстүрлі емес діндермен заң жүзінде күресуге тырысты. Мемлекет тарапынан «дәстүрлі» конфессияларға қолдау көрсетілді. Осылайша ресми ислам Қазақстан мұсылмандарының діни басқармасы және орыстың православ шіркеуі арқылы бақылауға алынды, сонымен қатар елдегі иудаизм, буддизм, аз болса да католицизмге де мемлекет тарапынан қолдау көрсетілді.

Авторлар мемлекеттік секуляризмді қолдау және қорғауға қатысты жүйеге кітаптың жеке бір тарауын арнаған. Оған конституциялық негіз, көптеген заңдар және мынадай ресми институттар жұмыс істейді: Дін істері және азаматтық қоғам министрлігі <sup>236</sup>, муфтиат, ҰҚК, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, білім беру мекемелері. Осы тарауды қорытындылай келе, авторлар мынадай тұжырымға келеді: қазақстандық секуляризмнің үлгісі әлі нақты қалыптасқан жоқ және әлі эволюция үрдісінде. Бұл үлгі француз республикасының және антиклерикализмнің принципі және кейін өзіне түріктің зайырлы үлгісі мысалын қоса отырып (кеңестік мұра ретінде) қалыптасқан. Дегенмен соңғы он жылда болған дабыл қағарлық жағдайлар билік террористік қауіптің деңгейін тиісінше бағалай алмады, сонымен қатар елде зайырлы жүйенің қалыптасуына және нығаюына баса мән бергенін жазады.

Ғалымдар қазақстандық секуляризм үлгісі осы республиканың

<sup>236</sup> 2018 жылы Әлеуметтік даму министрлігі болып өзгертілді

геосаяси маңыздылығы бар болғандықтан, Батыс тарапынан қызығушылыққа ие екенін жазады. Қорыта келе авторлар Қазақстанды мемлекет пен діннің қарым-қатынасына байланысты қолданыстағы үлгіге сынақ жасайтын әлеуметтік-мәдени зертханамен салыстырады. Сыртқы ықпалы зор күштер сияқты (ең алдымен, батыс) қазақстандық зиялы қауым да елде зайырлы қоғамның болғанын қалайды. Осыған орай заңнаманың, сот билігінің, білім беру жүйесінің зайырлы сипатқа ие болуын сақтап қалу стратегиялық мақсат болып саналады.

Қазақтардың және қазақстандық халықтың діни деңгейіне келер болсақ, олардың басым бөлігі конфессияаралық әлем мен дінаралық диалогтың орнап, діннің либералды сипатқа ие болуын қалайды. Өз тарапымыздан қосатын болсақ, бұл – біздің батыстық әріптестеріміз сынға алуды жақсы көретін кеңестік интернационалистік жүйенің ең асыл мұрасы<sup>237</sup>.

\*\*\*

Сонымен біздің көз алдымызда соңғы жиырма бес жылдықта батыс ғалымдары Қазақстанда жүргізген зерттеу жұмыстары бойынша толық картина бар. Осы бөлімнің сыртында Орталық Азия айналасындағы геосаяси күреске арналған, оның ішінде Қазақстан осы күрестің негізгі нысаны әрі кейіпкер ретінде қарастырылатын басқа да еңбектер қалды.

Осылайша, Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатына қатысты зерттеулер Батыста белсенді сипатқа ие деп айтуға болады. Ол ең алдымен Қазақстанға және осы аймақтағы оқиғаларға ерекше қызығушылық білдірген профессор Ф.Старрдың және басқа да саясаттанушылардың (кеңестанушылар) алдыңғы толқыны өкілдерінің арқасы. Америкалық және басқа да батыстық зерттеушілердің кейінгі кезде жазған еңбектерінің дені біздің республикамыздың саяси және экономикалық өмірінің барлық салаларын қамтиды. Тарих та одан қалыс қалған жоқ. Дегенмен, олар жазған зерттеу жұмыстарындағы қорытындылар мен ұсыныстардың барлығын қабылдап, келісуге болады деп айту қиын. Алайда олар айқындап берген күрделі мәселелер Қазақстан үшін қиын болып, ауыр тигенімен, жалпы алғанда конструктивті сипатқа ие және біздер үшін оны зерттеу және олардың шешу жолын қарастыру қажет деген белгі береді.

<sup>237</sup> Cornell Svante E., Starr S. Frederick, Tucker Julian. Religion and the Secular State in Kazakhstan. - Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program. – Washington, D.C.: Johns Hopkins University, 2018. – 96 p.



## Қорытынды

Орталық Азия және Қазақстан бір бөлігі болып табылатын Орталық Еуразияның тарихын зерттей отырып, оған қатысты тарихнамалық және дерекнамалық мұрамен үстірт танысып шыққан күннің өзінде, әр заманда осы кеңістіктің (аймақ деген термин тым шағын) адамзат тарихы үшін үлкен роль атқарғанына куә боламыз. Осы зерттеудің мақсаты да Орталық Еуразияның осынау айрықша ролін көрсету болатын.

Біз алға қойған тағы бір мақсат – әлемдік ғылымдағы ортаазиялық зерттеулердің толық картинасын оның сан алуандығымен қатар көрсету. Осы мақсат үддесінен еңбектің алғашқы бөлімінде шықтық деп үміттенеміз. Екінші тарауға қатысты айтатын болсақ, оның мақсаты қарастырылып отырған ұлан-ғайыр кеңістіктің тарихы пен оның халқының дамуындағы түрлі аспектідегі оның бай және әртүрлі идеялары, теориялары мен тұжырымдамаларын көрсету болатын. Өкінішке орай, бай ғылыми мұраға қатысты толыққанды шолу жасау ешқандай зерттеушінің қолынан келмейді. Сол себепті біз зерттеу пәніне тікелей қатысы бар жетекші пәндер бойынша негізгі бағыттармен шектелгенді жөн көрдік.

Дегенмен, көптеген сауалдар жауапсыз қалды. Олардың ең бастысы – Орталық Еуразияның түкпіріндегі ежелгі адамдар батыс және оңтүстік-батыс (негізінен) бағытында мыңжылдықтар бойы, тіпті олай емес, ондаған мыңжылдықтар бойы толқындай тасып, қалай, қашан, қалайша, қайдан және қандай бағытпен, қандай салдармен көшіп-қонды? Осы сұрақтарға археология, тіл білімі, антропология, этнография, тарихи география, геология сияқты бірқатар пәндер біртіндеп жауап беруге тырысты. Осынша ауқымды кезеңді қарастыра отырып, біз Еуразия кеңістігінде ондаған мыңжылдықтар бойы не болғанын тек шамалай аламыз.

Алғашқы көші-қонның толқыны біз ол туралы тек қана азды-көпті күмәнмен аңғара аламыз, Еуропада алғашқы (еуропеоидтік) субстраттың негізін салған «кельт» (шартты түрде айтқанда) болды. Осы тайпалардың Карпаттан Алтай тауларына дейін ұласқан ұлан-ғайыр кеңістіктегі біз «андронов» атайтын ежелгі протоөркениетпен байланысы болды ма? Дәстүрлі пәндер бізге нақты жауап бере

алмайды. Тек Үндістандағы археологиялық қазбалардың, ведикалық дәстүр мен тіл білімінің арқасында біз Орталық Еуразиядағы, нақтырақ айтсақ, осы өңірді мекендеген халық «үндіеуропалықтардың» (индоарий) көші-қонының келесі толқыны қандай болғанын аңғара аламыз.

Ұзақ мерзімді тарихи кезеңде басқа да өркениеттер қатар дамып жатты: шығыста – қытай, Таяу Шығыста – семито-хамит. Біздің заманымызға дейінгі бірінші мыңжылдықта өркениеттердің басым бөлігі, империялар мен мәдениеттер бір-бірімен тығыз араласа бастады, бұл жағдай одан әрі Орталық Еуразиядағы номадтардың арқасында жалғасын тапты.

Аталған зерттеудің орталық персонажы болып табылатын алтай халықтарының антропологиялық, географиялық және лингвистикалық шығу тегіне қатысты сұрақтың жауабы табылған жоқ. Түрлі сипатқа ие антропологиялық типаж – ашық еурпеоид «скандинавтық» халық үлгісінен бастап, Солтүстік фин-угор тобының бірқатар халықтары мен тайпаларының, тіпті моңғолоид деп те осы халыққа қатысты терминге атау берді.

Кейбір ғалымдар Орталық Еуразияның халқы мен Солтүстік Америкадағы үндіс тайпалары арасында тілдік және антропологиялық параллель жүргізу арқылы тарихи перспективада кем дегенде 50 мың жыл бұрынғы жағдайға сараптама жасағылары келеді.

Тарихшылар үшін салыстырмалы түрде алғанда, антропологиялық көзқарас тұрғысынан алып қарағанда анық болатын бір дүние Орталық Азияда болған жағдай (яғни, Орта Азия мен Қазақстан, Шыңжаң территорияларында). Мұнда біздің заманымыздың алғашқы мыңжылдығының бірінші жартысында алтай (түрік-моңғол) элементі барлық өскен көлемінде иран субстратына жатты. Әрі қарай моңғолдану (антропологиялық мағынада) және түркілену (лингвистикалық мағынада) басымдыққа ие үрдіске айналды.

Осыған байланысты мына жайтты айта кету керек, бүгінде дәстүрлі пәндердің құндылығы жойылды. Негізгі археологиялық жаңалықтардың барлығы ашылып, зерттелді; тіл білімі көптеген параметрлер бойынша теориялық тұрғыдан тығырыққа тірелді; жазба дереккөздердің негізгі бөлігі айналымға әлдеқашан енген. Дей тұрғанмен, біз жаңа революциялық жаңалықтарды ашу жолында тұрмыз немесе сол дәуірге ендік. Ол генетика ұсынатын мүмкіндіктермен байланысты. Соңғы 15-20 жылда қандай да бір халықтардың генетикалық шығу тегіне қатысты

таң қаларлық ғылыми жаңалықтар ашылды. Соған қарағанда, біздің көпшілігіміз өзіміз ойлағандай емес екенбіз, немесе оны өзіміздің түп-тамырымызға қатысты осы уақытқа дейін сеніп келген ақпарат басқаша сипатқа ие болып шықты деп түсіндіруге болар. Алайда, ғылыми көзқарас тұрғысынан заманауи тарихи-генетикалық зерттеу әдістері толыққанды емес және таңдалып жасалғандықтан түсінбестік тудырады. Уақыт өте келе генетикалық зерттеу жасау техникалық жағынан қолжетімді болған кезде осы кедергі де жойылуы мүмкін.

Бір жағынан, кейбір генетикалық зерттеу нәтижелері дәстүрлі ғылымның мәліметтерін растайды, оған орыс-ресей этносына жасалған сынақ өлшемдер дәлел. Арасында сенсациялық параллел де бар. Мәселен, кейбір генетикалық салыстырулар кезінде заманауи қазақтар мен кельт халқы арасында көптеген ортақ ұқсастықтар болған. Бұл шын мәнінде андронов дәуірінің жаңғырығы ма? Қысқасы, салмақты ғалымдар генетиканың мәліметтерін пайдалану кезінде сақтық танытып, абайлау керек екенін ескертеді.

Алғашқы мыңжылдықтан біздің заманымызға дейінгі кезеңді қамтыған жазба дереккөздердің дәуірі жаһандық ғылымға мүлдем жаңа мүмкіндіктер сыйлады. Сол себепті еуропалық (негізінен) ғылым небары екі жүз жыл уақыт ішінде Орталық Еуразиядағы дамудың толыққанды тарихи картинасын бере алды. Ал күні бүгінге дейін бір-біріне қарама-қайшы, әлі толық зерттелмеген, немесе түрлі мағынада оқылатындары жаңа теориялар мен гипотезалардың үлесіне қалады. Теориялық білім дамуының динамикасы осы зерттеу еңбегінің екінші бөлігінде қарастырылған. Көптеген концепциялар маңызын жойып, ескірген жоқ, олар өзінің ғылыми құндылығын заманауи кезеңде де сақтайды.

Барынша толыққанда дереккөз кешені ғалымдар үшін Орталық Еуразия тарихының ауқымды кезеңін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік береді, ол бәлкім оның тарихи өмір сүру кезеңіндегі ең маңыздысы болар. Бұл кезең шамамен біздің заманымыздың бірінші мыңжылдығының ортасынан басталады және екінші мыңжылдықтың ортасына дейін жалғасады. Бұл «дала империясы» аталып кеткен дәуір, сол кезеңде әрбір екі-үш жүзжылдықта ауқымды дала конфедерациялары пайда болып, тек қана өз ареалы емес, ең бастысы – өзінің отырықшы көршілерінің де даму бағытын айқындады. Осы зерттеуде аталған дәуірге қатысты түрлі ғалымдар жасаған академиялық интерпретациялар беріледі.

Лев Гумилевтің пассионарлық теориясындағы мәселе ашық қалып отыр, оның негізі және ең алдымен тарихи материалы Орталық Еуразияға арналған болатын. Біздің көзқарасымыз бойынша, парадоксалды жағдай орын алып отыр. Пассионарлықтың бар болғанын жоққа шығару қиын, яғни жекелеген халықтар мен тайпаларды және адамдардың тобын және т.б. келісілген түрде және империялық, діни, этникалық, идеологиялық немесе басқа да басымдыққа ие идея аясында ұйымдастырып әрекет етуге итермелейтін қуатты күш болған жоқ дей алмаймыз. Бізге белгілі барлық ежелгі және кейінгі дәуірлердегі империя, өркениет және діни ұйымдардың негізінде қандайда бір «пассионарлықтың» болғаны белгілі. Дегенмен, ұлы ғалым Л.Гумилев осы феномен құпиясын ашатын кілтті қалдырмай кеткен, мүмкін оны өзі де білмеген болар. Пассионарлықтың негізінде не жатыр? Қандай да бір биологиялық вирус, мүмкін радиациясы жоғары фон, жағымды табиғи орта, генетикалық мутация немесе таңғажайып жазмыш? Заманауи ғылым күні бүгінге дейін аталған сауалдардың жауабын бере алған жоқ.

Дегенмен, біз «пассионарлық» феноменін жоққа шығару мүмкін емес екеніне сенімдіміз. Ол Л.Гумилев арқа сүйеген, Орталық Еуразия тарихымен ғана емес, сонымен қатар басқа да империялардың тарихы, өркениеттер мен халқы арқылы нақтыланады. Осы орайда буддизмнің, исламның және Халифаттың құрылуын, батыс еуропалық Португал, Испан (Кастиль), Голланд, Ағылшын, Француз және т.б. империялардың (отаршыл) болғанын, протестантизмді және т.б. еске түсіру жеткілікті. Дегенмен, мүмкін пассионарлық теория тұрғысынан қарастыратын болсақ, барлық батыс еуропалық тарихты бірегей өркениет негізінде қарастыру керек. Мыңжылдықтан аса уақытты қамтыған «Дала империясының» ұлы дәуірі бізге көптеген сұрақтарды жауапсыз қалдырып кетті. Сондықтан да осы тақырып аясында күні бүгінге дейін академиялық қызу талқылаулар ұйымдастырылады. Номадизмнің табиғаты қандай? Ол экономикалық, экологиялық немесе саяси ма? Көшпенділердің отырықшы халықпен өзара қарым-қатынас жасауында қандай мән бар? Ол агрессия, әлде эксплуатация, өзара үйлесіп, бір-бірін толықтыру ма, әлде өркениетті серіктестік деп айтуға келетін дүние, мүлдем тіпті басқаша шығар?

Осы дәуірмен байланысты тағы бір феномен, кеңестік марксистік ғылым жек көрген сұрақ – тарихтағы тұлғаның ролі. Еуразиядағы алпауыт империяны құру негізінде не жатты? Мүмкін ол Атилла сияқты

(мифологиялық) типтегі тұлға шығар, мифологияландырылған Шыңғыс хан әлде өмірде болған Темір ме? Тарихтағы осы ұлы персонаждардың замандастары олардың іс-әрекетіне, қызметіне қатысты лайықты бағасын берген, оның ішінде жағымды және жағымсыз сипатқа ие болғандары да бар. Алайда, заманауи ғылым олардың құрған империялары бүгінгі дамуға қалай әсер етті, жалпы алғанда саясатқа қосқан үлесіне қатысты лайықты баға берген жоқ. Егер біз Александр Македонский, Цезарь және Наполеон Бонапарттың әскери-саяси қызметінің соңы қандай жағдайға алып келгенін нақты білетін болсақ, дала империясының негізін қалағандардың саяси мұрасы күні бүгінге дейін толыққанды сараптама жасауды қажет етеді.

Осы орайда біз тағы да оқырман назарын әріптесіміз Сұлтан Әкімбековтың іргелі жұмысы – «Дала тарихы: Еуразия тарихындағы Шыңғыс хан мемлекетінің феномені» атты еңбегіне аударамыз. Ол туралы осы зерттеудің кіріспе бөлімінде жазған болатынмыз. Естеріңізге сала кетейін, автор үшін Шыңғыс хан құрған мемлекеттің күллі Еуразияның кейінгі тарихында саяси және этникалық тұрғыдан да шешуші роль атқарғаны күмән тудырмайды. Еуразиядағы көптеген халықтардың тарихын, оның ішінде қазақтар да бар, негізінен олар мұра етіп алған моңғолдың басқару дәстүріне сай тарқату керек. Әріптесіміздің ойын жалғастыра келе, қазіргі кездегі путиндік «билік вертикалін» (басқа да посткеңестік үлгілермен қатар) – моңғол дәстүрінің тікелей жалғасы деген тұжырым жасауға болады. Өйткені ресейлік (мәскеулік) империялық үлгі (одан кейінгі кеңестік үлгі де) моңғол жүйесінің қалыбы екені құпия емес. Дегенмен, ресейлік ғалымдар осы ойға қатысты әртүрлі пікір айтады.

Қалай болғанда да, моңғол дәуірінің жаңғырығы – «дала империясының» заманы күні бүгінге дейін академиялық пікірталас формасында болса да, бізге өз ықпалын тигізіп келеді. Бұл осы тақырып аясындағы зерттеулер өзектілігін жоймайды дегенді білдіреді.

Осы басылымның орталығындағы орынды қазақ және Қазақстан тарихына арнадық, олардың Еуразияның тарихи әлеміндегі орны, пайда болуы, аса күрделі геосаяси (табиғи) жағдайда аман қалуындағы ролі мен әдісі қарастырылады. Біздің көзқарасымыз бойынша, қазақтардың тарихы Жоғары мәртебелі Тарих әлеміндегі ең ерекше тәжірибелердің бірі. Қазақтар ойламаған жерден (этнотоника тұрғысынан қарастырғанда), аяқ астынан XV ғасырдың ортасында осы атаумен тарих картасында пайда болады. Әрі қарай

олар өздеріне дейінгі дала империясы қалыптастырған дәстүрге сәйкес, өз бетінше даму сатыларынан өтті. Осылайша олар өз алдына мини-империя құра білді, оның көлемі қазіргі заманауи Қазақстанның территориясынан да үлкен болды. Одан әрі тарих қазақтарды тағдырдың тезіне салды, бірақ одан аман қалу көптеген көшпелі халықтардың маңдайына бұйырмағанмен, қазақтар өзінің бірегейлігін, территориясын, тәуелсіздігін, мәдениеті мен тілін сақтап қала алды.

Біріншіден, төменде келтірілетін мынадай деректер шын мәнінде таңданыс тудырып, (басқа халықтармен салыстырып қарағанда) қазақ ұлты үшін масаттануға жол береді. Қазақтар кемі бес жүз жыл бойы ортақ тілді, өмір салты, менталитет, дәстүр мен туыстық қатынасты және т.б. сақтап қалды. Бұл тарихи оқиғалардың жылға бөлініп жазылуында ерекше орынға лайық болатын өз алдына бір тарихи феномен. Қаншама мыңжылдықтар бойы қыпшақтар, арғындар, наймандар, дулаттар, берештер және басқалары бір тілде (қандай да бір диалектісіз) сөйлесті. Жегені бір тамақ, орындағаны ортақ салт-дәстүр, тыңдағаны да бір музыка, жалпы алғанда олар әлеуметтік-этникалық жүріс-тұрыстың жалпыға ортақ үлгісіне арқа сүйеді. Тарихта бір халықтың ұзаққа созылған этникалық бірлігінің осындай үлгісін табу оңай емес екені күмән тудырмауы тиіс.

Бізге белгілі болғандай, бұл осымен екіншіден, өзінің тарихи дамуында қазақтар тарихи жағдайдың қысымымен кемі үш рет өзінің бірегейлігін ауыстыруға мәжбүр болған. Алғашқысы «қаһармандық кезеңде» (XV-XVII ғ.), яғни Моңғол империясының және басқа да дала империяларының соңғы сынығы ретінде өзіндік көшпелі конфедерациясын құру кезінде болған. Жоңғарлардан төнген қауіпті жойған соң, осы шайқас кезінде қазақтар жеңіске жеткен, бірақ оның ақысы жаңа фактор – ұлы орыс көршісінің экспансиясы болды.

Қазақ руларының басым бөлігінің ресейлік протекторат құрамына кіруінің соңы мүлдем күтпеген жағдайға алып келді: кезінде жауынгер болған дала халқы Ресейдің уақыт өткен сайын кеңейген ауқымды нарығын жүн, ет, тірі мал және басқа да өніммен қамтамасыз ететін бизнесмен-өндірушіге айналып шыға келді. Бұл қазақтардың ұлт ретінде екінші рет (бұл XVIII ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейін, мүмкін 1930-шы жылдарға дейін ұласқан кезең) трансформацияға ұшырауы болатын. Бірақ бұрынғы кезеңнің атрибуттары сақталып қалды, олар: өзіндік аристократия, көшпелі өмір салты; ислам діні

тарала бастағанда бұрынғы жауынгерлік дағды өміршең екенін тағы бір дәлелдеді.

Қазақтардың ұлт ретіндегі үшінші трансформациясы ХХ ғасырда болды. Бұл үрдіс шын мәнінде он тоғызыншы ғасырдың соңында басталған еді, бірақ оның басты ауыртпашылығы кеңестік модернизация жүзеге асырылған кезеңмен тұспа-тұс болды. Осы кезде қазақтар бірде ерікті түрде, бірде еріксіз, күштеудің салдарынан өзінің көшпелі бірегейлігінен және номадтық мәдениетінен бас тартып, тіпті ана тілінен, дінінен безіп, революционер, әдебиетші, инженер, ғалым, ғарышкер, мұғалім және қала тұрғыны болып шыға келді. Бұл Қазақстан тарихындағы аса радикалды сипатқа ие болған, сол кезде жас халық ретінде қарастырылмаған қазақтардың санасы үшін аласапыран орнаған кезең болды. Дегенмен, ХХ ғасырдың екінші жартысындағы және әсіресе 1991 жылдан кейінгі оқиғалар қазақтардың ең бастысы этникалық бірегейлік пен ұлттық идеясын сақтап қалғанының куәсі болды.

Кеңестік үлгі мен өмір салтының құрдымға кетуі, соңынан Қазақстанның еріксіз түрде жаһандану үрдісіне араласуы және әлемдік (қаржылық-спекулятивті) капитализм, қазақтар үшін жаңа сын-қатерлердің бар екенін ұғындырды. Мүмкін одан аман қалу кеңестік социализмнің құрсауынан шығумен салыстырғанда қиындау шығар. Ал біздің шетелдегі қандастарымызға келетін болсақ, социалистік мемлекеттер ҚХР мен МХР құрамында өмір сүрген ағайындар ҚазКСР қазақтары бастан кешкен қиындықтармен бетпе-бет келді. Дегенмен, Түркиядағы және Еуропадағы қазақтар үшін ұлттық бірегейлікті сақтап, аман қалуда жоғарыда айтылғандардан басқа, айрықша өмір тәжірибесін бастан өткеруге тура келді.

Осы сұрақтар кешенінің барлығы қандай формада болсын, мейлі ол ашық, әлде қымталған формада болса да саясаттануға қатысты әдебиетте жарияланған күйінде осы зерттеудің соңғы бөлімінде беруге тырыстық. Ондағы негізгі мәселе мына сұрақтың жауабында: қазақтар мен олардың Орталық Азиядағы көршілерін қандай тағдыр күтіп тұр? Ол қандай парадигмада және қандай вектор бойынша дамиды болады, ол қандай да бір жаңа еуразиялық ұйымға оралуы мүмкін бе? Демодернизациялық үрдістер қаншалықты тереңдей алады? Өзінің мәдени-этникалық бірегейлігін сақтап қалуы үшін және жай ғана физикалық тұрғыда өз халқын аман алып қалу жолында (өкінішке орай, кейбір республикаларға қатысты сұрақты осылай қоюға тура

келеді) жаңа режим саяси үрдістер табалдырығынан аттағалы тұрған заманда саяси және әлеуметтік-экономикалық құрудың қандай үлгісін таңдауы тиіс?

Өкінішке орай, батыстағы саясаттану геосаяси мәселелерге баса мән береді, олар осы күрделі сұрақтарға қатысты жауап бере алмайды немесе жауап бергісі келмейді (бұл енді барынша шындыққа ұқсайды). Сол себепті аталған сұрақтардың жауабын біз өзіміз, яғни жергілікті ғалымдар мен саясаттанушылар болып, бірлесе іздеуіміз керек. Осыған орай, біздің қалыптасқан академиялық ғылым тәжірибесіне арқа сүйегеніміз абзал. Осы еңбекте толыққанды болмаса да, әлемдік ориенталистикадағы жетістіктерге жасалған шолу, қазақтардың жаһандағы тарихи тағдырын анықтауда және Орталық Еуразияның аймағында өмір сүрген немесе жоғалып кеткен басқа да халықтардың тарихын түгендеуге белгілі бір дәрежеде үлес қосты деп үміттенеміз.

Соңғысы, осы зерттеуді дайындау барысында, бізге жұмыста (кейбір ерекшеліктерді есепке алмағанда) ресейлік (революцияға дейінгі), кеңестік, қазіргі кезде, енді заманауи ресейлік (басқа да ТМД елдерінің) тарихнама жоқ деген ескерту естуге тура келді. Бұл шын мәнінде солай. Осы басылымның кіріспесінде жазылған ережеге қайта орала отырып, ол бастапқыда әлемдік (яғни, шетелдік) шығыстану зерттеуінің картинасы ретінде ойластырылғанын еске саламыз. Сонымен, біздің ұрпақ үшін ресейлік және кеңестік әдебиет базалық ақпарат алып, жалпы мәселемен танысу мақсатында ғана пайдаланылғанын атап өткіміз келеді.

Дегенмен, бірегей кеңестік академиялық ғылым жойылғаннан кейін зымырап өткен шамамен отыз жылға жуық уақыт мүлдем жаңа ұрпақ қалыптасқанын (және, шамасы, соңғы емес), олар үшін бұрынғы кеңестік іргелі ғылым *tabula rasa* болмаса да, кезінде біз үшін батысеуропалық ғылым сияқты, қандай да бір алыстағы дүние екенін көрсетті. Сол себепті шығыстанумен айналысатын жас ұрпақ осы мәселені өз бетімен және сәтті еңсереді деп үміттенеміз.



## **Орталық Еуразияның тарихы бойынша ежелгі және ортағасырлық дереккөздер**

Абу-л Фазл Аллами. Акбар-наме. – Самара: Издательский дом «Агни», 2003. – 400 с.

Кляшторный С.Г. Древнетюркские рунические памятники как источник по истории Средней Азии. – М.: Наука, 1964. – 216 с.

Abbot J. Narrative of Journey from Herat to Khiva, Moscow and St.Petersburgh during the late Russian Invasion of Khiva, with some account of the Court of Khiva and the Kingdom of Khaurism. 2 vols. – London, 1843.

Allsen Th.T. Mongol Imperialism: the Policies of the Great Qan Möngke in China, Russia and the Islamic Lands. – Berkley: University of California Press, 1987.

Altheim F. Geschichte der Hunnen. 5 Bände. – Berlin: Walter de Gruyter, 1959-1962. I. Band Von den Anfängen bis zum Einbruch in Europa. 1959. – 463 S.

Allworth E. Central Asian Publishing and the Rise of Nationalism. An Essay and List of Publications in the New York Public Library. – New York: Columbia University Press, 1965 –100 p.

Allworth E. (ed.) Central Asia: A Century of Russian Rule. – New York: Columbia University Press, 1967. – 550 p.

Allworth E. Nationalities of the Soviet East. Publications and Writing System – New York, London: Columbia University Press, 1971- 440 p.

Allworth E. (ed.) Soviet Asia. Bibliographies. – New York, London: Praeger, 1975 – 686 p.

Amir Temur 660. The Materials of the International Conference „Amir Temur and His Place in the World History“. 23-26 October 1996. – Tashkent: UNESCO, 1996. – 130 p.

Asian und North African Studies in the German Democratic Republic: Traditions, Positions and Findings. Ed. By G.Borthel, L.Rathmann, M.Robbe. – Berlin: Akademie Verlag, 1986. – 138 S.

Atsiz B., Kissling H. Sammlung türkischer Redensarten. – Wiesbaden: Otto Harrasowitz, 1974.

Bacon E. A Study of Social Structure in Eurasia. – New York: Viking Fund Publications in Anthropology, 1958. No 25.

Bacon E.E. Central Asia under Russian Rule. A Study in Cultural Change.

– Ithaca, New York: Cornell University Press, 1966. – 273 p.

Balsier R.N., Kläy E.J. Bei Schah, Emir und Khan. Henri Moser Charlottenfels 1844-1923. – Schaffhausen, 1992. – 232 S.+257 Abb.+51 Farbt.

Barfield T. The Perilous Frontier: Nomadic Empires and China, 221 BC to AD 1757. – Cambridge, 1992.

Bombacci A. Storia della letteratura turca. – Milano, 1956 – 526 p.

Bombacci A. Histoire de la littérature turque. – Paris: Librairie C.Klincksieck, 1968.

Boukhari. Histoire de l'Asie Centrale. 1740-1818. Par Mir Abdoul Kerim Boukhari, texte Persien et traduction par Ch.Schefer. 2 vols. – Paris: Leroux, 1876.

Boyle J.A. (ed.) Ala al-Din Ata Malik Juveini. The History of the World Conqueror. Trans. by J.A.Boyle. 2 Vols. – Manchester: Manchester University Press, 1958.

Boyle J.A. Juveyni and Rashid Rashid al-Din as Sources on the History of the Mongols // Historians of the Middle East. Ed. by B.Lewis and P.M.Holt. – London, 1962, pp.117-137.

Brentjes B., Albaum L.I. Wächter des Goldes. Zur Geschichte und Kultur mittelasiatischer Völker vor dem Islam. – Berlin: VEB, 1972. – 280 S.

Brentjes B. Die orientalische Welt. Von den Anfängen bis Tschingis-Khan. – Berlin: VEB, 1970. – 524 S.

Brentjes B., Albaum L.I. Wächter des Goldes. Zur Geschichte und Kultur mittelasiatischer Völker vor dem Islam. – Berlin: VEB, 1972. – 280 S.

Brentjes B. Zur früheren Kunst der Nomadenvölker Zentralasiens: Überlegungen und Hypothesen // Asien, Afrika, Lateinamerika. 1974. Bd.2, S.614-624.

Brentjes B., Rührdanz K. Mittelasien. Kunst des Islam. – Leipzig: Seemann, 1979. – 400 S.

Brentjes B. Kulturhistorische Probleme Südasiens und Zentralasiens. – Berlin, 1984.

Brentjes B., Albaum L.I. Herren der Steppe. Zur Geschichte und Kultur mittelasiatischer Völker in islamischer Zeit. – Berlin: Deutscher Verlag der Wissenschaft, 1986. – 192 S. (3.Auflage).

Boratav P.N. (ed.) Philologiae Turcicae Fundamenta. – Wiesbaden: Franz Steiner, 1964.

Cagatay S., Tezcan S. Das uigurische Insadi-Sutra. – Berlin, 1974. – 107 S.

Czegledi K. On the Numeral Composition of of the Ancient Turkish Tribal Confederations // Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungariae. 1972.

T.25. fasc.1-3, pp.276-281.

Czegledy K. Gardizi on the History of Central Asia (746-760 A.D.) // *Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae*. 1973. T.XXVII. Fas.3, pp. 257-267.

Chadwick N., Zhirmunsky V. *Oral Epics of Central Asia*. – Cambridge: Cambridge University, 1969. - 366 p.

Chavannes E. *Documents sur les Tou-kiue (Turcs) occidentaux*. – St.Petersbourg, 1900.

Clauson G. The Origin of the turkic „runic“ Alphabet // *Acta Orientalia (Copenhagen)*. 1970. Vol.32, pp.51-76.

Clauson G. *An Etimological Dictionary of Prethirteenth Century Turkish*. – Oxford: Clarendon Press, 1972. – XXVIII + 989 pp.

Coon C. *Caravan: the Story of the Middle East*. – Huntington, New York: R.Krieger Publishing, 1976 (1951).

Cotrell Ch.N. *Recollections of Siberia in the years 1840 and 1841*. – London, 1842.

Czegledi K. On the Numeral Composition of of the Ancient Turkish Tribal Confederations // *Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungariae*. 1972. T.25. Fasc.1-3, pp.276-281.

Czegledy K. Gardizi on the History of Central Asia (746-760 A.D.) // *Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae*. 1973. T.XXVII. Fas.3, pp. 257-267.

Dankoff R. Ka`s`gari on the Beliefs and Superstitions of the Turks // *Journal of the American Oriental Society (Baltimore)*. 1975. Vol.95. N° 1, pp. 68-80.

Dawson C. (ed.) *The Mongol Mission. Translation of a nun Stanbrook Abbey*. Ed. and Introduction by. C. Dawson – London. New York: Sheed and Ward, 1955.

Dörfer G. Zu türkischen mana „mir“, sana „dir“ // *Central Asiatic Journal*. 1977. Vol.XXI. N° 3-4, S.208-219.

Efegil E., Stone L.A. *Irans Interests in Central Asia* // *Central Asian Survey*. 2001. Vol.20. No. 3, pp. 353-365.

Escedy H. Trade-and-War Relations between the Turks and China in the Half of the 6<sup>th</sup> Century // *Acta Orientalia Hungaricae*. 1968. T.21. Fasc. 1-2, pp.131-180.

Escedy H. Tribe and tribal Society in the 6<sup>th</sup> Century Turk Empire // *Acta Orientalia Hungaricae*. 1972. T.25. Fasc. 1-3, pp.245-262.

Escedy H. Tribe and Empire, Tribe and Society in the Turk Age // *Acta*

Orientalia Hungaricae. 1977. T.31. Fasc. 1, pp.3-15.

Eckmann J. The Chagatay Manual. – The Hague: Mouton (Bloomington: Indiana University Press), 1966. – XII + 340 pp.

Erdal M. The Chronological Classification of old Turkish Texts // Central Asiatic Journal. 1979. Vol. XXIII. No 3-4, pp.151-175.

Escedy H., Pinks E. Die Uiguren von Kan-chu in der frühen Sung-Zeit (960-1028) // Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae. 1970. T.XXIII. Fas.1, pp. 131-133.

Escedy H. Tribe and tribal Society in the 6<sup>th</sup> Century Turk Empire // Acta Orientalia Hungaricae. 1972. T.25. Fasc. 1-3, pp.245-262.

Ferrier J.P. Voyages et aventures en Perse, dans l'Afghanistan, le Beloutshistan et le Turkestan. Trad. de l'anglais par B.Revoil. T.I-II. – Paris, 1870.

Paquier J.B. LAsie Centrale. – Paris: Maisonneuve, 1876. – 222 p.

Paquier J.B. LAsie Centrale à voloiseau. – Paris: Société Bibliographique, 1881. – 176 p.

Fletcher G. Essay upon some probable Grounds that the Tartars. – London: 1677.

Frye R. The History of Bukhara. Trans from Narshakhi by R.N.Frye. – Cambridge (Mass.): The Medieval Academy of America, 1954. – 178 p.

Frye R.N. The Heritage of Persia. – London: Weidenfeld and Nicolson, 1962.

Gabain A. von Steppe und Stadt im Leben ältesten Türken // Der Islam. 1949. Bd.29. H.1; S.30-62.

Gabain A. von Alttürkisches Schriftum. – Berlin: Akademie Verlag, 1950. – 24 S.

Gabain A. von Alttürkische Grammatik. – Wiesbaden: Otto Harrasowitz, 1974.

Gabain A. von Einführung in die Zentralasiatische Kunde. – Darmstadt, 1979. – 186 S.

Gibb H.A.R. Tha Arab Conquests in Central Asia. – London: The Royal Asiatic Society, 1923. – 102 p.

Golden P.B. Imperial Ideology and the Sources of Political Unity amongst the Pre-Cinggisid Nomads of Western Eurasia // Archivum Eurasiae Medii Aevi. 1982. Vol.II, pp.37-76.

Golden P.B. An Introduction to the History of the Turkic Peoples: Ethnogenesis and State Formation in Medieval and Early Modern Eurasia and the Middle East. – Wiesbaden: Otto Harrasowitz, 1992.

Grousset R. Conqueror of the World. – New York: The Orion Press, 1966.

Grousset R. Die Steppenvölker. – München, 1970.

Halperin C.I. Russia and the Golden Horde: the Mongol Impact on medieval Russian History. – Bloomington: Indiana University Press, 1987.

Halperin C.I. The Tatar Yoke. – Columbus (OH): Slavica Publishers, 1986.

Hamilton J.R. Les Ouighours à l'époque des Cinq dynasties d'après les documents chinoise. – Paris: Presses Universitaires de France, 1955.

Hamilton J.R. Les ouighours à l'époque des Cinq Dinasties d'après les documents chinois. – Paris: Hachette, 1955.

Hamilton J.R. Manuscrits ouïgours de Town-Houang. Le conte bouddique du bon et du mauvais prince en version ouïgours. Mission Paul Pelliot Documents conservés. – Paris: La Bibliothèque Nationale-III, 1973. – 204 p.

Hamp E.P. The Altaic Non-Obstruents // Bulletin of the School of Oriental and African Studies. 1974. Vol.37, pp. 672-674.

Hanisch E. Die Geheime Geschichte der Mongolen. 2 Aufl. – Leipzig, 1948.

Hanway J. An Historical account of the British Trade over the Caspian Sea. Vol.1-4. – London, 1758.

Häusler A. Skythen und frühe euroasiatische Steppenvölker // Das Altertum. 1981. Bd.27.H.1, S.49-54.

Häusler A. Der Kurgan Issyk – ein Denkmal der Saken // Das Altertum. 1983. Bd.29.H.2, S.104-112.

Hartwig W.A. Die „Spezifik“ der gesellschaftlichen Organisation der Nomadenviehsücher // Ethnographisch-Archäologische Zeitschrift (Berlin, DDR). 1974. Jg.15.H.4, S.621-627.

Hazai G., Zieme P. Zu einigen Fragen der Bearbeitung türkischer Sprachdenkmäler // Acta Orientalia (Copenhagen). 1970. Vol.XXXII, S.125-140.

Hazai G. Die Turfantexte und ihre Erforschungen // Das Altertum. 1974. Bd.20. H.4, S.230-236.

Herbelot B. de. Bibliothèque orientale, ou Dictionnaire universel, contenant généralement tout ce qui regarde la connaissance des peuples de l'Orient. – Paris, 1697.

Hermanns M. Die Nomaden von Tibet. – Vienna: Verlag Herold, 1949.

Hirth F. The Story of Chang K'ien, China's pioneer in Western Asia // Journal of the American Oriental Society. Vol.37. No 2, pp.89-152.

Hovdhaugen E. The Relationship between the two Orkhon Onscriptions

// Acta Orientalia (Copenhagen). 1974. Vol.36, pp. 55-83.

Ibn-Battuta. Travels in Asia and Africa. 1325-54. Translated and selected by H.A.R.Gibb. Ed. by E.D.Ross. – London, 1929.

Jenkins G. A Note on climatic Cycles and the Rise of Genghis Khan // Central Asiatic Journal. 1974. Vol.XVIII. N° 2, pp.217-226.

Jettmar K. Archäologischen Spuren von Indogermanen in Zentral-Asien // Paideuma. 1952. Bd.5, S.236-254.

Jettmar K. Die frühen Steppenvölker. Der euroasiatische Tierstiel. – Baden,Baden: Holle, 1964. – 275 S.

Jettmar K. Die Bedeutung politischer Zentren für die Entstehung der Reiternomaden Zentralasiens // Die Nomaden in Geschichte und Gegenwart. – Berlin: Akademie Verlag, 1981. – S.49-70.

Johanson L. Zum Präsenz der nordwestlichen und mittelasiatischen Türksprachen // Acta Orientalia (Copenhagen). 1976. Vol. 37, S.57-72.

Johanson L. Die Ersetzung der türklischen *t* – Kausativa // Orientalia Suecana (Uppsala). 1976-1977. Vol. 25, pp.106-133.

Johelson W. Peoples of Asiatic Russia. – New York: American Museum of Natural History, 1928. – 277 p.

Karpat K. The Turkic Nationalities // Soviet Asian Ethnic Frontiers. Ed. by W.O.McLagg Jr, B.D.Silver. – New York: Pergamon Press, 1979.

Kaushik D. Central Asia in Modern Times. – Moscow: Progress, 1970. – 271 p.

Kaushik D. Socialism in Central Asia. – Bombay: Allied Publishers, 1976.

Kaushik D. India and Central Asia in Modern Times. – New Delhi: Satvakan, 1985. – 134 p.

Khazanov A. Nomads and the Outside World. – Cambridge: Cambridge University Press, 1984 (2<sup>nd</sup> ed. Madison: University of Wisconsin Press, 1994).

Kläy E.J. „Durch Zentralasien“ – zur Standausstellung der Sammlung Henri Moser Charlottenfels im Historischem Museum Bern // Oxus. 1999. Nr 2, S.47-50.

Kläy E.J. Orientalische Sammlung Henri Moser Charlottenfels. – Bern: BHM, 1991. – 36 S.

Krader L. Formation of the State. – Englewood Cliffs: Prentice Hall, 1968.

Krader L. Pastoral Nomadism in Eurasia: as Evolution and as History // Proceedings VIII ICAES. Vol. III. – Tokyo: Science Council of Japan, 1970, pp.321-323.

Krader L. The Asiatic Mode of Production. Assen: Van Gorcum, 1975.

Krusche R. Die Nomaden in Geschichte und Gegenwart. – Berlin: Akademie-Verlag, 1981.

Lattimore O. Inner Asian Frontier of China. – New York: American Geographical Society, 1940 (Boston: Beacon Press, 1967).

Lattimore O. The Geography of Chingis Khan // The Geographical Journal. 1963. Vol. CXXIC. Pt.1, pp.1-7.

Lattimore O. On some questions of periodisation in nomadic history // Role of the Nomadic Peoples in the Civilizations of Central Asia. Ulan Bator: UNESCO, 1974, pp.171-173.

Laude-Cirtautas I. On necessitative and related Forms in the Turkic Languages // Central Asiatic Journal (Wiesbaden). 1978. Vol.22, pp. 44-70.

Le Coq A.v. Von Land und Leuten in Ostturkestan. – Berlin: Akademie Verlag, 1981. – 183 S.

Le Coq A.v., Schmidt E. Ein chinesisches-türkisches Erlass aus Tuyak (Oase von Turfan) in Ostturkestan // Asia Mayor. 1925. Vol.II. Fasc.1, S.272-276.

Len C., Tomohiko U., Tetsuya H. (eds.). Japan's Silk Road Diplomacy. Paving the Road Ahead. – Washington, DC: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program, 2009. – 206 p.

Leowe M. Records of the Han Administration. Vol.I-II. – Cambridge: Cambridge University Press, 1967.

Liu Ma-t'ai. Die chinesischen Nachrichten zur Geschichte der Ost-Türken (T'u-kü). Bücher I-II (Göttinger Asiatische Forschungen. Bd.X) – Wiesbaden: Otto Harrasowitz, 1958.

Mackerras C. The Uighur Empire (744-840) according to the T'ang Dynastic Histories. – Canberra: Australian National University, 1968. XIII + 187 pp., 6 maps.

Mannerheim K.G. Across Asia from to East in 1906-1908. 2 Vols. – Helsinki, 1940.

Mano E. A History of Central Asia. – Tokyo, 1977.

Manz B.F. The Rise and Rule of Tamerlane. – Cambridge: Cambridge University Press, 1989.

Marthe F. Die Reise Walichanofs nach Kaschgar // Zeitschrift der Gesellschaft für Erdkunde. 1870. Bd.5, S.151-180.

Martin H.D. The Rise of Chingis Khan and his Conquest of North China. – Baltimore: The Johns Hopkins University Press, 1950.

Mau-Tsa Liu. Die chinesischen Nachrichten zur Geschichte der Ost-Türken (T'u-kü). 2 Bde. – Wiesbaden: Otto Harrasowitz, 1958.

Menges K. Etymologika. Einige slavisches und andere westliche

Lehnbeziehungen des Türkischen // Rocznik orientalistyczny (Warszawa). 1978. T.40. Z.1, s.9-19.

Minorski V. Hudud al-Alam. – London, 1947.

Morgan D. The Mongols. – Oxford: Basil Blackwill, 1986.

Moser H. Durch Zentralasien. – Leipzig, 1888. – 441 S.

Moser H. Collection Henri Moser Charlittenfels. Armes et armures orientales. – Leipzig, 1912.

Mühlfried F., Sokolovsliz S. (eds.) Exploring the edge of empire: Soviet era anthropology in the Caucasus and Central Asia. – Berlin, Zürich: Lit Verlag, 2011. – 337 p.

Münkler M. Marco Polo. Leben und Legende. – München: C.N.Beck, 1998. – 125 S.

Muraviev M.N. Voyage en Turkomanie et à Khiva. – Paris, 1823.

Musset L. Les invasions: le second assaut contre l'Europe chretienne. – Paris: Presses Universitaires de France, 1965.

Nagrodzka-Majchrzyk T. Geneza miast u dawnych ludow tureckich (VII-XII w.). – Wroclaw: PAN, 1978. – 168 s.

Naumova O. Evolution and Nomadic Culture under Modern Conditions: Traditions and Innovations in Kazakh Culture // Seaman G., Marks D. (eds.) Rulers from the Steppe: State Formation on the Eurasian Periphery. – Los Angeles: Ethnographic Press, 1991, pp. 291-307.

Páloczi-Horváth A. Situation des recherches archéologique sur les comans en Hongrie // Acta Orientalia Hungaricae. 1973. T.27. № 2, pp.201-209.

Páloczi-Horváth A. Limmigration et letablissement des comans en Hongrie // Acta Orientalia Hungaricae. 1975. T.29. № 3, pp.313-333.

Pinks E. Die Uiguren von Kan-chou in der frühren Sung-Zeit (960-1028).

Planhol X. de. Les fondements géographiques de l'histoire de l'Islam. – Paris: Flammarion, 1968.

(The) Principal Navigations, Voyages, Traffiques and Discoveries of the English Nation. – London, 1598-1600.

Poppe N. Studies of Turkic Loan Words in Russian // Central Asiatic Journal. 1966. Vol. No, pp. 287-310.

Poppe N. Studies of Turkic Loan Words in Russian. – Wiesbaden: Harrasowitz, 1971. – 70 p. (Asiatische Forschungen- Bd.34).

Poppe N. A New Symposium on the Altaic Theory // Central Asiatic Journal. 1972. Vol.XVI. № 1, pp.37-58.

Poppe N. On some Altaic Case Forms // Central Asiatic Journal. 1977.



Vol. XXI. N° 1, pp.55-74.

(La) Russie dans la Presse Parisienne. 1848-1859 // Cahiers du Monde Russe et Soviétique. 1968. Vol.IX. No 3-4, pp.386-436.

Rahmani M. Central Asian States: Balancing Opportunities and Challenges // Central Asia and the Caucasus (Lulea, Sweden). 2003. No 2, pp. 124-134.

Rahul R. Modern Central Asia. – New Delhi: Vikas P.H., 1979. – 105 p.

Röhrborn K. Uigurisches Wörterbuch. Sprachmaterial der vorislamischen Texte aus Zentralasien. – Wiesbaden, 1977. – VII + 72 S.

Roux J.P. Recherche des survivances pré-islamiques dans les textes turcs musulmans: Le Kitab-i-Dede Qórqt // Journal Asiatique. 1976. N° 1-2, pp. 35-55.

Schakir T. Grunzüge der Nomaden Wirtschaft. Inauguraldissertation. – Berlin, 1931. – 156 S.

Schakir T. Türkistan Pahta Hocalıg`i. – Berlin, 1934.

Schakir T. Türkistan Milli Edeliyati ve Edipleri Faciasina Dair. – Berlin, 1935. – 20 s.

Schakir T. Türkistan Türk Milli Maefk`u`resi ve Alishir Nev`a`i. – Berlin, 1939. – 67 s.

Scheinhardt H. Über einige Fragen bei der syntaktischen Klassifikation türksprachlichen Ortsnamen // Central Asiatic Journal. 1979. Vol. XXIII. Nr 3-4, S.279-287.

Schütz E. Remarks on Initial d- in Kipchak Languages // Acta Orientalis Academiae Scientiarum Hungariae (Budapest). 1972. T.25. Fasc.1-3, pp.369-381.

Schütz E. Remarks on Altaic Personal Pronouns // Acta Orientalis Academiae Scientiarum Hungariae (Budapest). 1974. T.28. Fasc.1, pp.139-145.

Seaman G., Marks D. (eds.) Rulers from the Steppe: State Formation on the Eurasian Periphery. – Los Angeles: Ethnographic Press, 1991.

Sertkaya O.F. The first Line of the Tonyukuk Monument // Central Asiatic Journal (Wiesbaden). 1979. Vol. XXIII. № 3-4, – pp. 288-291.

Sinor D. Introduction à l'étude de l'Eurasie Centrale. - Wiesbaden: Harrasowitz, 1963. – 371 p.

Sinor D. Inner Asia: History, Civilization, Languages. A Syllabus. – Bloomington: Indiana University Press, 1969 (third reprinting – 1987). - XXII + 261 pp. (Uralic and Altaic Series - 96)

Sinor D. (ed.) Orientalism and History. – Bloomington: Indiana University

Press, 1970.

Sinor D. Inner Asia and its Contacts with Medieval Europe. – London: Variorum, 1977.

Smith J.M. Mongol and Nomadic Taxation // Harvard Journal of Asiatic Studies. 1970. Vol.30, pp.46-85.

Sourdel D., Sourdel J. La civilisation de l'islam classique. – Paris: Arthaud, 1968.

Spooner B. The Cultural Ecology of Pastoral Nomads. An Addison – Wesley Module in Anthropology. 1973. No 45.

Spuler B. Die Mongolen in Iran. – Leipzig, 1939.

Spuler B. Iran in frühislamischer Zeit. – Wiesbaden: Otto Harrasowitz, 1952.

Spuler B. The Muslim World. A Historical Survey. Pt.II: The Mongol Period. – Leiden: Brill, 1960.

Spuler B. Les mongols dans l'histoire. – Paris: Hachette, 1961.

Spuler B. Die Goldene Horde. Die Mongolen in Rußland. 1223-1502. – Wiesbaden: Otto Harrasowitz, 1965 (2. Herausgaben).

Tekin T. Türk dilleri silesi // Türk dili (Ankara). 1978. C.37. Y.27. No 318, s.178-183.

Tezcan S. Das uigurische Insadi-Sutra. Berlin, 1974. – 107 S.

Tezcan S. Tonyukuk yazitinda birkac düzeltme // Türkdili arasturmaları yilligi. Belleten. 1975-76 (Ankara). 1976. s.173-181.

Thomsen V. Inscriptions de l'Orkhon. – Helsingfors, 1896. – 224 p.

Thomsen V. Alttürkische Inschriften aus der Mongolei // Zeitschrift der Deutschen Morgenländischen Gesellschaft. 1924. Bd.78, S.121-175.

Tillet L. The Great Friendship. Soviet Historians on the Non-Russian Nationalities. – Chapel Hill: the University of North Carolina Press, 1969. – 468 p.

Toynbee A.J. A Study of History. Abridgement of Vols. I-VI. – London: Oxford University Press, 1949.

Tryjarski E., Hamilton J. L'inscription turque rounique de Khutuk-ula // Journal Asiatique. 1975, pp.171-182.

Upton C. Nomadism, identity and the politics of conservation // Central Asian Survey (Oxford). 2010. Vol. 29. No. 3, pp, 305–319.

Vaydyanath R. The Formation of the Soviet Central Asian Republics. A Study in Soviet Nationalities Policy. 1917-1936. – New Delhi: Peoples Publishing House, 1967. – 299 p.

Vambéry A. Voyages dun faux derviche dans l'Asie Centrale de Teheran

à Khiva, Bukhara et Samarkand par le grand désert turcoman. – Paris: Hachette, 1868 (1863). – (402 p.) 263 p.

Vambéry H. The Story of my Struggles. The Memoires of Arminius Vambéry. 2 Vols. – London: Fisher, 1904. – 492 p.

Vennker W. (Hrsg.) Völsepen der uralischen und altaischen Völker. – Wiesbaden: Otto Harrasowitz, 1968 (Ural-Altäische Bibliothek. Bd. XVI).

Vernadsky G. The Mongols and Russia. – Yale. Yale University Press, 1953. – 473 p.

Vietze H.P., Zenker L., Warnke I. Rückläufiges Wörterbuch der türkischen Sprache. – Leipzig, 1975.

Waldron A. The Great Wall of China: from History to Myth. – Cambridge: Cambridge University Press, 1990.

Waley A. The Travels of an Alchemist. – London: Routledge, 1931.

Walker C.C. Jenghis Khan. – London, 1939.

Watson B. Records of the Grand Historian of China. Translated from the Shih chi of Ssu-ma Ch'ien. Vols. I-II. – New York: Columbia University Press, 1961.

Werner E. Zwei Bemerkungen zum Nomadenwesen // Ethnographisch-Archäologische Zeitschrift (Berlin, DDR). 1976. Jg.17.H.2, S.295-302.

Weissleder W. (ed.) The Nomadic Alternative. Modes and Models of Interaction in the African-Asian Deserts and Steppes. – The Hague: Mouton, 1978.

Wünsterfeld F. (Hrsg.) Ibn Coteiba's Handbuch der Geschichte. – Göttingen, 1850.

Yule H., Cordier H. The Book of Sir Marco Polo the Venetian. 2 vols. 3ed ed. – London, 1921.

Zajaczkowski A. Das Verhältnis der nomadischen Bevölkerung zu den sesshaften Bodenbauern in der Kiptschakischen Steppe (Dest-i Kipcak) bis zum 15. Jahrhundert // Das Verhältnis von Bodenbauern und Viehzüchtern in historischer Sicht. – Berlin: Akademie Verlag, 1968, S.229-233.

Zeller R., Rohrer E.F. Orientalische Sammlung Henri Moser Charlottenfels. Beschreibender Katalog der Waffensammlung. – Bern, 1955.

Zenkovsky S.A. Pan-Turkism and Islam in Russia. – Cambridge (Mass.): Harvard University Press, 1960. – 348 p.

Zieme P. Beiträge zur Erforschung des X'astvanift // Mitteilungen des Instituts für Orienrforschung (Berlin). 1966. Bd. 12. H.4, – S.351-378.

Zieme P. Ein manichaisch-türkisches Gedicht // Türkdili arasturmalari

yilligi. Belleten. 1968 (Ankara), – S. 39-44.

Zieme P. Neue Funde zur Geschichte der Türken in der Mongolei // Das Altertum (Berlin). 1972. Bd. 18. H.4, – S.255-258.

Zieme P. Zur buddhistischen Stabreimdichtung der alten Uiguren // Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae. 1975. T.XXIX. Fas.2, – pp. 187-211.

Zieme P. Zur Lexikographie des Alttürkischen // Orientalische Literaturzeitung (Berlin). 1978. Jg.73. Hf.4, – S.325-330.

## **Қазақстанның тарихы, тарихнамасы және деректануы бойынша дереккөздер мен әдебиет**

Абдығалиев Б. Государственная политика и межнациональные отношения в Республике Казахстан. – Алматы. 1996. – 75 с.

Абдығалиев Б. Россия и казахстанские русские. – Алматы: КИСИ. 1997. – 118 с.

Абусейтова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI века. – Алма-Ата: Наука, 1985. – 104 с.

Абусейтова М.Х. Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII вв.: история, политика, дипломатия. – Алматы: Гылым, 1998. – 268 с.

Агеев А.И., Байшуақов А.Б., Куроедов Б.В. Стратегическая матрица Казахстана: ретроспектива, современность и сценарии будущего развития. – Москва: ИНЭС, 2006. – 328 с.

Агеев А.И., Байшуақов А.Б., Сейтимов Е. Элита Казахстана. – Алматы: ИНЭС-ЦА, 2008. – 404 с.

Айткен Дж. Нурсултан Назарбаев и созидание Казахстана. – М.: Художественная литература, 2010. – 384 с.

Айткен Дж. Казахстан. Сюрпризы и стереотипы. – Москва: Художественная литература, 2011. – 208 с.

Акимбеков С.М. История: степей: феномен государства Чингисхана в истории Евразии. – Алматы: Центр Азии, 2011. – 640 с.

Акимбеков С.М. Казахстан в Российской империи. – Алматы: Институт Азиатских исследований, 2018. – 562 с.

Александров Ю. Г. Казахстан перед барьером модернизации. – М.: Институт востоковедения РАН, 2013. – 288 с.

Английские путешественники в Казахской степи. Пер. Д.М.Костиной. Сост. И.В.Ерофеева. – Алматы: Санат, 2006. – 312 с.

Антология истории Казахстана. История Казахстана в западных источниках XII-XX вв. Том III: Казахи Китая. Очерки по этническому меньшинству (сборник статей). Часть I. Под ред. Л.Бенсон и И.Сванберга. И.Сванберг. Казахские беженцы в Турции. Исследование по культурному выживанию в условиях социальных перемен. Часть II. Пер. с англ. Б.М.Сужикова. Сост. Г.М. Мендикулова. – Алматы: Санат, 2005. – 456 с.

Ахмедов Б. А. Государство кочевых узбеков. – М., 1965. – 195 с.

Аяган Б., Ауанасова А. Нурсултан Назарбаев: человек у власти. –

Алматы: «Литера-М», 2015. – 376 с.

Басин В.Я. Россия и казахские ханства в XVI - XVIII вв. (Казахстан в системе внешней политики Российской империи). – Алма-Ата: Наука, 1971. – 276 с.

Бурханов К.Н., Султанов Б.К., Аяган Б.Г. Современная политическая история Казахстана (1985-2006). – Алматы: ИИЭ, 2006. – 264 с.

Бурханов К.Н., Булекбаев С.Б. Казахстанский путь в дилемме: Восток или Запад? – Астана: Елорда, 2010. – 336 с.

Внутренняя и внешняя политика Республики Казахстан в условиях развития мировых интеграционных процессов. – Алматы: КазНУ, 2009. – 400 с.

Вяткин М.П. Очерки по истории Казахской ССР. Том первый. С древнейших времен до 1870 г. – Москва, 1941. – 368 с.

Джунусова Ж.Х. Республика Казахстан: Президент. Институты демократии. – Алматы: Жеті Жарғы. 1996. – 208 с.

Есмагамбетов К.Л. Что писали о нас на Западе. – Алма-Ата: КазГУ, 1992. – 152 с.

История Казахстана в русских источниках. Том I. Посольские материалы Русского государства (XVI-XVII вв.). Составление, транскрипция скорописи, специальное редактирование текстов, вступительная статья, комментарии, составление словариков указателей А. Исына. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 704 с.

История Казахстана в русских источниках. Том 2. Русские летописи и официальные материалы XVI - первой трети XVIII в. о народах Казахстана. Сост., транскрипция, комментарии, вступительная статья И.В. Ерофеевой. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 448 с.

История Казахстана Т.1-5. – Алма-Ата: Наука, 1976-1981.

История Казахстана Т.1-5. – Алматы: Гылым, 2011.

История Казахстана. Очерки. – Алматы, 1994.

История Казахской ССР. – Алматы, 1985.

Кадырбаев А.Ш., Шаймерденова М.Д. Страна изучаемого языка: История, география и культура Казахстана. – М.: Тезаурус, 2012. – 348 с.

Казахстан сегодня. Под ред. Б.Султанова. – Алматы: КИСИ, 2009. – 416 с.

Казахстан: 20 лет независимости. Под ред. Б.К.Султанова. – Алматы: КИСИ, 2011. – 408 с.

Казахстанский путь – 2050. Книга 1. Экономика Казахстана в XXI веке. Коллективная монография / Под общ. ред. Б.К. Султанова. – Алматы:

КИСИ при Президенте РК, 2014. – 244 с.

Казахстанский путь – 2050. Книга 2. Общественно-политическое и социальное развитие. Коллективная монография / Под общ. ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2014. – 156 с.

Казахстанский путь — 2050. Книга 3. Последовательная и предсказуемая внешняя политика. Коллективная монография / Под общ. ред. Б.К. Султанова. – Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2014. – 308 с.

Каруц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. Пер. с нем. – СПб, 1910.

Кляшторный С. Г., Султанов Т.И. Казахстан. Летопись трех тысячелетий. – Алма-Ата, 1992. – 375 с.

Кляшторный С.Г., Султанов Т.Н. Государства и народы Евразийских степей. Древность и средневековье. – СПб., 2000. – 320 с.

Козыбаев И. М. Вопросы внешней политики и истории Казахстана. – Астана: ЕНУ им. Л. Н. Гумилева, 2014. – 241 с.

Кузембайулы А., Абиль Е. История Казахстана. – Астана, 2002.

Куттыкадам С. Казахская драма на сцене и за кулисами. История современного Казахстана. – Алматы: Vox Populi, 2010. – 304 с.

Ларюэль М., Пейруз С. «Русский вопрос» в независимом Казахстане: история, политика, идентичность. Предисловие Н.Космарской. Пер. с франц. Т.Григорьевой. – Москва: Наталис, 2007. – 360 с.

Лаумулин М.Т. Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика, политология. – Алматы: КИСИ, 2000. – 478 с.

Лаумулин М.Т. Центральная Азия в зарубежной политологии и мировой геополитике. Том I: Центральная Азия и Казахстан в современной политологии. – Алма-Ата: КИСИ, 2005. – 704 с.

Лаумулин М., Лаумулин Ч. Дети степей. Книга о Казахстане и его жителях. – Алматы: Жибек Жолы, 2009. – 152 с.

Лаумулин М.Т. История Казахстана и Центральной Азии в мировой ориенталистике (к 550-летию Казахского ханства). Часть I. Становление и развитие востоковедных школ в контексте изучения Центральной Азии и Внутренней Евразии. – Астана – Алматы: КИСИ, 2015. – 408 с. Часть II. Древняя и средневековая история Центральной Евразии в трудах зарубежных востоковедов. – Астана: КИСИ, 2015. – 592 с. Часть III. Изучение истории и этнографии казахов в западном востоковедении. – Астана: КИСИ, 2016. – 264 с. Часть IV. Востоковедение и политология

в контексте изучения Центральной Азии. – Астана: КИСИ, 2016. – 392 с.

Лаумулин М.Т., Галиев А.А., Панфилов А.В. Антология истории Казахстана. Т.І. Ч.І. Под ред. М.Т.Баймаханова, В.К.Григорьева. – Алматы: Адилет, 2001. – 256 с.

Лаумулин М.Т., Галиев А.А., Панфилов А.В. Антология истории Казахстана. Независимый Казахстан. Зарубежная историография. Т.Х. Ч.І. Под ред. А.В. Панфилова. – Алматы: АЮ ВПШ Адилет, 2006. – 140 с.

Лаумулин М.Т. Казахстан в современном мире: внешняя политика многовекторности. – Астана- Алматы: ИМЭП при Фонде Первого Президента, 2014 г. – 272 с.

Маданова М.Х. Казахстан-Франция. Малоизученные страницы общения народов в XIX веке. – Алматы: Казахстан, 1993.

Матвиевский П.Е. Дневник Джона Кэстля как источник по истории и этнографии казахов // История СССР (Москва, АН СССР). № 4. – С. 133-145.

Мендикулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры: происхождение и развитие. – Алматы: Гылым. 1998. – 262 с.

Мендикулова Г.М. Казахская диаспора: история и современность. Мин-во образования и науки РК, Ин-т востоковедения им. Р. Б. Сулейменова. – Алматы: Всемирная Ассоциация казахов, 2006. – 342 с.

Назарбаев Н.А. На пороге XXI века. – Алматы: Онер, 1996. – 228 с.

Назарбаев Н.А. Пять лет независимости. – Алматы: Казахстан, 1996.

Назарбаев Н.А. Эпицентр мира. – Алматы: Кайнар, 2001. – 294 с.

Назарбаев Н.А. Критическое десятилетие. – Алматы: Атамұра, 2003. – 240 с.

Назарбаев Н.А. В Сердце Евразии. – Алматы: Атамұра, 2005.

Назарбаев Н.А. Казахстанский путь. – Астана. 2006.

Назарбаев Н.А. Путь Казахстана. – Астана, 2007.

Назарбаев Н.А. Эра независимости. – Алматы: КАЗакпарат, 2017. – 508 с.

Немецкие исследователи в Казахстане. Часть 1. Пер. с нем. Л.А.Захаровой. Сост. И.В.Ерофеева – Алматы: Санат, 2006. – 408 с.

Немецкие исследователи в Казахстане. Часть 2. Пер с А.П. Евдокимова и Л.И.Быковской. Сост. И.В.Ерофеева. – Алматы: Санат, 2006. – 312 с.

Олкотт М.Б. Казахстан: непройденный путь. – М.: Гендальф, 2003. – 354 с.

Пищулина К.А. Юго-Восточный Казахстан в середине XIV - начале XVI



веков (вопросы политической и социально-экономической истории). – Алма-Ата: Наука, 1977. – 288 с.

Потенциальные этноконфликты в Казахстане и превентивная этнополитика. – Алматы: КИСИ. 1997. – 38 с.

Прошлое Казахстана в источниках и материалах. Сост. С.Д.Асфендияров и П.А.Кунте. – Алма-Ата, 1935.

Радлов В.В. Из Сибири. Страницы дневника. – М.: Наука, 1989. – 749 с.

Руденко С.И. Очерк быта казахов бассейна рек Уила и Сагыза // Казахи: Антропологические очерки. – Л., 1927. Т. 1.

Сатпаева Ш.К. Казахско-европейские литературные связи XIX и первой половины XX вв. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 220 с.

Сванберг И. Казахи Китая. Очерки по этническому меньшинству (сборник статей). Часть I. /Под ред. Л.Бенсон и И.Сванберга. И.Сванберг. Казахские беженцы в Турции. Исследование по культурному выживанию в условиях социальных перемен. Часть II. Пер. с англ. Б.М.Сужикова. /Сост. Г.М. Мендикулова. – Алматы: Санат, 2005. – 456 с.

Султангадиева А.К. Ислам в Казахстане: история, этничность, общество. – Алматы: КИСИ, 1998. – 188 с.

Стронски П. Независимому Казахстану 25 лет: напряженность на фоне стабильности. – М.: МЦК, 2016.

Султанов Б.К. Внешнеполитическая стратегия Президента Н.А.Назарбаева. – Астана: Фолиант, 2010. – 224 с.

Султанов Б.К., Музапарова Л.М. Становление внешней политики Казахстана. – Алматы: ИМЭП, 2005. – 347 с.

Султанов Б.К. Музапарова Л.М. Казахстан и современный мир: сборник статей, выступлений и интервью. – Алматы: КИСИ, 2013. – 354 с.

Султанов Т.Н. Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (вопросы этнической и социальной истории). – Москва, 1982. – 134 с.

Сыроежкин К.Л. Эволюция формирования и основные черты концепций национальной политики КПК. – Алматы: КИСИ. 1998. – 132 с.

Сыроежкин К.Л. Национально-государственное строительство в КНР: теория и практика. – Алматы: КИСИ. 1998. – 157 с.

Токаев К.К. Под стягом независимости. Очерки о внешней политике Казахстана. – Алматы: Білім, 1997. – 736 с.

Толибеков С. Е. Кочевое общество казахов в XVII - начале XX в. Политико-экономический анализ. Алма-Ата. 1971.

Трофимов Д. Центральная Азия: проблемы этно-конфессионального развития. – М.: МГИМО. 1994. – 55 с.

1917 – 2017: Революция және Қазақстан дамуының эволюциялық жолы = 1917 – 2017: революция и эволюционный путь развития Казахстана. – Алматы: Исследовательский институт международного и регионального сотрудничества Казахстанско-Немецкого университета, 2017. – 98 с.

Французские исследователи в Казахстане. Пер. с фр. О. В Рублевой. Сост. И.В.Ерофеева. – Алматы: Санат, 2006. – 272 с.

Чжен Кун Фу. Геополитика Казахстана: между прошлым и будущим. – Алматы: Жеты Жаргы, 1999. – 416 с.

Чулошников А.П. Очерки по истории Казак-Киргизского народа в связи с общими историческими судьбами других тюркских племен. Ч. 1. – Оренбург: Киргизское государство, изд-во, 1924.

Шахматов В.Ф. Казахская пастбищно-кочевая община. (Вопросы образования, эволюции и разложения). – Алма-Ата: Изд-во АН КазССР, 1964.

Эпистолярное наследие казахской правящей элиты 1675-1821 годов. Сборник исторических документов в 2-х томах / Автор проекта, введения, биографий ханов, научных комментариев, составитель и ответственный редактор И.В. Ерофеева. – Алматы: «АБДИ-Компани», 2014. – 696 с.

Юдин В. П. О родоплеменном составе могулов Могулистана и Могулии и их этнических связей с казахскими и другими соседними народами // Изв. АН Каз ССР. Серия общ. наук. Вып. 3. 1965.

Юдин В.П. Персидские и тюркские источники по истории казахского народа XV - XVIII веков // Юдин В.П. Центральная Азия в XIV - XVIII веках глазами востоковеда. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – С. 17-71.

Abazov R. Culture and Customs of the Central Asian Republics. – Westport (CT), London: Greenwood Press, 2007. –XIV+286 p.

Abbot J. Narrative of Journey from Herat to Khiva, Moscow and St.Petersburgh during the late Russian Invasion of Khiva, with some account of the Court of Khiva and the Kingdom of Khaurism. 2 vols. – London, 1843.

Akiner Sh. The Formation of Kazakh Identity: from Tribe to Nation-State. – London: Royal Institute of International Affairs, 1995. – VIII + 83 pp.

Allworth E. (ed.) Central Asia: A Century of Russian Rule. – New York:

Columbia University Press, 1967. – 550 p.

Atkinson L. Recollections of Tartar Steppe and the their Inhabitants. – New York: Arno Press, 1970 (1843). – 351 p.

Atkinson T.W. Oriental and Western Siberia, a narrative of 7 years explorations and adventures in Siberia, Mongolia, the Kirghiz steppes, Chinese Tartary and Part of Central Asia. – London, 1858.

Bacon E.E. Central Asia under Russian Rule. A Study in Cultural Change. – Ithaca, New York: Cornell University Press, 1966. – 273 p.

Bennigsen A., Lemerrier-Quelquejay Ch. Les musulmans oubliés. L'islam en Union Soviétique. –Paris: Maspero, 1981. –320 p.

Benson L., Svanberg I. The Kazakhs of China. Essays on the Ethnic Minority. – Uppsala: Uppsala University Press, 1988. — 250 p.

Benson L., Svanberg I. China's Last Nomads. The History and Culture of China's Kazaks. - New York: M.E.Sharp, 1998. – XIII+251 pp.

Blanchard L. Le Kazakhstan // Études et Conjoncture. Cahiers de l'INSEE. 1961. № 5, – pp.405-487.

Blum D. The Social Process of Globalization: Return Migration and Cultural Change in Kazakhstan. – New York, Cambridge: Cambridge University Press, 2016. – V+214 pp.

Bodger A. Abulkhair Khan of the Kazakh Little Horde, and His Oath of Allegiance to Russia of October 1731 // The Slavonic and East European Review. 1980. Vol.58. № 1, – pp. 40-57.

Bodio T., Wojtaszczyk R.A. Kazakhstan. Historia-społecznstwo-politika. Warszawa: IPS UW, 2000. – S. 500 .

Brummel P. Kazakhstan: the Brandt Travel Guide. – Guilford (CO): Brandt Travel, 2008. – S VII+408 pp.

Brentjes B., Albaum L.I. Herren der Steppe. Zur Geschichte und Kultur mittelasiatischer Völker in islamischer Zeit. — Berlin: Deutscher Verlag der Wissenschaft, 1986. — 192 S. (3.Auflage).

Cagatay C. Kazakca metinler. – Ankara, 1961.

Cagnat R. La rumeur des steppes. Aral, Asie centrale, Russie. – Paris: Payot et Rivages, 2001. – 322 p.

Chambre H. Le Kazakhstan: tiers-monde soviétique? // Union Soviétique et développement économique. 2-me partie. – Paris: Aubier Montaigne, 1967, – pp.259-370.

Cashel J., Kedzic Ch. Kazakhstan: Programs and Prospects // Central Asia Monitor. 1993. № 2, – pp.5-11.

Clark, Milton J. How the Kazaks Fled to Freedom // National Geographic

Magazine. 1955. № 106, – pp. 621-644.

Connolly V. Beyond the Urals. Economic Development in Soviet Asia. – London: Oxford University Press, 1967. – 420 p.

Contemporary Kazaks. Cultural and Social Perspectives. Ed. By I.Svanberg. Richmond: Curzon Press, 1999. – XI+151 pp.

Contemporary Kazakhstan: the Way Ahead. Eds. by A.Mohanty and S.Swain. – New Delhi: Axis Publications, 2009. – XV+314 pp.

Cornell S.E., Engvall J. Kazakhstan in Europe: Why Not? – Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program. – Washington, D.C.: Johns Hopkins University, 2017. – 70 p.

Cornell Svante E., Starr S. Frederick, Tucker Julian. Religion and the Secular State in Kazakhstan. – Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program. – Washington, D.C.: Johns Hopkins University, 2018. – 96 p.

Cotrell Ch.N. Recollections of Siberia in the years 1840 and 1841. – London, 1842.

Cummings S.N. Kazakhstan. Centre-Periphery Relations. - London: The Royal Institute of International Affairs, 2000. – VIII + 55 pp.

Dadabaev T., Komatsu H. (eds.) Kazakhstan, Kyrgyzstan and Uzbekistan: Life and Politics during the Soviet Era. – New York: Palgrave Macmillan, 2017. – VII+147 pp.

Dave B. Kazakhstan — Ethnicity, Language and Power. — London: SOAS, 2008. — 256 p.

Demko G.J. The Russian Colonization of Kazakhstan, 1896-1916. – Boomington, Indiana: Indiana University Publications, Uralic-Altai Series, Vol. 99, 1969.

Dingelstedt V. Le droit coutumier des Kirghiz // Revue Générale des Droits, de la Legislation et de la Jurisprudence. 1890. Vol.14, – pp.141-155, 213-225, 320-330, 451-462, 516-525.

Dingelstedt V. Le rérim patriarcal et de le droit coutumier des Kirghiz. – Paris: Thorin, 1891. – 96 p.

Dixon A. Kazakhstan: Political Reform and Economic Development. – London: The Royal Institute of International Affairs, 1994. – X+42 pp.

Dreyer J.T. The Kazakhs in China // A. Suhrke and L.G. Noble, eds., Ethnic Conflict and International Relations. – New York: Praeger, 1977, – pp. 146-177.

Dschangir, Chan der inneren Horde der Kirgis-Kaisaken // Das Ausland. 1844. Bd.17, – S.711-712.

Dubuisson Eva-Marie. *Living Language in Kazakhstan. The Dialogic Emergence of an Ancestral Worldview.* – Pittsburg: University of Pittsburg Press, 2017. – 200 p.

Einige Nachrichten über das Volk der Kirgis-Kaisaken // *Das Ausland.* 1837. Bd.10, – S.1205-1215.

Einige Sitten und Gebräuche der Kirghizen im Gebiete Semipalatinsk // *Globus.* 1881. Bd.29, – S.90-111.

Engin M. *Kazak ve Tatar Turkleri.* – Istanbul, 1976.

Erman G.A. *Travels in Siberia.* Tr. From German. Vols. 1-2. – London, 1848.

Eschment B. *Hat Kasachstan ein «Russches Problem»?* – Köln: BIOIS, 1998.

Fell Vans-Agnew O. *A British Familiy in the Kazakh Steppe* // *Central Asian Review.* 1962. Vol.10. No 1, – pp.5-11.

Facchini F. (a cura di). *Popoli della Yurta. Kazakhstan tra le origini e la modernita.* – Milano: Jaca Book, 2008. – 320 p.

Ferrier J.P. *Voyages et avantures en Perse, dans l’Afghanistan, le Beloutshistan et le Turkestan.* Trad. de langlais par B.Revoil. T.I-II. – Paris, 1870.

Findeisen H. *Zur Geschichte der kasachisch-russischen Beziehungen.* – Augsburg: Institut für Menschen und Menschheitskunde (N° 255), 1958. – 25 S.

Finke P. *Nomadismus der Kasachen in der Westmongolei.* – Berlin: Freie Universitat, 1995.

Fletcher G. *Essay upon some probable Grounds that the Tartars.* – London: 1677.

Forde C. D. *The Kazak: Horse and Sheep Herders of Central Asia* // Y. A. Cohen. *Man in Adaptation: The Cultural Present.* – Chicago: Aldine Publishing Co., 1968, – pp. 299-309.

Fuhrmann F. *Die Kirgisen und ihr Leben* // *Globus.* 1869. Bd.15, S.180-183.

Fourniau V. *Histoire de l’Asie Centrale.* – Paris: Presses Universitaires de France, 1994. – 128 p.

Gabain A. *von Ohnmacht und Macht der Kasachin; eine Subjektiv-Literarische Studie* // *Central Asiatic Journal.* 1981. Vol. XXV. No 1-2, – pp.54-65.

Gabain A. *von Die heutigen Kasachen* // *Studia Turkologica Memoriae Alessio Bombacci dicata.* – Naples, IUO, 1982, pp.205-217.

Giese E. *Nomaden in Kasachstan* // *Geographische Rundschau*

(Braunschweig). 1983. H.11, – S. 575-588.

Grossler S. Kasachstans schwieriger Weg in die Unabhängigkeit: ein Erfahrungsbericht. – Köln: BIOIS, 1993.

Gumpfenberg M.-C. von. Staats- und Nationsbildung in Kasachstan. – Opladen: Leske und Budrich, 2002. – 231 S. (Forschung Politikwissenschaft; Bd.150).

Hancock-Parmer M. The Soviet study of the Barefooted Flight of the Kazakhs // Central Asian Survey.2015 (Oxford). Vol. 34. Issue 3., – pp. 281-295.

Hanway J. An Historical account of the British Trade over the Caspian Sea. Vol.1-4. – London, 1758.

Herbelot B. de. Bibliothèque orientale, ou Dictionnaire universel, contenant généralement tout ce qui regarde la connaissance des peuples de l'Orient. – Paris, 1697.

Holm-Halsen J. Territorial and Ethno-Cultural Self-government in Nation-building in Kazakhstan. – Oslo: Norwegian Institute for Urban and Regional Research, 1997. – 100 p.

Hudson A.E. Kazak Social Structure. – New Haven: Yale University Press, 1938.

(Die) innere Kirgisenhorde // Das Ausland. 1842. Bd.15, S.682-683.

Jaunez Sponville A. Chez les Kirghiz // Bulletin de la Société de Géographie. 5-me série. 1865. Vol.9, – pp.428-475.

Karutz R. Von kirgisischen Hochzeit und Ehe auf Mangyschlak // Globus. 1910. Bd. 97, – S.37-43.

Karutz R. Unter Kirgisen und Turkmenen. Aus dem Leben der Steppe. – Berlin, Leipzig: Klinkhardt und Biermann, 1911. – 151 S.

Karutz R. Von kirgisischer Hochzeit und Ehe auf Mangyschlak // Globus. 1910. Bd. XCVII. Nr 3, S.37-43.

Karutz R. Die Völker Nord- und Mittel-Asiens. – Stuttgart: Franckhische Verlaghandlung, 1925. – 120 S.

Kittary M. Das Lager des Chans der inneren Kirgisenhorde // Das Ausland. 1849. Bd.22, – S.1097-1184.

Kazakhstan Special. Ed. by K.Warikoo. Himalayan and Central Asian Studies (New Delhi). 2006. Vol.10. № 4. – 136 p.

Kazakhstan Special. // Himalayan and Central Asian Studies (New Delhi). 2008. Vol. 12. No 3-4. – 182 p.

Kasachstan. Staat im Zentrum Eurasiens. Wostok Spezial // Wostok (Berlin). 2001. Nr 4. – S.1-82.

Kasachstan: Daten und Fakten. – Berlin: Köthen, 2003. – 193 S.

Kazakhstan Today. Ed. by B.Sultanov. – Almaty: KazISS, 2010. – 356 p.

Kendirbaeva G. 'We are children of Alash...' The Kazakh Intelligentsia at the beginning of the 20<sup>th</sup> Century in Search of National identity and prospects of the Cultural Survival of the Kazakh People // Central Asian Survey. 1999. Vol.18. № 1, - pp. 5-36.

Khazanov A., Winck A. (eds.) Nomads in the Sedentary World. – Richmond: Curzon, 2001. – 210 pp.

(Die) Kirgisen (nach A.Lewschin und Göbel) // Taschenbuch zur Verbreitung geographischer Kenntnisse. 1842. Bd.20, – S.26-75.

Kirgisische Volksdichter und Sängere // Das Ausland. 1890. Bd. 63, – S.645-647.

Klaproth J. Sur la langue des Kirghiz // Journal Asiatique. 1825.T. 7, – pp. 321-344.

Klaproth J. La langue de Kirghiz // Revue orientale et américaine. 1878. N. S. T.2, – pp.227-238.

Köppen P.v. Die dem Russischen Reiche unterworfenen Kirgisen // Petersmanns Mitteilungen. 1858. Bd.4, – S.496-501

Krader L. Bibliography of Kazakhstan. – Washington, DC, 1954. – 40 p.

Krader L., Wayne L. The Kazakhs. – Washington, 1955.

Krader L. Ethnonymy of Kazakh. American Studies in Altaic Linguistics. – Bloomington, The Hague: Indiana University Press, 1962. – 123 p.

Krader L. Peoples of Central Asia. – Bloomington, The Hague: Indiana University Press, 1963. – 320 p.

Krader L. Social Organization of the Mongol-Turkic Pastoral Nomads. – The Hague: Mouton, 1963. – 412 p.

Krader L., Wayne I. The Kazakhs: A Background Study for Psychological Warfare. – Washington, D.C.: Human Resources Research Office Technical Report, 1955.

Krader L. Ecology of Central Asian Pastoralism // Southwestern Journal of Anthropology. 1955. Vol.12. № 4, – pp. 301-326.

Krader L. The Ecology of Nomadic Pastoralism // International Social Science Journal. 1959. Vol.XI. No 4, pp.499-510.

Krader L. Ethnonymy of Kazakh. American Studies in Altaic Linguistics. – Bloomington, The Hague: Indiana University Press, 1962. – 123 p.

Krader L. Peoples of Central Asia. – Bloomington, The Hague: Indiana University Press, 1963. – 320 p.

Krader L. Social Organization of the Mongol-Turkic Pastoral Nomads. –

The Hague: Mouton, 1963. – 412 p.

Krader L. The Origin of the State among the Nomades of Asia // Die Nomaden in Geschichte und Gegenwart. – Berlin, 1981, S.71-82.

Kudaibergenova D.T. Rewriting the Nation in Modern Kazakh Literature. Elites and Narratives. – New York: Lexington Books, 2017. – XVIII+258 pp.

Laruelle M. Peurouse S. Les russes du Kazakhstan: identités nationales et nouveau États dans l'espace post-soviétique. – Paris: Maisonneuve et Larose, 2004.

Laruelle M. (ed.) Kazakhstan in the Making. Legitimacy, Symbols, and Social Changes. – London, New York: Lexington Books, 2016. – 304 p.

Laruelle M. (ed.) Kazakhstan: Nation-Branding, Economic Trials, and Cultural Changes. – Washington, D.C.: The George Washington University, Central Asia Program, 2017. – 85 p.

Laude-Cirtautas I. Terms of Endearment in the Speech of the Kazakh Elders // Central Asiatic Journal (Wiesbaden).1979. Vol. XXIII. Nr 1-2, – pp. 84-95.

Laumulin M., Laumulin Ch. The Kazakhs: Children of the Steppes. – Kent (UK): Global Oriental, 2009. – XI+150 pp.

Laumulin M. The Security, Foreign Policy and International Relationship of Kazakhstan after Independence: 1991-2001. – Almaty: KazISS and Friedrich Ebert Stiftung, 2002. – 212 p.

Le Kazakhstan: Partenaire Stratégique de l'Europe // Diplomatie. Affaires Stratégiques et Relations Internationales. – Paris: AREION, 2009. – 16 p.

LeDonne J.P. The Russian Empire and the World 1700-1917: the Geopolitics of Expansion and Containment. – New York, Oxford: Oxford University Press, 1997. – XXI+394 pp.

Lee J. Qazaqlik, or ambitious Brigandage, and the Formation of the Qazaqs: State and Identity in Post-Mongol Eurasia. – Boston: Brill, 2016. – XIV+238 pp.

Létolle R., Mainguet M. Der Aralsee. Eine Ökologische Katastrophe. – Berlin, Heidelberg: Springer, 1996. – 517 S.

Létolle R. La mer d'Aral. – Paris: L'Harmattan, 2009. – 318 p.

Levchine A. Manière de vivre de kirghiz-kaissaks // Journal Asiatique. 1831. № 7, – pp.217-223.

Levshin A.I. Description des hordes et des steppes Kirghiz-Kazakhs. – Paris, 1840.

Lévi-Strausse C. Les structures élémentaires de la parenté. – Paris, 1949.

Lias G. Kazak Exodus. – London: Evans Brothers Limited, 1956.



Lias G. Büyük Kazak Göçü. Bu eserin aslinin adi „Kazak Exodus“. – Istanbul, 1958. – 101 s.

Light N. Qazaqs in the People’s Republic of China: The Local Processes of History. Occasional Paper № 22. – Bloomington, Indiana: MacArthur Scholars Series, 1994.

Light N. Kazakhs of the Tarbagatai: Ethno-History through the Novel // Turkish Studies Association Bulletin. 1992. Vol. 17. № 2, – pp. 91-101.

Martin V. Law and Custom in the Steppe: The Kazakhs of the Middle Horde and Russian Colonialism in the Nineteenth Century. – London: RoutledgeCurzon, 2001.

Mayerczak R. La justice chez les Kirgiz-Kazaks // Revue du Mond Musulman. 1917-18. Vol.XXXV, – pp.254-272.

Mayerczak R. Renseingment historique sur les Kazaks ou Kirghizes-Kazaks depuis la formation de la Horde Kazaks jusqu’à la fin du XIX siècle // Revue du Mond Musulman. 1921. Vol.43, – pp.54-220.

Morrison I. Some Notes on the Kazakhs of Sinkiang // Journal of the Royal Central Asian Society. 1948-49. № 36, – pp.67-71.

Moseley G. A Sino-Soviet Cultural Frontier: The Hi-Kazakh Autonomous Chou. – Cambridge: East Asian Research Center, Harvard University, 1966.

Muraviev M.N. Voyage en Turkomanie et à Khiva. – Paris, 1823.

Nazarbaev N. Without Right and Left. – London, 1992.

Nazarbajew N. An der Schwelle zum 21.Jahrhundert. Übers. von G.Rieger und M.D.Dreves. – Nürnberg: Harnisch, 1997. – 260 S.

Nazarbaev N. Sans droites ni gaushes. – Lausanne: L’Age d’Homme, 1993. – 225 p.

Nasarbajew N. Kasachstans Weg. – Berlin: Hans Schiler Verlag, 2008. – 270 S.

Nasarbajew N. Epizentrum des Friedens. – Berlin: Hans Schiler Verlag, 2009. – 247 S.

Neubert H. Nomadeneinhaltung und Karakulschafzucht in Kasachstan // Die Nomaden in Geschichte und Gegenwart. – Berlin: Akademie Verlag, 1981. – S.127-131.

Neumann K. Die Kirgis-Kasaken und ihre Stellung zu Russland // Das Ausland. 1857. Bd. 30, – S.1201-1233.

(Die) nordliche Kirgisensteppe // Das Ausland. 1858. Bd.31, – S.429-431.

Olcott M.B. The Kazakhs. 2<sup>nd</sup> Edition. – Stanford: Hoover Institution Press, 1995. – XXIII+388 pp.

Olcott M.B. Kazakhstan: Unfulfilled Promise. – Washington: Carnegie

Endowment, 2002. – XII+321 pp.

Paquier J.B. L'Asie Centrale. – Paris: Maisonville, 1876. – 222 p.

Paquier J.B. L'Asie Centrale à vol doiseau. – Paris: Société Bibliographique, 1881. – 176 p.

Petri E. Über die Rechtsbegriffe der Kirgisen // Das Ausland. 1881. Bd.59, –S.70-71.

Pierce R.A. Russian Central Asia. 1867-1917. A Study in Colonial Rule. – Berkley, Los Angeles: University of California Press, 1960. – 359 p.

Poujol C. Le Kazakhstan. – Paris: Presses Universitaires de France, 2000. – 128 p.

Poujol C., Gentelle P. (dir.) Peuples des steppes en Asie centrale. – Paris: Arment, 2002. – 223 p. (Collection Monde №132)

Price M. Ph. The Great Kazakh Epic // Journal of the Royal Central Asian Society. 1954. № 41, – pp. 249-52.

(The) Principal Navigations, Voyages, Traffiques and Discoveries of the English Nation. – London, 1598-1600.

Radlov V.V. Observations sur les Kirghiz // Journal Asiatique. 1863. № 2, –pp.309-328.

Radlow W.W. (Hrsg. und Überst.) Proben der Volksliteratur der türkischen Stämme Süd-Sibiriens und der dsungarischen Steppe. 10 Bände in 18. – Leipzig: Zentralantiquariat der DDR, 1965.

Robbins Ch. In Search of Kazakhstan. The Land that Disappeared. – London: Profile Books, 2007. – 296 p.

Rona-Tas, A. Notes on the Kazak Yurt of West Mongolia // Acta Orientalia Hungaricce. 1962. №12, – pp. 79 - 102.

Rywkin M. Russia in Central Asia. – New York, London: Macmillan, 1963. – 191 p.

Rywkin M. Moscows Muslim Challenge: Soviet Central Asia. – Armonk, New York, London: Collier, 1982. – 186 p.

(La) Russie dans la Presse Parisienne. 1848-1859 // Cahiers du Monde Russe et Soviétique. 1968. Vol.IX. № 3-4, – pp.386-436.

Sanders R. Staying at home: identities, memories and social networks of Kazakhstani Germans. – New York, Oxford: Berghahn Books, 2016. – 256 p.

Schatz E. Modern Clan Politics: the Power of 'Blood' in Kazakhstan and Beyond. – Seattle, London: University of Washington Press, 2004. – XXVI + 250 pp.

Schreiber D. Kasachstan entdecken. Auf Nomadenwegen zwischen Kaspischem Meer und Altaj. –Berlin: Trescher Verlag, 2003. – 499 S.

Schreiber D. Kasachstan. Nomadenwege zwischen Kaspischem Meer und Altaj. – Berlin: Trescher Verlag, 2009. – 430 S.

Sitten der Kirgisen // Archiv für wissenschaftliche Kunde von Russland. 1855. Bd.XIV. H.1-2.

Sitten und Gebräuche der Kirgisen // Das Ausland. 1832. Bd.5, – S.1071-1096.

Schwarz H. Otrar // Central Asian Survey. 1998. Vol.17. Nr. 1, – pp. 5-10.

Seeland N. Les Kirghis // Revue d'Antropologie. 1886. Vol.XV, – pp.25-92.

Starr S. Frederick, Engvall J., Cornell Svante E. Kazakhstan 2041: The Next Twenty-Five Years. Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies Program. – Washington, D.C.: Johns Hopkins University, 2016. – 67 p.

Svanberg I. Kazak Refugees in Turkey. A Study of Cultural persistence and Social Change. – Uppsala: Uppsala University Press, 1989. – 211 p.

Svanberg I. Kazakstan and the Kazakhs // Graham Smith, ed. The Nationalities Question in the Post-Soviet States. – London: Longman, 1996.

Svanberg I. In Search of a Kazakhstani Identity // Journal of Area Studies. 1994. № 4, – pp. 113-123.

Svanbeg I. (Ed.) Contemporary Kazakhs. Cultural and Social Perspectives. - Richmond: Curzon Press, 1999. – XI + 151 pp.

Swicceney F. Bilder aus dem Leben der Kirgisen // Mitteilungen der Geographischen Gesellschaft in Wien. 1871. Bd. 14, – S.272-282.

Teissier B. (ed.) Into the Kazakh Steppe: John Castle's Mission to Khan Abulkhair (1736). – Oxford: Signal Book, 2014. – XIV+196 pp.

Wardell J.W. In the Kirghiz Steppes. – London: The Galbry Press, 1961.

Weitz R. Kazakhstan and the New International Politics of Eurasia. – Washington, DC: Central Asia-Caucasus Institute & Silk Road Studies, 2008. – 189 p.

Weller R.Ch. Rethinking Kazakh and Central Asian Nationhood. – A Challenge to Prevailing Western Views. – Los Angeles: Asia Research Associates, 2006.

Werner C. The Significance of Tribal Identities in the Daily Life of Rural Kazakhs in South Kazakhstan. – New York: Columbia University, 1997.

Wiener T.G. The Kazak Heroic Epos // Journal of the Royal Central Asiatic Society (London). 1951. Vol.38, – pp.280-291.

Winner Th.G. The Oral Art and Literature of the Kazakhs of Russian Central Asia. – Durham (NC): Duke University Press, 1958. – 269 p.

Zaleski B. La vie de steppes kirghizes: descriptions, récits, contes. – Paris, 1865. – 56 p.

## Резюме

Қазақ пен Қазақстанның тарихы және кең ауқымда қарастыратын болсақ – Орталық Азия мен Еуразия, сонымен қатар номадизм тарихы мен оның көшпелі халық өміріндегі ролі әлемдік деңгейдегі зерттеушілер үшін әлі күнге дейін жауабы табылмаған көптеген сұрақтарды туындатты.

Кітапта Орталық Азия тарихы бойынша ежелгі және ортағасырлық дереккөздер зерттеледі, Орталық Азия халықтары туралы ежелгі авторлардың деректері, ортағасырлық дереккөздер, байырғы дереккөз, мұсылмандық тарихнама, сонымен қатар қытай дереккөздері. Әрі қарай аймақтағы ортағасырлық тарихты зерттеудегі негізгі бағыттар қарастырылады. Оған номадизмнің тұжырымдамасы және көшпенділердің мәдениеттануы, түркітану, алтайтану және аймақтағы көне және ортағасырлық тарихтың тіл білімі, түрфандық зерттеулер және ұйғыртану, қыпшақтану (куманология) сияқты бағыттар жатады. Өкінішке орай, осы басылымда шағатай зерттеулері өте аз қамтылды.

Жеке тарауда ежелгі және ортағасырлық Еуразияның ірі көшпелі империясы – ғұндардың, ежелгі түркі, моңғол және Моңғол империясы эпигондарының, Темір империясының мәселелері қарастырылған.

Кітаптың негізгі бөлігі қазақтардың тарихы мен этнографиясын зерттеуге арналған (батыстық шығыстануға ерекше мән берілген). Мұнда кеңінен қарастырылған мәселелер: көне замандағы дереккөздер мен Жаңа дәуірдің қазақтары туралы деректер; еуропалық жиһанкездердің және зерттеушілердің қазақтар мен Қазақстан туралы жазбалары мен бақылауына іліккендері.

Шетелдік зерттеушілердің (негізінен заманауи) сөздерінің негізінде тарихи контексте Қазақ хандығының (оның 550 жылдық мерейтойы осы монографияны жариялауды тездетуге мүмкіндік берді) тарихы баяндалды, онда Темір әулетінен кейінгі Орта Азия, Қазақ хандығының құрылуы мен шарықтау кезеңі, хандықтың құлауы, Кіші жүздің Ресейге қосылуы, Орта жүзді жаулап алу, даладағы тойтарыс, Ұлы жүздің бағынуы және Орта Азияны жаулау сияқты сюжеттер баяндалды.

Жеке тарау қазақ номадизмінің феноменін географиялық фактор және табиғи орта, әлеуметтік құрылым, саяси жүйе және қазақтардың

көшпелі мәдениеті сияқты ғылыми мәселелер контексінде қарастырады. Күні бүгінге дейін өзектілігі мен маңызын жоймаған көшпелі дәстүрлі қазақ қоғамының модернизациясы сияқты мәселе де назардан тыс қалмаған. Осыған орай мына мәселелерге орай батыстық көзқарас та баяндалған, олар: орыстардың ықпалы, мәдени өзгерістер: еуропаландыру және орыстандыру, сонымен қатар әлеуметтік-экономикалық модернизация. Осы бөлімді шетелдегі қазақтарды, негізінен Қытай, Түркия, Моңғолияда зерттеу жүргізген батыс зерттеушілерінің экскурсы тәмамдайды.

Кітаптың соңғы тарауы Орталық Азияны зерттеу контексіндегі шығыстану мен саясаттанудың сабақтастығы мен өзара байланысын көрсетеді. Негізгі орынды Орталық Азияны және оның тарихын заманауи саясаттануда зерттеу алған. Бұл аймақ және Орталық Азиядағы жекелеген мемлекеттер туралы көптеген жарияланымдардың тарихи экскурсына байланысты. Ғылыми көзқарас тұрғысынан алып қарағанда (өте сирек жағдайды ескергенде) олардың ешқандай ғылыми маңызы жоқ. Дегенмен, толық сипаттама беру үшін барынша тұжырымдамалық басылымдар материалдың мазмұнына енгізілді.

Осы басылым Орталық Азия және Еуразия тарихы бойынша барлық дереккөзтану және тарихнамалық әдебиет корпусын толық қамтиды деуге келмейді, ол мүмкін де емес. Жыл сайын жаңа дереккөздер табылып, үнемі жаңа тұжырымдама, түсіндірме мен теориялар ұсынылады.

## Resume

The history of Kazakhs and Kazakhstan, and in broader context – history of Central Asia and Eurasia, as well as history of nomadism and the role of nomadic peoples raised the long group of questions addressed to the world academic community, but many questions still didn't find the responds.

The book considers ancient and medieval sources on the Central Asian history, including information of the ancient authors on peoples of Central Asia, medieval sources, autochthonous sources, Muslim historiography, as well as Chinese sources. Then it presents an observation of major research directions in the medieval history of the region. They include such directions as the concept of nomadism and the culturology of nomadism, turkology, Altaic studies and linguistics regarding early and medieval history of the region, Turfan studies and Uyghur studies, Kipchak studies (Kumanology). Unfortunately, Chagatai studies in this work are represented not to full extent.

A separate chapter describes the problematics of the big nomadic empires of Eurasia in the ancient times and medieval era – Huns, Ancient Turks, Mongols and Epigonis of the Mongol Empire, Timur's Empire.

The book is dedicated also to the observation of history and ethnography of Kazakhs (mostly in Western oriental studies). Here we see the broadest problematics: early sources and data on Kazakhs of the Modern history, notes and observations of European travelers and researchers about Kazakhs and Kazakhstan. In the historic context, the words of foreign researchers (mostly modern) describe the history of the Kazakh Khanate, which includes such scenes as Central Asia after Timurids, formation and rise of the Kazakh Khanate, fall of the Khanate, accession of the Little Horde to Russia, conquest of the Middle Horde, resistance in the steppe, subjugation of the Great Horde and conquest of Central Asia.

A separate chapter reviews the phenomenon of Kazakh nomadism in the context of such scientific problems as geographic factor and natural environment, social structure, political system and nomadic culture of Kazakhs. Such still acute and topical issue as modernization of the traditional nomadic Kazakh society also has not been ignored. In this context, the book presents western opinions regarding the following issues: Russian

influence, cultural changes (Europeanization and Russification), as well as socio-economic modernization. This part ends with an insight into the studies by western researchers on Kazakhs abroad, mostly in China, Turkey and Mongolia.

The special chapter of the book shows succession and coherence of oriental studies and political science within Central Asia studies. This part opens prerevolutionary history of the region in the works of foreign researchers. Here, the two following biggest problems prevail: accession of Central Asia to Russia and associated so called “the Great Game”. However, the main emphasis is placed on Central Asia studies and its history in modern political science. It is related to the fact that numerous publications about the region and certain countries of CA include, as a rule, historical insight. From the scientific point of view, these paragraphs have no (with few exceptions) scientific significance. Nevertheless, for the integrity of the picture, most conceptual publications are included into the material.

This publication makes no claims as to cover the entire source study and historiography corpus on the history of Central Asia and Eurasia, which is impossible. Every year opens new sources, constantly presents new concepts, interpretations and theories.

## Автор туралы мәлімет

Лаумулин Мұрат Тұрарұлы (1959 жылы дүниеге келген), 1976 жылы Алматыдағы Республикалық физика-математика мектебін бітірген. 1976-1982 жылдар аралығында С.М.Киров атындағы ҚазМУ-дің (қазіргі Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ) Тарих факультетінде «Шет тілі және орта ғасыр тарихы» мамандығы бойынша арнайы бөлімде оқыған. 1982-1985 жылдары ҚазМУ-дің Гуманитарлық факультеттің Шет тілдері кафедрасында оқытушы болып қызмет атқарған. 1985-1987 жылдары Қазақстан ҒА-ның Тарих, археология және этнология институтында ғылыми қызметкер болған. М.Т.Лаумулин 1987 жылы Мәскеудегі КСРО ҒА-ның Тарих институтына аспирантураға түсіп, 1990 жылы Қазақстан тарихындағы батыстық тарихнама бойынша кандидаттық диссертация қорғады. 2003 жылы саясаттану бойынша Орталық Азиядағы геосаясат және қауіпсіздік мәселелері бойынша докторлық диссертация қорғады.

1990-1993 жылдары ҚР ҰҒА-ның Тарих және этнология институтында аға ғылыми қызметкер, 1992-1997 жылдары ҚР ҰҒА-ның Шығыстану институтында аға ғылыми қызметкер, 1992-1997 жылдары (үзілістермен) Қазақстан Президенті жанындағы Стратегиялық зерттеулер институтында жетекші ғылыми қызметкер болған. 1990-2013 жылдар аралығында (үзілістермен) М.Т.Лаумулин ҚазМУ-дің халықаралық бөлімдерінде, Саясаттану факультетінде (ҚазҰУ), «Қайнар» университетінде Орталық Азияның шетелдік тарихнамасы, халықаралық қатынастар және Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты, саясаттану және дипломатия туралы арнайы курстар бойынша дәріс оқыды. 1998-2002 жылдары М.Т.Лаумулин Германияда дипломатиялық қызметте болды.

2002-2003 жылдары ҚСЗИ директорының орынбасары, 2003-2013 жылдары ҚСЗИ бас ғылыми қызметкері, 1999-2006 жылдары «КонтинентТ» қоғамдық-саяси журналының саяси шолушысы болды. 2006-2009 жылдары «Астана» телеарнасында «Международная панорама» бағдарламасының жүргізушісі, 2006-2013 жылдары (үзілістермен) Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті қорының жанындағы Дүниежүзілік экономика және саясат институтының бас ғылыми қызметкері болды.

2013–2018 жылдары Қазақстан Республикасының Беларусь



Республикасындағы Елшілігінің кеңесші-уәкілі. 1993-1994, 1998-2002, 2009 жылдары М.Т.Лаумулин Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде қызмет істеді. 1992 жылы М.Т.Лаумулин Монтерей халықаралық зерттеулер институтында тағылымдамадан өтті (АҚШ). 1993-1994 жылдары АҚШ-тың Мемлекеттік департаменті жанындағы және ГФР СІМ қысқа мерзімді дипломатиялық тағылымдамадан өтті. М.Т.Лаумулин шақыртылған зерттеуші ретінде түрлі шетелдік орталықтарда, мысалы 1994 жылы Мэрилэнд университетінде, 1995 жылы Монтерей халықаралық зерттеулер институтының жанындағы Ядролық қарусыздандыру орталығында (АҚШ), 1997-98 жылдары Еуропалық ынтымақтастыруды зерттеу орталығында (ГФР) жұмыс істеді. 1992 жылдан бастап М.Т.Лаумулин – Ядролық қарусыздандыру мәселелерін зерттейтін Халықаралық топтың тұрақты мүшесі.

М.Т.Лаумулин түрлі шетелдік қорлардың гранттары мен стипендияларымен марапатталды, атап айтқанда - Фулбрайт қоры (1995), Макартуров қоры (1997), Германия ғылым академиясының конференциясы (1997), Вашингтондағы Дж.Кеннан атындағы институт (1998) және Римдегі САҚҰ (Солтүстік Атлант келісім ұйымы) қорғаныс колледжі (2002).

М.Т.Лаумулин – жүзге жуық мақала, Қазақстан және Орталық Азия тарихы мен тарихнамасы мәселелері, шығыстану, халықаралық қатынастар және Қазақстанның сыртқы саясаты бойынша жазылған 35 монография авторы. М.Т.Лаумулиннің ғылыми және публицистикалық еңбектері Ресей, Беларусь, Қырғызстан, АҚШ, ГФР, Ұлыбритания, Франция, Швеция, ҚХР, Иран, Түркия, Үндістан және Пәкістанда жарық көрген.

*Электронды пошта (пікір қалдыру үшін): [muratlau@mail.ru](mailto:muratlau@mail.ru)*

## **Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты**

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты (ҚСЗИ) Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 16 маусымдағы Жарлығымен құрылған. 2014 жылдың сәуір айында Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Институт Астана қаласына көшірілді. 2018 жылы Институт өзінің 25 жылдық мерейтойын атап өтті.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының құрылған күнінен бастап оның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы саясатының стратегиялық аспектілерін аналитикалық қамтамасыз ету.

ҚСЗИ кәсіби ғылыми-талдау орталығы болып табылады. 2018 жылдың қорытындысына сәйкес Пенсильвания университетінің «Global Go To Think Tank Index Report» дүниежүзілік зерттеу және талдау орталықтарының негізгі рейтингі бойынша ҚСЗИ әлемнің 8162 «ақыл орталықтары» арасынан 142 орынды иемденіп, рейтингке кірген жалғыз қазақстандық «ақыл орталығы» болды ([https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think\\_tanks](https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think_tanks)).

Қазіргі таңда институтта саясаттану, әлеуметтану, мемлекеттік басқару, тарих және экономика секілді салалардың танымал мамандары – ҚР ҰҒА бір корреспондент-мүшесі, тоғыз ғылым докторы, бес ғылым кандидаты, үш Ph.D. және он екі ғылым магистрлері қызмет атқарады. ҚСЗИ-дың Алматы қаласында Өкілдігі бар және аймақтарда жаңадан өкілдіктер ашты.

ҚСЗИ өзінің 25 жылдық қызметі барысында институт халықаралық қатынастар, жаһандық және аймақтық қауіпсіздік мәселелері бойынша 300-ден астам кітап басып шығарды. Институтта үш журнал басылып шығарылады: «Қоғам және Дәуір» тоқсандық ғылыми-сараптамалық журналы (қазақ тілінде), «Казахстан-Спектр» тоқсандық ғылыми журналы (орыс тілінде) және «Central Asia's Affairs» тоқсандық сараптамалық журналы (ағылшын тілінде). Үш тілде жүргізіліп отыратын сайты, Facebook және Twitter әлеуметтік желілерінде өз парақшасы бар.

ҚСЗИ жыл сайын халықаралық ғылыми конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар, сарапшылар кездесулерін өткізіп тұрады. 2003 жылдан бері Институт Орталық Азия аймағының қауіпсіздігі мен тұрақтылығы мәселелеріне арналған 15 конференция өткізді. 2018 жылдың 15 маусымында Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы ҚСЗИ-нің 25 жылдығына арналған «Жаңғыртудың ұлттық стратегиялары: жетістіктері мен келешегі» атты мерейтойлық конференция өтті.

ҚСЗИ-дың ғылыми басқосуларына Қазақстан өңірлерінің және Орталық Азия елдерінің сарапшылары, сонымен қатар, АҚШ, Ауғанстан, Әзербайжан, Германия, Грузия, Жапония, Иран, Корея, Қытай, Моңғолия, Пәкістан, Ресей, Түркия, Үндістан, Ұлыбритания, Франция, Швеция және басқа да мемлекеттердің ғалымдары белсене қатысады.

ҚСЗИ көп жылдардан бері Қазақстанның жетекші жоғарғы оқу орындарының студенттері, магистранттары мен докторанттары ғылыми зерттеу, кәсіби және дипломалды тәжірибелер мен тағылымдамалардан өтетін алаң болып келеді.

Институтта қызметкерлердің кәсіби және ғылыми өсулері үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. 2017-2018 жылдары Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі ҚСЗИ үшін докторантура мен магистратураға мақсаттық гранттар бөлді. Қазіргі таңда ҚСЗИ Л.Н. Гумилёв атындағы Еуразия ұлттық университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті базасында 6 магистрант және 10 Ph.D. докторант дайындап жатыр.

ҚСЗИ туралы толық ақпаратты төмендегі мекен-жайдан алуға болады:

Қазақстан Республикасы, 010000,  
Нұр-Сұлтан, Бейбітшілік көшесі, 4  
Тел.: +7 (7172) 75-20-20  
Факс: +7 (7172) 75-20-21  
E-mail: office@kisi.kz  
www.kisi.kz, www.kaziss.kz

## **Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан**

Казахстанский институт стратегических исследований (KAZISS) при Президенте Республики Казахстан создан Указом Президента Республики Казахстан 16 июня 1993 года. В апреле 2014 года Указом Президента Республики Казахстан КИСИ был передислоцирован в город Астану. В 2018 году Институт отметил свой 25-летний юбилей.

С момента своего возникновения основной задачей Казахстанского института стратегических исследований при Президенте Республики Казахстан является прогнозно-аналитическое обеспечение стратегических аспектов внутренней и внешней политики Республики Казахстан.

КИСИ является профессиональным научно-аналитическим центром. По итогам 2018 года КИСИ стал единственным казахстанским «мозговым центром», вошедшим в основной рейтинг «Global Go To Think Tank Index Report» Пенсильванского университета, заняв 142 место среди 8162 мозговых центров мира ([https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think\\_tanks](https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think_tanks)).

В настоящее время в институте работают один член-корреспондент НАН РК, девять докторов и пять кандидатов наук, три доктора Ph.D, двенадцать магистров – специалисты в области политологии, социологии, государственного управления, истории и экономики. КИСИ имеет Представительство в г. Алматы, а также открывает свои представительства в регионах.

За 25 лет деятельности институтом было издано более 300 книг по международным отношениям, проблемам глобальной и региональной безопасности. В КИСИ издаются три журнала: «Қоғам және Дәуір» (на казахском языке), «Казахстан-Спектр» (на русском языке), «Central Asia's Affairs» (на английском языке). Институт располагает собственным сайтом на трех языках: казахском, русском и английском, а также ведет аккаунты в социальных сетях Facebook и Twitter.

КИСИ ежегодно проводит международные научные конференции, семинары, круглые столы, экспертные встречи. С 2003 года проведено 15 Ежегодных конференций КИСИ по вопросам безопасности и стабильности в Центральной Азии. 15 июня 2018 года состоялась юбилейная конференция «Национальные стратегии модернизации:

достижения и перспективы», посвященная 25-летию КИСИ при Президенте РК.

В научных форумах КИСИ принимают участие эксперты из Казахстана и стран Центральной Азии, а также ученые из Азербайджана, Афганистана, Великобритании, Германии, Грузии, Индии, Ирана, Китая, Республики Корея, Монголии, Пакистана, России, США, Турции, Франции, Швеции, Японии и др.

КИСИ является многолетней базой для прохождения научно-исследовательских, профессиональных, преддипломных практик и стажировок для студентов, магистрантов и докторантов высших учебных заведений страны.

В настоящее время в институте созданы необходимые условия для профессионального и научного роста сотрудников. В 2017 и 2018 годах Министерство образования и науки Республики Казахстан выделило для КИСИ целевые гранты в Ph.D докторантуру и магистратуру. На сегодняшний день КИСИ готовит на базе Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилёва и Казахского национального университета им. аль-Фараби – 6 магистрантов и 10 докторантов Ph.D.

Более подробную информацию о КИСИ можно получить по адресу:

Республика Казахстан, 010000

Нур-Султан, ул. Бейбітшілік, 4

Тел.: +7 (7172) 75-20-20

Факс: +7 (7172) 75-20-21

E-mail: office@kisi.

www.kisi.kz, www.kaziss.kz

## **The Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of the Republic of Kazakhstan**

The Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the President of Kazakhstan (KAZISS) was established on June 16, 1993, by the Decree of the President of Kazakhstan. In April 2014, the President of Kazakhstan issued the Executive Order to relocate the KazISS to Astana. In 2018, the Institute celebrated its 25th anniversary.

Since its foundation, the mission of the KazISS has been the provision of forecast and analytical support of strategic perspectives of the domestic and foreign policies of Kazakhstan.

The KazISS is a professional think tank. At the end of 2018, KazISS became the only Kazakhstan's "think tank", which was included to the main rating of the "Global Go To Think Tank Index Report" of the University of Pennsylvania, occupying 142nd place among 8162 think tanks of the world ([https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think\\_tanks](https://repository.upenn.edu/cgi/viewcontent.cgi?article=1017&context=think_tanks)).

The KazISS employs a highly professional pool of experts; at present it includes two Corresponding Members of the National Academy of Science, one Corresponding Member of the Military Academy of Kazakhstan, nine Doctors of Science, five Candidates of Science, three PhDs and twelve Masters specializing in political science, sociology, public administration, history, and economics. The Institute has a representative office in Almaty and it is currently launching a number of branches in other regions of Kazakhstan. During the twenty-five years experience, the KazISS have published more than 300 books on international relations, global and regional security. The Institute issues three journals: the *Kogam zhane Dayir* (in Kazakh), the *Kazakhstan-Spectrum* (in Russian) and the *Central Asia's Affairs* in English. The KazISS has a trilingual website (in Kazakh, Russian, and English) and manages the corporate accounts on Facebook and Twitter.

The KazISS holds a great number of international conferences, seminars and round-table discussions on the annual basis. Since 2003, the KazISS has held fifteen Annual Conferences on Security and Stability in Central Asia. On June 15, 2018 passed International Conference «National modernization strategies: Achievements and Prospects», dedicated to the 25th anniversary of the Kazakhstan Institute for Strategic Studies under the

President of the Republic of Kazakhstan.

The KazISS forums are attended by reputable experts from Kazakhstan and Central Asia as well as from Azerbaijan, Afghanistan, China, France, Georgia, Germany, India, Iran, Japan, Korea, Mongolia, Pakistan, Russia, Sweden, Turkey, the UK, the USA and others.

For the long period the KazISS has been considered as the distinguished place for the research, professional and thesis internships of bachelor, master and Phd students from various universities.

Currently the Institute has created the necessary conditions for professional and scientific growth of employees. In 2017 and 2018 the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan allocated targeted grants to KazISS for master's and PhD programmes. Today KazISS provides for the teaching of 6 master`s and 10 Ph.D. students at the L.N.Gumilyov Eurasian National University and Al-Farabi Kazakh National University.

For any further information, contact us:

4, Beybitshilik St.

Nur-Sultan, 010000

Republic of Kazakhstan

Tel: +7 (717) 75-20-20

E-mail: [office@kisi.kz](mailto:office@kisi.kz)

[www.kisi.kz](http://www.kisi.kz), [www.kaziss.kz](http://www.kaziss.kz)

Монография

Мұрат Тұрарұлы Лаумулин

**ӘЛЕМДІК ОРИЕНТАЛИСТИКАДАҒЫ  
ҚАЗАҚСТАН**

Шетелдік шығыстанудағы қазақтардың тарихын,  
мәдениетін және этнографиясын зерттеу

Орысшадан аударған: **Текенова А.М.**

Корректор: **Бәкірова А.М.**

Мұқаба дизайнері, кітапты беттеген: **Романенко П.С.**

Баспаға 30.04.2019 жылы жіберілген. Формат 60x90 1/16.

Офсеттік қағаз. Офсеттік баспа. 29,5. баспа табақ

Тираж 500 дана.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы  
Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты  
010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік көшесі, 4.

ҚБ «ҚСҚ «Көкшетау»

КФ басылып шығарылды.

Көкшетау қ., Қанай-би, 37.